К категории «скрытых синкретизмов» можно отнести, пожалуй, и древнетюрк. **ут/уд** «дыра», «отверстие», «проход» (МК, I_{31}), совр. уйг. **өт/һөт**, встречающееся в производной основе **өтүм**, **өтүм-төшүк** «разные отверстия», «дырки», **өтүмә** «решето с большими отверстиями» (ср. погов. *Өтүмидин өтүп, ғәлвирдә төқтиған),* **һөт-һөт** «вся в дырках», которые также находятся в синкретических отношениях с общетюрк. **өт-** «проходить», «пройти», «перейти» (через что-то). Еще один пример. В этимологическом словаре Э. В. Севортяна[11] зафиксированы следующие варианты общетюрк. слова **ан**: *аң/äң/ің/ең/ab/av/aγ/ow/o,* употребляющиеся в значениях: «всякое животное», «зверь», «хищное животное», «дичь», «марал», «олень», «охота», «добыча», «изгородь для засады». Все эти варианты являются именами. Однако к варианту **ағ** [aγ] мы находим глагольное синкретическое соответствие **ағ** «устраивать засаду» (на зверей) где-то в хорезмских диалектах узбекского языка[12]. Это также одна из форм скрытого тюркского синкретизма.

И, наконец, исследователями тюркского синкретизма не учитывается еще одна весьма интересная форма бытования синкретических пар. В тюркских языках наряду с омонимичными основами нередко в синкретических отношениях находятся далеко не омонимичные лексические единицы, бытующие не только в структуре разных тюркских языков, но внутри одного и того же языка. Имеются в виду такие основы, как: каз. **тоқ** «сытый», «насытившийся» и **той-** «насытиться», «наедаться»; **жоқ** «нет», «отсутствие», «отсутствующий» и **жой-** «ликвидировать», «аннулировать», «не оставлять

11 *Севортян Э. В.* Этимологический словарь тюркских языков. М., 1974, с. 152–153;
12 *Абдуллаев Ф.* Узбек тилининг Хорезм шевалари. Тошкент, 1967, 16 б.

ничего»; **көз** «глаз», «глаза», «зрение» и **көр-** «смотреть», «видеть», «зреть»; **жау** «масло», «мазь» (в словосочетаниях: *жау жұмыр, жауқазын, көздің жауы);* уйг. **яғ** (в том же значении) и **жақ** «мазать», «смазывать»; кабар.-балк. **сыз** «черта», «линия» и кирг. **чий** «проводить черту», «записывать» и мн. др.

Здесь мы имеем дело с омоморфными и омогенными тюркскими корнями, разность во внешнем облике которых объясняется вполне закономерными изменениями в силу ротацизма, ламбдаизма, звуковых соответствий, перелома гласных и т. д. Возможные варианты подобных примеров весма разнообразны и требуют специального изучения.

Из анализа вышеприведенных фактов напрашивается еще один, в теоретическом плане, пожалуй, принципиальный вывод: при существующем разнообразии форм общетюркских корней и основ принцип определения синкретических пар по признаку их омонимичности при соответствующих их коррелятивных отношениях не является единственным критерием определения тюркского синкретизма. Природа тюркского синкретизма гораздо сложнее и нуждается в новых поисках, больших сравнительно-исторических и этимологических исследованиях.

«Известия АН КазССР. Серия филологическая», 1977. № 3. с. 51-57

Фонетические факторы, приводящие к семантической дифференциации слов в тюркских языках

Факторы семантического развития слов в тюркологии рассматриваются не впервые – они были объектом многих исследований на материале разных тюркских языков[1]. Тем не менее, вопрос о существовании в тюркских языках так называемого фонетического способа словообразования в полном смысле этого термина нельзя признать окончательно решенным.

Следует отметить, что существующие мнения и взгляды ученых на природу рассматриваемого явления далеко не однозначны, порою противоречивы: одни считают, что семантические сдвиги, происходящие иногда в связи с фонетическими изменениями в структуре слов, являются фонетическим способом словообразования в тюркских языках, а другие видят в этом явлении лишь элементы словотворчества далекого исторического прошлого, сохранившиеся как реликтовые явления.

1 *Ганиев Ф. А.* Фонетическое словообразование в татарском языке, Казань 1973, с. 40; *Садвакасов Г.* Имеется ли в современном уйгурском языке фонетический способ словообразования? – Советская тюркология, 1972, № 6, с. 80–82; *Он же.* Язык уйгуров Ферганской долины, т. 2. Алма-Ата. 1976, с. 93, 97; *Гулямов А.Г.* К некоторым вопросам аффиксации в узбекском языке – В кн.: Академику В. А. Гордлевскому. М., 1953, с. 100; *Севортян Э.В.* Словообразование в тюркских языках. – В кн.: Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков, т. 2. Морфология. М., 1956, с. 328; *Закиев М.* Татарский язык.– В кн.: Языки народов СССР. Тюркские языки, т. 2. М., 1966, с. 151; и др.

Прежде всего рассмотрим те случаи и факты языка, которые ученые приводят в пользу фонетического словообразования[2].

1. Варианты слов, образующиеся в результате чередования или соответствия (согласных и гласных) звуков и выражающие разные значения; ученые приводят различные звуковые переходы, образующие коррелятивные пары, а именно:

/Й ~ З/: тат. *аяк* – нога и *азак* – конец, конечность (Г. Алпаров)[3];

/Й ~ Д/: уйг.*аяқ* – нога и *адақ* – конец (Г. Садвакасов, А. Кайдаров);

/Т ~ Д/: уйг. *тала* – двор, улица и *дала* – степь, пустырь, поле (А.Кайдаров);

/З ~ Н/: таг. *тыгыз* – тугой и *тыгын* – тесно, тесный (Ф. Ганиев);

/П ~ Б/: каз. *пұлдану* – воспользоваться просчетами кого-н. и и *бұлдану* – набивать себе цену (от перс, **пул** – деньги); *пер* – ударить, дать как следует и *бер* – дать, отдать (А. Кайдаров);

/Қ ~ К/: каз. *қары* – старик и *кәрі* – старый, пожилой (А. Кайдаров);

/Й ~ К/: каз. *тая* – приблизиться, примкнуть и *тақа* – приставить к чему-либо вплотную (А. Кайдаров);

/А ~ Ә/: каз. *ауа* – воздух, атмосфера, *әуе* – небо, небосвод (А.Кайдаров);

/А ~ Ө/: тат. *баек* – высокий и *бөек* – великий (Ф. Ганиев);

/О ~ Ұ/: каз. *оқсату* – сделать так, как надо, как подобает и *ұқсату* – уподобляться кому-нибудь (А. Кайдаров);

/Ә ~ И/: *тәк* – без особой причины и *тик* – зря, *бәр* – ударить и *бир* – дать (Ф. Ганиев);

/У ~О/: тат. *тума* – плоть и *тома* – с рождения, совершенно (Ф.Ганиев);

/А ~ О/: каз. *жаңқа* – щепка и *жоңқа* – стружка (А. Кайдаров и др.).

2. Твердые и мягкие варианты слов, являющиеся результатом палатализации гласных, т. е. соответствия широких и узких гласных:

/А ~ Э/: тат. *балакай* – дитятко и *бәләкәй* – маленький (Ф. Ганиев);

/А ~ Е/: каз. *шашақ* – бахрома и *шешек* – цветок, соцветие (А.Кайдаров);

/О ~ Ө/: тат. *тоткар* – задерживать и *төткәр* – долго носить (Ф.Ганиев);

/Ы ~ Е/: тат. *сыпыру* – гладить и *себору* – мести (Ф. Ганиев);

/Ы ~ Қ/: каз. *тырнақ* – ногти, когти и *тірнек* – пальцы с ногтями (А. Кайдаров) и др.

3. Варианты слов разного значения, образующиеся в результате выпадения согласных /Р/, /Л/, /Й/, /Г/, /К/, /Һ/, /Х/ и реже гласных /А/, /Ы/, /І/ и других звуков в разных позициях слова: уйг. *шорва/шорпа* – суп, жидкая похлебка и *шова* – бульон (Г.Садвакасов); каз. *сугар* – напоить, поить и *суар*

2 Большинство из этих фактов приводятся по указанной книге Ф. А. Ганиева.

3 В скобках указаны авторы, из чьих трудов взяты примеры.

– полить, поливать, орошать (А. Кайдаров); тат. *охшау* – быть похожим на кого-л. и *ошау* – нравиться (Ф. Ганиев); тат. *гәмәл* – действие и *әмәл* – способ; тат. *Хәзәр* – сейчас и *әзір* – готовый (Ф. Ганиев) и др.

Надо отметить, что иногда выпадают целые звукосочетания, сопровождающиеся стяжением, опрощением и другими звуковыми изменениями, приводящими к семантическим сдвигам: каз. *бақыт* – счастье, *бақ* – рок, судьба (в положительном смысле); уйг. *хәлиқ* – народ и *хәх* – публика, люди; каз.*сағат* – часы, час, время и *сәт* – момент, миг; каз. *қағида* – правило, положение и *кәде* – обычай, вознаграждение по принятому обычаю; уйг. *ойғанмақ* – пробуждаться, прозреть и *оханмақ* – проснуться, просыпаться (А.Кайдаров) и др. 4. Варианты слов, образованные в результате прибавления, приставки и вставки звуков, т. е. речь идет здесь о таких фонетических явлениях, как протеза, аферезис и эпентеза, также приводящих к семантическому раздвоению слов: тат. *киндер* – домотканное полотно и *киндерә* – оборки (Ф. Фасеев); уйг. *туз* – составить, составлять (что-либо, напр., словарь) и *түзә* – выправлять, выпрямить, исправлять, строить, ремонтировать (А.Кайдаров) и др.

5. Варианты слов, являющиеся результатом метатезы звуков и звукосочетаний типа: тат. *чакыр* – зови и *кычкыр* – кричи (авторы «Совр. тат. лит. яз.»); тат. *кыс* – дави и *сык* – выжимай (Ф. Фасеев и др.).

6. Слова, выражающие разные значения в результате переноса ударения или своеобразного приема акцентуации; при этом исследователи под этим приемом семантической дифференциации понимают различные случаи, в том числе и выходящие за рамки фонетических явлений, а именно:

а) когда ударением различаются внешне совпадающие имена и глаголы типа: тат. *кара* – черный и *кара* – смотри (Г. Алпаров), туркм. *гайнатмá* – мясной отвар и *гайнáтма* – не кипяти, *говурмá* – жаркое и *говýрма* – не жарить (А. Азимов); узб. *тугмá* – пуговица и *тýгма* – не завязывай (А. Н. Кононов); тат. *Бүлм* – комната и *бүлмә* – не дели (К. Сабиров);

б) констатирующие по ударению словоформы, имеющие разные грамматические значения типа: каз.*оқушымыз* – наш ученик и *оқушымыз* – мы ученики, *үйдé* – дома и *үйде* – дом (С.Кенесбаев).

в) разноударные слова, принадлежащие к разным грамматическим категориям типа: тат. *яңá* – новый и *яңа* – только что (Ф. Федосеев), узб. *техник* – технический и *тéхник* – техник (А.Н.Кононов);

г) разноударяемые глагольно-именные синкретические корни и основы типа: тат. *алыш* – схватка и *áлыш* – схватиться, бороться; тат. *атыш* – перестрелка и *áтыш* – перестреливаться; тат. *тын* – тихий и *тын* – молчать, смолчать; *туң* – мерзлый и *туң* – мерзнуть и др. (Ф.Ганиев), хотя в последних примерах вряд ли можно говорить о переносах ударения.

7. Синкретические пары, рассматриваемые как результат ротацизма /Р ~ З/ также относятся некоторыми учеными к способу словообразования: тат. *симер* – будь жирным и *симиз* – жирный (Г.Алпаров); тат.*җгез* – бык и *җкер* – реветь (Г. Алпаров); узб. *кӯз* – глаз, глаза и *кӯр* – видеть (А. Н. Кононов); кирг. *көз* – глаз и *көр* – видеть (Б. Орузбаева) и др.

8. Слова, образованные от звуко и образноподражательных (ономатопоэтические) основ типа: тат. *күке* – кукушка, *тартар* – коростель, *бытбылдек* – перепел, *чыпчак* – воробей и др. (авторы «Совр. тат. лит. яз.») и др.

Мы назвали здесь те случаи, которые ученые рассматривают как фонетическое слозообразование или как факторы семантической дифференциации слов. Можно было бы привести и другие примеры, также являющиеся причиной смыслового раздвоения слов. Однако для получения представления о том, на основании каких фактов признается фонетический способ словообразование в тюркских языках, достаточно и этого.

По нашему мнению, прежде всего необходимо определить статус, модель такого способа словообразования. Будем ли мы в данном случае исходить из специфики фонетического словообразования в русском языке – это принципиальный вопрос, один из главных в поставленной проблеме.

Авторы, утверждающие наличие фонетического словообразования в тюркских языках, как видно из приведенных нами данных, не приводят ни одного примера, подобного русским и *замóк, мýка* и *мукá* и др. Следовательно, перенос ударения, каким мы его представляем в русском языке, как способ семантической дифференциации структурно однотипных слов в тюркских языках отсутствует. Приведенные же нами случаи своеобразной акцентуации и переноса ударения относятся к факторам не столько фонетического, сколько грамматического характера. Во всех этих примерах мы имеем дело с разными грамматическими разрядами слов и словоформ, для которых основными признаками дифференциации являются не ударение, а сами грамматические показатели: ср. тат. *алыш* – схватка и *áлыш* – схватиться, бороться и др.

Перенос ударения как способ семантического различия слов по логике вещей должен быть признан только в том случае, если разноударяемые слова гомогенны или относятся к одной грамматической категории (т. е. они или глаголы, или имена).

В этом плане заслуживают внимания факты, приводимые Э.В.Севортяном из турецкого языка, где перемещение главного ударения с конца слова к его началу служит как бы приемом частичной дифференциации наречий и служебных слов от прилагательных: sáde –

лишь, только (наречие) и sadé – простой (прилагательное); yálniz – лишь, однако (наречие) и yalniz – один, одинокий (прилагательное); ártik – уже (наречие) и artik – излишек (существительное); yéni – только что, недавно (наречие) и yeni – новый (прилагательное) и др.[4] Однако и этот случай, представленный лишь немногими примерами из турецкого языка, не распространен в других тюркских языках, а потому не может быть признан универсальным явлением.

Присоединяясь к Ф. А. Ганиеву, Г. Садвакасову и другим, мы также не склонны отнести к способу фонетического словообразования и следующие факты языка: а) случаи прибавления, приставки и вставки звуков, типа *киндер//киндерә, тұз//тұзә,* являющиеся или результатом словопроизводства, или этимологически разными основами; б) случаи метатезы *(чакыр//кычкыр-, кыс-//сык-);* в) случаи образования синкретических пар в результате ротацизма (типа *симер-//симиз, кәр-//көз* и др.), ибо такие факты в тюркских языках единичными к тому следует доказать, имеем ли мы здесь дело с явлением ротацизма; г) случаи образования подражательных слов (типа *құке, чыпчак, бытбылдык*), что, по нашему мнению, не относится к фонетике и семантической дифференциации слов.

Из приведенных выше фактов теперь остались три случая, связанные с закономерными изменениями фонетической структуры тюркских слов, происходящими в результате звуковых соответствий (или чередований), палатализации гласных и выпадения преимущественно согласных звуков. Именно они должны привлекать исследователей как фонетические факторы, приводящие иногда (но не регулярно) к семантической дифференциации словвариантов. Эти же факторы Ф. А. Ганиев рассматривал как фонетический способ словообразования в татарском языке.

Действительно, всевозможные изменения в структуре слов в силу указанных выше фонетических закономерностей, образуя варианты слов, становятся причиной смысловой дифференциации последних. Однако следует ли такое явление рассматривать как способ фонетического словообразования? На этот вопрос мы, как и некоторые другие исследователи[5], отвечаем отрицательно, имея на это следующие аргументы.

1. В любом из тюркских языков наличествуют сотни и тысячи вариантных слов[6], образованных в силу приведенных выше закономерностей – звуковых соответствий и чередований, выпадений и палатализации. Этот извечно действующий закон, с одной стороны,

4 *Севортян Э.В.* Указ. соч., с. 328.

5 *Садвакасов Г.* Указ. соч.; и др.

6 *Бизаков С.Б.* Фонетические варианты слов в современном казахском языке. Автореф. канд. дис. Алма-Ата, 1972.

общий для этих языков, а с другой – специфичен и по-своему проявляется в каждом из них. Поэтому в вариантах лексических единиц, будь они литературными или литературно-диалектными, главным образом, обнаруживаются фонетические особенности каждого конкретного языка.

2. Однако при всем многообразии вариантов лексических единиц семантической дифференциации подвергается лишь незначительная их часть, а большинство не испытывает этого. Причем процесс семантической дифференциации происходит в одном случае стихийно, спонтанно и в целом незаметно на фоне общего развития языка, а в другом – осознанно, в результате вмешательства носителей языка с целью разумного распределения семантических нагрузок между лексическими вариантами. Так, никто не может сказать, когда и как произошло смысловое раздвоение в таких казахских словах, как *доңғалақ* – колесо и *дәңгелек* – круг, кольцо, *дауыс* – голос и *дыбыс* – звук, которые в плане диахронии являются гомогенными основами. Зато процесс семантической дифференциации таких коррелятивных пар как *өкімет* – власть и *үкімет* – правительство, *бәйге* – скачки и *бәйгі* – приз (победителю не только на скачках), *үлгіру* – успевать (в учебе) и *үлгеру* – успеть, поспеть (на поезд), в современном казахском языке налицо. Известны даже авторы, способствовавшие практическому внедрению этих новшеств в языке.

3. Указанные выше фонетические факторы, образующие в каждом конкретном языке собственные варианты, могут привести к их семантической дифференциации локально, т. е. лишь в одном языке, а не глобально, т. е. во всех языках. Это свидетельствует о том, что сами по себе фонетические факторы не являются первопричиной семантической дифференциации лексических вариантов, как и не являются универсальным процессом для всех родственных языков.

4. Фонетические факторы, как и другие закономерности языка, носят древний характер. Следовательно, и процессы семантической дифференциации, связанные с этими закономерностями уходят корнями в далекое прошлое. Правы в этом отношении те исследователи, которые видят в семантических сдвигах, происходящих в силу фонетических изменений в слове, элементы историзма и реликтовых явлений. Однако это не дает основания для предположения о, якобы, полнокровном функционировании так называемого фонетического способа словообразования на более древних этапах исторического развития тюркских языков, предшествовавших периоду их агглютинации.

Таким образом, наши наблюдения над этими фактами языка еще раз убеждают в том, что фонетического способа словообразования в тюркских языках нет. Факты, которыми оперируют некоторые исследователи в

пользу фонетичекого способа словообразования настолько разнообразны и разнохарактерны, что не укладываются в строго последовательную систему, свойственную и обязательную любому типу словообразования. Фонетические же факторы, которые мы выделили в особую группу, следует рассматривать лишь как факторы, приводящие к семантической дифференциации слов, но при следующих обязательных условиях: а) при их гомогенности; б) отнесенности к одной лексико-грамматической категории; в) при их принадлежности одному лишь языку; г) при их двухвариантности, из которых один должен выражать собственно номинативное, а другой – чаще смежное, но вполне самостоятельное значение. Все остальные случаи структурно-семантического развития слов выходят за пределы рассматриваемого нами явления.

Итак, фонетической структуре тюркских языков свойственны законы, в силу которых происходит постоянный процесс образования внутриязыковых лексических вариантов. Когда же эти варианты начинают терять или полностью теряют живую связь между собой, то этот процесс подстегивается своеобразной тенденцией к семантической автономности. Однако такому процессу подвержены не все фонетические варианты слов и не всегда. И только определенная часть вариантной лексики достигает рубежа семантического раздвоения и начинает восприниматься носителями языка как две самостоятельные лексические единицы. Это и есть результат фонетических факторов, что нельзя квалифицировать как фонетический способ словообразования.

Отделение истории, языкознания и литературоведения АН Узбекской ССР. Тюркское языкознание Материалы III всесоюзной тюркологической конференции. Ташкент: Фан, 1985. с. 263-268

Қазақ тіліндегі императив тұлғалы етістіктердің өлі түбірлері жайында

Тілдің дамуы дегенде біз, әдетте, оның жаңа сөздер мен сөз тіркестері арқылы толығуын, баюын көз алдымызға келтіреміз де, бірақ сол сөздердің жасалуына негіз болып келе жатқан жүздеген, мыңдаған көне де байырғы түбір сөздердің тағдырына көп көңіл аудармаймыз. Алайда сөз қорының негізгі ұйтқысы, қайнар көзі болып саналатын базистік лексиканың табиғатында бізге қажетті мол сыр бар, өйткені ол халықтың ұзақ тарихи дамуының бірден-бір куәгері, материалдық және рухани байлығының айнасы болып саналады. Ана тіліміздің басып өткен ұзын сонар жолы мен қат-қабат сыры да, түптеп келгенде, осы базистік лексиканың бойынан табылмақшы.

Базистік лексиканың ең бір құнарлы, түрколог ғалымдардың көптен бері көңіл аударып, қызыға зерттеп келе жатқан саласы түркі тілдеріне тән түбір сөздердің табиғаты. Түбір сөз проблемасы – түркология үшін үлкен проблема. Бұл проблемамен шұғылданушы ғалымдардың [1] күн тәртібіне

1 *Vamberi A.* Etimologisches Worterbuch der Turko-tatarischen Sprachen. Leipzig, 1878;

қойып, шешкен мәселелеріне қарағанда қойылуға және ғылыми тұрғыдан шешілуге тиісті мәселелер әлдеқайда көп те күрделі. Қазақ тілшілерінен бұл мәселені зерттеп жүргендер – М. Томанов[2], А. Ибатов[3], А. Қалыбаева[4] т. б.

Сол мәселелердің қатарында біршама зерттеліп, бірақ әлі де зерттелуді қажет ететін саланың бірі – бір буынды түбірлер табиғаты. Оның басты себебі – морфологиялық құрылымы жағынан агглютинативті (жалғамалы) типке және негізгі сөз тұлғасы жағынан моносиллабикалы тілдер қатарына жататын түркі тілдері үшін түбір мәселесі – көп мәселенің түйінін шешуші өзекті проблема.

Аты аталған авторлардың еңбектерінде түркі тілдері түбірлерінің типологиялық ерекшеліктері мен дыбыстық құрамы, олардың шығу тарихы мен даму эволюциясы, семантикалық табиғаты мен тілдегі қолданылу өрісі біршама зерттеліп, шешімін тауып отыр. Алайда жалпы түркі тілдері тұрғысынан алып қарағанда байқала бермейтін, тек жеке тілдердің фактілерін терең де жан-жақты талдау арқылы ғана ашылатын кейбір заңдылықтар мен құбылыстар әлі де баршылық. Солардың ішінен біз қазақ тіліндегі екі буынды, екінші дәрежелі императив етістіктердің құрамында жиі кездесетін бір буынды өлі түбірлерді зерттеу объектісі етіп алып, арнайы сөз етпекшіміз. Айта кететін жағдай, бұл мәселе қазақ тіл білімінде бұрын-соңды зерттелген емес. Сондықтан да мәселенің осылайша қойылуы мақаладағы біздің пікір-тұжырымдарымыз тіл мамандарын сөзге тартып, ғылыми таласқа шақыруы ықтимал.

Біздің «императив тұлғалы етістік» деп отырғанымыз – қазақ грамматикаларында[5] біреуге арналып, бұйыра айтылған етістіктің іске

Deny I. Principes de grammaire turque («Turk» de Turkquie). Paris, 1955, § 226; *Brockelmann K.* Osttürkische Grammatik. Leiden, 1954; *Bang W.* Manichaeische Hymmen «Le Museon. Revue d'etudes – orientales». Louvain – Paris, 1925, t. 38; *Gabain A. V.* Alttürkische Grammatik. Leipzig, 1941; *Батманов И. А.* Язык енисейских памятников древнетюркской письменности. Фрунзе, 1959, с. 84; *Рамстедт Г. И.* Введение в алтайское языкознание. М., 1957, с. 19; *Юнусалиев Б. М.* Киргизская лексикология: Развитие корневых слов. Фрунзе, 1959, ч. 1; *Севортян Э. В.* Аффиксы словообразования в азербайджанском языке. М., 1962, с. 21–35; *Зайончковский А.* К вопросу о структуре корня в тюркских языках: Глагольные основы моносиллабические (односложные) типа СГ (согласный – гласный). – Вопросы языкознания, 1961, № 2, с. 28–35; *Попов Г. В.* Слова неизвестного происхождения якутского языка. – Автореф. дис... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1982; *Нигматов Х. Г.* О глагольных корнях типа СГС и СГ по материалам словаря Махмуда Кашгарского. – Советская тюркология, 1970, № 3, с. 39–44.

2 *Томанов М.* Қазақ тілінің тарихи грамматикасы: Фонетика, морфология. Алматы, 1981, 70-94-6.

3 *Ибатов А.* Сөздің морфологиялық құрылымы: (XIV ғасырда Алтын Орда мен Египетте жазылған ескерткіштердің тілі негізінде). Алматы, 1983, 37-6.

4 *Хасенова А.* Етістіктің лексико-грамматикалық сипаты. Алматы, 1971, 242–274-бб.

5 *Ысқақов А.* Қазіргі қазақ тілі: Морфология. Алматы, 1974, 328-6.; *Оралбаева Н., Мадина Г., Әбілқаев А.* Қазақ тілі: (Практикалық курс). Алматы, 1982, 164-6.

қосу, кеңес беру, тілек айту, өтіну, жалыну, бұйыру, әмір ету, қозғау салу тәрізді қыруар модельдік мағына білдіретін бұйрық рай тұлғалары. Біздің материалдарымыз бойынша, бұйрық рай категориясына жататын екі буынды императив тұлғалар – 35. Демек, олар қазақ тілінде 35 түрлі императив етістік моделін жасайтын дәстүрлі де қалыптасқан грамматикалық тәсілдер. Біз мақалада бұйрық рай (2-жақ жекеше түрі) тұлғасымен сәйкес келетін бір буынды етістіктерді *(бар-, кел-, жат-, тұр-* т. б.) арнайы сөз етпейміз. Етістікке тән түбір мен тұлғаның тұтастығы, біздің ойымызша, тек түркі тілдерінің ғана бойынан табылатын қасиет. Бұл, әрине, өз алдына жеке тексеруді қажет ететін мәселе. Бұл мәселені айқынырақ ашу үшін қазіргі қазақ тілінде қолданылып жүрген (активті, өте активті және пассив) императив формалы етістіктердің барлығын дерлік есепке алдық. Олардың саны шамамен 500-ден астам. Оның ішінде туынды түбір етістіктер жасайтын 221 бір буынды түбір А. Хасеновaның (Қалыбаеваның)[6] еңбегінде көрсетілген.

Аталмыш екі буынды императив етістік модельдерін түгел келтіріп жатуға мақала көлемі көтермейтіндіктен, біз олардың кейбіреулерін ғана атап өтеміз[7]: **√-а-/-е-:** *ат>ата-, бұр->бұра-, *бөл>бөле-, *ұз->ұза-, жан>жана-;* **√ай/-ей-:** *аз>азай-, *қақ>қақай-, нық>нығай-, *тыр>тырай-, *тер>терей-;* **√-ал/-ел-:** *жоқ>жоғал-, *жөн>жөнел-, *жөт>жөтел-, *қақ>қақал-, *ом> омал-;* **√-ар-/-ер-/-р-:** *боз>бозар-, *қап>қабар-, жалт>жалтар-,*қыз>қызар, *ұз>ұзар-, *ит>итер-, *көт>көтер-;* **√-жы-/-жі-:** **жыл>жылжы-, *ал>алжы-, *жүн>жүнжі-;* **√-қа-/-ке-/-ға-/-ге-:** **шыр>шырқа-, *жыр>жырға-, *қоз>қозға-, *жөр> жөрге-, *жас>жасқа-;* **√-қи-/-ки-:** *дөң>дөңки-, тең>теңки-, *кең>кеңки-, *таң> таңқи-;* **√на-/-не-:** *ау>ауна-, бу>буна-, *қай>қайна-, *тыр>тырна-, кер>керне-;* **√-тар-/-тер-/-дар-/-дер-:** *-ау>аудар-, *қай>қайтар-, *ақ>ақтар-, *той>тойтар-, *ұл>ұлтар-;* **√-ты-/-ті-/-ды-/-ді-:** **ес>есті-, мал>малты-, *аң>аңды-, *шан>шанды~, *тан>танты-;* **√-тый-/-тій-/-дый-/-дій-:** **бат>баттый-, *быр>быртый-, *мон>монтый-, *шол>шолтый-, *ыз>ыздый-;* **√-ша-/-ше-:** **қор>қорша-, *ек>екше-, *өл>өлше-,* **√-шы-/-ші-:** **ар>аршы-, *қыр>қыршы-, *жан>жаншы, *ап>апшы-, *теп>тепші-, тер>терші-, *мал>малшы;* **√-ы-/-і-:** *бай>байы-, *бек>бекі-, жан>жаны-, *жіп>жібі-, *мой>мойы-, *оқ>оқы-, *су>суы-;* **√-ый-/-ій-:** *бұлт>бұлтый-, *құнт>құнтый-, *мөл>мөлій-, *құл>құлый-, *сөл>сөлій-;* **√-ық-/-ік-:** *аш>ашық-, дән>дәнік-, ас>асық-, *ай>айық-, *жал>жалық-, дем>демік-, жау>жауық-;* **√-ыл-/-л-:** *ақ>ағыл-, *ар>арыл-, ек>егіл-, жаң>жаңыл-, жай>жайыл-, *шом>шомыл-,*

6 *Хасенова А.* Етістіктің лексико-грамматикалық сипаты. Алматы, 1971, 242–274-бб.√

7 Мақалада дербестігінен айрылған өлі түбірлер шекесіне жұлдызша* – гипотативті белгі қойылып көрсетілді.

үң>үңіл-;* √ын-/-ін-:** *бу>буын-, жақ>жағын-, *бүл> бүлін-, қап>қабын-, *өк>кін-, *сақ>сағын-,*ұс>ұсын-;* √**-ыр-/-р-:** *бақ >бақыр-, *ақ>ақыр-, *ай>айыр-, *аң>аңыр-, *ау>ауыр-, біт>бітір-, ес>есір-, *жас>жасыр-, кеш>кешір-, *кіт>кідір-, *құт>құтыр-;* √**ыс-/-іс-:** *ат>атыс-, ал>алыс-, ау>ауыс-, *бол>болыс-, *жар>жарыс-, *жыл>жылыс-, *жу>жуыс-, *қай>қайыс-, *қат>қатыс-* т. б.

Осы келтірілген мысалдардың тілдік табиғатына пайымдап қарасақ, ең алдымен екі түрлі жағдай назар аудартады: біріншіден, олар өзінің тұлғалық ұқсастығымен, бірыңғай императивтік мағынасымен белгілі модельдер төңірегінде топтасып тұрса, екіншіден, осы модельдерді жасаушы 35 грамматикалық формативтің жүйелі де дәстүрлі түрде қолданысымен көзге түседі. Тарихи тұрғыдан әбден қалыптасқан, сондықтан да императив категория ретіндегі грамматикалық статусы дау тудырмайтын осы модельдердің өзіндік ішкі ерекшеліктері бола тұрса да, бәріне ортақ жалпы қасиеттері де аз емес.

Біз зерттеп отырған екі буынды императив етістіктердің бәріне ортақ ең басты ерекшеліктерінің бірі – олардың синхрониялық және диахрониялық даму тұрғысынан алғанда, этимологиялық түбір мен реальды грамматикалық тұлғадан тұруы. Осы екі компоненттің өздеріне тән ерекшеліктері де жоқ емес. Олар: Императив категориясына енетін аталмыш модельдерді жасайтын барлық грамматикалық тұлғалар өзінің мағыналық тұрақтылығымен де, сөз жасау системасына тән жүйелілігімен де, бірізділігімен де көзге түседі. Олар негізінен бір дыбысты (С: √ **-т-:** **қай>қайт-, *ай>айт-;* Г: √**-а>-е:** *ат>ата-, *бөл>бөле-,* екі дыбысты (ГСГ: √**-ыл>-іл:** *ақ>ағыл-, *ар>арыл-,* √**-ын-/-ін-:** *бу>буын-, жақ>жағын;* СГ: √**-на-/-не-:** *ау>ауна-, бу>буна-*), үш дыбысты (СГС: **қай>қайтар-*), бір буынды жұрнақтар; ал атқаратын қызметі жағынан олар бір функционалды және қос функционалды (яғни етістік түбір мен есім түбірге бірдей жалғанатын форма) болып жіктеледі.

Императив етістік құрамынан жоғарыдағы грамматикалық тұлғаларды формальды түрде болса да бөліп алып қарағанда, сөз жасауға негіз болып тұрған тұлғалық, мағыналық жағынан әр түрлі морфемалар мен этимологиялық түбірлер айқындалып, даралана түседі. Олар: а) дыбысталуы жағынан екі фонема (ГС: **ар>аршы-, өр>өрші-, *үй>үйке-, *сүй>сүйке-, аз>азай-, *ом>омал-*), үш фонема (СГС: **тол>толға-, тер>терге-, *қай>қайра-, шай>шайқа-*) және төрт фонемадан (СГСС: *бұлт>бұлтый-, қылт>қылтый-, *жылт>жылтый-*) тұратын бір буынды түбір болып келеді; ә) сөз жасау жиілігі бірдей болмаса да, бірақ барлық сөз табына қатысты, әсіресе есім мен естістік түбірлер болып келеді; б) қолданысына және мағынасына байланысты олар дербес, семантикасы айқын және дербестігінен айрылған, қолданылу аясы шектелген,

күңгірттенген *тірі* түбір және өлі түбір болып екі топқа жіктелінеді; в) кейде олар синкретикалық түбір ретінде бірден екі, не одан да кеп императив модель жасауға қатысады (*ық>ықта-* есім мағынасында да, *ық>ығыс-* етістік мағынасында); г) бір модельдің шеңберінде етістік түбір де, есім түбір де кездесе береді (**ит->итер-, боз>бозар-*); $_{г}$) кейбір түбірлер бір-ақ императив етістік түбірінде кездессе, кейбіреулері бірнеше модель жасауға қатысады (**қай>қайт-, қайыр-, қайтар-, қайқай-, қайыс-, қаймық-*); д) императив модельдер құрамында кейде бір түбірдің екі, не одан да көп фонетикалық-этимологиялық варианттары гомогендік қатыстығы байқалмай тұра беруі мүмкін *(*жы>жыла-//*сық>сықта-,* бұлар тек қос сөз құрамында қолданылады; *ау->аудар-//*ақ>ақтар-; сау>сауық- //*сақ>сақтай-; сөз>*сөй//*сап>сапта-;* ● *сөз саптау* фразеологизмінде т. б.).

Мақаланың негізгі мақсаты – қазақ тіліндегі осы тәрізді екі буынды императив етістіктердің құрамындағы өмір сүріп келе жатқан сан алуан өлі түбірлердің өзіндік табиғатын сөз ету.

Мәселенің қойылуы да, нәтижелі болуы да осы орайда көбіне-көп тілдік фактілерді талдаудың, анықтаудың және тұжырымдаудың методикалық әдіс-айласына, тәсіліне тікелей байланысты. Императив етістік құрамындағы өлі түбірлерді зерттеуде де дәстүрлі тарихи-салыстырма әдісінің ролі өзгеше. Сонымен қатар сөз құрамын морфема жігіне қарай айыруға, түбір мен тұлға аралығын ашуға байланысты морфемалық талдау әдісі (метод поморфемного анализа) мен сөздің ең бастапқы, ең түпкі түбірін қат-қабат жалғамалы элементтерден біртіндеп аршу арқылы анықтау (метод исключения) тәсілін қолданудың да мәнісі зор. Мұндай зерттеуге статистиканың да қолғабысы қажет деп білеміз.

Осы әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, қазақ тілі фактілерін саралап қарастырғанда, ең алдымен екі жағдайды толық мойындауға тура келеді: біріншіден, екі буынды императив етістіктер – бұйрық райдың басқа да түрлері сияқты, жүйелі де дәстүрлі модельдер арқылы жасалған ұзақ дәуірдің жемісі; екіншіден, бұл етістіктердің құрамындағы сан алуан өлі түбірлер – фикция емес, тілдің реальді фактісі; олар – әрбір тілдің өзіне ғана тән заңдылықтары бойынша пайда болған, оның ішкі де сыртқы факторлары әсерінен әр кезде, даму жолының әр түрлі сатысында, әр қилы себептермен «еркіндігінен» айырылып, белгілі бір тұлға (модель) шеңберімен шектелген, сондықтан да мағынасы ұмыт болған бір замандағы дербес түбірлер.

Осы екі жағдайды мойындағанда ғана түркі тілдерінің, оның ішінде қазақ тілінің базистік лексикасы құрамында көптеп кездесетін өлі түбірлердің, яғни дыбыстық тұлғасы ғана сақталып, мағынасы күңгірттенген лексика-грамматикалық элементтердің табиғатын тануға, сырын ашуға мүмкіндік аламыз. Өлі түбірлер бір замандағы дербес

сөздердің сұлбасы, дыбыстық бейнесі іспетті, әсіресе императив етістік құрамында көбірек кездесуінде бір мән бар сияқты. Біздің ойымызша, түбір мен тұлға бірлігінен, тұтастығынан тұратын императив етістіктер басқа сөз таптарына қарағанда өзінің көнелігімен және түбір сөздерді модель шеңберімен тұйықтауға, консервациялауға бейім екендігі ерекше көзге түседі.

Енді өлі түбірлерді қалай білуге, олардың бір замандағы дербестігін қалай дәлелдеуге болады деген заңды сұраққа жауап керек. Осы орайда зерттеушіге көмекке келетін тарихи-салыстырма әдіс, ең алдымен, әрбір тілдің өзіндік ішкі фактілерін тәптіштеп тексере келіп, оларды туыстас тілдердің және жазба ескерткіштерінің материалдарымен салғастырып саралай түсуді талап етеді. Осылай зерттеудің нәтижесінде біз өлі түбір деп санайтын элементтің прототипі көп жағдайда туыстас тілдерде, тіпті ана тіліміздің өзінде дербес лексема ретінде өмір сүре беретіндігін аңғарамыз. Тіл диалектикасы бойынша тірі түбірлердің өлі түбірге айналуы бар да, өлі түбірлердің «тірілуі» байқалмайды. Солай бола тұрса да, санда бар да, санатта жоқ, тілде бар да, тіл иесіне беймәлім, сөз жүйесінде кездессе де, дербес қолданылмайтын элементтерді өткен дәуірлердегі тұлғалық, семантикалық қалпына келтіруді (реконструкция) шартты түрде «өлі түбірлерді тірілту» деп атап отырмыз.

Енді осы айтқандарымызды тіл фактілерімен дәлелдеп көрейік.

Императив етістік құрамындағы түбір сөздерді қалай анықтауымыз керек? Ол үшін біз кез келген модельді алып, сол арқылы жасалған екі буынды императив етістік құрамынан өзара ұқсас, тектес, әрі мағыналас грамматикалық форманттарды түбір мен тұлға жалғасқан жігінен формальді түрде болса да бөліп алуымыз керек. Мәселен, **√-ыр-/-ір-:** моделі бойынша жасалған *айыр-, ауыр-, есір-, жасыр-, кідір-, құтыр-, асыр-, қашыр-, бітір-, кешір* деген екі буынды императив етістіктердің құрамынан осы грамматикалық форманттың өзін бөліп алып қарасақ, *ас-, қаш-, біт-, кеш-* деген дербес түбірлермен бір қатарда **ай-, *ау-, *ес-, *жас-, *кід-, *құт-* түбірлерінің де сөз тудыруға қатысып отырғанын көреміз. Айырмашылығы – бірінші топтағы түбірлер жеке-дара қолданылады да. екінші топтағылар ондай дербестігінен айрылған, мағынасы біз үшін бүгінде түсініксіз элементтер. Бұдан шығатын бірінші қорытынды: бір модель бойынша жасалатын императив етістіктердің құрамында дербес түбірлермен қатар өлі түбірлер де өмір сүреді екен. Бұл факт өз ретінде өлі түбірлердің де бір кезде дербес сөз болғандығынан дерек береді. Өйткені тіл диалектикасына сүйенсек, тілде оның кәдесіне жарамайтын бірде-бір түбір, тұлға пайда болмаса керек. Ал егер ондай мағынасыз да мәнсіз дыбыс тіркестері кездейсоқ дүниеге келе қалған жағдайда, олардың тілде өмір сүруіне орын жоқ. Бұл – тіл біткеннің бәріне тән қатаң заң.

Өлі түбірлер санатына жататын лексемалардың бір заманда дербес болғандығын қалай дәлелдеуге болады? Ол үшін біз сол түбірлермен тектес, тұлғалас және мағыналас элементтерді ең алдымен өз тіліміздің, одан табылмаған жерде көне жазба ескерткіштер тілінен немесе туыстас түркі тілдері мен оның диалектілерінен іздестіруіміз керек. Тарихи-салыстырма әдістің тамаша нәтиже беретін кезеңі де осы орайда.

Мысал келтірейік. Екі буынды императив етістік жасайтын модельдердің бірі – √**-а-/-е-**. Ол бойынша *жан>жана-, жұт>жұта-, ас>аса-, ат>ата-* тәрізді түбірлік морфемалары (*жан* «бок, сторона» мағынасында; *жұт* – «бедствие»; *ас* – «пища, еда»; *ат* – «имя, название») жеке-дара қолданылатын етістіктер де, сондай-ақ түбірі дербестігіне айрылған **ай>айа-, *без>безе-, *бөк>бөгде-, *бұл>бұла-, *бөл>бөле-, *бір>бірте-, *ел>еле-, *жас>жаса-, *жұт>жұде, *күр>күре-, *құл>құла-, сып>сыба-, *ұл>үле-* тәрізді қырыққа жуық туынды түбірлер жасалады екен.

Осы келтірілген мысалдардан *бөге-* («алдын бекіту, тосқауыл қою» мағынасында) императив етістігін талдап көрейік. Бұл сөздің түбірі *бөк-* Махмұд Қашқари заманында жеке-дара айтылып жүрген сөз. Мәселен, *бөк-*, «запруживать», «перекрывать»: *ol suvuy börd-* «он запрудил воду» (МК, II, 19). Дәл осы сияқты √**-ай-/-ей:** моделі бойынша жасалған етістіктерден (мыс.: **қоқ>қоқай-, *сор>сорай-, *тыр>тырай-, *шош>шошай-, қоң>қоңай-, *сақ>>сақай-, қат>қатай-* т. б.), мәселен, **сақ<сақай-* түбірін алып қарайық. Пайымдап қарасақ, бұл түбір қазақ тілінің өзінде қолданылатын *сау-* дербес сөздің фонетикалық варианты. Қыпшақ тілдеріне тән [у] мен оғыз қарлұқ тілдеріне тән [ғк] сөз аяғында келетін дыбыстардың сәйкестігі негізінде пайда болған *сағ//сақ//* сау вариантарының біреуі *(сау>сауық-, сауығу, саушылық,* т. б.) Қазақ тілі үшін дербес те, екіншісі (**сақ>сақай-)* өлі түбірге айналып, дербестігін жоғалтып отыр.

Қазақ тілінде *итер-, алда-* тәрізді етістіктер – түбір мен тұлға болып жіктелмейтін біртұтас сөздер. Бұларды императив жүйесімен қарастырсақ, біріншісі √**-ар-/-ер-** *(*без>безер-, боз>бозар-, *қот>қотар-, *қыз>қызар-, жас>жасар-, *ұз>ұзар-* т. б.), екіншісі өте продуктивті √**-та-/-те-/-да-/-де-/-ла -/-ле-** моделі арқылы жасалған туынды түбір екені даусыз. Ал **ит-* пен **ал* – қазақ тілі үшін өлі түбірлер болганымен, **ит-* түбірі хакас тілінде *іт-* «толкать», «пихать», «проталкивать» түрінде, якут тілінде *үт-* [üt] «толкать, пихать, совать» түрінде бүгінгі таңда дербес қолданылатын түбірлер.

Сол хакас тілінде *іт-* түбірінен пайда болған *іттір-* (заставить толкнуть, оттолкнуть) сөзі екінші дәрежелі императив болып саналады. **Ит-* түбірінің бір заманғы дербес сөз екендігіне көзіміз жеткеннен кейін, біз қазақ тілінің өзіндегі *итін-, итіңде-, итпе* (бұйда жібіне іліп алып, асау

түйені алға қарай жүргізіп үйрету үшін салған ұшы екі аша сырықша) деген сөздерді түбірлес сөздер деп тануға құқылымыз. Бір қызығы: *ит-* түбірі XI ғасырдағы Махмұд Қашғари «Диванында» жеке-дара қолданылып (*olanï itti* «он его толкал») (МК, I, 171), одан *итін-, итіл-* тәрізді етіс формалары жасалып тұрса (ДТС, 215), одан әлдеқайда көне Тұрфан өлкесінен табылған манихей мазмұнды ұйғыр ескерткіштері тілінде *it-* негізінде пайда болған *itär* – формасы қолданылған: *jema mujaγq siγunuγ itärür ermiš* «и он толкнул... марала» (ДТС, 215). Осыған қарап, *ит-* және *итер-* императив етістіктерінің бірінен бірі дамуын сонау ерте заманның өзінде-ақ басталған тарихи құбылыс екенін байқауға болады.

Жоғарыда айтылған *алда-* императив етістігінің тағдыры да осы тәрізді. Мұнда да қазақ тілі үшін мағынасы күңгірттенген **ал* түбірі көне түркі тілдері (*al* «уловка, хитрость»: *aiin arslan tutar kičün ajuq tutmas* «хитростью можно льва поймать, а силой не поймать и пугала на огороде») (МК, 5313) мен қазіргі түрік тілінде (al «хитрость, надувательство») жеке-дара қолданылатын түбір сез екен. Осылайша анықталған *ал* сөзінің мағынасы мен дербестігі ендігі жерде өз тіліміздегі сиректеу қолданылатын *«шын сөзің бе, ал сөзің бе?* деген тіркестің құрамындағы *«алдың»* табиғатын түсінуге (яғни: «шын сөзің бе, жалған сөзің бе?» деп ұғынуға) тікелей септігін тигізіп тұр.

Пікірімізді дәлелдей түсу үшін тағы да бірнеше мысал келтірейік. Қазақ тіліндегі императив модельдер ішінде өзінің көнелігімен көзге түсетін √**-т-** моделі бойынша да көптеген екі буынды етістік жасалған. Басқа модельдерге қарағанда, мұны көне деуге себеп – оның етістік жасауға негіз болған түбірлердің көпшілігін консервациялап, өлі түбірге айналдырып жіберуінде. Мысалы: **ай->айт-, *ар->арт~, *бөр->бөрт-, *жор>жорт-, *қай- >қайт-, *кер->керт-* т. б. Осындағы түбірлердің бәрі де қазақ тілі үшін өлі элементке айналған және барлық грамматикаларда солай деп есептелінеді. Бірақ жоғарыда келтірілген мысалдар сияқты, бұлардың өлі түбірге айналуы тек қазақ тілінің ғана, немесе сол сияқты кейбір түркі тілдерінің ғана басындағы жағдай болуы ықтимал. Олай дейтін себебіміз: осы түбірлердің көпшілігі-ақ, атап айтқанда, **ай-, *жор-, *қай-, *кер-* т. б. жазба ескерткіштері мен түркі тілдерінде жеке-дара қолданылып келе жатқандығы дәлелденген және әлі де дәлелдене беретін фактілер.

Солардың бір-екеуін ғана қарастырып көрейік. Мәселен, қазақ тілшілерінің бөлшектеуге келмейтін, біртұтас түбір деп жүрген *айт-* сөзі жоғарыдағы модель бойынша синхрониялық тұрғыдан **ай-* және *-т-* тұлғасынан тұратын туынды түбір екендігі түркологтар тарапынан әлдеқашан дәлелденген факт. Біз оған тек мысал келтіреміз. Ол түбір

XI ғасырдың белгілі ескерткіші «Құтадғу білігте» «говорить, называть; разъяснять, толковать» мағынасында жиі қолданылғаны мәлім: *«нені айтса»* деген тіркес ескерткіш тілінде *negü ajsa-* түрінде берілген.

Дәл осы сияқты **қай-* түбірі де Махмұд Қашғари заманында дербес сөз болған: *qaj-* «поварачиваться, оборачиваться»; мәселен, *kerü qajdï* «он обернулся назад» деген тіркестің біз үшін қазір заңды түрі тек – *«кері қайтты»*. Осы қатардағы мысалдарға **√-жы-/-жі-** моделі арқылы жасалған етістіктерден *(*ал>алжы-, *жүн>жүнжі-, *мы>мыжы-* т.б.) **жыл>жылжы-* етістігі жатады. Бұл түбір, байқап қарасақ, бірнеше сөздің құрамында (*жылыс-, жылпос-, жылмай ағу* т. б.) кездеседі екен. Оның «қозғалу, орын өзгерту, ақырын қимылдау» сияқты жалпы мағынасы сезіліп тұрса да, біз оны жеке айта алмаймыз. Өйткені ол біз үшін ұмыт болған түбір. Бірақ кейбір түркі тілдерінде бұл түбір сақталған. Мәселен, қазіргі хакас тілінде *чыл-* (мағынасы «двигаться, ползать», «скользить, кататься на коньках») түрінде, якут тілінде *сыыл-* (ползать) түрінде жеке-дара қолданылып жүрген сөздер. Мәселен, *бөк-*, «запруживать», «перекрывать»: *ol suvuy bördi-* «он запрудил воду» (МК, II, 19). Дәл осы сияқты **√-ай-/-ей:** моделі бойынша жасалған етістіктерден (мыс.: **қоқ>қоқай-, *сор>сорай-, *тыр>тырай-, *шош>шошай-, қоң>қоңай-, *сақ>>сақай-, қат>қатай-* т. б.), мәселен, **сақ<сақай-* түбірін алып қарайық. Пайымдап қарасақ, бұл түбір қазақ тілінің өзінде қолданылатын *сау-* дербес сөздің фонетикалық варианты. Қыпшақ тілдеріне тән [у] мен оғыз қарлұқ тілдеріне тән [ғк] сөз аяғында келетін дыбыстардың сәйкестігі негізінде пайда болған *сағ//сақ//* сау вариантарының біреуі *(сау>сауық-, сауығу, саушылық,* т. б.) Қазақ тілі үшін дербес те, екіншісі (**сақ>сақай-)* өлі түбірге айналып, дербестігін жоғалтып отыр.

Қазақ тілінде *итер-, алда-* тәрізді етістіктер – түбір мен тұлға болып жіктелмейтін біртұтас сөздер. Бұларды императив жүйесімен қарастырсақ, біріншісі **√-ар-/-ер-** *(*без>безер-, боз>бозар-, *қот>қотар-, *қыз>қызар-, жас>жасар-, *ұз>ұзар-* т. б.), екіншісі өте продуктивті **√-та-/-те-/-да -/-де-/-ла -/-ле-** моделі арқылы жасалған туынды түбір екені даусыз. Ал **ит-* пен **ал* – қазақ тілі үшін өлі түбірлер болғанымен, **ит-* түбірі хакас тілінде *іт-* «толкать», «пихать», «проталкивать» түрінде[8], якут тілінде *үт-* [üt] «толкать, пихать, совать» түрінде[9] бүгінгі таңда дербес қолданылатын түбірлер.

Сол хакас тілінде *іт-* түбірінен пайда болған *іттір-* (заставить толкнуть, оттолкнуть) сөзі екінші дәрежелі императив болып саналады. **Ит-* түбірінің бір заманғы дербес сөз екендігіне көзіміз жеткеннен кейін, біз қазақ тілінің өзіндегі *итін-, итіңде-, итпе* (бұйда жібіне іліп алып, асау түйені алға қарай жүргізіп үйрету үшін салған ұшы екі аша сырықша) деген сөздерді түбірлес

8 Хакасско-русский словарь / Под. ред. Н. А. Баскакова. М., 1953, с. 69.

9 Якутско-русский словарь / Под. ред. П. А. Слепцова. М., 1972, с. 458.

сөздер деп тануға құқылымыз. Бір қызығы: *ит-* түбірі XI ғасырдағы Махмұд Қашғари «Диванында» жеке-дара қолданылып (*olanï itti* «он его толкал») (МК, I, 171), одан *итін-, итіл-* тәрізді етіс формалары жасалып тұрса (ДТС, 215), одан әлдеқайда көне Тұрфан өлкесінен табылған манихей мазмұнды ұйғыр ескерткіштері тілінде *it-* негізінде пайда болған *itär* – формасы қолданылған: *jema mujaγq siγunuy itärür ermiš* «и он толкнул... марала» (ДТС, 215). Осыған қарап, *ит-* және *итер-* императив етістіктерінің бірінен бірі дамуын сонау ерте заманның өзінде-ақ басталған тарихи құбылыс екенін байқауға болады.

Жоғарыда айтылған *алда-* императив етістігінің тағдыры да осы тәрізді. Мұнда да қазақ тілі үшін мағынасы күңгірттенген **ал* түбірі көне түркі тілдері (*al* «уловка, хитрость»: *aiin arslan tutar kïčün ajuq tutmas* «хитростью можно льва поймать, а силой не поймать и пугала на огороде») (МК, 5313) мен қазіргі түрік тілінде (al «хитрость, надувательство»)[10] жеке-дара қолданылатын түбір сез екен. Осылайша анықталған *ал* сөзінің мағынасы мен дербестігі ендігі жерде өз тіліміздегі сиректеу қолданылатын *«шын сөзің бе, ал сөзің бе?* деген тіркестің құрамындағы *«алдың»* табиғатын түсінуге (яғни: «шын сөзің бе, жалған сөзің бе?» деп ұғынуға) тікелей септігін тигізіп тұр.

Пікірімізді дәлелдей түсу үшін тағы да бірнеше мысал келтірейік. Қазақ тіліндегі императив модельдер ішінде өзінің көнелігімен көзге түсетін √-**т**- моделі бойынша да көптеген екі буынды етістік жасалған. Басқа модельдерге қарағанда, мұны көне деуге себеп – оның етістік жасауға негіз болған түбірлердің көпшілігін консервациялап, өлі түбірге айналдырып жіберуінде. Мысалы: **ай->айт-, *ар->арт~, *бор->борт-, *жор>жорт-, *қай- >қайт-, *кер->керт-* т. б. Осындағы түбірлердің бәрі де қазақ тілі үшін өлі элементке айналған және барлық грамматикаларда солай деп есептелінеді. Бірақ жоғарыда келтірілген мысалдар сияқты, бұлардың өлі түбірге айналуы тек қазақ тілінің ғана, немесе сол сияқты кейбір түркі тілдерінің ғана басындағы жағдай болуы ықтимал. Олай дейтін себебіміз: осы түбірлердің көпшілігі-ақ, атап айтқанда, **ай-, *жор-, *қай-, *кер-* т. б. жазба ескерткіштері мен түркі тілдерінде жеке-дара қолданылып келе жатқандығы дәлелденген және әлі де дәлелдене беретін фактілер.

Солардың бір-екеуін ғана қарастырып көрейік. Мәселен, қазақ тілшілерінің бөлшектеуге келмейтін, біртұтас түбір деп жүрген *айт-* сөзі жоғарыдағы модель бойынша синхрониялық тұрғыдан **ай-* және *-т-* тұлғасынан тұратын туынды түбір екендігі түрколог тарапынан әлдеқашан дәлелденген факт. Біз оған тек мысал келтіреміз. Ол түбір XI ғасырдың белгілі ескерткіші «Құтадғу білігте» «говорить, называть; разъяснять, толковать» мағынасында жиі қолданылғаны мәлім: *«нені айтса»* деген тіркес ескерткіш тілінде *negü ajsa-* түрінде берілген[11].

10 Турецко-русский словарь / Под. ред. Э. М.-Э. Мустафаева и Л. Н. Старостова. М., 1977, с. 41.

11 Древнетюркский словарь. Л., 1969, с. 406. Бұл сөздік мақалада ДТС түрінде қысқартып алынды.

Дәл осы сияқты *қай- түбірі де Махмұд Қашғари заманында дербес сөз болған: *qaj-* «поварачиваться, оборачиваться»; мәселен, *kerü qajdï* «он обернулся назад» деген тіркестің біз үшін қазір заңды түрі тек – *«кері қайтты».* Осы қатардағы мысалдарға **√-жы-/-жі-** моделі арқылы жасалған етістіктерден *(*ал>алжы-, *жүн>жүнжі-, *мы>мыжы-* т.б.) *жыл>жылжы-* етістігі жатады. Бұл түбір, байқап қарасақ, бірнеше сөздің құрамында (*жылыс-, жылпос-, жылмай ағу* т. б.) кездеседі екен. Оның «қозғалу, орын өзгерту, ақырын қимылдау» сияқты жалпы мағынасы сезіліп тұрса да, біз оны жеке айта алмаймыз. Өйткені ол біз үшін ұмыт болған түбір. Бірақ кейбір түркі тілдерінде бұл түбір сақталған. Мәселен, қазіргі хакас тілінде *чыл-* (мағынасы «двигаться, ползать», «скользить, кататься на коньках») түрінде[12], якут тілінде *сыыл-* (ползать) түрінде[13] жеке-дара қолданылып жүрген сөздер.

Көріп отырмыз, мұндай мысалдар тілімізде баршылық. Оларды тізіп айта беруге де болады. Бірақ осы келтірілген дәлелдердің өзі де тіл фактілерін осылайша салыстыра-салғастыра қараудың маңызын, әсіресе тіліміздегі өлі түбір деп жүрген сөздердің табиғатын анықтап, кеңінен тануға толық мүмкіндік беретін сияқты.

Ендігі мақсат: өлі түбірлердің статусын анықтау, яғни тұлғалық, мағыналық, дыбыстық, сөз табына қатыстық ерекшеліктерін көрсету, оларды тарихи тұрғыдан жеке сөз, туынды сөз жасауға негіз болған дербес түбір, морфологиялық құрамы айқын тілдік единица деп қарап, консервацияға ұшырау, мағынасыздану себептерін ашып, эволюциялық даму жолын қарастыру.

Қазақ тіліндегі екі буынды императив етістіктер құрамында кездесетін өлі түбірлердің ең басты структуралық ерекшеліктеріне, жоғарыда айтылғандай, олардың бір буынды болып келуін жатқызуға болады. Кез келген модельді алып, императив тұлғаны ажыратқанда, біз осыны көреміз. Мәселен: *дем>демік-, *қыз>қызық-, *қол>қолда-, *сүң>сүңгі-* т. б. Бірақ бұл түбірлердің бір буынды болып келуі әрқашан да олардың бір бүтін тұтастығына, этимологиялық монолиттігіне кепілдік қыла алмаса керек. Өйткені ол түбірлердің өздері де бір замандағы туынды түбір болуы ықтимал. Түрколог ғалымдардың бұл саладағы зерттеулері[14] осындай бір буынды СГС типті түбірлердің кейбіреулері о баста туынды болғандығын көптен бері-ақ дәлелдеп келеді. Олардың саны қазіргі кезде 30-дан астам. Мәселен, А.Зайончковский[15] бұл тәрізді бір буынды туынды түбірлерге жазба ескерткіш фактілеріне сүйене отырып, өз тарапынан мыналарды жатқызады: **ad->adyr-* «дивиться, изумляться (меняться в лице)»;

12 Хакасско-русский словарь. С. 326.

13 Якутско-русский словарь. С. 364.

14 *Вамбери Г.* Көрсетілген еңбек. 6–8-бб.; *Батманов И. А.* Көрсетілген еңбек. 141–150-бб.; *Юнусалиев Б. М.* Көрсетілген еңбек. 227-бб.

15 *Зайончковский А.* Көрсетілген еңбек, 31–32-бб.

**ad>adyr-* «различать, отличать, выбирать». Дәл осы арада **ad* түбірінің дыбыстық варианты ретінде қазақ тілінде кездесетін **ай->айыр-*, **ад->адыр-*, *адыра* (қал), *адырна//*аж->ажыра-//*аш->аша//*ақ->ақа* (үш ақа) *//*ар>арал* т. б. түбірлерді атап кетуге болады.

**ča->čay-* «бить», *ča->čal-* «кланяться», **ča->čaq-* «выбивать огонь»; **ča->čat-* «прибивать», «хлопать», «рукоплескать». *Шақ-* түбір етістігі қазақ тілінде көбінесе «ұрып сындыр», «парша-паршасын шығар», сондай-ақ «бір нәрсені екінші нәрсеге ұрыстыр, жамандап арыз айттыр» (осыдан *шағыстыр, шағым)* деген мағыналарда қолданылады да, оның бір замандағы туынды түбір екендігін біз білмейміз.

**čo->čoq- / /čoy-* «зарезать, убивать»; **čo->čol-* «быть обрубленным, стать калекой». Мұнда да қазақ тіліндегі *шолти-* және *шолақ* сөздерінің, сондай-ақ *сойым, соғым* сөздерінің түбірі көне **čo->шо-* түбіріне барып саятынын бірден байқау киын. **ja->jal-* «загораться», «воспламеняться»; **ja->jaq-* «поджигать топливо», турец. *jan-* «сгореть», «загораться»[16]. Бұл да казак тіліндегі *жан-, жақ-* императив етістіктерінің түбірімен гомогендес.

Бұл сияқты түбірлерге А. Зайончковский сондай-ақ **jo->jod-* «исчезать», «погибнуть», *joq* «нет»; **ja->jaj-* «простираться», «растилаться», «распространяться», *jad-* «распространяться», *jat-* «находиться в таком-то состоянии, лежать»; *jü>jüd* «грузить», *jük* «клад», «вьюк», «тягость», *jük* «собирать», «накапливать»; **qy->qyl-* «делать», **sa>sac-* «разбрасывать, рассеивать»; *to->tod-* «насыщаться», «быть сытым» // «полный», «целый», «весь», «совсем»; *tol- toš-* «наполняться», «наполнять», «делать полным» т. б. жатқызады. Осы келтірілген бір буынды СГ типті түбір етістіктер қазақ тілінде тек туынды түбір түрінде, яғни СГС типтес буын ретінде ғана сақталған. Демек, біз зерттеп отырған императив модельдерді түбір сөздердің СГС тұлғасы қалыптасқаннан кейін пайда болған екінші дәрежедегі сөз жасау тәсілі деп жорамалдауға болады.

2. Екі буынды императив етістіктердің түбірлері, оның ішінде өлі түбірлері, өзінің тарихи дербестігі арқасында бөліп қарауға мүмкіндік алды десек, 35 модель құрушы грамматикалық формативтерді де дербес категория деп қарауға қақымыз бар. Олар, әрине, тұлға жағынан да, мағына жағынан да әр алуан. Бірақ бұлардың басын қосып тұрған барлық жағдайда императивтік мағына. Бұл тұлғалар міндетті түрде өзінен бұрын келетін, әбден қалыптасып, шаблонға айналған[17] біздің шартты түрде бірінші дәрежелі «первичная форма» деп атап отырған, императивтік тұлғаға (мәселен: **айт->айттыр~, *қай->қайт->қайтар-, *са>сан->сана* т. б.) жалғанады да, екінші дәрежелі,

16 ***Brockelmann K.*** Osttürkische Grammatik. Leiden, 1954, § 37.

17 Қараңыз: *Рамстедт Г. И.* Введение в алтайское языкознание. М., 1957, с. 141.

«вторичная форма» императив етістігін жасайды. Бұдан кейін сөз ретіне қарай үшінші, төртінші дәрежелі императив форманттары да, немесе етіс (өздік, өзгелік т. б.) формалары да жалғануы мүмкін.

3. Императив құрамындағы өлі түбір де, тірі түбір де барлық жағдайда бір туынды түбір немесе бір модель шеңберімен шектеле бермейді. Кейде олар екі және одан да көп туынды етістік не есім сөз құрамында да кездеседі. Мысалы: **жөр->жөрге-, жөрме-, жөргем, жөргек; *құр>құрға-, құрыт-, құрт, құрғақ, құрдым, құры-; *тал>талға-, талда-, талғам; *тол>толға-, толғақ, толғама; *бұл>бұлға-* (қол бұлға), *бұлғаң, бұлғақ, бұлғауыш* т. б. Бұл жағдай гомогенді, түбірлес сөздердің этимологиясын, өзара қатыстығын анықтауға мүмкіндік туғызады. Әсіресе өлі түбірлердің бір емес, бірнеше туынды түбір құрамында қайталануы оның бір замандағы құнарлылығынан, дербестігінен дерек беретін сияқты: **қай->қайыр-, қайыс-, қайқай-, қаймық-, қайқы-, қайы-, қайыт-* т. б.

4. Императив етістіктер құрамындағы өлі түбірлердің сөз табына қатыстығын анықтауға бола ма? Әрине, болады. Тіл логикасына сүйенсек, дербес түбір ретінде сөз жасауға негіз болған лексеманың қайткен күнде де белгілі бір сөз табына тән болуы заңды. Ал енді оларды императив етістік жасаушы модельдер жүйесімен мағынасы айқын, тілімізде дербес қолданылып жүрген өзі тектес, сыбайлас түбірлермен салыстыра қарастырсақ, бұл заңдылықтың тарихи жағынан қалыптасуы мен белгілі дәстүрге айналуын да және басқа да ерекшеліктерін көруге болатын сияқты.

Қолымыздағы материалдарды модель жүйесімен саралағанда, ең алдымен көзге түсетін жағдай: бір модель бойынша есім түбірден де, етістік түбірден де және екеуіне де бірдей қатысты екі ұдай синкретикалық түбірден де туынды түбір етістік жасала береді екен. Оны дәлелдеу үшін кез келген модельді алып қарауға болады. Мәселен, **√-ық-/-ік-** моделі бойынша жасалған етістіктерді қарап отырсақ, олардың көпшілігі-ақ есім түбірден өрбіген: *аш>ашық-, бір>бірік-, дем>демік-, жау>жауық-, жел>желік-, зар>зарық-, мау>мауық-, өш>өшік-* т. б. Сонымен қатар дәл осы модельдің ішінде етістік түбірден тараған туынды түбірлер де баршылық. *Көн->көнік-, кір->-кірік-, қыр->қырық-, тол->толық-, тұт->тұтық-, тын->тынық-, қан->қанық-* т. б. Бұл мысалдардағы түбірлердің табиғаты біз үшін анық болғандықтан, оларды есім түбірлер, етістік түбірлер деп кесіп-пішіп айтуға қақымыз бар.

Ал енді осы модель бойынша жасалған етістіктердің құрамында мағынасы біз үшін беймәлім, дербестігінен айрылған өлі түбірлер болса қайтеміз? Мысалы: **ай>айық-, *ас>асық-, *бұй>бұйық-, *ел>елік-, *ер>ерік-, *жал>жалық-, *жат>жаттық-, *құн>құнық-, *тұт>тұтік-*

т.б. Бұл түбірлерді модельге тән екі ұдайылық белгісіне байланысты етістік деп те, есім деп те қарауға болатын сияқты. Бірақ олай қарау шындықтың бетін аша ма? Осы бір тілдік фактіде біздің пайымдауымызша үлкен де терең сыр бар тәрізді: бұл екі ұдайылық не түбір сөздің синкретизм болуына, не оған жалғанушы тұлғаның қос функциялы болуына байланысты болса керек. Мәселенің дәл осы арасын, әсіресе бір буынды, екі буынды синкретизм түбірлеріне байланысты жерін ашып беруді мақаламызда мақсат етіп қоймаймыз. Дегенмен сөз болып отырған екі ұдайы түбірге қатысты кейбір фактілерге назар аудармауға болмайтын сияқты. Мәселен, жоғарыда аталған модель бойынша жасалатын *кешік-* етістігінің түбірі *«кеш-*ті біз, әдетте, есім деп қараймыз. Қазақ тілі үшін, мүмкін, дұрысы да сол шығар. Бірақ түркі тілдерінің тұрғысынан қарағанда *кеш-* екі ұдай мағыналы («опаздывать», «задерживаться» және «поздно», «долго») синкретизм[18]. Сонда *кешік-* етістігінің түбірі есім бе, жоқ етістік пе? Біздің ойымызша, бұл синкретикалық түбір де, оған жалғанып тұрған *-ік* жұрнағы көп функциялы грамматикалық көрсеткіш. Тағы бір мысал келтірейік. Қазақ тіліндегі *тын-* деген етістік түбірінен *тынық-* етістігі жасалады. Түбірдің «тыныштал, деміңді ішіңе ал, тым-тырыс бол» деген мағынасына *-ық-* жұрнағы жалғанып, «деміңді ал, күш-қуат жина» деген қосымша императив мағына үстемелеп тұр. *Тын-* түбірі де жалпы түркі тілдер тұрғысынан қарағанда екі ұдай мағына беретін синкретикалық лексема. Махмұд Қашғари «Диванында»: *tïn-* «дыхание», «дух» // *tin-* «дышать, отдыхать, успокаиваться, обретать покой» (МК, I, 339; II, 40). Бұл мысалда да *-ық* жұрнағы синкретикалық түбірге жалғанып тұр. Ал енді қазақ тіліндегі осы екінші дәрежелі *тынық-* императив етістігі мен *тынық* деген есім сөзді алсақ, олардың арасында ондай синкретикалық қатынас жоқ та, тек тұлғалық ұқсастық қана бар. Өйткені екеуіне екі басқа қос функциялы омоним жұрнақтар жалғанып тұр.

Бұдан шығатын қорытынды: екі буынды императив етістік жасауға есім мен етістік тобына жататын түбірлер мен синкретизмдер қатысады. Синкретикалық құбылыс екінші дәрежелі императив тұлғалы етістік деңгейінде көбірек байқалады да, одан кейінгі жасалатын туынды түбір етістіктерде оның түбір ұқсастығынан да тұлғалық ұқсастығы басымырақ болады.

5. Императив етістіктері құрамындағы өлі түбірлерге тән қасиеттің бірі – олардың түркі тілдерінде фонетикалық, морфологиялық варианттарының болуы. Мәселен, орхон-енисей ескерткіштерінде **ба- [ба-]* түрінде қолданылған «байлау», «матау» мағынасындағы

18 *Кажибекова Е. З.* Тюркский лексико-грамматический синкретизм односложных корней-основ. Автореф. дис... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1981, с. 30.

ілкі түбір[19] негізінде түркі тілдерінде: *бай-// бау-// бағ-// бан-* тәрізді мағыналас варианттар пайда болған. Ендігі даму сатысында әрбір түркі тілі осылардан екінші дәрежелі туынды түбір жасаған. Мәселен, қазақ тілінде **бай-* өлі түбірінен *байла-* етістігі туындаған да, дербестігін сақтаған *бау-* (бір нәрсені байлауға қажетті жіп) вариантынан *баула-* туынды түбірі пайда болған. Көне *бай-* вариантын сақтаған тілдердің бірі – якут тілі. Онда созылыңқы айтылатын *баай-* «связывать», «привязывать», «делать перевязку»[20]. Тағы бір мысал келтірейік. Біз қарастырған императив етістіктер қос сөз компоненті болып та кездеседі. Мысалы: *жылап-сықтап* қос сөзінің екі компоненті де тарихи тұрғыдан алып қарағанда тектес (гомогендес) бір түбірге барып саяды: **жы>жыла//сық>сықта-*. Ескерткіштер мен түркі тілдерінде «жыла», «еңіре» ұғымын беретін *жыла-* етістігінің *ағла- / / ығла-/ / йығла- / / сығта-* т.б. варианттары қолданылады. Бұлардың этимологиялық түбірі модель бойынша **аг- //*ыг-//*йыг-//*сыг>*сық* болуға тиіс[21]. Сонда жоғарыдағы қос сөз, сайып келгенде, бір түбірдің екі рет қайталануынан жасалып тұр. Дыбыстық ерекшелігіне байланысты оның компоненттері екі түрлі сөз сияқты болып көрінгенімен, біз оны бір түбірдің екі варианты деп қарауға толық дәлеліміз бар.

6. Бір ғажабы: императив етістіктер жасайтын түбірлер арасында, біз жиған материалдарда, шеттен енген бөгде сөздер кездеспеді. Бұл, біріншіден, жалпы етістік түбірлерде ауыс-түйіс болмауына байланысты да, екіншіден, императив модельдердің өте ерте қалыптасуынан болса керек.

7. Қазақ тіліндегі біз қарастырған өлі түбірлердің саны шамамен 500-ге жуық. Бірақ қазақ тілі үшін өлі түбір болып саналатын элементтер басқа түркі тілдері үшін дәл сондай болуы міндетті емес. Осыған орай жалпы түркі тілдері бойынша бұл тәрізді өлі түбірлердің саны мен сапасы біркелкі болмауы заңды. Сондықтан да өлі түбірлерді жеке тілдер бойынша, тіпті оның жеке тілдік категориялары бойынша жүйелі түрде, белгілі тәсілдермен іздестірудің түркология үшін маңызы зор[22]. Қорыта келгенде, айтарымыз: екі буынды императив етістіктердің құрамында кездесетін өлі түбірлерді осылайша зерттеуді жалпы түбір теориясына алып баратын арналардың бірі деп білеміз.[23]

19 Древнетюркский словарь. С. 290–291.

20 Орхон-енисей және орта ғасыр ескерткіштері тілінде – ба- «привязывать», «связывать» мағынасында қолданылған. – қараңыз: Древнетюркский словарь. С. 76.

21 Якутско-русский словарь. С. 72.

22 Древнетюркский словарь. С. 18, 266, 503.

23 Осы тәрізді жұмыстар қазіргі кезде якут (Попов Г. В.), башқұрт (Псянчин В. Ш.), чуваш (Скворцов М. И.), қырғыз (Орузбаева Б. О., Дыйканова Ч. К.) т. б. түркі тілдерінде жүргізіле бастауы қуантарлық жағдай.

Өлі түбірлерді белгілі модель бойынша қарастыру – тілдің өзіне тән заңдылығына сүйене отырып, олардың табиғатын дұрыс анықтаудың бірден-бір кепілі.

ҚазССР ҒА-ның хабарлары,
Тіл және әдебиет сериясы. 1988. № 3, 34-43 б.
(Ж.Манкеевамен бірге)

Түбірлес сөздер төркіні

Жалпы түркі тілдерінің табиғатына тән керемет ерекшеліктердің бірі – көптеген сөздің бір түбірден тарап, ұя-ұя болып тұратын бірнеше туынды сөз тұлғасында қолданылуы. Мәселен, **көр** деген етістік түбірінен тек қазақ тілінің өзінде ғана: **көрме, көрік, көрікті, көркем, көрші, көрініс, көрім, көреген** сияқты сөздер туындап тұр. Басқа түркі тілдері сияқты қазақ тілінің екінші бір ерекшелігі – о бастағы осындай негізгі (ілкі) түбірлердің тұлғалық жағынан көбінесе (бір, екі, үш және төрт дыбыстан тұратын) бір буынды болып келуінде. Осыған байланысты бір буынды түбірлердің үшінші бір ерекшелігі – олардың бәрі бірдей, тілімізде дербес, жеке сөз ретінде қолданыла бермей, кейбіреулерінің тек туынды сөз құрамында ғана кездесетін, қызметі шектелген, мағынасы күңгірттеніп, табиғаты беймәлім өлі түбірлер санатына енуі.

Түбірлес сөздердің сыры мен сипатын, түп төркінін тереңірек білгісі келетіндердің алдынан әрқашан да орағытып шыға беретін заңдылықтардың бір түрі осылар. Егер біз бұл заңдылықтарды біле білмесек, о баста шығу тегі бір, төркіндес, түбірлес, бірақ бүгінде өз бетінше отау тігіп, іргесін «алысқа» салған, сөйтіп туыстығын «ұмыта» бастаған көптеген сөздердің табиғатына дұрыс түсіне алмауымыз мүмкін. Оның тағы бір себебі: о бастағы негізгі түбірдің ұзақ даму процесінде өзгеріске ұшырап, туынды сөздердің ауанымен тұлға, мағына жағынан алшақтауына байланысты. Осыған орай біз о баста бір түбірден тараған қазақ тіліндегі: **доңгелек, доңғалақ, төңкер, төңірек, төгершік, тегеуірін, дегелек, диірмен, теңге** т.б. сөздердің түбірлерін қарастырамыз.

Бір қарағанда, бұл сөздердің арасында мағыналық жақындығы байқалғанымен, тұлға жағынан ұқсастығы шамалы сияқты. Ал шын мәнісінде олай емес: бұлардың бәрі бір түбірден тараған түбірлес, төркіндес сөздер. Оны дәлелдеу үшін жоғарыдағы заңдылықтарға сүйене отырып, бұлардың құрамынан гомогенді (тектес) бір буынды түбірлерді бөліп алуымыз керек. Сонда жоғарыдағы сөздердің құрамынан этимологиялық гипотеза бойынша **дөң- доң- төң- тең- тег- дег- дій-** деген бірыңғай өлі түбірлерді бөліп алып қарасақ, олардың заңды түрдегі дыбыстық сәйкестігі бар, шеңбер тәрізді, дөңгелек, домалақ затты білдіретін (орысша: «круг, круглый, шарообраз-

ный, кольцообразный») мағыналас элементтер екендігін аңғарамыз. Бұл түбірлердегі бастапқы **д- т-** дыбыстарының ортадағы **ө- о- е- і-** дауысты дыбыстардың және соңғы **ң- г - й-** дауыссыз дыбыстардың өзара сәйкестігін түркологияда дәлелденген құбылыс деп есептесек, аталмыш түбірлердің о бастағы бір түбірден өрбігенін мойындауға болатын сияқты. Ол түбірді көне түркі ескерткіштері тілінен кездестіреміз. Ол – «айналдыру, қайыру, бұрау» мағынасында қолданылған **дөн-** деген дербес етістік түбірі. Дәл осы мағынасында **дөң-дөң-** түбірі бүгінгі әзербайжан, түрік тілдерінде де сақталған. Бірақ басқа түркі тілдерінде ол туынды сөз құрамында ғана кездесіп, «айналу», «дөңгелеу», «дөңгелек» деген мағыналарға негіз болып тұр. Мәселен, қазақ тіліндегі **дөңгелек** пен **доңғалақ** «колесо» мағынасын білдірсе, **төңкер-** етістігінен бір затты аударып-төңкеру арқылы домалату, екінші жағына айналдыру әрекеті байқалады; төңіректе «айнала» («кругом», «вокруг») деген ұғым бар; ал **дөгелек қалпақ** пен диірменнің **тегершігін**, ертедегі металл (бақыр, күміс т.б.) ақша – **теңгені** көз алдымызға елестетсек, сырт көрінісі дөңгелек, жұмыр, домалақ, айналдыруға немесе дөңгелетіп жіберуге болатын әр түрлі тұлғалас заттарды көреміз. Ал **диірмен** сөзі айналатын дөңгелек, тегершік тасқа байланысты қалыптасса, түбірі **дій** – түркі тілдеріндегі **ң, н, г, й** дауыссыздардың өзара алмасу заңына сәйкес калыптасқан. Мысалы, қазақша **тій-** деген етістік түбірі ұйғырша – **тэг** болып қолданылады; осыдан келеді де қазақша **диірмен**, ұйғырша – **түгмән,** қырғызша – **тегирмен**, қарашай-балқарша – **тирмен**, қарақалпақша – **дийирман** (**дигирман**), башқұртша – **тирмән**, түрікше – **дегірмен,** әзербайжанша – **дәйірман,** туваша – **дээрбе** т.б. болып өзгеріп, о бастағы бір түбірдің бірнеше вариантгары пайда болып отыр.

Осылайша өзгерістің, іштей дамудың салдарынан, бүгінде 25-ке жақын түркі тілдерін былай қойғанда, тек бір қазақ тілінің өзінде ғана бір түбірден туындаған варианттар саны аз емес екен. Осындай фактілерді ескермей, әрине, сөз төркініне саяхат жасауға болмайды. Түркі тілдер арасындағы туыстық пенен өзара айырмашылықтың сыры, сайып келгенде, міне осы заңдылықта жатыр.

Ескерте кететін жағдай: о бастағы **дөң- төң-** түбірінен туындаған сөздердің бәрін бір мақалада қамту мүмкін емес. Оларды жеке тілдердің негізінде зерттеген абзал. Тіпті қазақ тіліндегі сөздердің өзі де жоғарыда келтірілген мысалдармен шектелмесе керек.

«Қазақстан әйелдері», 1986. № 2.

Бір түбірлес сөздер

Түркі-монғол тілдерінің бәріне ортақ және ондаған, тіпті жүздеген туынды түбірлердің жасалуына негіз болған **ұр** түбірінің табиғаты да өте қызық. Қазақ және басқа түркі, монғол тілдерінде бұл түбір өзінен кейін

жалғанатын жалғау-жұрнақтардың ықпалымен өзгеріп, **ұр–үр–өр–ыр–** т.б. түрінде кездеседі. Бүгінде олардың бірде-бірі жеке-дара мағына бермейді. Басқаша айтқанда, өз кезінде қаншама құнарлы, көп қолданылатын түбір болса да, бүгін ол бір тілде өлі түбірге, ал екіншісінде сирек кездесетін архаизмге айналған. Дегенмен осы түбірдің негізінде пайда болған сан алуан әрі ұялас, әрі тектес туынды түбірлердің мағыналарын салыстыра-салыстыра талдап көрсек, бұл түбірдің о бастағы, өткен бір дәуірлердегі білдірген ұғымын аңғаруға болады. Анығырақ айтқанда, **ұр** түбірі және оның әр түрлі гомогенді варианттары қазақ тілінің сонау балаң кезінде адамның, этнос бірлестігінің жалпы түп-тегін, нәсілін, руын, тұқым-тұқиянын, туыстығын, өніп-өсуші табиғи заттардың ұрық-дәнін, көгін, өркенін білдірген. Түбір сөзден өрбіген туынды түбірлердің тұлғалық дамуының нәтижесінде олардың мағынасы да өрбіп, тармақталып, нақтылана беретіні белгілі. Мәселен, қазақ тіліндегі **ру** түрінде қалыптасып бара жатқан сөзімізді алсақ, ол о бастағы **ұр** түбірі мен **ұу** жұрнағынан тұратын **ұруу** сөзі. Сондай-ақ, **ұр** түбірінен туындаған сөздер қатарына: «дән, тұқым» (ал Шу қазақтарының тілінде – «туыс, сүйектес, рулас») мағынасындағы **ұрық** (ұр-ық) сөзін, ертедегі ру-тайпалардың ұраны («клич») мағынасындағы ұран (ұр-ан) сөзін, «туған-туысқан, кейінгі жас ұрпақ» мағынасындағы **ұрағат** (ұр-ағат) сөзін, «ұрпақ тарату қасиетіне ие» мағынасындағы **ұрғашы** (о баста: ұр-ық-шы) сөзін, «нәсіл, тұқым жұрағат, өрен-жаран» мағынасындағы **ұрпақ** (ұр-пақ) сөзін жатқызуға болады. Ал енді, дауыс ты дыбысының өзгеруіне байланысты көбіне-көп қос сөздер мен сөз тіркесі құрамында қолданылатын: **үрім** (үр-ім): **үрім-бұтақ** («бір атадан тараған ұрпақ, зәу-зат, нәсіл»), **үрпі** (үрпі) («адам мен мал да болатын ұрық жолы, сүт жолы») сөзі де, сондай-ақ «кейбір бау-бақша өсімдіктерінің дән салатын көк түйіншек өсетін, тұқым байлайтын сабағы, желісі, өрісі» мағынасын білдіретін **өркен** (өр-кен) сөзі де (осыдан келіп өркен жаю, өркені өсу тіркестері пайда болған) «бір атадан тараған ұрпақ, нәсіл» мағынасындағы **өрен** (өр-ен), **өрен-жаран** сөздері де, сайып келгенде, жоғарыдағы **ұр-үр-р** түбірімен төркіндес екен.

Ұр түбірінен тараған сөздердің біразын біз Махмуд Қашғаридың (XI ғ.) «Диванынан» да кездестіреміз: **ұрағат** – «әйел», «ұрғашы», **ұран** – (боевой клич»), **ұры** – («сын, мальчик, юноша, мужское потомство»), **ұры оғлан** – («сын, мужское потомство»), **ұрылан** – («родить мальчика»), **ұрұғ** – («зерно, семя, косточка»), **ұрұғлұғ** – («родовитый, знатный, благородный»), **ұрұғсұз** –(«без потомства») т.б. Бірақ Махмуд Қашғари заманында тіпті одан бұрынғы Орхон-Енисей ескерткіштерінің тілінде де біздің сөз етіп отырған **ұр-үр-өр-ыр-** варианты түбіріміз жеке-дара кездеспейді. Соған қарағанда бұл түбірдің төркіні тым тереңде жатса керек. Алайда ол

ерте (VI–VII ғасырға дейін) ұмыт болса да өзінің бір кездегі жиі қолданылуы арқасында тамырын кең жайып үлгерген, сондықтан да ол бүкіл түркі, монғол тілдерінде түгел сақталып, көненің көзі ретінде күні бүгінге дейін тіл қажетін атқарып келеді. Шет тілден енген сөздерде мұндай қасиет бола бермейді.

Мұндай байырғы түбірлер тілімізде көп-ақ, сондықтан да сөз табиғатына тән көп сырдың жайын түбірден іздеген жөн.

«Қазақстан әйелдері», 1986. № 3.10 б.

Түбі бір түріктің - түбірі де бір

Ұзыннан ұзақ, көне тұзақ болып өскен зәулім биік шынардың қалың бұтақшақтарының ұшар басына дейін жыл сайын бүршік атып, жапырақ шашып тұруы оның сонау терең тамырлары арқылы қара жерден нәр алып тұруына байланысты. Алайда бұл табиғи құбылысқа біз мән бере бермейміз.

Дәл осыған ұқсас құбылысты біз тіл табиғатынан да байқаймыз. Шынар басында бүршік жарып, гүлдеп өскен жапырақтарды күн сайын тілде туындап жатқан жаңа сөздерге баласақ, олардың нәр алып өсіп-өнетін көздері, әрине, тілдің терең қойнауларында жатқан түбірлері болмақшы. «*Түбірлер*» мен «*туынды тұлғалар*» деп отырғанымыз, міне, осы шынар тамыры мен жапырақтарына ұқсас құбылыстар. Сөз байлығының уақыт өткен сайын еселеніп, көбейе түсуі, міне, осы түбір тұлғалары мен мағыналарының өзара тығыз байланысының тұрақты сақталуында болса керек.

Бұл құбылыс, әрине, тілдің сөздік қорына түгел қатысты емес. Оның сыртында бұдан басқа да ауыс-түйістер аз емес. Демек, «тамыр-жапырақ» пен «түбір-сөз» деген ұғымдардың сәйкестігі әрбір тілдің болмысына тән, оның тіл болып қалыптасу дәуірінен басталған құбылыс. "Жалғамалы" түркі тілдер табиғатында түбірлес сөздер көп. Ол түбір мен туынды түбірдің тұлғалық-мағыналық тұтастығына байланысты.

Енді осы бір құлаққа тосындау естіліп тұрған заңдылықты кең түрде "*тегі бір түркі халықтары тілдеріндегі сөздердің түбірі де бір*" деген идея тұрғысынан қарастырып, түркі тілдері түбірлерінің тұлғалық һәм мағыналық дамуына байланысты кейбір ойларымызды ортаға салуды жөн көрдік.

1. Түркі тілдері (солардың бірі - қазақ тілі де) негізінен (70-80%) бір буынды түбірлерден (моносиллабтардан) туындап, дамыған жалғамалы (агглютинативті) тілдер санатына жатады (бұл түркітануда қалыптасып қалған қағида).

2. Түркі тілдерінің өздеріне ғана тән бір буынды төлтума түбірлер құрамы жағынан 6 классикалық модельден (үлгіден) тұрады: **Г, ГС, СГ, СГС, ГСС, СГСС** - [1*] ; тілдегі мыңдаған туынды сөздер осы алты модель негізінде өрбіп, пайда болғандар. Мысалы: **Г**: ***е>еді, екен, емес*** т.б.; **ГС**: ***ал->алды-, алым, алмақшы*** т.б.; **СГ**: ***же->жем, жеміс, жемтік, жемқор,***

1* Мұндағы Г-дауысты дыбыс, С-дауыссыз дыбыс нышандары.

жегі т.б.; **СГ**: ***ақ***>*ақшыл, ағар, ақта, ағараңда-* т.б.; **СГС**: ***тап***>*тапқыр, табыс, табу, тапшы* т.б.; **ГСС**: ***арт***>*артық, арттыр-, артыл-* т.б.; **СГСС**: ***тарт-***>*тартыс, тарту, тартыншақ* т.б.;

Бұл 6 классикалық модельдің (үлгінің) бәрі бірдей бір кезеңде пайда болмаған және тарихи даму жағынан да бір деңгейде емес. Этимологиялық және эволюциялық тұрғыдан қарағанда алтауының алдыңғы үшеуі - **Г, ГС, СГ** - тіл дамуының ең алғашқы балаң кезеңінде пайда болған түбіртек, не ілкі түбір тұлғасындағы қалпы. Бұлардың мағынасы бұл күнде күңгірттенген. Олардың қатарына алғаш пайда болып, қалыптасқан имитатив (еліктеуіш) түбіртектер жатады. Мысалы: **Г**: ***ы***>*ыр, ыс, ыз, ың* т.б.; **ГС**: ***ыр***>*ырс*, ***ың***>*ыңқ*; **СГ**: ****ты***>*тыр, тыс, тық, тып* т.б.

Алты түрлі моносиллабикалық модельдің соңғы үшеуі аталған алдыңғы үшеуінің негізінде, не өз бетінше кейінірек қалыптасқан тұлғалар. Тіліміздегі сан түрлі төлтума туынды сөздердің көпшілігі, міне, осы үшеуінің негізінде пайда болған лексемалар (мысал жоғарыда келтірілді).

Түркітанушылар арасында түркі тілдері (соның бірі - қазақ тілі де, әрине) өзінің ұзақ (миллиондаған жылдар бойындағы) даму тарихында **жалғамалы** (*агглютинативті*) тіл болып қалыптасуынан әлдеқайда бұрын **қопармалы** (*флективті*) тілдерге тән өзгешеліктерге ие болған" деген (Э.В.Севортян, Н.А.Кононов, С.А.Аманжолов т.б.) пікірлердің де болғаны белгілі. Қазақ тілінің түбір табиғатын зерттеу нәтижесінде бұл пікірдің дұрыстығына және оны тілдің нақтылы деректері арқылы дәлелдеуге болатындығына сеніміміз арта түскендей (бұл, әрине, өз алдына қарастырылуға тиісті мәселе). Тегінде бұл пікірді дәлелдеудің бір жолы тек түркі тілдері ғана емес, сонымен қатар бүкіл алтай тобына жататын (моңғол, тұңғыс-маньжур, жапон, корей) тілдер мен угра-фин тілдерін де салыстырып тұтас қарастыру қажет деп білеміз.

3. Жалғамалы түркі тілдерінің түбір тұлғалары оның тарихи даму эволюциясының бір айқын айғағы іспетті. Біз бұрын да айтып, жазып жүрген (*Кайдаров А.* Структура односложных корней в казахском языке. Алма-Ата, "Наука", 1986) пікірімізді қайталап, қазақ тіліндегі (бұл басқа тілдерге де қатысты) байырғы төлтума сөздік қорының құрамында екі, үш және одан да көп буынды "түбір сөздің" кездесуі - өте сирек құбылыс. Олар не о бастағы бір буынды түбірлермен даму барысында өзара бірігіп, құрамындағы морфемаларға қайтып жіктелмейтін, бүлінбейтін бір тұтас (көп буынды) қалыпқа келген монолитті тұлғалар, не тым ертеде басқа тілдерден қабылданып, тілге етене сіңісіп кеткен ауыс-түйістер. Сондықтан да, екі, үш және одан да көп күрделі сөз тұлғаларынан қазақ тілінің төлтума өз түбірлерін іздеп табуға талаптануды нәтижесіз әрекет деп

білеміз. Мәселен, қазақ тіліндегі осындай күрделі сөздерге жататын *балға, балта, балдақ* сияқты лексемалардың өз тіліміздің негізінде морфемаларға жіктелетін, бір буынды түбірден туындамағанын, *алма, алша, алмұрт, алтын* сияқты лексемалардың құрамынан "алқызыл" мағынасындағы ***ал*** түбірді этимологиялық жолмен ғана ажыратып, туынды тұлға екендігін білуге болады. Демек, бұл сөздер дәл осы екі буынды қалпында тұрып "түбір" санатына жатпайды деген сөз.

4. Түркітілдеріндегібаршабірбуындытүбірлердің(моносиллабтардың) өздерін эволюциялық даму тұрғысынан тұлғасына қарап, ретроспективті бағытта *"туынды түбір", "түбір", "ілкі түбір",* не *"байырғы түбір", "түбіртек",* не *"тұқыл түбір"* деп бірнеше деңгейге жіктеп қарауға болады. Бұл жіктеу градациясының ізін біз тілдегі мыңдаған имитатив туынды лексемалар құрамынан айқын көреміз.

5. Түркі тілдерінің көнеден келе жатқан генеологиялық туыстығын біз лексикалық негізінде бір буынды түбірлер (моносиллабтар) деңгейінен іздестіргеніміз жөн.

6. Түркітануда "түбір - сөздің өзгермейтін бөлшегі" деген қасаң қағида қалыптасқандығы белгілі. Бұл қағидамен мүлдем келісуге болмайды. Өйткені тым ерте замандарда бір тілдік ортада, алдымен **Г, ГС, СГ**, одан соң **ГСС, СГС, СГСС** тұлғасында пайда болған моносиллабтар сол ортадан таралып, әр түрлі табиғи, саяси географиялық ортада өз бетінше дамуына байланысты бір вариантты ұқсас түбірден көп вариантты тұлғалық-мағыналық сәйкес түбірлерге ауыса бастады. "Түрік" тілінің "түркі тілдеріне" айналуы тарихы тұрғыдан осы эволюциялық дамудың нәтижесі болып саналады.

Демек, отыздан астам түркі тілдерінің бір жағынан ортақ тегін, туыстығын сақтап келуінің де, екінші жағынан, өзара алыс-жақын қатынаста қалыптасуының да, ең басты себебі, сайып келгенде, олардың байырғы да ортақ тіл түбіріне байланысты екендігінде. Түркі тілдерінің өзара ортақ, байырғы, төлтума бір буынды түбірлері (моносиллабтары) әр бір туыс тілдің өзіндік фономорфосемантикалық заңдылықтарына сәйкес дамып, сан алуан тұлғалық өзгерістерге ұшырап, "сағызша шайналса" да, мағыналық ортақ өзегін сақтап қалатынын көреміз. Соның нәтижесінде ғасырлар бойы дамып, бүгінде өз тілдерінде рухани-мәдени байлығын, салт-дәстүр, әдет-ғұрпын сақтап келе жатқан 200 миллиондай түркі қауымдастығы әр деңгейде болса да, өзара тілмашсыз түсінісе алады. "*Түбі бір түріктің түбірі де бір*" деген сөздің мәнін осы арадан да байқауға болады.

Бұл айтылған идеяны айқындай түсу үшін тағы бір мысал келтіре кетейік. Түркі тілдеріне ортақ төлтума моносиллабтардың ең көп өзгеріс терге ұшырайтыны, мысалы, **СГС** тұлғалы модельде ең соңғы С (дауыссыз дыбыс)

құрамдық элементі. Туыс тілдердің өзара "шекарасын" ажырату процесі де (дыбыс алмасуы), міне, осы элемент шеңберінде болып жатады, бір түбірдің аумағынан дыбыс сәйкестігіне байланысты қыруар көрініс (түсіндіріп жату көп уақыт алады) байқауға болады. Мәселен, 1) "круг", "кружок", "круглый", "кругом", "вокруг"; 2) "колесо", "кольцо", "обруч" және 3) "мельница" деген[2] үш топ мағына беретін ортақ бір түбірдің біз 15 гомогенді вариантты бар екенін анықтадық. Олар мыналар:

1) "Круг", "кружок", "круглый", "кругом", "вокруг":* алт. tegerik~tegilek~tegbek; тув. tögerik; хак. tegilek~togilax; кирг. döngölök, тат. tügäräk; баш. tünäräk, ног. tödörek, каз. döңgölök, азерб. däjir, уйг. dögläk, узб. tügarak, караим. tegäräk т.б.

2) "Колесо", "кольцо", "обруч": алт. teglik, тув. däärbek, хак. tegilek, кирг. döңgölök, тат. tägärmäc; башк. tägärmäc, ног. tegeršik, каз. tegeršik, азерб. takar, тур. tekerlek, узб. döңgiläk;

3) "Мельница" (дүңгелек тасына байланысты): алт. teerbe, тув. därbe, хак. terben, кирг. tegirmen, тат. tegerman, башк. tirmän, ног. termen, каз. dijirmen, азерб. däjirman, тур. degirman, узб. tegirmon, уйг. tügmän, караим. tegirmjän т.б.

Бұларға қазақтың теңге, башқұрттың тәнкә, моңғолдың түгирик, орыстың деньги т.б. (ақша мағынасындағы) түбірлес сөздерін де қосуға болады.

Бұл мысалдардан көріп отырғанымыз: бір ғана түбірдің 13 түркі тілінде 15 гомогенді варианты бар екен. Олар: тәг~тег~түг~ түг~түң~тәк~тек~түң~тей~~дәг~дай~дүң~доң~дүң~дйі. Бұлар 3 түрлі мағына төңерігінде топтасқан. (қар. Қайдаров А.Т. Словарь В.И.Вербицкого как исторический источник исследования структуры моносиллабов // Язык и культура алтайцев. (Сборник научных статей). Горно-Алтайск, 1993, стр. 25-29).

7. Түркі тілдерінде сөз мағынасының негізгі жүгін көтеруші - сол сөздің түбірі. Бір түбірден қаншама дербес сөздер туындап жатса да, олар өздері нәр алып, өрбіп-өскен түбір мағына-мәнімен семантикалық та, логикалық та өзекті байланысын еш үзбейді. Түбірдің жеке өзі де, туынды тұлғасымен бірге де, бір тілде де және әр тілде де қолданыс барысында "сағызша шайналып", о бастағы тірек тұлғасынан адам танымастай болып өзгеріп, алыстап кеткен жағдайдың өзінде де, ол өз бойындағы мағына ұйытқысы мен өзегін сақтап қалуға тырысады.

8. Сөз түбірлері мен одан туындаған сөздердің мағыналары сан алуан. Ол негізгі және туынды, нақтылы және абстракциялы (жалпылама) болып бөлінеді. Түркітануда қалыптасқан пікір бойынша: туынды мағыналар ауыс, келтірінді, бейнелі, рәмізді т.б. негізгі мағынадан өрбіп дамиды. Бұл, әрине, дұрыс пікір. Алайда, "алдымен сөздерде нақтылы мағыналар, содан кейін олар белгілі шарттылыққа байланысты асбтракциялы мағыналарға айналады"

2 Бұл түбірлердің мағыналарын орысша беру түсінуге ыңғайлы болып отыр.

деген тұжырыммен біз келісе алмаймыз. Зерттеулеріміздің негізінде біздің жіті тұрақтаған пікіріміз: түркі тілдерінің бәрінде де сөз біткеннің баршасы ең алдымен бір буынды түбірлердің нақтылы мағынасы негізінде өрбіп, содан әр түрлі ситуацияға байланысты, сөзжасам форматтары арқылы да абстракциялы, әрі көп мағыналарға ие болады. Бір бұлақ көзінен дәмі (ащы да, тұщы да), түсі (көк, жасыл), температурасы (ыстық, суық) екі түрлі су атқыламайтыны сықылды, бір түбірден өрбіген туынды түбірлес тұлғалар мағына шеңбері қанша кеңейіп жатса да, олар түпкі түбір мағынасымен байланысын үзбейді. Мысалы: қазақ т.б. тілдеріндегі ***жас*** деген байырғы түбірді алайық. Ол дами келе: 1) адамның өмір сүру мерзіміне (жасына) байланысты; 2) "қарт" ұғымына қарама-қарсы мағынада; 3) көздің жасына, 4) майы жоқ, арық, жасық етке қатысты, 5) бойында сөгі мол жас шөпке (ұйғырша: *көк-яш*) байланысты қолданылады екен. Көне түркі ескерткіштер тілінде де осы мағыналар сақталған: ****jaS)*** зеленый, молодой; 2) свежий; 3) зелень; 4) год; 5) жизнь; 6) слеза (ДТС, 245-246). Осы мағыналардың барлығы бірден емес, біртіндеп пайда болды, яғни алдымен нақтылы бір мағынасы, одан соң басқа (оған табиғаты ұқсас, логикаға сай) мағыналары пайда болған деп қарасақ, оның о бастағы нақтылы мағынаны - "сөк-сөлі бойында сақталған жас шөп"; қалғандарының бәрі содан өрбіп, туындаған ауыс мағыналар. Ал, енді осы келтірілген бір түбірдің 6 мағынасының әрқайсысынан тарамдалып, таралып жатқан (*жас>жастық, жасамыс; жас шөп, жас иіс, жас өспірім, жасық ет, жас төгу т.т.) туынды тұлғаларды пайымдап қарасақ, нақтылықтан абстракциялыққа, жалпылыққа айналудың тетігін айқын көреміз.

9. Түркі тілдерінің лексикалық қорындағы сөздер неше мыңдап (қазақ тілінде 68 мың реестр сөз бар екен) саналса да, бір буынды түбір сөздер саны одан 7-8 есе аз. Біздің зерттеуіміз бойынша (жоғарыда көрсетілген еңбекті қара) 1500 шамасындағы бір буынды түбірлердің тең жартысы мағынасы мен қолданыс аясы айқын болса, қалған жартысы мағынасы күңгірт, дербестігінен ада болған түбірлер. 750 түбірдің жартысы төлтума емес, шеттен енген ауыстүйіс түбірлер.

Осыған қарағанда, тілдің архаикалық құрамы басым және ол уақыт озған сайын жаңа элементтерімен жарыса көбейе түспекші. Түбір осы тұрғыдан ретроспективті бағытта қарастырсақ, неғұрлым көне дәуірге шегінген сайын, соғұрлым архаикалық элементтер көбейе түспекші.

10. Бір түбірден тарап, сөзжасам модельдері арқылы өсіп-өрбіген сөз тұлғалары мен жай және тұрақты тіркестер де сол түбір мағынасының ауқымын жан-жақты кеңейтіп, еселеп өсіре түседі. Кейбір түбірлердің бір өзінен нәр алып, кеңейген мағынасының жалпы санын 15-20 мағыналық бірлікке дейін көбейтуі мүмкін. Мұндай жағдайда негізгі түбірдің абстракцияланған жалпы мағынасы барша туынды мағыналардың жиынтығы, солардың бәріне ор-

тақ ұйытқысы болмақ. Мәселен, қазақ тіліндегі *шап- деген етістік түбірінен туындаған 20-дай туынды тұлғада төмендегі мағыналарды көруге болады:

1) **Шап=> *шабу*** - "кесетін құрал-жабдықпен бір нәрсені шапқылау, кесу, бөлу" т.б.

2) **Шап=> *шапқы*** - "бір нәрсені кесу үшін жүзін өткір етіп жасаған темір аспап" (*мыс.* бәкіні, кей жерде оны шапқы дейді);

3) **Шап=> *шапшы*** - 1. "адамның, басқа заттардың бетіне, үстіне, басына т.б. жеріне ағысы қатты судың, сұйықтықтың ытырылып қатты шашырауы; 2. *ауыс.* "бетің бар, жүзің бар" демей, адамға атылып, жаман сөз айтып, жүз қаратпау";

4) **Шап=> *шаптығу*** - "адамның қатты ашуланып, біреуге тап-тап беруі"; "зар күйіне келген бураның буырқанып-бұрқанып, інгенге еркектік өктемдігін көрсетуі";

5) **Шап=> *шабарман*** - "ертедегі билеуші тап өкілдерінің қол астындағы "алып кел, барып кел, шауып кел!" деп жұмсайтын төленгіттері, қолбала малайлары";

6) **Шап=> *шапқы бәкі*** - "жүзі сабының бір ұшынан ашылып, айығына қайырылып, шарт етіп жабылып тұратын пышақ, бәкі";

7) **Шап=> *шабуыл*** - "әскердің, әскери қолдың қарсыластарын басып алу үшін тым жасалатын жіті әрекеті";

8) **Шап=> *шапқыншы*** - "шабуылға қатысушылар, біреуді басып алу үшін әрекеттенуші әскери топ, жау қолы";

9) **Шап=> *шаппа шот*** - "ағаш ұсталарының пайдаланатын басы ішіне қарай иіңкі етіп сапталған ер, келі, ыдыс-аяқ т.б. жасауға ыңғайлы аспап, шоттың бір түрі";

10) **Шар=> *шап ете түсу*** - 1. "біреудің қолынан, денесінен тез ұстай алу"; 2. "Біреуге шап етіп (бір нәрсені тез айтып, бәле-жәле жауып) жабыса кету;

11) **Шап=> *шап беру*** - "біреуді тез ұстап алу үшін шалт қимылдап, тез әрекет ету";

12) **Шап=> *шабыт*** - "бір нәрсеге ерекше құштарлану", "көңіл күйінің көтеріңкі болуы";

13) **Шап=> *ат шабу*** - "атқа мініп, ілгері бағытта (қарғытып, секіртіп, жорғалатып т.б.) қатты жүгірту";

14) **Шап=> *балта шабу*** - "балтаны көтеріп, алдындағы затты (ағашты, бұтаны, мұзды т.б.) екпіндете, күш сала ұрып кесу, түсу";

15) **Шап=> *шалғы шабу*** - "шалғының сабынан ұстап, оның өткір жүзімен (қияғымен) оңнан солға қарай құлаштап ұрып, шөп, бидай, құрай сияқты өсімдіктерді түбінен қиып түсіру";

16) **Шап=> *көңілі шабу*** - "бір нәрсеге көңілі кету, аңсары ауу, ниет ету, қалау";

17) **Шап=> *айғыр шабу*** - “айғырдың биеге шабуы”;

18) **Шап=> *зәр шаптыру*** - “алысқа ытқыта сию”;

19) **Шап=> *айға шабу*** - (“Арыстан айға шауып мерт болыпты” деген мәтелдегі - айға шабу) - “алыстағы айға атылу, шамасына қарамай қарғып, секіру” т.т.

Енді осыншама туынды мағыналардың пайда болып, қалыптасуына ұйытқы болған ***шап*= етістігінің баршасына ортақ, соларға негіз болған өз мағынасы қандай деген сауалға дұрыс жауап, толығырақ қылып айтсақ, төмендегі ұғымға барып саяды:

“адам, мал т.б. жанды құбылыстар мен заттардың ілгері бағытта жоғары көтеріліп, екпінмен, серпінмен алға сермелу нәтижесінде орындалатын іс-әрекет, қимыл-қозғалыс”.

Осы пікірдің дұрыстығына көз жеткізу үшін жоғарыда келтірілген мысалдардағы іс-әрекеттердің лексикалық мағыналарынан бұрын, олардың орындалу, жүзеге асырылу тәсілдерін, бейнесін көз алдымызға елестетіп көрейікші.

Балта шабу. Бұл қандай процесс, нендей әрекет?

Бұл – алдына қойған затты (көбінесе ағашты) жару, шабу, кесу, жаңқалау, керту үшін адам қолындағы балтаны жоғары көтеріп (өйткені жоғарыдан ұрған қатты тиеді), оның ауыр салмағына қол күшін қосып, алға серпіп, төмен түсіріп, балта жүзімен белгілеген межеге дәл тигізу процесі.

Айта кететін жәйт: бұл әрекетте балтаны көтеріп, алға сермеп, төмен түсіру – негізгі процестің көрінісі.

Кетпен шабу. Бұл әрекеттен де адам кетпеннің ұзын сабынан қос қолдап ұстап, оның басын бастан асыра жоғары көтеріп, бар салмағымен алға сермеп, жүзін жерге енгізіп, жер қазу процесін айқын елестетеміз.

Мұнда да кетпенді жоғары көтеріп, ілгері қарата сермеп, күшпенен жерге батыру процесі іс-әрекеттің негізгісі.

Ат шабу. Ат шабу әрекетінде де жоғарыда келтірілген (балта шабу, кетпен шабу) процестермен ұқсас, сәйкес жерлерін аңғару қиын емес. Екпіндеп шапқан аттың төрт аяғын ілгері соза серпіп, ерекше екпінмен, қарқынмен, қайсарлықпен қарғи басып алға ұмтылуын көз алдымызға елестетсек, мұнда да ілгері қарай секіре серпілу әрекеті айқын байқалады.

Шабуыл. Жауға шабу, шабуылға шығу, ауылды шауып кету, шап қыншылық, шабармен т.б. тіркестердегі ***шап*= етістігінің мағыналары да өзара жақын, ортақ ұғымдарды аңғартады. Бұлардың нақтылы мағынасын емес, жалпылама мәнін алып қарасақ, онда бір адамның, не көп топтың (қолдың, әскердің) лап беріп, ілгері бағытта тосын қимылдап, жүзеге асырған өшіге, серпіле, өжет іс-әрекетін сыйпаттау бар.

Шаптығу. Бұл етістікке адам психологиясына, мінез-құлқына, не жан дүниесіндегі ашу, құса, реніш сияқты факторларды алып тастап, таза өз мәніне қарайтын болсақ, мұнда да, жіті әрекет жасап, ілгері ұмтылу, өзеурең, өңмеңдеу, шатақ шығару процесі байқалады.

Жас "***баланың шаптыруы***" (кіші дәрет алуы) мен "***айғырдың шабуын***" алатын болсақ, мұнда да әрі ортақтық, әрі ұқсастық процесті байқау қиын емес. Бәрінде де ілгері, алға қарай ұмтылу, секірте, серпілте қимылдау процесі бейнелі түрде көз алдыңа елестейді.

Осы тәрізді басқа мысалдарды да талдап-таратуға болар еді, бірақ оның дәл қазір қажеті жоқ. Өйткені бұл мысалдардың бәрі "ілгері және жоғары серпіп, шапшып, алға ұмтылу" процесін білдірумен шектеледі.

Бұл келтірілген деректерден шығатын қорытынды, қысқаша айтсақ: 1) көне де байырғы, төлтума бір буынды түбірлердің көпшілігі барша түркі тілдеріне ортақ; 2) олардың ішкі даму Заңы бойынша вариантануы туыс тілдердің өзара жіктеліп, дербестенуінің негізгі тілдік шарттарының бірі; 3) түркі тілдері өлі-тірісі бар қанша болса да, моносиллабикалық байырғы, төлтума түбірлері "сағыздай шайналып" тұлғалық, мағыналық өзгерістерге түссе де, ұйытқы болар негізін сақтап келе жатқан ерекше феномен. "Түбі бір түріктің - түбірі де бір" деуіміздің себебі де, міне, осы.

Грамматические индикаторы в производных основах подражаний в тюркских языках

1. В тюркских языках категории подражательных слов, фиксирующих результат мысленного, художественно-эмоционального восприятия и визуального представления человеком музыкального, двигательного, цветового и других образов, свойств различных объектов и явлений окружающей нас действительности, относятся к исконно тюркской базисной лексике, а не к языковой периферии, как считают некоторые авторы. К тому же эта категория, составляя самобытно национальный колорит лексики каждого тюркского языка, образуется на базе традиционно сложившихся моделей, характеризующихся своей строгой последовательностью и предельной точностью. Это обстоятельство заставляет изменить отношение к данной категории при составлении исторической грамматики тюркских языков.

2. Структурный анализ методом поморфемного членения в системе словообразовательных моделей убедительно показывает, что первичная наикратчайшая корневая часть всех без исключений подражательных слов исторически сложилась в рамках односложных сегментов, на базе которых развились и продолжают развиваться их производные основы. Отметим, что в пределах односложного сегмента подражательных основ,

например, в казахском, уйгурском, киргизском и других тюркских языках, выступают все шесть классических типов моносиллабов как Г, ГС, ГСС, СГ, СГС, СГСС, хотя не все они обладают на данном этапе своего развития самостоятельностью употребления и семантической наполняемостью. При этом этимологическая природа моносиллаба подражаний типа Г (ы , а, с, у и др.) и СГ (ты, ды, кы, шы, сы и др.) все еще недостаточно выяснена. Остальные же типы мокосиллабов подражаний (ГС: ар, ыр, ыз, ыс; ГСС: ырс, арс, ынк, ылп; СГС: тыр, сыр, пыр, шыр; СГСС: тырт, сырт, пырт, шырт, кылп, жылп и др.) относятся к числу производных и обладают относительной самостоятельностью.

3. Эволюция структурных изменений односложных подражательных основ такова, что она в известной степени отражает длительный исторический процесс развития морфологического строя тюркских языков, причем в этом процессе прослеживается определенная последовательность и направленность от простого к сложному путем наращения первичных корней и основ регулярно повторяющимися форматами в соответствии с принципами агглютинации. Таким образом, в рамках односложных сегментов имитатива довольно часто обнаруживаются первообразный корень-звукосимвол в виде Г и СГ (см. выше) и производные от него основы, образующиеся при помощи моделирующих формантов, модификаторов или, по терминологии Э.В. Севортяна, грамматических индикаторов. Эти индикаторы, как правило, придают (первичной, вторичной и последующей) оонове имитатива новое значение, материализует её, уточняя прерывность, мгновенность, продолжительность, многократность слуховых, зрительных, акустических, двигательных и других восприятий и представлений: человека от внешнего мира.

4. Как видно из поморфемного анализа; наидревнейшими звукосимволами слуховых, зрительных, акустических, двигательных, образных и других восприятий в том или ином языке выступали моносиллабы типа Г и СГ: *а, *ә, *е, *о, *ө, *ұ, *ү, *ы, *і а также звукосочетания: *ты, *ды, *пы, *қы, *шы, *сы и другие.

Что означали эти гласные и звукосочетания в свое время – трудно сказать. Ясно одно – они послужили основой для образования целого ряда односложных производных онов подражаний и о них можно судить теперь только по значениям этих основ. Опираясь на факта казахского языка, можно установить, что, например, звукосимвол ы при помощи ряда грамматических индикаторов -с, -р, -н, -з и др. образовал ряд производных моносиллабов, имеющих общую семантическую основу: ы > ыс подражает шипенью змеи, звуку свиста; ы > ыр – рычаню собаки; ы > ың – звуку, похожему на мычание или звуку, произнесенному через носовую полость рта; ы > ыз – жужжанию

пчел, комаров и других насекомых. Все эти производные имитативы в казахском языке функционируют самостоятельно, при несамостоятельности производящего звукосимвола ы.

В пользу того, что в тюркских языках когда-то имели место однозвучные (типа Г) имитативы, говорят некоторые общеизвестные факты, зафиксированные в древнетюркских памятниках. Например, > ө – «думать», > ы – «посылать», > ү – «ночь», > ұ – «сон», которые, как и другие единицы языка, развились в дальнейшем в соответствующие производные. Ср. > ө «думать», > өг «разум», «мысль», > өге «мудрый», мудрец», > өгәлік «мудрость» и.т.д. Полагаем, что аналогичный процесс претерпел: в своем структурном развитии как односложные, так и многосложные подражательные основы. Что же касается однозвучных корневых производящие элементов, то они, потеряв свою былую самостоятельность, сохранились в структуре производных основ в виде консервированных или мертвых рудиментов.

5. Аналогичная картина наблюдается и в структурном развитии односложных имитативов, состоящих из эвукокомплекса: ты, ды, пы, шы, кы, или та, да, па, ша, ка, или ду, гу, бу, ку, или ші, кі, ті, ді и др. Иначе говоря, они составляют первоэлемент имитатива, на основе которого развился целый ряд производных образований. Например: *ты> тыр подражает отрывочному звуку мотора, трах; *ды>дыр – гулу мотора; *зы> зыр – звуку и образу быстро вертящегося или промелькнувшего предмета; *пы>пыр – храпу, сопению или порханию птицы; *ш>шыр – чириканью, щебетанию птицы, сильному плачу ребенка. Здесь регулярно повторяющимся грамматическим индикатором (при разных первоэлементах имитатива) выступает *р, который придает звукокомплексу – основе мгновенность проявления звуковых восприятий. Этим самым все эти разряды односложных (типа СГС) имитативов приобретают самостоятельное предметное значение.

6. Рассмотренные выше разряда односложных имитативов в своем структурном развитии подвергаются последующему наслоению грамматических индикаторов, образуя тем самым новые типы моносиллабов: от типа ГС образуются ооновы СГС: *ыр> ырс подражает тяжелому дыханию уставшего, чрезмерна полного человека; *ың>ыңқ – стону больного человека; *ыл>ылп – быстрому движению; *ар > арс громкому лаю собаки и др.; от типа СГС образуются ооновы СГСС: тыр>тырп подражает шлепанью по полу при ходьбе; тыр>тырс – легкому стуку (по стеклу, предмету); тыр>тырқ – смеху (тырқ-тырқ күлу); точно так же: *шыр>шырт (шырт-шырт түкіру); *қыр>қырт (қырт-қырт шайнау); *күр>күрк (күрк-күрк жөтелу); *мыр>мырс (мырс-мырс күлу); *қар>қарқ

(қарға қарқ етті, қарқ-қарқ күлу); *қыл>қылт (қылт ете түсу); кіл>кілт (кілт тоқтау, кілт ете түсу) и др. Сотни подражательных основ в казахском и других тюркских языках образованы при помощи подобных моделей.

7. Все это происходит в пределах односложных подражательных основ. Однако структурное развитие имитатива на этом не останавливается. За пределами односложной структуры имитативы получают окончательную материализацию при помощи таких регулярно действующих и грамматически абстрагирующих формантов, как √**-ыл/-іл:** ыс>ысыл, ыр>ырыл, пыс>пысыл, дыр>дырыл, жылт>жылтыл и др.: √**-аң/ең:** ел>елең, елп>елпеу, қылт>қылтаң; √**-ақ/ек:** тық>тықақ, дік>дікек, қыйп>қыйпақ и др. Большинство из этих уже двусложных производных основ приобретают лексическую самостоятельность и, принимая, при необходимости, глагольные аффиксы, образуют соответствующие глаголы подражаний: ыр+ыл +да= рычать (о собаке), ыз+ыл+да= жужжать, ыс+ыл+да= шипеть (о змее), ың+ыл+да= мурлыкать, петь под нос; қарқ+ыл+да= хохотать «громко смеяться.; балп+аң+да= ходить вразвалку; талт+аң+да= растопырить ноги (при ходьбе) и др.

8. К грамматическим индикаторам, превращениям первородное эвукосямвояы в реальные звукокомплексы подражаний в каждом тюркском языке, относятся отделенные форманты из согласных звуков. Именно они каждый раз, словно зажигающаяся индикаторная лампочка при включении аппарата в сеть, сообщают нам о новом качестве звукокомплекса подражаний. К ним, например, относятся в казахском языке такие форманты, как √-р, √-л, √-о, √-т, √-п, √-ш, √-к и др. Особенность каждой из них можно иллюстрировать следущей схемой на примере √-*р:



С природой грамматического индикатора обязаны: во-первых, смысловая дифференциация звукокомплекса и придача этому комплексу относительной самостоятельности и готовности к воспроизведению (ср. ит ыр ете қалды, денем дір ете түсті и др.); во-вторых, функциональная регулярность в образовании первичных производных основ подражаний; в-третьих, создание промежуточного звена для принятия следующих моделирующих, в том числе замыкающих подражательную основу,

формантов (см. выше: -ыл/-іл, -аң/-ең и др), после которого она (эта основа) может преобразовываться в глаголы, Что наглядно иллюстрирует схема:



На основе, такого поморфемного членения можно высказать свое возражение против традиционного взгляда и представления о том, что в структуре подражательных основ не выделяются моделирующие или словообразовательные форманты.

9. Между тем, как показывает наше наблюдение, например, в казахском языке регулярно функционируют на сегодняшний день 15 моделирующих формантов, иначе говоря, 15 моделей образования только первичных основ подражаний. Причем аналогичные модели имеются в каждом языке. Как видно из данной схемы, глагольные аффиксы принимают после себя не только индикаторы третичной (ср. жылп+ыл+да=, ылп+ыл+да=, ыңқ+ыл+да= и т.д.), вторичной (ср. тық+ыр+ла=, сық+ыр-ла=, тып+ыр+ла= и др.), но и реже первичной (ср. үу+ле=, зұу+ла= и др.) основы подражаний. Особенно четыре модели (**√-ыл/-іл; √-ыр/-ір; √-аң/-ең; √-ақ/-ек/-ық/-ік**) из числа образующих полную форму подражательных основ для казахского языка считается весьма продуктивным.

Таким образом, мы имеем в каждом языке разветвленную систему образования подражательных слов, где производящая первооснова не всегда является самостоятельной. Они дифференцируются как образно-подражательные и звукоподражательные. Следующие две схемы показывает возможность словопроизводства каждой из подражательных первооснов. В данным случае *ТАЙ и *КҮР.





тай-т-аң-да=
тай-т-ақ-та=
тай-қ-аң-та=
тай-қ-ақ-та=
тай-п-ақ-та=
тай-п-аң-да=

Здесь первичная основа *тай* в языке с каким-либо конкретным значением не ассоциируется, хотя, если судить по сумме значений производных от него образований, не трудно догадаться, что в общих чертах она выражает «нечто неуклюжее, некоординированное движение».



Значение *күр* считается более прозрачным (ср. күр ете түсті, отсюда күркір-е, күркіреме – водопад и др.). Но в системе указанных производных образований схема подверглась дальнейшей смысловой дифференциации и конкретизации.

10. Все грамматические индикаторы, о которых шла речь, выражают определенные значения, в чем и проявляются их абстрагированность, регулярность функционирования в языке. Так, например, индикатор -*Р, образующий первичные основы имитативов, по своей акустической природе как сонорный согласный придает первичным звукосимволам вибрирующий, дребезжащий и повторяющийся характер (см. схему 1). Или возьмем другой пример, не менее продуктивный индикатор -*Л. Судя по значениям производных от него основ, можно с уверенностью сказать, что он указывает на нечто гладкое, плавное, скользящее, мягкое, эластичное и т.д. Модификатор -*Т, образующий вторичные основы подражаний, в семантическом отношении выражен белее ярче и конкретнее. Он обладает, по мнению Э.В. Севортяна, значением прерывности явления, действия в тюркских языках. Например: *жал>жалт, *қал>қалт, *қыл>қылт, *шар>шарт и др. Действительно, в казахском языке эти примеры выражают прерывность, одноактность, мгновенность. В семантическом отношении к этому форманту примыкает -*П (ср. *қыл>қылп, *жыл>жылп, *сыл>-сылп и др.), ясно выражающий совершенность действия, некую смычку, резко прерванный процесс, одноактность образных и звуковых представлений. И, наконец, о семантике индикатора третичной основы √**-ыл/-іл**. А.М. Щербак (VШ 129) считает его формой интенсива. Ясно одно, что этот моделирующий формант придает подражательной основе признаки вещественности, материа-

льности, и в сочетании о глагольной формой, как правило, тяготеет к повторному употреблению, выражая многократность. Ср. каз. қарқылда= қарқ-қарқ күл – громко смеяться (неоднократно); шыйқ-шыйқ ету, шыйқылдау и др.

Таким образом, односложные подражательные основы в морфологическом отношении отражают в себе результат длительного агглютинативного процесса развития тюркских языков, в котором при морфемном анализе удается проследить наличие моделирующих формантов (иначе-грамматических индикаторов), образующее от простейших звукосимволов первичные, вторичные (в пределах шести классических типов слогов: Г, ГС, СГ, СГС, ГСС, СГСС) и третичные основы подражаний. Эти особенности подражательных слов заслуживают особого внимания при разработке исторической грамматики тюркских языков.

АН Туркменской ССР «Вопросы советской тюркологии» материалы IV Всесоюзной тюркологической конференции Ашхабад. Ылым. 1988. с. 58-64

Топонимика. Ономастиканың жер-су атауларын зерттейтін тармағы *топонимика* да лексикологияның күрделі проблемаларымен шұғылданады. Академик Ә.Қайдардың қазақ тіл біліміне қосқан бұл саладан да өзіндік үлесі бар. Оның бір тармағы «Жер тарихы – ел тарихы» деген ұғым тұрғысынан қарастырылған эпикалық жырлардағы қазақ жерінің байырғы жер-су атаулары (*«Қазақ эпосындағы жер-су атаулары мен кісі аттары жайында*

(«Қозы Көрпеш – Баян сұлу»поэмасы негізінде») // Қазақ ономастикасының мәселелері. Алматы, «Ғылым» 1986, 5-16 б. (А.Мұқатаевамен бірге); болса, енді біразы (*«Эт-нолингвистические аспекты казахской ономастики»* // Изв. АН КазССР. Серия филол., 1990, №3, с. 3-13 (Е.Керімбаевпен бірге), т.б. қазақы география- лық атаулардың жасалу мотивтері (уәжі) мен лексика-морфологиялық модельдерін айқындауға бағытталады.

Қазақстанның егемендік алып, тәуелсіз мемлекет болуына байланысты, ұлт санасының сергіп, оянуына байланысты заңсыз бұрмаланған байырғы жер-су атауларын реттеп, қалпына келтіру үрдісі басталған 90-жылдардан бері бұл мәселеге академик Ә.Қайдар да белсене атсалысты. Үкімет тарапынан құрылған Мемлекеттік ономастика комиссиясы төрағасының орынбасары ретінде оның концепциясынан бастап, жер-жерде қолға алынған нақтылы іс-шаралардың ғылыми принциптерін анықтауға белсенді араласып келеді. *Атамекен атауындағы «ақтаңдақтар»* (Соц. Қазақстан, 1990, 15 қыркүйек), *«Стараться понять и быть понятливым, или о спорах вокруг переименований»* («Каз. Правда», 1992, 14-15 окт.), т.б. мақала сериясы осы қауырт шаралардың нәтижесінде дүниеге келген болатын. Мұны тіл мамандарының қоғамдық өмірге атсалысуының бір үлгісі деп қарауға да болады.

Жалпы алғанда, академик Ә.Қайдардың ономастиканың аталмыш үш тарауы бойынша жүргізген зерттеулері оның әмбебап *лексиколог ғалым* екенін айқындай түседі. Ал, оның (проф. Т.Жанұзақовпен бірігіп жазған) мына еңбектері: *«Состояние и перспективы развития казахской ономастики»* (Вест. АН КазССР, 1983, №1, С. 44-49), *«Атаулар – тарих айғағы»* («Қазақстан коммунисі», 1991, №4, 46-53 б.) *«О судьбе языка земли казахской»* (Каз. правда, 1990, 20 нояб.) қазақ ономастикасының тарихи даму жолдарын, оның бүгінгі тағдырын, бұл салада қол жеткен табыстары мен болашағын айқындайтын күрделі зерттеулер.

Состояние и перспективы развития Казахской ономастики

Ономастика, зародившаяся на стыке ряда наук (лингвистики, истории, этнографии и географии), представляет собой совокупность ряда самостоятельных секторов, имеющих вполне конкретные объекты исследования: топонимика, изучающая географические названия; антропонимика – личные имена, отчества, фамилии людей; этнонимика – названия этнических образовании (народов, родов, племен); астронимика и космонимика – названия небесных тел, светил и созвездий; зоонимика – клички домашних животных; теонимика – имена божеств, духов и мифических субъектов; фитонимика – названия растений и т. д.

Как видно, ономастические объекты и материалы содержат немало интересных данных различного характера, позволяющих специалистам соответствующих областей науки извлечь весьма ценные сведения о гражданской и этнической истории конкретного народа, его языке и литературе, истории его духовной и материальной культуры, географической среде и природных условиях и т. д.

Ономастика тесно связана с исторической и географической науками, литературоведением, а также с наукой о Земле и Вселенной. Историки, этнографы, нумизматы, литераторы и географы часто обращаются к данным ономастики при изучении культуры прошлого, обычаев и традиций народа, его верований и обрядов, по ним сверяют и определяют хронологические даты памятников материальной культуры и т. д.

Данные историко-этнографических, археологических находок могут оказаться ценным источником при разгадке тайн и расшифровке надписей древних эпиграфических памятников, уяснении значений этнонимов, топонимов, антропонимов, космонимов, теонимов и различных ономастических понятий и изображений на стеллах, надмогильных сооружениях, археологических объектах, монетах и других предметах. Немаловажный интерес для литературоведов представляют древние антропонимы и топонимы, в которых находят отражение не только народная мифология, астрология, но и образы эпических, фольклорных героев, география исторических событий, мотивы различных легенд и сказаний.

Ономастические материалы, особенно топонимы, издавна привлекали и привлекают внимание археологов, геологов, для которых они являются верными ориентирами подземных тайн. Между тем ономастика, опирающаяся на данные смежных наук, остается лингвистической дисциплиной и выдвигает перед специалистами-языковедами ряд проблем, подлежащих решению с экстралингвистических, этнолингвистических и социолингвистических позиций.

Становление и развитие ономастической науки в тюркологии вообще, и в казахском языкознании в частности, относится в основном к советскому периоду. Однако, несмотря на достигнутые успехи, она нуждается в дальнейшем развитии и совершенствовании на базе конкретных тюркских языков. Именно поэтому III Всесоюзная тюркологическая конференция, проходившая в 1980 г. в г. Ташкенте, отметила необходимость «совершенствования методов изучения лексики и ономастики тюркских языков и их этимологии»[1], а также уделила большое внимание исследованиям по проблемам ономастики в широком этнокультурно-историческом аспекте[2].

---

1 Революция III Всесоюзной тюркологической конференции. – Сов. тюркология, 1981, № 1, с. 101.

2 См.: *Баскаков Н. А., Гаджиева Н. З., Кузнецов П. И., Соколов С. А.* Теоретические проблемы и вопросы по тюркскому языкознанию, рекомендуемые для докторских и

Изучение ономастической проблемы казахского языка в плане истории языка и этноса, лексико-семантической классификации, взаимодействия ономастикона с апеллятивной лексикой, диалектологией, а также этнографией и географией в целом определит ономастику как новое направление в современном казахском языкознании. Ономастика казахского языка до 50-х годов нашего столетия не была предметом специального научного исследования, хотя различными аспектами этой проблемы ученые интересовались значительно раньше. Уже во второй половине XIX в. появились первые публикации и сведения о собственных именах, географических и этнических названиях казахов с комментариями и толкованиями в трудах П.П. Семенова-Тян-Шанского, Н. А. Северцова, И.В.Мушкетова, В. В. Радлова, Ч. Ч. Валиханова, С.У. Ремезова, А.Л.Левшина, П.И. Рычкова, А.Е. Алекторова, Н.А. Аристова, П.С.Палласа, Г.Н. Потанина, А.Н. Харузина. Труды этих ученых не были целенаправленными ономасиологическими исследованиями, тем не менее содержали весьма ценные материалы о казахской ономастике, без которых вряд ли можно представить становление и успешное развитие этой интересной отрасли казахского языкознания.

Содержание и методика ономастических исследований в Казахстане послеоктябрьского периода характеризуются уже проявлением большого интереса к изучению ономасиологического материала родного языка как со стороны лингвистов, так и этнографов, географов. Повышаются требования к улучшению качества и методики исследовании ее актуальных вопросов. Уже в 30–40-х годах появляются статьи Х. К. Жубанова, С. А. Аманжолова, С.Алиева, А. В. Маракуева, Н. Баяндина, в которых рассматриваются конкретные вопросы, изучаются личные имена казахов и географические названия Казахстана[3]. Х. К. Жубанов в своей работе «Из истории порядка слов в казахском предложении» (1936 г.) научно доказал сохранность древнего порядка слов в сложносоставных личных именах типа *Айсулу, Кунсулу, Айжарык, Кыз Жибек* и т. д., отличающегося от современного порядка слов. Ученый еще тогда заметил, что «синтаксис сложных личных имен имеет все основания быть предметом специальной диссертации, так как по слоям, отлагавшимся в этих образованиях, представляется возможность прочитать значительное число страниц неписанной истории грамматического развития языка»[4].

кандидатских диссертации. – Сов. тюркология. 1981, № 2. с. 36.

3 См.: *Жубанов Х. К.* Из истории порядка слов в казахском предложении. – В кн.: Исследования по казахскому языку, 1936. вып. 1; *Алиев С.* Географические названия Казахстана. – География в школе, 1939, № 4, с. 38–39; *Аманжолов С.* Географические названия. – Пионер, 1941, № 3; *Баяндин Н.* О некоторых географических названиях Восточного и Центрального Казахстана. – Вестник АН КазССР, 1949, № 4: *Маракуев А. В.* Краткий очерк топонимики как географической дисциплины. – Ученые записки КазГУ, 1954, т. 18, вып. 2.

4 См.: *Жубанов Х. К.* Указ. работа, с. 27.

Систематическое изучение казахской топонимии и антропонимии началось только в последние годы. Первый исследователь топонимии Казахстана Г. К. Конкашпаев в своих работах попытался определить пути возникновения и становления народной географической терминологии, выявить топонимы иноязычного происхождения и установить общие закономерности тюркоязычной географической терминологии[5].

Начало изучению антропонимов и топонимов Казахстана в лингвистическом плане было положено А. Абдрахмановым, Т.Джанузаковым, В. Н. Поповой, Е. К. Койчубаевым, О. А. Султаньяевым. Так, А.Абдрахмановым выпущена монография по казахской топонимике[6], где впервые подвергается анализу более 800 топонимических названий и объектов, в том числе топонимов, образованных на основе этнонимов (названия родов и племен), антропонимов (имена и фамилии), а также выявлены словообразовательные модели, изучены вопросы правописания и транскрипции топонимов Казахстана.

Из антропонимических исследований следует отметить работу Т.Джанузакова «Лично-собственные имена в казахском языке» (1960 г.), на основе которой позже была выпущена книга в качестве учебного пособия для студентов университетов и педвузов Казахстана[7]. В ней освещаются такие вопросы, как связь ономастики с другими отраслями науки, структурные модели антропонимических образований, структурные типы и системы топонимов, история происхождения, семантика и этимология собственных казахских имен.

Ряд монографий посвящен лингвистическому и историко-этнографическому, этимологическому анализу казахских собственных имен - ономастиконов, в которых приведен обширный сравнительный материал из родственных тюркских и неродственных языков. Выявлено немало древних реликтов и их типов в лексико-семантической, морфологической и фонетической структуре ономолексем региона. К числу таких работ относится монография А. Абдрахманова «Топонимика и этимология» состоящая из двух разделов. В первом разделе рассматриваются методы этимологического исследования, второй содержит краткий этимологический словарь, в котором подвергается этимологическому анализу более двухсот топонимов Казахстана[8]. В другой его книге «Этнотопонимика Казахстана»[9] – результат многолетнего изыскания – рассматривается взаимосвязь этнонимов и этнотопонимов, этимологически анализируется более десяти этнотопонимов.

5 См.: *Конкашпаев Г. К.* Казахские народные географические термины. Дис. ...канд. геогр. наук. Ташкент, 1948.

6 См.: *Әбдірахманов А.* Қазақстанның жер-су аттары. Алматы, 1959.

7 См.: *Жанұзақов Т.* Қазақ тіліндегі жалқы есімдер. Алматы, 1965.

8 См.: *Әбдірахманов А.* Топонимика жане этимология. Алматы, 1975.

9 См.: *Әбдірахманов А.* Қазақстан этнотопонимикасы. Алматы, 1979.

Лингвистическому и историко-этнографическому анализу казахских собственных имен посвящена монография Т. Джанузакова[10]. Новыми разделами в ней являются псевдонимы, прозвища, эвфемизмы и табу в системе антропонимии, способы образования антропотопонимов и этноантропонимов, арабо-иранские, монгольские заимствования, роль русско-интернациональных заимствований в обогащении отраслей казахской ономастики.

Решению проблем изучения языковых и этнокультурных универсалий казахской ономастики посвящен ряд работ, в том числе монография Т.Джанузакова «Основные проблемы ономастики казахского языка» (1976 г.), представляющая собой опыт комплексного исследования основных секторов ономастической науки: антропонимики и топонимики, астронимики и космонимикн, этнонимики и зоонимики и их разделов. Органическим продолжением этой работы является «Очерк казахской ономастики»[11], в которой автор прослеживает историю развития ономастики казахского языка, подвергает лингвистическому анализу все ее разделы, выявляет их лексический состав, структурно-словообразовательные модели, устанавливает взаимодействие собственных имен с нарицательной лексикой, с исторической диалектологией и социолингвистикой. Работа содержит немало интересных сведений по истории языка, этнографии имен, историко-культурной жизни народа в целом.

Народные представления о небесных телах (созвездиях и планетах), издавна бытовавшие у казахов, находят свое отражение в их языке, фольклоре и эпосе. Если о космологических понятиях казахов мы находим упоминание в трудах Ч. Ч. Валиханова, Г. Н. Потанина и А. Диваева, то в наши дни этими вопросами вплотную занимался физик Х. А. Абишев[12].

В истории разработки проблем казахской топонимики, антропонимики, этнонимики и других их разделов определенное место занимали, исследования таких тюркологов, как В. В. Бартольд, С. Е. Малов,. А.Н.Кононов, А. М. Самойлович, А. Н. Бернштам, Э. Р. Тенишев, Н.А.Баскаков, А. М. Щербак, Э. М. Мурзаев, В. А. Никонов, С.Г.Кляшторный и др. За последние годы значительно расширились рамки и объем работ по общетюркской ономастике, что благоприятствует развитию ономастических исследований и в казахском языке, дальнейшему развертыванию научных поисков по всем основным их секторам.

Большое внимание уделяется и вопросам ономастической лексикографии. Разработка и составление ономастических словарей осуществлялись по

10 См.: *Жанұзақов Т.* Қазақ есімдерінің тарихы. Алматы, 1971.

11 См.: *Джанузаков Т.* Очерки казахской ономастики. Алма-Ата, 1982.

12 См.: *Абишев Х. А.* Элементы астрономии и погоды в устном народном творчестве казахов. Алма-Ата. 1949; *Его же.* Аслан сыры, Алматы, 1966.

трем направлениям: а) словари по топонимии, б) словари по антропонимии и в) орфографические. В 1963 г. был выпущен краткий «Словарь географических названий Казахстана» Г. К. Конкашпаева[13], который снабжен лнигво-географическими пояснениями. Более полным и содержательным является «Словарь топонимов Казахстана». Е. Койчубаева[14], который включает более 2 тыс. географических названий Казахстана. Многим топонимам даны этимологические толкования. Словарь-справочник Т.Джанузакова и Я. П. Белоусова «Какое выбрать имя»[15] представляет собой своеобразное пособие для родителей по выбору имени для новорожденных и охватывает более 4 тыс. казахских и русских личных имен с указанием их правописания на русском и казахском языках и снабжен историческими справками.

Однако следует отметить, что, несмотря на достигнутые успехи, перед казахской ономасиологией стоят важные научно-практические проблемы. Одной из них являются вопросы транскрипции, наименования и переименования географических названий Казахстана. О них говорится, например, в принятом Советом Министров Казахстана постановлении «О порядке наименования и переименования государственных объектов республиканского и местного подчинения, физико-географических и геологических объектов, а также колхозов и кооперативных организаций»[16] республики. В соответствии с этим решением при Академии наук Казахской ССР образована республиканская межведомственная комиссия по географическим и геологическим названиям. Проблем и задач, подлежащих решению на соответствующем научном уровне, очень много. Они прежде всего носят чисто прикладной характер. Возьмем, например, правильное написание и установление единой нормы транскрипции географических названий. Это один из важных практических вопросов, имеющих прямое отношение ко многим смежным организациям. Так, до сих пор на существующих картах республики, в периодической печати, учебниках, справочниках, географической литературе наблюдается разнобой в их написании. В 1972 г. Главное управление геодезии и картографии при Совете Министров СССР издало «Инструкцию по русской передаче географических названии Казахской ССР», которая, по существу, служит единственным в своем роде практическим пособием в унификации русской передачи географических названий Казахской ССР. Однако некоторые его положения, а именно: передача казахских звуков *о, ө, ж, і, ч, ш* в структуре топонимов на русский

13 См : *Конкашпаев Г. К.* Словарь казахских географических названий. Алма-Ата, 1963.

14 См.: *Койчибаев Е.* Краткий толковый отоварь топонимов Казахстана. Алма-Ата, 1974.

15 См.: *Джанузакова Т. Ж., Белоусов Я П.* Какое выбрать имя (на казахском и русском языках). Алма-Ата, 1968.

16 См.: Собрание постановлений правительства Казахской ССР. Алма-Ата, 1970, № 11, ст. № 54, с. 558.

через о, *у, ы, ч, дж* считаются спорными и требуют дальнейшего уточнения. Несмотря на наличие такой инструкции, названия некоторых крупных и мелких географических объектов республики ишутся искаженно. Например: *с. Талдыузек* (Джамбулская обл.), *ст. Сарозек* (Талды-Курганская обл.), *с. Жуантобе* (Джамбулская обл.), *пос. Дюрментюбе* (Кзыл-Ординская обл.), *пос. Кок-тюбе* (Алма-Атинская обл.), *с. Брлик* (Джамбулская обл.), *пос. Бирлик* (Чимкентская обл.), *р. Байконыр, г. Байконур* (Джезказганская обл.), *оз. Шаглы-тениз* (Кокчетавская обл.), *оз. Тенгиз* (Целиноградская обл.), *оз. Улькен Карой, Киши Карой* (Кокчетавская обл.), *пос. Караой* (Алма-Атинская обл.), *пос. Егиндыкуль* (Целиноградская обл.), *оз. Саумалколь* (Целиноградская обл.), *р. Куланутпес* (Целиноградская обл.), *с. Куланотпес* (Карагандинская обл.), *пос. Кокпекты* (Джезказганская обл.), *с. Кокпекти* (Алма-Атинская обл.) и другие. Подобное наблюдается и в написании географических номенклатурных терминов: *жайлау, джяйлау, орман, урман, тогай, тугай, адыр, адир, жота, жута, шокы, чоки, кырат, хырат* и т. п. Видимо, устранение такого разнобоя в написании географических названий требует комплексного решения, прежде всего оно нуждается в создании словаря русской транскрипции этих терминов и названий.

Ономастика из науки описательно-познавательной и лингвистической больше становится научной дисциплиной, изучающей взаимодействие языка и общества. Перспективы развития ономастики казахского языка зависят от многих объективных факторов, в первую очередь от тщательного и фронтального сбора богатого и ценного материала по топонимии, особенно микротопонимии, этнонимии, антропонимин, астронимин, космонимии, зоонимии, фитонимии, на всей обширной территории Казахстана. Лингвисты-ономасты должны систематически заниматься обработкой, всесторонним анализом и развернутым исследованием всех аспектов этой проблемы, в том числе составлением списков топо- и антропооснов, различных словообразовательных моделей, созданием топонимических, антропонимических словарей различного характера (региональных, двуязычных, толковых, справочных, словаря русской транскрипции географических названий Казахстана, этимологических, орфографических словарей), а также региональных, республиканских атласов топонимики и антропонимики. В задачи ономастов республики также входят синхронические, глобальные и региональные, а также структурные и сравнительно-исторические, типологические исследования. В связи с этим возникает необходимость усвоения и распознавания теории и методики ономастических исследований.

Всестороннее исследование макро- и микротопонимов, этнонимов, антропонимов, космонимов и других секторов ономастики будет проводиться по многолетней программе, предусматривающей письменную

фиксацию всего богатства материалов ономастики на огромной территории республики, дающих весьма ценные лингвистические, исторические, этнографические, геологические, географические и другие сведения о прошлом и настоящем народа и родного края.

Таким образом, проблемы, которыми будут заниматься ономасты республики, можно рассматривать как глобальные, т. е. полное и всестороннее изучение общих закономерностей, установление типологического сходства собственных имен, и как региональные, т. е. исследование отдельных территориально-административных районов республики к конкретных аспектов топонимики, антропонимики, этнонимики, астронимики и космонимики, фитонимики, зоонимики и т. д. В задачи ономастов также входят синхронические и диахронические, структурные и типологические исследования. Специалистам-ономастам предстоит также большая работа в области ономастической лексикографии, которая включает создание областных историко-этимологических, справочных, двуязычных, толковых и многотомных словарей топонимов, антропонимов, этнонимов, астронимов и космонимов.

Все сказанное свидетельствует о том, что ономастика – одна из перспективных областей казахского языкознания, научно-практическая значимость которой определяется решением перечисленных выше актуальных проблем.

А.Т.Кайдаров, (Соавт. Т.Жанузаков)
Вестник АН КазССР.1983. № 1. с. 44-49.

Қазақ эпосындағы жер-су атаулары мен кісі аттары жайында

(«Қозы Көрпеш-Баян сұлу» дастаны негізінде)

Әрбір халықтың болмысы мен дүние танымы, этникалық мәдениеті мен рухани өмірі қай кезде, қандай жағдайда болмасын, белгілі бір географиялық кеңістікте көрініс табады, нақтылы тарихи дәуірлердің жемісі болып саналады. Ал халықтың барлық өмір-тіршілігі, ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени, рухани байлығы болса, ең алдымен сол халықтың ана тілінен өз өрнегін табады да, асыл қазына болып қалыптасып, атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа ауысып отырады. Бұл – тіл атаулының бәріне тән объективті заңдылық, ортақ қасиет.

Тіл өмірі мен сол тілде сөйлеуші қауымның әлеуметтік өмірін осылайша бір медальдің екі жағы сияқты өзара астарлас, бірінсіз бірінің күні жоқ тығыз байланысты дүние деп қарасақ, тілдің де сол халықпен бірге жасап келген мекені, сол халықтың генеологиялық, азаматтық тарихымен бірге туып, біте қайнасқан дәуірлері болатынын жоққа шығара алмаймыз.

Осы бір табиғи тұтастықты біз тарихи деректерден гөрі тіл байлығынан көбірек көреміз. Өйткені тарихи деректер әр түрлі объективті себептермен сақталмауы, сақталса да бүгінгі күнге жетпеуі мүмкін. Ал тіл болса, ол қаншама дәуірді басынан кешірсе де, толассыз толығып, ғасырлар бойы жаңғырып, жаңарып отырса да, өткен өмірдің куәгері болуы сөзсіз. Біле білсек, оның тұла бойы тұнып тұрған тарих. Сөз байлығының қат-қабат қойнауларын тереңірек тексеріп, ақтара зерттесек, олардың өткен өміріміз жайлы берер мәліметі, шертер сыры аз болмаса керек.

Осы орайда қазақ тілінің, көне де байырғы лексикалық байлығын, әсіресе оның жер-су атаулары мен кісі аттарын тәптіштей зерттеудің тіл тарихы үшін маңызы зор екені айтпасақ та түсінікті. Бұл саланың да зерттеу объектісі аз емес. Солардың ішінде ғасырлар бойы қалыптасып, халық арасында кеңінен тараған батырлық эпостар мен лиро-эпикалық дастандардағы жер-су атаулары мен кісі, ру-тайпа аттарын зерттеудің ономастика саласындағы орны бөлек. Өйткені эпос топонимиясы мен антропонимиясының басқа салаларға қарағанда өзіндік ерекшеліктері көп. Біз жоғарыда сөз еткен тіл дамуындағы географиялық кеңістік, мекен-жай, уақыт-мерзім межесі мен тарихи кезеңдер, әлеуметтік жағдай т. б. сайып келгенде, көбіне-көп эпос антропонимиясы мен топонимикасына қатысты ерекшеліктерге жатады. Қазақ тілі ономастикасы бойынша көптеген құнды зерттеулерде де[1] бұл мәселе арнайы қаралған емес.

Біз мақаламызда жалпы эпос топонимиясы мен антропонимиясын сөз ете отырып, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» лиро-эпикалық дастанында кездесетін нақтылы жер-су атаулары мен кейіпкерлер есімін қарастырамыз, оларды тұлғалық, мағыналық ерекшеліктеріне қарай талдап, географиялық, хронологиялық белгілері бойынша топтастыруға, эпостың таралу шегін анықтауға тырысамыз.

Қазақ этносымен, этникалық мәдениетімен тікелей байланысты, қазақ топырағында дүниеге келіп, халық арасына кеңінен тараған, тіпті Қазақстаннан тыс көршілес өлкелерге де жайылған[2] эпостардың бірі – «Қозы Көрпеш – Баян сұлу».

М.О.Әуезовтің зерттеуінде бұл эпос өзінің ерекшеліктеріне байланысты «Қыз Жібек», «Айман – Шолпандармен» бір қатарда лирикалық-салттық поэмалар санатына жатқызылады[3]. Өйткені бұлардың негізгі тақыры-

1 *Конкашпаев Г.К.* Казахские народные географические термины//Изв.АН КазСР. Сер. Геогр. 1951. Вып. 3, № 99; *Әбдірахманов А.* Қазақстанның жер-су аттары. Алматы, 1959; *Жанұзақов Т.* Қазақ есімдерінің тарихы. Алматы, 1971; *Сол автор.* Очерк казахской ономастики. Алма-Ата, 1982; *Койчубаев Е.* Краткий толковый словарь топонимов Казахстана. Алма-Ата, 1974

2 *Жирмунский В.М.* Тюркский героический эпос. Л., 1974. С. 184, 274.

3 *Ауезов М.О.* Мысли разных лет: По литературным тропам. Алма-Ата. 1961, С. 114-115.

бы – екі жастың махаббаты, олардың махаббат жолындағы күресі, шеккен азабы болса, фабуласы – ру-тайпа арасындағы тартыс, көшпелі елдің дәстүрі мен әдет-ғұрпы. Махаббат трагедиясы және сол төңірегінде шиеленіскен оқиға, талас-тартыстар «Қозы Көрпеш – Баян сұлуда» ескіден келе жатқан қазақтың *ежеғабыл* деп аталатын әдетіне, «Қыз Жібекте» – *әмеңгерлік*, «Айман-Шолпанда» – *барымта* тәрізді салттарға байланысты дамып, өрши түседі. Сондықтан да бұл дастандардың тілі халықтың өткен өмірін суреттейтін, салт-сана, әдет-ғұрпын сипаттайтын көне де байырғы сөздер мен сөз тіркестеріне өте бай. Сол ретте жер-су атаулары мен кісі аттарына қатысты фактілер де ерекше назар аударады.

Біз сөз еткелі отырған «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» поэмасы әдебиетші ғалымдар тарапынан көп зерттеліп келеді[4]. Поэманың отыздан астам жазып алынған нұсқасы мен варианттары бар. Солардың алтауының, атап айтқанда, Ғ. Дербісалин – I, И. Н. Березин – II, Н.И. Ильминский – III, Шөже – IV, В.В.Радлов –V, Жанақ – VI[5] нұсқаларының негізінде Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл және Әдебиет институты тарапынан дайындалған ғылыми басылымы 1959 жылы жарық көрген болатын[6]. Біз қарастырғалы отырған жер-су атаулары мен кісі аттары «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» поэмасының осы басылымында кездесетіндері. Олардың 75-і (32 гидроним, 22 ороним, 21 ойконим) жер-су атаулары да, 50-ден астамы – кісі аттары.

Поэмадағы жер-су атаулары мен кісі аттарын қарастырудан бұрын жалпы зерттеу объектісіне қатысты екі-үш мәселенің басын ашып алған жөн. Олар: біріншіден, поэманың дүниеге келу дәуірі, екіншіден, таралу географиясы, үшіншіден, оларды жалпы түркі ономастикасының тарихи даму кезеңдері мен тілдік ерекшеліктеріне сәйкес топтастыру мәселесі.

1. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» поэмасы ғалымдардың пікірі бойынша қазақ топырағында тым ерте пайда болған, сондықтан да ол ұзақ даму процесін басынан кешірген, әртүрлі тарихи, мәдени, экономикалық, әлеуметтік жағдайлардың әсерінен өзгере өңделіп, сұрыптала, толыға келіп біздің дәуірге жеткен көне мұраларымыздың қатарына жатады. Мәселен, қазақ эпостарының шығу тарихын зерттеуші Ә. Марғұлан[7] эпостарды бес тарихи кезеңге бөліп қарайды: бірінші – көне кезең, екінші – оғыз-қыпшақ кезеңі; оған VI–XII ғасырлар арасында пайда болған сахара эпостары жа-

4 *Әуезов М.О.* Көрсетілген еңбек; *Смирнова Н.С.* Особенности развития казахского эпоса. Его поэтика. История казахской литературы. Т.1, алма-Ата, 1968.

5 Бұдан кейінгі жерде поэманың нұсқаларына сілтеме оларды орындаушы мен жазып алушылардың тұстарындағы рим цифрлары арқылы «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» I нұсқа – ҚКБС-I, II нұсқа – ҚКБС- II, III нұсқа – ҚКБС- III, IV нұсқа – ҚКБС-IV, V нұсқа – ҚКБС- V т.б. түрінде беріледі.

6 Қозы Көрпеш – Баян сұлу. Құрастырған, кіріспе мақала мен түсініктерін жазған *Ы.Дүйсенбаев*. Алматы, 1959. Бұдан кейін бұл дастан ҚҚБС деп қысқартылып беріледі.

7 *Марғұлан Ә.* Өткен күнде белгі бар//Білім және еңбек. 1985, № 4, 24-б.

тады; үшінші – «ноғайлы» кезеңі, оған XIII–XVI ғасырлар арасында пайда болған эпостар жатады; төртінші – қазақ батырлар жырлары дүниеге келген XII–XVIII ғасырлар және бесінші – қазақ эпосының ең соңғы кезеңі, оған XVIII ғасырдан кейінгі пайда болған эпостар енеді. Біздің сөз еткелі отырған романтикалық сарындағы «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» дастаны, ғалымның пікірі бойынша, екінші кезеңге, яғни VI–XII ғасырлар аралығында Қазақстан топырағында пайда болған эпостардың ең соңғыларына жатады екен.

2. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» поэмасындағы топонимдердің басым көпшілігі Қазақстан жерінде бүгін де кездесетіндіктен, оның дүниеге келуін тек осы өңірге ғана қатысты деп толық айта аламыз. Оның кеңбайтақ Қазақстан жеріне толық таралуын, әсіресе бүгінгі Семей, Павлодар, Қарағанды, Жезқазған, Талдықорған, Алматы т.б. облыстардағы жер-су атауларымен салыстыра отырып дәлелдеуге болады. Поэманың Алтай, Тарбағатай өңірлерінде кездесуі де географиялық жағынан заңды құбылыс тәрізді. Кейбір жер-су атаулары поэманың басынан аяғына дейін және барлық нұсқаларында біркелкі қайталанып, оқиғаның болған мекен-жайын көрсетеді де, кейбіреулері нұсқа сайын ауысып, өзгеріп отырады. Жер-су атауларының енді бір қатары поэманың өз басына тікелей байланысты емес, тек аталып қана кетеді.

Қандай болған жағдайда да жер-су атауларына сәйкес поэманың таралу географиясы – Қазақстан топырағы, әсіресе, оның шығыс облыстары екендігі даусыз.

3. Поэманың топоним, антропонимдеріне байланысты тілдік ерекшеліктерін сөз еткенде, екі түрлі жағдайды есте сақтағанымыз жөн. Біріншіден, поэмада кездесетін топонимдер мен антропонимдер Қазақстан жеріндегі нақтылы жер-су атауларымен, бүгінгі қазақ есімдерімен сәйкес болып келсе де, олар кейінгі дәуірдің ғана жемісі емес. Олар бізге көптеген эволюциялық өзгерістер арқылы келіп жеткен, бірақ тамыры тереңде жаткан, тіл дамуының талай тарихи кезеңдерін басынан кешірген көне дүние. Бұл атаулардың көбісі-ақ бүгінде көмес- кі тартып, біз үшін мағынасы күңгірттенген. Олардың тілдік табиғатын түсіндіру үшін тарих беттерін ақтарып, көптеген фактілер келтіріп, тарихи-салыстырма методына, тіл дамуының заңдылықтарына арқа сүйеуіміз керек. Екіншіден, жалпы поэманың тілдік негізі мен ондағы топоним, антропонимдердің тіл ерекшеліктерін анықтау үшін олардың статикалық қалпын ғана емес, ретроспектив бағыттағы даму жолын да қарастырған абзал.

Поэма дүниеге келген VI–VII ғасырлар аралығын көз алдымызға елестетіп көрсек, көп нәрселер біз үшін айқын емес. Бұл дәуірде Қазақстан жерінде жүз берген этникалық процестер мен әлеуметтік, экономикалық

т.б. жағдайлар біздерге тарихтан біршама белгілі болса да, сол кезеңдегі ру-тайпалар тілінің қалыптасуы мен даму процесі жайында мәлімет жоқтың қасы. Сондықтан да бұл поэманың тілдік негізі жайында арнайы зерттеу жүргізбейінше тиянақты тұжырым айту қиын. Дегенмен, бір жағдайдың беті ашық сияқты. Ол – Қазақстан топырағында туып, қазақ халқының мәдени-рухани мұрасы ретінде бізге жеткен бұл поэманың о бастағы тілі қазақ халқының біртұтас халық болып қалыптасуына бірден-бір негіз болған көне түркі ру-тайпалардың тіліне тікелей қатыстылығы.

Бұл, әрине, жалпылама айтылған жорамал. Ал тарихи фактілер мен ғылыми-зерттеулерге жүгінсек, эпостық топонимия мен антропонимияға тән тілдік ерекшеліктердің кейбір себептерін ашуға болатын сияқты. Ол үшін, ең алдымен сөз етіп отырған поэманың дүниеге келу дәуірі (VI–XII ғ.) мен бүгінгі дәуір (XX ғ.) арасында жатқан уақыт «кеңістігін» дұрыс түсіндіре білуіміз керек. Біріншіден, осы ғасырдың басына дейін «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» дастаны хатқа түспей, тек ауызша жырланып, бүгінгі ұрпаққа өзгеріп, жаңаланып жеткені белгілі. Екіншіден, көршілес тілдердің әсерін былай қойғанда, жер-су, кісі аттарына қазақ топырағында жасаушы ру-тайпалар тілінің өзара ықпалы да аз болған жоқ. Үшіншіден, лексиканың бұл тобында көне түркі элементі мен дәстүрі де молынан сақталды.

Осы факторлар ескерілгенде ғана эпос топонимдері мен антропонимдерінің табиғатын дұрыс түсінуге болатын сияқты. Бұл тұрғыдан алып қарағанда тіл маманы Т.Жанұзақовтың зерттеулеріндегі[8] есімдерді тарихи дәуірлерге бөлу принциптері назар аударады. Автор қазақ антропонимдерінің даму тарихын төрт дәуірге бөліп қарайды: бірінші дәуір –көне түркі заманын, яғни V–VIII ғасырлардағы (*Айкүн, Айжарық, Айтолық, Күнтуар, Күнсұлу, Қаршыға, Сұңқар* тәрізді) антропонимдерді қамтиды; екінші дәуір орта ғасырға тән (*Айнабек, Аймақ, Ақылбай, Жоламан, Нартай, Санабай, Алтын, Айымгүл, Нәзипа* тәрізді) антропонимдерді, үшінші дәуір жаңа заманда (XVII–XIX ғ.) және төртінші дәуір Октябрь революциясынан кейінгі уақытта пайда болған антропонимдерді қамтиды. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» поэмасындағы кісі аттары негізінен бірінші және екінші дәуірдегі есімдерді өз ішіне алатын тәрізді. Өйткені поэмадағы *Қарабай, Сарыбай, Қозы, Баян, Қодар, Айбас, Ай, Таңсық, Тайлақ, Әлжаппар, Қаракөз, Жидебай, Тұяқбай* сияқты есімдерден автордың көрсеткен осы дәуірлерге тән тілдік ерекшеліктерінің бәрін табуға болатын сияқты. Атап айтқанда, бұл дәуірлердегі көне түркі есімдерінен айға, күнге, хайуанаттарға, отқа, суға т.б. табиғи құбылыстарға табыну дәстүрін, асыл металл, қымбат тастар мен дәулет-байлықты дәріптеуді, аспан тәңіріне, құдайға, әр түлі сиқыр күштерге, мифологиялық, құбылыстарға бас ию, араб, парсы, моңғол тілдерінен енген діни, мәдени, әскери ұғымдарды

8 *Жанұзақов Т.* Қазақ есімдерінің тарихы. Алматы, 1971. 27-75-б.

дәріптеу салтын көреміз. Жоғарыда келтірілген есімдерден осылар байқалады. Поэмадағы топонимдер туралы да осыны айта аламыз.

Енді «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» поэмасында кездедетін топонимдер мен кісі аттарын тілдік ерекшеліктеріне қарай талдап көрейік.

Эпостағы жер-су атаулары. Этностық топонимдердің жай топонимдерден өзіндік ерекшеліктері жоқ емес. Оған ең алдымен этнос топонимдерінің реальді географиялық объектілермен сәйкестігін, тарихи шындыққа жанастығын жатқызуға болады. Басқаша айтқанда, поэмадағы белгілі оқиғаларға, кейіпкерлердің іс-әрекетіне тікелей қатысты жер-су атаулары мен жер бетіндегі тарихи ескерткіш ретінде күні бүгінге дейін Қазақстан топырағында сақталып келе жатқан ойконим, ороним, гидронимдер арасындағы ұқсастық, сәйкестік, теңдестік (идентификация) мәселесін қараудың поэма тілі үшін де, оның жалпы тарих үшін де маңызы зор.

Мәселен, «Қозы Көрпеш– Баян сұлу» поэмасында бастан-аяқ кездесіп отыратын топонимдердің бірі – Аякөз[9]: *Ағып жатқан Аякөз суға барды, Екі месті толтырып құйып алды; Аякөзден бедеуді бір қаптырып, Екі месті байлатып қайта салды* (ҚҚБС, V. 182). *Аякөз* – Семей облысындағы ұзындығы 492 км. өзен. Ол Балқаш көліне құяды. Басты салалары: Нарын, Балықты, Батпақты, Айғыз, Құрайлы, Таңсық (ҚСЭ, 1-т. 636-6). Эпоста Аякөз – Қарабайдың көшіп келген жері. Бұл ойконим емес, гидроним, яғни көшпенді елдің мал жайылымына қолайлы өзен жағалауы болуы тиіс. Өйткені Аякөз (бұрынғы Сергиополь) қаласы, тарихи мәліметтерге қарағанда, тек 1831 жылы ғана орнаған екен. Сондықтан да кейбір авторлардың поэманы Аякөз өзенінің бойындағы Сергиополь (Аякөз) қаласымен шендестіруі (локализациялауы) дәл болмайтын сияқты. Мәселен, В. М. Жирмунский былай деп жазады: «Эпикалық шығармалар арасындағы кеңінен тараған «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» дастаны патриархалдық мылқау қара күштің зорлық-зомбылығына тап болған екі ғашықтың қайғылы тарихы ретінде кең-байтақ қазақ жерінде ғана емес, көрші Орал, Алтай жерлеріндегі түркі халықтары арасында да кеңінен жайылған еді. Жергілікті халық аңызына айналған бақытсыз екі жастың әйгілі күмбезі Балқаш көлінің солтүстік жағындағы Аякөз өзені бойындағы Сергиополь қаласы маңында әлі күнге бәз қалпында тұр»[10]. Шындығында, поэмадағы Аякөз тек гидроним, ол Ертіс бойы, Сыр бойы, Шу бойы, Іле бойы деген ыңғайда ғана қолданылып тұр.

Осы тәсілмен поэмада кездесетін барлық топонимдерді салыстырып шығуға болар еді, бірақ оған мақала көлемі көтермейді. Алайда айта кету керек:

---

9 «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» дастанының 1959 (ғылыми басылымы бойынша алып отырмыз).

10 *Жирмунский В.М.* Тюркский героический эпос. Л., 1974. с.274.

поэмада кездесетін жер-су атауларының басым көпшілігі бүгінгі Қазақстан жеріндегі географиялық объектілермен сәйкес келіп жатады.

Поэмадағы топонимдердің бәрін географиялық белгілеріне байланысты бірнеше топқа бөліп қарауға болады. Олар: *1) гидронимдер: Аякөз (Сарыбай жұртымменен көшіп кетті, Дариясын Аякөздің өтіп кетті...); Есіл, Нұра (Айбас құл адасқанын енді білді, Есіл, Нұра бойына қайтып келді); Қаракөл, Шыршық, Бассу (Карабай сол көшкеннен әрмен өтті, Шыршық пенен Бассудан көктей етті; Әзіреттің тауынан аса көшіп, Шолаққорған Қаракөл жерге жетті...); Сарысу (Сарысудың бойында түйең жатыр...); Ұзынбұлақ, Балқаш, Жайылма, Лепсі, Үржар (Арғы шеті Аякөз, Лепсі, Үржар); Қатынасуы, Іле (Алатаудың жағалап ар жағымен, Іле басы Құлжаға тағы барды...); Шу, Талас (Шу, Таластың бойына жеткен жерде...), Бақалы (Бақалыдай көлім жоқ...); Зайсан (Зайсан көлдің жағасына Қарабай кетті...); Сыр (Ұдай көшіп барады Сыр бойына...); Телікөл (Қарабайдың жайлауы Телікөлде...), Жетісу (Аз жүрсе, көп жүрсе де аман-есен, Аяғы Жетісуға о да келді...) т.б.; 2) оронимдер (тау аттары): Алатау (Алатаудың жағалап ар жағымен...); Қаратау (Келеді Қаратаудан Қозыке асып...); Сауыр, Сойқал (Арғы шеті Сауыр мен Сойқал қылып, Жылқыны қояберіп, жатып алды...), Шыңғыс, Қалба, Мыржық (Не Шыңғыстай болмаса, не Қалбадай, не Мыржықтай аңы көп бір тау еді...); Тарбағатай, Жылытау, Көкшетау т.б.; 3) Ойконимдер (мекен-жай аттары): Қызылжар (Саудаға Қызылжардай қала бар ма, Сөзінде Қозыкенің шала бар ма...), Тәшкент (Тәшкен барсаң, еліңді табарсың деп, Тазшаны түн қатырып жөнелтеді...); Қоқан (Бір күні ол қаңғырып Коқан кепті...); Ақжар (Өлеңтінің Ақжар деген жері бар-ды...); Шолаққорған (Шолаққорған, Қаракөл жерге жетті) Түркстан (Мінгені Қозыкенің көк төбелді, Астық Ішкен Түркстан тоқ деп еді...) т. б.*

Поэмада бұдан басқа да географиялық объектілер кездеседі. Олардың кейбіреулері (мыс., *Тәшкен, Қоқан, Құлжа, Меке* т.б.) Қазақстаннан тыс жерлердің атауы да, енді бір қатары екіұдай объектіні білдіретіндер (мыс. *Аякөз* – өзен аты, мекен аты; *Ақсәуле* – тау аты, *Ақшатау* – тау аты, өзен аты т.б.), немесе ұмыт болғандар.

Поэмадағы топонимдерді анықтауыш компоненттерінің мағынасына қарай да топтастыруға болады. Айта кету керек, анықтауыш сыңары объектінің түр-түсін, сыртқы көрінісі мен формасын, саны мен сапасын т.б. ерекшеліктерін көрсететін топонимдер поэмада басқаларына қарағанда көбірек кездеседі. Олар мыналар: *Ақжар, Алатау, Есіл*[11], *Ақкөл, Қызылжар, Құбабел, Қаракөл, Қаратау, Сарысу, Мырзық, Қосмұрын, Жетісу, Үржар, Шолаққорған, Ұзынбұлақ* т. б.

11 Есіл гидронимін А.Әбдірахманов «жасыл» сөзімен төркіндес деп қарайды. Қар. *Әбдірахманов А.* Топонимика және этимология. Алматы, 1975, 95-б.

Поэмадағы топонимдер жасалу моделі мен морфологиялық құрамы жағынан да әртүрлі. Олардың көпшілігі екі компоненттен (*Жәйтөбе, Нұракөл, Ақжар, Ұзынбұлақ* т. б.) тұратын топонимдер болса, енді бір тобы тілдің бүгінгі даму тұрғысынан алып қарағанда құрамындағы морфемаларға бөлшектенбейтін жер-су атаулары: *Жамшы, Аяған, Шыршық, Аякөз, Күреңіс, Бетбақ, Тоқырауын, Аспара.* Сондықтан да бұлардың тілдік табиғатын анықтау үшін арнайы этимологиялық зерттеу жүргізу керек. Бұл, әрине, өз алдына қаралатын мәселе[12].

Сөз жасау моделіне байланысты эпос топонимдерінің ішінен ерекше көзге түсетіндері -ты/-ті//-ды//ді//-лы//-лі моделі бойынша жасалған топонимдер. Мысалы: *Өлеңті, Шідерті (Сарыбай күйеу, қыздан айырылған соң, Өлеңді, Шідертіге көшіп кеткен...); Моншақты, Домбыралы, Қарқаралы, Балталы, Бағаналы* (кейінгі екеуі этнотопоним) т.б. *Өлеңті* (Ақмола, Павлодар облыстарындағы өзеннің аты), *Шідерті* (өзен аты) гидронимдері Қазақстан жерінде жиі кездесетін Бұғыты, Сөгеті, Алматы тәрізді көне модельмен жасалған.

Топонимдер тарихын зерттеуде ерекше назар аударатын жәйт – топонимдерге байланысты пайда болған ел аузындағы аңыз-әңгімелер. Бұлар «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» поэмасының Шөже мен Жанақ нұсқаларында да кеңінен пайдаланған. Әрине, аңыз-әпсаналар барлық жағдайда тарихи шындықпен жанаса бермейді, ал лингвистикалық тұрғыдан олар көбінесе халық этимологиясына саяды. Дегенмен, поэма да оқиға желісін шиеленістіре түсу үшін, оны тартымды, қызықты, сенімді етіп көрсету үшін жыршылар аңыз мотивін пайдаланған. Жалпы алғанда халықтық ат қою дәстүріне жат емес. Қазақстан жеріндегі кейбір топонимдердің осы дәстүр бойынша жасалып, қалыптасып кеткенін біз ғылыми зерттеулерден жақсы білеміз. Бұл арадағы мәселенің қызығы: аңыз сюжетімен дүниеге келген жер-су атаулары шынымен-ақ жаңа ма, әлде олар бұрыннан бар атауларға телінген бе? – осы арасын ажыратуда.

Поэмадан мысал келтірейік. *Қарқаралы* – қазір де бар таудың аты. *Қыздың берген қарқарасы түсіп қалып, Қарқаралы тау атын қоя салған...* (ҚҚБС, VI, 236); *Домбыралы, Моншақты: Айбас байғұс сол жерде жатып қалды. Бақа айғырды суытып, демін алды; Домбырасы, моншағы түсіп қалып, Домбыралы, Моншақты содан қалды* (ҚҚБС, IV, 136). Бұл екеуі де Ақмола, Көкшетау облыстарындағы таулардың аты. *Ақкөл, Жайылма: Сарыбайдың сабасы жарылған жер, Ақкөл менен Жайылма содан қалған...* (ҚҚБС, IV 129). Бұл екеуі де Павлодар облысындағы өзендердің аты. *Абыралы, Жалаулы: Жанындағы жаулығы түсіп қалып, Абыралы. Жалаулы қоя сапты...*

12 *Койчубаев Е.* Краткий толковый словарь топонимов Казахстана. Алма-Ата, 1974, с.9.

(ҚҚБС, VI, 236). Екеуі де бар топонимдер. Жалаулы – Тарбағатай тауының батысындағы шыңның аты. *Алтынсандық, Ақшатау: Баянның алтын сандық түсіп қалып, Алтынсандық, Ақшатау содан қалды...* (ҚҚБС, IV, 137).

Ақшатау – Қарағанды облысындағы, Балқаштың солтүстігіндегі таудың аты. *Қызылбелбеу, Құбажон: Қыздың берген белбеуі түсіп қалып, Қызылбелбеу, Құбажон қоя сапты...* (ҚҚБС, VI, 236). *Мейізек: Қыздың берген мейізі түсіп қалып, Мейізек деп тау атын қоя сапты...* (ҚҚБС, VI, 236) т. б.

Көріп отырмыз, поэма сюжетіне өрілген аңыз-атаулардың көпшілігі бұл күнде реальді географиялық объектілер болып саналады. Сондықтан да бұларды зерттеудің өзіндік мәні бар.

Эпостағы кісі аттары. Эпос антропонимдеріне тән ерекшелік дегенде, ең алдымен, олардың көнелігі көзге түседі. Мәселен, сөз етіп отырғаны поэмадағы есімдердің біразы (*Баян, Қозы, Тайлақ,* т.б.) дәстүр жалғасы ретінде бүгін де қолданыла беруі мүмкін. Бірақ бұлардың тілдік табиғаты өте көне, оған таласуға болмайды. Ал поэмада кездесетін мына тәрізді есімдер: *Танас, Айбас, Қодар, Қаратоқа, Бұланқара, Нұрқара, Көсемсары, Ай, Таңсық, Күліп, Шақшақ* т. б. бүгінде қолданылмайды, не сирек қолданылады.

Эпос антропонимдерінің екінші бір ерекшелігі – көп жағдайда кейіпкер есімдерінің алдынан да артынан да (препозитивті, поспозитивті)[13] анықтауыштың қолданылуы: *Қозы Көрпеш – Баян сұлу, Қара хан, Сары хан (Қарабай, Сарыбайдың варианттары), Ақ Баян, Қыз Баян, Ер Танас, Ер Күліп, Нұрқара би, Тайлақ би, Қодар құл, Қодар мұндар, Айбас сері, Манап хан, Баян жас т. б.*

Бұл жалпы эпос пен фольклор антропонимдеріне тән көне дәстүр. Оны біз кез-келген эпостан, ертек, дастандардан кездестіреміз. Мысалы *Ер Сайын, Ер Тарғын, Қобыланды батыр, Алпамыс батыр, Қыз Жібек, Қыз Құртқа, Ақ Тоқты, Ақ Жүніс, Ер Төстік, Қият Аққозы, Біржан сал, Ақан сері, Шық бермес Шығайбай, Алдар көсе, Аяз би, Маман би*[14] т.б. Антропонимдерге тән бұл ерекшеліктер де өз алдына тексеруді қажет етеді.

Поэмада кісі аттарына еркелету, құрметтеу форманттарын қосып айту жиі кездеседі. Мысалы, *Қозыке: Сұлу Баян айтыпты әкесіне, (Қозыке келер ме екен мұнда депті...)* (ҚҚБС, III 102). Сондай-ақ, *Қозыеке, Қозыекең, Қозыжан* түрінде де, *Сарыкең, Қареке, Баянжан, Баян еркеш* болып та айтылады. Кейде контекске байланысты жағымды кейіпкерлердің атына жағамсыз анықтама-теңеулер, керісінше, жағымсыздарының есіміне жағымды теңеулер, экспрессив форманттарда да кездеседі. Мысалы: *сұм Баян, сұмырай Баян, қу Баян, Қодар батыр, Қодар мырза, Қодаржан, Қодеке.* Салыстырыңыз: *Баян сұлу, Баянжан, Ақ Баян, Қодар құл, Қодар мұндар, Қодар сұм, Қодар кәпір,* т.б.

13 *Жубанов К.* Исследования по казахскому языку. Алма-Ата, 1966.

14 Бұл арада біз жазылу дәстүрін ескеріп отырғанымыз жоқ.

Эпостық топонимдер мен антропонимдердің тілдік ерекшеліктерінің негізгілері, міне, осылар. Әрине, қазақ тілі байырғы лексикасының бұл саласы өзінің көнелігіне байланысты әрқашан да тереңірек тексеріп, түбегейлі зерттеуді қалайды. Бұл лексиканың шынайы сыры түркі тілдерінің фактісін салыстыра, салғастыра қарайтын этимология лық ізденістер арқылы ғана ашылмақшы. Бұл салада істеліпіп жатқан жұмыстар, бірлі-жарымды ат үсті айтылған, тиіп-қашты пікірлер аз емес. Олардың біразы гипотеза, жоба-жорамал ретінде айтылып жүрсе, енді бір қатары қызықтауға тұрарлық халықтық этимология дәрежесінде[15].

Ал шын мәнісіндегі тарихи зерттеулер, жүйелі түрдегі ғылыми этимологиялар қазақ тіл білімінде әлі де қолға алына қойған жоқ. Жоғарыда көрсетілген Т. Жанұзақов, А. Әбдірахманов, Е. Қойшыбаев тәрізді ғалымдардың зерттеулерін біз болашақтағы осындай үлкен жұмысқа негіз бола алады деп ойлаймыз.

Қорыта келгенде айтарымыз: эпостық ономосилогия эпостың туын тіккен қазақ халқының тілі үшін өзіндік ерекшеліктері мол, бірақ әлі күнге дейін арнайы зерттелмеген көкейкесті проблемалардың қатарына жатады.

Тіл білімі институты. Қазақ ономастикасының мәселелері. Қазақ ССР. Алматы. Ғылым, 1986. 5-16 б. (А. Мұқатаевамен бірге)

Атамекен атауындағы «Ақтаңдақтар» Одан арылар жол қайсы, өткеннің өкіндірген қатесін қалай түзейміз?

Бүгінгі Қазақстан картасына бажайлап қарасаңыз, алабажақ «ақтаңдақтардан» – шұбарланған атаулардан көзің тұнады. Өткенге ой жүгіртсек, қасиетті атамекенімізді сонау Шыңғысхан шабуылынан кейін тапап өткен жау, қанқұйлы Жоңғар басқыншыларынан кейін «ақтабан шұбырындыға» салған ылаңшылар болмаған сияқты. Одан кейінгі ең ірі тарихи оқиға — Қазақстанның Ресейге қосылуы. Одан кейін қазақ даласына Ұлы Қазан революциясы бостандық әкелді. Жаңа өмірге қолы жетіп, шат-шадыман болған халқымыз 20-шы жылдары:

Егемен болмай ел болмас,
Етек-жеңі кең болмас,
Терезесі тең болмас.
Ленин туы астында
Енді қазақ кем болмас...

15 Осыған орай Е.Жұбановтың жариялаған мақаласында («Аңыздағы есімдер») // Қазақстан мұғалімі, 1985, 18 қаңтар) келтірілген Алпамыс, Алдар көсе, Қозы Көрпеш, Қарабай, Сарыбай, Қыз Құртқа жайындағы этимологиясын әлі де жетілдіре түсу қажет-ау деп білеміз.

деп жырлап, жаңа өмірді егемендікке балап, болашағынан үлкен үміт күтті. Олай болса, қазақ халқы ғасырлар бойы жасап келген құтты мекенінің өзіне тән атауларын тарихи аз уақыттың ішінде шұбарландырған, бөтендендіре бұрмалаған, адам танғысыз күйге ұшыратқан қандай құдірет, қандай күш?

Шынында да, «ел аман жұрт тыныштa» өз атамекенінде отырған жұрттың әлімсақтан бері қалыптасқан елдік сана, ұлттық дәстүрінің аяққа басылып тапталуына, тағдырдың тәлкегіне ұшырауына, оның бедеріне айғыздандыра дақ салып, алабажақ «ақтаңдақ» түсіруіне нендей себептер болды, бұған кім кінәлі?» деген сұрақтың тууы заңды.

Ойлап қарайықшы: ғасырлар бойы тіршілік етіп, өмір сүріп келген ата-бабаларымыздың кең аспан астындағы құтты мекені, кірін жуып, кіндігін кескен ана-жұрты, малын өргізіп, жыл он екі ай көшіп-қонған өрісі, өсіп-өнген өлкесі мұрагер ұрпағы үшін өзіндік бар болмысымен ғана емес, оның аты-жөні, атауымен де етене жақын, ерекше ыстық емес пе? Өскен жердің кәусар бұлағы мен салқын самалы, орманды тоғайы мен жазира даласы, асқар тауы мен айдынды шалқар көлі – бәрі де әркімнің жанымен сезінетін табиғи ортасы болса, оның атаулары мәңгі бақи жадында сақталатын, атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа ауысып отыратын асыл қазына, тарихи жәдігер. Халқымыздың асқақ поэзиясы мен ақындық шабыты да, дүние танымы мен пәлсапасы да осында. Тіліміздің тарихы мен барша заңдылығы да осы атаулардың бойынан табылады. Бұл қасиеттердің бәрі өсіп-өнген өлкемізбен бірге туып, біте қайнасқан біртұтас дүние оны бөліп-жарып қарауға болмайды. Ол осы тұтастығымен де ұлттық мәдениетіміздің үлкен арнасына барып саяды.

Осыған орай күн тәртібіне қойылып отырған ономастика проблемасы тек тілдің аясымен ғана шектелмей, саяси-әлеуметтік, тарихи, мәдени мәні зор, ұлттық, құқылық, идеологиялық, моральдық шешімді талап ететін өте күрделі құбылыс болып саналады.

Бұл мәселенің замана талабына сай дұрыс шешілуіне қажетті алғы шарттардың бірнешеуін атап шығайық. Біріншіден, проблемаға «айналып отырған ономастикалық құрылымдардың ауқымын, түрлерін, жалпы даму заңдылығын анықтау қажет. Екіншіден, Қазақстан топырағындағы географиялық атаулардың «дертке» ұшырауының себеп-салдарын, таралу шеңберін айқындаған жөн. Үшіншіден, атамекен топырағын «ақтаңдақтардан» арылтудың саяси-идеологиялық, моральдық, құқылық, экономикалық тілдік тұжырымдамасын және оны іске асырудың нақтылы шараларын белгілеу. Проблеманың дұрыс шешілуі де міне, осыларға байланысты.

Біздің жобалауымыз бойынша кейінгі екі ғасыр беделінде қазақ топонимдерінің үштен бірі өзгерген, ауыстырылған, не жаңадан пайда

болған. Біз олардың санын, құрамын, өзгеру дәрежесін қазірше нақтылап дәл айта алмаймыз. Бірақ, бұлардың көпшілігі алабажақ «ақтаңдаққа» айналған табиғаты жасанды, тіліміз бен рухани болмысымызға жат, шығу тегі, қойылу принципі күмәнді атаулар.

Бұл, әрине тым алыста жатқан құбылыс. Егер біз ащы болса да, шындықты ашық айтқымыз келсе, оның себебін XIX ғасырдың аяғынан бері емін-еркін жүзеге асырыла бастаған патшалық Россияның отаршылдық саясатынан іздегеніміз жөн. Россияның ішкі губернияларынан Қазақстанға көшірілген жерсіз-күйсіз жүрген миллионнан астам орыстың мұжық-шаруалары өздеріне тартып әперген ең шұрайлы (тау алқабы, шөбі шүйгін өзен-су бойы) 47 миллион гектар қазақ жерін ғана иелеп қойған жоқ, ол жерлерге өз елінің (хутор, деревня, поместье т.б.) атауларын да ала келген еді. Ол атаулар ертеден келе жатқан жергілікті атауларды ығыстырып барып, зорлықпен «қалыптасты».

Сөзімізді жандандыру үшін айтылып жүрген фактілерден мысал келтірейік. Мәселен, ертедегі *Туақала, Тұзқала* (архив деректерінде солай) аталған жердің алдымен *Коряковке,* одан кейін Павлодарға ауысуының қысқаша тарихы бар. Ертіс өзеніне таяу жердегі көлден 1613 жылдан бастап тұз өндіріліп, соған орай 1697 жылдан кейін Сібір орыстары мен жергілікті қазақтар арасында айырбас сауда өрістей бастайды. Сол кездегі тұз өндіруші көпес Коряков көлді түгел иемденіп, оған алдымен өз есімін береді, ал ол 1720 жылы сол жерге салынған бекіністің атына ауысады. Коряковтың қазақ тіліне бейімделген нұсқасы – *Кереку* тұрғындар жадында осы күнге дейін сақталған. 1861 жылы сәуір айында император II Александрдың баласы Павел дүниеге келгенде жергілікті орыс әкімдері патшаға жағымпазданып, Кереку бекінісін Павелға «сыйға» тартады (не деген жомарттық). Осыдан келіп отаршыл әулеттің біреуі екіншісімен ауыстырылып, Коряков *Павлодарға* айналады.

Многочисленные холмы (курганы) с названиями Айдарлы, встречающиеся во всех регионах Казахстана, следует, видимо, отнести к такого рода объектам: айдар – чуб, коса, пучок волос, оставленный на макушке (у мальчиков) [36], айдарлы – холмы, курганы с чубом, т. е. с пучками волос на макушке – с воткнутыми пиками, с развевающимися конскими хвостами или гривами.

33 *Сарычаев П.* Озеро балхаш в геологическом, экономическом и географическом отношении//Записки семипалатинского отдела РГО. 1925. Вып. 15. с. 91.

34 *Мушкетов И.В.* Туркестан. СПб, 1986. Т.1. с.445.

35 Завоевание Туркестана: Рассказы из военной истории, очерки природы, быта и нравов туземцев – в общедоступном изложении / Сост. К. К. Абаза. СПб., 1902, с. 49.

36 Казахско-русский словарь. Алма-Ата, 1987, с. 20.

Лингвистическими свидетельствами, подтверждающими функционирование в историческом прошлом в течение длительного времени культа гор (холмов) на территории Казахстана, могут служить такие апеллятивы в составе казахской оронимической лексики, как тәңір/теңгір (тенгри), әулие, ата, баба, қожа, жеті, шайтан (сайтан); возможно бай-май, восходящее к теониму Умай — богини плодородия и покровительницы новорожденных; возможно ала, «сакральным смыслом обладает и название Ала-Тау» – верховные (горные) горы[37]; *оба* – заимствованное из монгольского: «все курганы называются оба»[38], в монгольской топонимии – куча камней, имеющая сакральную семиотику[39], в Хакасии – «груда жертвенных камней в честь духа гор»[40]; *тақта* – из иранского *тахт* «ложе, седалище царское, престол, трон» [41]. *Тақта* – горный массив на востоке Семиречья, *Тақта-Барлық* – гора в районе озера Алакуль, *Басытақта* – гора в Тенгизском районе Целиноградской области. З. М. Мурзаев считает, что *«тахт* – в Кабулистане играет ту же роль, что *обо* в Центральной Азии, и выражает культ горы, почему и воздвигается на перевалах или вершинах гор»[42].

Таким образом, в топонимической (оронимической) лексике казахского языка нашел свое отражение культ гор как один из реликтовых компонентов древнетюркской религиозно-мифологический системы.

Изучение имен собственных в этнокультурном аспекте показывает, что онимическая лексика является национально-маркированным лексическим пластом языка. Культурно-исторические ассоциации, этнокультурные коннотации имен порождены многими экстралингвистическими факторами, о части которых говорилось выше. Для полного раскрытия этнокультурного потенциала имен необходим тщательный анализ культурно-исторических особенностей эпохи и среды, в которой создавались имена.

Онимическая лексика, выработанная в течение длительного исторического времени посредством и средствами языка, имеет глубинные корни мотивации, уходящие в толщу материальной и духовной культуры народа, ее создавшего. Образно говоря, ономастикон любого народа – модель мира, отображенная в совокупности собственных имен, красочная и неповторимая картина прошлой жизни народа.

Крайне важно подчеркнуть, что отношение к исторической онимии любого языка и народа должно быть экологичным: всякое неразумное

37 *Акишев А. К.* Искусство и мифология саков. Алма-Ата, 1984, с. 88.

38 *Валиханов Ч. Ч.* Собр. соч.: в 5 т. Т. 1, с. 209.

39 *Мурзаев З. М.* Очерки топонимики. М., 1974, с. 265, 297.

40 *Жевлов М. А.* Топонимия Хакасско-минусинской котловины. Автореф. дис... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1984, с. 11.

41 *Мурзаев З. М.* Очерки топонимики. С. 297.

42 Там же.

переименование искажает облик национального ономастикона, влечет за собой утрату какого-либо звена в коллективной исторической памяти народа. С этой точки зрения каждое историческое собственное имя – памятник культуры, который нужно сохранять, оберегать.

Известия АН КазССР. Серия филологическая, 1990. № 3. с.3-12.
(Соавт.:Е.А.Керимбаев)

Атаулар — тарих айғағы

Батысы Каспий теңізінен, шығысы өр Алатаудан Кенді Алтайға дейін, солтүстігі Ресей, оңтүстігі Орта Азия елдерімен шектес те шекаралас созыла жатқан ұланғайыр, кең-байтақ жеріміздің көрікті де сұлу жер бедері көз тұндырады.

Одағымызда жер көлемі жағынан РСФСР-дан кейінгі екінші орын алып отырған республикамыздың территориясы 2 миллион 717 мың шаршы километр. Онда 19 облыс, 230 аудан, 284 қала және қалашықтар, 2400 ауылдық және селолық Совет, 21 мыңнан аса елді мекендер мен селолар, оған қоса 85 мыңдай өзен, 48 мың көл мен көлшіктер, толып жатқан қайнар, бастаулар мен мөлдір бұлақтар, мыңдаған асқар таулар мен заңғар биік шындар, көлбей жатқан жоталар мен жондар, қырлар мен қыраттар, төбелер мен төбешіктер, шоқылар мен дөндер, далалар мен қалың жыныс орман-тоғайлар бар. Міне, осыншама бай географиялық объектілердің баршасы да өздеріне лайықты топонимдік атау ларға ие.

Бұл атаулардың ішінде халқымыздың ежелгі тарихынан мағлұмат берер атаулар саны да аз емес. Бұлардың кейбіреулері біздің жыл санау дәуірімізден бұрынғы замандарға хас болса, екінші топтары орта ғасырға, ал үшінші топтары қазіргі заманға тән. Ең көне географиялық атаулар (топонимдер) санатына жататындар: Каспий, Арал теңіздері, Балқаш көлі, Ертіс, Сырдария, Іле, Меркі, Талас, Есіл, Тобыл өзендері болса, таулар: Хан тәңірі, Алтай, Алатау, Қаратау, Ұлытау, т. б.

Каспий теңізінің атауы біздің дәуірімізге дейінгі III ғасырда және біздің дәуіріміздің IV–VIII ғасырларында Гирхан теңіз деген атпен белгілі болса, VIII–X ғасырларда оғыздардың үстемдігі кезінде Хазар теңізі аталғаны мәлім. Тілдік табиғаты жағынан Каспий атауы дербес мағыналы Кас және пий деген екі сөзден құралған. Тарихшы ғалым С. В. Юшковтың пікірі бойынша: «біздің дәуірімізге дейінгі VII–IV ғасырларда Каспий теңізінің жағалауы мен Маңғыстау маңайында каспий тайпасы өмір сүрген. Өзінің мәдениеті мен әдет-ғұрып, салт-санасы жағынан ол сақтардың (скифтердің) ірі тармағы болу керек» (Юшков С. В. Родословная древнейших албанцев, Исторические записки; № 1, 1937). Ал Арал теңізі біздің дәуірімізге дейінгі жазба ескерткіштерде Оксин теңізі аталған. Оны Рим ғалымдары Страбон мен Птолемей жазбалары да

растайды. Бұл біздің дәуіріміздің V–VIII ғасырларында оғұздардың үстемдігі кезінде Хорезм теңізі аталған.

Сырдария біздің дәуірімізге дейінгі III ғасырда, біздің дәуіріміздің IV ғасырында сақтар (скиф) тілінде Силис, біздің дәуіріміздің VI–VIII ғасырларында грекше Яксарт, (түріктің Касарт сөзінен) бұдан кейінгі VIII–X ғасырларда қарлұқтардың үстемдігі кезінде Сейхун аталғаны, ал одан бұрын Александр Македонский сыпайыларының оны Танаид атағаны, бұл атаудың сақтардың (скиф) Дон «өзен» атауының сөзбе-сөз аудармасы екені де тарихтан мәлім.

Ертіс өзенін Шығыс Қазақстан тұрғындары Қара Ертіс атайды. Бұл Ертіс атауы VIII ғасырда Күлтегін мен Тоныкөк құрметіне орнатылған көне түркі ескерткішінде кездеседі. Ертіс Зайсан көліне құяды да, Өскемен, Семей, Павлодар қалаларын басып өтеді. Осы атау XI ғасырда өмір сүрген белгілі түркі ғалымы Махмұт Қашқаридің еңбегінде Эртиш тұлғасында кездеседі. Бұл тарихи дерекке сүйенетін болсақ, оның біздің дәуіріміздің бұрынғы Каспий, Арал теңіздерінің құрдасы екені шүбәсіз. Осы дәуірлерге Алтай, Хан тәңірі, Талас, Қаратау атаулары да тән сияқты.

Әлемге әйгілі Хан тәңірі деген тау атының, хан және тәңір сөздерінен қойылғаны ежелден белгілі. Алайда бұл сөздердің негізгі мән-мағыналарын екінің бірі, әсіресе жастар біле бермейді. Бұл атаудағы хан сөзі жалпы халыққа белгілі ертедегі ел билеген «хан» мәніндегі сөз емес, ол көне түркі тіліндегі үлкен, зор деген мәнге ие, ал тәңірі «аспан», «көк», «әуе» деген мағынаны білдірген.

Алматы облысы Нарынқол ауданының тұрғындары қазіргі кезде географиялық карталарда Хан тәңірі аталып жүрген атауды Хан теңгір атап келген. Сондықтан да тарихи тұрғыдан осы Хан теңгір аталуын дұрыс деп білеміз.

Оңтүстіктегі ерте орта ғасырға тән әйгілі қалалардың бірі – Тараз. Тарихи жазба ескерткіштерде Тараз аты VI ғасырдан белгілі. Ол VII ғасырдан бастап Ұлы Жібек жолындағы атақты қалалардың бірі ретінде дүние жүзіне белгілі болды. Бұл қала аты кейін 1867 жылдан Әулиеата, ал 1935 жылдан Мирзоян, 1938 жылдан Жамбыл аталып келеді.

Орта ғасырдан (VII–XIII ғ. ғ.) белгілі қала атаулары да аз емес. Олар: Испиджаб, Сайрам, Отырар, Шавгар, Түркістан, Шымкент, Манкент, Кедір, Суяб, Ходжент, Алмалық, Баласағұн, Барақ, Барысхан, Бесбалық, Бескент, Жент, Қарнақ, Қойлық, Құлан, Сауран, Сүткент, Талғар, Алматы, сондай-ақ тұрақтар мен қалашық, елді мекен аттары: Ақбешім, Ақтөбе, Алтынасар, Бабаата, Дүнгене, Жол, Құйрықтөбе, Сүмбе, т. б.

Бұл қала, елді мекен атауларының барлығының жасалу үлгісі де, лексикалық құрамы да (сөз жүйесі) қазіргі тіліміздегі жер-су

атауларынан алшақ емес, жалпыхалықтық тілден жасалған, түсінікті де танымал. Осылар тәрізді орта ғасырға тән қала, елді мекен, өзен, көл, тау т. б. аттарының ана тіліміздің төл сөзінен жасалып келгенін де аңғару қиын емес. Мәселен, Алматы, Есік, Тұзқала, Қызылжар, Жайық, Үйшік, Теке, Ақмола, Ақтау, Ақсу, Нілді, Атасу, Жезді, Теміртау, Қарағанды, Қазалы, Қарқаралы, т. б. Байыппен бағдарлап қараған адамға тіліміздің тарихы мен барша заңдылығы осы және басқа да физика-географиялық атаулардың бойынан анық көрінеді. Ондайлар республикамыздың барлық облыстарында жүздеп, мыңдап кездеседі.

Рас, өткенге ой жүгіртіп, зер сала қарасақ, қасиетті де қастерлі жерімізге сонау замандарда парсылар мен арабтардың, моңғолдар мен жоңғарлардың баса кіріп, лаң салғаны, бірақ олардың халық тегеурініне шыдай алмай күшті тойтарыс алғаны тарихта тайға таңба басқандай қаттаулы. Ол кезеңдерде пайда болған араб, парсы, моңғол тілдеріне қатысты жер-су аттарының, аздап болса да сақталып келуі – сол тарихи оқиғалардың айғағы. Алайда араб, парсы тілдік атаулар біздің оңтүстік аймақтарда болмаса, орталық, солтүстік, шығыс, оңтүстік-шығыс, батыс аймақтарында сирек, тіптен мүлдем ұшыраспайды десе де болады. Оның керісінше, моңғол текті атаулар барлық өңірде бой көрсетіп қалғанмен, аса көп емес, ана тіліміздің байырғы төл сөздерінен қойылған мыңдаған атаулардың арасында көп бидай ішіндегі шашыраған тарыдай ғана. Оның үстіне бұлар тілімізге бейімделіп, дыбыстық өзгеріске ұшырап, жымдаса қалыптасып, қазақыланып кетті. Себебі ол атаулардың басым тобының табиғаты негізінен, қазақ, моңғол тілдеріне ортақ сөздер еді.

Жерімізде ерекше етек ала көптеп қойылған орыс тілді атаулар әсіресе патшалы Россия заманында, одан кейін қазіргі дәуірде кеңінен өріс алып отыр. Олардың санының көбейіп, жергілікті ұлттық атаулардың жөнсіз бұрмалана бұзылып айтылуы бұл күнде халық тарапынан наразылық тудыруда. Бұл ретте, олардың қойып отырған талап-тілегі де орынды. Өйткені атауды қоюшы да, оны атаушы да халық. Олай болса, халықтың өзі замандар бойы өмір сүріп келген атамекенінің өзіне тән атауларын шұбарландырып бұрмалаған, кей ретте адам танығысыз күйге ұшыратқан тосын құбылысқа наразылық білдіруі заңды да.

Біздің бағдарлауымызша, кейінгі екі ғасыр беделінде қазақ топонимдерінің үштен бірі өзгерген, ауыстырылған, не жаңадан пайда болған. Олардың көпшілігі – алабажақ «ақтаңдаққа» айналған табиғаты жасанды, тіліміз бен рухани болмысымызға жат, шығу тегі, қойылу себебі күмәнді атаулар. Мұның төркіні алыста жатқан құбылыс. Оның басты себебін XIX ғасырдың екінші жартысынан бері емін-еркін жүзеге асырыла бастаған патшалық Россияның отаршылдық саясатынан іздегеніміз жөн.

Россияның ішкі губернияларынан Қазақстанға көшірілген жерсіз-күйсіз жүрген миллионнан астам орыстың мұжық-шаруалары өздеріне тартып әперген ең шұрайлы 47 миллион гектар қазақ жерін ғана иеленіп қойған жоқ, ол жерлерге өз елінің (хутор, деревня, поместье, т. б.) атауларын да ала келген еді. Ол атаулар атам заманнан келе жатқан жергілікті ұлт атауларын ығыстырып, «зорлықпен» қалыптас- ты. Мәселен, Көне Үйшік (Жайық, қала аты) 1640 жылы орыс көпесі (қазақ балықшыларын аяусыз қанаған) Гурийдің есімімен Гурьев аталады. Тұзқала Ямишева аталса, Туақала алдымен Коряков, содан соң Павлодар болып аталған. Ал Қызылжар болса, онда алдымен 1752 жылы әскери бекініс салынды, 1807 жылы Петропавловск болып аталды. Күні бүгінге дейін республика карталарынан орын алып, күнделікті тұрмыста аталып жүрген Ванновка, Черняевка, Романова, Николаевка, Корниловка, Балкашин сияқты елді мекен аттары патша генералдары мен оның шонжарларының есім-фамилиялары екені мәлім. Бұлар сияқты отаршылдық саясатты білектің күші, қылыштың жүзімен іске асыра отырып, жергілікті ұлт атауларын сырып тастап, олардың орнына қойған орыс тілдік атаулар жүздеп кездеседі. Мысалы: Аққөпір – Маловодное, Арқабай – Дмитриевка, Бұғымүйіз – Сергеевка, Еренқабырға – Тянь-Шань, Шыбындысай – Бутаковка, т.б. (Алматы облысында); Ақтасы – Некрасовка, Баржажан – Кременевка, Көлбастау – Евгеньевка, Көлтоған – Алексеевка, Құлан – Луговое, Өтеген батыр – Георгиевка, Сарыкемер – Михайловка, т. б. (Жамбыл облысында); Иінжар – Долинка, Нілді – Успенка, Көкөзек – Спасск, т. б. (Қарағанды облысында): Қоскөл – Антоновка, Бурабай – Боровое, Шортанды – Щучье, т. б. (Көкшетау облысында), Даңғырлақ – Каменка, Қиялық – Антоновка, Нияз – Черкасское, Талды – Лесновка, Шынжылы – Андреевка (Талдықорған облысында), Ақжайлау – Успенка, Ақбұлақ – Горное, Балықтыбұлақ – Владимировка, Ортатеректі – Алексеевка, т. б. (Шығыс Қазақстан облысында), Жаскешу – Корниловка, Майлыкент – Ванновка, Машат – Антоновка, Тастұмсық – Вознесеневка, Шақпақ – Бурное, Шитөбе – Вознесеновка, т. б. (Шымкент облысында), Қаракемер – Успенский, Нарынқұм – Рынпески (Орал облысында), т. т.

Бұл жағдай әсіресе тың және тыңайған жерлерді игеру жылдары мен тоқырау кезеңінде айрықша орын алды. Жаңадан құрылған совхоздар мен село, аудан, селолық Советтер атаулары басшылардың еркінше орысшаланды. «Хрущевтің он жылдығы» деп аталған (1954 – 1964 ж. ж.) жылдары Көкшетау, Қостанай, Целиноград, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарында 302 ауылдық және селолық Советтердің атауы орысша қойылды. Ал тың игерудің 25 жылдығында бұл өлкедегі «жаңа атаулардың» саны 3500-ге жеткені аталып өтті. Бұл кезде атам заманнан қазақ халқына белгілі Ақмола қаласы атының қасқағымда Целиноград аталуы халықтың

қалауымен емес, Н. С. Хрущевтің тұқыл әмірімен іске асып тынды. Сол кездерде белгілі қалаларымыз – Ақтау – Шевченко, Ақсу – Ермак болып өзгере қалды. Мұндай жаппай орысшалап ат қою, жергілікті атауларды өзгертіп жіберудің келеңсіз іс болғанын айта келіп, ССРО Советтік мәдени қоры Топонимикалық кеңесінің төрағасы, білікті ғалым В.П. Нерознак бұл «тәсілді»: «Тоқырау заманында ұлттық атауларды өзгерту сол жерді мекендеген халықтың құқын аяққа басып, дербестігіне қол сұғумен жүзеге асты...» деп түсіндірді («Неделя», № 31, 1989).

Қазақстан географиялық картасы мен әкімшілік-территориялық бөліниіс жөніндегі анықтағыш та, сондай-ақ республикадағы орыс тіліндегі баспасөз беттерінде көптеген атауларымыз орысша толық, кейде жартылай аударылып, немесе орыс тілінің айтылу «ыңғайына» сай өзгертіп қолдану жайлары басымырақ. Мәселен, Ақсуды – Беловодск, Белые воды, Аққукөлді – Лебяжье, Қызылсуды – Красноводск, Карасуды – Черноводск, Айрықты – Двабрата, Нарынқұмды – Рынпески, Шортандыны – Щучинск, Жұмбақтасты – Сфинкс, Жаңаөзенді – Новый Узень, Ақжарды – Белый яр, Жетісуды – Семиречье, Көктөбені – Белогорье, Көкшені – Синуха деп сөзбе-сөз немесе жобалап аударған. Бұлайша атау екі халықты да алдауратып, шатастырып келеді. Өйткені жер-су аттарын қалай болса солай аударма түрде атау жер жүзінде ешбір елдің тәжірибесінде жоқ нәрсе. Олай болса, қазақ атауларының барлығы да ешбір аудармасыз, бұрмаланбай, бастапқы табиғи қалпында қолданылуға тиіс.

Қазақ географиялық атаулары орысша жазылғанда өзінің бастапқы ұлттық аталу тұлғасын толық сақтап отыруы керек. Ол географиялық атауларды орыс тілінде қатесіз жазып, дұрыс таңбалау туралы тиісті Нұсқауда дәлелді көрсетілген. Алайда орыс тілінде жазатын журналистер мен ғалымдар, түрлі мамандықтағы азаматтар ол ереже-нұсқаны өкінішке орай көбіне басшылыққа алмайды, ескермейді. Сондықтан да қым-киғаш қателікке ұрынады. Оның көрінісін мынандай мысалдар толық дәлелдей түсері сөзсіз. Қөкшетауды – Қокчетав, Имантауды – Имантав, Медеу – Медео, Алматы – Алма-Ата, Кеңөткел – Кинеткуль, Бурабай – Боровое, Шарбақты – Шербакта, Байжонас – Байчунас, Шалқар – Челкар, Оразай – Рузаев, Алты үй – Ялта, Қарасері – Карасире, Есіл – Ишим, Ертіс – Иртыш, Жаңақорған – Янықурган, Бірлік – Берлик, Брлик, Боралдай – Бурундай, Шиелі – Чиили, Бурылбайтал – Бурубайтал, Шамалған – Чемолган, Қоңырат – Конурат, Сораң – Саран, Ерейментау – Ерментау, Бөген – Бугунь, Қызыларай – Қызылрай, Талдықорған – Талды-Курган, Қызылорда – Кзыл-Орда, Мойынқұм – Муюнкум, Ақтөбе – Актюбе, Бұқтырма – Бухтарма, Шағырай – Чограй, Қызылой – Кызыл уй, т. б.

Көптеген қазақ атауларына орыс тілінің қосымшасын жамап айту да кеңінен етек алған. Олардың көбіне халықтың айтуына, күнделікті

тұрмыста қолданылуына едәуір қиындық туғызады. Мәселен, Мынбаево, Жандосово, Маралиха, Мукашево, т. б. Көптеген қала, село аттарына орыс тілінің косымшалары жалғанып, орыс тілінің әсерімен айтылу да бар. Мәселен, Актюбинск, Казалинск, Уральск, Каркаралиинск, т. б. Осы атауларды орысша Актобе, Казалы, Урал, Каркаралы деп те айтуға әбден болады ғой. Мұндай қымқиғаш, ала-құла сауатсыз жазудан арылудың тура жолы – тез арада «Географиялық атаулардың қазақша-орысша транскрипциялық сөздігін» жасау.

Бұл күнде халық тарапынан кеңінен көтеріліп отырған күрделі мәселенің бірі – тарихи атауларды қалпына келтіру. Бұл ретте Одақ көлемінде батыл іс жүзіне асып отырған РСФСР, Украина, Прибалтика, Молдова республикаларының іс-тәжірибесі бізге де үлгі боларлықтай. Мәселен, Андронов қаласы бұрынғы тарихи атымен Рыбинск, Горький қаласы тарихи атымен Нижний Новгород, Куйбышев қаласы бұрынғы тарихи атымен Самара, Жданов қаласы бұрынғы Мариуполь атауларымен аталып отыр. Сондай-ақ Әзірбайжандағы Кировоабад бұрынғы тарихи атымен Гянджа, Татарстандағы Брежнев атанған қала бұрынғы тарихи аты Набережные Челны, Тәжікстандағы Ленинабад қаласы 2500 жыл бұрынғы тарихи атымен қайтадан Ходжент аталып, қалпына келтірілді. Олай болса, қазіргі Петропавловск өзінің тарихи аты Қызылжар, Павлодар – тарихи аты Туақала немесе Тұзқала, Шевченко – бұрынғы тарихи аты Ақтау, Ермак – бұрынғы аты бойынша Ақсу, Панфилов – тарихи атымен Жаркент аталатын уакыт та алыс болмаса керек.

Біздегі топонимдік «дерттің» тағы бір сипаты қайталама атаулар сырында жатыр. Оның да шегі, жөнді реті, табиғи заңдылығы болуға тиіс. Әсіресе ол есім-топонимдерге, яғни кісі есімдерімен байланысты қатаң сақталуға тиісті. Өйткені республикамыздағы есім-фамилиялар негізінде пайда болған қала, село, аудан, селолық Совет, аудан орталығы, түрлі ұйым, мекеме, проспект, алаң, көше аттары да аз емес. Бұларды да құнттап реттеу, жөнге салу, бір ізге келтіру қажет-ақ. Ал осының есесіне жер бедері, табиғат құбылысына байланысты қойылған атаулар әрбір облыста әлденеше рет қайталана береді. Мәселен, Ақсу, Ақжар, Ақсай, Ақтоғай, Ұзынбұлақ, Ақтас, Ақшоқы, Талды, Жылысай, Жылыбұлақ, Ақтөбе, Көктөбе, т. б. Мұндай қайталаулар қанша болса да, заңды құбылыс. Белгілі совет жазушысы К.Паустовскийдің сөзімен айтқанда, «атаулар – ел мен жерді поэтикалық тұрғыдан суреттеу. Оның негізінде халықтың мінез-құлқы, оның тарихы, күнделікті тұрмысының әдет-ғұрпы сақталған». Иә, жер-су атаулары – халық тарихының айнасы. Оларды мәдениет ескерткіші ретінде қорғау, қамқорлыққа алу – жалпыхалықтық, мемлекеттік мәні бар күрделі мәселенің бірі. Сондықтан республикамызда жер-су, елді мекен

аттарын орынды қою, өзгерту, дұрыс жазу мәселелері Қазақ ССР-інің «Тіл туралы Заңының» IV тарауының 28-бабында толық та жан-жақты сипатталған.

Халықтық және әлеуметтік саяси мәні зор бұл мәселе жөнінде соңғы кезде соны бастама, ауқымды жұмыстар істелді. 1989 жылғы қараша айында Қазақ ССР Жоғарғы Советінің ұлт және ұлтаралық қатынастар жөніндегі тұрақты комиссиясының мәжілісінде «Тарихи географиялық атауларды ретке келтіру, әкімшілік-территориялық бірліктердің, елді мекендердің, алаңдар мен көшелердің, кісі есімдері мен фамилиялардың жазылуын (транскрипциясын) түзеу, ретке келтіру» мәселесі жан-жақты талқыланды. Мәжіліс қорытындысында осы мәселемен тікелей шұғылданатын мемлекеттік ономастикалық комиссияны құру туралы шешім қабылданды. Ол комиссияның негізгі міндеті мен қызметі – елді мекен, қала, село, аудан, селолық Совет, алаң, кісі есімдері мен фамилияларды реттеу, жөнге салу, өзгертетін немесе жаңадан қойылған атауларды республикамыздың Жоғарғы Советінің бекітуіне дайындап, ұсынып отыру. Мұның өзі әсіресе жер-су аттарының орфографиялық ереже нормасына сай жазылып, қолданылуын, транскрипциясы мәселелерін жолға қоймақшы.

Міне, осы шешімнің негізінде сәуірдің 20-сы (1990 жылғы) № 156 Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулысымен Қазақ ССР Министрлер Советінің жанынан Мемлекеттік ономастикалық комиссия құрылды. Оның атқарар міндеті мен көтерер жүгі де аз емес. Комиссия құрамындағы 27 адам – республикамыздағы мәдени-ағарту, ғылыми және қоғамдық саланың белді де беделді өкілдері. Бұл комиссия мүшелері өз жұмысын Мемлекеттік ономастика комиссиясының ережесі мен тұжырымдамасы негізінде атқарады.

Өзінің алғашқы ұйымдастыру мәжілісін комиссия тамыздың 3 (1990 жылғы), екінші мәжілісін қарашаның 8 (1990) жұлдызында өткізді. Талдықорған облысындағы Ағарту селосына Қ. Қазыбаевтың атын беру, Қостанай облысындағы бұрынғы Голощекино поселкесін Уральск поселкесі деп атау, бұрынғы Свободное селосын Сынтас селосы, Щербаковка селосын Қыземшек селосы, Репенка селосын Қаракөл селосы, Левобережное селосын Жарқын селосы, Петровское селосын Қызылбұлақ селосы, Восток селосын Қайыңды селосы, Михайловка селосын Қызылағаш селосы және Ұлы Қазанның 70 жылдығы атындағы совхоздың орталығын Бекет деп атау туралы жергілікті Совет орындары аталған елді мекендердің атын өзгерту жөнінде қаулы алды.

Ономастикалық комиссия енді республика Жоғарғы Советінің тапсырмасы бойынша Жезқазған, Көкшетау, Қостанай, Талдықорған,

Шымкент халық депутаттары облыстық Советтерінін кейбір село, елді мекен аттарын өзгерту, жаңадан қою, реттеу туралы ұсыныстарын талқылап, өзінің дәйекті ұсынысын Жоғарғы Совет Президиумының бекітуіне ұсынбақ. Бұл материалдарда Көкшетау облысының орысша қате жазылып келген Имантав, Қокчетав, Челкар, Ундирис, Энбекшильдер, Акчок, Таинча атты елді мекен, село аттарын бұдан былай қазақша нұсқасына жуықтата орысша Қокшетау Имантау, Шалқар, Ондирис, Акшок, Тайынша, Енбекшильдер деп жазу жайлы ұсыныс берсе, Қостанай облысынан түскен ұсыныста Обаған ауданын Алтынсарин ауданы деп атауды, ал Жезқазған облысы Приозерный атты поселкені Шашубай деп атау өтінілген. Шымкент облыстық Советі Түркістан ауданындағы Амангелді селосын белгілі мемлекет қайраткері Н. Оңдасынов атына беру туралы шешім қабылдаған. Бұл тәрізді материалдардың басқа да облыстардан бола берері шүбәсіз.

Жоғарыда аталған ономастикалық объектілерді өзгерту, қайтадан қалпына келтіру немесе жаңадан атау, реттеу, анықтау мәселелері біртіндеп іске асырылатын саяси-әлеуметтік, қоғамдық мән-маңызы зор мәселе ретінде ауылдық, селолық жерлерден басталып, қала, облыс деңгейінде құрылған ынталы топтар мен ономастикалық комиссияларда қаралған соң Мемлекеттік ономастика комиссиясының ұсынысы негізінде Қазақ ССР Жоғарғы Советі тарапынан ресми түрде бекітілуі қажет. Қазақстан топырағындағы Россия патшалығының отарлау саясатына байланысты және коллективтендіру, жеке адамға табыну, тоқырау мен волюнтаризм кезеңдерінде қойылған жағымсыз, халықтың ар-намысына тиіп, ұлттық сезімін қорлайтын атауларды ең алдымен өзгерту керек. Олардың орнына сол тұрғылықты, жергілікті халыққа бұрыннан белгілі тарихи атаулар қайтадан қойылуға тиіс.

Ғасырлар бойы қалыптасқан физика-географиялық атаулар мен атақоныс, елді мекен аттарын себепсіз, заңсыз түрде кез келген адам, мекемелер, ведомстволар тарапынан өзгертуге, ауыстыруға және әртүрлі сылтаулармен ескерусіз-елеусіз қалдыруға тыйым салынып, ол объектілер қазақ халқының баға жетпес рухани байлығы ретінде мемлекет қамқорлығына алынып, қажетті жағдайда өзгертулер мемлекеттік ономастика комиссиясының ұсынысына сай шешім қабылдаған соң Жоғарғы Советтің жарлығымен бекітілуге тиіс.

1917 жылдан кейін пайда болған географиялық, әкімшілік-территориялық, т. б. объектілер атаулары жоғарыда айтылған жағдайларға сай жергілікті комиссиялар тарапынан саналы түрде қайтадан қаралып, тұжырымдамалық негізде реттеліп, жүйеге салыну керек. Ол үшін алғышарт ретінде ең алдымен жергілікті ұлттық топонимдердің сандық мөлшері, сапасы мен мән-мағынасы, жиілігі мен қайталануы (тираждануы), қазақша дұрыс жазылуы мен орысша сауатты транскрипциялануы ескерілуі

керек; мекен-жай, жер-су, көше, алаң және мекеме, әкімшілік-территориялық объектілер аттарын шамадан тыс саясаттандырудан арылту керек, қазақ топонимдерін орыс, т. б. тілдерге сөзбесөз түрде (жарым-жартылай, түгел немесе бұзылып) аударылуына, тұлғасының өзгерілуіне тыйым салынуы қажет. Ал жаңадан қойылатын ұлттық атаулар қазақ халқының тілінде қойылып, оның грамматикалық заңдары, жазылу, айтылуы әдеби тіл нормасы бойынша толық сақталуға тиіс. Орысша транскрипциясы осы нормаға сүйеніп, атаулардың түпнұсқаға сай жазылуын қамтамасыз ету шарт.

Сонымен бірге әкімшілік-территориялық құрылымдарға кісі есімдерін қоюда немесе ауыстыруда тұжырымдамалық принцип ретінде мынандай алғы шарттар сақталуы керек. Республика, облыс және аудандарға қарасты бірде-бір қала мен қалашыққа кісі есімі мен фамилиясы берілмесін, ал бұрыннан есім-фамилиямен аталып келе жатқан қала, қалашық аттары осы шартқа сай қайтадан қаралсын; кісі есімдері мен фамилиялары тек қалалық, селолық аудандарға, колхоз-совхоздарға, елді мекен, қала, село көшелері мен алаңдарына, мекеме, оқу орындарына, тағы басқа уақ орындарға ғана арнайы қаулы арқылы берілуге тиіс. Мұндай орындарға ең алдымен осы өлкенің тарихына, негізгі халқының мәдени, рухани өміріне тікелей қатысы бар, сол өлкеде туып-өскен, еңбек еткен тарихи адамдар мен ғылым, мәдениет пен әдебиет қайраткерлерінің, еңбек ардагерлерінің есімдері берілуге тиіс. Қайталануға, тираждануға жол бермеу үшін бір адамның есім-фамилиясы ең көп дегенде екі-үш рет (республика көлемінде – 3 рет, облыс аймағында екі рет, ауданда, туыс-өскен, білім алған, еңбегі сіңген жерге бір рет) қайталануын, бір жерге ретсіз шоғырланбауын қадағалау керек.

Қазақстанға, оның халқына, тарихы мен мәдениетіне қатысы жоқ адамдардың есім-фамилиясын қоюға тыйым салынсын. Бұрын қойылып кеткен есім-фамилиялар қайтадан қаралуға тиіс. Ал олардың орындарына ұсынылатын жаңа атаулар (есім-фамилиялар немесе басқа да халықтық атаулар) жергілікті ынталы топтар мен комиссиялар тарапынан зерттеліп, жергілікті Советтердің қабылдаған шешімі жан-жақты талқыланып, толық бекуі үшін оны республикалық Мемлекеттік ономастикалық комиссияға жолдау керек.

Республикада жаңадан құрылған, не құрылуға тиіс әкімшілік-территориялық құрылымдардың атаулары бірдей анықталып, бір қаулы, не жарлықпен бекітілгені оңтайлы. Мәселен, қайта құрылған Маңғыстау, Торғай облыстарының орталықтары (Ақтау, Арқалық) ғана емес, сонымен қатар осы облыстардағы бірден түзетуді, реттеуді қажет ететін қала, қалашықтар, аудан, селолар да бар.

Қазақстанның демографиялық жағдайында, негізгі тұрғын халықтар сан жағынан аз тұрған жерлерде, географиялық атауларды жаңадан кою немесе өзгерту, сондай-ақ тарихи атауларды қалпына келтіру мәселелерін көпшілік дауысқа салып шешу мүмкін емес. Мәселен, Қостанай облысындағы Голощекино темір жол станциясы мен село атын өзгертіп, бұрынғы аты Түйелі, одан кейінгі қойылған Медет атын қайта беруге арналған село тұрғындарының жалпы жиналысына қатысқан 366 тұрғынның ішінде 27-сі қазақ, 18-і неміс екен де, басқалары орыс және украиндер болған. Олар көпшілік ұсынысымен село атын Приуральск деп атау туралы ұсыныс жасап, көпшілік дауыспен село Приуральск болсын деп селолық Совет қаулы алған. Ал Медет болсын деп дауыс бергендер саны бар-жоғы 27 адам болған. Мемлекеттік ономастика комиссиясы өз мәжілісінде бұл мәселені талқылап, селоның бұрынғы ұлттық атымен Медет аталуын дұрыс деп шешті.

Сондықтан мұндай мәселелерді шешуге жергілікті ономастикалық комиссиялар тікелей атсалысып, олардың ұсыныстарын селолық Советпен келіскен соң, оның шешімін аудандық Совет бекітіп, мемлекеттік ономастикалық комиссиясына жолдағаны жөн. Осыдан соң бұл ұсыныс Қазақ ССР Жоғарғы Советіне жіберіліп, онда тиянақты шешім қабылдаған соң ғана оның күші заң жүзінде жүзеге асады.

ССРО Министрлер Советінің геодезия және картография Бас басқармасы дайындап шығаратын карталар мен атластардағы, турис- тер жолының схемалары және де басқа анықтамалардағы Қазақ ССР географиялық атауларының орысша транскрипциясы, олардың дұрыс жазылуы Қазақ ССР Министрлер Кабинеті жанындағы Мемлекеттік комиссиямен міндетті түрде кеңесіп, оның келісімін алған соң ғана жарияланып отыруы керек.

Республикамыздағы барлық ономастикаға қатысты (географиялық атаулар, мекеме, ұйым аттары, есім-фамилиялар, т. б.) объектілерді ретке келтіру шаралары, оның материалдары республикалық баспасөз беттерінде ономастика, география, геодезия мамандары тарапынан жария болып отыруы қажет.

Сонымен, қорыта айтқанда, халқымыздың сан ғасырлық тарихына тән дәйекті деректердің бірі – оның тірлік-болмыс, дүниетаным көзқарасын, тарихи-әлеуметтік жайы мен ұлттық мәдениетінің нышанын, ана тілінің бәз қалпындағы табиғи бітім-бейне, халықтық көрінісін замандар бойы сақтап келе жатқан қазынамыз атамекен, туған жер атаулары. Бұл тараптағы нендей бір қиғаштықтарды, бұрмалаушылықтарды тезінен түзетіп, қалпына келтіру – уақыт талабы.

«Қазақстан коммунисі», 1991. № 4. 46-53 б.
(Т.Жанұзақовпен бірге)

Стараться понять или о спорах и быть понятыми, вокруг переименований

Мы погружены в мир собственных имен и раньше попросту не замечали этого – он казался незыблемым, вечным. Но по мере того, как «винтики» превращались в граждан и обретали человеческое и национальное самосознание, им стало совсем не безразлично, что как называть. Ономастика (онома – по-гречески имя) влилась особым, своеобразным потоком в океан социально-политической жизни общества, впитав в себя мнения множества людей, а не только ученых-лингвистов.

«Казахстанская правда» недавно сообщила читателям, что Государственная ономастическая комиссия при Кабинете Министров подвела итоги всенародного обсуждения проекта концепции упорядочения наименований государственных и административно-территориальных единиц, переименования населенных пунктов и восстановления исторических географических названий в Республике Казахстан. Проект был одобрен, решено внести его на утверждение правительства.

О содержании концепции, ее ключевых положениях и принципах разногласий по ряду существенных моментов размышляет заместитель председателя комиссии, академик, директор Института языкознания им. Ахмета Байтурсынова А. Т. Кайдаров.

– Проблема возникла отнюдь не по чьей-то субъективной воле, ее не навязали ученые или политики – она родилась как неизбежное следствие глубоких исторических перемен последних лет, краха тоталитарного режима и духовного, национального возрождения народов. Однако мы не вправе полагаться на стихийное развитие процесса и должны заботиться о том, чтобы он протекал в достойных цивилизованных формах, отвечая как неотъемлемым интересам казахского народа, так и высоким целям гуманизма, демократии и межнационального согласия в Республике Казахстан – новом независимом государстве.

Как определить круг географических, административно-территориальных и других наименований, подлежащих восстановлению, замене, присвоению и унификации? Именно на этой почве разгораются сегодня страсти, возникают не только межнациональные, но и даже межплеменные и межродовые противостояния. Это происходит, по нашему глубокому убеждению, от недостаточно четкого понимания сути и цели предпринимаемых государством мероприятий и своего рода глухоты к одной из самых ранимых сфер духовной и культурной жизни народа.

Единого взгляда на этот предмет пока нет. Высказываются самые различные, иногда диаметрально противоположные мнения. Будем от-

кровенны: горячее стремление исконного населения республики во что бы то ни стало упорядочить запущенное ономастическое «хозяйство» в своем доме, как ни странно, встречает непонимание определенной группы сограждан.

Прежде всего напомним очевидное обстоятельство: решается не какая-то чисто «казахская проблема». Она присуща всем национальным регионам, включая Россию, Украину, Беларусь. Едва ли безоглядный протест, а порой и амбициозность – наилучший способ возражения. Оппонентам следует различать «национальное» и «националистическое». Никто не собирается все «неказахское» заменять «казахским», что само по себе абсурдно и принесло бы серьезный ущерб межнациональным отношениям. Но в то же время необходимость восстановления незаслуженно и незаконно измененных и вытесненных географических названий в Казахстане все же следует признать как право нации на историческую справедливость.

Государственная ономастическая комиссия намерена проводить свою работу постепенно, но неуклонно, а потому ее деятельность должна носить не временный, а постоянный и созидательный характер, без кампайнещины и спешки.

К категории первоочередных в концепции отнесены географические и административно-территориальные наименования, измененные против воли народа в разные периоды истории Казахстана. На наш взгляд, это слишком категоричный подход. Нужно уверенно и последовательно вести работу и по историческим географическим названиям, и по административно-территориальным образованиям, и по наименованиям улиц, но придерживаясь при этом разумного принципа необходимости и целесообразности. Может быть, ради этой целесообразности в настоящее время больше внимания следует уделять возврату исконных географических названий, а не их поголовному переименованию. Надо избавляться от чрезмерно политизированных и идеологизированных имен, от неразумного их скопления и тиражирования, а также от практики наречения улиц и скверов городов названиями типа Кривая, Тупиковая, Болотная, Крайняя, ставшими анахронизмами при современных темпах градостроения.

Концепция выдвигает требование: впредь не допускать произвольное изменение и замену исторически сложившихся исконно народных географических названий городов, поселков, сел и аулов и других населенных пунктов. Надо думать, что такого произвола в ономастике впредь не будет, но узаконить это правило, конечно, необходимо.

Предусматривается также строжайший контроль над транскрибированием национальных наименований на русском языке. Но поскольку это

пройденный этап и здесь мы уже успели наломать немало дров, придется исправлять допущенные ошибки. Они наблюдаются в одном случае в виде произвольной транскрипции на русском языке (Жем – Эмба, Бершөгыр – Берчогур, Жайылма – Жайрем, Сарымонке – Сарвенок, Кокшетау – Кокчетав, Бармакшы – Бармашино, Шабакты – Чебачье и т. д.), в другом – в свободном калькировании (Аккукол – Лебяжье, Аксу – Беловодье, Жекебатыр – Спящий рыцарь, Кызылтау – Красногор, Жетысу – Семиречье, Шайтантас – Чертово колесо и др.), а в третьем – в искаженном употреблении на манер русского языка (Актобе – Актюбинск, Орал – Уральск, Кызылорда – Кзыл-Орда, Алматы – Алма-Ата, Медеу – Медео).

Согласно концепции, все они постепенно должны быть приведены в соответствие нормам казахского государственного языка, и ничего в этом крамольного нет.

Наибольший спор, о чем, в частности, свидетельствуют материалы прессы, разгорается вокруг того, какому объекту и чье имя или какое наименование присвоить. Здесь-то и сталкиваются межнациональные, этические и иные интересы. Многое в разумном решении несогласий, споров зависит от взвешенного и трезвого отношения русскоязычной интеллигенции. Думаю, не обижу ни одну из «сторон», если предположу, что порой вполне гуманным было бы ее стремление понять своих казахских друзей, в чем-то проявить и снисходительность, встретив, скажем, запальчивые суждения.

Несгибаемая твердость, полнейшая бескомпромиссность, от которых так настрадалось наше общество в былые годы, уступят, надеюсь, место способности и желанию вникнуть в доводы оппонента, подвергнуть их нелицеприятному анализу и соотнести с тенденциями общественного развития, с реалиями политики, возрожденной государственности казахского народа.

Вопрос непростой – кого же из исторических личностей (ханов, полководцев, сказителей, ученых и т. д.) все-таки предпочесть на «освободившиеся вакансии». Критерии и подходы тут разные, дискуссии естественны. Однако бесспорным является принцип, согласно которому географическим и иным объектам присваивают, прежде всего имена людей, имевших непосредственное отношение к гражданской, политической, культурной, социальной истории Казахстана – людей, связанных с Казахстаном своей личной судьбой, длительной и плодотворной деятельностью. При таком подходе не национальная принадлежность рассматривается как наиболее существенный критерий. Тем самым исключается расхожее мнение «национализации» ономастики в Казахстане.

Безусловно, уместно увековечить имена гениев Запада и Востока в названиях наших улиц, площадей, скверов, что будет и данью уважения общечеловеческой культуре. Но надо соблюдать, несомненно, чувство меры. Неприемлемой следует признать практику механического перенесения на макро- и микрокарты Казахстана имен, которые даже трудно будет отыскать в больших энциклопедиях, а также их тиражирования.

Кстати, о тиражировании имен. Концепция выносит на суд общественности вопрос о присвоении имени одного и того же лица не более чем трем объектам и тем самым покончить с назойливым излишеством тоталитарного прошлого, когда одно имя лепилось в невообразимых количествах городам, улицам, колхозам, учебным заведениям и т. д.

Похоже, что от этой мании еще не излечились. Парад «присвоения» имен исторических лиц и реабилитированных за последние годы деятелей культуры уже набирает темпы, причем в виде межрегионального соревнования – начиная от школ и кончая районами и городами. Это, конечно, объясняется новым этапом национального возрождения казахского народа и его стремлением, во что бы то ни стало вернуть в исторические анналы незаслуженно забытые имена выдающихся личностей – неотъемлемую часть его истории. Но бесконтрольное тиражирование все же неуместно.

Может быть, следует установить какие-то градации авторитетности и весомости внесенного теми или иными лицами вклада в историю республики и в зависимости от этого определять, сколько раз можно и на каком уровне (республиканском, областном, районном и т. д.) повторять их имена в целях увековечения. Естественно, именами наиболее выдающихся личностей должны быть названы проспекты, улицы и другие объекты столицы республики. Но наилучший памятник – это любовь народа, которая в наибольшей степени выражается на их родной земле.

Ономастическая комиссия внимательно рассматривает ходатайства земляков тех или иных личностей. Вот один пример. В Кзылкумском (ныне уже Отрарском) районе Чимкентской области земляки Абунасыра аль-Фараби обратились в Госономком с просьбой дать согласие назвать его именем овцесовхоз в Кзылкумском районе. Первоначально нам показалось неприемлемым предложение назвать овцесовхоз именем философа. Но земляки аль-Фараби настаивают на своем предложении, аргументируя это тем, что именно здесь, на месте нынешнего совхоза, где был древний город Оксыз, родился аль-Фараби и что они по праву гордятся этим. Пришлось вынести вопрос на рассмотрение в высшую инстанцию.

Было бы ошибочным думать, что увековечению подлежат только имена особо выдающихся личностей. При этом общественным сознани-

ем должны двигать прежде всего морально-этическая, нравственно-воспитательная стороны дела, а не национальная прихоть, амбиции определенных кругов.

Мотивы увековечения имен могут быть самые различные, здесь не должно быть никаких трафаретов. Так, бывшее село Рошково в Восточно-Казахстанской области по настоянию населения Зайсанского района было переименовано в аул Биржана, малыша, ставшего единственной жертвой разрушительного землетрясения в 1989 году. Односельчане собираются установить бюст Биржана на том месте, где был эпицентр этой катастрофы. Что ж, весьма похвальный пример. При выполнении благородной миротворческой миссии в Нагорном Карабахе в прошлом году трагически погибли четверо граждан нашей республики. Алма- Атинский горисполком поступит правильно, если своим решением назовет их именами четыре улицы города.

Спорный момент – увековечение имени ныне здравствующего человека. Предложение такого рода поступает в Госономком, например, в отношении первого казахского космонавта Тохтара Аубакирова. Этическую сторону вопроса пусть решает сам наш первый казахский космонавт, но такого всенародного уважения он вполне заслужил.

Второй момент, предусмотренный в концепции, – более не присваивать городам, областям и районам Казахстана имен отдельных лиц, какими бы выдающимися они ни были, за незначительными исключениями. Так обстоит дело в мировой практике. Трудность заключается в том, как быть с уже присвоенными.

Обязанность решать все споры ономастического характера по концепции возлагается на Госономком. Но и споры бывают разные: одни решаются по мере достигнутого взаимопонимания, другие – путем голосования или всеобщего референдума, а третьи – силой конфронтации. Для нас приемлемы первые два пути, но с большой оговоркой.

Референдум хорош, когда определяются общие интересы народов и наций. А в исторически сложившихся демографических условиях Казахстана, когда коренное его население не по своей воле оказалось в меньшинстве и расселено неравномерно, референдум неприемлем.

Мы не раз ощущали это на практике. Так, при переименовании село Голощекино большинством голосов русскоязычных жителей на сельской сходке вместо исконного названия этой местности – Туйели – приобрело новое название – Приуральск. Поэтому мы при разработке концепции настаивали на включении специального пункта о неправомерности и некорректности решения спорных вопросов ономастики путем всеобщего референдума. В этой связи на Государственную ономастическую комиссию была возложена почетная миссия арбитра. Считаем, что она будет оправдана только при условии, если подкрепится соответствующими юридическими правами.

Для реального воплощения намеченной в концепции программы действий необходима широкая разъяснительная работа. Пока проблемы ономастики недостаточно освещаются в русскоязычной печати, а все рассуждения, доводы, аргументы казахской интеллигенции – лишь в казахской печати, мы вряд ли достигнем общего взаимопонимания и прогресса.

Нередко слышишь вопрос: почему проблемы казахской ономастики постоянно рассматриваются в связи с колониальной политикой царизма в Казахстане? Действительно, это пройденный этап нашей истории, и нужно ли ее ворошить? Как будто резонное сомнение. Но, с другой стороны, сегодняшнее состояние топонимики Казахстана невозможно вразумительно объяснить без исторических свидетельств, ибо без причин следствия не бывает. А причины неуклонно ведут нас к колониальной политике царизма, оставившей у народа самые трагические воспоминания.

Народ начинает теперь понимать, чем обернулось «добровольное присоединение» к России и какие плоды глобальной программы «русификации» он пожинает сейчас.

Вполне объективные исторические факты свидетельствуют о попытке царского самодержавия стереть с лица земли «географическую память» аборигенов края.

В кое-каких регионах бывшей окраины России эта программа – сменить религию, имена и фамилии, изменить географические названия, лишить языка и письменности и т. д. – выполнялась. Но в Казахстане она по некоторым объективным причинам не была доведена до конца. И, оказывается, историческая память народа при благоприятных условиях способна возродить национальную культуру, восстановить все утерянное, если не полностью, то, во всяком случае, частично. Таким желанием и помыслами живет сейчас казахский народ, обретший государственную самостоятельность.

Поэтому, когда некоторые наши сограждане строго предупреждают – «не трогайте их (т. е. русские наименования) – это наша история!», невольно хочется спросить: о чьей и какой истории идет речь? Да, действительно, все это наша история (хотя в ней надо еще разобраться), но ведь за ней стоит еще историческая правда, которая открывает современному поколению подлинные причины насильственного, повсеместного переименования сотен и тысяч исконно казахских топонимов и антропонимов.

Впрочем, даже не в этом суть вопроса. Любые исторические контакты, какими бы они ни были, оставляют свои «следы» на том или ином географическом пространстве. Возьмем, например, монгольско-джунгарские нашествия на казахскую землю, оставившие сотни и сотни топонимов монгольского происхождения: Зайсан, Нарынкол, Чунджа, Сумбе, Тологай, Баргустай, Тарбагатай... Но никто их не собирается выдворять или переименовывать.

Следовательно, ставится вопрос не о поголовной замене топонимов иноязычного происхождения. Речь идет даже не столько о топонимах, сколько об антропотопонимах, за которыми стоят конкретные исторические лица – завоеватели, колонизаторы. А этого не приемлет ни один народ. Видимо, поэтому среди монгольских антропотопонимов мы не можем найти имен, например, Галдан-Церена, Контайджи, Сару, Аюке и многих других военачальников – жестоких поработителей, подобно тому как мы не найдем имени Чингисхана, Едиге, Наполеона, Гитлера и других на русской земле.

В круг ономастических проблем входит также пересмотр наименований многочисленных крепостей, линий, пограничных застав, строительных сооружений, пикетов, напоминающих не столько о гражданской истории края, сколько об истории колониализма. А разве крепость Верный, кем бы она ни строилась, не относится к цитаделям самодержавия? К тому же она была построена не на безлюдном месте, а в районе древнего города Алматы на Великом шелковом пути, археологические находки которого хранятся в Центральном историческом музее (Ю. Домбровский описал его в своем романе «Двухэтажный город»).

Но все-таки львиную долю антропотопонимов Казахстана русского происхождения составляют имена представителей привилегированного класса царской России: это – потомки Романовых (братьев, сестер, племянников и др.); приближенные к императорскому трону генералы и господа, усердные чиновники и капиталисты и прочие сатрапы царизма, не имевшие к казахской земле никакого отношения, кроме права колонизатора. И не удивляйтесь тому, если среди этой элиты вы не найдете хоть кого-нибудь из представителей русских прогрессивных деятелей, а их было немало.

Вот почему в методологической основе концепции большой акцент делается на эту сторону проблемы ономастики. Образы и имена сатрапов царизма ныне воспринимаются как антиподы нашей независимости. Никто не должен держать ответ перед историей за «деяния» своих далеких предков. Тем не менее наше поколение должно знать историческую правду о том, кем были для кочевого казахского народа в прошлом Ермак, Колпаковский, Гофмани, Черняев, Вановский, Балкашин, Гурьев, Комаров и многие другие, чьими именами по сей день пестрит географическая карта Казахстана.

Быть может, эти доводы кому-то покажутся преувеличенными. Тогда всмотритесь сами в уже приводившиеся в печати «мнения» о «туземцах», «номадах», как называли казахов в недавнем прошлом. Так, генерал – губернатор Н. А. Сухомлинов писал: «...Туземцы нас должны интересовать

только как материал, из коего в близком будущем и должны вырабатываться обычные русские крестьяне, хотя и мусульманского вероисповедания. Поэтому их надо ввести в дух строжайшего уважения ко всему русскому...». Налицо шовинизм, имперская амбиция и оскорбление народа. А известный всему цивилизованному миру ученый-географ Пржевальский изрек следующее: «Как баран не может быть дрессирован наподобие лягавой собаки, так и кочевник, умственно тупой, ленивый и апатичный, не может по складу своей природы переделаться в энергического цивилизованного человека».

Это – общие «мнения» колонизаторов об аборигенах резервации, которые подкреплялись их конкретными «деяниями». Два примера.

Черняевка – местность в Чимкентской области, названная именем генерала Черняева, который был широко известен, особенно среди казахов южного региона, своими кровавыми злодеяниями. Это он устроил пушечную стрельбу по святыне мусульманской религии, названной второй Меккой, – Мавзолею Ходжи Ахмета Ясави в городе Туркестане. Кстати, сейчас на восстановление этого мавзолея в порядке помощи Турцией выделено 20 миллионов долларов. Где конец и начало гуманизма – нетрудно догадаться.

Балкашино – город в Целиноградской области, названный именем царского чиновника особых поручений Н. Балкашина. О нем уже писали («Казправда», 29.XI. 90; 16.01. 92). Это – ярый и жестокий колонизатор. Достаточно прояснить небольшой штрих к его портрету, оставленный в воспоминаниях ученого-востоковеда Г. Н. Потанина: «К простому народу Балкашин относился с некоторой гадливостью и очень был заражен дворянским чванством. Словом, это был типичный шовинист. Киргизы (т. е. казахи – А. Т.) были для него ордой, с которой нечего было церемониться. Земли, которые они занимают, изрекал он, для государства выгоднее отдать русским крестьянам, а киргизы пусть убираются куда хотят» (Г. Н. Потанин. Литературное наследие Сибири. Новосибирск, 1986, т. 7., с. 35).

Речь идет, как видите, не о русском народе, а о небольшой кучке самых ярых ставленников самодержавия, успевших по праву колонизатора «увековечить» себя на исконной земле казахов.

Среди недовольных есть категория критиков, которым вообще деятельность комиссии и все проблемы в целом представляются ненужной роскошью, поскольку мы и без того испытываем нужду в средствах.

Да, конечно, при сегодняшних экономических трудностях это серьезный аргумент. Но как быть с необратимым процессом национального возрождения и переоценкой духовных и морально-этических ценностей?

Дело здесь, пожалуй, не столько в средствах, сколько в желании и согласии. Ажиотаж вокруг переименованных уже улиц не с лучшей

стороны характеризует отношение сограждан к интересам местного населения. Что же касается средств, то давайте изучим опыт соседей и изыщем источники. Один из них – субботники. Ведь смогли же жители Ворошиловграда заработать таким путем нужную сумму на расходы, связанные с переименованием в Луганск. Думается, что в областях, городах и селах нашей республики поддержат этот пример и почин. Ведь процесс рассчитан на многие годы.

Что же касается якобы частных, поспешных и необоснованных переименований и упреков на этот счет, то давайте выясним их причины и постараемся понять. На самом ли деле это так? Следует учесть, что в ономастической культуре Казахстана происходили и будут происходить изменения, о чем свидетельствуют исторические пласты и «отложения» на его географической карте следов древних саков, воинственных гуннов, оседлых согдийцев, арабских завоевателей, нашествий монголов и т. д. Причем подобные изменения касаются не только населенных пунктов и собственно географических объектов, но и городских улиц. Напомним, что современный проспект Аблай хана с момента образования крепости Верный претерпел по крайней мере пять переименований: ул. Старокладбищенская – ул. Вокзальная – пр. Сталина – пр. Коммунистический.

Все это происходило по велению времени, и никто не знает, что будет завтра. Однако в этой связи непонятен смысл намеков типа: «как бы не пришлось вам снова переименовывать...» или сожаления: «мы расстанемся с еще одной страницей своего прошлого...». Что это – ностальгия по прошлому или предчувствие предстоящих перемен? Но как бы то ни было, возврата к Коммунистическому проспекту не ожидается.

Некоторым нашим согражданам не нравятся имена, на которые переименованы за последнее время отдельные центральные улицы Алма-Аты. Ни с кем-де не согласовали, никого не спросили, это наносит моральную травму, ухудшает межнациональные отношения и т. д.

Что ж, разберемся. Многих шокируют не столько деятельность, достоинства этих исторических личностей – Кабанбая, Богенбая, Наурызбая, Аблай хана, Толе бия, Казыбека, Айтеке бия и других, сколько постпозитивные атрибуты в их именах: бай, хан, би, бек и т. д. Причем, это воспринимается как одиозный признак казахов.

Элементарно: хан – это «степной властелин, владыка», а бай – «богач, богатый». Казахи, нарекая детей, выражали (до недавнего времени) свое нескрываемое желание, надежду, чтобы они были богатыми, следовательно, счастливыми. В этом они не чувствуют никакого уничижительного чувства.

На вопрос: «Почему не спросили меня?» можно ответить следующим образом. При переименовании и наречении новыми именами населенных пунктов в республике с общественным мнением считаются. В отношении же улиц и скверов в больших городах практически невозможно опросить всех. Да, оповещать людей, обсуждать вопрос необходимо. Но, с другой стороны, позволительно спросить: кто из наших сограждан помнит, при каком царе, вожде, генсеке или президенте спрашивали нас с вами о наречении или переименовании тысяч и тысяч топонимов, антропотопонимов в Казахстане, в том числе более двух тысяч улиц в Алма-Ате?

Раздаются и упреки о чрезмерном увлечении переименованием административно-территориальных объектов именами исторических личностей. Мы прекрасно понимаем, что казахский народ, приобретший суверенитет, свободу и независимость, сейчас переживает исключительно важный этап своей истории. Он приобрел уникальную возможность воссоздать утерянное за многие века. Поэтому с пониманием следует отнестись к «параду юбилеев» и тому, что 1991 год был назван «годом батыров». Естественно, народ при первой же возможности восстанавливает в своей памяти самые тяжелые годы борьбы за свободу и независимость и стремится вернуть в анналы истории своих национальных героев, государственных деятелей. И ничего зазорного в том, что сегодня батырам, проявившим мужество и героизм при джунгарском нашествии, народ отдает дань уважения, присваивая их имена отдельным объектам.

Однако взвинчивать из-за этого конкуренцию не только между разными областями, районами, но и между потомками племен и родов никак нельзя. Такая тенденция, к сожалению, наблюдается, и от нее надо отказаться. Хочется еще раз повторить: ажиотаж, нервозность и спешка в столь тонком деле недопустимы.

Наш девиз: стараться понять и быть понятыми.

«Казахстанская правда», 1992. 29 февраль.

О судьбе языка земли казахской

Казахстан примечателен не только разнообразием географического ландшафта, но и причудливыми в языковом отношении топонимическими названиями, истоки которых уходят в глубокую древность. По приблизительным подсчетам, число всех официально зафиксированных географических названий (гор, холмов, долин, рек, озер, городов, поселков, аулов и т. д.) в Казахстане превышает миллион единиц. К сожалению, пока никто еще не знает полного числа всех топонимов, напластованных в течение не одного

тысячелетия самой историей. В государственную топографическую карту Казахской ССР (масштаб 1:100.000) из 25.000 названий гор (оронимов) попали лишь 20 тысяч, из 48 тысяч озер – 12 тысяч, а из 85 тысяч рек – только 8 тысяч.

Но существо дела даже не в этом.

Если внимательно всмотреться в географическую карту Казахстана, невольно придешь в крайнее недоумение от обилия трансформированных, а иногда и вовсе искаженных названий. Мало того. Сегодня обезображенная карта стала козырем для некоторых экстремистских сил, требующих пересмотра границ Казахстана. Поэтому проблема, о которой идет речь, является не только лингвистической, но и социально-политической, для правильного решения которой нужны мудрость и взвешенность.

Речь идет об истории древнего этноса, имеющего богатое прошлое, внесшего посильный вклад в мировую цивилизацию. Сегодня не приходится удивляться тому, что казахский народ, как и другие народы нашей страны, переживает небывалый подъем национального самосознания. И он вправе требовать не только уважения к своей истории, культуре, языку, но и возвращения земле ее древних, исторических имен. Разумеется, вопрос этот весьма сложный и деликатный, требующий самого серьезного подхода. Но очередной ошибкой будет, если в его решении мы ограничимся только кругом проблем, касающихся языка. Здесь невозможно обойти историю, культуру, мораль, этику, экономику, демографию, политику, идеологию.

Колонизаторская политика царской администрации проводилась настойчиво и последовательно. Превращение Казахстана в сырьевой придаток и полное его «освоение» неизменно сопровождались широкой русификацией наименований местных географических объектов.

Как происходило географическое «освоение» края?

К примеру, древний город Тұзқала. История гласит: неподалеку от реки Иртыш на озере Ямышев (бывший Тұзқала) с 1613 года добывали соль. После 1697 года началась меновая торговля между русскими и казахами. К тому времени купец Коряков полностью захватил озеро и нарек местность своим именем, а в 1720 году это название переносится на построенную здесь крепость. Казахи стали произносить Коряковку на свой лад – Кереку, которое сохранилось и по сей день в разговорной речи. Когда в мае 1861 года на свет появился очередной наследник престола Павел, местная царская администрация, желая выслужиться перед его высочеством, решила крепость Коряково подарить новорожденному Павлу. И древний Тұзқала превратился в Павлодар. По аналогичному сценарию менялось название города Үйшік (Жайық), который в 1645 году становится Гурьевом. Известное казахское поселение Қызылжар в 1752 году стало военным укреплением, а в 1807 году переименовано в Петропавловск.

После городов крепостей, удостоенных чести быть названными именами купцов и представителей царских династий, перешли к увековечению генералов и других царских сатрапов. С тех пор наша земля пестрит такими названиями, как Ванновка, Черняевка, Романовка, Николаевка, Фогелово, Корниловка, Столыпинка и др...

В Целиноградской области есть Балкашинский район, с центром Балкашино. Кто такой Балкашин? В свое время выдающийся ученый востоковед, ближайший друг Чокана Валиханова Г. Н. Потанин писал: «Это был типичный шовинист. Киргизы (казахи) были для него ордой, с которой нечего было церемониться. Земли, которые они занимают, для государства выгоднее отдавать русским крестьянам, и киргизы пусть убираются куда хотят». Но имя тем не менее увековечено и причем – ирония судьбы? – на земле того народа, который он презирал.

Переименование географических объектов Казахстана за редким исключением проводилось на «живом месте», т. е. путем «замены» существующих исконно казахских наименований: Шевченко раньше назывался Ақтау, Уральск – Теке, Луговое – Құлан, Ванновка – Майлыкент, Корниловка – Жаскеу, Успеновка – Нілді, Дмитриевка – Арқабай, Красногорск – Сұлутер, Николаевка – Құнту, Столыпино – Қосбөлтек, Черкесское – Нияз, Антоновка – Машат, Алексеевка – Ортатеректі, Михайловка – Сарыкемер, Вознесеновка – Тастұмсық...

Самыми же «плодотворными» периодами исчезновения казахских микротопонимов были годы целинной эпопеи. За период хрущевской десятилетки (1954–1964 годы) в пяти северных и центральных областях на русский язык переименовали 302 аульных поселковых Совета. А по случаю торжественного празднования 25-летия освоения целины с особой гордостью говорилось, что в этом крае за четверть века число переименований достигло 3.500.

Любой человек, взяв в руки атлас нашей республики и внимательно посмотрев на ее северные и центральные области, затрудняется сказать, что это территория Казахстана. Таковы результаты не только колониальной политики царизма, но и периода сталинизма, волюнтаризма и эпохи застоя.

Жесткая централизация ни с чем и ни с кем не считалась. Команды приходили сверху и неукоснительно выполнялись. Свидетельство тому – письмо ветерана войны, труда и партии С. Боранкулова, который пишет: «Я был в числе организаторов новых целинных районов и совхозов в Кустанайской области. Когда дело доходило до того, как называть тот или иной совхоз, то постоянно возникали конфликты на национальной почве. Мы хотели именовать новые районы и совхозы традиционно звучащими названиями гор, рек, родников, имеющихся здесь, или присваи-

вать им имена известных партийных, государственных, общественных деятелей Казахстана. Но сидящие «наверху» никогда не считались нашим мнением. Например, мы обосновали, почему нужно назвать новый совхоз в Орджоникидзевском районе Аятским – он находился на реке Аят. Но пришла команда назвать его Комаровскнм. И может, не стоило бы об этом, если бы не один факт, который меня поразил. Оказывается, на карте, которая была составлена в эпоху столыпинской реформы, это место было обозначено как Комаровское – именем переселенца, построившего свое жилище именно здесь, в этой точке...».

Стоит сегодня задуматься над этим.

Древний город Акмола – стоило Хрущеву промолвить одно слово – в тот же миг стал Целиноградом. Мода на это слово оставила после себя заметный след. На территории 6 областей республики оно встречается 30 раз. При этом имеются 2 Целиноградских района, 10 сельских и аульных Советов. В итоге – в честь «целинной эпопеи» около 50 городов, поселков, аулов в республике получило свое название от слова «целина», но ни одного названия от его казахского значения «тын».

Понять трудно, а объяснить?

Сколько уже переговорено по поводу названия города Ермак. Даже в самый разгар колониальной политики самодержавия никто не решался назвать именем колонизатора что-либо на земле казахов. А вот в 1961 году в Павлодарской области город Аксу переименовали в Ермак. Разговоры о сложностях решения этого вопроса уже никого не убеждают: ведь мы все знаем, как после XX съезда КПСС молниеносно исчезло все, что было связано с именем Сталина.

Другая сторона вопроса, когда казахские названия частично или полностью переведены на русский язык в целях, видимо, более удобного произношения – Кокшетау стал Кокчетавом, Аққукөл – Лебяжьим, Ақсу – Беловодском, или Белыми Водами, Ақжар – Белым яром, Шортанды – Щучьим, Жетысу – Семиречьем. По каким нормам появились эти географические названия? Наука об этом ничего сказать не может.

Где, в какие времена и какой народ свои исконные названия переводил на другой язык в целях практического применения? А если быть последовательным, то почему тогда дело не довести до логического конца – Алматы назвать Яблоневый, Алатау – Пестрая гора, Қаратау – Черная гора, Черногорье...

Немало случаев, когда структура некоторых наименований затрудняет определить, к какому языку они относятся. Например, самая высокая гора в Ерейментау с давних времен именовалась Ақдін, «переведя» ее, стали называть по-русски Белая сопка, затем казахское слово «дін» в его составе почему-то превратилось в русское «дым», и топоним зазвучал как Акдым. Когда же это

новое название еще раз перевели на русский язык, то получился Белодым, что в обратном переводе на казахский язык означает Ақтүтін, хотя название горы с дымом не имеет ничего общего.

В результате такого же «словотворчества» появились Боровое (Бурабай), Бузачи (Бозащы), Бурное (Боранды). Список можно продолжить.

В трудах историка Рашид-ад-дина, путешественников Марко Поло и Плано Карпини, описавших историю Жетису, название города Алматы встречается с IX в. Однако в 1923 роду Алматы вдруг по-русски стал писаться как Алма-Ата. Исказилось не только написание, но и смысл слова. Казахское название столицы в переводе на русский означает «яблоневое место», тогда как Алма-Ата – «отец яблок». Именно этот абсурд преподносится во всех справочниках как единственно верное значение. И мы привыкли к нему...

В Казахстане трудно встроить хотя бы несколько казахских географических названий, употребляющихся без искажения смысла языковой основы, правописания и звучания.

Есть и другой абсурд. Можно ли объяснить, почему многие казахские слова, начинающиеся со звука «Ж», по-русски пишутся через «ДЖ» – Джамбул, Джезказган, Джезды, Джансугурово?!

Очередная нелепость, когда к казахским топонимам прибавляются русские суффиксы и окончания: Актюбинск, Аральск, Иртышск, Казалинск, Каркаралинск и т. д.

Масштабы подобных извращений и искажений местных, исконно казахских или общетюркских единиц в языке довольно солидны. Названия только 7 областей из 19 пишутся правильно, из 230 названий районов – только 63, из 84 городов – 26, из 210 рабочих поселков – 49, а 2400 названий сельских Советов и 8400 наименований малых поселков, колхозов, совхозов пишутся неверно.

Серьезно надо подумать о тиражировании имен партийных, государственных, общественных, научных деятелей. Конечно, увековечение достойных дочерей и сыновей Родины вполне понятно. Но когда одно и то же встречается на карте до 100 и более раз, становится не по себе. Например, имя Кирова повторяется на карте СССР 150 раз, а в нашей республике – 65, Калинина – 100, Жданова – 27...

Наш народ с большим уважением относится к личности украинского поэта Тараса Шевченко, который в свое время был сослан в Казахстан. В честь кобзаря в 1939 году наименован форт Шевченко, затем его именем называется один из заливов Аральского моря, в 1964 году город Ақтау превращается в Шевченко. Это имя носят в Кустанайской области два, а в Актюбинской – четыре населенных пункта. А вот на Украине ни один большой город не удостоен такой чести и только два поселка названы его именем.

Очень часто имя одного человека даже в маленьком населенном пункте присваивается одновременно школе, улице, библиотеке. Спрашивается, какая в этом необходимость? Разве величие той или иной личности определяется тиражированием его имени в топонимике?

Стихийность, беспорядочность, непродуманность, безразличие в нарекании объектов выплеснулись на наши улицы, проспекты, площади, парки, стадионы...

После ознакомления со справочником Алма-Аты язык не повернется сказать, что речь идет о столице национальной республики: из 2500 названий проспектов, улиц, площадей только 15–16 процентов звучат по-казахски. Многие из них носят имена людей, которые никакого отношения к истории, культуре республики не имели и даже неизвестны ее жителям.

Мы не сторонники крайних мер. В каждом случае должен быть разумный, взвешенный подход. Географические названия должны прежде всего отражать историю, культуру, духовный мир народа, именем которого названа республика. Почему наши проспекты, улицы, площади, дворцы, библиотеки и многие другие объекты не могут носить имена народных батыров, справедливых и мудрых биев, великих акынов-жырау и многих других достойных сыновей и дочерей казахского народа?

Это все не предполагает игнорирования заслуг представителей других народов, живущих в республике. Но во всем должны быть соблюдены объективность, справедливость, строгие принципы ономасиологии. Об этих проблемах говорилось не раз. Было принято более десяти постановлений Верховного Совета Казахской ССР и Совета Министров Казахской ССР. Но все они по сей день остаются только на бумаге.

Мы понимаем, что для решения перечисленных проблем потребуются немалые затраты. Но в то же время кощунственно, на наш взгляд, торговаться, когда речь идет о восстановлении справедливости: нельзя экономить на достоинстве и чести народа.

Нас радуют и служат примером решительные действия правительства РСФСР, которое вернуло исконно русские названия древним городам – Тверь, Самара, Мариуполь, Вятка... Эти шаги России призывают и нас навести порядок в сложившейся ситуация.

«Казахстанская правда», 1990, 29 ноябрь.
(Соавт.Т. Жанузаков)

Аты-жөніңізді қалай жазасыз?

Отаршылдық бұғауына түсіп, өз билігі өзінен кете бастаған заманнан бастап халықтың шымбайына батып, жүрегін сыздатқан істің бірі – ата-тегіміз бен аты-жөнімізді төл дәстүрімізде жазуға деген заңды құқымыздан ажырауымыз еді.

Қашанда тәубешіл халқымыз басыбайлықтың қамытын мәңгіге киіп, күшпен шоқындырылып кеткен қайсібір халықтар тәрізді аты-жөніміздің мүлде өзгеріп кетпегенін де қанағат тұтып келді.

Егемендікке қол жеткізіп, тәуелсіздік тізгінін қолға алғаннан бергі уақытта бұл мәселе қайта қозғалып, соны серпінге ие болды. Еріксіз таңылған -ОВ пен -ЕВ-тен, -ИН мен -Н-нан құтылып, төл фамилиямызды қалыптастыру мәселесі баспасөз бетінде талқылана бастады. Тіпті, көпшілігіміз ресми шарасыз-ақ ата-тегімізді еркімізше түрлендіріп жазатын болдық.

Бірақ іргелі ел, тәуелсіз мемлекет болғандықтан бұл мәселеде де қалыпқа түскен, бүкілхалықтық ресми жүйе болуы тиіс. Соған орай Қазақстан Республикасы Министрлер кабинеті жанындағы Мемлекеттік ономастика комиссиясы қазақ азаматтарының есімдері мен әке аттары және фамилияларын ресімдеу мәселесі төңірегінде кеңейтілген мәжіліс өткізіп, академик Әбдуәлі Қайдаров пен профессор Телғожа Жанұзақов дайындаған тұжырымдаманың нұсқасын халық талқысына салуды жөн көрген болатын. Бұл құжаттың ертеңгі күні қолға тиейін деп отырған Қазақстан Республикасы азаматтарының жаңа паспортын ресімдеуде де маңызы зор. Сондықтан өз пікірлеріңізді газет редакциясы мен Тіл комитетінің атына жіберулеріңіз сұралады.

Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің жанындағы Тіл комитеті.

Біздің мекен-жайымыз: 480091, Алматы қаласы, Наурызбай батыр көшесі, 65/69

Жоба **Қазақстан Республикасындағы қазақ азаматтарының есімдері мен әке аттары және фамилияларын реттеу туралы**

ТҰЖЫРЫМДАМА

1. Тұжырымдаманың ұстанымдары (принциптері).

1. Жалпы ұстаным (принцип). Республикада тұратын қазақ азаматтарының есімдері мен әке аттары және фамилиялары жайлы жаңа тұрғыдағы үш мүшелі антропонимиялық жүйені, олардың ресми және биресми, жазбаша және ауызша қолданылуына қарай, Қазақстан Республикасында Мемлекеттік-құқықтық тәжірибеге енгізу үшін мына төмендегі үш құрамды қолданысы ұсынылады:

а) бірінші орында – фамилия, екінші орында – азаматтың өз есімі, үшінші орында – әкесінің аты. Олар барлық ресми (паспортта, жеке басы туралы куәлікте, туу және неке туралы куәлікте, білімі туралы аттестатта, атақ және дәреже туралы дипломда, еңбек кітапшасында т. б.) құжаттарда осы

ретпен жазылады. Сонымен қатар өз есімдері мен әке аттарының бас әріптері бойынша қысқартып қолдануға да болады.

Үлгілер:

Бәйкен Оспан Омарұлы немесе Бәйкен О. О.

Жолай Сәуле Мәдиқызы немесе Жолай С М. т. б.

ә) бірінші орында – азаматтың өз есімі, екінші орында – әкесінің аты немесе бірінші орында – азаматтың өз аты, екінші орында – фамилиясы, осы тәртіп бойынша олар ресми және биресми жағдайларда қолданылады; ал баспадан шыққан еңбектердің авторы ретінде және биресми құжаттарды толтырғанда, іс қағаздары мен визиткаларда, қол қойғанда, сондай-ақ дербес ұйымдарда, ауызша сөйлескенде толық сақталады. Мұнда да азаматтың аты-жөнін бас әрпі бойынша қысқартып қолдануға да болады.

Үлгілер:

Оспан Омарұлы немесе Омарұлы Оспан, О. Омарұлы, Оспан Бәйкен немесе Бәйкен Оспан, О. Бәйкен, Сәуле Мәдиқызы немесе Мәдиқызы Сәуле, С. Мәдиқызы.

Ескерту: Қайтыс болған атақты адамдардың фамилиялары моральдық-әдептілік тұрғыдан бұл Тұжырымдамада қаралмайды. Ал олардың ұрпақтарының өз фамилияларын осы Тұжырымдамаға сәйкес өзгерту, өзгертпеуі өз еріктерінде.

2. Есімдерді, әкелерінің аттарын және фамилияларды транслитерациялау[17] - қағидалары. Республиканың байырғы тұрғындарының көпшілік бөлігінің тілегіне орай кезінде қазақтардың фамилиялары мен әкелерінің аттарына зорлап телінген **-ов -ев, -ова -ева, -ин -ина, -н -на, сондай-ақ -ович -евич, -овна -евна** сияқты орыс тілінің арнайы («фамилиялық») аффикстерін қолдану жазбаша нұсқада да, ауызша айтылуында да тоқтатылсын; бұдан былай олар орыс, ағылшын және басқа тілдерде қазақ мемлекеттік тілінің әдеби нормаларына сәйкестендіріп транслитерациялау арқылы төмендегі үлгі бойынша берілетін болсын:

Омарбек Жидебайұлы Ысқақ (Умарбек Джидебаевич Ска¬ков, Амарбек Джидебаевич Скахов тағы басқаша емес):

Гульжамал Сырымбетқызы Кабыш (Гульджамал Сырымбетовна Хабыш тағы басқаша емес).

3. Фамилия таңдаудың ұстанымдары. Бұдан былай бүкіл бір тұқымның және оны жалғастырушы ұрпақтардың отбасы, ата тектік, әлеуметтік статусының шартты немесе символдың белгісі, айқындаушысы ретінде фамилия таңдау Қазақстан Республикасындағы қазақ азаматтарының өз еріктеріне беріледі. Бірақ, бұл мүмкіндікті ерік берілгеннің жөні осы

17 Транслитерация – белгілі бір тілдің жазуындағы әріптерді екінші бір тілдің жазуындағы әріптердің мүмкіншілігіне сәйкес етіп беру (жазу).

екен деп жаппай науқанға айналдыруға болмайды. Мемлекет тарапынан жасалып отырған мұндай қадамдар қазақтардың мәдени тарихында қалыптасқан фамилия дәстүрінің, ал кеңес дәуірінде фамилия таңдау мүмкіндігінің болмағандығына байланысты, өйткені бұл мәселе ешбір бағыт-бағдарсыз, әкімшілік тұрғыдан атүсті, әркімнің өз қалауына қарай қалай болса, солай шешілді. Соның нәтижесінде әкесінің аты фамилиясы болып, керісінше, үлкен әкесінің не бабасының есімдері туған әкесінің аты ретінде, т. б. жазылып келді.

Қазақтардың фамилиясының қалыпты статусын орнықтыру және бір жөнге келтіру мақсатында бұрынғы фамилияны өзгерту немесе жаңасын таңдап алу үшін мына төмендегі нұсқалар ұсынылады:

а) қазіргі қолданылып жүрген фамилияны Тұжырымдаманың жоғарыда ұсынылған талабына сәйкес сәл ғана өзгертіп -ов -ова қосымшасын жалғамай-ақ қолдану:

Әбілахат Еспай (Әбілахат Еспаев орнына),
Роза Бағлан (Роза Бағланова орнына),
Шафик Шөке (Шафик Чокин орнына),
Марфуға Айтқожа (Марфуға Айтқожина орнына) т. б.

ә) Жаңа фамилия таңдауда мүмкіндігіне қарай төмендегі бұлақтарға сүйенген жөн:

– түркі халықтарының тарихында аты белгілі, даңқты тұлғалардың, ертедегі ата-бабалардың есімдерін, тіпті өз әкесіне дейінгі желісі үзілмей келе жатқан аталардың аттарын алып, оларды белгілі бір әулеттің, ұрпақтың сойы, ортақ тегі ретіндегі дәрежесін көтеру үшін пайдалануға болады;

Үлгілер:
Азнабай Көктүрік,
Мырзатай Күлтегін,
Ораз Алыпарыстан,
Жамал Күнтолды,
Мұстапа Абылайхан,
Олжабай Орхон,
Сәруар Тезектөре,
Мұхтар Қабанбай және басқалар:

– адамның өзі немесе ата-бабасы туып-өскен географиялық объектілердің (ауылдың, селоның, жердің, ауданның, қаланың, өлкенің, таудың, көлдің, өзеннің т. б.) атауларын фамилияға орайластыруға болады;

Үлгілер:
Асқар Отырари,
Рахматулла Ихани,
Ауғанбай Алатау,
Халифа Алтай,
Женіс Сарарқа,
Ғарифолла Орал,
Құлмет Келес,
Әкім Тарази,
Бексұлтан Хантәңіри,
Жамал Атырауи,
Нұржамал Қазықұрт т. б.

– өзіне идеал санап, пір тұтатын Шығыс, Орта Азия мен Қазақстандағы белгілі ғұламалардың, ақын-жыраулардың, мемлекеттік және саяси қайраткерлердің және басқа да көрнекті тұлғалардың аттарын фамилия етіп алу арқылы оларды ұрпақ есінде сақтауға және өз фамилиясының статусын көтеруге болады.

Үлгілер:
Өмірзақ Қорқытата,
Әлімхан Шағатай,
Манаш Шыңғысхан,
Бабаш Әбілхайри,
Марал Төлеби,
Сұлтанбек Әнетбаба және басқалар;

– эпостық кейіпкерлер мен табиғат құбылыстарының, діни түсініктер мен абстракты атаулардың, сондай-ақ адам ой-қиялында пір тұтатын, айрықша бейне түрінде елестететін жануарлардың, құстардың, тұрмыстық бұйым-заттардың аттарын да фамилия етіп алуға болады. Бұл тәсіл шығыс халықтарында кеңінен қолданылатын әдеби бүркеншік ат (тахаллус), лақап ат, «қосымша» аттарды ойлап табуға ұқсас үрдіс. Түркияда және еуропалық елдерде тұратын қазақтар өздеріне фамилияны осы жолмен қалыптастырып отыр.

Үлгілер:
Қажығали Айшуақ,
Қайнарбай Боран,
Құләш Арай,
Жантөле Қасқыр,
Жасарал Қаршыға,

Міржан Қылыш,
Маржан Парасат,
Еркін Қобыланды т. б.

Ескерту: Қазақтың ірі тайпаларының, руларының және олардың тармақтарауларының атауларын фамилия етіп алуға болмайды. Қазақ ұлтының тұтастығы әзірге толық қалыптасып болмаған, жұртшылық арасында ру-тайпаға жіктелушілік әлі де ішінара орын алып отырған бүгінгі жағдайда фамилия сайлаудың бұл тәсілін ресми түрде қолдану, оған заңды түрде рұқсат берумен бара-бар. Кейбір азаматтардың Албани, Арғынтегі, Тарақты, Адайы, Тней т. б. ру-тайпа атауларын фамилия дәрежесіне көтеруге талпынуын көпшілік құптап жүрген жоқ.

4. Фамилияны жазбаша ресімдендірудің ұстанымы. Республикадағы қазақ азаматтары (ерлер мен әйелдер) фамилиясын жазбаша ресімдендірудің төмендегідей тәртіптері ұсынылады:

а) фамилия ретінде таңдап алған антропонимдер және басқа да атаулар қосымшасыз (яғни **-ов, -ев, -ова, -ева, -ин, -ина)** – ларсыз негізгі нұсқада жазылуға тиіс.

ҮЛГІЛЕР:
Рамазан Наурызбай,
Назира Қаңлыбай,
Бақытжан Хасан,
Рафика Нұртаза,
Рашид Абдулла,
Рабиға Сыздық және басқалар;

ә) кісі аты мен фамилия арасында белгілі айырмашылықтың болмауына байланысты (әкесінің аты аталмаған жағдайда) оларды өзара ажыратудың бір жолы – орын тәртібі болып саналады ресми құжаттарда фамилия бірінші орында, ал одан басқа жағдайда бірінші орында кісі есімі, екінші орында фамилия қолданылады.

Фамилия қосымшасыз нөлдік нұсқада тұрғанда кісі мен әкесінің аты (ұлы және қызы деген қосымшаларымен) міндетті түрде фамилияның алдында тұрады:

Ғалым Мұратұлы Молдағұл,
Аян Әлімқызы Жанұзақ т. б.

Ескерту: Кейбір қазақ есімдері (Болат, Бақыт, Қанапия, Айман және басқа) ерлерге де, әйелдерге де ортақ бола беретіндігіне байланысты олардың жігін ажыратудың бір жолы ретінде -ша -ше демеулігін пайдалану ұсынылады:

Сара Серғалиша,
Гүлжан Ермекше т. б.
Алайда, мұндай ерекшелеуден әзірге тартына тұру қажет;

б) қазақтардың салтына сіңген шығыс антропонимикалық дәстүрді ескере отырып, азаматтардың өз қалауы бойынша фамилияларын араб-парсы үлгісімен (-и – дауыссыз дыбыстар аяқталатын атаулар үшін) және (-уи – дауысты дыбыстар аяқталатын есімдер мен атаулар үшін) қабылдауына рұхсат етіледі.

Нығмет Мыңжани,
Әбдуәли Қайдари,
Әкім Тарази,
Сара Тахауи,
Серік Данауи т. б.

Ескерту: Бұл жағдайда жеке есім мен фамилияны ажыратып олардың өзара орналасу ғана емес (өйткені олар керісінше тұруы мүмкін), сонымен қатар -и, -уи «фамилиялық» қосымшаның да рөлі бар.

5. Әкесінің атын ресімдерін беру және жазу ұстанымы. Үш мүшелі аты-жөн жүйесін қолдануда кісі есімімен әке аты маңызды рөл атқаруына байланысты бұл жүйені қалыптастыру мен реттеуде бір ізге түсірудің заңды қағидалары өте қажет. Ұсынылған көптеген нұсқалардың ішінде басқаларға қарағанда оңтайлы, әрі іс жүзінде қонымдысы ретінде тек бірге жазылатын -ұлы (ерлер үшін) және қызы (әйелдер үшін) деген нұсқасына тоқталған жөн.

Шора Шамғалиұлы,
Көбей Шахметұлы,
Рабиға Ғалиқызы,
Нұржамал Оралбайқызы т. б.

Ескерту: а) Егер әке аты мен фамилия бірдей болып келсе, онда әке аты -ұлы және -қызы сөздерімен, ал фамилия атау тұлғада немесе -и -уи қосымшалары арқылы беріледі: Ұланбек Сейітұлы Сейіт, Жібек Әмірқызы Әмір. Кейде тілімізде фамилия -ұлы үлгісімен де жазылады. Мысалы, Бауыржан Момышұлы, Балғабек Қыдырбекұлы; мұндай жағдайда олардың балалары фамилиясы -ұлы, -қызы сөздері арқылы жазу, не жазбауды өздері шешеді. Бақытжан Бауыржанұлы Момышұлы немесе Бақытжан Бауыржанұлы Момыш; Айша Балғабекқызы Қыдырбек немесе Айша Балғабекқызы Қыдырбекқызы.

е) Туыстық қатынастардың сатылық дәрежесін анықтау, қолданылатын (баласы, немересі, шөбересі, тегі, сойы, әулеті, ұрпағы,

үбірі, нәсілі және т. б.) нұсқалар баспасөз материалдарында жиі пайдаланып жүрсе де әкесінің атын және басқа туыстық қатынастарды белгілеуге қолайсыз деп табылсын. Бұларды орыс және басқа тілдерге транслитерациялауға да болмайды. Олардың кейбіреуі мыналар:

Әмір Әліпбайұлы Шәріпбай ұрпағы,
Ғаббас Батталов Арғын тегі,
Құдайберді Назарқұл немересі,
Қожаназир Жақай ұрпағы,
Жәуіш шөбересі Бұралқиев Жанайдар,
Төтенайдың Базарбегі,
Мұрат Исаубірі т. б.

б) Сондай-ақ Орта Азия мен Қазақстанның тарихи ұлы адамдарының есімдерінде қолданылған ортағасырлық араб-иран жүйесіндегі аты-жөнімен аталу тәртібін де тіліміздің дәстүрі енгізуге болмайды. Мысалы:

Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Тархан ибн Ұзлағ Әл Фараби әт-Түрки және басқалар.

6. Ат қою тәртібі. Жас сәбиге есім беруде Тұжырымдама, ғасырлар бойғы сақталған дәстүрлер мен озық үлгілерді қатар сақтауды басқа тілдік, мағынасыз модаға айналған есімдерге әуелде болмауды ұйғарады. Бұл үрдісті реттеу үшін ата-аналар мен АХАТ қызметкерлері үшін кісі есімдерінің арнайы анықтамаларын дайындау қажет.

7. Кісі есімінің және фамилияның емлелік ұстанымдары. Азаматтардың аты-жөні мен фамилияларын қазақ әдеби тілінің нормасына сәйкес дұрыс жазу және сол негізде орыс, ағылшын және басқа тілдерде транслитерациялап беру – Тұжырымдаманың негізгі де басты міндеті.

Осыған орай мына жайға көңіл бөлінуі қажет:

а) осы тұжырымдамаға сәйкес қазақ азаматтары өздерін есімдерін, әкесінің аты мен фамилияларын индексациядан өткізулері қажет;

ә) олардың қазақ тілінде жазылуын бір ізге түсіру және бас тілдерде берілуінің бірыңғай ережесін қалыптастыру қажет, осыған байланысты бірінші кезекте қазақ есімдерін жазылуындағы орын алып отырған ала-құлалық пен қателерді жою керек. Мысалы: **Збила (дұрысы Зібилә), Рза (дұрысы Ыр немесе Риза), Сқақ (дұрысы Ысқақ), Смет (дұрысы Ісмет), Пштай (дұрысы Пыштай), Смағұл (дұрысы Ысмағұл) т. б.**

б) әсіресе араб-иран тектес есімдерді, олардың о баста тілдік-мағыналық құрамдық бөлігіне қарай бөлшектеу, бөлу (сондай-ақ транслитерациялау) дәстүріне еліктеушілік әдетті тоқтату керек. Мы-

салы: **Сейіт-Ахмет, Әбіл-Қасым, Қожа-Ахмет, Әділбек, Сұлтан-Қозы, Мырза-Ахмет, Гүл-Сара, Нұр-Жамал** және т. б. Бұлардың бәрі қазақ әдеби тілі нормаларына сәйкес бірге жазылады.

Ескерту: Бұл Тұжырымдама Қазақстан Республикасынан тыс елдерде тұратын қазақтардың аты-жөнін бір жүйеге келтіруге үлгі болуы мүмкін, бірақ ол міндетті заң болып саналмайды.

«Егемен Қазақстан», 1995. 5-ақпан.

«Абайдан» «Шығайға» дейінгі жұмбақ есімдер

Қазақ есімдері де – этностың өзімен бірге туып, біте қайнасып кеткен ұлттық менталитетіне, рухани феноменіне жататын ерекше құбылыс. Олар – этнос болмысының, ұлт тарихының мәңгілік куәгері, тілінде сақталып, санасында жатталған жарқын айғақтардың бірі.

Қазақ халқының этникалық тарихына, оның негізін құрушы сан алуан ру-тайпалардың өткендегі ұзақ өміріне көз жіберіп қарасақ, ұлттық есімдер ата-баба солардың негізгі бір сипаты болып саналады.

Кісі аттары (антропонимдер) мен ру-тайпа атаулары (этнонимдер) әрбір тарихи даму кезеңдеріне сәйкес өзгеріп, жаңаланып, жаңғырып отырады. Бұл үзгерістер, әрине, замана талабына, қоғамдық-әлеуметтік жағдаяттардың ауысып, діни, мәдени өркениеттің жаңа үрдісіне сәйкес жүре береді. Бұл процеске көне қазақ тайпаларының басқа туыс, алыс-жақын халықтармен тығыз араласуы да өз әсерін тигізгендігі мәлім.

Осыған байланысты қазақ есімнамасының тарихи қорынан әр заманның өзіндік таңбасы сақталғандығын көреміз. Кейбір деректерде сақталған орта ғасырдағы есімдерден біз, мәселен, Дала, Бұқа, Тұман Темір, Тұғлық Темір, Жыл Құтлу, Туда мәңгү, Тоқа Бұға, Тоғрул, Мөңке, Қабан, Алыптекін, Ертолы деген аттарды кездестірсек, ал ислам дінінің Қазақстан жеріне тарауына байланысты: Махмұт, Мұхаммет, Ислам, Абдулла, Ахмет, Сымайыл, Қали//Ғали//Әли, Садық, Сыдық, Ахнаф, Мейірбек, Асан, Фатима, Айша т.б. осы сияқты есімдерді көбірек қабылдағанымызды, ал феодальдық-патриархальды қарым-қатынастардың қалыптасуы кезеңдерінде: хан, сұлтан, бек, би, бай, батыр т.б. әлеуметтік-билік мәнді аппеллятивтердің қатысуымен жасалған: Оразхан, Оралхан, Жансұлтан, Бексұлтан, Сұлтанбек, Әліби, Батырбек, Бигелді, Алпысбай, Жылқыбай т.б. есімдердің кең өріс алғанын көреміз.

Қазақ салтында дүниеге жаңа келген нәрестеге ат қою, әдетте, ата-анасының, не ауылдың игі жақсыларының болашақтан күткен тілегімен, асыл арманымен ұласады. Көріп отырғанымыздай, сол арманның бірі – бай болу, бек болу, батыр болу т.т.

Бүгінгі таңда мұндай есімдер жоқтың қасы, олар әлеуметтік мәнін жоғалтқан сияқты, қазақ қауымында ұл-қыздарға есім берудің жаңа

үрдістері қалыптасып, олар да бірінен кейін бірі ауыса бастады. Кейінгі кездерде бұл үрдістің ұстанған принциптері – айтуға жеңіл, жазуға оңтайлы, мағынасы айқын болуын қалау. Мысалы: Ерлан, Арман, Ержан, Дархан, Дәрмен, Арман, Нұржан, Болат, Талғат, Айнұр, Айдана, Гүлнұр, Әсел, Алтынай т.т. Бұл үрдістің астарында еліміздегі қостілділіктің де әсері жоқ емес.

Дәл бүгінгі таңдағы қазақ балаларына есім беру дәстүріне келсек, онда да кейбір өзгерістердің жүз бере бастағаны байқалады. Мысалы, жарияланған кейінгі бір ақпаратта [Боранбаева Д.К. Статистические сведения об именнике детей казахских семей // Вопросы антропонимики. Вып. 1. Сб.статей. Алматы, 2003, С.6-8] зерттелген 5416 баланың есімі ішінен ең жиі қолданылатын 16 ер баланың және 16 қыз баланың есімдері атап көрсетіліпті (жақша ішіндегі сан сол есімнің қанша рет қайталануын білдіреді): ер балалар есімдері: Темірлан (76), Алишер (68), Санжар (52), Шыңғыс (49), Данияр (47), Диас (45), Дінмұхаммед (40), Әлібек (38), Сұлтан (33), Арман (32), Әділет (31); қыз балалар есімдері: Аружан (107), Айгерім (93), Диана (72), Айдана (71), Мадина (64), Кәлима (60), Анель (57), Әсел (52), Айжан (45), Әлия (45), Дана (43).

Бұл есімдерден халқымыздың өткен тарихы мен мәдениетіндегі көрнекті тұлғалар мен көркем әдебиеттегі кейіпкерлерді дәріптеу үрдісі байқалады.

Осылайша ғасырлар бойы қат-қабат болып, қалыптасқан қазақ есімдерінің бай қорын жарияланған шежірелер мен тарихи аңыз-әңгімелер деректерін пайымдап қарасақ, небір таныс та бейтаныс, көне де жаңа, мағына-мәні айқын да жұмбақ, құрам-құрылымы, сөзжасам үлгілері (модельдері) беймәлім, күңгірт антропонимдер мен этнонимдерді көреміз.

Міне, солардың ішінде біздің назарымызды әсіресе бір топ қазақтың байырғы есімдері мен солардан өрбіген аталық, ру-тайпа атаулары көбірек аударып отыр. Қарастырып отырған зерттеу нысаны қарапайым жұртқа түсінікті болу үшін біз тақырыпты «Абайдан» «Шығайға» дейінгі жұмбақ есімдер сыры» деп алдық. Ондағы мақсатымыз – осы екі есім (Абай, Шығай) тұлғасындағы және екеуінің аралығында алфавит тәртібімен орналасқан 200-ден астам (қолданысы мыңнан көп) антропонимдер мен этнонимдер тобының тілдік табиғатын анықтау.

Ескерте кетейік: қазақ есімдері мен этнонимдері маман ғалымдар тарапынан, соның бірі Т.Жанұзақов (Джанузаков Т.Дж. Основные проблемы ономастики казахского языка. АДД, Алма-Ата, 1976) еңбектерінде, қаншама зерттелсе де, осы топ 30-дан астам есімжасау модельдерінің арасында жоқ, ескерусіз қалған сияқты.

Біздің мақсатымыз: «Абай» – «Шығай» моделі бойынша жасалып, қалыптасқан есімдер тобын лингвистикалық, этнолингвистикалық тұрғыдан талдап-таратып, «жұмбақ» сырын түгел ашпасақ та, тілші қауым мен қалың жұртшылықтың назарын аударарлық ерекшеліктерін айқындауға тырысып бағу. Ол үшін біз осы топқа жататын модельге жататын есімдердің баршасын жарияланып жатқан халықтың шежірелер мен аңыз-әңгіме, тарихи шығармалардан сүзіп алып, қолданысын анықтап, алфавит тәртібімен тізіп көрсетіп отырмыз.

«Абай» мен «Шығай» үлгісіндегі қазақ есімдерінің тізімі

АБАЙ – 1. Қазақ халқының ұлы ақыны Құнанбайұлы Ибраһимнің екінші аты. 2. Орта жүз Арғын тайпасына тән аталардың бірі: Абайдан – Өтеген, Шымболат, Мадияр, Алдиярлар тараған (ҚазШ-1, 71). 3. Кіші жүз Беріш > Таз руына жататын Ес атаның балалары (Абай, Қабай, Құлай) (ҚазШ-1, 147). 4. Ұлы жүз Шапырашты аталарының бірі – Ботақара ұрпағы (ШСШ, 107).

АҒАЙ – Ұлы жүз Шапырашты аталарының бірі – Асыр балалары – Қабай, Жанай, Ағай (ШСШ, 479).

АДАЙ – 1. Кіші жүз он екі ата Байұлының басты руының бірі (КЖШ, 69).

АҚАЙ – 1. Кіші жүз Андақожа – Ақбалқыдан тараған ата атауы (ҚазШ-1, 142). 2. Қазақтың белгілі тарихшы ғалымы, академик Ақай Нүсіпбеков. 3. «Байқадам, Ақай мен туып Татан, Ерліктің еркінше алған ықтиярын...» делінеді (Ш Ш). 4. Кіші жүз Байбақты руына тән Жарқыннан тараған балалар: Ақай, Жақай т.б. 5. Ұлы жүз, Сарыүйсін, Республиканың жауапты қызметкері Кеңесқан Сәбденұлының аталары (ШСШ, 77).

АЛАЙ – 1. Ұлы жүз Ысты тайпасына жататын аталықтардың бірі – Қолсадақтың баласы (ҚазШ-1, 65).

АНАЙ – 1. Ұлы жүз Шапырашты аталарының бірі – Жабағының ұрпағы (ШСШ, 207). 2. Орта жүз Арғын > Малайдан – Ақай, Төкей, Анай (ҚазШ-4,160).

АПАЙ – Орта жүз Тарақтыдан тараған 12 ата Қыдырдың бір ұлы (Қаз Ш-1, 121).

АТАЙ – 1. Жоңғар шапқыншылығына қарсы соғыста ерлік көрсеткен Малайсарының батыр сарбаздардың бірі (Ә.Әлімжанов, Жаушы, 31).

ӘДЕЙ – Ұлы жүз Шапырашты ұрпағы (ШСШ, 347).

ӘТЕЙ – 1. Ұлы жүз Дулат > Жаныстың баласы (ҚазШ-1, 65). 2. Ұлы жүз Шапырашты аталарының бірі (ШСШ, 506).

БАБАЙ – Ұлы жүз Шапырашты аталарының бірі – Жаныстың балалары: Бабай, Шадай, Батай, Әдей (ШСШ, 347).

БАҒАЙ – 1. Белгілі әазаә жазушысы, кезінде «Егемен Қазақстан» газетінің жауапты редакторы болып істеген – Ұзақ Бағаев. 2. Ұлы жүз Шапырашты аталарының бірі – Байғазы әулеті – Бағай, Мамай т.б. (ШСШ, 276).

БАҚАЙ – 1. Орта жүз Қаракесек ұрпағы – Шақшақ балаларының бірі (ҚазШ-1, 71). 2. Кіші жүз Торытайдың немересі (ҚазШ-1, 119). 3. Ұлы жүз Шапырашты аталарының бірі – Жаулыбай ұрпақтары: Шақай, Абай, Ноғай (ШСШ, 168).

БАТАЙ – Ұлы жүз Шапырашты ұрпағы (ШСШ, 347).

БАШАЙ – 1. Кіші жүз, алты Өтебай әулеті (ҚазШ-1, 140).

БӘГЕЙ – Ұлы жүз Шапырашты аталарының бірі – Жарылғап ұрпағы (ШСШ, 284).

БӘШЕЙ – Орта жүз > Қоңырат > Сақболат ұрпағы (ҚШ, 65).

БЕГЕЙ – Адай елін шауып кеткен түрікпен аламандарының артынан қуған 80-дегі қарт батыр Қармыстың соңынан ілесе шапқан жас батырлардың бірі. Қармыс батыр жырында: «Белгілі ерден Бегей бар, Жүйрік атты Кедей бар...» делінеді. (Х.Досмухамедұлы. Аламан, 154). 2. Кіші жүз Адай руына тән әнші, күйшілердің бірі. «Әйгілі әншілер Шоңай – Есір, Жанай – Өскінбайдың күйшілік мектебі, Бегей Қайып Қорабайұлының әншілік, ақындық ерекшелігі иісі қазаққа танымал болып үлгергені тегіннен тегін болмаса керек (КЖШ, 78-79).

БЕКЕЙ – Ұлы жүз Шапырашты > Тазабек балалары: Шағай, Шәкей, Бекей (ШСШ, 617).

БЕТЕЙ – Кіші жүз Адай руының батырларының бірі (КЖШ, 77).

БИТАЙ – 1. Кіші жүз «Алты Өтебай» ұрпағынан (ҚазШ-1, 139).

БОЗАЙ – 1. Орта жүз > Ашамайлы Керей > Балға ұрпақтарының бірі (ҚазШ-1, 131). 2. Ұлы жүз Шапырашты аталарының бірі – Қазанқап ұрпағы (ШСШ, 223).

БОҚАЙ – 1. Кіші жүз Тәуке әулеті, Шөгел баласы (ҚазШ-1, 132). 2. Кіші жүз Андақожа – Ақбалқы ұрпағы (Сонда, 142).

БОЛАЙ – 1. Ұлы жүз Шапырашты аталарының бірі – Есқожа ұрпағы (ШСШ, 298).

БОПАЙ – 1. Абылай ханның баласы Қасымның қызы. 2. Ә.Кекілбаевтың «Үркер» романындағы кейіпкер әйел есімі (317).

БОТАЙ – Ұлы жүз Шанышқылы > Сабота ұрпағы (ШСШ, 530).

БӨБЕЙ – Ұлы жүз Сарыүйсін аталарынан Орынбайдың ұрпағы (ШСШ, 29).

БӨГЕЙ – Кіші жүз Сегіз арыс Адайдан тараған Ұрпақтың бірі (КЖШ, 71).

БӨЖЕЙ – Ұлы жүз Шапыраштыаталарының бірі – Қаратоқаның бір баласы (ШЖШ, 417).

БӨКЕЙ – 1. Әбілхайыр ханды өлтірген көкжал Барақтың баласы Бөкей хан XIX ғ. басында Нұра өзенінің бойындағы елге хан болған (А.Сейдімбеков. Қазақ әлемі, 152) Әлихан Бөкейхановтың төртінші атасы да осы Бөкей хан... 2. Нұралы ханның баласы (ҚазШ-1, 22).

БӨТЕЙ – Ұлы жүз Шапыраштыаталарының бірі – Алғазы ұрпағы (ШСШ, 473).

БӨШЕЙ – 1. Кеңесқазы Бөшей («АТ», № 49, 1997).

БУРАЙ – 1. Орта жүз Қоңырат ішіндегі Майлыбайдан тарайтын ата (ҚазШ-1, 75).

ДАДАЙ – Кіші жүз Жаппас руына тән Болтай немерелерінің бірі (КЖШ, 96).

ДАНАЙ – Ұлы жүз Шапыраштыа > Құлмырза баласы (ШСШ, 539).

ДОБАЙ – Кіші жүз > Кете руына жататын ұрпақтың бірі (ҚазШ-1, 135).

ДОСАЙ – 1. Ұлы жүз – Ыстыға жататын аталықтардың бірі (ҚазШ-1, 65). 2. Кіші жүз Торыбайдың немересі (ҚазШ-1, 119).

ДҮСЕЙ – Сунақ > Қалмырза – Тоқпан ата ұрпағы (СШ-2, 167).

ЕГЕЙ – 1. Кіші жүз Әлім әулеті (ҚазШ-1, 95). 2. Кіші жүз Әлім > Бекетайдан тараған ұрпақ (КЖШ, 121).

ЕКЕЙ – 1. Ұлы жүз құрамындағы Шапыраштытайпасынан тарайтын «Бесшам Шанышқылының» бір баласы (ҚСЭ, 12-181). 2. Сүйімбай, Жамбыл аэындардың, Сұраншы, Саурық батырлардың арғы атасы: «Екейде елу бақсы, сексен ақын» деген сөз бар (М.Жолдасбеков. Асыл сөздің атасы. Алматы, 1996, 17).

ЕСЕЙ – 1. Ұлы жүз Шапыраштыдан тараған аталардың бірі (ҚазШ-1, 64). 2. Кіші жүз Дөсек атадан тараған ұрпақ (ҚазШ-1, 129). 3. Марал ишанның кіші баласы («Нұр» газ., Қызылорда, № 3, 1997). 4. Орта жүз > Қоңырат > Тоқастың баласы (ҚШ, 55).

ЕШЕЙ – Ұлы жүз Шапыраштыаталарының бірі – Нәдірбек ұрпағы (ШСШ, 462).

ЖАБАЙ – 1. Жүз жасаған (1845-1945) қазақтың ұлы ақыны Жамбылдың әкесі;

ЖЕКЕЙ – 1. Кенесарының сегіз ұлының бірі (ҚазШ-1, 19). 2. Кіші жүз Әлім руының Қарасақал Ерімбетпен айтысқан ақын қыздың аты (КЖШ, 120).

ЖАҚАЙ – 1. Кіші жүз Табынға жататын аталардың бірі (ҚазШ-1, 80). 2. Ұлы жүз Шапыраштыа > Орынбет ұрпағы (ШСШ, 811).

ЖАНАЙ – 1. Ұлы жүз Сіргелі ұрпағы (ҚазШ-1, 63). 2. Орта жүз Арғын ішіндегі Бесентиіннің бір баласы (Сонда, 70). 3. Кіші жүз Дөсектен тараған

Саңқайдың баласы (ҚазШ-1, 129). 4. Қаз дауысты Қазыбектің немересі Қазымбеттің баласы (ҚазШ-1, 65). *Қазымбектің баласы – Қанай, Жанай, ортаншысы – Атымбай, Кенжесі – Анай... (Сонда, 29); 5. Шапырашты тайпасынан шыққан батыр. 6. Орта жүз Арғын > Тарақты > Момын анадан > Қарасұпы баласы (ҚазШ-1, 122).

ЖАҢАЙ – 1. Кіші жүз аталарының бірі Дөсектің немересі, батыр (ҚазШ-1, 127). 2. Кіші жүз Дөскей аталарының бір ұрпағы (КЖШ, 141).

ЖАТАЙ – Кіші жүз > Шеркеш аталарының бірі – Жауғашты баласы (КЖШ, 35).

ЖЕКЕЙ – 1. Кіші жүз Әлім Қарасақал баласы (ҚазШ-1, 94).

ЖОБАЙ – Ұлы жүз Шапырашты > Досқұлы ұрпағы (ШСШ, 1058).

ЖОЛАЙ – 1. Кіші жүз Әлім ұлы Сасықбай балаларының бірі (ҚазШ-1, 92). 2. Кіші жүз Байбақты руы Байжиен > баласы (КЖШ, 41). 3. Ұлы жүз Сарыүйсін аталарынан Жапақтың ұрпағы (ШСШ, 38).

ЖОРАЙ – 1. Орта жүз Қоңырат ішіндегі Жетімдерден тараған ата (ҚазШ-1, 75).

ЖОТАЙ – Ұлы жүз Шапырашты > Қуат ұрпағы (ШСШ, 941).

ЖҰБАЙ – 1. Кіші жүз Тәукеден тараған ұрпақ – Қожан батырдың шөбересі (ҚазШ-1, 131). 2. Ұлы жүз Шапырашты > Шегебай ұрпағы (ШСШ, 795).

ЖҰМАЙ – 1. Кіші жүз Қожагелді Тебеген баласы (ҚазШ-1, 136). 2. Әбілхайырдан тараған Ақарыстың ұлы (Б.Қожабеков. Тарихи таным, 33).

ЖҮЗЕЙ – 1. Орта жүз Қаракесек ұрпағы > Шақшақ балаларының бірі (ҚазШ-1, 71). 2. Ұлы жүз Сарыүйсін аталары – Қырық батыр ұрпағы (ШСШ, 72).

ЖЫЛАЙ – 1. Кіші жүз Торыбай тұқымы (ҚазШ-1, 119).

КӘТЕЙ – Кіші жүз Жеті арыс Берішке жататын Жайықтың баласы (КЖШ, 61).

КЕДЕЙ – 1. Кіші жүз Аспан > Жәнібек баласы (ҚазШ-1, 104). 2. Кіші жүз руының бірі. «...Кедей – Жомарт емес» дегенде кедейлер өзін Жомарт-пыз дейді». Мәселен, Жеменей болысына Ақша Кедей, Қара Кедей ауылдары кіреді (КЖШ, 80). 3. Ұлы жүз Дулат > Жаныс ұрпағы – Шегір баласы (ҚазШ-1, 120).

КЕНЕЙ – XIX ғ. дейін өмір сүрген қазақ даласының саңлақ композитор-домбырашыларының бірі (О.Хаймуллин әңгімесінен). 2. Ұлы жүз Асыл руының бір ұрпағы... Теке, Төлеміс, Әжіке, Орынбет, Кеней, – Асылдың бес баласы туған саңлақ... (ҚазШ, 28).

КЕРЕЙ – 1. Қазақ хандығының іргесін қалап, оны орнықтырушы қазақ хандарының (1456-1477) бірі. Ол – Барақ ханның туған ағасы Болат сұлтанның баласы, Жәнібекпен немере. 2. Қазақ халқының этникалық негізі болып саналатын Орта жүз ірі тайпаларының бірі:

Асыл тусаң, Керей бол,
Үш қазаққа мерей бол... (Төле би).

КӨБЕЙ – Кіші жүз Алаша руынан шыққан ақындардың бірі (КЖШ, 30).

КӨЗЕЙ – Орта жүз Сәкен Сейфуллинмен рулас аталардың бірі.

КӨКЕЙ – 1. Қазақтың жас эстрада әншісі – Ерлан Көкей (Көкеев). 2. Орта жүз Жәнібек, Шақшақ аталарының бірі. 3. Ұлы жүз Шапырашты аталарының бірі – Еребай ұрпағы (ШСШ, 312).

КӨНЕЙ – Кіші жүз Байбаәты аталарының бірі (КЖШ, 42).

КӨПЕЙ – 1. Қазақтың атақты фольклорист ғалымы, көрнекті ақын, этнограф Мәшһүр Жүсіптің әкесінің аты.

КӨТЕЙ – 1. Ұлы жүз Шапырашты аталарының бірі – Қуат балалары (ШСШ, 247). 2. Орта жүз > Қоңырат > Құдайберген (Көтенші) ұрпағы (ҚШ, 11).

КӨШЕЙ – 1. Орта жүз Қаракесек > Шақшақ балаларының бірі (қалғандары: Бақай, Жүзей, Тамай) (ҚазШ-1, 71). 2. Кіші жүз Табын аталарының бірі (ҚазШ-1, 80). 3. «Баласы Есембайдың бесеу еді, Бірі ұзын, бірі қысқа мешеу еді; Тоқалдың бес баласы тұра тұрсын, үлкені бәйбішенің Көшей еді» делінеді (ШШ).

КҮЖЕЙ – Орта жүз > Арғын > Момын ұрпағы.

КҮЛЕЙ – Орта жүз > Қоңырат > Бекмырза ұрпағы (ҚШ, 27).

КҮТЕЙ – Кіші жүз Байбақты руы Қарадан тараған ұрпақтың бірі (КЖШ, 42).

ҚАБАЙ – 1. Райымбек батырдың жаужүрек сарбаздарының бірі (М. Болысұлы. Райымбек батыр. Алматы, 1991, 12). 2. Ұлы жүз Суан ішіндегі Одыр аталығынан тараған белгілі адамның есімі (ҚазШ-1, 67). 3. Кіші жүз Дөсек әулетінен шыққан атақты бай (ҚазШ-1, 127). 4. Ұлы жүз Шапырашты > Бейсен әулеті (ШСШ, 1138).

ҚАДАЙ – 1. 92 атадан таралған, көне түркілердің бірі (Ә.Диваев. 219).

ҚАЗЕЙ – Кіші жүз > Жағалбайлы > Мырзадан тараған аталардың бірі (ҚазШ-1, 156).

ҚАМАЙ – 1. Кіші жүз Адайдың Мұңал руына жататын Бектеместің балалары: Қамай, Самай, Мамай, Сүйірбас (КЖШ, 75). 2. Ұлы жүз Шапырашты > Баба ұрпағы (ШСШ, 964).

ҚАНАЙ – 1. Кіші жүз Төртқара Қаратамыр ұрпағы (КЖШ, 131). 2. Ұлы жүз Сарыүйсін аталарынан Дауылбайдың ұрпағы (ШСШ, 39). 3. Ұлы жүз Шапырашты аталарының бірі – Төртек ұрпағы (ШСШ, 130).

ҚАПАЙ – Кіші жүз алаша руы аталарының бірі (КЖШ, 44).

ҚАСАЙ – 1. Кіші жүз аталарының бірі (ҚазШ-1, 125). 2. Кіші жүз Келдібай ұрпағы – Сейіннің баласы (КЖШ, 134).

ҚОЖАЙ – 1. Ұлы жүз Дулат > Ботпай балаларының бірі (ҚазШ-1, 120). 2. Ұлы жүз Шапырашты аталарының бірі – Өтегеннің бір баласы (ШСШ, 404).

ҚОҚАЙ – 1. Кіші жүз Қошқаралы аталарының бірі (ҚазШ-1, 123).

ҚОНАЙ – 1. Кіші жүз «Алты Өтебай» әулеті Майлыбайдың баласы (ҚазШ-1, 137). 2. Қазақ халқының біртуар ұлы, көп жылдар Қазақстанды басқарып келген Дінмұхамет Ахметұлының бабасы. 3. Ұлы жүз Шапырашты аталарының бірі – Аба балалары: Қонай, Қанай (ШСШ, 175).

ҚОПАЙ – Ұлы жүз Шапырашты > Есенқұл әулеті (ШСШ, 1027).

ҚОСАЙ – 1. Ұлы жүз Ысты тайпасына тән аталықтардың бірі (ҚазШ-1, 64). 2. Кіші жүз Әйтеке бидің бір баласы (ҚазШ-1, 102).

ҚОШАЙ – Қаратегін қырғыздарының бір атасы (А.Абышкаев. Каратегинские киргизы. Фрунзе, 1965, 15).

ҚҰБАЙ – 1. Кіші жүз > Балқы әулеті (ҚазШ-1, 140).

ҚҰЛАЙ – Сунақ > Шаммәмбет ата ұрпағы (СШ-1, 120).

ҚҰНАЙ – 1. Орта жүз > Қыпшақ > Қарабалықтан тараған ұрпақ (ҚазШ-1, 124). 2. Ұлы жүз Шапырашты > Құдайберген ұрпағы (ШСШ, 483).

ҚҰРАЙ – «Алты ата Ансариден тараған ұрпақтың бірі» (ҚШШ). 2. Кіші жүз Шеркеш > Жауғашты балаларының бірі (КЖШ, 35).

ҚҰСАЙ – 1. Орта жүз Керей > Тастабанның баласы (ҚазШ-1, 76). 2. Ұлы жүз Шапырашты > Лепсібай әулеті (ШСШ, 940).

ҚЫЗАЙ – 1. Үйсін Бәйдібектің тоқалы Домалақ анадан туған үш қыздың біреуі – Күнбүбінің лақап аты; 2. Кейін Найман > Матайдың шөбересі – шағырдың Күнбүбіден тараған ұрпағы «Қызай» елі атанып кеткен (Мәкен Болысұлы. Райымбек батыр. Алматы, 1991, 7). Этим.: Күнбаланың атын атамай, еркелетіп «қыз-ай», «ай, қыз» деп айтудан қалыптасса керек.

ҚЫСАЙ – Кіші жүз Алаша руына тән Сарбас ұрпақтарының бірі (КЖШ, 51).

ҚЫТАЙ – 1. Қытай Халық Республикасының негізгі халқы (ханзулар, хандар). 2. Кіші жүз руларына жататын ұрпақ. 3. Орта жүз Уақ тайпасы Жусан руынан тараған ұрпақтардың (Тоқай, Самай, Қытай, Құрай) бірі (ҚазШ-1, 153).

МАҚАЙ – Ұлы жүз Шапырашты аталарының бірі, Есенаманның ұрпағы (ШСШ, 197).

МАЛАЙ – Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте ерлік көрсеткен Жетісу (албан, суан, дулат т.б.) батырларының бірі. 2. Кіші жүз Алаша руына жататын аталардың бірі (КЖШ, 29). 3. Ұлы жүз Шапырашты аталарының бірі – Байшұқыр ұрпағы (ШСШ, 111).

МАМАЙ – 1. Орта жүз Қаракесек > Бошанның баласы (ҚазШ-1, 72) 2. Едіге бидің нәсілі XVI ғ. өмір сүрген Ноғайлының ағайынды қос батырының

кішісі – Мамай батыр. Оның анасы: Қараүлектің жоқтауында: «Өлдің, Мамай қор болдың, Тірлікте зор болдың...» депті деген сөз бар.

МАНАЙ – 1723-1731 жж. Жоңғар шапқыншылығына қарсы күрес кең кезде билігін жүргізген Ұлы жүздің биі – Манай би (Ә.Әлімжанов. Жаушы, 9).

МАСАЙ – Кіші жүз Тана > Жиенбет атадан тараған ұрпақтың бірі (КЖШ, 33).

МАТАЙ – 1. Орта жүз Найманның туажаты – Қаракерей Матай елі делінеді (Райымбек батыр. Дастан. 1991, 8). 2. Кіші жүз Көтібар батыр балаларының бірі – Матай. (ҚазШ-1, 97). 3. Кіші жүз Әлім > Төртқара Сейітқұлдан тарайтын балалардың бірі (КЖШ, 127). 4. Ұлы жүз Шапырашты аталарының бірі – Құттымбет балалары (ШСШ, 143).

МАШАЙ – 1. Кіші жүз Керейіт руына жататын Бексанның бір баласы (КЖШ, 109). 2. Орта жүз Арғын > Мейрамсопы > Болаттан тараған ұрпақ (ҚазШ-1, 121).

МЕДЕЙ – 1. Кіші жүз Жағалбайлы аталарының бірі (Шежіре...).

МЕНЕЙ – 1. Ұлы жүз үйсін аталықтардың бірі – Бозекеден тараған ұрпақ (ҚазШ-1, 63).

МЕҢЕЙ – Кіші жүз Торытайдың немересі (ҚазШ-1, 119). 2. Кіші жүз Төртқара ұрпағы – Торыбай > Тасболат баласы (КЖШ, 133).

МЕРЕЙ – Ұлы жүз Шапырашты аталарының бірі – Қойшыман ұрпағы (ШСШ, 226).

МЕТЕЙ – 1. Кіші жүз Әлдеберген (Сарқасқа) ұрпағы (ҚазШ-1, 136).

МОНАЙ – 1916 ж. Қарқара-Албан көтерілісіне қатысып, ерлік көрсеткен кедей жігіттің есімі (С.Тәнекеев. 1916. Қарқара-Албан көтерілісі. Алматы, 2002, 133).

МӨКЕЙ – Орта жүз Керей > Құтбердіден тарайтын әулеттің (Қосай, Мөкей, Жабай, Қанай) бірі (ҚазШ-1, 130).

МҰҚАЙ – Белгілі қазақ жазушысы, драматург, «Парасат» журналының бас редакторы Мұқай Баққожа.

НАТАЙ – 1. Кенесары ханның екінші ұлы Ахметтің баласы (ҚазШ-1, 21).

НОҒАЙ – 1. Қазақтарға өте жақын түркі халықтарының бірі. 2. Орта жүз Қоңырат ішіндегі Жетімдердің бір атасы (ҚазШ-1, 75). 2. Алтын Орданы Едігеге дейін басқарған, Ноғай хандығының негізін құрған тарихи тұлға. 3. «Атардан Естек, Башқұрт туған егіз, Татардан Ноғай жалғыз туған дарақ...» (Шәкәрім). 4. Еділ мен Жайық, Жем аралығындағы ел, ол Ноғай Ордасын құрып, туын көтерді (М.Мағауин. Қазақ тарихының әліппесі, 191). 5. Ұлы жүз Шапырашты аталарының бірі – Мыр залы ұрпағы (ШСШ, 92).

НҰРАЙ – Ұлы жүз Шапырашты > Тәттіқадам әулеті (ШСШ, 1029).

ОБАЙ – ҚР Мәдениет министрінің орынбасары Есмұқан Обай (Обаев).

ОТАЙ – 1. Ұлы жүз Шапырашты аталарының бірі – Мұсабек баласы (ШСШ, 293).

ӨТЕЙ – 1. Ұлы жүз Албан ішіндегі Қызылбөрік Еспердің баласы (ҚазШ-1, 66). 2. Кіші жүз Табыннан тараған Тоқай ұрпағы (ҚазШ-1, 80). 3. Кіші жүз Төртқара Қаратамыр Құттыбайдың немересі (КЖШ, 132).

РЕТАЙ – Сунақ тайпасы > Сиық ата ұрпағы (СШ-2, 132)

РЫСАЙ – Кіші жүз Адай > Мұңал > Бәйімбет баласы (КЖШ, 75).

САБАЙ – 1. Кіші жүз > Балқы Бұқардың баласы (ҚазШ-1, 140).

САҚАЙ – 1. Ұлы жүз Қаңлы тайпасына жататын аталардың бірі. 2. Кіші жүз Жағалбайлы аталарының бірі (Шежіре...).

САЛАЙ – 1. Өзбек шежіресіне қатысты бір риуаятта: «Түркілердің арғы бабалары саналатын Төлеш бабаның екі ұлының бірі – Салай да, екіншісі – Қабай аталған» деп көрсетіледі (Ә.Диваев... 219).

САМАЙ – 1. Кіші жүз Адай > Мұңал > Бектеміс баласы (КЖШ, 75). 2. Ұлы жүз Шапырашты > Қалша атаның ұрпағы (ШСШ, 480).

САНАЙ – 1. Орта жүз Арғын тайпасына тән Мейрамсопы > Қуандық ұрпағы (ҚазШ-1, 121). 2. Ұлы жүз Шапырашты > Құдайберген ұрпағы (ШСШ, 483).

САҢАЙ – Ұлы жүз Шапырашты аталарының бірі (ШСШ, 1028).

САРАЙ – Кіші жүз > Жетіру > Рамаданнан тараған ұрпақтың бірі (ҚазШ-1, 152).

ТОҒАЙ – 1. Орта жүз Қаракесек > Таздың баласы (ҚазШ-1, 72). 2. Кіші жүз Алаша руы – Малайдың бір баласы (КЖШ, 45).

ТОҚАЙ – 1. Кіші жүз Беріш арасындағы ру. 2. Шыңғыс хан баласы Жошыдан тараған әулетке жататын ханның (Тоқай Темірдің) есімі (ШХШ). 3. Ұлы жүз Сары қаңлының бір атасы (ҚазШ-1, 67). 2. Кіші жүз Табыннан тарайтын аталардың бірі (ҚазШ-1, 80). 3. Қазақтың белгілі жазушысы Кемел Тоқай (Тоқаев), оның баласы ҚР сыртқы істер министрі – Қасымжомарт Тоқай (Тоқаев).

ТОМАЙ – 1. Кіші жүз Қожагелдіден – Тебеген, одан – Томай (ҚазШ-1, 136).

ТОПАЙ – Кіші жүз Байбақты > Сұлтан – Сыйық > Тоқсоба балаларының бірі (КЖШ, 42). 2. Орта жүз Тобықты руының бір атасы, Абайдың кедей туыстары. 3. Ұлы жүз Шапырашты аталарының бірі – Райымбек ұрпағы (ШСШ, 257).

ТОТАЙ – 1. Кіші жүз «Төрт сейін» Бекеттен тараған ұрпақ (ҚазШ-1, 133). 2. Сунақ тайпасы > Сиық ата ұрпағы (СШ-2, 134).

ТӨБЕЙ – 1. Ұлы жүз Ақарыстан тараған аталардың бірі (Б.Қожабекұлы. Тарихи таным, 33). 2. Ақарыстан – Тұманбай, одан – Кейкі би, одан – Төбей (ҚазШ-1, 62). Төбейден – Қоғам, одан – Қаңлы. 3. Ұлы жүз Шапырашты аталарының бірі – Ерсары ұрпағы (ШСШ, 423).

ТӨКЕЙ – 1. Кіші жүз Сары руынан тараған аталардың бірі (ҚазШ-1, 89). 2. Кіші жүз Табын руынан тарайтын Қарпық атаның баласы (КЖШ, 113).

ТӨЛЕЙ – «Төлейден қырық туып таралады, Шежіре ата жолын саралады...» делінеді (ШШ).

ТӨТАЙ – Ұлы жүз Шапырашты атасы – Сәрімбеттен тараған ұрпақ (ШСШ, 466).

ТҰБАЙ – 1. Көне түркілер 92 атадан таралған; олардың әрқайсысы өз таңбасы бар ру болып дамыған. Солардың бір руының аты – Тұбай (қалғандары – Қадай, Жамбай т.б. аталған) (Ә.Диваев. 219).

ТҮГЕЙ – Ұлы жүз Шапырашты аталарының бірі – Қалбас ұрпағы (ШСШ, 524).

ТҮКЕЙ – 1. Ұлы жүз Шапырашты аталарының бірі – Тайторы ұрпағы (ШСШ, 27). 2. Ұлы жүз Шапырашты аталарының бірі – Төбеттің 2-ші әйелі (ШСШ, 391). 3. Орта жүз > Қоңырат > Тұрланның баласы (ҚШ, 62).

ТІНЕЙ – 1. Орта жүз Қоңырат руларының бірі. 2. Орта жүз Қаракесек Көней балаларының бірі (ҚазШ-1, 71). 3. Кіші жүз Сегіз арыс Адайдан тараған Қосайдың бір баласы – Тіней, екінші баласы Бөгей (КЖШ, 71).

УАТАЙ – Кіші жүз > Шөмекей > Тоқадан тараған ұрпақ (ҚазШ-1, 143).

УДАЙ – Саадам Хусейіннің үлкен ұлының аты («АТ», № 496 1997).

УТАЙ – Қаратегін қырғыздары құрамындағы ичкилик руының бір атасы (А.Абышкаев. Каратегинские киргизы... Фрунзе, 1965, 15).

ҮБӘЙ – 1. Кіші жүз Тәукеден тараған ұрпақ – Шайқының баласы – Үбәй (ҚазШ-1, 131). 2. Қожан батырдың қалмақ әйелінен тараған балаларының бірі – Үбәй, енді бірі – Жұбай (КЖШ, 146).

ШАБАЙ – 1. Хиуа басқыншыларына қарсы сан-сапат жорықтарға қатысып, ерлік көрсеткен Кіші жүз Адайдың батыры – Шабай Қонысұлы (Қ.Сыдиықұлы // «ЕҚ», 4.02.98). Екінші бір деректе: адайдың Мықтыбай – Сары деген ауылын шауып кеткен түрікпен аламандарының артынан қуған 80-дегі Қармыс деген қарт батырдың соңынан ерген жас батырлардың бірі – Шабай. Қармыс батыр жырында: «Белгілі елден Бегей бар; жүйрік атты Кедей бар; Сегіз арыс Адай бар, он бес жасар Шабай бар...» деп көрсетіледі (Х.Досмұхамедұлы. Аламан, 154).

ШАҒАЙ – 1. Ұлы жүз Дулаттан тараған ұрпақ – Ботпай руына жататын 6 арыс Шағай аталығы. (ҚазШ-1, 65).

ШАДАЙ – Ұлы жүз Шапырашты ұрпағы (ШСШ, 347).

ШАҚАЙ – 1. Кіші жүз Беріш руына жататын аталардың бірі (КЖШ, 59). 2. Ұлы жүз Шапырашты аталарының бірі – Сүйіндік ұрпағы – Шақай, Абай (ШСШ, 156).

ШАЛАЙ – Орта жүз > Қоңырат > Жандабай ұрпағы (ҚШ, 33).

ШАМАЙ – Ұлы жүз Шапырашты > Күнтуар ұрпағы (ШСШ, 1174).

ШАПАЙ – Ұлы жүз Шапырашты аталарының бірі – Есімнің ұрпағы (ШСШ, 319).

ШӘКЕЙ – 1. Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданында тұратын азамат – Керейбай Шәкей (Шәкеев). 2. Ұлы жүз Орынбет аталарының ұрпақтары.

ШОБАЙ – Монғолия қазағы, «Қазақ-Ұранхай халықтарының ұлттық қолөнері» (Баян-Өлгей, 1980) атты кітаптың авторы.

ШОЖАЙ – Кіші жүз Әлім > Шекті > Баубек ұрпағы (Шожай, Қожай) (ҚазШ-1, 135).

ШОҚАЙ – 1. Кіші жүз Дөсектен Көбек, одан Тоқай мен Шоқай (ҚазШ-1, 129). 2. Қазақ халқының ұлы перзенттерінің бірі – Мұстафа Шоқай. 3. Кіші жүз Адай > Мұңал > Байбоз балаларының бірі (КЖШ, 76). 4. Ұлы жүз Дулат > Шымыр аталарының бірі (ҚазШ-1, 120). 5. Орта жүз > Қоңырат > Қожаемберді әулеті (ҚШ, 14).

ШОМАЙ – 1. Ұлы жүз Шапырашты аталарының бірі – Сарыбайдың баласы (ШСШ, 328). 2. Ұлы жүз Шапырашты > Меңдеке ұрпағы (ШСШ, 567).

ШОНАЙ – 1. Қазақтың атақты ақыны Мағжан Жұмабаевтың бір атасы. («Түркістан», 14-20. 01. 1998). 2. «Қазақ» газетіне кезінде үзбей хат жазып тұрған қазақ зиялыларының бірі («Әдеби мұра», Алматы, 1970, 160). 3. Кіші жүз Адайдың Мұңал руынан (КЖШ, 75). 4. Ұлы жүз Шапырашты тайпасының туын көтерген (1536-1621) батыр (ШСШ, 1184).

ШОҢАЙ – Ұлы жүз Қаңлы Келдібектен тараған аталардың бірі. 2. Кіші жүз Адай > Тобыштан тараған балалардың бірі (КЖШ, 77).

ШОПАЙ – 1. Ж.Тұрлыбаевтың «Тамыз таңы» романындағы қалмақ қонтайшысы (43).

ШОТАЙ – 1. Ұлы жүз Шапырашты аталарының бірі – Қара ұрпағы (ШСШ, 181). 2. Ұлы жүз Шапырашты > Құлмырза ұрпағы (ШСШ, 539).

ШОШАЙ – Ұлы жүз Қаңлы Келдібектің оныншы ұлы Еңкенің баласы (Н.Әжіметұлы. Қазығұрттың мен де бір перзентімін. 11). 2. Кіші жүз руларының бірі – Саңқайдың немересі (ҚазШ-1, 129).

ШӨБАЙ – Ұлы жүз Шапырашты > Түктібай ұрпағы (ШСШ, 1112).

ШӨКЕЙ – Ұлы жүз Шапырашты аталарының бірі – төре тұқымы Қасым ұрпағы (ШСШ, 336).

ШӨБАЙ – Ұлы жүз Сарыүйсін аталары – Даңның ұрпағы (ШСШ, 32).

ШӨКЕЙ – Кезінде ақын Жүсіпбек Қожамен айтысқан Жетісудың дарынды ақын қызы... > * «Қолға икемді, әрі ұнасымды еліктің асығын

қазақ шүкейт дейді. Өзі оқыған, сауатты ақын қыздың шын аты Уәзипа екен де, тұрпаты кішкентай, сүйкімді болғасын ел-жұрт еркелетіп, Шүкей деп атап кетіпті...» (Әсімхан Қосбасаров. Жамбылдан алып батаны... 199).

ШҮҢЕЙ – Орта жүз > Қыпшақ > Қарақыпшақтан тараған Алтыс ұрпағы (ҚазШ-1, 123).

ШЫҒАЙ – 1. Ақназар ханнан кейін хан болған (1500-1582) Жәдіктің баласы (Т.Ақселеу. ҚТ, 52). 2. Тарихта белгілі Орыс ханның баласы Құйыршық ханнан – Барақ хан, одан – Жәнібек хан, соның баласы – Шығай хан (ШХШ).

ЫРАЙ – Ұлы жүз Шапыраштыны > Едіге ұрпағы (ШСШ, 527).

Қысқартылып алынған дереккөздер

АШ – Арғын шежіресі

БСШ – Бағыс Суан шежіресі. Алматы, 1996.

КЖШ – Х.Маданов. Кіші жүз шежіресі. Алматы, 1994.

ҚазШ-1 – Толыбеков С. Қазақ шежіресі. Алматы, «Қазақстан», 1992.

ҚазШ-2 – Қазақ шежіресі. «Ана тілі» газ.редакторы Ж.Бейсенбайұлы түзген. Алматы, 1994.

ҚазШ-3 – М.Ж.Көпейұлы. Қазақ шежіресі. Алматы, 1993.

ҚазШ-4 – Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында. Алматы, «Атамұра», 2000.

ҚСЭ – Қазақ совет энциклопедиясы. Алматы, 1964-1978.

ҚШ – Қоңырат шежіресі. Алматы, 1992.

ҚШШ – Құдайбердіұлы Шәкәрім. Түрк, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. Алматы, 1991.

СШ-1 – С.Құдияров. Сунақ шежіресі. Алматы, 1995.

СШ-2 – Ж.Е.Ержанов. Сунақтар және Сунақ қаласы. Алматы, 1996.

ШСШ – Шапыраштыны, Сарыүйсін шежіресі: Бәйдібек баба – Алтын Бәйтерек: ұрпақтар шежіресі. Алматы, 2000.

ШХШ – «Шыңғыс хан шежіресі»: Шот-Аман Ыдырысұлы Уәлихан. Хандар, сұлтандар һәм төрелер шежіресі // «Ана тілі», қазан, тауық жылы.

Пайдаланған бұлақтар

Атаниязов С. Шежере (Түркменің несил дарагты). Ашгабат, 1994.

Әжметұлы Н. Қазғұрттың мен де бір перзентімін. Алматы, «Тоқанай-Т», 2001.

Әлімжанов Ә. Жаушы. Алматы: «Жазушы», 1961.

Болысұлы М. Райымбек батыр. Дастан. Алматы, 1991.

Досмұхамедұлы Х. Аламан. Алматы, 1991.

Жолдасбеков М. Асыл сөздің атасы. Алматы, 1996.

Закиров С. Кыргыз санжырасы. Бишкек, 1991.
Кекілбаев Ә. Үркер. Алматы, 1996.
Қожабеков Б. Тарихи таным. Алматы, 1994.
Қосбасаров Ә. Жамбылдан алып батаны. Алматы, 1991.
Құдайбердіұлы Ш. Қалқаман-Мамыр. Алматы, 1988.
Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі. Алматы, 1994.
Сейдімбеков А. Қазақ әлемі. Алматы, 1997.
Тәнекеев С. 1916. Қарқара-Албан көтерілісі. Алматы, 2002.

Көріп отырғанымыздай, бұл тізімге енген есімдер тобы (антропонимдер мен этнонимдер) – қазақ есімнамасының бай қорына жататын байырғы да құнарлы құрамдық бөлшегі. Оның өзіндік ерекшелігі – мән-мағынасы күңгірттеніп, даму үрдісі тежеліп, тілдің архаикалық элементтеріне айналып кетуі. Сондықтан да, бұл топқа жататын есімдердің табиғаты бүгінгі ұрпақ өкілдері үшін жұмбақ. Оның себебі, біріншіден, сөзжасам форманты үш вариантта – -*ай//-*ей//-*й – тұратын модельге құрылуына байланысты болса, екіншіден, соған орай есімдер негізін құрушы түбірлердің не бір, не екі буынды болып, алма-кезек ауысып отыруына байланысты.

Бір-бірін қайталамайтын сан алуан түбірлерден тұратын антропонимдер мен этнонимдердің халық жадында, тілімізде көненің көзіндей сақталуы да, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, кейбір бүгінгі ұрпақ өкілдерінің ата-тегі (фамилиясы) ретінде қолданылуы да (мыс.: Бағай > Бағаев, Тоқай > Тоқаев, Қатай > Қатаев, Шығай > Шығаева, Сығай > Сығаев, Мұстафа Шоқай, Есей Жүнісов т.б.), сайып келгенде, бұл құбылыстың өміршеңдігін танытады.

Бұл топқа жататын есімдердің тағы бір ерекшелігі – негізінен ер адамдарға тән екендігі. Әйелдерге қатысты бұл модельдің сирек қолданылуының (мыс.: Нұрай, Бопай, Қызай, Күлә, Мінә т.б.) себебін айқындай түсу керек сияқты.

«Абай», «Шығай» тұлғалы байырғы да көне есімдер, ру-тайпа атаулары «өлі» құбылыс санатына жатса да, тарихи санамыздан біржола өшіріліп кеткен жоқ. Әсіресе, егемендік алып, еңсесін көтеріп, тарихи санасын жаңғырта бастаған халқымыз өткен өмірін, ата-бабалар дәстүрін саралап, ата-бабалар аттарын айқындайтын көптеген шежіре-аңыздар мен тарихи шығармалардың дүниеге келуі осының айғағы. Әйгілі халық жазушысы Әбіш Кекілбаев өзінің «Үркер» атты романында бір оқиғаны: «Шақшақтан Боқай, Көшей, Дүзей, Тоғай, Есназар, Ақназар – алтау туғанда, әлгі сөздер соның жылқышы Дүзейінен боп шықты. Бірақ айтып отырған әңгімесі өзінің Дүзейі емес, Күшей тұқымы жайында. Алты Шақшақтың ең еті пысығы Дүзей болғанда, ең үйден шықпас момыны Көшей көрінеді...» – деп баяндайды («Үркер», 106).

Бірақ романды оқыған бірде-бір оқырман осы әңгімеде аты аталған төрт бірдей тарихи есімнің (Боқай, Көшей, Дүзей, Тоғай) мән-жайын танып-білуге талпына қоймайтын шығар, өйткені бәріміз де солай үйренгенбіз.

Ал, енді дәл осы тәрізді бір қалыптан шыққандай, бір-біріне ұқсас, ұйқас жүздеген есімдер әр түрлі шежірелер мен тарихи бұлақтарда, көркем шығармаларда мыңдап қайталанып жатса, әсіресе тіл маманы оларға қалайша назар аудармасын? Біздің де көптен бері көңілімізді күпті қылып жүрген, өзінің ерекше болмысымен қызықтырып, «жұмбақ» болып келген де, міне, осы «Абай» мен «Шығай» тұлғалы есімдер.

«Жұмбақ есімдер» деп ат қойып, айдар тағып, отыруымыздың басты себебі – олардың табиғаты, көптеген басқа есімдер сияқты, айқын емес, бізге беймәлім сырларының болуында. Ол құпияны анықтағысы келетін адамдардың алдынан бірден бірнеше сауал көлденеңдей береді. Атап айтқанда олар мыналар:

1) «Абай», «Шығай» тұлғалы антропонимдер менен этнонимдердің бүгінгі ұрпақ үшін мән-мағынасының беймәлім болып қалуының себебі неде?

2) Оның себебі есім негізіндегі түбірлердің шығу тегіне, яғни қазақ тіліне тән емес шеттен енген ауыс-түйістер болуына, не болмауына байланысты емес пе екен?

3) Есім жасау моделі, жоғарыда ескерткеніміздей, үш вариантты – -ай //-ей//-й - формантан тұруына және оның негізін құрушы түбірлердің кейде бір буынды (мыс.: *Шоқ+ай, *Тоқ+ай, *Боз+ай т.б.), кейде екі буынды (мыс.: *Мата+й, *Сақа+й, *Тоқа+й т.б.) болуына байланысты қиындықтың әсері байқала ма?

4) Бұл есімдердің қалыптасуы қазақ тілінің өз заңдылығы мен табиғатына тән құбылыс па, жоқ әлде басқа туыс (қырғыз, өзбек, ноғай, татар, түрікмен т.б.), туыстас (моңғол, угра-фин, тұңғыс-манжұр т.б.), көршілес (қытай, орыс, араб, иран, санскрит т.б.) тілдердің әсерінен емес пе?

Міне, осы сауалдарға берілуге тиісті жауаптар біз қарастырып отырған құбылыстың бәрін болмаса да, біразын айқындай түсері сөзсіз. Енді сол жауаптарды тыңдап көрейік.

1. «Абай» мен «Шығай» тұлғалы антропонимдер мен этнонимдердің бүгінгі ұрпаққа беймәлім, «жұмбақ» болып қалуын бұл құбылыстың тек көнелігіне байланысты десек, сауалға үстірт жауап бергеніміз. Біздің пікіріміз бойынша, бұл сауалдың жауабы – «көптеген факторлардың жиынтығы» деп қараған жөн. Атап айтқанда, «Абай», «Шығай» тұлғалы есімдердің ерте замандарға тән тым көнелігі. Басқаша айтқанда, бұл құбылыс тарихи лексиканың заңдылығына сәйкес даму үрдісі тежеліп, кө-

нелену (архаизация) процесіне ұшырaған. Бірақ ол тілден мүлдем жоғалып кетпей, есім белгісі ретінде сақталып келеді.

Даму үрдісінің тоқырауға ұшырап, тежелуін біз, мысалы, мына бір деректен анық көреміз. Бір кезде өнімді болған бұл есім үлгісі бүгінде жас ұрпаққа ат етіп берілмейді десе де болады. Мысалы, проф. Т.Жанұзақтың жақында жарияланған «Есімдер сыры. Тайн имен» (Алматы, «Парасат», 2004) атты еңбегінде қазіргі жасөспірімдерге беріліп жүрген 2 мыңдай есімнің тек 22-і ғана -ай//-ей//-й үлгісі бойынша жасалыпты. Онда да, бұлардың біразы (Абай, Бөжей, Бөкей, Данай, Есей т.б.) көне дәстүрдің жалғасы ретінде ауысып келе жатқан есімдер.

2. «Абай», «Шығай» тұлғалы есімдер негізіндегі түбірлердің шығу тегін (этимологиясын) дәл айту мүмкін емес. Себебі үш вариантты – -ай//-ей //-й есімжасау моделі сол есімнің мағынасына ұйытқы болып саналатын түбірдің тұлғасын анықтауға жар бермейді: ол бір буын (моносиллаб) болып та, екі буын болыпта танылуына «еркіндік» беріп тұр. Мысалы, Тоқай деген есімнің түбірлік морфемасын бірде *тоқ>тоғ [1]- деген бір буынды түбір деп қарауға болса, бірде *тоқа>Тоқа+й деп, екі буынды түбір ретінде де тануға мүмкіндік бар. Ал, мұндай жағдаятта (ситуацияда) этимологиялық ориентация бұзылады, қайсысы шындыққа жататынын анықтау қиынға соғады. Ал бұл негіздер қазақ тілінің өзіне тән емес, шет тілдер элементі болып келсе, оның төркінін анықтау одан да қиын.

3. Есім жасау форманты (жұрнағы) үш вариантты – -*ай//-*ей//-й – модельдің түбірді анықтауға әсері бар екендігі айтылды. Бірақ ол түбір тұлғасын анықтауға қажетті оң әсер емес, бейберекеттік тудыратын теріс әсер. Сондықтан да, қарастырып отырған есімдер тобының зерттеушілер үшін сыры ашылмай, күңгірт болып қалуының себебі де, міне, осында.

Мәселенің екінші ұшы модель формантының үштік санында ғана емес, оның сапасына да, яғни грамматикалық мағынасына да, үлгісіне де байланысты. Осыған орай -ай//-ей//-й форманты түбірге қандай мағына артады деген заңды сұрақ туады.

Біздің жобалауымыз бойынша: -ай//-ей//-й сөзжасам форманты – қазақ тілінің өз табиғатына тән есімжасау моделі (антропоформа, этноформа) ретінде қалыптасқан, есім негізіндегі түбірдің заттық (өзіндік) қасиетін білдіретін грамматикалық көрсеткіш. Тұлға жағынан да, мағына жағынан да -ай//-ей//-й форманты сирек те болса, туыстық, жақындық қатысты білдіретін ата > атай, әке > әкей, шеше > шешей, аға > ағай, баба > бабай, тәте > тәтей, (басқа тілдерде: мама > мамай, бова > бовай, деде > дедей атауларына жалғанатын -*й көрсеткішінің өзі мен соның вариантары болуы ықтимал.

1 Екі дауысты дыбыс (интервокальды позицияда) аралығында тұрған қатаң дыбыс (қ) ұяң дыбысқа (ғ) айналады деген заң бойынша өзгеріп тұр.

4. Төртінші сауалға біз: «Абай», «Шығай» тұлғалы антропонимдер мен этнонимдер барша түркі-моңғол тілдеріне тән құбылыс, бірақ оның таралу шеңбері мен қолданысы бұл тілдердің барлығында бірдей емес. Салыстыра айтқанда, бұл топтың ең кең таралған және мол да жиі қолданылатындарына түркі тілдері ішінде қазақ тілі жатады. Ал, сол тілдік қауымның өз ішінде бәрінен жиі қолданылатыны – Кіші жүз ру-тайпаларының есімнамасында.

Мұның заңдылығын анықтау, әрине, тарихшы-этнологтардың ісі. Бұл есімдердің қазақтардан кейін тұрған туыс тілдер деп, қырғыз тілін атаған болар едік. Қырғыздар тілінде де қазақ тіліндегі мынандай есім-атаулар қайталанады: Сабай, Сарай, Тоғай, Тағай, Қаней, Үчей, Қытай т.т.

Демек, біз арнайы сөз етіп отырған «Абай», «Шығай» тұлғалы қазақтың байырғы есімдері мен ру-тайпа атауларының төркінін, шығу тегін анықтаудың бір бұлағы қазақ тілінің өз деректері болмақшы. Олардың негізі сөзжасам модельдеріне – -ай//-ей/-й - сәйкес екі бағытта: 1) бір буынды ілкі түбір (мыс.: Жанай > *Жан+ай, Кеней > *Кен+ей) және 2) екі буынды түбір (мыс.: Тоғай > *тоға+й, Жекей > *жеке+й) ретінде қарастырылуы да мүмкін (Кайдаров А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. Алма-ата, 1986, 180-320).

Алайда, тіліміздегі бұл тәрізді «жұмбақ» есімдер мен атаулардың шығу төркінін әркімнің өзінше жобалап, сан саққа жүгіртіп жүргені немесе ол туралы үндемей қалу – мәселенің шешімі емес.

Әрине, бұл есімдер туралы жүрдім-бардым айтылып жүрген пікірлер баршылық. Оларға пайымдап қарасақ, үш топтан тұратын сияқты. Оның бірінші тобына есімдердің негізіндегі түбірлерді қазақ тілінің сөздік қорындағы өзіне сәйкес гетерогенді омонимдерге балап қарауышылар жатса, екінші тобына – сөздік қордағы ұқсас бір түбірмен салыстыруышылар, үшінші топқа – есімдер мен атаулар негізінен етістік түбірін іздеушілер жатады. Мысалы, бірінші топқа жататындар пікірін тізімде көрсетілген кісі аттары мен ру-тайпа атауларын сол тұлғада (-ай//-ей//-й) қалыптасқан тілдегі сәйкес сөздермен төркіндес деп қарау десек, оған, мысалы: Атай, Апай, Бақай, Башай, Жұбай, Кедей, Кеней, Қытай, Самай, Сарай, Тоғай, Тотай, Ұдай, Шоқай, Шығай т.б. осы сияқты есімдердің өзін дәл қайталайтын баламалары – атай («ата» сөзінің еркелету, құрметтеу тұлғасы), апай («апа» сөзінің еркелету, құрметтеу тұлғасы), бақай мен башай (аяқ-қол саусақтарының майда сүйектері), жұбай (ерлі-зайыптылар, иран сөзі), кедей (жарлы-жалшы, иран сөзі), кеней (асыятың қарапайым түрі), қытай (халық аты), самай (жаққа өсетін шаш), сарай (ғимарат, иран сөзі), тоғай (өзен, көл бойындағы орман), тотай (ерке), ұдай (ылғый, әрқашан), шоқай (шикі көн теріден жасалатын аяқ киім), шығай (сіңірі шыққан кедей) деген сөздерді жатқызуға болады.

Екінші топқа, есімдер мен атаулар негізіндегі бір буынды, не екі буынды түбірлерді тілдегі соларға ұқсас түбірлермен, мысалы: *ат>Атай, *боз>Бозай, *боқ>Боқай, *дос>Досай, *ес>Есей, *жақ>Жақай, *жан>Жанай, *көз>Көзей, *қан>Қанай, *қос>Қосай, *мең>Меңей т.б. салыстыра қараушыларды жатқызуға болады.

Үшінші топқа, есімдер мен атаулар негізінен тілдегі етістіктерге ұқсас етістік түбірін, не етістіктің өзін, мысалы:*ақ->Ақай, *ал->Алай, *бөге->Бөгей, *еге->Егей, *көш->Көшей, *қон->Қонай, *қос->Қосай, *мас->Масай, *сақ->Сақай, *шоң->Шоңай- т.б. іздеушілер жатады.

Бұлардың барлығы ізденістің түрлері ғана, ал олардың ішінде шындықты тап басып, дәл көрсетіп тұрғандарын анықтау – болашақ зерттеулердің ісі. Мәселенің қиындығы да осында.

Біздің пікірімізше бұл – көне құбылыс. Сондықтан да, оның табиғатын танып-білуде бүгінгі түркі тілдерінің (соның ішінде қазақ тілінің де) деректері жеткіліксіз, ол үшін көне түркі жазба ескерткіштер тілінің бай мағлұматтарын салыстыра қарау қажет. Тұлға жағынан да, мағына жағынан да «жұмбақ» есім-атаулармен сәйкес келетін гомогенді және гетерогенді омоним түбірлерінің көне түркі жазба ескерткіштерінде көптеп кездесуін бүгінгі жанды тілдерде (соның бірі – қазақ тілі ғой) күңгірттеніп, архаизмге айналған өлі түбірлерді «тіріл тудің» бірден-бір өнімді де сенімді жолы деп қарағаң жөн.

Бірнеше мысал келтіріп көрейік. Мысалы, Жорай деген есімді алатын болсақ, оның негізін *жор деп те, *жора деп те жобалауға болады. Мысалы, бүгінгі түркі тілдеріне ортақ көне түркі ескерткіштер тілінде жор [jor] // жөр [jör] ілкі түбірінің үш түрлі мағынасы көрсетіліпті: 1) jor- «идти, ходить»; 2) jor- «обяснять толковать»; 3) jor-//jör- «отвязывать, распутывать» (ДТС, 274, 276). Егер біз Жорай деген есімнің негізі осы үш түрлі мағынадағы *жор етістігінің біреуі деп жорамалдасақ, онда осыған сәйкес оның мағынасы да үш түрлі болуы мүмкін: 1) «жортушы»; «жүруші, қимылдаушы адам»; 2) «түсіндіруші жорушы»; 3) «байланған нәрсені шешуші». Жалпы түркі, қазақ салт-дәстүрінде жаңа туған нәрестеге осындай мағынадағы есім беруі мүмкін бе? Оны айту қиын. Сондықтан да, Жорай тұлғалы есімнің төркінін бір буынды *жор ілкі түбірлерінен іздеудің реті жоқ сияқты.

Жорай есімінің төркінін іздестірудің екінші мүмкіншілігі Жора+й моделіндегі *Жора түбірінің мағынасына байланысты. Ол сөз көне түркі жазба ескерткіштер тілінде кездеспесе де, қазақ т.б. түркі тілдерінде қолданылып жүрген сөз. Жора қазақ тілінде «қатар өскен замандас, тең құрбы» (ҚТТС, 4, 165) мағынасында **жора**-жолдас, жекжат-**жұрат**[2], я Ит жоқта шошқа үреді қораға, Ер жоқта құл жүреді жораға сияқты тіркестер мен мақалдарда қолданылып келеді.

2 *Жұрт* сөзі – *Жұрағат* < *Жорағат* тұлғасының ықшамдалған түрі

Осыған байланысты көне қазақ салты бойынша жаңа туған нәрестенің есімін Жорай деп қойып, ата-анасы оған «бұрын туған балаларыммен жора болып, қатар өссін!» деген тілек-арманын түюі мүмкін. Бұл жағдайда есімжасау моделін Жора+й тұлғасында деп қарастыруға болады.

Сол сияқты қазақ қауымында Жабай деген де есім бар. Жүз жасаған Жамбылдың әкесі – Жабай. Осы есімнің негізі екі түрлі түбір болуы мүмкін деп жобалауға болады. Біріншісі – бір буынды *жап түбірі: жап+ай>жаб+ай. Сонда бұл түбірдің қазақ тіліндегі мағынасын *жап- етістігі («закрывать, покрывать» мағынасында) білдірсе, екінші мағынасын көне түркі тіліндегі – jap- «строить, делать» (ДРС, 235) – білдіріп тұр; jap//yap етістігінің бұл мағынасы қазіргі түрік тілінде де сақталған.

Есімнің негізін *Жаба<Жаба+й деп жорамалдасақ, онда ондай сөзді біз қазіргі қазақ тілінен емес, көне түркі жазба ескерткіштер тілінен ғана таба аламыз: jaba I «мокрый, влажный» (МК III, 24); jaba II «дикий» (ДТС, 221). Кейінгі jaba сөзінен қазақ т.б. түркі тілдеріндегі жабайы, жабайылық сөздері туындаған.

Сонымен, Жабай есімінің негізі – *жабай сөзі деп жобалайтын болсақ, онда бұл сөздің о баста есім болып қойылуы «ылғалды, дымқыл, сулы», не «жабайы», «тарпаң», «қолға үйренбеген» деген ұғымдарға байланысты болғаны. Бұл шындыққа жанасама, жоқ па? – оны зерттеу керек. Ал, бірақ одан басқа дерек түркі тілдерінде байқалмайды.

Жоғарыдағы тізімде келтірілген жүздеген есімдердің (бәрінің десе де болады) «тағдыры» осы мысалдарға ұқсас: мағыналары анық емес, шығу төркіні беймәлім.

Қазақ халқының өзіндік бір ерекшелігі – антропонимиялық және этнонимиялық қорының өте бай, сан жағынан ғана емес, сапа жағынан да сан алуан болып келуі. Бірақ осыншама көп атау-есімнің ішінде өзінің құпия сырымен көзге ұрып тұрған осы топ, сондықтан да оны жан-жақты зерттеудің қажеттігі баршаға аян. Олар өлі құбылыс болып, тарих қойнауында қалып қойған дүние емес, көненің көзіндей бүгінгі ұрпақ өкілдерінің ата-тегі ретінде де «жұмбақ» болып алдымыздан шыға беретін есімдер мен атаулар. Олардың төркінін анықтау көпшілік болып, пікір алысуды талап ететін күрделі құбылыс.

Сайып келгенде, жұмбақтың сыры түркі тілдерінің өз ішінде. Олар анығырақ айтсақ, бүгінде өлі-тірі түркі тілдерінің бәрінде бірдей сақталмаған, сақталса да, мағына-мәні күңгірттенген томаға-тұйық қалпында, бір буынды, не екі буынды өлі түбір қалпында сақталған көне элементтер. Мәселе, соларды дәл тауып, сөйлете білуде.

«Тілтаным», 2005. № 1. 53-66 б

Ясауи ме, жоқ Иассауи ме?

Қазақ археологтары Оңтүстік өлкедегі ірілі-кішілі 30-дай қаланың орны белгілі екендігін көптен бері-ақ айтып келеді. Отырар, Сауран, Карнақ, Шағылжан, Карашық, Шұр, т. б. Осылардың қатарында пайда болған қалалардың бірі – Шауғардағы Ясы қаласы деп көрсетіледі «Қазақстан тарихының» 1-томында (Алматы, 1996, 454-б.).

Бұл атаудың о баста, түпнұсқада дәл осылай жазылуын қандай бұлақтарға сүйеніп алғандығы туралы жауапты археолог-тарихшы ғалымдардың өздері бере жатар.

Бұл атау көбінесе Әзірет Сұлтан Қожа Ахметтің есіміне қосылып, кейінгі жылдарға дейін Қожа Ахмет Ясави түрінде жазылып келді. Алайда, соңғы жылдары бұл атауды жазуда бірізділік байқалмай жүр. Ол: Ясауи, Яссауи, Йасау, Йассауи, Иасауи, Иассауи т. б. жазыла бастады. Мәселен, Түркістан қаласында шыққан бір ғылыми жинақта «Яссауи тағылымы» (1996 ж.) деп дұрыс жазылса, жақында Түркияда басылып шыққан Кожа Ахметтің хикметтері «Қожа Ахмет Исауи» деп беріліпті; Түркістан қаласындағы университет өз атын «Қожа Ахмет Яассауи» атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті деп жазады. Жоғарыда аталған «Қазақстан тарихы» (Алм., 1996) бірде Ясы (454 б), бірде Иассауи (14 т. б.б.) деп жазады т. т.

Міне, бұл жағдай қолайсыздық туғызып, тіл-жазу мәдениетіміздің төмендеп бара жатқандығын көрсетіп отыр.

Не істеу керек?

Менімше, ең алдымен тіл заңдылығына жүгінген дұрыс қой деймін. Енді біз осыны түсіндіріп көрейік.

1. Археологтардың ресми қолданып, барлық тарихи бұлақтарда жазылып келген бұл қаланың аты – Ясы. Олай болса, екінші «С» дыбысының бұл сөзде пайда болуы заңсыз.

2. Сөздің басындағы қосарлы дыбыс [й-йот және ашық дауысты дыбыс -а] белгісі кириллицада «Я» әрібі (таңбасы) арқылы берілетінін мойындасақ, онда қолданып жүрген ережеміз бойынша Йаса, Йасса, Иасса, Иаса емес, яса түрінде жазғанымыз жөн. Ескерте кетейік: Егер бұл атауды латынша жазатын болсақ, әрине Yasavi деп, қазақшалауда да, Yesevi деп түрікшелеуге де болар еді. Бірақ қазақ тілі латын әліпбиін қабылдағанша «Я» арқылы жазуға міндеттіміз.

3. Ал, енді сөз басындағы «Я» қосарлы дыбысты «и» және «а» дыбыстары ретінде жіліктеп (екіге бөліп) Иасауи, не Иассауи деп таңбалау ешбір заңға симайды, өйткені сөз басында екі дауысты дыбыс [и+а] қатар тұра алмайды.

4. Яса қаласының Қожа Ахмет есіміне Ясауи түрінде телінуі орта ғасырлардағы мұсылман дүниесіне тән дәстүрге байланысты екені баршаға

мәлім. Бұл арада = , u – араб, парсы тілдеріндегі «тәуелділікті», «қатыстылықты», «иегерлікті» білдіретін грамматикалық тұлға (формант). Ол сол араб, парсы тілдерінде бір ғана [и] таңбасымен берілсе де, оқылуы, естілуі = ый//іи, =уй//үй, =ви қосарлы дыбыстарға жақын. Бұлар кісі есіміне, ру-тайпа аттары мен жер-су атауларына жалғанғанда олардың соңғы ды-бысының (дауысты, дауыссыз) ауанына қарай өзгеріп отыратындығы белгілі. Мәселен, дауыссыз дыбыстарға аяқталатын есім-атаулар «и»-ді ғана қабылдаса (Дұғлат+и, Хорезм+и, Фараб+и т. т.) дауысты дыбыстарға (а, о, е, и, у) аяқталатындар (екі дауысты дыбысты қатар айтуға болмағандықтан) бір дауыссыз дыбысты (у, в, й) сыналап қосып алады. Мысалы: Яса+у-и, Тақа+у-и, Ата+й-и, Маға+у-и т. б.

Осы заңдылықты ескерсек. Ясауи (арабшада: Ясави) деп жазу дұрыс.

Қорыта келгенде айтарымыз: тарихи тұлғалар, ұлы адамдар есімін сан саққа жүгіртіп, әркім өз білгенінше жазудан арылатын уақыт жетті, өркениетті қоғам одан ұтылмаса, ұтпайды. Бұл жерде тіл заңдылығынан басқа да, зиялы қауым болып өзара келісіп, пәтуалауы баспалардың тіл мәдениетін сақтауға аса зор мән беру де аса қажетті мәселе. Мамандар бас қосып, ақылдаса отырып, әсіресе, тарихи тұлғалар есімдерін ру-тайпа, ұлыс, халық аттарын, жер-су атауларын бір ізге салатын уақыт жеткен сияқты.

«Егемен Қазақстан», 1998. 15 тамыз

Есік пе, Ысық па?

Түркі халықтарымен дүниеге бірге келіп, ғасырлар бойы бірге жасасып, қалыптасқан сөз байлығымыздың бір саласын жер-су атаулары құрайды. Жер-су атауларын «жер тарихы деп, ал ол – «ел тарихы» деп мадақтаудың да өзіндік мәні жоқ емес. Өйткені, алғашқы қауымнан басталған даму барысында ру-тайпа, ұлыс, халық болып қалыптасқан әрбір этностың көптеген шартты белгілерінің біріне тұрақты ұғымыр кешіп, тіршілік етуіне қажетті табиғи орта мен географиялық аумақ жатады. Міне, сол әрбір этностың ең бастапқы дүниетанымы, саналы өміріндегі алғашқы «шығармашылық өнері» өзін қоршаған табиғи орта мен географиялық нысандарды өз сөздері арқылы сипаттап, белгілеуден, яғни, ат қойып, айдар тағудан басталады.

Міне, осылайша дүниеге келіп, қалыптасқан мыңдаған жер-су атаулары сол халықтың өз тілінде сөйлеп, тылсым тарихтан сыр шертетін, көненің көзіндей айтары мол тарихи бұлаққа айналады.

Осы тұрғыдан алып қарағанда, бүгінгі қазақ халқы да түркі әлемінде тек өзінің ұлан-ғайыр жерімен ғана емес, сол жердің бет-бедеріне небір ғажайып сөз өрнегін түсірген, бір тұтам жерін бос қалдырмай, мәнді де маңызды, көне де байырғы атаулармен нысандауы арқылы, рухани бай халықтардың санатына жатады.

Қазақтың кең жазира даласынан жанды табиғаттың барша құбылысын, құрлықтың құрамдық көрінісін түгел кездестіруге болады. Қазақ жерінің бетіне бейнелі де айшықты атаулармен «жазылған» тарихтан саналы қауым өзінің өткен тарихын, ата-бабаларының өз ұрпағына қалдырған қасиетті де қастерлеуге тұратын құндылықтарын танып-білуіне әбден болады. Әрине, ол құндылықтардың көбісін тарих шаңы басып, уақыттың құдіретті күші өзгертіп, замана талабы өз еркіне көндіргені де белгілі. Олардың көбісі кейінгі ұрпақ жадынан шығып, ұмыт бола бастаса да, бірақ тарих жады түгел ұмыта қойған жоқ.

Міне, халқымыздың өткен өмірінен дерек беретін, оның тарихи-мәдени болмысына тән рухани жүгін арқалап келе жатқан талай ғасырларды аттап, мағынасы мұнарланып, тұлғасы өзгеріп бізге жеткен жер-су атаулардың біріне Есік-Есікті (орысша – Иссык) атауы жатады.

Есік көлі, Есік өзені, Есік қалашығы, Есік қорғаны – бұлардың бәрі әр түрлі географиялық тарихи-әкімшілік нысандарға қатысты бір Есік түрінен туындаған атаулар. Алайда, бұл атауды о баста Іле Алатауының қазіргі Еңбекшіқазақ ауданы аумағына жататын таулардың қойнау-шатқалында теңіз деңгейінен биіктікте табиғи түрде пайда болған (уақытын айту қиын) тау көлінің атынан туындаған деп жобалауға болады. Жетісу өңіріндегі ғажайып табиғаттың көз тартар көркем суретіндей болып, өз еліміздің ғана емес, шетелдердің де азаматтарын өзіне қызықтырып келген бұл көл, өкінішке орай, табиғи апаттан (сел тасқынынан) төмен қарай құлай ағып, жоқ болды (Қазірше қалпына келтірілген жоқ).

Бұл көлдің тарихы әлі толық зерттеле қойған жоқ. Алайда Алатаудың арғы күншығыс жағындағы Қырғыз жерінде орналасқан Ыстық көлмен (орысша: Иссыкуль) оның табиғи байланысы бар екендігі көптен сөз болып келеді. Тянь-Шань тауының (Хан Тәңірінің) арғы-бергі беттерін алып жатқан ғажайып таулы өлке сонау сақ заманынан белгілі, сақ, түрік хандары жайлаған, хан ұрпағын жерлеп, қорғандар орнатқан қасиетті аймақ болып саналған. Күлтегінге арналған ескерткіште (VIII ғ.) айтылатын «түрк ыдуқ субы» (орысша «священная тюркская страна») деген ұғымының да осы өлкеге тікелей қатысы бар.

Енді көл, өзен, қала, қорған атаулары болып тұрған Есік сөзінің өзіне келейік. Бұл біздің айқындауымыз бойынша, Есік те, Есікті де (орысша Иссык та, қырғызша Иссик-куль де) емес, оның о бастағы төркіні – көне түркі тілінде кең тараған «қасиетті, киелі» (орысша: «священный, сокральный») деген мағына беретін Ысық сөзі. Тәңірге, табиғаттың тылсым күшіне табынған дәуірде сонша биіктікте пайда болған көлдің осылай аталуы – заңды құбылыс. Сонда: қазақ жеріндегі Есік көлі – Есікті көлі де, Қырғыздың Ыстықкөлі де – көне Ысық сөзінің дыбыстық жағынан өзгерген, көне мағынасының, ұмыт бо-

лып, бірде «үйде, ғимаратта, қорада т.б. нысандарда болатын, ашып-жабылатын есік» мағынасында, енді бірде «көл суының ыстықтығын» білдіретін мағынада қолданылуы шындыққа жатпайды: қазақ көлінде есік жоқ та, қырғыз көлінде де ыстықтың белгісі жоқ. Бірақ екі атау – бір сөз.

Сондықтан да, белгілі мәскеулік түрколог-ғалым, профессор Э.Р.Тенишев қырғыз Ыссық көлінің атауын (топонимін) «з» дыбысымен келетін редиктілі (сирек) формада қалыптасқан ертедегі Ызық көл («священное озеро») тіркесінен таратады (Э.Р.Тенишев. Древнекыргызский язык, Бишкек, «Кыргызстан», 1977. 26 б.). Автор қырғыз жерінде басқа да Ызық//Ысық (мыс. Ызық Ата «святой отец» т.б.) атаулары сақталған деп көрсетеді.

Біздің сөз етіп отырған Есік атауы да көне «Ысық» («қасиетті», «игілікті» мағынасындағы) сөзінің өзгерген түрі. Бұл сөз түркі тілдерінің даму заңдылығы бойынша түркі әлемінде: ысық-ызық-ыдық-ыйық-ысыах-ыһыах т.б. тұлғалық (олардың арғы түбі қазақ тіліндегі игі//ізгі сөздерінде сақталған) және мағыналық нұсқа түрінде қолданылған, қолданылып та келеді. Бір мысал келтірейік. Мәселен, саха (якут) тілінде Ысыах// Ыһыах – көктем басында ойын-тамаша, қымыз ішумен өткізілетін қасиетті де дәстүрлі ұлттық мейрам-мереке. Ол туралы әдебиеттерде (қараңыз. Памятники фольклора народов Сибири и Дального Востока. Якутский героический эпос «Могучий эр Соготох». Новосибирск, 1996, с.400): «В прошлом ысыах устраивали по случаю свадьбы и других важных событий. В «Олонхо» устраивают по поводу всех важнейших событий (победа героя, женитьбы богатырей и т.п), но обязательно приуроченных к лету. В настоящее время ысыах является всенародным национальным праздником», – деп көрсетеді.

Бұл ысық сөзінің көп мағыналарының біреуі ғана. Жер-су атауларына байланысты көбінесе «қасиетті, киелі, игілікті» (орысша «священный, сокральный, обетованный») деген мағынасы қалыптасқан. Демек, Есік көлінің, сондай-ақ, осыдан туындаған Есік өзені, Есік қалашығы, Есік қорғаны атауларының о бастағы тұлғасы – Ысық, мағынасы «қасиетті, киелі, игілікті» болған.

Бейнесі Мемлекетіміздің рәмізіне айналып отырған әлемге әйгілі «Алтын адамның» мәйіті табылған, кезінде талай сақ, түркі хандары жерленіп, қаншама қорған салынған Жер жаннаты Жетісудағы басы сонау Хан Тәңірінде жатқан апай төс Алатаудың төрінен орын тепкен Ысық-Есік жерінің кезінде «қасиетті, киелі, игілікті» деп аталғандығына ешкімнің де күмәні болмаса керек.

Әрине, әр алуан себептермен Есік-Есікті болып өзгеріп кеткен бұл атаудың көне атын қайтадан жаңғыртып, Ысық деп айтуға да болар еді. Бірақ оларекеттің әурешілігі көп болатындығы да баршаға белгілі. Ысық атаулының тарихын қарастырып, төркінін анықтаудағы біздің мақсатымыз, түптеп келгенде: ата-

бабаларымыз сонау көне заманның өзінде бүгінде «Алтын Адамның» мәйіті табылуымен әлемге белгілі болған осы бір құтты мекеннің қастерлеген атауы – Ысық («Қасиетті көл», «Игі өзен», «Киелі жер») болғанын бүгінгі жас ұрпақ біліп жүрсе деген игі тілекке байланысты. Ал, осы өлкеден табылған «Алтын Адамды» сол қасиетті елі мен жері үшін қыршынынан қиылған, хан әулетінен шыққан жас ұлан» деп танып, бүгінгі ұрпақ оның басына ескерткіш орнатып, көне дәуірдің көрінісін көзге елестетер белгі-нышандар қоя алса, саналы ұрпақтың бабалар алдындағы перзенттік парызын орындағаны болар еді.

«Қазақ әдебиеті», 2003. № 32.

Алма - Ата емес, Алматы...

Қазақ халқы ғасырлар бойы аңсап келген егемендікке қолы жетіп, тәуелсіз мемлекет болғанына да Құдайға шүкір, біраз уақыт өтті.

Егеменді еліміздің алғашқы қадамы ұлттық болмысымызды, бұрмаланған тарихымызды, бағасы жойылған рухани құндылықтарымызды қалпына келтіруден басталғаны досқа да, дұшпанға да аян. Өткен он жыл ішінде он ғасырда істелінбей келген оң өзгерістер жүзеге асты. Әлі де талай өзгерістер алдымызда. Бүгінгі қарбалас, қайта құру кезеңінде қарапайым халықтың «өлгені тіріліп, өшкені жанғандай болған» бір қуанышы – сол бұрмаланған тарихи шындықты қалпына келтіру.

Алайда, адам баласынан пендешілік қалған ба? Кейбір Қазақстандық азаматтар егемендік арқасында еңсесі көтеріліп, мерейі өссе де, күн сайын көз алдында өтіп жатқан заңды да ауқымды тарихи өзгерістерге көңілі толмай, ескіні аңсауы, өткенге деген өксігін баса алмай жүргендігі байқалып қалады.

Осындай, қоғамдық-әлеуметтік мәні бар бұл құбылыстың бір көрінісін біз кейінгі кезде қолға алынып, қарбалас шешіліп жатқан жер-су, қала-село, мекеме атауларын өзгерту әрекетінен де айқын көреміз. Бұл мәселе бір жерлерде дұрыс шешімін тауып жатса, екінші бір жерде асығыстық, науқаншылық, біліксіздік, асыра сілтеушілік те байқатып қалады.

Бірақ, қалай болғанда да, бұның бәрін егеменді ел болудың ізгі ниетінен туындаған, ғасырлар бойы отаршыл, өктем, үстем саясаттың, небір сұрқия-сұмдық нәубеттердің зардабынан халқымыздың бойына сіңіп қалған ауыр дерт пен құлшылық әдеттен құтылудың, біржола арылудың алғашқы заңды қам-қарекеті деп қараған жөн.

Өктемдігін жүргізіп, билеп-төстеуші империяның өз кезінде ұстанған түпкі мақсаты қазақ сияқты аз халықтың жерін иеленіп, өзін құл-құтанға айналдыру болса, оны орындаудың алғышарты – сол халықтың тілін жою, дінінен адастырып, шоқындыру, жер-су, мекен-жайларының атын өзгерту болып саналады. Қазақ жерінде бұл саясат түпкі мақсатын түгелдей орындай алмаса да, қазақ қауымының бетіне шіркеу, сүйегіне таңба болып қалған

небір жағымсыз жағдаяттарды жүзеге асырып үлгергендігі айдай әлемге аян. Басқасын былай қойғанның өзінде, халқымызды «қазақ» деген өз атынан айырып, 20-жылдарға дейін «қырғыз», «қайсақ» деп алдаусыратуының өзі тарих алдында қандай күнә еді. Осы өктемдік саясаттың салдарынан жүздеген, тіпті мыңдаған қазақша жер-су, қала-село, аттары жер бетінен өшіріліп, не өзгертіліп, бұрмаланып, басқаша аталып кеткендігін қалай жасыра аламыз.

Сол тауқіметті басынан кешірген қасиетті мекеннің бірі – көп жылдар еліміздің ел ордасы болған Алматы қаласы. Барша қазақ қауымы үшін Алматы қаласының бұл атауы ешқашанда басқаша аталған емес. Өйткені, ол сонау, IX ғасырдың өзінде-ақ Ұлы Жібек жолының бойындағы қазіргі қала тұрған жерде сауда орталығы болды. Алматы XIV ғ. (1339ж) Шағатай ұлысының бір орталығы болғандығы, қаланың орнынан алтын-күміс теңгелердің, тайқазанның шыққандығы, оның З.Бабыр мен М.Хайдар Дулатидің жылнамаларында аталғандығы бізге тарихтан белгілі.

Міне, тарих жадында сақталған, жергілікті халық жүрегінде Алматы болып жатталған көне қаланың тағдыры қалайша тәлкекке түсе берді? Қазақстанды отарлаған Ресей империясы XVIII ғасырдың 50-жылдары (1834ж) Алматының орнына әскери қамал орнатып, «бұл Ресейдің шығыстағы ең сенімді қорғаны болсын!» деген оймен оны «Верный» деп атады. Сөйтіп, Алматы 67 жыл «Верный» болып келді. Одан соң әртүрлі себептермен (атап айтқанда: Қазақстан картасын жасаушы, бірақ, қазақ тілі мен оның болмысынан мүлдем хабарсыз топографтар мен гейодезистердің еркімен, қазақ жерінде Алматы сияқты көне қалалардың болғанын сұқаны сүймейтін саясаткерлердің «Алматы» деп айтуға тілі келмейтін, қаламы жүрмейтін тәлпіш әкімдердің қалауымен, сондай-ақ табиғатына жағымпаздық тән жергілікті басшылардың принципсіздігінен т.т.). Алматы көп жылдар бойы (1921ж бері, Жетісу рефкомының №12 Жарлығы бойынша) бұрмаланып, ресми түрде Алма-Ата болып аталып, шеттен келген тосын жұртқа, бет-аузымыз қызармай-ақ бұл «алманың атасы» деген сөз деп түсіндіріп келдік. Қылышынан қан тамып тұрған тоталитаризм кезеңінде «бұл олай емес» деп қарсылық айту мүмкіншілігі болмады.

Қарапайым халықтың қалауын ескеріп, тарихи шындықты қалпына келтіру мүмкіншілігіне егемендіктің игілікті нышаны ретінде тек кейінгі жылдары қолымыз жетті. Қазақстан Республикасының бірінші Президенті Н.Ә.Назарбаевтң «Қазақстан республикасының астанасы туралы» 1995 жылы 5 қыркүйегіндегі Жарлығында (1-пункт): «Қазақстан Республикасының астанасы – Алматы» деп жазылып, астана ауысса да, бұл атау мәңгі бақи ресмиленді.

Бірақ, өкініштісі, Алматы туралы әңгіме мұнымен аяқтала қойған жоқ. Байқап қарасақ, өткенді (дұрысы: өткендегі қазақтың мүшкіл күйін) аңсап,

өктемдікті сағынып, өксігін баса алмай жүргендер арамызда әлі де бар екен. «Алматыны ресми түрде Алма-Атаға айналдыру» қарбалас науқаны қайтадан басталды. Бұған бұл жолы мұрындық болып, жол сілтеп, қолтығына су бүркіп отырған, көп жорналшылардың бірі емес, баршаға абыройын асырып, беделін арттырып жүрген қала әкімі В.Храпунов мырзаның дәл өзі болып отыр.

Демек, бұл – «әңгіменің күрделене түскені» деген сөз. Алматыдай 1,5 милионға жуық тұрғыны бар қаланың әкімі, қазақшалап айтқанда, – «жарты патша» ғой. Сондықтан да болар «Алматыны Алма-Ата қалу керек» деген әкім идеясын қала қарауындағы «АиФ – Қазақстан» апталығы мен «Вечерняя Алматы» газеті кейінгі кезде қарбалас науқанға айналдырып, ушықтырып жіберген сияқты. Газеттердің мүмкіншілігі мол, әрине. Сондықтан да болар, бірінен кейін (Айф, № 22, май, 2003) бірі («Веч.Алматы», 18.X. 2003) әкім атына ашық хаттар ұйымдастырып, еліміздің атақ-даңқы жер жарған, маңдайалды азаматтарының қолын қойғызып, өкіметке «енді шешпей көр!» деп қыр көрсететін сияқты.

Ал енді сонда қарбалас науқанды ұйымдастырушы және қолдаушы қауымның «Алматы атауына тағар айыбы не, ол несімен ұнамайды? Оған қарсы айтар дәлелі не?» деген сауалға келейік. Аталған екі газеттің бетінде орысша жарияланған пікірлердің біразын санамалап шығайық: «Это – досадная ошибка» («Алма-Атаның», «Алматы» болып өзгеруін айтып, өкініш білдіріп тұр); «Алма-Ата мне нравится больше»: «Я – за старое название: Алма-Ата. В моем понимании Алма-Ата звучит по русски, а Алматы по-казахски»; «Ой, Алма-Ата легче выговаривать. Алматы сложнее воспринимать. Мне кажеться, город Алма-Ата душевнее звучить»; «Я больше склоняюсь к Алматы»; «Я почему-то никогда над этим не задумывалась какая разница, как называется город?» (Айф-Казахстан, №22, май, 2003).

«Вечерняя Алматы» газетінде жарияланған ашық хат: «Обращаясь к Вам (т.е. В.В.Храпунову) с предложением вернуть газете старое название, мы ни в коей мере не преследуем каких-либо популистских или иных целей. Нами движет прежде всего желание вновь держать в руках любимую газету с привычным ласковым именем «Вечерняя Алма-Ата» – деп қорытады өтінішін.

Арнайы ұйымдастырылған осы хаттар мен басқа да жеке мақалаларда айтылған пікірлер мен уәждерді зерделеп қарасақ, көріп отырғанымыздай, «Алматы ұнамайды?», «Алматы ұнамайды?», «Алма-Ата ұнайды» дегенге ғана барып саяды екен. Бұл «соншалық жауапты іске соншама жауапсыздықпен қарау» деген осы емес пе?

Ал енді Алматы атауының өз басына келетін болсақ, ол қазақ

халқының жүрегінен қайнап шыққан, өз тілінің сөзжасам үлгісі бойынша дүниеге келген көне де байырғы қазақы атаулардың бірі. Тек Қазақстанның өзінде ғана жүзге тарта Алматы, Алмалы, Алмалық атауы бар екен. Алматы – «алма» сөзіне -ты//-ті қатысты сын есім журнағының ең көне қатаң нұсқасы жалғануы арқылы жасалған атау. Бұл атау құрамында ешқандай «ата» деген сөз жоқ. Демек, Алма-Ата – «отец яблоки» деп түсіндіру сыпайылап айтқанда, бос сөз.

Бұл ғана емес, қазақ жерінде осы аталған сөзжасам үлгісі бойынша пайда болып, қалыптасып, ғасырлар бойы қолданып келе жатқан: Мойынты, Бұланты, Бұғыты, Қадаты, Шідерті, Сөгеті т.б. осы сияқты жүздеген топонимдерді атауға болады. Алматыны («алмасы көп жер») орыс құлағына жағымды естіледі деп, «Алма Атаға» бұзып, өзгертіп айтумен ғана тұрмай, үш қайнаса сорпасы қосылмайтын «Алманың атасы» деп түсіндіру, тіл мәдениетінде бұдан артық сорақылық болмаса керек.

Рас, қазақ топонимикасында ата, баба, бап, ана, ене сөздерімен тіркесіп жасалған топонимдер мен этнотопонимдер баршылық. Бірақ бұлардың баршасы адамға қасиетті, көріпкел, әулие-әмбие пір деп сыйынатын ел ішіндегі ұлы да ұлағатты тұлғалардың есімдерімен ғана тіркесе алатын аппелятивтер: Әулие ата, Шопан ата, Қамбар ата, Арыстан бап, Қанға баба, Гауһар ана, Домалақ ене, т.б.

Бұл аппелятивтердің бірде-біреуі алма, өрік, сөгеті, қайың сияқты өсімдіктермен, бұлан, бұғы, қарсақ, т.б. жан-жануарлармен еш уақытта тіркеспейді. Сондықтан тосын құлақ үшін қаншама жағымды естілсе де, алма («яблоко») мен ата («отец») қатар тұра алмайды, бұл – алогизм.

Сонымен, қорыта келгенде айтарымыз:

Алматы атауы, тарихи тұрғыдан да, саяси тұрғыдан да атақ-лауазымды адамдардың, не көпшіліктің қалауы бойынша да, заң (юриспруденция) бойынша да «Алма-Ата» деп ресми түрде өзгертуге болмайды.

Себебі:

1) Алматы – көп бұрмаланып, өзінің табиғи қалпына келген ресми түрде (Президент жарлығымен) бекітілген тарихи атау;

2) Егемендік алып, тәуелсіз мемлекет болған ел өз тағдырына қатысты ішкі проблемаларының баршасын ешкімге алаңдамай-ақ көрші мемлекеттердің мемлекетте жасайтын диаспоралардың ықпалынсыз, өз өкіметінің жарлығымен өзі шеше алады;

3) Ономастика (топонимика, антропонимика, этнонимика т.б.) проблемалары республика аумағындағы қабылданған заңдар мен

«Қазақстан географиялық атауларының мемлекеттік каталогының» ережелері негізінде ғана жүзеге асады;

4) Географиялық атаулардың ұлттық нұсқасымен қатар, басқа тілдік нұсқалары болған жағдайда, ішкі де сыртқы (халықаралық) қарым-қатынастарда тек ұлттық нұсқасы ғана қолданылады деген Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) деклорациясы негізге алынуы тиіс.

5) Қазақстан республикасы аумағында Алматы атауы да және сол сияқты басқада атаулар да, бұрылмай, бұрмаланбай, өзінің ұлттық тұлғасын сақтап қолдануы керек.

Қазақстанда Алматы атауының транелитериция қабылданған ереже бойынша Алматы болып қана жазылуы тиіс.

Алматы атауының тамаша қаламыздың тарихи да байырғы атауы ретінде ресмиленуі, ол туралы кім, не ойласа да, егемендіктің тағы бір игі жемісі деп қараған жөн.

«Ана тілі», 2003. № 44. 6 қараша

ЭТИМОЛОГИЯ

Жалпы лексикологияға қатысты, бірақ зерттеу нысаны мен тәсіліне, мақсат-міндетіне байланысты өзіндік ерекшелігі бар оның тағы бір үлкен де күрделі саласы – *этимология* десек, ол өзінің бір бастауын Ә.Қайдар еңбектеріндегі бір буынды түбір сөздерден алады. Ғалымның ғылыми принципті пікірі бойынша қазақ (сондай-ақ байырғы түркі) сөзінің төркіні, түптеп келгенде, тек бір буынды (моносиллаб) деңгейінде ғана анықтауға тиіс.

«Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы» дегендей, сөз төркінін анықтау ға әркімнің-ақ жаны құмар. Алайда, этимология жөнді-жөнсіз долбар айтып, сөз табиғатын өзінше түсіндіріп машықтанудың нысаны емес, ол, керісінше, тіл білімінің биік талабына сай тілдің даму заңын толық меңгерген адамдардың ғана шұғылданатын күрделі кәсібі. Этимология, біле білсек, сөз тарихының ең өзекті, қиын да күрделі мәселесі.

Академик Ә.Қайдар қазақ, ұйғыр, т.б. түркі сөздерінің этимологиясымен көптен (1955 ж.) бері шұғылданып келеді және бұл ізденістерінде ол осы принципті ұстануда. Ол этимологияға қатысты бір үйір мақала, этюдтер жариялап, университеттерде этимология бойынша көп жылдардан бері арнайы курс оқып, сол курстың программасы ретінде өзінің ғылыми принциптері мен этимологиялық концепциясын (тұжырымдамасын) ұсынып отыр. Онда түркі этимологиясының мақсат-міндеті, зерттеу объектісі мен тәсіл-тетігі, тілдік заңдылықтар мен экстралингвистикалық факторлары сөз болады. Бұлар туралы аталмыш

бағдарламада: «Түркі тілдеріне, оның ішінде қазақ тіліне қатысты этимологиялық ізденістердің негізгі мақсаты: а) түркі тілдерінің өте көне дәуіріне тән ортақ түбірлерін анықтау; ә) түркі тілдерінің ішінде өзара жақын топтарға ортақ лексикалық элементтердің сыр-сыйпатын ашу; б) әрбір тілдің, мәселен, қазақ тілінің сөздік қорындағы жалпы түркі тілдеріне, оның ішінде қыпшақ тобына жататын тілдерге ортақ, сондай-ақ тек қазақ тілінің өзіне ғана тән, әсіресе, бір буынды түбірлер мен туынды түбірлердің табиғатын ашу; в) қазақ тіліне әртүрлі тарихи, мәдени, саяси, географиялық себептерге байланысты сырттан (араб, парсы, моңғол, қытай, орыс т.б. тілдерден) енген лексика-грамматикалық элементтерді анықтау, олардың дыбыстық, тұлғалық және мағыналық өзгерістерін белгілеу; 2) лексикалық элементтердің өзара қатыстығы мен алшақтығы тілдің даму процесіне байланысты заңды құбылыс екенін дәлелдеу, т.б.», – делінеді.

Сөз төркінін айқындауға байланысты: «Мағынасы айқын дербес сөздерге этимологиялық талдаудың қажеті бар ма, жоқ, әлде ол тек мағынасы күңгірттенген, қолданыстан қалған, не сирек қолданылатын, тек біріккен, кіріккен, қос сөздер мен тұрақты тіркестердің (фразеологизм, мақал-мәтел, теңеу, жұмбақ, т.б.) құрамында кездесетін лексемаларға ғана, не грамматикалық тұлғалар мен көненің көзіндей реликтілік құбылыстарға ғана жасала ма?»– деген сұрақтар туындайды.

Осыған орай ғалымның өз пікірі бар. Ол сөздік қорымыздағы қолданылып жүрген лексикалық единицалардың (бірліктердің) барлығы бүгінгі таңның жемісі емес, олардың басым көпшілігі ғасырлар бойы қалыптасып, әртүрлі деңгейдегі қолданыста болып келе жатқан элементтер. Олардың біразы тіл иелерінің жадынан шығып, мүлдем ұмыт болып, байырғы рудиментке айналады, енді бір тобы о бастағы мағынасынан ажыраса да, басқа сөздермен селбесіп, қолданыстан қалмайды, т.т. Міне, сөз табиғатының осы ерекшеліктеріне қарай Ә.Қайдар этимологиялық зерттеулерді тілдің сөздік қорын құраушы лексика-грамматикалық единицалар мен тұлғалардың барлығына да қолдануға болады, бірақ практикалық қажеттілікке және зерттеушілердің бұл іске дайындығына байланысты этимологияның да ұстанған өзіндік принциптері, әртүрлі деңгейі, жүйелі рет тәртібі, мақсат-міндеті болуға тиіс деп қарайды. Осылардың арасына этимологиялық сұранымы мол лексикалық категорияға ең алдымен мағынасы күңгірттенген сөздер жатады. Кез келген сөздің «құлағынан тартып шығарып, оған қалаған қалпағын кигізу» немесе өз тіліндегі сөздің төркінін екінші бір тілде кездесетін ұқсас кездейсоқ сөзге қарап анықтау, сөз қолданылған контекске қарап, тон пішу, не «бұл осылай» деп белінен бір-ақ басу, т.б.

осы сияқты «тәсілдердің» бәрін ғалым ғылыми этимологияға жатпайтын машықтар деп қарайды.

Әрине, ана тілінің табиғатын тереңірек білуге талпыныс, сөз маржанының сыры мен сыйпатын ашып, төркінін анықтауға құлшыныс ертеден-ақ келе жатқан игілікті іс екені белгілі. Алайда, жоғарыда көрсетілген этимологиялық дайындықтың, мақсат-міндетті әртүрлі сезінудің, деңгейді білудің әр алуан болуына байланысты сөз төркінін анықтаудың қоғам өмірінде үш түрлі дәстүрі қалыптасқаны да белгілі.

Олар:

1) Ғылыми этимология,

2) «Қызықты» этимология,

3) «Халықтық» этимология деп аталады, әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар. Олардың біріншісі – тілдің өзіндік қатал да жүйелі заңдылығына сүйенсе, екіншісі – таным көкжиегін кеңейте түсетін, шындық пен болжам аралығынан туындайтын «қызықты» топшылар болса, үшіншісі – халық қиялынан туған шындықтан алыстау «жасанды» жорамалдар.

табакерка, затем табакерку из коровьего рога, и, наконец, – табакерку вообще без указания на материал, из чего она изготовлена (ср. *ағаш шақша, темір шақша* и т. д.). Именно подобное изменение в семантической структуре слова *шақша* могло быть причиной сдвоения синонимов, один из которых стал определяемым, а другой – определяющим в структуре плеонастического сочетания.

На данном этапе развития языка как синонимы не воспринимаются также компоненты сочетания как *әйел кісі* – «женщина», «женская особа» (противоположность *еркек кісі* – «мужчина»). Известно, что слово әйел восходит к арабскому *ғәйал* – «женщина», «жена». Слово же *кісі* (в разных фонетических вариантах) в современных тюркских языках преимущественно означает «человека». Отсюда *әйел кісі* – досл. «женщина-человек» или «человек-женщина» т. с. «человек женского пола».

Однако в диахроническом плане *кісі//кіші* имело более узкое значение во времена Махмуда Кашгарского это слово употреблялось повсюду как «жена», «женщина». Например, в «Диванн лугат-ат түрк» М. Кашгарского слово *kiši* – «жена чья-то», «его жена», а *kiši almaq* – «жениться» (МК III, 224). В средневековых источниках прослеживается развития этого слова в сторону расширения семантики: «жена» > «женщина» > «человек-женщина» > «человек» (вообще), что привело к дальнейшей его семантической дифференциации при помощи сочетаний: *аял кіші* – «женщина» и *ер кіші* «мужчина».

Однако об этих забытых значениях слова *кісі/кіші* можно было бы н не говорить, если бы они не сохранились в современном казахском языке как реликтовое явление. Так, в казахском эпосе «Алпамыс» можно встретить такое выражение: Алмажан сынды бейбақты, *кішілікке* алмақшы. – «Хочет взять в жены несчастную Алмажан». Следовательно, слово *кісі* было известно казахам в древнем его значении, причем это значение по объективным законам языка сохранилось, видимо, только благодаря слову, сохранившемуся в соответствующем фонетическом оформлении, *кіші* (*кішілік* – «положение женщины») вместо ожидаемого *кісі* и соответственно – *кісілік* – «человеческое, свойственное человеку».

То, что значительное число этимологически затемненных лексических единиц в казахском языке падает на долю разного рода устойчивых выражений, плеонастических сочетаний и парных слов отмечает С. К. Кенесбаев: «Қазіргі тілімізде мағынасы көмескіленіп, күңгірт тартқан сөздер, әсіресе, тұрақты тіркестер тобынан жиі ұшырайды. Өйткені олар плеоназм, қос сөз түрінде консервацияланып,

баска сөздермен серіктесіп жұмсалына береді. Олардың бірсыпырасын туыстас тілдермен салыстыра қарағанда «көне» сыры ашыла түседі»[10].

И действительно, довольно часто «тайна» подобных затемненных слов раскрывается при сравнительном изучении данных родственных и неродственных, но исторически контактировавших языков.

Список условных сокращении:

БжЕ – «Білім және Еңбек».

ДТС – Древнетюркский словарь. Л., 1969.

ККРС – Каракалпакско-русский словарь/Под редакцией Н. А.Баскакова. М., 1953.

ҚТТС – Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 1.1971; II.1976.

МРС – Монгольско-русский словарь / Под. ред. Лувсандэндэва. М., 1957.

МК – Махмуд Кашгарский «Диван лугат-ат турк», т. I–III. Анкара, 1939–1941.

ПРС – Персидско-русский словарь / Под ред. Б. В. Миллер. М., 1950.

РАС – Русско-афганский словарь. М., 1973.

РТС – Русско-тувинский словарь / Под ред. А. А. Пальмбаха. М., 1956.

РУС– Русско-узбекский словарь / Под ред. Р. Абдурахманова. М., 1954.

Радлов. Опыт словаря... – *Радлов В. В.* Опыт словаря тюркских наречий. Т. IV. СПБ. 1911.

ТДС – Туркмен дилинин сөзлуги. Ашгабат. 1962.

ТРС – Таджикско-русский словарь. М., 1954.

ТувРС – Тувинско-русский словарь / Под ред. Э. Р. Тенишева. М., 1968.

УРС – Уйгурско-русский словарь. М., 1968.

ХРС – Хакасско-русский словарь / Под ред. Инкижекова-Грекул А.И.М., 1953.

Юд. КРС – *Юдахин К. К.* Киргизско-русский словарь. М., 1965.

Известия АН КазССР.
Серия филологическая, (Соавт. Г.Ажибекова) 1981. № 4. с. 1-10

Кейбір қос сөздердің этимологиясы

Қазіргі кезде заттық мағынасы едәуір күңгірттене бастаған я мүлдем жойылған, соның салдарынан өзінің о бастағы дербестігінен айырылған сөздер тілімізде аз емес. Мұндай сөздерді жан-жақты тексеріп қарайтын

10 *Кеңесбаев І. К.* Кейбір фразалар төркіні. – В кн.: Сөз өнері. Алматы, 1978, 58-6.

болсақ, олардың кейбіреулері қазіргі тіліміздің сөздік құрамынан біржолата шығып қалғандығын, ал қайсыбіреулері халықтың асыл сөз мұрасы – мақал-мәтелдердің (мысалы, Қасқиған ***қардан***[1] туады, салпы ерін нардан туады), әр алуан тұрақты сөз тіркестердің (мысалы: ***делебесін*** қоздыру, ***сүрен*** атқыр, ***тапа-тал*** түсте, тілі ***мірдің*** оғындай, ***жөпелдеме*** *уақытта,* ***шаңқай*** түс), біріккен сөздердің (жетекабыл) құрамында тұрақталып, қалып қойғандығын көреміз.

Мағыналық дербестігінен айрылған, бірақ әлі де қолданылып жүрген сөздерде қазақ тілінде (сондай-ақ, басқа түркі тілдерінде де) жиі кездесетін бір саласы – қос сөздер. Мысалы, қазақ тіліндегі бала-***шаға*** қатын-***қалаш***, келін-***кепшік***, абысын-***ажын***, көрші-***қолаң***, ем-***дом***, дәрі-***дәрмек***, киім-***кешек***, тері-***терсек***, жүн-***жұрқа***, тоқты-***торым***, майда-***шүйде***, анда-***санда***, жауын-***шашын***, ескі-***құсқы***, уақ-***түйек***, талан-***тараж***, жамау-***жасқау***, жылап-***сықтап***, өлім-***жітім***, қыл-***қыбыр***, т.б. тәрізді сөздердің құрамындағы қара әріппен берілген компоненттер тіліміздің дамуының қазіргі кезеңінде жеке, оңаша (дербес) тұрып қолданылмайтындығы және белгілі бір заттың атауы ретінде жұмсалмайтындығы белгілі. Солай дегенмен тіліміздегі қос сөздердің мағынасы бізге мәлімсіз қайсыбір сыңарларының этимологиясын зерттеп анықтаудың айрықша мәні бар.

Біз бұл мақалада этимологиялық, төркіні біршама айқынырақ болып саналатын қайсыбір сөздерді ғана қарастырып өтпекпіз.

Қазақ тіліндегі бала-шаға деген қос сөздің тұтас алғандағы мағынасы бәрімізге де белгілі. Бірақ оның екінші сыңары әдеби тілімізге дербес қолданылмайды. Көптеген түркі тілдерінен де (өзбекше – бола-***чака***; ұйғырша – бала-***чақа***, бала-***жақа***, қырғызша – бала-***чақа***, *бала-****чаға***; башқұртша – бала-***саға***, т. т.) дәл осы жағдайды көреміз. Қос сөздерді зерттеуші тюркологтар аталған сөздің (бала-шаға) екінші сыңары болып тұрған шаға-ның о баста тіліміздегі бала деген сөзбенен мәндес сөз болғандығын және оның азербайжан, түрікпен тілдерінде күні бүгінге дейін бұрынғы номинативтік мағынасын (ең негізгі мағынасын) сақтап келе жатқандығын көрсеткен еді. Шаға сөзінің этимологиясы туралы айтылған бұл пікірді кейбір тарихи деректерге сүйене отырып (мағынасы және тұлғасы жағынан түрлі өзгерістерге ұшырап келгендігін анықтау негізінде) әлі де болса толықтыра түсуге болатын сияқты. Мәселен, Рабғузидың «Тарихи әнбия» (XIV ғасырда Н. И.Ильминский баспаға даярлаған) атты кітабының 393-бетінде Ханә бір күні бір қарғаны көрді – ***чағаларіға*** йім бірүр (Ханша бір күні балапандарына жем беріп жатқан қарғаны көрді) деген сөйлем бар.

1 Мағынасы белгісіз, дербес айтылмайтын сөздер барлық орындарда қара әріппен теріліп берілді.

Осыған сүйене отырып шаға (чаға) сөзі ертеде (XIV ғасырларда) бала, нәресте, бөбек деген атау- лармен мәндес болған деп толшылауға болатындай. Оның бер жағында тіліміздегі қызыл ***шақа*** балапан деген тіркестің құрамындағы шақа сөзінің б а л а п а н деген атаумен қайсыбір плеоназмдық тіркестерге ұқсас болып (мәселен, самал жел, жас ұлан, телегей теңіз деген сөздерге) қатар айтылуының шақа мен балапан деген атаулардың өзара мәндес сөз екендігін айқындай түсетін тәрізді.

Шаға сөзін тұлға жағынан қарастырып көрсек, оның түркі тілдерінде бірнеше вариантының бар екендігін байқаймыз. Олар мыналар: шаға – шақа – жаңа – саға, – сақа – чақа – чаға, т. б. Бұл жердегі ш-ж, ***с-ч*** және ***г-қ*** дауыссыз дыбыстардың бірінің екіншісімен алмасып айтыла беру заңдылығы – көпшілікке бұрыннан таныс жай. Сондықтан оны бұл арада кейінен сөз етіп жатудың қажеті жоқ сияқты.

Шаға сөзі бірсыпыра тілдерде туынды түбір ретінде де айтылады. Мысалы, тәжік тілдерінде чақалоқ, ал ұйғыр тілінің қашқар диалектісінде чақалөк деген сөз бар. Осымен қатар, Қазақстанның оңтүстік аудандарында да шақалақ (мағынасы – жас бала, нәресте) сөзінің ұшырайтындығын байқаймыз. Әрине, бұлар өзара түбірлес сөздер болып саналады. Сонда олардың түбірі шақа – чақа дегендер де, лақ (лек) түркі тілдеріндегі кішірейткіш жұрнақтың көне түрі (мысалы: қазақша – тай+ ***лақ***, ұйғырша бота + ***лақ***).

Біз жоғарыда шаға сөзінің екі түрлі мағынада жұмсалатынын айтып өттік. Бұл сөздің әр кезеңде әр түрлі мәнді білдіруі, әрине, тілдегі жеке сөздердің даму тарихында кездесетін заңдылықтарға байланысты.

Басқа қос сөздердің мағынасы белгісіз сыңарларын да осылайша анықтап, төркіндетуге болады. Мысалы, жауын-***шашын*** (ұйғырша – яғмур-***йешин***, өзбекше – егин-***яшин*** қырғызша – жаан-***чачын***) деген қос сөздің соңғы сыңарынын этимологиясына келсек, оны қайсыбір линг- вистер етістік мағыналы шаш сөзімен (мысалы бірдемені шашу дегенмен) пара-пар дегісі келеді. Біздіңше, ол урянхай тіліндегі час (жаңбыр) және чажын (найжағай) сөздерімен төркіндес сияқты.

Қазақ тілінде қатын-***қалаш*** деген сөздің екінші сыңары (қалаш) жеке тұрып қолданылмайды. Бірақ осы сөз қазіргі башқұрт тілінде кәләш деп айтылып, қалыңдық, бой жеткен қыз (невеста) деген мағынаны білдіреді. Мысалы: һин, әлбиттә, үзеңдең ***кәләшеңдә*** яратаһыңдыр? (қазақшасы – Сен, әрине, өзіңнің қалыңдығыңды жақсы көретін шығарсың?)

Арық-тұрақ мал дегендегі тұрақ (қырғызша – арық-торук) сөзі қазақ тілінде жеке тұрып қолданылмайды. VIII ғасырдағы «Тонюкукке арналған ескерткіште»[2] арық бұқаны деген тіркес «турук буқа» деп жазылған. Сонымен бірге, бұл сөз (тұрук) X ғасырдағы деректерде де жиі ұшырайды.

2 *С. Е. Малов*. Памятники древнетюркской письменности. М.- Л. 1951. Стр.61.

Махмұд Қашқаридың «Дивани луғат ат-түрік»[3] енбегінде «Қайғы мені **жүдетті, арықтатты**» деген сөйлемді «Казғу менй тұрғұрұр» деп берген. Мұның соңғы сөзіндегі (тұрғұрұр) негізгі түбір – тұрұқ, ал ұрұр – етістіктің көне формасы. Бұл сөз бірсыпыра түркі тілдерінде қазіргі кезде де қолданылып жүр. Мысалы, қазіргі өзбек тілінде тырық сөзі а р ы қ, жүдеу деген мағынада жұмсалса, ұранхай тіліндегі тору[4] – а р ы қ т а у, ж ү д е у деген мәнде айтылады. Ал қазақ тілінің фактілерін қарастырсақ, тұрақ, торығу (бір нәрсеге қатты ренжу я бірдемеден үміт үзу, болмаса суыну) сөздерінің о баста бір түбірден таралып, кейін олар біртіндеп мағыналық жағынан жіктелуге ұшырап кеткендігін көреміз. Бұл фактіге сүйене отырып, бір тілдің өзінде түбірлері бір екі түрлі морфологиялық тұлғаның (оның бірі өлі форма – тұрақ та, екіншісі тірі тұлға – торығу) қатарынан сақтала беруі мүмкін деген қорытынды шығаруға болатындай.

Кейде қос сөздердің мағынасы белгісіз сыңарлары шет тілдерден кірген элемент болып шығуы да мүмкін. Ондай компоненттердің мағынасының күңгірттеніп, бірте-бірте ұмыт болып кетуінің басты бір себебі алдымен мағынасы айқын, түсінікті сыңардың өзімен қатар тұрған компонентке қарағанда едәуір жиірек қолданылуына байланысты. Мысалы, әуре-***сарсаң***, талан-***тараж*** сияқты сөздерді алсақ, олардың соңғы сыңарлары (сарсаң, тараж) иран тілдерінің элементтері болып саналады. Бұл сөз (тараж) парсы тілінде таражд деп айтылып т а л а у, тартып алу деген мағынаны білдіреді, ал таражд гар деген тіркес (сол тілдегі) тала ушы, тонаушы деген мәнде жұмсалады. Және бір қызық жай: тілімізде осы жеке айтылмайтын сарсаң сөзі, ұйғыр тілінде сарисаң болмақ деген тіркестің құрамында дербес тұрып қолданыла береді.

Кейде әдеби тілімізде сирек қолданылатын немесе мағынасы мәлім емес сөздердің этимологиялық төркінін алыстан іздемей-ақ қазақ тілінің диалект, говорларына сүйене отырып табуға немесе сол сөздің сыртқы тұлғасын басқа тіл фактілерімен салыстыра тексеру арқылы да анықтауға болатын сияқты. Мысалы, қазақ тілінде *түйе-**теге*** деген қос сөз бар. Профессор С.А. Аманжолов оны батыс диалектісіне тән сөз деп қарайды. Осындағы *теге* деген сыңардың бізге салған жерден түсініксіз болып көрінуі алдымен оның сыртқы тұлғасына байланысты. Бірақ осы *теге*-ні зерттей келгенде оның да түйе малының атауы екендігін аңғарамыз. Өйткені осы түйе атауы көпшілік түркі тілдеріндегі бір-біріне ұқсас вариантта айтылады. (мысалы: өзбекше – *туя*, ұйғырша – *төгә*, башқұртша – *дөдә*; азербайжанша – *дәвә*, осман түрік тілінде

3 *С. Е. Малов.* Памятники древнетюркской письменности. М.–Л. 1951. Стр. 301–311.

4 Бұл жерде ғ-ның түсіп калуына байланысты у созылыңқы айтылады. *Ә. Қ.*

– *деве*, тува тілінде – *теве*, т.б.). Ең басты нәрсе, бұл арада біз ***д*** мен ***т***-нің, ***г – в – й*** дыбыстарының және ***у, ү, ө, ә, е*** дауыстыларының бір-бірімен заңды түрде алмасу жасай беретіндігін ескерсек болғаны.

Кейбір қос сөздердің мағынасыз сыңарлары қайсыбір жағдайда жергілікті говорлардан табылып қалатындығын біз жоғарыда айтып өттік. Бұған мысал ретінде мына бір фактіні алуға болар еді. Каспий, Арал теңіздерінің бойын мекендеуші қазақтардың говоры бойынша жиналған материалдарға қарағанда, ***сыбай***-салтаң, анда-***санда***, шөп-***шалам*** сияқты қос сөздердің құрамындағы Қазақстанның басқа территорияларында жеке айтылмайтын сыбай, санда, шалам деген компоненттер әлгі айтылған мекендерде (Каспи, Арал теңіздерінің маңында) бас ашық, даусыз дербес қолданыла беретін сөздер екендігін көреміз. Мысалы: Кейбір үлкен балықтар ауға ***санда*** бір түседі.

Біз бұл мақаламызда қайсыбір қос сөздердің этимологиясын қысқаша сөз еттік.

«Қазақ тілі мен әдебиеті»,
1959. № 10. 94-96 б.

Қазақ тілі этимологиясынан этюдтер

Бүгінгі таңда еркін дамып, толыға да, молыға түскен қазақ тілінің сөз байлығын, оның сан алуан сыры мен сипатын жан-жақты зерттеу, табиғатына үңіле, өзіндік ерекшелігін анықтай беру – сол тілдің қадір-құрметін біле-білген жанкүйер қауымның зерделі де, зейінді сөз зергерлерінің, әсіресе, тамырын тап басып, табиғатын танитын тіл мамандарының алдында тұрған жауапты да ардақты міндеттердің бірі. Оның үстіне, халқымыздың бағы заманнан бері көне тарихын арқалап, оның барша рухани-мәдени өмірінен сыр шертіп, ұрпақтан ұрпаққа, атадан балаға ауысып келе жатқан асыл мұра – ана тіліміздің тұла бойында әлі де талай сыр жатыр, біз үшін беймәлім жұмбақтар аз емес.

Ол қандай сыр, қандай жұмбақ? Бұл сұрақты қоюшылар: «Ана тіліміздің біз үшін қандай қыр-сыры болуы мүмкін? Ол біздерге анадай жақын, жан дүниемізден, бүкіл табиғи болмысымыздан бөліп алып, жеке-дара қарауға болмайтын біртұтас, етене нәрсе емес пе? Ол ананың ақ сүтімен емізіктеп кіріп, тұла бойымызға түгел тараған, ой-санамызды түгел билеген асыл қасиет болса, сол арқылы біз дүние танысақ, оқысақ, білім алсақ, ойлануды, ойымызды басқа біреуге жеткізуді үйренсек, сезінсек, тебіренсек, сонда да бұл тілдің біз үшін беймәлім сыры, біз білмейтін құпиясы болғаны ма?» – деген дәлел айтуы ықтимал. Орынды сөз.

Солай бола тұрса да, ана тіліміздің сол тілде сөйлеуші қауымға, тіпті, оны жіті білетін ділмар-шешендерге де, сөз өнерін машық еткен

зергерлерге де белгісіз жақтары аз емес. Жеке сөздің немесе сөз тіркесінің, мақал-мәтелдердің тіл қауымындағы қолданылатын, беретін лексикалық мағынасы, жалпы мазмұны жұрттың бәріне таныс болуы мүмкін. Бірақ осы ыңғайда қолданылған кейбір сөздерді жеке-дара алып қарайтын болсақ, олардың лексикалық, грамматикалық және басқа сөздерге қатысты мағынасын ажырату, тұлғалық жағынан түстеп тану, шығу төркінін анықтау, тілдік табиғатын ашып беру – кез келген адамның қолынан келе бермейтін дүние. Сөзіміз дәлелді болуы үшін мысал келтірейік. Мәселен, қазіргі қазақ тілінде күнделікті қолданылып жүрген мына тәрізді тұрақты сөз тіркестері мен мақал-мәтелдерді алайық: *жұрдай болу, түйдей жасты, міз бақпау, мысы құру, сағы сыну, ту сырт, қоқан-лоқы, оқасы жоқ, қан базар, зығырданы қайнау, құра қ ұшу, аза бойы қаза болу, сөзге қонақ бермеу, үл болмасаң, бұл бол; басы бапандай, аяғы сапандай// басы – бапан, аяғы – сапан; бармасаң бадал, қара жерге қадал; жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты; құмырсқаның дас ауыры бар; оралыңның барында ойна да күл; байтал түгіл, бас қайғы; қонақ кәде; арыстанның аузында, түрікпеннің түбінде, сауран айналып келу; бәледен машайық қашыпты,* т. б. Дәл осы тәрізді фактілерді жүздеп келтіруге болады.

Осы мысалдардағы курсив және үзік сызықпен терілген сөздерге назар аударайық. Оларды жеке-дара алып қарайтын болсақ, мағына жағынан да, тұлға жағынан да тіліміздегі басқа сөздермен байланыстыру, төркінін анықтау біз үшін оңайға түспейді. Өйткені бұл сөздердің мағынасы әр түрлі себептермен күңгірттелінген, сөздің өзі сақталса да, халықтың есінде, жадында оның бір замандағы айқын-анық лексикалық мағынасы ұмыт болған.

Осы тәрізді сөздерді мұндай «жағдайға» келтірген обьективтік себептердің бірі – тұрақты тіркес шеңберімен шектелуіне байланысты, олардың тілдегі қолданылу жиілігінің азаюы. Сирек қолданылуының салдарынан бұл тәрізді сөздердің лексикалық мағыналары күңгірттенеді, бара-бара архаизм категориясына ауысып, этимологиялық объектіге айналады. Жеке лексикалық элементтердің кейінгі буындар үшін ұмыт бола бастауына екінші бір себеп – олардың тұлғалық, дыбыстық өзгерістерге душар болуы. Бұл жағдай көбінесе шеттен кірген кірме сөздерде байқалады. Тұлғалық, дыбыстық өзгерістер де мағыналық өзгерістер тәрізді, белгілі морфологиялық және фонетикалық заңдылықтар негізінде пайда болып отырады.

Ана тіліміздің біздерге беймәлім сыры мен сипаты дегенде, біз оның, міне, осы жақтарын айтқымыз келеді. Мақаламыздың мақсаты да осы мәселеге байланысты.

Алайда бұл мәселе жөніндегі пікірімізді айқындай түсу үшін, этимологиялық этюдтерге көшуден бұрын, тағы бір жағдайды айта кеткіміз келеді. Өз ана тілін жақсы түсінетін, ол тілде жақсы сөйлейтін, жазатын адамға: «Ана тіліңде қанша сөз бар және сол сөздің өз басың қаншасын білесің?» – деп сұрақ қойсақ, бұл сауалға берілетін жауап Қожекеннің есегінің түгін аспандағы жұлдыздармен шамалағандай, әзіл-қалжыңның ар жақ-бер жағынан шыққан болар еді. Өйткені тілдік қордағы сөз байлығымызды дәл айтып беру қандай қиын болса, жеке бастың лексиконын анықтау да сондай қиын. Бұл тек ғылыми зерттеу арқылы ғана анықталатын мәселе және оны жобалап айтпаса, дәлме-дәл, нақтылы есептеп шығу да оңай емес. Лексиколог ғалымдардың анықтауы бойынша, ұлы Абай өзінің қолтумаларында 6 мыңдай жекедара сөз қолданған екен. Әрине, бұл оның ретіне қарай қолданып, қағазға түсірген (не кейін түсірілген) сөздерінің ғана мөлшері. Сөз жоқ, Абай білген сөздің саны бұдан әлдеқайда көп[1]. Дегенмен Абай осы 6 мың сөздің өзімен-ақ кешегі қазақ даласының жағдайын, әлеуметтік өмірін жан-жақты жыр етіп, жетер жеріне жеткізіп суреттеп берген жоқ па еді. Олай болса, жеке бастың қажетіне орта есеппен 5–10 мың сөздің өзі де жетіп асады деп жүрген ғалымдардың пайымдауының да жаны бар сияқты.

Бұл мәселе туралы сөз қозғағанда, біздің айтайын деп отырғанымыз басқа: жеке адамның лексиконы, сөз қолдануы жалпы тіл байлығын толық қамтымайды және қамтуы да мүмкін емес. Қанша ділмар-шешен, сөз шебері болса да, ана тілінің өз арнасынан асып-төгіліп, толассыз толығып, ағыл-тегіл болып жаткан сөз байлығын түгел меңгердім, оны бес саусағымдай жіті білемін деп айта қоймас, айта қалса, ол әбестік болар еді. Өйткені жалпы тілдің лексикалық қоры жеке адамның лексиконынан әлдеқайда мол дүние. Оны алысқа бармай-ақ, бір томдық болып шыққан «Абай тілі сөздігі» мен он том болып шығатын (қазір екі томы баспадан шыққан) «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін» сырттай салыстыру арқылы да байқауға болады. Ол шамамен 50 мен 100 мыңның мөлшеріндегі сөз байлығын қамтуы ықтимал.

Сонда ана тілінде сөйлейтін әрбір азаматтың лексиконында көп дегенде жалпы сөздік қордың оннан бірі ғана активті түрде қолданыс табады екен. Қалғанын ол сөз жүйесіне, сөйлеу ыңғайына қарай түсінуі мүмкін. Жоғарыдағы біз келтірген мысалдар осы тәрізді сөздердің қатарына жатады. Оның үстіне ескеретін бір жағдай: тілдің соншама бай сөздік қорын ғасырлар бойы төкпей-шашпай жадында жаттап, есінде

1 *Ысқақов А.* Абай және қазақтың әдеби тілі. – Кітапта: Абай тілі сөздігі. Алматы. 1968, 12-б.

сақтап келе жатқан халықтың өзі оны әрдайым белгілі бір деңгейде, мөлшерде ұстауға тырысады.

Тілдегі сөз байлығының белгілі бір деңгейде тұруына, сөйтіп, оның қоғамдағы коммуникативтік қызмет атқару міндетін ақтауына екі түрлі себеп болады: бір жағынан ол жаңа пайда болған, сырттан енген ауыс-түйіс сөздер арқылы байып, толығып жатса, екінші жағынан қажетті өтеп барып, көнерген, ескірген сөздердің есебінен азайып отырады. Тілдің табиғатына тән осы бір толассыз қимыл-қозғалысты, өзгерісті организм клеткаларындағы болып тұратын «өлу-тірілу», жаңалану процесімен салыстыруға болатын тәрізді.

Бірақ тілдің лексикалық құрамындағы өзгерістердің өзіндік бір ерекшеліктері де жоқ емес. Көнерген, ескірген сөздердің бәрі бірдей біржола қолданыстан шығып қалмайды: олар бейне бір тіл тұлғасындағы ескінің елесі, көненің көзі іспетті өз нақыш-сәнімен, өз жарасымдылығымен көпке дейін сақталып қала береді. Бүгінгі буындардың біле бермейтін ана тіліміздің сыр-жұмбағы дегенде, біз оқырмандарды тілдік қордың осы жақтарына мегзейміз, оның осындай ерекшеліктеріне назар аударамыз.

Бұл тәрізді сөздердің төркіні мен сырын ашу үшін жобалап айтып, тұспалдап соғудан да, байыпты түрде жүргізілген ғылыми зерттеулердің, тарихи-салыстырма әдістің ең тиімді, нақтылы жақтарын пайдалана отырып жасалған этимологиялық талдаулардың маңызы зор деп білеміз. Айта кететін бір жағдай, аталмыш әдісті қолдану дегенді біз тек құр фактіге сүйену ғана деп білмейміз. Бұл жерде ең абзалы – әрбір тілдік фактінің астында жатқан семантикалық, фонетикалық, морфологиялық, стильдік, тарихи-этнографиялық, т. б. социолингвистикалық заңдылықтарға сүйену.

Осы тұрғыдан қарастыра келіп, біз оқырмандар назарына қазақ тілі этимологиясынан бірнеше этюдтер ұсынбақшымыз. Олар, негізінен, фразеологизмдер құрамында кездесетін -дай/-дей формалас сөз тіркестері мен мақал-мәтелдерде ұшырайтын мағына жағынан күңгірттенген, дербестігін жоғалтқан кейбір сөздер негізінде жасалмақшы.

Фразеологизмдер құрамындағы мағынасы күңгірттенген сөздерден этимологиялық этюдтер. Мысалы: *Мысы құру* фразеологизмінің жалпы мағынасы елдің бәріне де түсінікті. Сонда *мысы* дегеніміз не? Бұл сөз осы тұрғанында тәуелдік форма түрінде келгендіктен, оның негізгі түбір тұлғасы *мыс* болмақшы. Бірақ бұл *мыстың «медь»* магынасындағы *«мыспен»* еш қатысы жоқ. Қазақ тілінде *мыс* тек осы фраза құрамында ғана сақталып қалған да, оның бұрынғы лексикалық мағынасы ұмыт болған. Алайда бұл сөздің көне түркі, бірқатар қазіргі түркі тілдерінде де әр түрлі фонетикалық тұлғада *(біс ~ быс ~ пыс ~ мыс ~ міс,* т. б.) сақталып, о баста да, қазір де пышақ, қылыш, селебе тәрізді кесетін аспаптардың *өткір жүзін* білдіретіндігін тарихи-салыстырма

әдіспен толық дәлелдеуге болады. Сонда тіліміздегі *мысы құру // мысы қайту* фразалары басқаша айтқанда, *«жүзі қайту, жүзі қайырылу, мұқалу»* деген нақтылы мағынаның негізінде жасалып, идиоматикаға айналған. Ол *«амалы таусылу», «беті қайту», «айла-шарғысы жетпеу», «амалсыздану»* тәрізді мағыналарда қолданылғандықтан, о бастағы *«жүз»* мағынасынан мүлдем алыстап кеткен және ұмыт болған.

Біз сөз етіп отырған *мыс* сөзі, сонымен, түркі тілдерінің өзіне ғана тән төл түбірі. Оның арғы төркініне барсақ, тілімізде күнделікті қолданылып жүрген пышақ, пішу, пішен тәрізді сөздердің өздерімен тарихи түбірлес екенін көреміз. Басқаша айтқанда, *мыс* та, *піш* те бір түбірден өрбіген сан алуан этимологиялық вариантардың бір көріністері ғана. Дәл осы сөз, мысалы, қазіргі ұйғыр, тува, т. б. тілдерде *бис* түрінде жекедара қолданылып жүр. Бұл түбір сөз түркі тілдерінде етіс және етістік мағынасында қатар айтыла беретін көне синкретикалық түбірлер қатарына жататыны өзінен-өзі көрініп тұр: *піш* бірде пышақтың жүзі, кесетін жағы да, бірде кесу, пішу қимылының өзін білдіріп тұр.

Ал этимологиялық анализді ары қарата тереңдете түссек *піш/біс* түбірлерінің өзі Махмұт Қашғари заманында туынды түбір болып есептелген; көне ұйғыр жазу ескерткіштер тілінде *бі [bi]* «пышақтың жүзі, пышақ сияқты аспап» мағынасында қолданылған. Мәселен, *bi bïčpu* деген қос сөз «қол қаруы» (холодное оружие) деген мағынада жиі кездесетіндігі ғалымдарға мәлім (Uig. II 59_4). Егер бес ғасыр бұрын *бі* деген сөз пышақтың кесетін жүзін, пышақ тәрізді қаруды білдірсе, кейінгі дәуірлердегі *пыш ~ піс ~ быс ~ біс ~ мыс ~ міс* тәрізді тұлғалар *-с//-ш* форманты арқылы жасалған туынды түбір. Дәл осы дәуірде олар қимылды да, затты да білдіретін синкретикалық қасиетке ие болған. *Мыс* түбірінің тарихы, міне, осы.

О қ а с ы жоқ немесе Еш о қ а с ы жоқ. Бұл фразеологизмнің жалпы мағынасы бәрімізге де түсінікті. Бірақ осындағы оқасы деген қандай сөз, қандай сөздермен қатысты? Ол жағы біздерге беймәлім. Оны тек туыстас тілдердің дәл осы тәрізді фразеологизмімен салыстыру арқылы ғана анықтауға болатын сияқты. Мысалы, қазіргі ұйғыр тілінде *heч вәқәси йоқ* тіркесі бар. Ол да «абыржуға, алаң болуға тұрарлық уақиға болған жоқ» деген мағынада қолданылады. Сонда бұл фразеологизмдер құрамындағы *оқа > оқа + сы* (қаз.) мен *вәқә >вәқә + си* (ұйғ.) екеуі бір сөз және ол, пайымдап қарасақ, араб тілінен ауысқан *väq'iä* сөзінің қазақ және ұйғыр тілдерінің фонетикалық жүйесіне сай өзгеріске душар болған екі түрлі варианты болып саналады. Басқаша айтқанда, бұл сөздің екінші буынындағы [айн] – жоғарыдағы тілдерде бірде [ғ] дыбысы түрінде қалыптасса, бірде мүлдем айтылмай, түсіп қалуына байланысты екі түрде қалыптасқанын көреміз: қазақ тілінде – *оқиға* және *оқа*, ұйғыр тілінде –

вәқиғ және *вәқә*. Бұлардың екінші варианты ауысып, тіл дәстүріне байланысты жоғарыдағы фразеологизмдер құрамында ғана сақталғанын көреміз.

І ш а й деспеу немесе *і ш ә й десіп көрмеу*. Бұл фразеологизм құрамындағы *ішай // ішәй* сөзі жеке-дара қолданылмайтын тәрізді. Бұл сөзді біз екі морфеманың, яғни парсы тілінен енген *һеч* және *ай/ей* одағайының жымдаса бірігуінен пайда болған біріккен сөз деп білеміз. Сонда бұл фраза о баста: *«бір-біріне еш «ай» («айқайласу», «дауыс көтеру» мағынасындағы анайы естілетін одағай)* десіп көрмеген түрінде айтылған да, кейін сөйлеу тілінің ыңғайына байланысты құрамындағы *еш + ай* қысаң *ішай/ішәй* вариантына ауысқан.

Ш ы қ бермес Ш ы ғ а й б а й. Тұрақты тіркеске айналған бұл күрделі (анықтаушты) жалқы есімнің құрамындағы *шық* пен *шығай* сөздерінің мағынасы біз үшін күңгірт, беймәлім тәрізді. Алдымен *шық* сөзін қарастырып көрейік. Бұл сөздің табиғаты өте қызық. Біздің байқауымызша, бұл түбір сөздің түркі-монғол тілдерінде жиырмадан астам варианты бар да, олардың бәрі «сырость/сырой», «влага/влажный», «мокрота/мокрый», «неспелый», «зеленый» мағынасында қолданылады екен. Олар мыналар: *шық ~ шік ~ чық ~ чік ~ чіг ~ шый ~ шій ~ чый ~ чій ~ зық ~ зік ~ зых ~ зақ ~ зәқ ~ зах ~ зай ~ зәй ~ сыз ~ сіз ~ саз ~ сөз ~ сүй ~ сүй ~ жый ~ жій ~ жу ~ жү ~ жып ~ жіп*, т. б. Бұл қатардағы түбірлердің бәрі де белгілі бір фонетикалық заңдылықтар, яғни [ш ~ ч ~ з ~ с ~ ж], сондай-ақ [й~к~қ~г~х~з~у~б~п] дыбыстарының өзара алмасуы негізінде пайда болып, түркі тілдерінің көпшілігінде не жеке, не туынды сөз құрамында сақталғандығын көреміз. Тек қазақ тілінің өзінде ғана сақталған *шық* – «салқын түнде шөп басына тұрып, қалатын дымқыл, су тамшысы»; *сыз* – «ылғал, ызғар, дымқылды жер»; говорлардағы: *зай/зәй/зәк* – «дым, дымқыл, дымқылдық, сыз»; *ши >шикі – «піспеген, дымқыл, суы бар»* (өсімдік, нан, ет, т. б.); *жіб > жібіту; жіпсіп терлеу* (мұнда да беттің, дененің дымқылдануы); *сүй > сүйық* тәрізді сөздердің төркіндес екеніне этимологиялық тұрғыдан күмән тудырмау керек.

Сонда *шық бермес* тіркесі о бастағы *«дым берместің»* синонимі. Ал енді *шығай* сөзіне келсек, ол ерте замандарда қазіргі *кедей, кембағал* сөздерінің орнына қолданылған түркі тілдеріне ортақ дербес сөз. Мысалы, «Күлтегін» ескерткішінде «кедей халықты бай қылдым» дегенді *с'Сраj budunuj baj qilt'im* [КТ$_{29}$] деп берген. Сол замандағы *шығай ~ чығай* сөзі, біздің пайымдауымызша, қазақ тілінде екі түрлі формада сақталған: біреуі – жалқы есім құрамындағы *шығай > Шығайбай* (дәл аударсақ, *Кедейбай. Шық бермес Шығайбай* – «дым татырмайтын кедей, жұтаған бай») болады да, екіншісі – *шығаң;* ол қазақ тіліндегі *шығаннан шыққан кедей* деген фразеологизм құрамында ғана кездеседі. Сонда ол – «кедейден шыққан

кедей», немесе «кедейдің кедейі» деген мағынаны білдіреді деген сөз. Ал *шығай* мен *шыған* төркіндес, бір сөздің екі түрлі этимологиялық варианты екенін «Көне түркі сөздігінен» (148-б.) анық көруге болады. Мұндағы айырмашылық – көне түркі тілдеріне тән сөз аяғындағы [й ~ н] дыбыстарының фонетикалық сәйкестігіне байланысты (мысалы: *қой – хон* варианттарын салыстыруға болады).

Зығырданы қайнау. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» (I_{265}) бұл фразеологизмді «ыза кернеу, ашулану» деп түсіндіреді және оның «зығыры қайнау» түрінде айтылатынын ескертеді. Біздің ойымызша, кейінгі вариант алдыңғы варианттың қысқарған түрі тәрізді. Өйткені бұл тұрақты сөз тіркесінің этимологиясы тек *зығырдан* сөзіне ғана байланысты анықталатынын көреміз. Бұл жердегі *зығырдан* парсы тілінен енген *зähäрдан > зähäр + дан,* яғни «зәhәр, у құйған ыдыс», ауыспа мағынада «өт жолы» («желчный пузырь»). *Зähäрданның зығырданға* айналуы – қазақ тілі дыбыс жүйесі тұрғысынан дәлелдеуге болатын құбылыс: *зәhәр* сөзі *[h]* дыбысының ерекшелігіне байланысты бірде *зәр (зәр қышады),* бірде *зығыр* (h ~ ғ, ә ~ ы) түріне ауыса береді. Сонда *зығырданның қайнауы,* яғни у салған ыдыстың қайнауы мен қатты ашуланудың, бойды ыза кернеудің арасында логикалық та, образдылық та байланыс, ұқсастық бар. Бұл процестің биологиялық тұрғыдан да дәлелді екені сөзсіз.

О р а л ы ң н ы ң барында ойна да күл. Бұл фразеологизмдегі *орал* сөзі не? Біздің пікірімізше, ол *оралым келмеді* дегендегі *орал* сөзімен төркіндес. Ал, ол өз ретінде қазақ тілінде жеке-дара айтыла беретін *орай* сөзімен түбірлес. Қазіргі қырғыз тілінде *орал* – «удобный момент»; «подходящее обстоятельство» (Юдахин, 579). Басқаша айтқанда, [й ~ н] дыбыс алмасуы негізінде пайда болған бір сөздің бұлар екі варианты. *Орай* қазақ тілінде, *орол* қырғыз тілінде жеке сақталған. Ал *орал* вариантының қазақ тіліндегі белгілі бір фразеологизмдер құрамында ғана сақталып қалуы заңды нәрсе. Сонда: *Оралыңның барында ойна да күл* тіркесіндегі *орал* сөзі *ораймен* төркіндес.

Үл болмасаң, б ү л бол. Осындағы *үл* де, *бүл* де бүгінгі таңда беймәлім сөздер және олар тек осы фразеологизм құрамында ғана айтылады. Бір замандағы бұл фразеологизмнің мағынасы – «бөлінбек түгіл, бүлін». *Үл* түбірі о баста «бүтіннің бөлшегі», «бөлік», «тиісті үлес» мағынасында кең түрде қолданылған. Түркі тілдерінің біразында бұ түбірден *үле- / үлі- / үлү* түрінде («раздавать, распределять»; «разделить на части» мағынасында) етістік формасы жасалады. Бұл қазақ тілі говорларынан да кездеседі. Сол сияқты *бүл* сөзі де кейбір түркі тілдерінде осы күнге дейін жеке-дара айтыла береді. Ол бірде

есімдік, бірде етістік мағынасында айтыла беретін синкретикалық түбір. Мысалы: қазақ тіліндегі *бүлік, бүлдір, бүліну,* қырғыз тіліндегі *бүл-* «раздирать, разбивать, рвать, вырвать», ұйғыр тіліндегі *була-* «отнимать, отбирать, насильно вырвать; ограбить» сөздерінің түбірлес екеніне таласуға болмайды.

Н і л д е й бұзылу. Осындағы -дай/дей формалы лексикалық единицаның түбірі *ніл* «көк», «көгілдір» (индиго), «көк бояу» (синька) мағынасында Орта Азия халықтары тілінде жиі кездеседі. Мыс., өзбек тілінде: *бу сенга буёқчининг нилими?* (бұл саған бояушының бояуы ма?), түрікмен тілінде: *нили азан* (жалған жолға түсу, азу), т. б. Зерттеушілердің пікіріне қарағанда, *ніл* сөзі – түркі тілдеріне будда дінін уағыздаушы жазба ескерткіштерді көне ұйғыр тіліне аударуға байланысты енген санскрит сөзі. Мысалы: *nilutpal* < санскр. *nilopaia* – «көкшіл түсті су лилиясы» (Rach III 3_{110}); *nilapusup* < санскр. *nilapuspa* —«көк түсті шешек ататын эвкалипт ағашы» (Uig. II 25_{17}). Тәжік, өзбек тілдеріндегі *нилифар* (су лилиясы, лотос) сөзі жоғарыдағы санскр. формасымен байланысты. Сонда *нілдей бұзылу* «көк бояудай бұзылу» деген магынаны аңғартады және оның *Ніл* өзенімен тікелей байланысы болмауы тиіс.

Жер астынан ж і к шықты, екі құлағы т і к шықты. Осы фразеологизм құрамында тұрып мағынасы күңгірттенген *жік* сөзінің тіліміздегі: *жігі ашылу, жік болу, жігін білдірмеу* тәрізді тіркестерде кездесетін «аралық», «жапсар», «шекара» мағынасындағы *жік* сөзімен үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Бұл қазақ, тағы басқа түркі тілдерінде қазірде ұмыт болған, тек кейбір фразеологизм, туынды түбір құрамында ғана кездесетін (мысалы: *жек көру, жексұрын),* көне түркі тілінде өте жиі қолданылған «жын», «шайтан» мағынасындағы *йек [jek] // джек [зек] // йік [jik] // джік [зік]* сөзі. Мысалы, көне түркі ескерткіштері тілінде: *jekkä tapïn-tïmïz* – «поклонились демонам» (Chuast $Л_{64}$); қос сөз: *jek onzüt* – «жын-шайтандар» (TT III_{91} > «Көне түркі сөздігінде» бұл сөздің түркі тілдеріне ескі парсы тілінен ауысқандығы көрсетіледі (253-б.).

Сөйтіп, жоғарыдағы *жек//жік* сөздері о баста «жын-шайтан» мағынасын білдірсе, біздің сөз етіп отырған *«жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты»* фразеологизміміз «жер астынан жын-шайтан шықты, шыққанда да екі құлағы тікірейе шықты» деген ұғымды білдіреді. Дәл осы сияқты: *жек көру* – «біреуді жын бейнесінде, жынындай көру»; *жексұрын* – «түрі жын-шайтан сияқты қорқынышты» мағынаны аңғартады.

Қорыта келгенде, бүгінгі таңда бізге беймәлім, мағынасы күңгірттенген, қолданылуы шектелген сөздердің бірқатарын ғасырлар бойы

қалыптасып, тұрақтанып, біртұтас болып құрылған фразеологизмдер құрамынан іздегеніміз абзал. Біле-білсек, бұл тәрізді сөздердің мағынасының күңгірттенуіне де және сол сөздердің құпия-сырын ашып беруге де себепші болатын фразеологизмдердің өздері болмақшы. Ол үшін тұспал, жолбар емес, пайымды да, жүйелі зерттеулер қажет.

Сөз өнері (Тіл мәдениеті туралы). Алматы, 1978. 62 б.

Берен.
Қазақ тіліндегі байырғы сөздердің контекстегі мағынасы жайлы

Берен – қазіргі тілде сирек қолданылатын, ал эпикалық шығармалар тілінде жиі кездесетін байырғы сөздердің бірі. Белгілі бір контекстегі мағынасына мән берсек, онда бұл сөздің өзара байланысты екі түрлі лексикалық элементтен тұратындығын байқаймыз. Бірақ бұл байланыс өте көмескі, оны бірден түсіндіре қою мүмкін емес. Өйткені бұл сөз түркі тілдерінің төл тумасы емес, сондықтан да бұл сөздің контекстік қолданыстарындағы мағыналық ауытқуларын (ауыспалы мағыналарын) айқындауға септігін тигізетіндей тұрақты (тірек) семантикасы түркі тілдерінде кездеспейді.

Туыстас тілдер дерегін салыстырудан *берен* сөзінің (фонетикалық варианттары бараң, пәрең, фаранг т. б.) салғырт лексикалық элемент ретінде жұмсалатындығын, тіпті түркі тілдерінің көпшілігінде кездеспейтіндігін байқаймыз. Бұл – оның даусыз өзге тілдік элемент екендігін көрсетеді. Кейбір түркі тілдері *берен* сөзіне лексикографиялық сипаттама бергенде, әр түрлі белгілермен (мысалы, ұйғыр тілі сөздігінде *ир* – «иран», өзбек тілі сөздігінде *п-т-а*, парсы-тәжік-араб, қазақ тілі сөздігінде *п* – «парсы») оның өзге тілдік сөз екендігін көрсетіп отырады. Ал кейбір түркі тілдерінің сөздігінде, этимологиясы көмескі деп танылғандықтан болу керек, мұндай белгілер көрсетілмеген. Бұл жерде әңгіме *береннің* өзге тілдік түп төркінін, я болмаса түркі тілдеріне қандай жолдармен енгендігін көрсету жөнінде емес (бұл өз алдына арнайы сөз болатын нәрсе), біздің ден қойып отырған мәселеміз – қабыл сөздің кабылдаушы тіл (қазақ тілі) топырағындағы семантикалық дамуының өзіндік эволюциясы; әрине, бұл мәселе өзге түркі тілдерінің деректерін салыстыру арқылы айқындалады.

Қазіргі қазақ тіліндегі *берен* сөзінің, негізінен, семантикалық қыз метінің екі аспектісі оны қалайда омоним сөз ретінде қарауға себеп болады.

БЕРЕН I п. 1) болаттың ең сапалы түрі, құрыш, болат мағынасында, одан соң болаттан жасалған батырдың қару-жарағын (сауыт, семсер, қылыш, мылтық т.б.) білдіре келіп, кейіннен сол қару-жарақтың өз атауы ретінде жұмсала бастаған: а) *берен сауыт* (болаттың сапалы түрінен жасалған сауыт);

жеңсіз берен; жауға кисең берен ки (фольк.); ә) *берен* немесе *берен мылтық* (болаттың ең сапалысынан жасалған мылтықтың байырғы бір түрі); *берен қанжар*: балдағы алтын ақ берен (фольк.); 2) ауыспалы, поэтикалық «ер жүрек, жігіт», «батыр». Сансызбай аттас жас *перен* (фольк.)

БЕРЕН II п. қымбат мата, барқыттың таңдаулы түрі. Қазақ тіліндегі *берен* сөзінің жалпы сипаты осылайша берілгенде, оның басқа мағынасы әзірше тіркеле қоймаған.

Алайда *берен* сөзінің *берен гүл* тіркесіндегі беренге, сондай-ақ «Алдыңғы ат *баран* болмай, қылаң болды, жығылмаса құлагер қайда деймін?» (Ақан сері) дегендегі жылқының «қара қоңыр», «қара кер» түсін білдіретін *баран* сөзіне немесе «Бұлтсыз аспан күн кеткен соң, тұңғиық терең барқытқа айналып *баранданып* барады» (І.Жансүгіров) дегендегі «күреңіту», «қызыл күрең түске ену» дегенді білдіретін *бараңдану* етістігіне қатысы бар ма, жоқ па деген мәселенің де басы ашылмаған, тіпті оны айқындауға назар да аударыла қойған жоқ деуге болады.

Алайда туыстас тілдер дерегін салғастыра зерттеу өзге тілден енген қабыл сөздердің, әсіресе құрылымдық өзгеріске ұшыраған кезде, қабылдаушы тіл топырағында қаншалықты семантикалық өзгерістерді басынан өткеретіндігін көрсететін қызықты жайтты айқындай түседі.

«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» мен «Қазақша-орысша сөздікте» (1983) берілген сипаттамаға қарағанда *берен* сөзін өзара белгілі бір семантикалық нәзік байланысы бар омонимдес екі сөз деп тұжырымдауға болады, бірақ бұл байланыс бойынша олардың гомогенділігі қазақ тіліндегі игерілуінен айқындала қоймайды.

Сонымен, *берен* сөзінің құрылымының әрі семантикасының эволюциялық даму іздері былайша бейнеленеді: I. Қазақ эпосында *берен* I сөзі I) «сауыт» (бұл затты білдіретін сауыт деген арнайы сөз болса да), 2) «қанжар» немесе «семсер» (қанжар, семсер сөздері бола тұра), 3) «мылтық» (мылтық сөзі бола тұра) деген мағыналарда қолданылады. Дегенмен, солай бола тұра, қазақ тілінде сөйлеушілер *берен* сөзін бұл заттардың тікелей атауы екендігінен гөрі ең алдымен сол құрал-қарулар (сауыт, семсер, қанжар, мылтық) әзірленетін заттардың атауын білдіретінін айқын түйсінеді. Олай болмаған жағдайда бір сөздің осыншама әрқилы заттар мен ұғымдарды білдіруі мүмкін болмас та еді. Бұл жерде *берен* сөзінің қандай қасиеті жоғарыда аталған «ер қаруы – бес қарудың» бәріне ортақ болып тұр?

Берен сөзінің мылтық, сауыт тәрізді атаулардың анықтауышы ретінде қолданылу фактісіне қарағанда, шындығында, ол бастапқыда «бес қарудың» бәріне бірдей қатысты ортақ нәрсені білдіргенге ұқсайды.

Қазақ лексикографтары *берен* сөзінің мағынасына тән бұл ортақ белгіні үзілді-кесілді болмаса да «Жоғары сапалы болат, болаттың ең жақсы түрі»

деген мағынада деп көрсетеді. Сонымен, жоғарыда байқағанымыздай, «сауыт» мағынасындағы *берен* сөзіне «ең жоғары сапалы болаттан жасалған» деген түсінік ілесе жүреді, «байырғы мылтықтың түрі» деген мағынаны білдіретін *берен* (ең жоғарғы сапалы болаттан жасалған) сөзі де осы тәрізді.

Бұл түсініктердің бәрі де қазақ тіліндегі берен сөзінің номинативті мағынаның дұрыс берілмеуіне өзінше түсінік болады. Демек, қазақ тіліндегі *берен* сөзінің сол кезеңдегі қолданылуынан «сапалы болат» (болаттың бұл түрінен ертеректе жауынгердің ең таңдаулы жау жарақтары жасалатын болған) немесе соған ұқсастау бір номинациялық мағынаны бөліп көрсетуге болады. Осындай негізде берен сөзінің «ер жүрек жауынгер», «шыныққан», «төзімді» (жауынгер туралы) деген ауыспалы мағынасының өріс алуы әбден-ақ мүмкін.

2. Ендігі сөз берен II жөнінде. Жұмсалу ортасы мен қолданылу ерекшелігіне қарағанда, Берен II сөзі «қымбат мата», «барқыттың таңдаулы түрі» дегенге меңзейді: Мысалы, *берен бешпет* тіркесі «барқыттың ең жақсы түрінен тігілген бешпет» дегенді білдіреді. Н. И. Ильминскийдің көрсетуінше *берен* – «барқыттың ең таңдаулы түрі».

3. Ал енді басқа да түркі тілдерінің дерегіне назар аударсақ, *берен* сөзінің әр түрлі тұлғада, әр қилы мағынада кездесетінін байқаймыз. Мысалы, туыстығы жағынан қазақ тіліне жақын тілдердің бірі қырғыз тіліндегі *бараң* сөзіне лексикографиялық еңбектердің бірінде (К. К. Юдахин. Қырғызша-орысша сөздік. М., 19) омоним сөз ретінде сипаттама берілген:

БАРАҢ I *ир. (эпос тілінде)* пистонды мылтық (шақпақпен от алатын пілтелі мылтықтан басқа; әр түрлі тұрақты анықтауыштармен қолданылады: *ақ бараң, көк бараң, қара бараң, сыр бараң* – мұндай тұрақты анықтауыштар мылтықтың сырт тұрпатына байланысты аталуы ықтимал; *бараң эмес, милтелүч қара мылтық* – пистонды емес, пілтелі жай мылтық; *Алмамбеттин сыр бараң айдалыға илди эми. фольк.* Алмамбеттің мылтығын, иығына асады.

БАРАҢ II *ир.* көне матаның жұқа түрі; *бараңдан кылган көк чепкен. фольк.* баранннан жасалған көк шекпен; *кашгардың бараң чепкени* тығыз етіп қолдан тоқылған мақта мата (Юд. II Кр. РС 109). Бірінші және екінші жағдайда да «иран тілдерінен енген» және «көне» деген белгімен берілген *баран* сөздерінің екі түрлі омоноим ретінде сипатталып тұрғандығы осы мысалдардың өзінен-ақ байқалып тұр. Бұлардың мағыналарында ортақ бір арнаға саятындай ұқсастық жоқ.

Алайда бірінші және екінші омонимдерде оларды қазақ тіліндегі *берен* I (мысалы. «мылтық» мағынасы) және *берен* II («матаның түрі», «қымбат мата» мағынасы) сөздерімен жақындастыратын және басын біріктіретіндей ортақ мағына сақталған.

Берен-баран сөзінің семантикалық дамуы мен игерілуінің тағы бір қырын оның өзбек тілінде қолданылуын қарастыру арқылы да айқындауға болады.

ФАРАНГ (п. – т-а) *көне* 1. Француз; 2. Француздық немесе европалық; *фаранг милтик* ескі білтелі мылтық; *Фаранг румал* – жұқа, жеңіл әрі жылтырағы бар орамал, 3 *ауыс.* шебер (аударма – біздікі). Бұл жерде де *берен* сөзіне «көне» деген түсінік беріліп, әуелде арабтардан тәжік-парсы тіліне енген сөз ретінде қарастырылады.

Фаранг «мылтық», әрі «орамал» сөздерінің тұрақты анықтауышы ретінде жұмсала отырып, сонымен бірге сол заттардың шығу тегі, жасалуы «француздық» (еуропалық) дегенге меңзейді. Сөз болып отырған омонимдер семантикасындағы қайшы құбылысты ұйғыр тілінің фактісі де айқындай түседі. Қазіргі ұйғыр тіліндегі *пәрәң* өзара байланыссыз екі түрлі мағынаны білдіреді: 1) қызыл, алқызыл, қызғылт: *пәрәң яғлиқ* «қызыл (жібек, үлдір, үлбірек) орамал», *пәрәңдәк қизил* «пәрәңдей қызыл» (плеонастық тіркес) және 2) «француз» («француздық» пәрәң консул «француз консулы» (Шыңжан ұйғырлары тілінде).

Сонымен жоғарыда қазақ, қырғыз, өзбек, ұйғыр тілдерінен келтірілген мысалдарда *берен (баран) баран* (фаранг) *пәрәң* сөздері бұл тілдерде өзара байланысы жоқ әр түрлі ұғымды білдіретін тәрізді: 1) Жауынгердің жау жарағы: сауыт, мылтық, семсер, қылыш т.б. жасалатын жоғары сапалы құрыш, болат; 2) матаның таңдаулы түрі, барқыт; 3) пистонды мылтық; 4) француз, француздық немесе европалық; 5) қызыл, алқызыл; 6) қара қоңыр, қара кер (жылқы малының түсі).

«Білім және еңбек», 1987. № 2. 26-27 б.

«Шар» сөзінің сыры

Қазіргі қазақ тілінде 20-дан астам **шар** деген сөз кездеседі. Олардың біразы жеке-дара айтылса, көпшілігі белгілі сөз тіркесінде немесе біріккен сөз құрамында қолданылады екен. **Шар** дегенде бірден көз алдымызға домалақ, жұп-жұмыр, дөп-дөңгелек зат, не үрлеген қарын тәрізді резина елестеуі мүмкін. Дәлірек айтсақ, шар революциядан бұрынғы би-болыс сайлауларында дауыс беруде қолданылған ақ, қара түсті домалақ тастар; осыдан келіп **шар** салу, **шар** тастау тіркестері пайда болған; екінші бір **шар** – о баста аспанға көтерілу үшін ішіне газ толтырылған үлкен аэростат, ішіне жел толтырылып, әсемдік үшін жасалған резина **шар** болса, үшіншісі – жұмыр дүниенің атауы – жер шары. Бұл «шарлардың» барлығы қазақ тіліне орыс тілінен енгендігі көпшілікке аян.

Тілімізде **шар** қой, бұқа**шар**, құнан**шар**, **шар** тарту, **шар** қою, шөп-**шар**, дау-**шар**, **шар** ете қалу (оқыстан ащы дауыс шығару мағынасында) сияқты «шарлар» тағы бар. Көпшіліктің назарын аударып, біздің арнайы тоқтағалы

отырған ендігі бір топ «шарлар» (**сәр, шәр, шер, шир** варианттары да бар) мыналар: **шарбақ, шаруа, шарайна, шардақ** (төрт тағанды үйдің шатыры, төбесі), **шар** тарап (дүниенің төрт бұрышы) **шар**ай топ, **шар**шау, **шар**қат (төрт бұрышты, шаршы орамал, кей жерде – мойын орағыш) **шаршы** (квадрат, тік бұрыш) **шар** болат, **шир**ек, **шер**у түлік, **шәр**ияр (әдетте: төрт шәрияр – пайғамбардың төрт серігі), **шер**тер (төрт шекті музыкалық аспап), **сәр**сембі (күн аты) т. б.

Ең алдымен ескертетініміз: асты сызылған (қара әріппен терілген) шар-шәр-шер, сәр-шир сөздері, түптеп келгенде бір-ақ сөз. Оның төркіні парсы тіліндегі (сондай-ақ тәжік, иран, пушту, т. б. иран туыстас тілдеріндегі) чар-чаһар түрінде айтылып, «төрт» мағынасын білдіретін түбірлес, мағыналас сөздерге барып саяды. **Шар** компонентімен келген бұл сөздер мен сөз тіркестері қазақ тіліне әр дәуірде, әр түрлі жолмен еніп, әбден сіңісіп, төл сөзіміздей болып кеткендіктен өзінің о бастағы «төрт» деген мағынасын сақтамаған. Сондықтан да олардың әрқайсысы бізге әр түрлі сөз болып көрінеді. Дегенмен бұл сөздердің төркінін, құрамын, өзара жақындығын, мән-мағынасын білгеннің кімге болса да артықтығы жоқ. Мәселен; **шар**бақ: **шар** – «төрт» және **бақ**, яғни о баста «төрт жағы бірдей бақ» деген мағынада қолданылса, **шаруа**: шар – «төрт» және уа болып өзгерген парсының **па-пай** «аяқ» деген сөздерінен туып, «төрт» аяқты мал дегенді білдіреді. Сол сияқты: **шардақ** парсыша – «төрт тағанды, қырлы күмбез», **шарайна** парсыша – «төрт бұрышты айна», **ширек** парсыша – «төрттің бірі», **шаһар** парсыша – «төрт қабырғалы қала», **шертер** парсыша – «төрт ішекті», **шар тарап** парсыша – «төрт жақ, төрт құбыла», **шеру** түлік – «төрт түлік» (түлігі қазақша), **сәрсембі** о баста парсыша – «төртінші күн». Ал енді **шәрияр** дегеннің өзі парсыша «төрт жар, пайғамбардың төрт қолдаушысы», бола тұрса да, оған кейде алдынан тағы да «төрт» сөзін қосып айту бар. Төртке төрттің қосылуы, әрине, **шәр** сөзінің мағынасы ұмыт болғандықтан туған плеонастық қайталау.

Қорыта келгенде, тілімізде осы сияқты түбірлес, туыстас сөздер өте көп. Олардың өзара қатыстығын білу – тіл табиғатын тереңірек түсінудің бір шарты.

«Қазақстан әйелдері», 1982. № 3.

«Шүлен» сөзінің этимологиясы

Қазақ арасында **шүлен тарту, шүлен жігіт, шүленсу, шүленші, шүлен ас** тәрізді сөздер бар. Осындағы шүлен сөзінің мағынасы қандай, төркіні не? Зер салып қарасақ, бұл қолданыстарда шүлен сөзі екі түрлі ұғымды білдіретін тәрізді: 1. «елге, көпшілікке таратылып, үлестірілетін зат»; 2. «жомарттылық, қолы ашықтық: кең-молшылық». Бір қарағанда бұлардың арасында мағыналық қатыстық байқалмайтын тәрізді. Ал

шын мәнінде ондай қатыстық бар: бұлар дербес екі сөз емес, мағынасы кеңейген, төркіндес бір-ақ сөз. Дәлелдеп көрейік. Тарихи деректерге сүйенсек, Орта Азия мен Қазақстан жерін бір заманда билеп-төстеген Шыңғысхан әулеттерінің дәстүріндегі қарапайым халыққа жылына бір рет, хан төңірегінде жүрген чиновниктерге аптасына бір рет тарататын тегін ас-суын өз кезінде шүлен деп атаған. Мысалы, бұдан шамамен жүз жыл бұрын шыққан А.Старчевскийдің «Спутник русского человека в Средней Азии»... (Санкт-Петербург. 1878, II бөлім) деп аталатын еңбегінде: шүлен – «ханское угощение чиновников по пятницам» деп көрсетілген. Қазақ даласында бұл әдет шүлен тарату (яғни хан атынан тегін ас тарату) мағынасында қалыптасса, хан асын таратуға, оны ел-жұртқа емін-еркін үлестіруге қатысқан жігіт-желеңдер шүлен, шүленші деп аталып кеткен. «Қолы ашық, жомарт» мағынасындағы шүлен жігіт пен хан қазанынан таратылған тегін асты елге үлестіруде өзінше жомарттық көрсетуге байланысты «шүленсудің» сыры міне осында. Сонда шүлен сөзінің бастапқы мағынасы мал сойылып, елге үлестірілетін астың, тамақтың түрі екен. Ол сөз түркі-моңғол тілдерінде күні бүгінге дейін кездеседі. Мәселен: моңғолша силун – сорпа, бурятша – шүле, шүлүн – ет сорпасы, жас сорпа, яқұтша сәлиян – ұннан жасалған ботқа, қырғызша сорпо – шилең – сорпа – суан т. б. Осыған байланысты, қазақ тілінде кездесетін «Үленіңе де, шүленіңе де жетеді» деген фраза «үлестіруіңе де, таратуыңа да түгел жететін (мол ас-су)» деген ұғымды білдіретіні талассыз. Шүлен немесе шүлен жігіт, шүленші сөздерінің «мырза, жомарт» мағынасы қазақ тілінде көбірек қолданады. «Шөлімдегі жалғыз алтын терегім, шөлден шүлен боп туған сергегім» (М. Әуезов). Сөз мағынасының кеңеюі, ауысуы дегенде біз тіл табиғатына тән міне осындай заңдылықтарды айтамыз. Шүленбай деген есімнің «атымтай – жомарт, мырза, қолы ашық» деген мағынаны беретінін білсек те, оның о бастағы хан атынан таратылатын сорпа-су, астың аты екенін елдің бәрі білмесе керек. Ал білу қажет.

«Қазақстан әйелдері», 1983. № 10.

«Саяхатшы» сөздер

«Саяхатшы» деп біз, әдетте, әр түрлі елдерді аралап, әр ықылым алыс та бейтаныс жерлерді көріп қайту үшін саяхат шегетін адамдарды айтамыз. Осындай саяхатшылардан әлемге аты әйгілі Х.Колумб, Марко Поло, Грум-Гржимайло, Миклухо-Маклай, Пржевальский, Ш. Уәлиханов т. б. бәріміз жақсы білеміз.

Ал енді «саяхатшы сөздер» дегенді қалай түсінуге болады? Дәл саяхатшыдай болмаса да, сол сияқты ел-елді аралап, сол елдердің тілінде өзінің

ізін, яғни «қолтаңбасын» қалдырып жүрген сөздерді де саяхатшы деуге әбден болады. Егер жаһанкез саяхатшылар жаңа жер ашып, көз көріп, құлақ естімеген жаңалықтарды жазып, кейінгі ұрпаққа қымбатты мағлұматтар қалдырып отырса, «саяхатшы сөздер де» «аралап шыққан» тілдерде өзі туралы белгілі ұғым, түсінік қалдырады. Ол ұғым-түсінікті өзінше түсініп, өзінше дыбыстық тұлғада қабылдаған шетел – жат ел тілдері ол сөздерді ескерткіш, тәбәрік ретінде өз бойында ұзақ сақтап, етене дүниесіне айналдыруы мүмкін, өз қалауынша өзгертіп кәдесіне жаратуы ықтимал.

Осындай «саяхатшы сөздер» біздің ана тілімізде де баршылық. Мәселен, бүгінде қолдануы сиректеп, көнере бастаған, бірақ кешегі діндарлар тілінде жиі кездесетін **«бірадар»** сөзін «саяхатшылар» қатарына жатқызуға болады. Бұл сөздің тілімізде бір-бірінен туындайтын екі түрлі мағынасы бар: 1) «жақын ағайын, досжар адам» және 2) «дін жолында бірге жүріп, Аллаға мінажат етушілер». І. Жансүгіровтың бір әңгімесінде: – Қарқаралыда құйрықсыз шай табатын жерің болса, маған да айт, бірадар! – деп дүкенші шайды алып қайта тығып қойды. (Әңгімелер...). Бұл мысалда **«бірадар»** сөзі «ағайын» «дос-жаран» мағынасын білдіріп тұр. Ал енді мына мысалда: Бәрекелді, мыналардың бәрі бірадар ғой шетінен... (Қ.Сатыбалдиев. Қараторғай...). Мұнда бірадар – «сопы, молда, діндар» мағынасында қолданылып тұр. Бұл сөз туыстас түркі тілдерінің біразында-ақ кездеседі. Алайық, ұйғыр тілінде бурадәр – «дос-жаран», «жолдас», «ағайын-туыс», түрік тілінде birader – «брат», «братец» («ағай» мағынасында), «досжаран», өзбек тілінде биродор – «туыс», дос-жаран»,»жолдас-жора» т. б.

Мәселе, бұл сөздің туыстас түркі тілдерінде қолданылуында ғана емес, оның бұл тілдерден басқа да Европа мен Азия халықтарының тілін аралап шығып, онда өз «қолтаңбасын» қалдыруында болып отыр. Бірадар сөзінің Ұлыбритания еліне шеккен сапарының белгісі ретінде brother (бродер және pal (пэл) деген екі сөз қалған. Бұлар «жолдас», «дос-жаран», «ағайындас» деген мағынаны білдіретін өзара төркіндес сөздер. Мамандардың зерттеуіне қарағанда бұдан 5 мың жыл бұрын үнді еуропа тілінде **бхратэр** деген сөз болған. Ол «ағайын, туыс» (яғни «брат») мағынасында қолданылған. Жер жүзінде шарлаған осы сөз әр елде әр түрлі өзгеріске түссе де, өзінің негізгі мағынасын сақтап отырған. Ол үнді елінің бір аймағындағы жергілікті халық тілінде көне үнді тілі – санскриттегі– **буратр** болып айтылып келген бастапқы тұлғасын өзгертіп, **прал** түріне ауысқан. Әр түрлі себептермен осы аймақта жасаушы бір тайпа ел – олар кәдімгі цығандар (долылар) – жерінен ауа көшіп, жер жүзіндегі елдердің көбін шарлап көшіп-қонып өмір сүруді

әдетке айналдырғаны белгілі. Олардың біразы Англия жеріне де келіп жеткен. Тұрақтап бір жерде жасамайтын қаңғыбас жандарды жергілікті халық та, өкімет те онша жақсы көрмесе керек. Сондықтан сол түрме қабырғасында бірге жатқан цығандардан ағылшын қылмыскерлері «прал» деген сөзді естиді. Бұл сөз цыгандардың өзара «ау, ағайын», «қымбатты дос» (орыстар «браток», «братец») мағынасында қолданылуы құлағына әбден сіңген ағылшын тұтқындары тіліне сәйкес «р» дыбысын түсіріп **пал (пэл)** түрінде қабылдаған. Тұтқындар жаргонынан барып, ол бүтін елге таралып кеткен. Франклин Фолсомның айтуына қарағанда, дәл осы сөзді бүгінде тек ағылшындар ғана елге таратып кеткен. Бұл ағылшын тілдес американдықтар арасына да кеңінен тарап кеткен. Және пал (пэл) сөзі ағылшын тіліне басқа бір жолмен саяхаттап келген bpother (брадэ) сөзімен қатарласа қолданылып жүр. Бірақ бұл «саяхатшы» сөздерінің туыстас, төркіндес екенін ағылшындардың өздері біле ме, жоқ па – ол жері бізге беймәлім.

Бірадар сөзінің саяхаты тек ағылшындар елімен ғана шектелмейді. Ол Еуропа елдерін түгел аралап, көне латын, грек, ирланд, гот тілдерінде өз «ізін» қалдырған. Кейбір заңды түрдегі дыбыстық өзгерістерін ескермегенде, бұл сөзді біз славян тілдерінің бәрінен де таба аламыз. Мәселен, *орысша:* **брат, братец, братья** және *славян тілінде* **братрь, брать,** *украинша* **брат,** *болғарша* **брат,** *сербохорватша* **брат,** *словенше* **brat**, *чех тілінде* **bratp, polqka brat** т. б. Мамандардың айтуына қарағанда славян тілдеріне брат сөзі көне үнді тілінен ауысқан. «Саяхатшы» сөздің бұл тілдерге келу жолы мен сапары – өз алдына бір хикая.

Ал енді **бірадар** сөзінің түркі елдеріне жасаған сапары Еуропа арқылы болмаса керек. Бұл тілдерге ол Орта Азия мен Қазақстанның кең-байтақ жерін бұрыннан мекендеп келген тохар, сақ, ру-тайпалар арасындағы ауыс-түйіс дүние болуы ықтимал.

Көріп отырмыз, әр қилы заманда, шым-шытырық жолдармен сапар шегіп, талай жерді шарлаған және барған еліне аты-затымен сіңіп, жоғалып кетпей, ұмыт болмай, белгілі із қалдырып, көп тілге тамырын жайған осы бір «саяхатшы» сөздің қысқаша тарихы міне осылай. Бүгінгі таңның тұрғысынан қызықтайтын бір жағдай: о баста көне үнді-санскриттен шығып Евразия елдерін түгел аралап, оның лингвистикалық картасына өзінің атын *қазақ тілінде* **бірадар (бірәдәр**, *орыс тілінде* **брат**, *ағылшын тілінде* **bpother** деп жазып, барлығында да ортақ «жақын туыс, жора-жолдас» деген мағына сыйлаған осы бір «саяхатшы» сөздің халықтарды жақындастыру, туыстастыру, достастыру үшін атқарған миссиясы да тамаша емес пе?

«Білім және еңбек», 1984. 11 ноябрь.

“Ерулі” ме? “ереуіл” ме?

Махамбет жырында кездесетін осы бір сөзді екі түрлі айтулы, тексте хаттаулы көптен бері-ақ көптеген зерттеушілер мен зиялы азаматтардың нақты шешімін таба алмай келе жатқан талас нысаны.

Кімнің қандай уәж айтып, өзінше дәлелдеп келгенін сілтемелерден[1] қарап алуға болатындықтан, біз оларды қайталап жатуды артық көрдік. Мүмкін бұл да солардың бірі, не бірегейі болар деген оймен, біз де бұл сөздің төркіні туралы ойымызды ортаға салуды жөн көрдік.

Түптеп келгенде айтар жобамыз: ***Ереуіл** емес, ***ерулі.** Оның этимологиялық негізі ретінде айтар уәжіміз үш түрлі:

- бірінші уәж:*“ерулі”* де, ***“ереуіл”*** де - қазақ тілінің өзіне тән байырғы сөздер. Қисынын келтіре білген адам екеуін де Махамбет жырына жанастыра алады. **Ерулі ат** - ертедегі қазақ батырларының жаугершілік, шапқыншылық кезінде ұзақ сапарда ауыстырып міну үшін жайдақ күйінде ертіп жүретін қосымша (запастағы) аты. Тарихтан белгілі: Шыңғыс ханның жер қайысқан қалың қолының дұшпанына қара тажалдай көп болып көрінуінің бір себебі әрбір сардардың қапталында қосақтаулы бірден, кейде екіден **ерулі** аттары болған. Олар ереуілге мініп шығатын **ереуіл** аттар емес, әрине. Бұл – бір;

- екінші уәж: Махамбеттің өзі-ақ: *“Ерулі атқа ер салмай ... ”* деп, яғни күн-түн қатқан ұзақ жорықта бір атын (ас атындағы *жорық атын*) болдыртып, жанында еріп жүрген *жарау атына* ерін ауыстырып мінбей, яғни жауын титықтатып барып жеңбей, ерлердің алдына қойған ұлы мақсаты орындалмайды деп тұрған жоқ па? Бұл сөздің *ереуіл* емес, *ерулі* екенін бұл уәж тағы да айқындай түседі;

- үшінші уәж: Махамбет рухына сай жырдың тасқынды толқыны бірде-бір басы артық сөздің, тіпті ұйқасып қатар тұрған екі сөздің бір буынының үйлеспей тұрғанын да қаламайды. Махамбет жырына тән әуездестікті осы тұрғыдан қарастырсақ, екінші жолдағы:

Ерулі атқа ер салмай,
Егеулі найза қолға алмай ...-

егеулі (ұшы егелген найза) сөзіне (***-лі*** жұрнағы жалғанып тұр) сәйкес келетін сөз тек ***ерулі** (мұнда да ***еру** түбіріне ***-лі*** жұрнағы жалғанып тұр). Ал осы *“егеулі”* сөзіне *“ереуіл”* сөзін жанастыруға болады, бірақ бұлар таза ұйқасқа жатпайды: ***ереуіл** сөзі болса, қазақ-моңғол тілдерінде **-ауыл//-еуіл//-уыл//-уіл** сөзжасам қосымшасы арқылы қалыптасқан 20 шақты атаулардың бірі: *жасауыл, қарауыл, торауыл, тосқауыл, барлауыл, кептеуіл, шыңдауыл, ереуіл* т.б.

1 Махамбет. Қазына: 2-кітап. Алматы, “Арыс”, 2001, 140 б. (қар. Түсініктер).

Міне, осы атаулардың бірі – *ереуіл* - ертедегі әскери мағынасында шайқастың әбден шиеленісіп, шарықтау шегіне жеткенде, атака жасап, шешуші қайрат көрсететін сәйгүлік мініп сай тұрған сарбаздар. Бүгінгі тілдегі *ереуіл, ереуілге шығу* содан дамыған мағыналар.

Осы келтірілген үш түрлі уәж Махамбет жырындағы ұранға айналған үкілі өлеңнің тірек сөздерінің бірі - **ереуіл* емес, **ерулі* болса керек деп топшылаймыз. Бұл уәждің дұрыстығын дәлелдей түсетін тағы бір қосымша дерек - қазақ тіліндегі ***"*еру"*** мен одан туындаған *еру ел, ерулі күш, ерулік беру, еруліге-қарулы, ерулі ат, еруін қайтару* т.б. ұғымдар. Бұлардың барлығы көшпелі қазақ өміріне тән ұғымдар. Қазақтың көне салтында өмірін ылғи көшумен өткізген халқымыз жаз жайлауға, қыс қыстауға, күз күздеуге, көктем көктеуге көшкенде, бүкіл ауыл-аймақ отырған орындарынан дүр көтеріліп, қопарыла бір күнде көшкен емес. Көшу дәстүрінің өз салты бойынша олар бірден емес, біртіндеп, бірінен-кейін бірі, ұласып, жалғасып, үздік-создық көшетін болған. Бұрынырақ көшіп келіп, орналасқан ауылды *еру ел, ерулі ел, ерулі күш* деп, көш жөнекей шаршап-шалдығып келген ауыл адамдарын шақырып, сый-құрмет көрсетіп, қолқабысын тигізіп, белін жазып, есін жинауына көмектескен. Қазақ дәстүрінде ерулік беру, сондай-ақ еруліктің қарулығын қайтару, сол дәстүр арқылы қатарласа қонған қалың ел бір-бірімен тығыз араласып, жақындасып кететін болған. Осы дәстүрдегі *еру ел, ерулі ауыл, ерулік* деген сөздердің түбірінен басқа сөз емес, ***ер, *еру*** сөздерін танысақ, ***ерулі*** атауының көшке ере көшкен елге, жорық атына мінген ердің жанына ертіп алған жарау атына тікелей қатысы бар екенін мойындағын жөн сияқты.

«Қазақ әдебиеті». 2002. № 48, 29 қараша. 4 б.

ЭТНОНИМИКА

Ғалымның *лексикология* саласындағы зерттеулеріне зерделей қарасақ, олар негізінен ру-тайпа, халық атауларының шығу төркініне, қалыптасу тарихына байланысты ізденістерін көрсетеді. Олар көп емес, екеу: *қазақ* және *қаңлы* этнонимдері. «*Қазақ*» этнониміне бағыштап жазған мақалаларында (*«К лингвистическому обяснению этнонима «қазақ»* // Вест. АН КазССР, 1971, №2, С.47-51 (Е.К.Қойшыбаевпен бірге жазылған); «*О принципах этимологического анализа этнонима «қазақ»* // Вест. АН КазССР, 1987, №8, т.б.) ғалым әлі күнге дейін толық шешімін таба алмай келе жатқан бұл проблема бойынша тілдік факторға сүйеніп, көп пікірдің бірі ретінде көзқарасын ұсынады. Бұл проблеманың шешілуі процесінде ол пікірдің ескерілуі әбден мүмкін.

«*Қаңлы*» этнониміне байланысты ғалымның зерттеулері алғаш Қазақ энциклопедиясында көлемді мақала ретінде (*«Қаңлы»* // ҚСЭ, Алматы, 1975, 455-457 б.), одан соң ғылыми жинақ және журналдарда (*«К историко-*

лингвистической характеристике этнонима канглы – қаңлы» // Тюркская ономастика. Алма-Ата, 1984, с. 34-37, т.б.) жарияланып, ұлғая келе, бүгінгі таңда *«Қаңлы: тарихи шежіре»* атты монографияға айналып (25 б.т.), баспаға дайындалуда.

Қазақ халқының қалыптасуына ұйытқы болған ең көне түркі тайпалардың бірі – *қаңлы* этносының тарихи болмысын айқындай түсуде халық жадында, сан алуан бұлақтарда сақталып келе жатқан тілдік, этнолингвистикалық, шежірелі, тарихи деректер негізінде дүниеге келер бұл еңбекті қазақ халқының өзін-өзі танып-білуге қажетті игілікті істердің бірі болады деп сенеміз.

О принципах этимологического анализа этнонима «қазақ»

Действительно, сложность проблемы этногенеза и этнической истории казахов не вызывает ни у кого сомнений. Это, помимо всего, объясняется отсутствием до сих пор серьезных работ, объединяющих усилия историков, этнографов, археологов, антропологов и языковедов. Между тем во всех возможных научных поисках в этом направлении, особенно в изучении этнонимов и характеристике этноса, факторы языка могут сыграть немаловажную роль. Здесь я прежде всего имею в виду возможную лингвистическую интерпретацию того или иного этнонима, прямо или косвенно связанного с историей самого этноса. Для подтверждения этой мысли можно сослаться на опыт известных в нашей стране историков, занимающихся изучением этнического процесса тюркоязычных народов. Так, например, Р. Г. Кузеев указывает, что «изучение этнонимов является важным средством проникновения в сложные и многоярусные процессы этнической истории...»[1]. О необходимости изучения тюркских этнонимов говорят и языковеды. Так, Д. Е. Еремеев отмечает, что «тюркская этнонимия крайне разнообразна как по своей форме, так и содержанию. Но в большинстве случаев она ярко отражает особенности происхождения этнической истории той или иной общности и, бесспорно, может служить дополнительным источником при этногенетических исследованиях»[2].

Однако приходится констатировать, что одни лишь лингвистические поиски и даже самые удачные и оригинальные этимологические построения не могут претендовать на решение проблемы этногенеза в целом. Лингвистические интерпретации этнонимов в лучшем случае могут служить дополнительным источником при этногенетических

1 *Кузеев Р.Г.* Происхождение башкирского народа. Этнический состав, история расселения. М., 1974. С. 76-77.

2 *Еремеев Д.Е.* К семантике тюркского этнонима//Этнонимы. М., 1970. С.141.

исследованиях. Так мы оцениваем в данном случае роль и значение поисков казахских языковедов в решении рассматриваемой проблемы и совершенно солидарны с коллегами К. А. Акишевым, О. Исмагуловым и др., которые правильно ставят вопрос о необходимости комплексного подхода к ней и совместных усилий историков, этнографов, археологов, антропологов и языковедов.

Надо сказать, что этноним *қазақ/казах* привлек к себе внимание довольно многих ученых и в имеющихся у нас историко-филологических исследованиях и первоисточниках, хронологически охватывающих довольно большой период, представлено около ста самых различных (кратких и обстоятельных, специальных и попутных) его этимологических толкований. Они разнообразны не только в принципах и методах анализа, но и в самой постановке и историко-лингвистической ориентированности.

При всем этом в оценке и научной интерпретации лексико-семантической структуры и происхождения этнонима *қазақ* в имеющихся исследованиях обнаруживается двоякий подход, рассматривающий данный этноним в одном случае как сочетание двух лексических элементов, выражающих каждый в отдельности конкретное этнонимическое понятие, а в другом – как цельнооформленную производную основу, образованную от корневой морфемы тюркского или нетюркского происхождения.

Согласно первому принципу этноним *қазақ* зачастую рассматривается как сочетание таких лексических элементов, как *қас* и *сақ, аз* и *сақ, қаз* и *оқ, қай* и *сақ, қос* и *ақ, қо* и *зақ, кос* и *ық, қаз* и *ақ, қаз* и *сақшы* и др. В целом в ряде этимологических толкований *қазақ* постулируется как не поддающаяся расщеплению целостная единица, возводимая в одном случае к этнонимам, в другом – к топонимам (в Азербайджане), в третьем – к антропонимам или просто к производным основам, восходящим к разным языковым источникам: к русск. *косок* от слова *косить, косы,* к монг. *қозақ* от корня * *қо* «бронь», «железо» и *зақ* «граница» и др.

В подобных этимологических и этнологических толкованиях вольность и противоречивость допускаются и в отношении его семантики. Это видно из следующего далеко неполного перечня значений, которыми он наделен исследователями в разных источниках: 1) «настоящий, чистокровный сак», «собственные саки», «сакские племена», 2) «беглец, скиталец, безродный, бродяга» «голодранец», «лишенный предводителя», «вольный, свободный»; 3) «предводитель отряда», «наемный солдат», «вооруженный воин», «всадник», «воинское подразделение»; 4) «смелый, воинственный», «горячий, вспыльчивый» (у В. И. Абаева),

5) «белая лебедь» (тотемическое представление); 6) «обреченный на честную смерть» (религиозное толкование); 7) «обладатель походной телеги с юртой» (в кн.: «Алтын топчи») и др.

И надо сказать, что главной причиной такого разнобоя во взглядах, подходах и толкованиях одного и того же этнонима является отсутствие однозначного понимания исследователями этногенетического процесса или научной идентификации этнонима и этнической истории казахского народа. А это в свою очередь – результат разнонаправленности и разрозненности научного поиска и, конечно, отсутствия междисциплинарной координации. Всем известно, что при таком положении всякие поиски лишаются перспективы, целостности и последовательности логического построения, научной аргументированности и результативности. Так, например, чтобы выделить и научно обосновать наличие компонента *сақ/сак* в структуре этнонима *қазақ/казах,* прежде всего необходимы исторически аргументированные данные и проверенные факты, которые могут быть добыты в результате больших поисковых работ усилиями специалистов разных отраслей наук. Компетентность лингвиста в этимологизации этнонима больше всего проявляется в том случае, когда определен общий (этносоциальный, этногеографический, этнокультурный, этноисторический, этноархеологический) фон исследуемого объекта. Только тогда он может с большей уверенностью выбрать из множества возможных одну наиболее правильную научную концепцию для этимологической интерпретации. Так, например, лингвисту нетрудно доказать гомогенность таких этнических элементов, как *сақ/сак* и **сақ* в этнониме *қайсақ* или **сах*, восходящий к *саха* «якут» и др., при условии, если такое предположение будет подкреплено историческими фактами.

Одним словом, в этногенетическнх исследованиях крайне необходим союз ученых-обществоведов. И свою мысль мне хочется заключить словами академика Ю. В. Бромлея, который указывал, что «важная роль в решении этногенеза принадлежит таким научным дисциплинам, как этнография, лингвистика, включая топонимику, и фольклористика. Но и у этих дисциплин есть своя ахиллесова пята – это прежде всего трудности при ориентации их данных во времени, вопросы хронологии – вот что, пожалуй, является для них основным камнем преткновения»[3].

ҚазССР ҒА хабаршысы,
Алматы,1987. 31-32 б.

3 *Бромлей Ю.В.* Выступление// Археология и этнография Башкирии. Уфа, 1971. С.6.

«Қазақ» [qazaq] этнонимнің зерттелінуі

Белгілі бір халықтың атын (этнонимін), жер атын (топонимін) анықтау үшін, бәрінен бұрын, оның өмір сүру қалпын және соған байланысты ойлау процесін, тарихын зерттеу керек екендігі мәлім. Ондай сөздерді (терминдерді) зерттеу қиындығы көп, кейде адамды жаңылыстыруы, тіпті жарты жолда қалдыруы да мүмкін. Ру-тайпаның, тайпалар одағының аталуы қоғамдық-әлеуметтік акт. Ф.Энгельс осыған орай былай деген: "Тайпалардың өзіне тиісті территориясы және аты болған"[1]. Оларға лайықты меншікті ат тарихи жағдаймен байланысты туып белгілі тарихи дәуірде қалыптасады. Осыған байланысты кейбір атаулардың зерттелуінде ең алдымен олардың өзіне тән ерекшеліктері айқындалуға тиіс. Зерттеушілер тарапынан алуан түрлі жорамал айтылып жүрген *қазақ* этнонимін де осы негізде қарау қажет. Тайпа, халық, жер аты болып саналатын *қазақ* [Qazaq] сөзінің табиғатына мағынасына түркологтар, түркі халықтарының тарихымен айналысқан славянтанушылар, кавказтанушылар әр кезде түсінік беріп, ол туралы әр түрлі пікірлер айтылып, этимологиялық зерттеулерде *қазақ* сөзінің сыр-сыйпаты біртіндеп ашыла түсуде. Академик В.В.Бартольд өзіне дейінгі *қазақ* сөзі туралы айтылған пікір-талаптарды ой елегінен өткізіп шыққаны мәлім[2]. 200 жылға жуық мерзім ішінде *қазақ* атауы төңірегіндегі зерттеулердің толастамай келе жатқаны неліктен? Мұның басты себебі: біздіңше зерттеушілеріміз бұл сөз-атаудың о бастағы алғашқы мағынасынан гөрі соңғы кезде пайда болған туынды мағыналарына көбірек көңіл бөлуіне байланысты болса керек.

Үлкен бір халықтың аты-жөні, оның өмір сүрген территориясы, сондай-ақ Әзербайжанның үлкен бір ауданы осы атпен (газак) аталатындығы белгілі. Орыс халқының бір бөлігі де *қазақ* деп аталады. Біз бұл мақаламызда негізінен, *қазақ* сөзінің бастапқы мағынасын анықтауға әрекет етпекшіміз. Байқауымызша, бұл сөздің мағынасы түркі тілдес халықтардың, солардың ішінде Азербайжан халқының да мифологиясымен байланысты. Зерттеушілер *қазақ* сөзін, өкінішке орай, бұл тұрғыдан сөз етпейді. Ғалымдар *қазақ* сөзін 1245 жылы жарық көрген қыпшақ-араб сөздігінде кездестіреді. Бұл аталған сөздікте *қазақ* сөзінің "әуре-сарсаң болған", "Отаннан қуылған", "ел-жұртынан аластанған" сияқты мағыналары болғанын айта кеткен жөн. Өзбек әдебиетінің классигі Алишер Науаи да *қазақ* сөзі "отансыз", "жұртсыз", "кезбе", "жасақ" мағынасында қолданған екен.

1 *К.Маркс, Ф.Энгельс.* Сочинение, Том 21, 92 бет.

2 *В.В.Бартольд.* История изучения Востока в Европе и России, 1925 с 217.

Бұдан көп кейін Шейх Сүлеймен Бұхари *қазақ* атты халық болғандығын көрсетіп, бұл сөздің "үйсіз", "жұртсыз" деген мағынасының бар екендігін айтқан.

XIII ғасырдың сөздіктерінде де, одан кейінгі ескерткіштерде де *қазақ* сөзінің "жұртсыз", "кезбе", "баспанасыз" мағынасында көп қолданылғандығының куәсі боламыз. Мәшһүр тарихшы Мұхамид Хайдардың (1551 жылы қайтыс болған) пікіріне сүйене отырып, қазақ халқының тарихын жазған авторлар "Абдул Хайдар ханның ілімінен соң Өзбек ұлысында алауыздық басталып, дала тұрғындарының біраз бөлігі өз қауіпсіздігі үшін Өзбек ханынан бұрынырақ бөлінген Керей мен Жәнібек ханынан пана іздеді... Алдымен солар, кейіннен олардың соңынан ерген көпшілік өз ұлыстарынан кеткендер және кедейлер белгілі бір уақыт аралығында *қазақтар* деп аталынды - деп жазады[3]. Мұхамид Хайдардың еңбегі бойынша XV-XVI ғасырда феодалдар арасындағы соғыстардан соң жұртсыз (отансыз, панасыз) қалғандар *"қазақтар"* деп аталынған деген қорытындыға келуге болады.

Біз қазақ сөзінің құрамындағы *қас/қаз* компонентін бұдан да бұрынғы деректерден кездестіргенбіз. Ендігі қалған, бір адамдар тобы топтанып халық жасай алмайды. Ондай пікір халықтың пайда болуы қалыптасуы сияқты күрделі әлеуметтік - саяси бір процесске механикалық көзқарас. Ең алғаш "қазақ" деген сөз XIII ғасырда еске алынған делік. Бірақ бұл ол дәуірде белгілі бір тайпа не халық болған деген сөз емес. Қазақ сөзі және оның алғашқы белгілі қас/қаз бұрыннан бар және оның сілемдері ескі дәуірге, тарихтың көне сатыларына барып тіреледі.

Россияда "газет" [qazaq] атауларына арнайы назар аудару XVIII ғасырдың екінші жартысында басталды және алғашқы орыс зерттеу шілері, кейбір кемшіліктері бола тұрса да, сөздің шығу тарихын негізінен түркі тілдерімен байланыстырады. 1750-60 жылдардағы орыстың ғылыми әдебиетінде қазақты көне қыпшақтар[4], хазарлар[5] мен байланыстырушылар да болған. Қазақ сөзі туралы П.Бутков 1822 жылы, өзіне дейінгі Россияда жазылған пікірлерге шолу жасап, бірсыпыра пікірін де айтқан. Ол былай деп жазады: "бұл сөз (әңгіме *"қазақ"* сөзі туралы - М.С.) ежелгі славян батырларының бірі – қазақтың[6] атымен байланысты. Оның тегін қыпшақтар мен хазалардың, адам және жер аттарынан арнайы ізделген. Мысалы, Днепровский косы /Днепр даласы/, сене-косный косы /шөп

3 История Казахской ССР, т. I. Алма-Ата, 1957, 140 бет.

4 Ежемесяч. Сов. на апрель, 1760, Родосло Ист. татар, ч. YII. гл, I.

5 История Таврии II, 25 бет.

6 Синопись. 9 бет. Бутковдан кєтирилєн ситатда муєллинфин истинад етди и чыхарышылар е ни илє сахланылар.

дестесі/ және тіпті Косявкалар[7] , тәрізді сөздің мағынасы “басы қырылған адам”[8], **қол басшы, қашқын, құл**[9] болғандығын дәлелдейтіндер де бар. Кейбіреулердің айтылуынша, **“қазақ” татар** сөзі - бұрын “қаңғырған, жұмыссыз кісі” деген мағынада түсінілген. Басқаларға ақшаға жалданған, кейін келе ат үстінде[10] Қару ұстап соғысқандарға осы атау берілген”[11]. Бұл жерде П.Бутков сөз - атауын түркі тілдерімен байланысты екендігіне көңіл бөліп, мән бермеген. Оның төркінің басқа жерден іздегені анық байқалады. Автор “қазақтар” кімдер және “козак” қандай мағынадағы сөз, - деген сұрауға жауап беруді ғана алдына мақсат етіп қойған.

Қойылған сұраудың екеуі де ғылыми негізі үшін керек-ақ. П.Бутковтың жазуынша, Кубанда[12] алты рудан құралған абазиндер өмір сүрген[13]. Бұл алты тайпа одағын татарлар Алтықазақ деп атаған[14]. Осының өзі-ақ П.Бутковқа “қазақ” сөзін айқындауға септігін тигізген де болар еді. Автор Алтықазақ сөз атауының бірінші бөлігін ‘алты“ сан есімімен байланысты дейді. Бірақ ол сөз - атауының екінші сыңары “қазақ”-ты бөлшектемей, оны казыг, газуг сөздерімен бір деп ұғынып бұлардың “жалаңаш”, “кедей” /қол/ мағынасына барлығын көрсетеді. Автор көрсеткендей, “қазақ”, “газаг”, “газог” сөздерінің алғашқы мағыналары “жалаңаш”, “кедей” дегенді білдірмеген. “Газог”-тың, “газог”-тың, кейіннен пайда болған “жалаңаш”, “кедей” мағыналары ол сөздердің алғашқы мағыналарына жуық болмағандығын кейінірек анықтала түседі. Бұлар жаңа бір тайпалар одағының аты болса да, “газог”, “газуг” сөзінің фонетикалық варианты деуге болады. Дегенмен, газог екі бөліктен /ог/ тұрады. Газ-аг, газ-уг, уаз-ог сөзінің құрамындағы ‘ыг“ // “уг” және “ог” туралы ертеден пікір таласы бар.

7 Ежемесяч. Апрель 1760. Собрание соч. выбран из месослов.

8 Іенс орада.

9 Татишев в истории Росии. II, 422 бет.

10 Соч. Апрель 1860 и март 1862.

11 *П.Бутков.* О имени козак, журнал Вестник Европы, N 23, декабрь, 1822.

12 Кубан-Губанда ер кездерде қыпшақтар мен қазақтар жасаған /өмір сүрген/. Біздіңше “Губан” сөзі осы халықтар тілімен байланысты. “Губан” сөзі “гу” және ‘бан“ /ман/ элементтерінен құрал-көркіреуі /найзағай/ және ұшқынды жаратқан құдайдың аты. /қара: Мирали Сейдов. Некоторые заметки о гуннско-азербайджанских мифологических связях на основе этимологического анализа слова куар /гуар/-Вопросы Азербайджанского языкознания. Сб. статей Баку, 1967, 905-216 бет. “Бан”-ның түркі тілдеріне тән “биік”, жоғары үйі, биік томы”. Соңында айтарымыз, “Губан“ ның “гупан-фонетикалық варианты, олардың кейбір түркі тілдерінде “өлкен”, “биік”, “жоғары”, “күшті”, “қуатты” деген мағыналары бар. /Қара: В.Радлов. Опыт словарь тюркских наречий. том II, ч.I,1899,СПб.1033

13 Бұл алты тайпаның, рудың этимологиясы бұл мәселенің шешілуіне себін тигізеді. Олардың ішінде біреуінің

аты біздің назарымызды ерекше аударады. Оның аты бешилбай-Бешилбайдыр. Біздіңше, бұл атауды Беш-ил /ел/ -бай /бај/ деп бөлуге болады. “Беш” /бес/ сан, ил /ел/ бір тайпа, ру атауларына қатысты. Ил // ел /адамдар тобы/ дегенді білдіреді. Мұндағы бай - бєј сөзі Бешилбай // бешилбај, яғни /Бешеллин/ Бес елдің байы, басшысы деген сөз.

14 *П. Бутков.* Аталған еңбек, 188-189 бет.

П.Бутков газог - газог атауының Россияда “күзетші”, “шекара сақшысы”, “жазалаушы отряд /топ/” мағынасындағы қолданылатындығын еске алып “газог”, башқұрт, түркмен, қырғыз, Волга хазаларының тіліндегі сакчи, /сагчы/ күзетші /сторож/ сөзімен байланысты деген қорытындыға келеді. Ол бұл ойын дамыта түспей, басқа пікірге көшеді. Автор “газага-гозага“ сөзінен осы тұрғыдан қарағанда мағынасы анықталады деп жазады. Зерттеушінің пікірінше, маңғол және қалмақ тілдерінде *ко*-сауыт, (броні), “темір”, “болат киім” (латы), “борандалған киім”, “сакул”, “закикчи”, “күзетші”, *заха, зах,* “аралық”, “ара” (между), “шекара” (рубеж) деген мағынаны білдіреді. Зерттеуші сөздің этимологиялық талдауын былай жинақтайды: “Соединив в одну мысль речения ко и закикчи, или ко и зах получим им козак и конечно не затруднимся принять его в знаменовании крепкого охранителя границы, или военного стража”[15]. автор “газог” /гозаг/ сөзіне механикалық тұрғыдан қарайды да, нәтижесінде қорытындысы да, тоқтамы да, механикалық түрде шығады. Негізінде, автор сөздің алғашқы мағынасын анықтап және сол сөздің этимологиясын беруі қажет еді. Бұл жерде бір мәселеге көңіл бөлу қажет деп білеміз. Өте ертеректе тайпа, тайпалар одағы, халық аттары екі тілдің сөзінен құралып қалыптасуы тарихта кездеспейді. Бутковтың зерттеуінен “газаг” сөзі “шекара”, брон, темір, болаттар жаратылғаннан соң дүниеге келген деген қорытынды шығаруға болады. Ал шекара болмастан, бронды киімдер жасалмас бұрын бұл тайпалар тегі қалай болып аталған? Жоғарыда көрсеткеніміздей, қазақтайпалар одағының аты шекара күзетшісі болмастан бұрында бар болатын және “газаг” және осыған байланысты өз жұртын тастап кетуі[16], сондай-ақ тұтас ордаларымен соғысқа кететін ноғайлардың “газаг” деп аталатындығы рас[17]. “Газаг” сөзінің “Жалданған сарбаз“ “жалданған шекара сақшысы”, “дүние табу үшін елін, жұртын тастап кеткендер” деген мағынасынан байқайтынымыз - бұл тайпалардың ата тегі феодалдар және үстемдік еткен әкімдерден, қанды соғыстардан, адам төзгісіз қанаудан, басқыншылардың зұлымдығынан, жұрттарынан безген, елін тастап қаңғырып кеткен. “Газак” сөзінің тарихта пайда болған мағынасы осы тайпалардың бірігуінің, халықтың тарихи тағдырының қаншалықты аянышты, ауыр болғандығын көрсетеді.

В.В.Радлов сөздігінде, бір топ түркі тілдес халықтар, олардың ішінде қырғыздар, шорлар, тілеуіттер т.б. азат, тәуелсіз кезбе, қызықты

15 *П. Бутков.* Аталған еңбек, 179 бет.

16 *М.К.Милых.* Ногайские тексты. Сб. языки северного Кавказа и Дагестана М., - Л. 1949, 249 бет.

17 *П.Бутков.* Аталған еңбек, 193 бет.

уақиға іздеген адамды қазақ деп атаған[18]. "Газаг" /газагчы/ құл, қашқын мағынасында да қолданылады. Бұл мағыналардың көпшілігі XIII-XIY-XY-XYI ғасырдағы сөздіктерде бар. Көрсетілген жазба ескерткіштерден және сондай-ақ түркі тілдес халықтардың тіл деректерінен кейбір батыс европа ғалымдары, олардың ішінде Вамбери /1878-ші жылы/, Паведе-Гуртейл, венгер /мадьяр/ ғалымы Гомбос /1912 жылы/, *қазақ /йфяфй/* сөзінің "жұртсыз", "үйсіз", "жұмыссыз", "көшпелі" мағыналарын барын көрсетеді. Фин ғалымы Рамстедтің жазғандары бойынша, негізінен "Хәзәр" Хәзәр және газаг "каз" - көмекші етістігімен байланысты болса, онда бастапқы форманың негізгі "қас" болуға тиіс және ғалым бұны монгол тіліндегі "касак терген" сөзімен "батырлардың көнедегі арбасымен" байланыстырады. А.Н.Самойлович бұл пікірге сақтықпен қарау керек екенін ескертеді[19].

Біздіңше, А.Н.Самойловичтің бұл пікірімен келісу керек. Бұлай деу- ге себеп, тіпті "касаг терген", сөзінің "газаг" атауымен мағыналы байланысы жоқ. Белгілі бір халық басқа бір тілдегі араба сөзін өзінің аты ретінде қолданады дегенге сенуге бола ма? қазақ зерттеушісі С.К.Ибрагимов көптеген орта ғасыр сөздіктеріне, түрік, араб әдебиеттеріне, тарихи деректерге сүйене отырып, касаг-терген-хасаг-терген терминінің қазақ / гозаг/ атымен еш байланысы жоқ деп дәлелдейді[20].

Жоғарыда аты аталған Европа түрколоғтарынан кейінірек П.А.Фалев те солардың пікіріне аздаған өзгерістермен жақындай түседі.

Оның "қаз" сөзінің "қаз" әурелену, мақсатсыз кезу, қаңғу етістігінен пайда болған деп қарауын әлдеқайда нанымдырақ деуге болады. Сондай-ақ этимологиясы "газаг" сөзінің алғашқы мағынасына сай келеді. Біздің байқауымызша, П.А.Фалев те сөздің алғашқы формасын және мағынасын анықтауға әрекет етпеген, "газак"-тың кейінгі кезде пайда болған мағынасына сүйенген.

Н.И.Веселовский болса "газаг" сөзіне "адам сияқты қаз", яғни "құс сияқты азат" деген мағына берген[21]. А.Н.Чулашников та "газаг" /қазақ/ сөзін қазға /құсқа/ байланыстырады. Бірақ олбұл сөзді "газ" және "ақ" /ақ/ бөлшектеріне ажыратады да "аққаз" мағынасын білдіреді дейді[22]. Оның бұндай этимологиялық болжам жасауына Н.И.Веселовскийдің пікірі түрткі болуы мүмкін. М.Тынышбаевтың жоғарыдағы пікірге қосылмайтындығы А.Н.Самойловичтің зерттеулерінен

18 *В.В.Радлов*. Көрсетілген еңбек, II том, I бөлім, 364-бет.

19 *А.Н.Самойллович*. О слова 'казак" в кн. "Казаки". Антропологические очерки. вып. 3. Л., 1927, 16-бет.

20 *С.К.Ибрагимов*. "Еще раз о термине "казак" инс. истории археологии и этнографии" АН Каз. ССР, 1960, том 3, 70 бет.

21 Издание ориенталистов при Восточном факультета СПБ Университета. 1910, 54 бет.

22 Очерки по истории казак. Киргизского народа. ч. I. Оренбург 1924, 109 бет.

анық байқалады. Оның этимологиясы бойынша "Газаг" - "әділет жолының ғазизі" деген сөз[23]. Кезі келгенде айта кету керек, біз не Н.И.Веселовскийдің, не А.Н.Чулошниковтың, не М.Тынышбаевтың пікіріне қосыла алмаймыз. Біздіңше, ескі тарихтан мәлім болған "қазақ" /газаг/ халқы өз атын ешқашан ислам дініне қатысты араб сөзінен алған деуге болмайды. Бұл сөздің жасалынуы және қалыптасуы басқа бір көне жағдайлармен байланысты.

А.Н.Самойлович, Н.Я.Маррдың пікірін санамалап шығады. Н.Я. Марр бірнеше жерде *қазақ* туралы даулы пікір айтқан және оны түркі тілдер әлемінен бөлек қарайды[24]. Бұл пікірге В.В.Бартольд және көптеген басқа Европа ғалымдары қосылмайды. А.Н.Самойлович өз зерттеулерінде көптеген ғылыми әдебиетке шолу жасап, бірақ В.В.Бартольд сияқты "қазақ" /газог/ сөзі этимологиясының толық тексеруін келешек зерттеушілердің үлесіне қалдырады. *Қазақ* сөзінің түп-төркінін жан-жақты зерттеумен айналысқан ғалымдардың бірі С.К.Ибрагимов. Ол тағы да "қазақ термині туралы" мақаласында қазақ халқы этногенезінің қалыптасуы және сондай-ақ "қазақ" сөзінің шығуы әлі толық анықталмағандығын көрсеткен. Осымен байланысты автор "қазақ" /газаг/ атауын зерттеуді алдына мақсат етіп қояды. Автор осы мәселеге байланысты материалдармен танысып, олардың талдауға кіріседі де, көп нәрселерді анықтайды[25]. Кейбір зерттеушілер "қазақ" /газаг/ сөзінің қолданылу тарихын X-XI ғасырға, тіпті одан да әріге алып барады. Мысалы үшін, XIX ғасырдағы зерттеушілердің бірі А.Левшин "Моңғол-татарлардың батысқа келуінен екі жүз жыл бұрын - 1020 жылы жасаған Фирдоуси немесе Фирдоуси "Рүстем тарихында" қазақ халқы, қазақ /газах/ханы болғандығын еске алған"[26], - деп жазады. Көрнекті ғалым А. Вамбери де қазақтардың X ғасырда белгілі болғандығы туралы пікір айтады. В.В.Радлов та "қазақ" /газаг/ сөзін Фирдоусимен байланысты еске алады[27]. Түрколог А.Н.Бернштам "қазақ" /Газаг/ сөзі X ғасырда ру-этникалық мағынаны білдірген деп жазды[28]. Советтік дәуірдегі орыс, қазақ ғалымдары Х.М.Әділгереев[29], В.Ф.Шахматов[30], М.Б.Ақынжанов[31],

23 Материалы к истории Киргиз-казахского народа. Ташкент, 1925, 31 бет.

24 *И.Я.Марр*. Кавказский культурный мир. "Армения", Отд. оттиски из журнала мин. нар просв. за 1915 г. 8-9 бет.

25 *С.К.Ибрагимов*. Еще раз о термине. Казак инсти. истории, археологии и этнографии. АН КазССР, 1960, т.3. 66 бет.

26 *А.Левшин*. "Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацских одну и степей". ч. 2. СПБ, 1832, 40 бет.

27 *В.В.Радлов*. Көрсетілген еңбек, II том, I бөлім.

28 *А.Н.Бернштам*. Проблемы древнии истории и этногнеза южного Казахстана. из АН КазССр. сер. археол. 1949, N61, вып. 2, 64-65 бет.

29 *Х.М.Адильгереев*. К истории образования Казахской народности, Вестник, Ан КазССр, 1951, N I, /70/.

30 *В.Ф.Шахматов*. К вопросу об этногенезе Казахского народа, изв. АН КазССР, 1950, N 94, вып. 6. 93 бет.

31 *М.Б.Ахиджанов*. Казахын теги туралы, 1957, 39-40 бет.

С.В.Юшаков[32] жоғарыдағы пікірді қолдайды. Бірақ С.К.Ибрагимов олармен келіспейді. С.К.Ибрагимов, А.Н.Берштамның, Марквартың, А.А.Семеновтың, С.В.Юшаковтардың пікірлеріне талдау жасап, олардың негіз тұтқан деректемелеріне сын көзімен қарау керектігін көрсете келіп былай деп жазады:

"Айтылғандардан белгілі бір қорытындыға келсек, А.Н.Бернштамның, Н.А.Ақынжановтың және Х.М.Әділгереевтің пікіріне керісінше Х-XV ғасырларда "қазақ" атты этникалық термин болмаған дегенді көрсетуге болады. Біз қарастырған еңбектер барлығында "қазақ" сөзі тек Жетісуда ғана дүниеге келген және қолданылған дегенді қолдайтын пікір жоқ. Керісінше, осы ескерткіштерден, бұл сөз Дәшті - Қыпшақ шығыс бөлігінде және Орта Азияда сондай-ақ түркі тілдес тайпалар жерінде кең жайылған деген тоқтамға келуге болады. Және бірыңғай әскери феодал тобына байланысты болып қалмай, сөз мағынасында қоғамдық мәні бар қызмет атқарған. Бізге мәлім шығыс жазба деректерінен "қазақ" сөзінің мағынасының даму эволюциясын төмендегі жағдайлардан іздеуге болады. XIII-XV ғасырларда қазақ - әуре сарсаң болған, басшысыз, қуылған, мағынасында, XV ғасыр соңында - "Өзбек" терминімен тең дәрежеде саяси мазмұнға ие бола бастаған. Боран - Жәнібек, Керей және Бұрындық ұйытқы болған / қалыптастырған/ айрықша феодал топырақтарының аты ретінде қолданылады. Ғасырдың бас кезінде Ибрагим хан бастаған көшпелі тайпалардың бір бөлігіне де, Қазақстан территориясынан Мавреннахрға /"Қосөзен арасында: Сыр мен Амур аралығында"/ көшіп келген соң, "қазақ"/газаг/ сөзі этникалық термин ретінде қолданыла бастаған /курсив біздікі - М.С./[33].

Автор қазақ халқының қалыптасуын соңғы ғасырларға алып келеді және оны тарихи даму процесінде көрсетеді. Біздіңше "қазақ" сөзін екі түрлі бағытта қарау керек: Алғашқы кездегі Қазақстанда, Өзбекстанда, Дешті - Қыпшақтағы мағынасы және оның сол өлкелерде жайыла бастаған соңғы кезде қабылданған үстеме мағынасы. Бұл сөздің кәдімгі ру-этникалық мағынасы болғандығы шүбәсіз. Ол бір рудың тайпа, тайпалар одағының, ең соңында халық атын білдірген. Сөйтіп, С.Қ.Ибрагимовтың айтуынша, қоғамдық мәнге байланысты үй-іші, ауыл-ауыл, топ-топ болып әр тарапқа тарай бастаған соң қазақ сөзінің мағынасы да тармақталып, тарамдалған. Осы кездерде бұл сөз-жұртсыз, кезбе, сандалған сияқты әлеуметтік қызмет атқаруға да көне бастаған. Мәселеге осылайша, тарихи тұрғыдан қарау дұрыс болмақ. Мақаланың соңында байқаймыз, "қазақ" сөзі - С.К. Ибрагимовтың көрсеткен мағыналары - тарихи - әлеуметтік жағдайларға бай-

32 *С.В.Юшаков*. Об основных моментах истории Казахского государства /до советской период/ изв. АН Каз Сср истории 1948, N 49, вып. 4, 25 бет.

33 *С.К.Ибрагимов*. Айтылған еңбек, 70-71 бет.

ланысты пайда болған. XIII-XIV ғасырлардағы қыпшақтар мен бірге өмір сүрген түркі тілдес халықтардың кейбіреуі, солардың ішінде қазақтар, ұзақ уақытқа созылған соғыс тан соң шаруашылықтан, тіпті семьядан ажырап әуре-сарсаң болады, ауыл кезіп кетеді және осыған байланысты қазақ сөзі "жұртсыз", "сандалған" деген сияқты мағынаға ие болғандығы анық. Қазақ сөзінің "шекара күзетшісі" және "қарулы атты әскер" - сияқты мағынаға ие болуы да табиғи. Қазақтар жауынгер, қиыншылыққа төзімді болғандықтан оларды басқа жұрт жауынгершілікке пайдаланған, осының салдарынан шекара сақшыларын да "қазақ" деп атаған. Тарихта мұндай жағдайлар көп кездеседі. Белгілі бір халық арасында жасалып, пайда көркем өнер, қол өнер, жұмыс, қару-жарақ, киім т.б. сол халықтың атымен аталатындығы мәлім. Ұзаққа бармай-ақ түркі тілдес тайпалардан мысал келтірелік. Варсаг тайпасының қылышын варсаг, сол тайпаға тән болған өлең ұйқасы мен өлең формасын солардың варсағы, Байат тайпасының өлеңін байаты[34], түрік халқына тән өлең әуенін /мелодиясын/ "түрку" деп атаған және қазір де солай дейді. Қазақ халқының өзіне тән кейбір қол өнер бұйымдары да "қазақ" атымен аталған. Тіпте түріктер шектен тыс дәрежеде үстемдік еткен адамды, өткелі кісіні де, сол сияқты, соғыста, сайыста арнайы киілетін киімді де қазақ деп атаған[35]. Ертеректе қазақтардың өзіне тән киімдері де сол халықтың атымен аталған деген пікір бар. Жоғарыда байқағанымыздай, "қазақ" сөзі әр кезде зерттеушілердің назарын аударып отырған. Дж. Коковтың жазуынша, 1282 жылы Курск княздарының шақыруымен Бастаудан келген черкестер "қазақ" деп аталынған. Ол кездерде Бастау және жалпы Кавказ тауының етегін мекендеген халықтардың арасында түркі тілінде сөйлеушілер және газагтар-газагтардың да кездесетіндігін ұмытуға болмайды. Бұл шақырылғандар Курскден қуылған соң, Днепр хандығына барып паналаған және осы оқиғадан бір жорамал жасауға болады, демек сол қуылғандардың Днепр хандығының арасында рулық жақындығы болған. Дж.Коков. "газаг", "гозаг" сөздеріне берген П.Бутковтың этимологиясын қайталайды. Ол бұл сөздерді монғол, қалмақ сөздерінен пайда болған және "сенімді шекара күзетшісі", "әскери қарауыл" деген мағынаны білдіреді деген[36].

1970 жылдардан бастап орыс және қазақ ғалымдары "қазақ" сөзін зерттеуге қызыға кірісті. Бұл мәселеде Г.Ф.Благофаның зерттеуі арқылы[37]. Автор В.Дальдың, В.В.Радловтың, В.В.Бартальдтың, А.Преображен-

34 Мерәли алдына єдеби ат институтунун єсєрлєри, 1954, YII. том.

35 Турецко-русский словарь. М., 1971, 527 бет.

36 *Дж.Коков.* К истолкованию топонима "черкассы" и слова "казак". Уч. записки, вып. 25. Начальник, 1965, 4 бет.

37 *Г.Ф.Благова.* "Исторические взаимоотношения слов казак и казах" Этноним /сб. статей/ М., 1970, 143-156 б.

скийдің, Ф.Миклотичтің, М.Фасмердің, Н.К.Дмитревтің және кейбір Европа ғалымдарының дұрыс жолын жалғастырып, "газог-газах" сөзінің шығу төркіні түркі тілдерінде деп жазады[38]. Көпшілік ғалымдар сияқты Г.Ф.Благованың да пікірі қазақтар Қазақстанда, Дешті - қыпшақта, Өзбекстанда жасаған дегенге саяды. Жоғарыда айтылғандай, кейінгі көздері тарихи жағдайларға байланысты қазақтар көптеген көрші өлкелерге тараған. Г.Ф.Благова "қазақ" сөзінің «...Қиын жағдайлардың, мұқтаждықтың салдарынан өз тайпасынан бөлінген, мал мүлкінен айырылған және әуре-сарсаңға түскен»[39], деген әлеуметтік мағынасының кейінірек пайда болғандығын айтып, дұрыс ғылыми қорытындыға келген. Бірақ зерттеуде "қазақ' сөзінің алғашқы мағынаның және кейінен пайда болған мағына реңктерінің тарихи қалыптасу себебі көрсетілмеген. Г.Ф.Благова да "газаг" сөзі кейінірек көптеген халықтарда қолданылған деген қорытындыға келген. Оның ойынша, алғашқы кезде "қазақ" сөзі "жеңіл қаруланған", "жалданған", "еркін салт-аттылар" - дегенді білдірген. Әлбетте, мұндай сарбаздардың да қазақтардан болғанын еске алу керек. Кейін келе басқа халықтар да қазақтар сияқты қаруланған салт атты, жалданған сарбаздарды "қазақ", - деп атаған. "қазақ" сөзінің мағынасы орыс тіліне енген. Ол "қазақ" сөзінің бірінші және екінші мағынасында да /гозак вариантарымен/ орыс тіліне ауысқан деп жазады. Әуелгі, кезде ол "қашқын", басыбайлы шаруаларға байланысты айтылса, келе-келе басбайлықтан қашқандарды, құлдарды, еріксіз қала кедейлерін білдірген"[40], - дейді. Автор бұл пікірін дәлелдеу үшін П.Бутковтың патша грамотасынан келтірген дерегін ұсынады[41]. Біздіңше, "қазақ" сөзінің орыс тіліне ену себебін, орыс халқының қазақтармен, қыпшақтармен болған азды-көпті тарихи қарым-қатынасынан іздеген мақұл[42].

Тарихи қатынастар белгілі дәрежеде Донда т.б. жерлерде мекендеген орыс газагтарына антропологиялық жағынан ықпал еткен сияқты. XYIII ғасыр авторы Георги: "Дон қазақтарында орыс және татар араласының көрінісі бар"[43], - деп жазады. Осы автор Орал қазақтары туралы жазған пікірінің бір жерінде: "Олардың көпшілігінің көрінісі орыс, қалмақ және татар араластығын білдіреді"[44], - дегенді ескертеді. Георги тіпті түркі тілдес халықтардың, оның ішінде Дәшті-қыпшақтарға, татарларға орыс қазақтарының тұрмыс - тіршілі-

38 Бұл да сонда, 144 бет.

39 Айтылған еңбек, 144 бет.

40 Бұл да сонда, 147 бет.

41 *П.Бутков.* Айтылған еңбек, 193-197, Г.Ф.Благова. Айтылған еңбек. 147-148 бет.

42 Амин-ал Холи. Связи между Нилом и Волгой. М., 1962.

43 *И.Георги.* "Описание всех обитающих в Российском государстве народов". ч.4. СПБ. 1799, 201 бет.

44 Бұл да сонда. 224 бет.

гімен жақын екендігін байқаған. Автор бұдан соң қазақтардың Россияның әскери істерінде атқарған роліне де арнайы тоқтаған. Ол Монғолдарға дейін "Россияның ең үлкен және күшті княздары бір-бірімен және де басқа мемлекеттермен соғысқан кезінде, бізге мәлім болған шежірелердің айтуынша, половецтерді - қыпшақтарды өз қосындарына алып, ұрыстарға жалдаған"[45], - деп жазады. Орыс шежіресінде қыпшақтар /половецтер/ мен қазақтарды бір халық деп санағандығы автордың ескертуінен анық байқалып тұр. Бір топ зерттеу шілер, солардың ішінде И.Г.Рознер[46], Л.Б.Заседателева[47] т.б. да орыс қазақтарының құрамында түркі тілді халықтар әсіресе қыпшақтар, қазақтар болған деген қорытындыға келген. Бұл мәселелер славянтануда, түркологияда айрықша қызығу туғызады.

Қазақтар Дешті - қыпшақта қыпшақтардың және оған көрші халықтардың әлеуметтік өміріне араласқан. Олар XIII-XIV ғасырдан бастап-ақ, Орта Азия әрі сол төңіректегі өлкелерде үстемдігімен белгілі болған.

"Қазақ" сөзінің этимологиясымен қазақ тілшілері А.Т.Қайдаров пен Е.К.Қойшыбаевтар да айналысқан. Бұл екі тілші-ғалым "Қазақ" сөзінің түп төркінін, өздерінің айтуынша, лингвистикалық тұрғыдан ашуға тырысқан.

Мынадай бір қызығарлық ғылыми топшылаулар жасаған Е.К.Қойшыбаев пен А.Т.Қайдаров қазақтың шығу тегін аз және сақтар мен байланысты деген жорамал айтады[48]. Авторлардың ойынша, VI-VII ғасырларда Қазақстан далаларына келген түркі тайпаларынан аздардың немесе азилердің жергілікті сақтармен одағы жасалынған және "сол тайпалар одағынан қазақтар пайда болған"[49]. Бұл екі ғалым әр басқа тілдерге қатысты қаз /қаз, хас, каз/ және сақ тарихын салыстырады. Олар мынадай пікір түйеді... "қазақ" этнонимі үлкен тайпа басшысының атын білдіретін екі түрлі мағыналы этникалық компоненттерден жасалынған[50].

Зерттеушілер "аз" бен "сақ" - тың бірігу мүмкіндігін дәлелдеу үшін, өздері айтқан, таза лингвистикалық заңдылыққа сүйенеді. Олар тіл материалдарын тек теориялық тұрғыда негіздеуге, дәлелдеуге тырысады; қазақ тілінде "қ" фонемасы болғандықтан кейбір түркі тілдерінде "қ" мен айтылатын сөз қазақ тілінде 'қ" - сыз немесе "қ" - мен айтылады. Бұл мәселе тіл заңдылығы негізінде түсіндірілген соң, олар мынадай қорытындыға келген. Көрсетілген тілдік дәлел - "қазақ" сөзінің бірінші компонентінің анықталуына септігін тигізеді және /аз/ этникасының атауының түп төркіні *аз -қазхас-каз* болады. Бұл әрине тіл теориясы, тіл заңдылығы бойынша, бәлкім дұрыс та шығар.

45 Бұл да сонда 198 бет.

46 *И.Г.Рознер,* Яйк перед бурей. М., 1966, 6 бет.

47 *Л.Б.Заседателева.* Терские Казаки, М., 1974., 39 бет және жалғасы.

48 *А.Т.Кайдаров, Е.К.Койшыбаев* "К лингвистическому объяснения топонима Казах" Вестник АН Каз. ССР N 02 /130/ Алма-Ата, 1971 47-бет.

49 *А.Т.Кайдаров, Т.К.Койшыбаев.* Аталған еңбек. 48 бет.

50 Бұл да сонда, 48-бет.

Шындығына келсек, бұл "аз" дардың осы бір өзгерісті басынан өткеру-өткермеуіне дәлел бола алмайды. "Аздар" басқа жерде де Аз тұлғасында кездеседі.

Аздар Орхон өзенінің бойында болған және сол жерде де аздар деп аталынған. Күлтегін ескерткішінде азлар[51], Тонықөк ескерткішінде Аз даласы түрінде ұшырасады. Біздіңше, бұл тілдік жағдайларды "аздарға" жалғастыру онша сенімді көрінбейді.

Жоғарыда көрсетілгендей бұл екі ғалым қазақ сөзінің екінші компонентін "саг" деп алады да, "саг", "заг"-қа өзгерген дейді. Осы бір тілдік зерттеуден соң "қазақ" сөзінің кескінін төмендегідей белгілейді:

қаз **аз, хаз**
каз+сак
каз+зак каз /з/ак
казак

Зерттеушінің екеуі де "қазақ" сөзіне лингвистикалық тұрғыдан талдау жасаған. Бірақ авторлар тіл заңдылығының қызығына түсіп, механикалық зерттеулерге түсіп кете жаздаған. Мұндай зерттеу тіл теориясы, тіл заңдылығы тұрғысында дұрыс та болуы мүмкін. Бірақ шынында "қазақ" сөзінің тарихын дыбысталумен мағынаға көп байланысудың негізі жоқ. Біздіңше, бәрінен бұрын, қазақ сөзінің түп төркінін сол сөздің өзіндік дыбысталуы түрінде қарастырылса лингвистикалық тұрғыдан да дұрыс болар еді.

"Қазақ" атауы туралы В.И.Абаев та "еркін", "ауылы бар", "жалдама жұмысшы", "жұртсыз", "жауынгер", "қарақшы", ру-тайпа аты сияқты - белгілі мағынасын берген соң нақ сол сөздің Кавказда пайда болған "кақарман", "жүректі", "қызу қанды" сияқты мағыналарына назар аударған. Қазақ сөзінің "қаһарман", "қызу қанды" мағынасының пайда болуы сол тайпаның табиғатымен байланысты екендігі шүбәсіз.

Тарихта әділет үшін және басқа да тарихи себептерге байланысты ат үстінде соғысқан белгілі бір тайпалар одағы, халықтың батырлық, жауынгерлік қасиетке ие болғандығы белгілі. Басқа халықтар олардың бұл қасиетін бағалап жауынгер, батырларға қазақ деген ат берген.

Кейбір ғалымдар орыс қазақтарымен талас болып отырған атау жөнінде белгілі мағыналарды санамалап көрсетеді[52]. Осы тәрізді зерттеулер "қазақ" сөзінің түп негізгі мәселелерін және этимологиясын айқындауға септігін тигізеді. Бұл сияқты зерттеудің бірі - В.Г.Гаджиевтің еңбегі. Ол

51 *С.Е.Малов*. Памятники древнетюркской письменности. М., Л., 1951. 32 бет.

52 *Л.Б.Заседателева* "Терские казаки" М. 1974, 19 бет.

XVIII ғасыр авторлары атақты И.Гербердің еңбегі туралы жазған монографиясында[53], "қазақ" сөзіне тоқталған. И.Герб еңбегі Кавказ халықтарының әлеуметтік, экономикалық, саяси өмірінен қызықты материалдар берген. Автор "қазақтар жайындағы" бөлігінде Терски және Гребен қазақтары туралы сөз таластырады. Бұл шығарма туралы монография жазған. В.Г. Гаджиев тиісті жерінде "қазақ" атауына байланысты белгілі мағыналарды санап көрсетеді.

"Қазақ" атауы туралы М.Бақарлы[54], Р. Йузбашев, марқұм Әли Әлиев т.б. да жазған. Олар Әзербайжанда Газаг атты қала және аудан болғандығын, бұл қаланың тарихи орта ғасырға барып тірелетіндігін көрсеткен. М.Бahарлы "қазақ" атауын "гачаг" /қашқын, қарақша/ сөзімен байланыстырады. Ә.Әлиев бұл пікірді дәлелді түрде теріске шығарды[55]. Бұған дейінгі айтылғандарға көңіл аударсақ, зерттеушілердің барлығы да бұл сөздің бұрыннан бар "жұртсыз", "үйсіз", "жұмыссыз", "жеңіл қарулы сарбаз", "қарақшы", "жалданған атты жауынгер" деген мағынасын бергендігін анық аңғарамыз. Кейбір зерттеушілер "қазақты" газ-аг, яғни аққаз десе, ал А.Т.Қайдаров пен Е.Койшыбаев бұл сөз - атауын "аз" және "саг" этнонимдері құрамынан тұратындығын көрсетеді. Біз жоғарыда ескерткендей, "қазақ" сөзінің бұл арада көрсетілген мағыналарынан осы атау кейінен тарихи-әлеуметтік жағдайларға байланысты ие болған. Біздіңше, бұл атаудың алғашқы мағынасы басқаша болған. Зерттеушілердің басым көпшілігі "қазақ" сөзін XVIII ғасырда, кейбіреулер, X-XI ғасырда пайда болған деген пікірлерін кесе көлденең тартады. Бұл мәселеге байланысты пікірлерімізді дәлелдемес бұрын, біздіңше, қазақ "қаз" және "ақ", "аг" // "ағ" компоненттерінен құралғандығын ескертпекшіміз. Бұл құрамдағы "қаз" кейбір ұқсас- тықпен, сондай-ақ кейде кішігірім фонетикалық өзгешелікпен бұдан бұрынғы ескерткіштерде кездеседі. Краснодар өлкесінің Минусин ауданынан табылған ескі түрік жазба ескерткіштерінде "Газан" - газған сөзі жер аты ретінде көрсетілген[56]. Бұл ескерткіштің жазылу тарихи өте ертеде болса керек. Мамандардың айтуына қарағанда, ол IX ғасырдан бұрын жазылған. /Газан / Qazaq/ сөзін газ /qaz және ан/ ап компонеттеріне бөлуге болады. Оның этимологиясын кейінірек талдаймыз.

Әзербайжанмен біртұтас Албанияда және оған іргелес жерлерде біздің заманымыздың бас кезінде газа - "газ" фонетикалық құрамында кездеседі.

---

53 *В.Г.Гаджиев* Сочинение И.Гербера. "Описание страны народов между Астрахань и рекой курой находшихся", М., 1979.

54 *М.Г.Валиев /Бахарлы/* "Азербайжан", Бакы, 1921, 32 бет.

55 *Є.Єлиев.* Азербайжанның гєрб райондарының топонимиясы қолжазбасы. 1975, 100 бет.

56 Древнетюркский словарь, Л., 1969, 439 бет.

водные формы, образованные от *канг/қаң*. Надо полагать, что в каждом случае мы имеем дело с конкретными словообразующими грамматическими формантами и лексическими элементами, которые по своему происхождению являются как собственно тюркскими, так и нетюркскими.

Некоторые из этих этнотопонимов, относящихся к *канг/қаң*, учеными этимологизируются на тюркской основе. Так, по мнению Маркварта, этноним *Кангар*, известный по византийским источникам, восходит к *Қаң-ері* (т. е. люди с реки Кан) или к *Қаң-ғар* (люди, народ, обитающий у реки Кан); он образован по типу модели *тохар, болгар*. Или: этноним *кенгерес*, встречающийся в орхоно-енисейских памятниках VIII в. как название населения близ р. Сырдарьи, К.Менгесом рассматривается как двухкомпонентный, где *кенг* – река, *ерес* – аффикс, выражающий множественность, т. е. «люди у реки Канг»[24]. Можно было бы представить этот формант в виде самостоятельной лексемы *ерес<арас*, которая в казахском варианте *(арыс)* выражает «отделение, подразделение этнического целого» (төрт арыс ел «народ из четырех подразделов»), придавая этнониму *кенгерес* значение «отделение, часть племени у реки Канг». Аналогичная попытка на тюркской основе предпринималась со стороны арабского историка Аль-Идриси, когда он этимологизировал этноним *Қангакиш: Қаң-ы-кіші* – люди с берегов реки Кан. С. Г. Кляшторный вслед за С.П.Толстовым этноним *канглы/қаңлы* пердпочитает объяснять как стяженную форму *қан-оғлы* «потомки, мужи, люди Канга», усматривая в последнем элементе этнический термин, встречающийся в орхоно-енисейских памятниках в значении «отец»[25], т. е. генеалогический предок кангюйцев.

Все разночтения и трактовки языковой природы различных производных форм, образованных от гомогенной основы *канг/қаң*, говорят о недостаточной их изученности. Они, по нашему глубокому убеждению, заслуживают специального исследования.

Таким образом, по историческим, географическим, а также археологическим данным и казахской родословной-шежре, пребывание древних *канглы/қаңлы* точно локализуется вдоль р. Сырдарьи, именовавшейся в древности *Канг/Кан/Қаң*, что дает основание рассматривать *канглы/қаңлы* как этнотопоним в связи с понятием «река». Производящая основа *канг/қаң* во всех производных этнотопонимических образованиях гомогенна. Наибольшей лингвистической аргументацией снабжена, на наш взгляд, этимологическая версия, рассматривающая *канглы/қаңлы*

24 Древнетюркский словарь, с. 419.

25 *Кляшторный С. Г.* Кангюйская этнотопонимика..., с. 54-63.

на тюркской основе как *канг/қаң+лы* в значении «люди, племена, обладающие рекой «Кан» или «племена – насельники водных бассейнов» и т. д.

АН КазССР институт языкознания.
Тюркская ономастика, 1984. с. 34-47

Қаңлы

Қаңлы – ерте замандардан бері Қазақстанды мекендеп келе жатқан, қазақ халқының қалыптасуына негіз болған ірі де көне түркі тайпаларының бірі. Октябрь революциясына дейін Қаңлылар Қазақстанның оңтүстік облыстары мен Жетісу аймағын мекендеп, Ұлы жүз бірлестігінің құрамына кірді.

Қазақ шежіресі бойынша, Қаңлы Шыңғысханның замандасы *Майқы* биден таратылады. Майқыдан: Бақтияр, Қаңлы, Қырықжүз, Мыңжүз. Бұл шежірені орыс ғалымы Н. Аристов 19 ғ-да Ұлы жүз Ботпай руының биі Диқанбай батырдан жазып алған. Ал Южаковтың 1867 жылғы жазбасында Бақтиярдан бөлінеді. Бақтиярдан: Абақ, Тарақ, Қаңлы. Сырдария бойындағы Қаңлылар мен Жетісу өлкесіндегі Қаңлылар негізінен Қара Қаңлы Сары Қаңлы болып, екі арыс елге бөлінеді. Олар ұлы жүз Төбейдің немересі Байтеректен таратылады. Байтеректен Қаңлы, Қаңлыдан Қанкөжек, одан Келдібек, Келдібектің бірінші әйелі – Сары бәйбішеден Сары Қаңлы, екінші әйелі – хан қызынан Қара Қаңлы ұрпақтары тарайды. Сыр бойындағы Қаңлылар өздерін Сары Қаңлының 5 баласы (Ақбота, Ақынқожа, Телқожа, Омыртқа, Миям) мен Қара Қаңлының 6 баласынан (Тоғызбай, Онбай, Тоғанай, Бақа, Бадырақ, Қара) өрбіген әулет деп есептесе, Жетісу Қаңлылары өздерін Сары Қаңлының 5 баласы (Әлсейіт, Түрке, Шоқпар, Құйысқансыз, Шанышқылы) мен Қара Қаңлының 6 баласынан (Ерезен, Қаспан, Еңке, Танта, Оразымбет, Бақа) таратады. Шежіре деректерін салыстырып көрсек, Сыр бойы Қаңлыларының әулеттері Жетісу Қаңлыларының арғы аталары болып шығады. 1889 жылғы дерек бойынша, Қаңлылар Верный уезінде 300, Әулиеатада 350, Шымкентте 478, Ташкент уезінде 1650 түтін болған. Соңғы уезде Шанышқылымен қоса есептегенде 10 мың түтін. 1885 ж. *Құрама* 24 мың 400 түтін болған, соның 14 мың түтіні – Ұлы жүздің Қаңлы, Шанышқылы тайпасы.

15–16 ғ-да қазақ халқының құрамында үш этнографиялық топ – үш жүз (*Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз*) пайда болған кезде көне Қаңлы рутайпасының Қазақстан жерінде мекендейтіндері Ұлы жүздің құрамына енді де, олар негізінен өздерінің ата мекені Сырдарияның орта шенінен Ташкентке дейінгі аймақтарда тұрып қалды. Жоңғар басқыншылығы, яғни «Ақ табан шұбырынды, алқа көл сұлама» кезеңінде бірнеше Қаңлы

руы жауын қуа көшіп, Жетісу өңіріне (Алматы, Талдықорған облыстары) келіп, осында тұрақтап қалды. Қаңлылардың «сары» «қара», кейде «ақ», «қызыл» (кейінгісі Сары Қаңлы Телқожадан таратылады) болып бөлінуі, әрине, олардың түр-түсіне немесе аталарының есімдеріне байланысты емес. Ру-тайпа аттарында кездесе беретін бұл сын есімдер түркі тілдерінде сындық сипатпен қатар, «оң», «сол», «батыс», «шығыс» тәрізді географиялық ұғымдарды да аңғартқаны мәлім. Демек, Қаңлылардың «қара», «сары» болып бөлінуі олардың о бастағы қоныс-мекен ыңғайына қарай (мыс., қырғыздардың «оң қанат», «сол қанат» болып бөлінетіні сияқты) айтылып, кейін аталас екі арыс елдің рулық этнониміне айналған.

Тарихи-генеалогиялық зерттеулерде Қаңлылардың шығу тегі, олардың таралу өрісі, даму-өрбу кезеңдері, түркі халықтарының тарихындағы рөлі туралы талас пікірлер көп. Алайда Қаңлы тарихын зерттеушілердің көпшілігі-ақ қытай жылнамалары мен Авеста тарихынан белгілі б. з. б. 3–1 ғ-да Сыр бойы мен Қаратау алқабын мекендеген, өзінің дербес мемлекеті болған *Кангюй,* Кангха тайпалар бірлестігі мен одан кейінгі дәуірлерде де дәл сол өлкені қоныстанып, көрші түркі тайпаларының саяси-әлеуметтік өміріне әр кезде әр түрлі ықпал жасап келген Қаңлылар, сайып келгенде, бір тұтас этностық қауымның негізі екенін мойындайды. Басқаша айтқанда, сонау көне замандарда пайда болып, бүгінге дейін тарихта аты сақталып келе жатқан Кангюй мен Қаңлының шығу тегі (этногенезі) жағынан бір, тарихи дамуы жағынан бірінің бірі тікелей жалғасы, елдің аттары (этнонимі) түбірлес болып саналады. Осыған орай Кангюй Қаңлы этнонимдерін тарихи даму кезеңдеріне байланысты бірінің орнына бірін немесе қатар қолдана беруге болады.

Кангюй, Қаңлы этнонимдерінің этимологиясына байланысты айтылып жүрген пікірлерде әлі күнге дейін бір ізділік жоқ (Н.А.Аристов, А.Н.Бернштам т. б.). Ғылым дүниесіне көбірек таралған пікірдің бірі (Рашид ад-Дин, Әбілғазы т. б.) – Қаңлы атауы көне түркі тілдеріндегі арбаның атына («Қаң», «қаңлы») байланысты деген пікір. Бұл тарихи шындыққа онша жанаспайды. Қаңлы атауының тохар, сақ тілдеріндегі «тас» немесе «тон кигендер» мағынасындағы канк, канга сөздерімен де (Б. Пулейблянк) байланысы жоқ. Кангюй Қаңлы терминдерінің төркінін тек этнотопоним негізінде ғана анықтауға болады деген пікірді ғалымдар (Н. Ф. Катанов, А.Н.Бернштам, С. Г. Кляшторный, В. Мурзаев т. б.) көбірек қолдап жүр. Шынында да тарихи еңбектерде кездесетін түркі тайпаларының сан алуан этнонимдері мен топонимдерінің (мыс., Кан, Канга, Кангха, Кангу, Кэнгу, Кангар, Кангарас, Кенгерес, Кангакиш,

Кангадария, Кангадез т. б.) түбірлес болып келуі кездейсоқ нәрсе емес. Бұл аталған этнотопонимдердің түп төркінін бір деп қарағаң дұрыс. Тілдік, мағыналық жағын тексере келгенде, олар сонау санскрит, үнді-европа тілдерінде кеңінен тараған «өзен», «су», «канал», «өзен арнасы» т. б. мағыналарды білдіретін *кан* (түркі тілдері негізінде *қан, кең* болып қалыптасқан) сөзімен түбірлес екенін көрсетіп отыр. Бір заманда Сырдарияның орта шені Канга, Кангар болып аталуының тарихи сыры да, міне, осы «өзен», «су», «су арнасы», «канал» мағынасындағы жалпы есім – қан (<кан) сөзімен тікелей байланысты. Тарихи даму барысында бұл сөз алдымен Сырдың көне ресми атына (топониміне), одан кейін сол өзеннің бойын мекен еткен этностық қауымның елдік атына (этнониміне), одан барып сол жердегі мемлекет, қала-қамал аттарына ауысуы ықтимал. Көне қытай деректерінде кездесетін кангюй (канцзюй) мемлекеті, Авестадағы Кангха елі, Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі Кэңү – Тарбан, Птолемейдің Қаңағайы, Фирдаусидың «Шахнама» дастанында айтылатын Тұран елінің астанасы – Каң Қаңлысы т. б сайып келгенде Қаң (<Кан) өзенінің атына және онымен түбірлес Кангюй, Қаңлы Кангар, Кенгерес, Хангакиш тәрізді этнонимдерге байланысты пайда болған. Сондықтан бұл этнонимдердің этимологиясын шешкенде олардың бір түбірден өрбіген, тектес екенін ескерген жөн. Мыс., византия деректеріндегі Кангар этнонимі, Маркварт пікіріне сүйеніп, Қаң+ері (яғни «Қаң өзенінің адамдары») немесе Қаң+ғар («Қаң бойындағы ел», болғар, тохор тәрізді) деп түсіндірілсе, орхон жазуындағы Кенгерес (8 ғ-да Сыр бойын мекендеген тайпа атын) этнонимін, К. Менгес Кең+ерес («Қаң бойындағы арыс ел», «Қаңлықтар») деп топшылап, мұндағы -ерес(-арас) формантын көне түркі тайпа тілдеріндегі көптікті, қауымды, бірлестікті білдіретін қосарлы жалғау дейді. Мұны қазақ тіліндегі (алты арыс ел дегендегі) арыс сөзімен де жақындастыруға болатын тәрізді. Араб деректеріндегі Хангакиш этнонимі де (әл-Идриси) Қаң өзеніне байланысты Қан+ы+кіші «Қаң кісісі») деп түсіндіріліп жүр.

Қаңлы этнонимі де Қаң (<Қан) топониміне тікелей байланысты. Оны С.П.Толстов Сыр бойындағы печенегтер мен қыпшақтардың тоғысуынан пайда болған Кангар, Кенгерес этнонимдерінің өзгерген варианты деп қараса, С. Г. Кляшторный печенег-оғыздардың Сыр мен Арал жағасындағы жерін қышпақ-қимақ тайпаларының жаулап алуына байланысты шыққан деп есептейді. Осыған орай олар Қаңлы этнонимі қан+оғлы (>қан–ұлы>қаң+лы) сөздерінің негізінде қысқарып барып жасалған деп жорамалдайды, яғни қан түбірін этностың аты деп қарайды. Қаңлы этнонимінің қалыптасу дәуірі жоғарыдағы тарихи себептерге байланысты болуы да мүмкін. Бірақ Қаңлы тіл заңдылығы тұрғысынан Қаңғар мен Кенгерестен келіп шығуы мүмкін емес. Қаңлыларды этнос

ретінде Сыр бойының негізгі тұрғыны, бағы замандардан бері жасап келе жатқан бұл өлкенің абориген тайпаларының бірі деп қараған жөн. Осы негізде Қаңлы (кейбір тілдерде Қаңны, Қаңды) Қаң өзенінің атына «-лы» жұрнағын («лық» формасының қыпшақ тобына тән вариантын) жалғау арқылы жасалып, «Қаң бойындағылар», «Қаң өзенін мекендеушілер» немесе «өзенді ел» деген ұғымды аңғартқан.

Тарихи-этнографиялық, археологиялық тілдік деректерге сүйеніп, Кангюй-Қаңгха-Қаңлы топонимдерінің негізін қалаушы бір этностық қауым біреу деп қарайтын болсақ, Қаңлы тарихының бағы замандардан басталатыны сөзсіз. Қытай жылнамалары мен саяхатшыларының қалдырған деректерінде б. з. б. 3–1 ғ-да Кангюй мемлекеті болған деп көрсетіледі. Ал шындығында бұл дәуір Кангюй мемлекетінің кемеліне келген, өзін көрші елдерге таныта білген, тіпті Қытай мемлекетіне арнайы елші жіберіп, қарым-қатынас жасап тұрған дәуірі еді. Тарихшылар Кангюйді Кушаннан кейінгі ірі мемлекет еді және ол халқының жартылай отырықшы, жартылай көпшелі болуына байланысты қалалар салын, өрісін де кең жайған ел еді деп көрсетеді. Оның ата мекені Қаратау алқаптары мен Сырдың орта шенінен басталып, жоғарғы саласындағы Шаш өлкесінің көгалды ойпаттарына дейін барған. Олар қыста Сырдың төменгі бойындағы ықтырма қыстауларына, жазда Арыс, Талас, Шу, тіпті жеті күндік Сарысу бойындағы шөбі шүйгін жайылымдарына көшіп баратын болған (Ә.Марғұлан). Қытай деректерінде (Чжан-цянь, Цянь-хань-шу т. б.) Кангюй мемлекетінің орталығы Даваннан (Ферғанадан) 1510 *ли* қашықтықтағы Битянь Қаңлысы деп көрсетілсе, археологиялық деректер негізінде (К. Ақышев т. б.) Кангюй – Қаңлының 1 ғ-дағы саяси орталығы Отырар (Фараб), яғни Орхон ескерткіштеріндегі Кәнгу – Тарбан (С. Г. Кляшторный) болып есептеледі. Кейбір ғалымдардың (Б.Ғ.Ғафуров) Кангюй – Қаңлы ұлықтарының ордасы Шаш (Ташкент) маңында болды деуі де шындыққа жанасады. Сөйтіп, Кангюй мемлекетінің бір замандағы территориясы, оған бағынышты болған бес иелікті (қытай деректері бойынша Сусе, Фуму, Юенн, Ги, Юегянь, – бұлардың қай жер екендігі әлі дәл анықталған жоқ) қоса есептегенде, А. Н. Бернштамның топшылауы бойынша, Шаш түбінен басталып, сонау Хорезм жері Арал жағалауларына дейін 800–900 *км*-ге (яғни 1650 *ли)* созылып жатқан Сырдың екі жақ өңірін түгел қамтыған. Н. Я. Бичурин жинаған деректер бойынша, б. з. б. 1 б. з. 3 ғ-ында, 120 мың кангюй түтінінде 600 мың адам болған, олар 90 мың әскер, 120 мың атты әскер ұстаған.

Кангюй-Қаңлылардың шығысындағы көршісі – Шу өзенінен Тянь-Шаньның шығыс сілемдеріне дейін, Балқаш көлінен Ыстықкөлдің жағалауына дейінгі жерді алып жатқан Жетісу өлкесін мекендеуші Үйсін тайпасы болса, солтүстік-батысында – Арал теңізі бойындағы (яғни «биік

жары жоқ, жағасы жайдақ үлкен көлдің жағалауындағы») Сармат-Аландар (яньцайлар), оңтүстігінде – Хорезм, оңтүстік-шығысында Даван (Ферғана), Кан (Соғды) деп көрсетіледі. Тарихи деректерге қарағанда, Қаңлылар қабырғасы биік дуалдан соғылған үйлерде тұрған, зороастризм діни ұғымына ғибадат қылып, Күнге, Айға, хайуанаттарға табынған, өлген адамдарының басын батысқа қаратып жерлеген (Б. А. Литвинский, Г. В. Григорьев). Антропологиялық ерекшеліктері жағынан олар *Андронов мәдениеті* дәуірінің адамдары тұрпаттас, өңі аққұба сары, көзі көкшіл болып келген. Кангюй-Қаңлыларда қол өнері, ғимарат т. б. мәдениеттің дамығандығын Қауыншы – жун молаларынан, Отырар қаласының төменгі археологиялық қабатынан т. б. жерлерден табылған заттар толық дәлелдейді. Қытай саяхатшылары Кангюй-Қаңлылардың әдет-ғұрпы аландарға, тілі үйсіндерге жақын еді деп көрсетеді. Кангюйлерде ертеде жазу-сызу дәстүрі де болған, олар айыпкерлерді жазалау үшін хаи сарайында сақталатын заңдар жинағына сүйеніп отырған (Я. Бичурин). Бірақ бұл жазудың нұсқалары тарихта сақталмаған.

Кангюй-Қаңлылар өзінің ұзақ тарихи даму барысында көптеген рутайпалармен, этностық қауымдармен араласып, тығыз қарым-қатынас жасап келген. Солардың бірі – қазақ жерін өте ерте замандарда мекендеген *сақтар*. Олар Кангюй-Қаңлы, Үйсін, Арғын тәрізді көне түркі тайпаларының қалыптасуына әсер етті. Осы орайда «қазақ» этнонимінде «сақ» компонентінің болуы тарихи тұрғыдан даусыз нәрсе. Кангюй-Қаңлылар Сырдың үстін басып, 1 ғ-дан бастап батысқа қоныс аударып, шұбыра көшкен ғұндармен, Амудария алқабы мен Арал жағалауын жайлаған Оғыз тайпаларымен, Алансарматтармен, хазарлармен, соғдылармен, ежелгі көршісі – үйсіндермен, осы өлкені жаулап алып, бірінен кейін бірі мекендеген эвталиттермен («ақ ғұндар», 5–6 ғ.), *Батыс түрік* қағандығындағы тайпалармен (6–7 ғ.). арабтармен (8–9 ғ.), Қарахан мемлекетінің түркі тайпаларымен (11–12 ғ.), қыпшақтармен (9 ғ-дан кейін), монғолдармен (13–14 ғ.) т. б. этностық қауымдармен де жіті араласып келген. Бұл жағдай олардың мәдени-әлеуметтік өміріне, тіліне әсер етпей тұра алмады. Әсіресе бұл факторлар Кангюй-Қаңлылардың этностық компоненті жағынан өзгеріп отыруына себепші болды. Мыс., Қаңлылармен сонау 9 ғ-дан бері аралас-құралас бірге тұрып, біте қайнасып кеткен түркі тайпаларының бірі – *қыпшақтар*. Ертіс жағалауларынан Дешті Қыпшақтың жалпақ даласын басып, Сырдария бойына, Арал теңізінің солтүстік-батысына, одан әрі Шығыс Русь жеріне тарап, қоныстана бастаған қалың қыпшақ елі Шыңғысхан жорығынан бұрын да (9–12 ғ.), кейін де (13–16 ғ.) осы өлкелердегі байырғы түркі тайпаларының, оның ішінде Қаңлылардың саяси-әлеуметтік өміріне, мәдениетіне, этнолингвистикалық процесіне үлкен ықпал жасады. Қыпшақтардың үстемдігінің күшеюіне байланысты 9 ғ-дан кейін Қаңлы

тайпасы өзінің бұрынғы дербестігін жоғалтып, Қыпшақ тайпалар бірлестігінің құрамына енді. Сондықтан осы дәуірдегі араб-иран тарихшыларының еңбектерінде Қаңлы Қыпшақ этнонимдері көбінесе синоним ретінде қолданылып келді (С.Г.Кляшторный). Қаңлы, Қыпшақ тілдерінің ортақ ерекшеліктері осы дәуірде қалыптасқаны сөзсіз. Осыған орай түркі тілдер жүйесінде қалыптасқан «қыпшақ тобына» негіз болған компоненттің бірі Қыпшақ тайпаларының көне тілі болса, екіншісі – Қаңлы тайпасының көне тілі. Бұған бір дәлел 14 ғ-да көне қыпшақ тілі негізінде әлемге белгілі «Кодекс Куманикус» сөздігі жасалса, дәл сол дәуірде көне қаңлы тілі негізінде «Қаңлы тілінің сөздігі» (арабша «Тиббийун әл-луғат ат-турки әла-лисан әл-кангли») жасалған. Түрік ғалымы М. Ф. Көпрүлүнің мәліметіне қарағанда, сөздіктің авторы – хорезмшах дәуіріндегі Рей оғыздарынан шыққан филолог-ғалым Мұһаммед бин Кайс (толық аты Шемс-ад-дин Муһаммед ибн Кайс ар-Рази). Қаңлылар тек қазақ халқының ғана емес, сондай-ақ басқа түркі халықтарының қалыптасу процесіне де тікелей араласқан. Қаңлы элементі қазірде жеке ру немесе этностық топ ретінде қырғыз, қарақалпақ, өзбек, түрікмен, башқұрт, алтай, якут, ноғай халықтарының генеологиялық құрамынан да кездеседі. Қаңлылардың осылайша кең тарауы әр түрлі тарихи, географиялық, демографиялық, миграциялық жағдайларға байланысты. Мысалы, башқұрт халқының этностық құрамындағы қаңлылар, тарихшылардың пікірі бойынша (Р.Г.Кузеев), бұл өлкеге Шыңғысханның Қазақстан жерін жаулап алуына байланысты «қыпшақ миграциялық толқынымен» 13 ғ-да келген. Башқұртстанның Бурзян ауданындағы Қаңлы-Түркәй деген шағын қала да осы Қаңлылардың келуіне байланысты пайда болған топоним. Шежірелерде айтылатын 92 баулы өзбектің белді руының бірі Қаңлы болған. Бірақ бұлар өзбек халқының этностық құрамына Қыпшақ, Қоңырат, Найман, Қатаған тәрізді кейіннен қосылған ру-тайпалардай емес, бұл өлкеде көне заманнан бері жасап келе жатқан аборигендер болып саналады. Өйткені тарихшы Бенаидің «Шайбанинама» атты еңбегінде Әбілхайыр ханның немересі Шайбани ханды қолдап, 15 ғ-да Дешті Қыпшақтан Орта Азияға (қазіргі өзбек жеріне) қоныс аударған 40 рудың ішінде Қаңлы аталмайды (С. Ибрагимов). Қаңлының Ташкент өңірінің отырықшы елі екенін, мәселен Ташкенттің өзіндегі, Сырдария облысы, Жизақ, Замин аудандарындағы Канги (<Канлы), Катта кангли, Кичик кангли тәрізді топонимдер (С. Караев), Ангрен өзендерінің төменгі құйылысындағы (Сырдың оң жағасында) Аққорғанның жанындағы Канга немесе Канка деп аталатын қаланың орны (Е. Смирнов) т. б. толық дәлелдейді. С. М. Абрамзон Қаңды (<Қаңлы), Қыпшақ т. б. рулардың қырғыз этносы негізінде қалыптасуы Шыңғысхан заманынан ертеректе, сонау Оңтүстік Алтай мен Ертіс жағалауында басталған деп тошпыласа, В.В.Бартольд

якут халқының этностық құрамындағы кангарастарды ерте замандардағы Кангюй-Қаңлылардан бөлініп, шығысқа қоныс аударған этностық топ деп қараса, Н. А. Аристов, Рашид ад-Дин т. б. тарихшылардың деректеріне сүйене отырып, Осман түріктерінің (салжұқтардың) арасындағы Қайы-Қаңлылар 11 ғ-да Сыр бойынан оғыздармен бірге кеткен Кангюй-Қаңлылар еді дейді. Ал П.В. Голубовский Сырдария бойындағы оғыздардан бөлініп, Киев Русінің жеріне қоныс аударған печенегтермен бірге қаңлылар да кеткен еді десе, оны, сірә, қазіргі Минеральные воды қаласынан шамамен 100 *км* жердегі Кума өзенінің бойында шағын Қаңлы қаласының сақталуы дәлелдесе керек. Сондай-ақ қарақалпақ (Т. А. Жданко), ноғай, түрікмендердің ішіндегі Қаңлы, Кенегес рулары (А. Сергеев), Шығыс Түркістан тұрғындарының этностық құрамындағы Қаң-қыпшақ (С. М. Абрамаон), 19 ғ-да Кавказдың Қалаусажембұлақ тайпасындағы үш рудың бірі болған Қаңлы [олардың жалпы саны 13 мың 639 адам (1894 ж.)] – осының бәрі көне заманнан бері тарихи-генеологиялық желісі үзілмей келе жатқан Кангюй-Қаңлы ру-тайпасының бүкіл Азия, Европа жеріне кең тарап, тамырын терең жайғандығының толық дәлелі бола алады. Кейбір тарихи деректерге қарағанда, 1219 ж. Шыңғысханның әскері Орта Азияны шауып, ойран салғанда, дұшпанның қорлығына шыдай алмай Қаңлының Қайыхан деген ханы қарамағындағы 50 мың үй Қаңлыны бастап, Рум (Византия) жеріне өтіп кетеді де, сонда қалып қояды. Шыңғысхан әулетінен шыққан Ғазанхан (Тебриздің ханы) Румға шабуыл жасап, оны бөлшектеген кезде Қайыханның шөбересі – Осман хан Қаңлы хандығының дербестігін сақтап қалды («Қазақ, қырғыз, түрік және хандар шежіресі», Орынбор, 1911, 92-6.). Халық арасында сақталған «Кәделі елде қаңлы бар, қаңлыдан хан сайла», «Қаңлы тұрғанда басқа хан болмайды» деген қанатты сөздер, сайып келгенде, қаңлы тайпасының осылайша кеңінен тарап, мұрагерлік, аталық дәстүрге ие болғандығын көрсетеді. 8 ғ-дағы Орхон жазуларында Түрік қағанатының билеп-төстеушілерін «қаң ата келті» деп дәріптесе, 11 ғ-да М. Қашғари «Қыпшақ тайпасының жақсы-жайсаң ұлықтары қаңлылар еді» деп жазады. Қаңлы тайпасының негізгі ұраны – Айрылмас, Бақтияр, Байтерек (қазақ шежіресі бойынша, ол Ұлы жүз Төбейдің немересі), таңбасы – / (шылбыр таңба, Ниязовтың айтуы бойынша Гродеков жазып алған), (таяқша, әліп таңба немесе көсеу таңба).

Әдеб.: Қазақ ССР тарихы, 1-т., А., 1958; *Аристов Н. А.,* Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности, «Живая старина», в. 3–4. СПБ, 1896, с. 351, 402; *Катанов Н.Ф.,* Этнический обзор турецко-татарских племён, Казань,

1894, с. 13; *Толстов С.П.,* По следам древнехорезмийской цивилизации, М.–Л., 1948, с. 145; его же, Древний Хорезм, М., 1948; *Бартольд В. В.,* К истории культурной жизни Туркестана, Л., 1927; *Якубовский А. Ю.,* К вопросу об этногенезе узбекского народа, Таш., 1941, с. 4; *Мурзаев Э.* и В., Словарь местных географических терминов, М., 1959; Кляшторный С. Г., Кангюйская этнотопонимика в орхонских текстах, «Советская этнография», 1951, № 3, с. 54–83; *Акишев К. А., Байпаков К. М., Ерзакович Л. Б.,* Древний Отрар, А.-А., 1972; Проникновение тюркских племён в. Малую Азию, М., 1894; *Гумилев Л. Н.,* Древние тюрки, М., 1969; *Голубовский П. В.,* Печенеги, тюрки и половцы до нашествия татар, К., 1884; *Гафуров Б. Г.,* Таджики, М., 1972.

ҚСЭ. Алматы, 1975. 6-т. 455-457 б.

Қаңлы тілі мен жазуы

«Адамзат қауымы бар жерде тіл бар да, тіл бар жерде қауым бар» деген қағида «тіл мен адам бірінсіз бірінің күні жоқ» дегенді аңғартады. Демек, бұл – «*Қаңлы қауымы болған жерде оның төл тілі де болды*» деген сөз.

«*Қаңлы тілі қандай тіл еді?*» деген сауалға дәл қазір нақтылы жауап беру қиын. Өйткені 25-30 ғасырлық тарихының сұлбасы ғана белгілі болып отырған бүгінгі қаңлылар осынша ғасыр бойы бір текті тілде ғана сөйледі ме, жоқ, әр тілде сөйледі ме, оны жан-жақты зерттеп алып айтпаса, үзілді-кесілді айта салу оңай болмаса керек. Себебі «*көне қаңлылар түркі тілдес тайпа еді*» деген пікірмен қатар «*көне қаңлылар сақтардың тікелей жалғасы, мұрагері еді, ал сақтар болса, иран тілдес тайпа болатын*» деген жобалар да бар.

Қаңлылардың шығу тегі мен тілі туралы Б.Ғ.Ғафуров:

«Этническая принадлежность кангюйцев вызывают споры ученых. Существует точка зрения, что они тюрки. Другие доказывают, что **кангюйцы** принадлежат к числу носителей *тохарских* языков. Вероятнее, однако, что они были ираноязычным народом, потомками и наследниками сырдарьинских саков»[1] деп жазады.

Қалай болғанда да, мемлекет салтанатын құрып отырған көне **қаңлы// кангюйлерді** түркі әлеміне қытай елшісі Цыма Цзянның алғаш паш еткен дәуірінде (б.д.д. II ғасырда) олар түркі тілдес тайпа болып саналған.

А.Н.Бернштам өзінің кангюй проблемасына бағышталған зерттеуінде біздің ғасырымыздың басындағы **қаңлы//кангюйлер** түркі тілдес тайпа болатын деп есептейді[2].

Қаңлы тілі туралы айтыс-тартысқа қатысы жоқ біз өз пікіріміз бойынша: **қаңлы** – барша түркі әлемінде Үйсін тайпасымен бірге шыққан терезесі тең,

1 *Гафуров Б.Г.* Таджики... М., 1972, С.137.

2 *А.Н.Бернштам.* Проблемы древней истории и этногенеза Южного Казахстана // ИАН КазССР. Сер. арх., вып. 2, 1949, С.94-95.

ең көне, әрі алғашқы түркі тілдес тайпалардың бірегейі. Бұл пікірді біз барша ғылыми жауапкершілікті мойнымызға ала отырып, зор сеніммен айта аламыз.

Қаңлы тілінде жазу дәстүрі де болған. Алайда қаңлы атымен сақталып, бүгінге жеткен жазба ескерткішінің сақталмауына байланысты оның бүгінгі жеке-дара түркі тілдерінің (оның жалпы саны 30 шақты) қайсысына жақын, қайсысынан алыс екендігін айту өте қиын. Ал қаңлы тілінде кезінде жазылған «**Заң ережелері**» (б.д.д. II ғасырда), «**Қаңлы тілінің сөздігі**» (XIV ғасыр) т.б. ресми жазба ескерткіштер тарихтың шаңына көміліп бізге жетпеген.

Біздің жобалауымыз бойынша: түркі әлеміне, соның ішінде әсіресе Алтай, Орталық, Орта Азия мен Қазақстан жерінде жасаған түркі тайпалардың бәріне ортақ Орхон, Енесей және Талас руникалық жазуында қалыптасқан түркі жазба әдеби тілі сол кезде (V-VII ғғ.) Батыс түркі қағанатының құзырында болған қаңлылардың да өз тілі болып саналса керек. Одан кейінгі дәуірлерде, әсіресе ұлан-ғайыр Еуразия жазығына қыпшақ қауымының үстемдігі жүріп, «қыпшақ тілдерінің қауымдастығына» енген тілдердің өзіндік белгілері мен ерекшеліктері айқындала бастаған дәуірде (X-XIII ғғ.) қаңлы тайпасының тілі де осы топтағы тілдердің бірі болып қалыптасқаны белгілі[3].

Қазақ халқы және оның жалпыхалықтық һәм жазба әдеби тілі қалыптасқанда **қаңлылар тілі** оған ұйытқы болған қыпшақ компоненті болып, іргесін қалауға қатысты.

Жазу – өркениетті елге айналған тайпа-ұлыстың, халықтың тіліне қажетті мәдени атрибут. Жазу бір халықта ерте, бір халықта кеш пайда болуы мүмкін. Адамзат қауымына тән жазу мәдениетінің тым ұзақ тарихы жазу-сызудың сан алуан түрлерін, оны қолданудың әдіс-тәсілдерін, материалын т.б. атрибуттарын, шығу төркінін, қалыптастыру дәуірлерін жақсы білген.

Адамзат қоғамының басқа өркениет саласын былай қойып, тек түркі әлемін ғана қарастырсақ, оның өзі де тасқа қашап, ойып жазатын, металл (алтын, күміс, қола, темір) бетіне сызып жазатын, қыш, күйдірген кірпіш бетіне батырып жазатын, иленген терінің бетіне тіліп, не бедерлеп жазатын, қайың қабығы – тозға кесіп жазатын, матаның бетіне кестелеп жазатын, қағаздың бетіне сызып, суреттеп, бейнелеп жазатын т.б. сан алуан жазудың түрлері мен тәсілдерін білген екен, өркениет деңгейіне қарай, әр алуан материалдарды да пайдаланған екен.

Қаңлы тайпасы да кезінде жазулардың біразын қолданған сияқты. Мәселен, б.д.д. II ғасырда Кангюй мемлекетіне барған қытай елшісі Цыма Цзян: «Патша Ордасында оның заңдары мен жарлықтары ілулі тұрады

3 *Кайдар А.* Казахский язык // История Казахстана в 5 т. т. 2, Алматы, 1997, С.4.

екен» деп жазады. Мемлекет болған жерде оның белгілі бір жазуды пайдалануы заңды, әрине. Бірақ ол қандай жазу еді? Бұл арасы беймәлім. Біздің жобалауымыз бойынша ол Есік қорғанынан табылған ханзада – «Алтын адам» қабырынан шыққан күміс ожау басына сызып (батырып) жазған сақ тайпасы қолданған руникалық жазуға ұқсас, не соның «Қаңлы варианты» болуы да мүмкін. Бұл – тек жорамал ғана, әрине.

VI-VII ғасырлардағы Батыс Түрік қағанатының тарихына қатысты Білге қағанға, Күлтегінге, Тоныкөкке т.б. тарихи тұлғаларға бағышталып тасқа қашап жазылған ескерткіштерге де қаңлы тайпасының тікелей қатысы бар деп білеміз. Өйткені оларда **қаңлының** аты, мекен-жайы аталады. Тіпті осы руникалық жазудың Талас бойынан табылған ескерткіштері сол кезде осы аймақта рухани-мәдени, әкімшілік жағынан үстемшілік жүргізген **қаңлы** тайпасына тән болуы да ғажап емес.

Демек, бұл қаңлы тайпасы VIII ғ. дейін, мүмкін одан кейін де, руникалық жазуды пайдаланды деген сөз.

Скиф-сақ петроглифтік жазу мен көне орхон-енесей жазулары бірінің бірі жалғасы, алдыңғысынан кейінгісі, ғұн руникалық бұлғар, хазар жазулары туындаған деген де жорамал бар. Мәселен, шумер, скиф, қазақтардың келіп шығуының көне тарихын зерттеуші Асан Бахти мырза оны бірер деректер келтіріп, былайша дәлелдегісі келеді. Ол:

«Согласно последним исследованиям, руническая письменность зародилась еще до нашей эры, возможно, в скифо-сакское время. В. III-V в. н.э. существовали два варианта руницческого письма – гунское и восточное, бытовавшие на территории Жетысу и Монголии. В VI-VII вв. на базе последнего развивается древнетюркская письменность, названная орхоно-енисейской. Гуннское руническое письмо послужило основой для развития булгарского и хазарского письма, а также письменности *кангаров* (т.е. канглинцев – Ә.Қ.) и кипчаков» – деп көрсетеді.[4]

Әрине, автордың көне скиф-сақ-түрік жазуы туралы көтеріп отыр- ған идеясының дұрыс-бұрыстығы туралы өз пікірімізді айтып, оны дәлелдеп жатуға дәл қазір мүмкіншілігіміз жоқ.

Біздің көздеген мақсатымыз – «көне қаңлылардың жеке не басқа тайпалармен ортақ жазуы болды ма, болса ол қандай жазу еді?» деген мәселе ғана. Бұл арада автордың «**қаңғар мен қыпшақ жазуы**» деп көрсетіп отырғаны, пайымдап қарасақ, – ғұн дәуіріндегі руникалық жазудың Оңтүстік өлкедегі талас варианты болса керек. «*Күлтегін*» ескерткішінде баяндалатын әскери жорықтың осы өлкеге бағышталған және сол кездерде жалпы **қаңлы** елінің жайғасқан жері, **Кангюй**

4 *Бахти А.* Шумеры, скифы, казахи. Алматы, Дом кочевников, 2002, С. 27.

мемлекетінің бір ордасы орналасқан **Қаңғу-Тарбанның** аталмыш ескерткіште аталуы қаңлылардың руникалық талас жазуына өз еншісінің барлығын көрсетсе керек.

VIII ғасырдан кейін Қазақстанның Оңтүстік өлкелеріне араб мәдениетінің, ислам дінінің жергілікті тұрғындардың қарсылықтарына қарамай кең тарап, етек ала бастауына байланысты кангюй мемлекетінде де араб жазуы біртіндеп болса да қолданыс таба бастайды. Араб жазуын үйретіп, ел арасына тарататын арнайы оқу орындарының болғаны туралы дерек көп кездеспейді. Дегенмен, қаңлылардың бұл кезде Кангха-Хорезм мемлекетінің құзырында болуына байланысты араб жазуы мәдениеттіліктің, сауаттылықтың бірден-бір құралы болып қалғаны даусыз.

«Одан кейінгі дәуірлерде де араб жазуы мемлекеттік деңгейде қолданысын жалғастырды» деп айтуға болады. XIII ғ. Қыпшақ тайпасының, XIV ғ. Қаңлы тайпасының тілдері бойынша араб жазуымен шығарылған сөздіктер осының айғағы. Ал одан кейінгі ғасырларда латын жазуымен шыққан «*Кодекс куманикус*» сөздігіне қарағанда, қыпшақ-қаңлы бір қауым ел болып отырғандықтан латын әліпбиін, ал әрмен қыпшақтар арасында болған қаңлылардың этникалық топтары осы жазуды пайдалануы да ықтимал. Кейінгі замандарды сөз етудің қажеті де жоқ.

Міне, сонымен ертеден мемлекет құрып, өз алдына ел болып өркендеген көне қаңлыларда өзінің түркі тілімен қатар бірнеше жазуы да болған деп айта аламыз.

«**Қаңлы тілінің сөздігі**» туралы бір ауыз сөз. Бұл араб жазуында XIV ғасырда жасалған сөздік.

Ең алдымен «**Қаңлы тілінің сөздігі**» қандай тарихи-әлеуметтік жағдайда дүниеге келді? - деген сауалға жауап беріп алған артық емес. Алтын Орда дәуірінде (XIII-XV ғасырлардың аяғына дейін) жер жүзіне әйгілі көптеген көркем шығармалар дүниеге келді: «*Қиссаси Йусуф*» (1233), Сәйфи Сарайдың «*Гүлістан бит-түрки*» (1391), Хусам Катибтың «*Жұмжұмасы*» (1369), Хорезмидің «*Мұхаббатнамасы*» (1353) т.б. «Бұл шығармалар қай тілде жазылды, Алтын Орда мемлекетінің тілі қандай тіл болды, оның құзырында жасаған қыпшақ, қаңлы, оғыз т.б. тайпалардың өз тілдері болды ма, болса олар қандай тіл еді?» деген сұрақтарға әлі күнге дейін дұрыс жауап берілген жоқ. Бір топ ғалымдар Алтын Орда мемлекеті бір-ақ мемлекеттік тілді пайдаланды, ол қыпшақ тілі болды десе[5],[1] Э.Н.Наджип: «Осы дәуірде Алтын Орда территориясында, онымен одақтас Египетте туған әдеби ескерткіштер қазіргі татар, қырым татарлары, башқұрт, өзбек, қазақ, түркімен, әзірбайжандардың ата-бабаларының ортақ мұрасы» дей келіп, олар оғыз-қыпшақ негізінде қалыптасқан **аралас тілде** жазылған» деп тұжырады. Хорезмидің «Мұхаббатнамасы» таза өзбек халқының мұрасы деп санайды автор.

5*А.Қыраубаева.* Хорезми. «Махаббатнама». Алматы, 1985, 4 б.

«Алтын Орда мемлекетінің құзырында болған қыпшақ, қаңлы, үйсін тәрізді ірі-ірі тайпалар тілдерінің тағдыры не болған еді?» деген заңды сауал туады. Ғалымдардың пікірі бойынша: XIII ғасырдан кейін Орта Азия халықтарына ортақ жазба әдеби тіл қалыптасты. Оны «*шағатай әдеби тілі*» деп атады. Жоғарыдағы шығармалардың біразы осы тілде жазылды. Алайда, сонымен қатар Дешті Қыпшақта ірі-ірі жеке тайпалардың (қыпшақ, қаңлы, үйсін, қарлық т.б.) ол тілден сәл ерекшелеу өз тілдері қалыптасты. Олар «жергілікті (локальды) әдеби тілдер» деп аталды.

Қыпшақ тілі мен қаңлы тілінде жарияланған (XIV ғ.) – «*Кодекс куманикус*», «*Қаңлы тілінің сөздігі*» деп аталатын сөздіктер – міне, осы дәуірдің жемісі. Бұл тілдер ол дәуірде тайпа тілдері болып қалыптасқан еді.

Қаңлы тілінің сөздігі – араб нұсқасындағы атауы: **«Тәббийүн әл-луғат ат-түрки әл-лисан әл-қангли»** – түрік ғалымы проф. М.Ф.Көпрүлүнің мағлұматы бойынша: сөздіктің авторы – Хорезмшах кезіндегі Рей оғыздарынан шыққан филолог-ғалым **Мұхаммед ибн-Кайс** (толық түрі – Шемс-ад-дин Мухаммед ибн Кайс әр-Рази). Бұл автордың «Үлкен кітап» деп аталған тағы бір еңбегі барлығы айтылады[6].

Бұл еңбек туралы пікір айтқан түрікмен ғалымы проф. З.Б.Мухамедова Мухаммед ибн Каис әр-Разиді иран ғалымдары **Феркенг-и Мухаммед ибн-Кайс** деп те атайтынын ескертеді[7].

Өкініштісі, қаңлы тарихы үшін аса қымбат, әрі қажетті бұл сөздік тек жарияланған қолжазбалар тізімінде ғана сақталып, түпнұсқасы әлі күнге дейін табылмай отыр. Ол кезінде Еуропа ғалым-жиһангерлерінің Орта Азиядан қаптап-қапшықтап тасып әкеткен сан алуан қолжазбаларының арасында Батыс елдерінің мұрағат, музейлерінің бірінде шаң басып жатуы да мүмкін. Ал, оны бүгінге дейін ізіне түсіп, іздеген қазақ, қаңлы азаматы әлі бола қойған жоқ. Ал, бұл сөздіктің түпнұсқасы табыла қалған күнде қазақ тілінің XIII-XIV ғғ. даму кезеңінің тағы бір беттері айқындала түскен болар еді.

«Қаңлы тіліне Талас өзенінің бойынан табылған тас жазулардың қатысы бар ма?» деген сауал түрколог ғалымдарды көптен бері ойластыруда. Мәселен, А.Н.Бернштам кезінде: «В китайских источниках говориться, что на р. Талас в то время жило племя **канглы** и что **қаңлы** пользовались старотюркской письменностью... Следовательно талласская письменность беспорно принадлежит **канглинцам**» – деп көрсетеді[8].

Тағы кейбір пікірлер жөнінде орысша жазылған ойымызды да келтіре кетейік.

6 *Köprülü M.F.* Horezm Kahlar devrinde bir Türk filologu Muhammed bin Kays ve eseri // Türk edebiyati haksinda arastirmalar. Istambul, 1934.

7 *Мухамедова З.Б.* Исследования по истории туркменского языка XI-XIV вв. Ашхабад, 1973, С.14.

8 *Бернштам А.Н.* // СЭ., т.VI. XII, 1947, С.9.

При всей спорности происхождения и проблематичности территориальной локализации древнетюркской рунической письменности, существует и мнение о том, что она возникла первоначально на территории Казахстана. Так, например, известный тюрколог А.М.Щербак считает, что эта письменность возникла «где-то в районе Таласа, в результате заимствования или преобразования какого-то другого алфавита и распространилась оттуда в двух противоположных направлениях: на Восток (орхонское, енисейское и другие виды письма) и на Запад (печенежские руны)»[9]. Г.Г.Мусабаев настаивают на признании автохтонности древнетюркской письменности и ее широком бытовании в древнем Семиречьи[10]. По мнению А.С.Аманжолова тюркский рунический алфавит возник в Южной Сибири и Казахстане не позже середины I тыс.до н.э., что также согласуется с археологическими данными о глубоких культурных связях ранних кочевников Южной Сибири и Казахстана с населением Средней Азии в – тыс. до н.э.[11]. О том, что прородиной тюркского рунического письма являются регионы Таласской долины Семиречья и Южной Сибири свидетельствует наличие большого количества рунических, эпиграфических, петроглифических находок именно из этих регионов[12]. Богатая коллекция эпиграфических и петрографических надписей и изображений на скалах, волунах, на различных предметах (глиняной посуде, изделиях из металла, камня, кости, керамики и т.д.), которая постоянно пополняется новыми находками (ср. например, надпись на серебряной чашке в захоронении сакского воина – «Золотого человека» в Иссыкском кургане и др.), говорит в пользу того, что Казахстан и прилегающие к нему регионы находятся как бы в центре древнейшей цивилизации кочевого общества тюрков со свойственной ему письменной культурой. На этой же территории обнаруживаются не только древнетюркские и древнеуйгурские, но и сиро-тюркские, санскритские, тибетские, арабские, калмыцкие, нестроианские и др. надписи, которые говорят об исторических контактах разных этнолингвистических союзов и объединений и взаимодействиях их культур и традиций[13]. В этом отношении

9 *Щербак А.М.* Знаки на керамике и кирпичах из Саркела-Белой вежи (к вопросу о языке и письменности печенгов): Материалы и исследования по археологии СССР, №75 // ТДВАЭ. М.-Л., 1959. С. 388.

10 *Мусабаев Г.Г.* Некоторые итоги эпиграфической экспедиции Института языкознания АН КазССР // Эпиграфика Казахстана. Алма-Ата, 1971. Вып. I. С.19.

11 *Аманжолов А.С.* Материалы и исследования по истории древнетюркской письменности // АДД, Алма-Ата, 1975, С. 68.

12 *Бернштам А.Н.* Новые эпиграфические находки из Семиречья // ЭВ. II. 1948, С.112; *Малов С.Е.* Таласские эпиграфические памятники // Материалы Узкомметариса. М.-Л., 1936, вып. 6-7, С.27; *Батманов И.А.* Таласские памятники древнетюркской письменности. Фрунзе, 1971; Эпиграфика Казахстана, Алма-Ата, 1971. Вып. I; *Джумагулов Ч.* Эпиграфика Кригизии. Фрунзе, 1963. Вып. 2. 1982. Вып. I; 1987. Вып. 3 и др.

13 *Тенишев Э.Р.* Древнеуйгурские надписи Киргизии // Народы Азии и Африки. М., 1963,

уникальным считается намогильные камни-кайраки с сиро-тюркскими эпитафиями Средней Азии. Известный русский ученый В.П.Коковцев в свое время писал: «... эти изображения имеют несомненный интерес, как редкие, если вообще не единственно известные до сих пор, бессорно-подлинные образцы религиозного искусства и религиозной символики среднеазиатских христиан, по национальности тюрков, за период от появления христианства в этих странах до конца XIV в.»[14].

От Алтая через всю полосу Казахстана и Киргизии за пределы Черноморских степей проходят беспрерывная линия каменных извояний, типология, хронология и семантика которых полностью еще не раскрыты[15]. Однако ученые полагают, что выделение локальных групп этих каменных изображений позволит не только отождествить их с конкретными тюркскими племенами в далеком прошлом, но и проследить их генетическую общность и преемственности традиции. Часть этих изваяний, естественно, связана с погребальными традициями, строительством храмовых комплексов. В этом отношении несомненный интерес представляет определение местонахождения большого количества каменных изваяний на территории Казахстана, Киргизии и др. и заниматься их локализацией в отношении к тому или иному племени, участвовавшем в образовании казахской народности.

«Қаңлы тілінде дүниеге келген және сақталып, бізге жеткен жазба ескерткіштер бар ма?» деген сауалға ашық жауап беру қиын. Бірақ «мүмкін», «ықтимал» деген ескертпелермен айтылып, жазылып жүрген жобалаулар менен жорамалдаулар баршылық. Осыған орай, қызылордалық ғалым, проф. Әнес Жақыповтың қаңлыға қатысты мына бір қызық әңгімесіне назар аударайық. Мәселен, автор кітабының **«Тарихқа тұрақ болған Естек құмы»** атты тарауында: Шаған кеңшарынан 100 шақырымдай жердегі Естек құмының шет жағындағы бір мазарда алебастр сияқты берік қоспадан құйылған биіктігі 125 см ені 26 см адам мүсіні тәрізді баданаға жазылған жазу туралы айта келіп, оны **«қаңлы жазуы»** деп жобалайды[16]. Оны ертеректе көріп, сипаттаған проф. Ғ.Ғ.Мұсабаев куфи жазуына жатқызады[17].

Бұл жазудың қаңлы тайпасына тән екендігі жөнінде автордың өзіндік дәлелі де жоқ емес. Автор ойын толық келтірейік:

«Осы белгілердің бәрі – Естек ескерткіші»; ол б.з. дейінгі III-I ғасыр ларда Сыр мен Қаратау алабын, б.з. V-VIII ғ. Әму мен Сыр аралығын мекен еткен, өзінің дербес мемлекеті болған **Кангюй/Қаңқа (Кангха)** тайпа-

1, С.146-149.

14 *Коковцев В.П.* Несколько новых надгробных камней с христианосирийскими надгробиями из Средней Азии // Изв. Импер. Академии Наук. 1907. Вып.12. С. 428.

15 *Дашкевич Я.Р., Трыярский Э.* Каменные бабы причерноморских степей. Варшава, 1982

16 *Жақыпов Ә.* Байырғы атаулар айтқан сыр. Қызылорда. 1993. 23-б.

17 *Мусабаев Г.Г.* Древности Казахстана. Алма-Ата, 1975. С.100.

лар бірлестігінің ескерткіші, ондағы жазу – сол *Кангюй // Қаңлы* жазуы болуы да ықтимал. Демек, куфик жазуы деп жүргеніміздің өзі Қаңлы жазуының кейін өзгертілген, жаңартылған түрі болуы мүмкін.

«Чжан-Цзяннның айтуынша, қаңлының өз жазуы болған екен, ол жазуымен жазылған жарғылары хан сарайларында сақталып, қылмыс керлерді жазалауға қолданған... Қаңлы тілін анықтайтын жарғы бізге келіп жетпеген; Әбу-Райхан Бируни Хорезм (ертедегі Кангюй-Хорезм) жерінде жазу бар еді, ол жазуды, оны білетін адамды Күтейбе ибн Муслим (араб қолбасшысы, 704 ж. Орта Азияға келіп, 716 ж. өлген) құртып жіберді» деп жазып кеткен. Оны «соғда жазуы» дейтіндер де бар. Бірақ осы жазудың сілемін біз көне Артұқ қаласынан табылған кірпіштегі «Сырдария ескерткішінен» көреміз. (Ол археологиялық мұражайда сақталады).

«Ол жазудың соңында қаңлы таңбасы «шылбыр таңба», «көсеу таңба» екендігін көрсететін белгі бар» – деп жазады автор.

«**Естек ескерткішіндегі**» жазу – қаңлы, оның ішінде қара қаңлының жазуы екендігін аңғартады. Өйткені ескерткіштегі Күн бейнесінен кейінгі түскен 6 тік кертпеш сызық – қара қаңлыдан тараған 6 арыс елдің атасы атанған 6 кісінің есеп санына тура келсе, ескерткіштің төрт бетінде қатар аққан екі өзеннің бейнеленуі – Әмудария мен Сырдарияның аралығы олардың атамекені болғандығының айғағы іспеттес. Ал, бейіт басының Батысқа қарауы және оның оңаша өзге бейіттерден бөлек қалуы, ескерткішке Күн мен арыстан бейнесінің салынуы т.т. ою-өрнектермен безендірілуі жерленген адамның зароастризм (қос құдайшылдық) діни ұғымына, Күн (мейірімді құдай) мен Арыстанға (мейірімсіз құдай) табынушы қаңлы жұртынан екендігінің айғағы», – деп көрсетеді[18].

Көне түркі тайпаларының, соның бірі – қаңлылардың, XI ғ. бірінші жартысына дейінгі тілінің жағдайы туралы кейбір деректерді біз Махмуд Қашқаридың «Сөздігінен» кездестіреміз. Осы «Сөздіктің» «*Түркі ру-тайпаларының баяны*» атты қысқаша түсініктемесінде автор:

«Түріктер негізінен жиырма тайпадан тұрады. Әрбір тайпа көптеген рулардан тұрады. Мен бұлардың негізгілерін, анадан тараған руларын ғана жаздым, олардың тармақтарын тастадым. Румнан Күншығысқа дейінгі мұсылман болғандарын ғана сараладым (Зикр қылдым). Румға жақын бірінші тайпа – **бажанақ**, одан кейін – **қыпшақ**, одан кейін **оғыз, ямақ, башқырт, басмыл**, одан кейін – **қай**, одан кейін – **ябақу**, одан кейін – **татар**, одан кейін – **қырғыз** келеді. Қырғыздар Чинға (қытайға) жақындағылар. Бұлардың бәрі Рум түбінен (жанынан) Күншығысқа қа-

18 *Жақыпов Ә.* Аталған еңбек. 27-28 бб.

рай созылып жатқан тайпалар. Бұлардан кейін **Чигул**, одан соң – **тухси**, одан соң – **яғма**, одан соң – **иғрақ**, одан соң – **жарук**, одан соң – **жұмул**, одан соң – **ұйғыр**, одан соң – **таңғут**, одан соң – **қытай**. Қытай – Чиндер. Одан кейін – Табғач. Бұл – Мачиндер, – деп көрсетеді.

М.Қашқари ана тұқымынан тарамаған тағы бір топ түркі ру-тайпалары жөнінде мағлұмат беріп, оларға: ***соғыдақ, аргу, қанжақ, қотан, тұбут, бұлғар, сувар, қаңлы, қарлұқ, қайжұмыл, алқабұлақ*** тайпаларды енгізеді. Бұл ру-тайпалардың бәрін қосып есептегенде олардың саны 30-ға жақындайды. М.Қашқари өз сөздігінде мысалдарды *Аргу* тілінен көбірек келтіреді.

М.Қашқари бұл ру-тайпаларды іштей қалада және сахарада (далада) жасайтындар, жарым-жартылай қалада және далада тұратындар, сондай-ақ түрікше таза сөйлейтіндер және олардан ерекшеленетіндер деп топтастырады.

Мәселен, сахарада жасайтын, өз тілімен қатар түрікшені де жақсы білетін этникалық топтарға ***жұмұл, ябақу, қай, татар, басмыл*** сияқтылар жатқызылса, бұлардан тысқары **бұлғар, суар, қаңлы, алабұлақ, қарлұқ** тәрізді сахарада да, шаһарларда да жасайтын және тек түркі тілінде (түрікше) ғана сөйлейтін кішігірім ру-тайпалар да бар деп көрсетеді.

М.Қашқари сондай-ақ жеке-дара ру-тайпалардың тіліне тоқталып, олардың кейбір ерекшеліктерін де көрсетуге тырысады. Әрине, бүгін де бар сол тайпалардың өкілдері үшін араға 9 ғасыр салып, өз тілінің сипатын ғұлама ғалым аузынан есту ғанибет, әрине. Автор мәліметі бойынша: «ең таза (жақсы) және дұрыс тіл – ол фарсылармен араласпаған, барыс-келісі болмаған ру-тайпа тілдері болмақ» дей келіп, ол оғыз тілі – түркі тілдерінің ішіндегі ең жеңілі, *яғма, тұқси* тайпаларының, сондай-ақ Іле, Ертіс, Ямар, Еділ бойларынан тартып, ұйғыр шаһарларына дейінгі аралықта жасаушы тайпалардың тілі. Бұлардың ішінде ең ашық, сөйлеуге оңай (раван) тіл – Хакани өлкесінде жасаушылардың тілі деп сипаттайды.

Айта кету керек, М.Қашқари көрсеткен бұл өлкеге сол кезде де, қазіргі де Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан жерлері жатады. Сонда, ғұлама ғалымның «*ең таза, ең дұрыс, ең жақсы*» деп бағалаған тілдер санатына Қазақ халқының негізі саналатын, осы өлкедегі жұрттың сол кездегі басым көпшілігі **қаңлы, қыпшақ, арғу** т.б. тайпалардың тілдері жатқандығы дау тудырмаса керек (М.Қ.Сөздік. І-т. 64 б.)

Біз бұл деректерді өзбек тілінің маманы Ж.Дониеровтың көне өзбек әдеби тілі мен М.Қашқари «Сөздігін» арнайы зерттеген еңбегінен (қазақшалап) келтіріп отырмыз[19].

19 *Дониеров Ж.* Эски узбек алаби тили ва қипчоқ диалектлари. Тошкент, 1976.

Ескерте кететін бір жағдай М.Қашқари көрсетіп отырған көне ру-тайпалар арасында *қай* тайпасы бөлек аталғанымен, біз оны (*қайы қаңлыларды*) қаңлы тайпасына тікелей қатысы бар деп қараймыз.

Қазақ тілінің қалыптасу тарихына байланысты айтылып жүрген пікірлер бойынша осы дәуірлерде (X-XI ғғ.) бастаған «**қыпшақ тіл қауымдастығы**» болашақ қазақ тілінің негізін құраушы бір топ тайпалық тілдердің қалыптасуына қолайлы жағдай туғызған еді. Ол тілдерге *«қыпшақ тілі», «қаңлы тілі», «үйсін тілі», «арғын тілі»* т.б. тайпа тілдері жатты. Бұл тілдер келешекте өзара іргелесе отырып дамуының нәтижесінде **«қыпшақ тілі», «қыпшақ диалектісі»** деген жалпы атау ға ие болады және сол атау дәстүрлі атау болып қалыптасты[20].

Қаңлы тілі, басқа тайпа тілдері сияқты бір тұтас монолитті қазақ тілінің қалыптасуына ұйытқы болуымен қатар кейбір көршілес туыс тілдердің қалыптасуына да өз әсерін тигізгені белгілі. Солардың бірі – өзбек тілі.

Өзбек диалектологтарының арнайы зерттеулерінде өзбек этносының қалыптасуына 50-ге жақын ірілі-кішілі түркі ру-тайпалары қатысқандығы айтыла келіп, өзбек тайпаларымен барабар «**қыпшақ-қаңлы**» тайпаларының тілі де кең түрде қатысқандығы айтылады[21]. Кейбір бұлақтарда өзбек тіліне әсер етіп отырған осы «**қыпшақ-қаңлы**» компонентінің өзара ерекшеліктерінің барлығы да көрсетіліп отырады[22]. Мәселен, өзбек тілінің қыпшақ диалектісіндегі «й-лаушы» (сөздерді *йыл, йақшы, йақын* т.б. деп айтатын) топтың пайда болуы тікелей көне **қаңлы тілінің** әсері деп түсіндіріледі[23].

Өзбек ғалымдарының пікірі бойынша: Хорезм ескерткіштерінің тілі (XII-XIV) орта ғасырдағы көптеген Орта Азиялық жазба әдеби тілдерінің, атап айтқанда: көне өзбек, көне түркімен, көне татар, көне қырымтатар, көне азербайжан, көне осман түркі, көне қыпшақ, көне ұйғыр т.б. әдеби тілдерінің қалыптасуына ұйытқы болды. Демек, Қос өзен аралығындағы халықтардың бірі ретінде **қаңлы** тайпасының да атқарған рөлі аз болмаса керек. Өкінішке орай, ол туралы түркологияда осы күнге дейін арнайы зерттеу жоқ. Сондықтан да болар, дами келе әрқайсысы өз басына жеке-дара отау тігіп кеткен көптеген түркі тілдерінің Орта Азия мен Қазақстан жерінде Хорезм дәуірінде ұйытқы болған негізгі тілдер қатарына көп ғалымдар тек *оғыз, қыпшақ* тобын ғана атап, басқа тілдерді, соның бірі өз алдына сөздік шығарған **қаңлылар** тілін сөз етпейді. Ал, қаңлы тілінің аталған сөздігі қыпшақ-куман тілінің сөздігі «Кодекс Куманикуспен» терезесі тең тұрған XIII ғасырдың жазба ескерткіші.

20 *Қайдаров А.* Казахский язык // История Казахской республики в 5 т. Алматы. 1997. Т. 2. С. 4.

21 *Доншеров Ж.* Эски өзбек адабий тили ва қипчоқ диалектлари. Тошкент, 1976.

22 *Дусимов З.* Хоразм топонимлары. Тошкент. 1985. 85-б.

23 *Дусимов З.* Сол еңбек, 89-б.

Қаңлы тайпасының тілі туралы және оның Орта Азия халықтарының тіліне тигізген әсері туралы, жалпы зерттеулер бола қоймаса да, өзбек тілінің маман-диалектологтары дәлелді пікір айтып келеді.

Белгілі өзбек ғалымы Э.И.Фазылов *оғыз, қаңлы* т.б. түркі тайпаларының тілдерін XI-XII ғғ. Хорезм жазба ескерткіштерінің тілі, яғни ол көне өзбек, не шағатай әдеби тілімен байланысты деп қарастырады[24].

Осы әдеби тілдің аталмыш жанды тілдердің әсерін, диалектілік негізін сөз ете келе, автор сол кезде дүниеге келген қаңлы тілінің аталмыш сөздігін тілге тиек етеді: ол қаңлы тілін – диалект тілі деп қарайды. Демек, бұл – *қаңлы тілі* көне өзбек, не шағатай әдебиет тілінің қалыптасуына диалектілік негіз болды деген сөз.

Кангха-Хорезм мемлекеті тұсында ондағы «ақын-жазушылар өз шығармаларын негізінен хорезмдік түркі тілінде жазды» деп көрсетеді Алишер Навои өзінің «Маджалис ан-нафа'ис» атты антологиясында.

Ертедегі қаңлы, қыпшақ, үйсін тайпаларының тілі туралы айта келіп, С.А.Аманжолов: «... как до нашей эры, так и в нашу эру кыпчаки, канглы, уйсуны и другие племена выступали на историческую арену самостоятельно, жили на разных территориях. Следовательно, они наверняка говорили на разных диалектах» – деп көрсетеді[25].

Қорыта келгенде айтарымыз: ең көне түркілердің бір қауымы – қаңлылардың да тайпа деңгейінде қалыптасқан, мемлекет ауқымында да қолданған ауызша да, жазбаша да әдеби тілі болған. Оның бұл ерекшелігі мен өзіндік нормасы XIV ғасырға дейін сақталып келген. Сөз болған «Қаңлы тілінің сөздігі» оның қалыптасқан жазба әдеби тіл болғандығын дәлелдейтін бірден-бір айғақ.

ҚР БҒМ ҰҒА Хабарлары. 2002. № 5-б. 34-43 б.

ТЕРМИНОЛОГИЯ

Терминология кез-келген тілдің даму процесін білдіретін барометр іспетті, қоғамдық өмірдегі саяси-әлеуметтік, ғылым-білім, техникалық жаңалықтар мен өзгерістердің бәріне сезімтал лексиканың дамуын зерттейтін жанды құбылыс. Сондықтан да болар, терминологияға соқпайтын бірде-бір тіл проблемасы жоқ.

Терминология проблемасына Ә.Қайдардың атсалысуы алғаш (1953) ұйғыр тілінен басталған еді. Қазақстан және Орта Азия республикаларында жасайтын «совет» ұйғырларының ортақ әдеби тілінің қалыптасып, дамуына байланысты өзекті екі мәселе – терминология және жазу

24 *Фазылов Э.И.* Староузбекский язык. Хорезмийские памятники XIV в. Автореф. дис... докт. филол. наук. Ташкент, 1967. С. 9.

25 *Аманжолов С.А.* Вопросы диалектологии... С.121.

емлесі – күн тәртібіне қойылып, соны шешу мақсатымен 1958 ж. Алматыда өткен республикааралық мұғалімдер конференциясында «Ұйғыр әдеби тілінің терминология принциптері» деген тақырып бойынша Ә.Қайдар баяндама жасаған болатын. Бұл өз кезінде көп талас туғызып келген күрделі де қиын мәселе еді. Кең пікір алысудан кейін баяндама негізінде ресми қабылданған терминжасам принциптері, кейбір сәттері болмаса, күні бүгінге дейін өз күшін жоймай, қолданылып келеді. Ол принциптер негізінен мына екі-үш еңбекте жарияланған болатын: 1) *Ұйғыр әдебий тилида термин ижат қилиш принциплири* // Коммунизм туғи, 1964, 24 июль; 2) *Уйгурский литературный язык и вопросы разработки научных принципов терминотворчества* // Исследования по уйгурскому языку. Алма-Ата, «Наука», 1965, кн. 1. с. 5-59; 3) *Жиддий ойландуридиған мәсилиләр* // Коммунизм туғи, 1965, 3 февраль (И.Семятовпен бірге).

Ғалым Ә.Қайдар 45 жыл бойы үзбей қазақ тілі терминологиясының ғылыми-практикалық мәселелерімен де шұғылданып келді. Бұл іске ол алғаш (1965) Министрлер Кеңесі жанындағы Қазақ Мемлекеттік Терминология Комиссиясының (Казтерминком) мүшесі, одан соң (1984-1995) оның төрағасының орынбасары ретінде араласып, бұл саладағы басқа көзқарастармен баламалы өз принциптерін де ұсынып, жариялап келеді. Бұл орайда ғалым-мамандар тарапынан да, қалың жұртшылық тарапынан да қолдау тауып, оң пікір туғызып келе жатқан бір үйір (он шақты) еңбектің ішінен Ә.Қайдардың 90-жылдары жарық көрген «*Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас*» (Алматы, «Рауан», 1993, 44 б.) атты еңбегін ерекше атауға болады. Өйткені бұл еңбекте ғалым ұсынып отырған терминжасамның 11 принципі бұрынғылардан біршама айырмашылығы да бар және онда ғалымның замана талабына сай, тіл дамуының жаңа үрдісі мен болашақтағы бағыт-бағдарына байланысты ұсыныстары да бар. Ол принциптерді қысқаша түрде айтсақ мыналар: 1) терминологиялық процесті мемлекет қамқорлығына алу; 2) тіл дамуының жаңа үрдісімен санасу; 3) Қазақ тілінің төл және байырғы лексикалық байлығын сарқа пайдалану; 4) түркі халықтарының терминжасам өнегелі үлгілерінен пайдалану; 5) шеттен алынатын терминдерді мүмкін болғанынша қазақ тілінің өз ерекшеліктеріне икемдеп алу; 6) шеттілдер терминдерін мүмкін болғанынша аударып алу; 7) терминдерді қазақ тілі негізінде қысқартып алу; 8) термин қабылдауда шарттылық заңдылығын сақтау; 9) терминдерді салалық жүйе бойынша жіктеп, сұрыптап алу; 10) ұлттық және интернационалдық терминдердің сандық және сапалық ара қатынасын табиғи қалыпта сақтау; 11) терминдердің емлесін жазу дәстүріне сәйкестендіру.

Бұл принциптер бойынша пікір алысу, оның дұрыс-бұрыстығын бағалау, айқындау терминологиямен шұғылданып жүрген басқа ға-

лымдардың еңбегінде, ғалым шәкірттерінің диссертациялық зерттеулерінде жалғаса бермекші. Қайткен күнде де, академик Ә.Қайдардың қазақ және ұйғыр тілдері бойынша ізденістері мен зерттеулері өз алдына бір төбе. Тілтанудың белсенді де жанды, қарбаласы да қауырт сәттері мол бұл жанры да ғалымдардан зерделілік те, ұлтжандылық та, азаматтық принципті де талап ететіні белгілі. Ә.Қайдаров жариялаған жиырма шақты үлкен-кішілі мақала мен кітапша т.б. еңбектері оның «терминолог ғалым» деп атануына толық кепілдік бере алады деп ойлаймыз.

Казахская терминология

В формировании и развитии терминологии любого языка большую роль играет письменность. В раннем средневековье крупные племенные союзы, вошедшие позже в этнический состав казахско народа, пользовались древнетюркской письменностью. С момента образования Казахского ханства и казахской народности (XV–XVI вв.) казахи стали пользоваться арабским алфавитом. Но арабский алфавит не соответствовал фонетической системе казахского языка. Так, например, девять гласных фонем передавались лишь тремя буквами. В 1924 г. для казахского языка были введены в арабский алфавит дополнительные диакритические знаки и дифференцированы функции отдельных букв; несколько сблизилось написание слов с их живым произношением.

В 1929 г. была создана казахская письменность на основе латинского алфавита. Принятие этого алфавита, по сравнению с арабским, – значительный шаг вперед, однако и этот алфавит не мог полностью удовлетворить быстро растущие запросы и потребности языкового развития. Недостаточно четко разработанная система письма на основе этого алфавита очень искажала написание русских и заимствованных через него интернациональных терминов и слов. Ср.: *абсолютизм* – apsolyvtijzim, *автор* – aptьr, *акция* – aksija, *амбиция* – əmbijtsija, *анархизм* – anargьjzim, *антагонизм* – antagonijzim, *артель* – ərtel, *валюта* – valuvta, *завод* — zavьt, *империалист* – imperijalis, *капитулянт* – kəpijtuvlənt и т. д. (КРТС, 1937, 145–176). Подобного рода искажения в известной степени усугублялись неразработанностью научных принципов терминотворчества, особенно в отношении заимствования русско-интернациональных слов. Все это в целом привело к ощутимому отрыву письменной традиции от устной, произношения от написания.

Весь сознательно организованный терминологический процесс национального литературного языка прежде всего базируется на основе богатой и разнообразной народной терминологической лексики. Общенародные истоки терминологической лексики и понятий своими

корнями уходят в далекое прошлое языка. Многие слова и выражения, употребляемые в терминологическом значении, пришли к нам из языка памятников древнетюркской письменности. К ним относятся; 1) термины родства; *ата* «дед, отец», *әже* «бабушка», *апа* «старшая сестра», *сіңлі* «младшая сестра по отношению к старшей», *келін* «сноха, невестка», *жиен* «племянник или племянница женской линии» и т. д.; 2) термины, отражающие явления природы и ее богатства: *жер* «земля», *тау* «гора», *тас* «камень», *алтын* «золото», *күміс* «серебро», *темір* «железо» и т. д.; 3) термины, связанные с общественно-политическим строем: *қаған* «царь», *бек* «господин», *тарқан* – военно-дворянское звание, *құл* «раб», *күң* «рабыня», шығай «бедняк» и т. д.; 4) скотоводческие термины: ат «конь, лошадь», *айғыр* «жеребец», *тай* «жеребенок», *бұқа* «бык» и т. д.; 5) анатомические названия: *бас* «голова», *аяқ* «нога», *құлақ* «ухо», *жүрек* «сердце» и т. д. (ДТС, 1969). Эти же термины встречаются в средневековых памятниках уйгурской и кипчакской письменности.

Казахи с древних времен занимаются животноводством, и поэтому в казахском языке весьма широко представлена разветвленная животноводческая терминология, особенно связанная с коневодством, верблюдоводством, овцеводством. Коневодческие термины дифференцируют лошадей по возрасту: *құлын* «жеребенок», *жабағы* «жеребенок возрастом более 6 месяцев, но менее одного года», *тай* «стригун, стригунок, годовалый жеребенок», *құнан* «жеребенок более двух лет», *дөнен* «конь более трех лет», *бесті* «конь пяти лет»; они охватывают названия видов жеребят, кобылиц, жеребцов, яловых лошадей и т. д., например: *буаз бие* «жеребая кобыла», *құлынды бие* «кобыла с жеребенком», *мес бие* «жирная, молочная кобыла», *ту бие* «яловая кобыла», *тел бие* «кобыла, припускающая чужого жеребенка», *қасабалы бие* «кобыла 7–8 лет», *шар бие* «кобыла средних лет», *жасаған бие* «кобыла возрастом более 20 лет с жеребенком» и т. д. Наличие в казахском языке огромного количества слов и словосочетаний, связанных со скотоводческим хозяйством, составляет его специфику.

В казахском языке распространены многие географические термины, что обусловлено прежде всего обширной территорией Казахстана и полукочевым образом жизни казахов (постоянными поисками плодородных пастбищ для скота, требующими хорошего знания рельефа местности: гор, рек, озер, степи и т. д.). По мнению Т. Конкашпаева, «каждая мельчайшая деталь горы, ложбины, реки, озера, пастбища и т. д. имеет у них (у кочевых казахов) свой особый термин, почти не встречающий аналогов у других народов, особенно у земледельцев» (Конкашпаев, 1951, 3). Такие народные географические термины,

составившие основу научных терминов по физической географии, насчитываются в казахском языке сотнями, например: *айрық* «узкая речная долина», *атырау* «дельта, изрезанное побережье крупного водоема», *аша* «место слияния двух рек», *бастау* «ручей», *бұлақ* «родник», *жал* «заметная, вытянутая возвышенность», букв. «грива», *жарық* «трещина, щель», *жыра* «промоина», *қайнар* «ключ», *кемер* «береговой вал, обрыв», *қойтас* «валун», *өзек* «лощина» и т. д. Такие местные географические термины, как *адыр, бидайық, саз, сай, сырт, тақыр, томар, тоғай, үстірт* и др., вошли в русскую специальную литературу.

В казахском языке широко представлены также народные ботанические термины. Это и понятно, так как при кочевом образе жизни необходимо иметь полное представление о растительности родного края, свойствах различных трав, их пользе и вреде для домашнего скота. Поэтому такие термины, как *атқонақ* «аржанец», *қазанақ* «багульник», *шағыр* «бурьян», *ақ қарағаи* «белая акация», *ырғай* «бузина», *қызамық* «брусника», *кекіре* «василек», *айрауық* «вейник», *қазтамақ* «герань», *қасмалдақ* «дикая пшеница», *ошағаи* «дурнишник», *беде* «клевер», *жоңышқа* «люцерна» и др., насчитываются в казахском языке сотнями и служат ныне богатым источником для создания и развития научной терминологии.

Существует также немало названий рыб, различных болезней, терминов родства и др. (см. Абишев, 1962; Куленов, Куленов 1971).

Таким образом, казахский язык задолго до появления первопечатной продукции располагал огромным лексическим богатством, отражающим самые различные понятия материальной и духовной культуры, социально-экономической жизни, общественного уклада, обычаев и традиций народа и т. д.

На развитие казахского языка вообще и создание первых научных терминов, в частности, большое влияние оказали казахские газеты. Первые шаги по терминологизации общенародной лексики были сделаны в конце XIX в. на страницах первой казахской газеты «Түркістан уәләятінің газеті» (1870–1883). Официальное же рассмотрение вопроса о терминах в казахском языке и связанных с ними проблем было начато с выходом в свет газеты «Дала уәләятінің газеті» (1888 г.).

Первые термины, появившиеся на страницах этой газеты, как указывают исследователи, были описательными, например: *тамақ асырау* «существование», *мал бағу шаруасы* «скотоводство», *шаруа кәсіп* «занятие», *егін салу* «хлебопашество», *пайда* «прибыль» и т. д. (Там же, 31). Многие из них впоследствии вошли в казахский литературный язык.

Среди них было и немало неудачных терминов, в дальнейшем замененных другими словами (см. Әбілқасымов, 71–73).

Определенную часть терминологической лексики казахского языка в дореволюционный период составляли, естественно, арабо-иранские заимствования, особенно в области народного образования, просвещения и науки: *кітап* «книга», *ғылым* «наука», *мектеп* «школа», *ұстаз* «учитель», *қалам* «ручка», *қағаз* «бумага», *мағлұмат* «сведения», *емтихан* «экзамен», *пән* «предмет, дисциплина», *тарих* «история», *жауап* «ответ», *қызмет* «служба», *әңгіме* «рассказ», *заман* «век», *насихат* «пропаганда» и т. д.

На страницах дореволюционной периодической печати нашли отражение не только обиходно-бытовые слова русского языка *(шкаф; самауыр* «самовар», *лапке* «лавка», *кереует* «кровать», *боқрау* «покров»), но и административно-управленческие, культурно-просветительские и др. термины: *ойаз* «уезд», *болыс* «волость», *сиез* «съезд», *прикобор* «приговор», *сот* «суд», *подпеске* «подписка», *атпек* «адвокат», *старшын* «старшина», *шен* «чин», *кәзет* «газета», *студент, университет, редакция, семинариа* «семинария», *наград* «награда» и т. д.

Не все термины, созданные по образцу терминов русского языка, прижились в языке. Например, термины *тау-тас ғылымы* «горное дело», *жан-жануарлар ғылымы* «зоология», *көктен түскен тас* «метеорит», *ұлама* «профессор», *ағаш-су ғылымы* «ботаника» и т. д. (Там же, 83–87, 92–93) в силу своей описательности не укоренились в языке и на последующих этапах терминотворчества были заменены другими вариантами или заимствованиями из русского языка.

Первый этап создания научной терминологии в послеоктябрьский период характеризовался допущением разных терминологических вариантов и параллелизмов и т. д. Характерно в этом отношении выступление о разнобое в области терминологии основоположника казахской советской литературы С.Сейфуллина в 1924 г. (см. Сейфуллин, 1961, 288).

Вопросы казахской терминологии наряду с другими проблемами обсуждались на конференциях, съездах и совещаниях. Так, впервые в культурной жизни казахского народа проблемы терминологии рассматривались на I съезде научных работников Казахстана, который проходил в 1924 г. в г. Оренбурге. Вопросам терминологии в тюркских языках, в том числе казахском, было уделено большое внимание и в докладах на I Всесоюзном тюркологическом съезде, проходившем в Баку в 1926 г. (см. БОК, 1926, 8; Гасымов, 1972, 42).

Вопросы развития терминологии на национальных языках были предметом специального обсуждения II Всесоюзного партийного со-

вещания по народному образованию, проходившего в 1930 г. в Москве. На этом совещании были определены основные научные принципы разработки терминов на языках народов СССР (см. ВВПС, 1931, 306–309).

В 1933 г. в Казахстане была организована Государственная терминологическая комиссия. В мае 1935 г. был проведен Всеказахстанский съезд деятелей культурного строительства, на повестке дня которого одним из узловых вопросов был вопрос о разработке и упорядочении казахской терминологии. На съезде были одобрены принципы создания терминов путем использования внутренних ресурсов казахского языка и принятия интернациональных терминов без изменения их формы, разработанные и предложенные проф. Х. К. Жубановым (1966, 283–285). После определения основных научных принципов вся практическая работа по созданию, унификации и кодификации научных отраслевых терминов в казахском языке стала осуществляться централизованно.

Рабочим органом Государственной терминологической комиссии являлся Отдел терминологии и теории перевода, функционирующий в Институте языкознания АН КазССР. Он был призван заниматься научно-исследовательской работой в области казахской терминологии, составлением и редактированием терминологических словарей, а также проведением консультаций по вопросам терминологии в различных учреждениях, вузах, издательствах, ведущих терминологическую работу.

Создание и внедрение терминов в казахском языке осуществлялось чаще всего через периодическую печать, учебники для школ и вузов, терминологические словари, специальную и научную литературу. Большинство научных терминов, созданных на базе собственно казахских слов, в той или иной мере носят на себе отпечаток терминологических моделей русского языка.

Каждый этап терминотворчества в казахском языке характеризуется своими особенностями и отражает социально-экономические, культурные и исторические изменения в жизни народа. Так, в 20-30-е годы создание и развитие терминов было тесно связано с историческими преобразованиями в стране. В середине 20-х годов связи с политикой партии о советизации казахских аулов появился целый ряд новых терминов, например: *кооперация, совет құрылысы* «советский строй», *социалистік құрылыс* «социалистический строй» *ауылдық совет* «аульный совет», *кәсіподақ* «профсоюз», орташа «середняк», *жеке шаруа* «единоличник» и т. д.

В конце 20 – начале 30-х годов в связи с принятием первого пятилетнего плана и всеобщей коллективизацией в казахском языке были созданы термины *конфискелеу* «конфискация», *колхозшы* «колхозник», *трактористі* «тракторист»,

комбайыншы «комбайнер» *екпінді* «ударник», *ауатком* «райисполком», *жоспар* «план», *жоспарлау* «планирование», *еңбеккүн* «трудодень», *социалды жарыс* «социалистическое соревнование», *жеке меншік* «частная собственность» *есепші* «учетчик», *кілтші* «кладовщик», *бесжылдық* «пятилетка» и мн. др.

Развивалась общественно-политическая терминология, связанная с политическими и организационными преобразованиями в стране. К ней относятся термины *партия мүшесі* «член партии», *партбюро, партиялық тазарту* «партийная чистка», *аудандық партия комитеті* «районный партийный комитет», *марксшіл* «марксист», *қызметкер* «работник», *социалистік сана* «социалистическое сознание», *қызыл бұрыш* «красный уголок», *сауаттандыру* «обучение грамоте» и т. д. (см. Байтикова, 1971, 27–30).

Конец 20 – начало 30-х годов в истории развития казахской терминологии были переходным периодом в создании и употреблении общественно-политических научных терминов. Многие из терминов, созданных в те годы, и поныне употребляются в казахском литературном языке.

В создании и унификации казахской терминологии определенную роль сыграло издание учебников. В 30–40-е годы на казахском языке вышли в свет учебники для средних школ, а в послевоенные годы – как переводные, так и оригинальные учебники для вузов по математике, физике, географии, биологии, литературе, грамматике и т. д. В середине 70-х годов были изданы учебники для технических вузов по теории механизмов и машин, деталям машин и т. д., которые значительно обогатили казахскую терминологию.

В разработке и унификации терминов огромная роль принадлежит двуязычным и одноязычным терминологическим словарям. Терминологические словари в Казахстане начали издаваться с 1935 г. Началом этого явилась публикация в бюллетенях Государственной терминологической комиссии терминов по математике, физике, ботанике, сельскому хозяйству. В 1936 г. вышел терминологический словарь «Атаулар сөздігі» («Словарь терминов»), в 1937 г. – «Казахско-русский и русско-казахский терминологический словарь». В 1948–1949 гг. были изданы две книги «Терминология сөздігі» («Терминологический словарь»), которые содержали термины по математике, физике, истории, биологии и т. д.

В 1959–1963 гг. под руководством Института языкознания АН КазССР вышло 12 томов русско-казахских терминологических словарей по металлургии, географии, математике, физике, геологии, делопроизводству, экономике, философии, лингвистике, литературоведению, спорту, строительству и стройматериалам, железнодорожному транспорту, ботанике, почвоведению, горному делу общим объемом 160 печатных листов. В последующие годы (до 1981 г.) были изданы терминологические словари по механизмам и машинам, разведочному бурению, педагогике и психологии,

физике, географии, химии, рыбному хозяйству, машиностроению, русско-казахский общественно-политический терминологический словарь и т. д.

В настоящее время в Казахстане существует шесть типов терминологических словарей: 1) словари, в которых даются двуязычные словники без какого-либо толкования; 2) словари, в которых в переводной, т. е. казахской части даются краткие толкования, объяснения, а иногда и определения; 3) словари, в которых дается полное толкование казахского термина; 4) словари, в которых казахские термины даются в качестве реестровых слов, а их русские эквиваленты приводятся в переводной части; 5) словари, в которых в их обеих (и русской, и казахской) частях дается полное толкование; 6) словари, в которых в качестве реестровых слов берется только казахский термин и ему дается полное толкование. По характеру эти терминологические словари можно назвать казахско-русскими и русско-казахскими двуязычными толковыми, полутолковыми и одноязычными толковыми терминологическими словарями.

Все терминологические словари сыграли большую роль в деле упорядочения казахской терминологии. В 1952 г. было выпущено в свет «Руководство по разработке и упорядочению научно-технической терминологии» под редакцией акад. А. М. Терпигорева.

Создание современной казахской терминологии основывается на следующих двух основных принципах: на использовании возможностей родного языка и заимствовании международных и русских терминов.

Использование лексического богатства и грамматических возможностей казахского языка осуществляется разнообразными способами, отражающими специфические особенности лексико-грамматической системы казахского языка. Можно указать на четыре способа создания терминов: 1) лексико-семантический, 2) синтетический, или морфологический, 3) аналитический, или синтаксический и 4) калькирование.

Лексико-семантический способ осуществляется путем:

а) терминологизации обычных бытовых и общеупотребительных слов казахского языка, используемых в создании географических, ботанических, медицинских и др. терминов: *қырат* «возвышенность», *атырау* «дельта», *шығанақ* «залив», *мүйіс* «мыс», *үстірт* «плато», *қараған* «акация», *дәнек* «зерновка», *түйнек* «заворот кишок», *бұғана* «ключица» и т. д.

б) специализации значений слов в словосочетаниях: слово *шақ* «момент, миг, пора», сохраняя свое основное значение, выступает в качестве лингвистического термина в сочетаниях: *осы шақ* «настоящее время», *келер шақ* «будущее время», *өткен шақ* «прошедшее время»;

в) расширения значений слов: слово *жарыс* в казахском языке имело до революции только одно значение – «состязание»: *ат жарысы* «конное состязание»; ныне его значение расширилось: *социалистік жарыс* «социалистическое соревнование»; в современных терминах казахского языка можно найти десятки таких примеров;

г) создания различных типов сокращенных терминов (аббревиатур) на базе самого казахского языка: *АҚШ – Америка Құрама Штаты* «США», *ОҚ – Орталық Комитет* «ЦК», БҰҰ – *Бірлескен Ұлттар Ұйымы* «ООН» и др.

Синтетический, или морфологический, способ – один из продуктивных способов создания терминов в казахском языке. Некоторые словообразующие аффиксы присоединяются не только к собственно казахским, но и к интернациональным и русским терминам. К наиболее продуктивным аффиксам, с помощью которых образуются термины от различных частей речи, относятся:

-лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік: игілік «достояние», *куәлік* «свидетельство», *теңдік* «равенство», *сөздік* «словарь», *құлдық* «рабство», *жарлық* «распоряжение», *азаттық* «свобода», *сенбілік* «субботник» и т. д;

-шы/-ші: елші «посол», *комбайншы* «комбайнер», *трактористі* «тракторист», *спортшы* «спортсмен», *кітапханашы* «библиотекарь», *малшы* «скотовод» и т. д.;

-ым/-ім: қысым «давление», *келісім* «соглашение», *өнім* «продукт, урожай», *алым* «сборы, налог», *ұғым* «понятие», *шағым* «жалоба», *тізім* «список», *білім* «знание», *тарам* «отрасль, ветвь» и т. д.;

-ғыш/-гіш, -қыш /-кіш: жарғыш «взрыватель», *ұшқыш* «летчик», *сызғыш* «линейка», *өткізгіш* «проводник», *көрсеткіш* «показатель», *желдеткіш* «вентилятор» и т. д.;

-ыс/-іс/ -с: ұрыс «битва», *ағыс* «течение», *егіс* «посев», *табыс* «прибыль», *соғыс* «война», *сөгіс* «выговор», *кіріс* «приход», *жиылыс* «собрание», *құрылыс* «строительство», *құбылыс* «явление», *өндіріс* «производство» и т. д.;

-уыш/-уіш: елеуіш «решето», *анықтауыш* «определение», *тіреуіш* «подпорка, опора», *толықтауыш* «дополнение» и т. д.;

-ма/-ме, -па/-пе, -ба/-бе: қима «разрез», *жазба* «письменность», *тұнба* «ил, осадок», *қойма* «склад», *бөлме* «кабинет, комната», *көрме* «выставка», *бөртпе* «парча», *қортпа* «сплав», *міндеттеме* «обязательство» и т. д.;

-ша/-ше: кітапша «книжка, брошюра», *бөлімше* «отделение», *жұлдызша* «звездочка», *қосымша* «аффикс», *сызықша* «дефис», *белдемше* «поясница» и т. д.;

-кер/-гер (аффикс иранского происхождения): *жұмыскер* «рабочий, работник», *дәрігер* «врач», *қызметкер* «служащий», *саудагер* «спекулянт», *қаламгер* «писатель», *еңбеккер* «труженик» и т. д.;

-шылық/-шілік: қуаңшылық «засуха», *арзаншылық* «дешевизна», *шабыншылық* «нападение», *қанаушылық* «эксплуатация», *бұрмалаушылық* «искажение» и т. д.;

-ландыру/-лендіру, -дандыру/-дендіру, -тандыру /-тендіру: куәландыру «освидетельствование», *механикаландыру* «механизация», *жарақтандыру* «вооружение», *қарусыздандыру* «разоружение» и т. д.

Аналитический, или синтаксический, способ терминообразования казахском языке заключается в сложении обычно двух (реже трех) лексических единиц с использованием или без использования морфологических средств. Этот прием словообразования существовал в казахском языке издавна: *көлбақа* «лягушка», *құрбақа* «жаба», *белбеу* «ремень», *кемпірқосақ,* «радуга», *кезқұйрық,* «коршун» и т. д. Данный способ терминообразования ныне является одним из активах в создании не только казахских, но и смешанных (интернационально-русско-казахских) терминов, например: *қолтаңба* «автограф», *аппаратхана* «аппаратная», *шорбуын* «артрит», *алаяқтық* «афера», *суқұзғын* «баклан», *ішперде* «брюшина», *гүлшанақ* «бутон», *көктамыр* «вена», *көзқарас* «взгляд», *қазтамақ* «герань», *жылнама* «ежегодник», *машинатану* «машиноведение» и т. д.

Значительная часть сложных терминов в казахском языке падает на долю терминологических сочетаний, образующихся синтаксическим способом. Эти разряды терминов состоят обычно из двух, трех, четырех и более самостоятельных компонентов, выражающих в целом одно сложное терминологическое понятие. Чаще отдельными компонентами таких сложносоставных терминов выступают русские и интернациональные слова. Подобные конструкции как бы занимают промежуточное положение между свободными и фразеологическими словосочетаниями. Примеры: *Социалистік еңбек ері* «Герой социалистического труда», *бесжылдық план* «пятилетний план», *жарыс сөз* «прения» и др.

Калькирование является одним из ведущих и продуктивных способов образования новых терминов в казахском языке. Терминологические кальки по своему характеру делятся на два типа: смысловые и структурно-смысловые. В первом случае при переводе термина передается лишь значение, существующее в данном языке: *көрсеткіш* «показатель», *аударма* «перевод», *бесжылдық* «пятилетка», *ағыс* «течение» и т. д. Во втором случае применяются буквальные переводы компонентов и копирование структурных моделей терминов в русском языке, например: *еңбеккүн* «трудодень», *социалистік өмір салты* «социалистический образ жизни»,

тап күресі «классовая борьба», *социалистік өнеркәсіп* «социалистическая промышленность», *кемелденген социалистік қоғам* «развитое социалистическое общество» и т. д.

Заимствованные международные и русские термины могут входить в казахский язык в той же форме, в какой они употребляются в русском языке: *абсорбция, агломерат, абсцесс, агностик, аннексия* и т. д.

Интернациональные технические термины обычно принимаются без перевода, за исключением тех терминов, которые имеют точное соответствие в казахском языке, например, в физической географии, биологии, медицине: *дюна – шағыл, левада* или *урема – тоғай, артрит – шорбуын, астрагал – таспа, океан – мұхит.*

Префиксы *ре-, син-, де-, анти-, контр-* и сокращенные слова типа *авто-, аэро-,* встречающиеся в составе международных терминов, принимаются в казахский язык вместе с терминами: *реконструкция, синхрония, деформация, антипартийный (антипартиялық), контрреволюция, аэросъемка, автотрансформатор, автопоезд, автостоп* и др. Однако, если эти префиксы употреблются с русскими словами, то последние часто переводятся на казахский: *автотиегіш* «автопогрузчик», *автосуат* «автопоилка», *автоқалам* «авторучка» и т. д.;

суффиксы *-изация, -ификация, -ация* во многих случаях передаются казахскими суф. *-лау/-леу, -дау/-деу, -тау/-теу* и *-ландыру/-лендіру, -дандыру/-дендіру, -тандыру/-тендіру: амальгамалау* «амальгамация», *коагуляттау* «коагуляция», *автоматтандыру* «автоматизация», *газдандыру* «газификация», *электрлендіру* «электрификация» и т. д.

Некоторые заимствованные международные и русские термины используются в сочетании с соответствующими казахскими суффиксами, например: *алгебралық символика* «алгебраическая символика», *бинантты электрометр* «бинантный электрометр», *совет мемлекеті* «советское государство» и т. д.

Дифференциация значений терминов в казахском языке зачастую ведется в соответствии с существующей системой терминологии в русском языке. Например, в почвоведении имеются такие близкие по значению, но разные по функции термины, как: *мелиорация, ирригация, орошение, полив, обводнение.* При разработке соответствующих терминов почвоведения в казахском языке были приняты следующие эквиваленты: рус. *мелиорация* – казах. *мелиорация, ирригация – ирригация, орошение – суармалау, полив – суару, обводнение – суландыру.*

Аналогичные термины геологии соответственно передаются: рус. *пласт* – казах. *пласт, слой – қабат, прослойка – қабатша, мощность – қалыңдық, мощность пласта – пласт қалыңдығы, толща –*

қатқабат, толща угленосная – көмірлі қатқабат, грунт – грунт и т. д. Устранение параллелизмов также относится к сфере упорядочения терминов. Например, из параллелизмов *форум, жиын, кеңес* «форум», *көрермен, көруші, қатысушы* «зритель», *жігерсіздік, қажырсыздық, еріксіздік* «безволие», *спутник, серік* «спутник» и т. д. были выбраны и закреплены *форум, көрермен, жігерсіздік, спутник.*

Одним из интересных вопросов разработки терминологии в казахском языке является подбор соответствующих эквивалентов омонимичным и многоязычным лексическим единицам русского языка, выступающим в разных терминологических значениях. Например, слово *мир* по словарю С.И.Ожегова имеет два омонимичных и девять переносных значений, многие из которых являются терминологическими. В подобных случаях основные терминологические понятия передаются в казахском языке отдельными словами: 1) *әлем* «мировое пространство»; 2) *дүние* «мир», например, *өсімдіктер дүнесі* «растительный мир»; 3) *дүние жүзі* «мир, вселенная»; *4) бейбітшілік* «мир»; 5) *бітім* «соглашение», например: *Брест бітімі* «Брестский мир» и т. д.

Обобщая опыт разработки и упорядочения терминологии в Казахстане, отметим следующие ее основные задачи: необходимость ведения более глубокой научно-исследовательской работы в области теоретической и практической терминологии; публикация и широкая пропаганда вновь принятых терминов на страницах республиканской печати[1], издание терминологических, толковых и орфографических словарей в целях упорядочения терминов в казахском языке; публикация на страницах республиканской печати статей по злободневным вопросам терминологии.

Литература

Абишев Х. Рассказы о небе. Алма-Ата, 1962.

БОК – Бюллетень организационной комиссии по созыву I Всесоюзного тюркологического съезда. Баку, 27 февр. – 8 марта, 1926.

ВВПС – II Всесоюзное партийное совещание по народному образованию. М., Л., 1931.

Гасымов М. Ш. Основы терминологии азербайджанского языка: Автореф. дис... д-ра филол. наук. Баку, 1972.

ДТС – Древнетюркский словарь. Л., 1969.

1 См., например, сборник «Бекітілген терминдер мен атаулар» (Алматы, 1979), который включает в себя 1892 термина, утвержденных Казгостерминкомом с 1968 по 1978 гг.

Елубаев С. Терминологические проблемы преподавания математики в казахской школе: Автореф. дис... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1974.

Жубанов Х. К. Принципы терминологии казахского литературного языка, применяемые Государственной терминологической комиссией // Жубанов Х. Исследования по казахскому языку. Алма-Ата, 1966.

Конкашпаев Г. К. Казахские народные географические термины. – Изв. АН КазССР. Сер. геогр. 1951, № 99, вып. 3.

КРТС – Казахско-русский и русско-казахский терминологический словарь к переводу «Вопросов ленинизма». Алма-Ата, 1937.

Куленов К., Куленова С. Русско-казахский словарь по рыбному хозяйству. Алма-Ата, 1971.

Сейфуллин С. Сочинения, 1961. Т. IV.

Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. Алматы, 1971.

Баишев С. Қазақ тілінің терминологиясын жасаудың негізгі принциптері мен міндеттері // Халық мұғалімі, 1948, № 5.

Балақаев М., Сыздықова Р., Жанпейісов Е. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы, 1968.

Бәйтікова Ш. Қазақ тіліндегі неологизмдер: (1920–1930 жылдар материалдарынан). Алматы, 1971.

Әбілқасымов Б. Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. Алматы, 1971.

Исаев С. Қазақ әдеби тілінің совет дәуірінде дамуы: (Мерзімді баспасөз материалдары бойынша). Алматы, 1973.

Сағындықов Қ Көсемнің асыл мұрасы. Алматы, 1970.

Развитие терминологии на языках союзных республик (Терминология на узбекском, казахском, таджикском, армянском, туркменском и эстонском языках). Москва, Наука, 1987, с. 29–49.

Терминология көкжиегі

Әдеби тіл тек көркем әдебиеттің ғана тілі еместігі баршаға аян. Бүгінгі таңда «әдеби тіл» деген ұғымның ауқымы өте кең. Оның қоғамдағы қарым-қатынас құралы ретінде атқаратын коммуникативтік, жалпы көпшілікке бағышталған хабар тілі ретіндегі информативтік, ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени мұрамызды сөз байлығы ретінде сақтаушы аккумулятивтік, сондай-ақ оқушыға, тыңдаушыға рухани нәр беретін эстетикалық сан алуан қызметтеріне сәйкес бірнеше стильдік сала, тармақтардан тұратыны белгілі. Солардың сүбелі бір тармағы ғылыми стиль, яғни ғылыми тіл деп аталады. Қазақ әдеби тілі сөздік қорының жаңадан жасалып, немесе қабылданып жатқан терминдік атаулар есебінен

күн санап баюы, толассыз толыға түсуі, әрине, тікелей ғылыми-техникалық прогреске байланысты жаңа құбылыс. Жалпы сөз байлығымыздың бүгінде үштен екісі терминологиялық лексикадан тұратындығын ескерсек, терминология деп аталатын проблеманың ғылыми-практикалық зор мәніне ешкім де шек келтірмесе керек.

Қазақ тілінде термин жасаудың, оны іс жүзінде қалыптастырудың және жүйелі қолданудың нақтылы ғылыми-практикалық шаралары 20-шы жылдардан басталады. Қажеттіліктен өріс алған бұл іске оған тіл табиғатын терең түсінетін сауатты да саналы азаматтар, ғалымдар, жазушы, журналистер, мәдениет қайраткерлері қатынасты. Терминология мәселесі ресми түрде бірінші рет 1924 жылы Орынбор қаласында өткен қазақстандық мәдениет және ғылым қайраткерлерінің I съезінің күн тәртібінде қаралған екен. 1926 жылы Баку қаласында өткен терминологтардың Бүкілодақтық I съезі де түркі тілдерінің терминология мәселелеріне ерекше мән берді. Қазақ тілі бойынша жасалған 5 баяндаманың бесеуі де терминология, алфавит және орфография мәселелеріне арналған болатын. 1930 жылы Москва қаласында халық ағарту ісін арнайы қарауға Бүкілодақтық мәжілісте де КСРО халықтары тілінде термин жасаудың ғылыми принциптері қарастырылды. 1930 жылдан бастап ұлт тілдерінде термин жасау процесіне Жаңа алфавит Комитеті, ал 1933 жылдан тақ бүгінге дейін КСРО Ғылым академиясы жанынан құрылған Ғылыми-техникалық терминология Комитеті бір ортадан басшылық етіп келеді.

Ал Қазақстан жағдайында, қазақ тілінде термин жасау мәселесіне келсек, оған 1925 жыл мен 1933 жылдар аралығында Қазақ ССР Оқу-ағарту Халық комиссариаты жанындағы методикалық бюро жетекшілік жасап келді. Ол 1930 жылы орталықта құрылған Жаңа алфавит Комитетімен тығыз байланыста жұмыс істеді. Ал 1933 жылы Қазақ автономиялы республикасы Халық Комиссарлар Советінің қаулысы бойынша Мемлекеттік терминология комиссиясы (қысқаша Мемтерминком) құрылды. Оның тұңғыш председательдігіне профессор Құдайберген Жұбанов сайланды.

Тарихи деректерге жүгінсек, қазақ тілі бойынша бірінші терминологиялық сөздік 1931 жылы «Атаулар сөздігі» деген атпен басылып шыққанын білеміз. Мемлекеттік терминология комиссиясының алғашқы еңбегі ретінде Қ. Жұбанов, К. Басымов сияқты ғалымдардың мақалалары мен математика, физика, ботаника т. б. ғылым салалары бойынша бекітілген терминдер тізімі жарияланған «Бюллетеньнің» 4 санын атауға болады.

1935 жылы май айында мәдениет қызметкерлерінің Бүкілқазақстандық I съезі шақырылды. Съезде қазақ әдеби тілінің терминология мәселесі арнайы

сөз болды. Сол съезде қазақ терминологиясын жасаудың, интернационалдық терминдерді қабылдаудың, қолданудың және тұрақтандырудың ғылыми принциптері туралы профессор Қ. Жұбановтың ұсынған жобасы талқыланып, ресми түрде бекітілген болатын.

Съезд қабылдаған бұл принциптер қазақ тілінің сол кезге дейін бір ізге түспеген терминологиялық процесіне елеулі өзгерістер енгізіп, өзінің ғылыми дәйектілігімен оған дұрыс бағыт берді. Ендігі жерде жаңа терминдер, ең алдымен, қазақ тілінің өз сөз байлығы негізінде жасалып, қажетті балама сөздер бұл тілде болмаған жағдайда совет-интернационал терминдері орыс тіліндегі тұлғасында қабылданатын болды. Осыған орай съезде қазақ алфавитінің құрамына Ф, Х, Ц тәрізді әріптерді енгізу туралы да орынды ұсыныстар болғандығы мәлім. Бұл мәселе 1938 жылы орыс графикасын қабылдауға байланысты өз шешімін тапқан еді. Бұрынғы пизика, пабіріика, қыимия, қылор, семент тәрізді халықаралық терминдердің өз нұсқасы бойынша физика, фабрика, химия, цемент түрінде айтылуы және жазылуы, міне, осы дәуірден басталады.

Мәселе тек терминдердің айтылуы мен жазылуында ғана болған жоқ. Термин жасау процесіндегі негізгі талас, дау-дамай алғашқы кезде «жалпы совет-интернационалдық терминдерді тілімізге қабылдау керек пе, керек емес пе» деген мәселеге барып сайды. Осы кезде терминология процесінде тілдің тазалығын сақтауды желеу еткен зиянды пуристік ағым бел алып, барлық совет-интернационалдық терминдер қазақ тіліне қарабайыр аударылатын болды. Мәселен: революция – төңкеріс, совет – кеңес, лидер – серке, паровоз – қара айғыр, поезд – отарба, идеалист – мұратшыл, интернационалист – бибауырмашыл, лектор – дәрісші, капитал – дәулет, капиталист – дәулетшіл, реалист – нағызшыл, институт – орда, коммунист – ортақшыл т. б. сол дәуірдің жемісі. Өмір талабына сай келмейтін бұл ағым көп ұзамай-ақ, терминология процесіне саналы түрде қарайтын ғылыми принципке орын берді.

1939 жылы июньнің 23-інде Қазақ ССР Халық Комиссарлар Советінің кезектегі қаулысымен Мемтерминкомның 22 мүшеден тұратын жаңа құрамы бекітілгенмен, көп ұзамай Ұлы Отан соғысының басталып кетуіне байланысты Терминкомға өз жұмысын тежей тұруға тура келді. Бұл кездегі жұмыстардан тек 1942 жылы Ғ. Мұсабаев, Ю. Цунвазо, К. Адайхановтар тарапынан жасалған «Орысша-қазақша әскери сөздікті» атауға болады.

Мемлекеттік терминология комиссиясының өнімді жұмыс істеп, қазақ тілі терминология проблемасын жан-жақты дамытуы Ұлы Отан соғысынан кейінгі дәуірге жатады. Соғыс зардабынан әлсіреген еліміздің экономикасы мен шаруашылығын қалпына келтіруге байланысты неше алуан маңызды да қауырт мәселелер бола тұрса да, республика партия ұйымы мен үкіметі ғылым мен мәдениет, әдебиет пен тіл мәселесін екінші кезекке қалдырған емес.

1945 жылдың 8 февралында Қазақ ССР Халық Комиссарлар Советінің қаулысына сәйкес Мемтерминкомның құрамы қайта бекітіліп, ол Халық Комиссарлар Советінің жанында болсын деген қарар қабылданды. Құрамы 23 адамнан тұратын комиссияның председателі әуелі Ілияс Омаров, кейіннен Төлеген Тәжібаев болды да, ғалым хатшылығына Мәулен Балақаев тағайындалды.

Мемтерминкомге жүздеген, мыңдаған саяси-қоғамдық терминдерді көпшілік талқысынан өткізіп, өз мәжілістерінде заңдастырып, бекітіп беруге байланысты қыруар жұмыс істеуге тура келді. Сонымен қатар Мемтерминком экономика, тарих, лингвистика, заң, ғылым, медицина, зоология, тау-кен істері, металлургия сияқты ғылымдар саласында әрқилы қолданылып, тіл практикасында қиындық туғызып жүрген терминдерді реттеуге де белсене қатынасты. Осының нәтижесінде 1948 және 1950 жылдары академик Н.Т.Сауранбаев пен С. Б. Бәйішевтердің басшылығымен екі томдық «Орысша-қазақша терминологиялық сөздік» жарық көрді.

Қазақ тілі терминологиясының қарқындап дамып, тағы бір сатыға жоғары көтерілуі 1955 жылдан кейінгі кезеңге жатады. Оған, біріншіден, қалың жұртшылықтың өскелең талабы, баспасөз, радио, телевидение сияқты көпшілікке арналған информация құралдарының дами түсуі түрткі болса, екіншіден, терминология мәселелерінің ғылыми тұрғыдан зерттеле бастауы, республикадағы ғылым салаларының қазақ тіліндегі терминдерге мұқтаждығы, терминология мәселесіне білікті мамандардың тікелей араласуы, сондай-ақ ғылыми-зерттеу орталығы ретінде 1956 жылы Тіл және әдебиет институтының құрамында Терминология бөлімінің ашылуы себепкер болған еді.

Басқа мамандармен тізе қоса отырып, бұл іске қызу араласқан тілшілер қауымы көптеген көкейтесті мәселелерді дұрыс шешіп, терминологияны өмірдің өзімен өзектесіп жатқан проблема дәрежесіне, әлеуметтік мәнін мемлекеттік деңгейге көтере білді. Ғылымның әр саласы бойынша бірнеше сөздік және зерттеулер дүниеге келді; тек 1959 бен 1962 жылдар аралығында ғана 24 терминологиялық сөздік басылып шықты. Әрине, бұл сөздіктердің бәрі бірдей Терминком мәжілісінде қаралып бекітілген жоқ. Соның өзінде де олардың терминология практикасы үшін үлкен жәрдемі болды. Айта кететін тағы бір жағдай: Терминкомда бекітілген, не бекітілуге тиісті терминдер, көбінесе Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институты тарапынан қаралып, сұрыпталып отырылды. Терминдердің тіл заңдылығына сәйкес дұрыс алынуында, терминологиялық сөздіктер жасаушы әртүрлі мамандарға бағыт-бағдар сілтеуде де бұл институт күні бүгінге дейін Мемтерминкомның бірінші жәрдемшісі болып келеді.

Кейінгі он жылда Терминком мен оның секретариаты 3 мыңнан астам термин, терминдік тіркес және номенклатуралық атауларды қарап, заңдастырды, сондай-ақ 1976 және 1979 жылдары «Бекітілген терминдер мен атаулар» жинағын екі рет шығарды және үшінші рет баспаға дайындауда. Бұл кезде ғылымның әр саласынан 20-дан астам терминологиялық сөздіктер шығып, тіл практикасына белгілі үлес қосылды. Қазақ ССР Министрлер Советінің жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы өзінің жарты ғасырлық өмірінде қазақ әдеби тілінің қатынас құралы ретіндегі қолданыс шеңбері мен қоғамдық қызметін кеңейтуде, оның жан-жақты дамып, кемелдене түсуіне ұлан-ғайыр үлес қосып, мемлекеттік қамқорлық жасап келді. Тіліміздің бүгінгі деңгейі мен 50 жыл ішінде жүріп өткен жолына бағдарлап қарасақ, кешегіміз бен бүгінгіміздің аралығы жер мен көктей. Әдеби тіліміздің, әсіресе, ресми ғылым-техника тілінің дәл бүгінгідей жан-жақты шарықтап дамуына игі ықпалын тигізіп отырған қоғам өміріндегі объективті факторларды былай қойғанда, тек Мемлекеттік терминология комиссиясының тікелей қатысуымен ғана тындырылған істер аз емес. Кейбіреулерін ғана атап өтейік:

1. Қазақ тілінің терминологиялық лексикасы, яғни ресми ғылым-техника тілінің сөз байлығы, тек қолда бар терминологиялық сөздіктер бойынша бағдарлағанда, 50 жыл ішінде жүз есе өскен.

2. Осы мерзімнің ішінде ғылымның әр түрлі саласы бойынша 60-қа жуық (58) терминологиялық сөздік басылып шығарылды.

3. Термин жасаудың, термин қабылдаудың нақтылы ғылыми принциптері белгіленіп, 30-шы, тіпті 40–50-ші жылдарға дейін алақұла, екі ұдай қолданылып келген терминдердің тіл практикасында біркелкі жұмсалып, қалыптасуына арнайы жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстар мен Мемтерминкомның өзі зор ықпал жасады. Терминологиялық процесте ана тіліміздің өз байлығын сарқа пайдалану, тілімізде дәл баламасы жоқ совет-интернационалдық терминдердің өзін қабылдау принципі, әсіресе қоғамдық ғылымдар саласында біршама дұрыс жүзеге асырылып келеді.

4. Күні бүгінге дейін екі ұдай қолданылып жүрген терминдер мен термин варианттарын сұрыптауда, мағына аралығын айырып, совет- интернационалдық терминдердің баламасы ретінде қолдану мәселесіне Мемтерминком үлкен үлес қосты. Бұл арада кейбір белсенді де білікті Терминком мүшелерінің, терминология техникасын жете меңгерген жеке адамдардың өз үлесі бар екендігін де ұмытпағанымыз жөн. Мәселен, терминология процесіне көп еңбек сіңірген білгір маман Құрманбек Сағындықов өз кезінде уақыт, мезгілге байланысты көптеген ұғымдардың терминдік мәнін тұрақтандыру мақсатымен төмендегі

қазақ сөздерінің мағыналық жігін ажырата келе жасаған ұсынысы тіл игілігіне жарағанын атамасқа болмайды; мәселен, эпоха – заман, этап – кезең, период – дәуір, мезгілдік; век – ғасыр, момент – мезет, осыдан келіп: периодический закон – мезгілдік заң, периодическая печать – мезгілдік баспасөз, т. б. Бұл тәрізді ұтымды ұсыныстар болашақта терминология тарихын зерттеушілердің назарынан тыс қалмауға тиіс. Сондай-ақ термин түзіп, оны қалыптастыруда үнемі зерделілік танытып келген марқұм Әбен Сатыбалдиевті, әлі күнге белсенді араласып келе жатқан Ислам Жарылғапов, Жұмағали Ысмағұлов тәрізді жазушы, журналистердің есімін ерекше атауға болады.

5. Совет-интернационалдық терминдердің құрамында кездесетін әр түрлі қосымшаларды (аффикс, суффикс, инфикс, префикс) қазақ тілінің табиғатына сай етіп қабылдау, немесе тиісті баламасымен алмастыру мәселесі де көпке дейін дұрыс шешімін таппай, дау-дамай туғызып келгендігі мәлім. Мәселен, елу жылдың ішінде әрқилы эволюцияға душар болған: социал-социалис-социалды-социалдық-социалистік сияқты бір мысалдың өзі нені көрсетеді. Бүгінде бұл біршама қалыптасқан дүние болып кетті. Мәселен, ыңғайына қарай бірде: автогрузчик – автотиеуіш, автодорога – автожол, авиасани – авиашана, ультразвук – ультрадыбыс, радиоузел – радиоторап деп алсақ, бірде антикоммунизм – антикоммунизм, контрреволюция – контрреволюция ретінде қабылданып жүр.

6. Қазақ тілінің орыс графикасына көшуіне байланысты совет-интернационалдық терминдердің жазылуы мен айтылуындағы 20–30 жылдардағы «қазақшалау» дәстүрі бүгінде мүлдем өзгерген: олар орыс тілі нормасымен айтылып, жазылатын болған.

7. Бір кездерде әр түрлі себептермен асығыс қабылданған, не калька жолымен қазақшаға қарабайыр аударыла салынған терминдер мен терминдік тіркестерді (мәселен: метеорит – көктен түскен тас) оқтын-оқтын қайта қарап, заңдастыру процесінде Мемтерминком олардың мағыналық дәлдігіне, ықшамдылығына, т. б. терминдік қасиеттеріне назар аудара отырып, қатарласа, жарыса жүргендерінен тілді арылтып келеді.

12 томдық ұлттық энциклопедияның дүниеге келуі ұлт мәдениетінің шарықтау шегін нышандайды. «Ұлттық энциклопедиясын жаратқан ел еш уақытта жойылмайды» деген қанатты сөзге толық дәлел бола алады. Сондай-ақ бүгінгі қазақ тілінің 10 томдық түсіндірме сөздігінің жасалуы, қазақ тілінде жүздеген газет-журналдың басылуы, радио, телехабарлардың жүргізілуі, мектептерге, жоғары оқу орындарына арналған сан алуан оқу құралдарының шығуы т. б. осы сияқты

объективтік факторлар бүгінгі қазақ тілі терминологиясының қай дәрежеде екендігінен толық дерек бере алады.

Әрине, осыншама табыстың қайнар көзі, қозғаушы күші, ұйымдастырушысы мен орындаушысы, сайып келгенде, ана тілімізді қадірлей де, қастерлей білетін жанашыр жандар, ғылымның әр саласынан сақадай сайланып шыққан білгір ғалым, білікті мамандар, мәдениет, мемлекет қайраткерлері, жазушы, журналистер.

Бұл салада әлі де шешілмеген проблемалар, ойластыратын жәйттер, көпшілік сарабына салатын таластар, істелетін істер аз емес. Бұлар, ең алдымен, бүгінгі өскелең өміріміздің жаңа талаптарынан туындаған, ғылыми-техникалық прогрестің үрдісіне сәйкес шешілуге тиісті терминологияның теориялық және практикалық мәселелері. Ол жайында әрбір саналы да сауатты азамат, тілдің шынайы жанашырлары қолына қалам алып, газет-журнал редакцияларына үзбей жазып, талап-тілектерін айтып келеді. Шынында да термин атауларды қолдануда әлі күнге дейін ала-құлалықтың орын алып келе жатқандығын, бірізділіктің жоқтығын, термин табиғатына тән нақтылықтың, дәлділіктің, ықшамдылықтың, жүйеліліктің барлық жағдайда бірдей сақталмайтындығын т. б. осы сияқты кемшіліктерді мойындағанымыз жөн. Мемтерминком тарапынан қабылданған, заңдастырылған терминдер мен номенклатуралық атауларды бірізділікпен қолдануды бақылап отыру, оны бұрмалаушыларды әшкерелеп, тәртіпке шақыру біздің тәжірибемізде әлі күнге дейін түбегейлі орын таба алмай келеді. Ала-құлалықтың бір себебі, міне, осында жатыр ғой деп те білеміз.

Мемтерминком іс тәжірибесінде де ойластыратын жәйттер аз емес. Мәселен, терминком мәжілістеріне дайындалатын материалдар тиісті мамандардың талқысына түсіп, ой елегінен өтпегендіктен, кейде дау-дамай туғызып, ақыр аяғында қол көтеруші көпшіліктің дауысымен бекітіліп жүрген сәттері де болды.

Мемлекеттік терминология комиссиясының соңғы құрамы қайта қаралып, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің 1984 жылдың 7 февраліндегі ортақ қаулысымен бекітілді. 1984 жылдың 9 февралінде Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулысымен Терминкомның жаңа Ережелері бекітілді. Осы аталған екі документке байланысты бір-екі ауыз ескертпе айтқымыз келеді.

Жасыратыны жоқ, бүгінгі терминологиялық процеске байланысты істелетін жұмыстың қиындығы мен ауқымының кеңдігі соншалық, оны бұрыннан қалыптасып қалған үйреншікті әдіс-тәсілдермен жалғастыру келешекте нәтижелі болады деп айту қиын. Ғылымның сан алуан саласы бойынша күн санап, тіпті сағат санап тілімізге еніп жатқан жүздеген, мыңдаған ғылыми-техникалық терминдер мен номенклатуралық атауларды сұрыптап алып, заңдастыруды былай қойғанда, тіпті оларды есепке алып,

бір жүйеге келтірудің өзі Терминологиялық комиссияның мүмкіншілігіне сыймайды. Осы күнге дейін комиссия тарапынан ресми бекітілген терминдердің жалпы саны бекітілмей қолданылып жүрген терминдердің оннан біріне де жетпейді. Демек, мың-мыңдаған ғылыми-техникалық терминдер сөздіктерде басылып, ұзақ жылдар бойы тіл тәжірибемізде колданыс тауып келе жатса да, әлі күнге дейін Мемтерминком пәтихасын алған емес.

Осы жағдайға байланысты, жаңадан бекітілген Ережеде Мемтерминкомның жалпы статусына, міндеттері мен праволарына, сондай-ақ іс жүргізу тәсіліне өзгерістер енгізіліп отыр. Аталған Ережеде айтылғанындай, бұдан кейінгі жерде ғылымның барлық салалары бойынша термин жасау, термин қабылдау, оларды жүйеге салып реттеу, көпшілік талқысынан өткізіп, Мемтерминкомға дайындау, баспаға әзірлеу сияқты қыруар жұмыс Терминкомның ресми түрде бекітуіне не мақұлдауына дейінгі барлық міндет, жауапкершілік секция-секцияларға топталған мамандардың өздеріне тапсырылады.

Ереже бойынша Тіл білімі институты Мемтерминкомның ғылыми базасы болып танылып, оған ғылым салалары бойынша дайындалған терминдер мен номенклатуралардың ана тіліміздің табиғатына сай дұрыс алыну міндеті жүктеліп отыр. Ал Терминкомның құрамында құрылған бақылау тобы бұдан кейінгі жерде Терминком бекіткен және мақұлдаған терминдер мен номенклатуралық атаулардың (газет, журнал, оқулықтар мен ғылыми еңбектер беттерінде, радио, телевидение тілінде) дұрыс әрі бірізділікпен қолданылуын бақылап отыру міндетін атқармақшы.

Осылайша білікті мамандар қатысуымен дайындалған, көпшілік талқысынан өтіп, ресми бекітілген немесе мақұлданған ғылыми-техникалық терминдер мен номенклатураларды жария түрінде сөздік етіп шығаруда авторлар коллективі мен тиісті мекемелер Мемтерминкомнан қолдау табатыны сөзсіз.

«Қазақ әдебиеті», 1984. 10 тамыз.
(Ө.Айтбаевпен бірге)

Процессы взаимодействия народной и научной терминологии в казахском литературном языке

Терминотворчество занимает особое место в процессах взаимодействия национального и интернационального в тюркских языках, используя, с одной стороны, ресурсы и потенции национального языка, с другой – свободное заимствование из русского языка русских и интернациональных единиц. И чем более эти процессы интенсивны, тем сложнее становятся проблемы практического решения и теоретического осмысления такого сложного и живого явления языковой стихии, как терминотворчество.

Тем не менее некоторые авторитетные ученые-тюркологи считают, что терминологические проблемы в национальных языках достаточно изучены и не представляют особой теоретической ценности ввиду того, что не несут в себе каких-либо новых теоретических положений, являясь по сути всего лишь фактологическими модификациями общих идей. Такое же мнение часто высказывается и в отношении профессиональной лексики.

Однако с таким положением вещей трудно и навряд ли целесообразно согласиться по следующим соображениям. В современном казахском письменно-литературном языке, как и в любом другом национальном языке народов Средней Азии и Казахстана, создание и совершенствование системы научной терминологии считается совершенно новым явлением в его истории, происходящим в связи с необходимостью сознательного воздействия общества на языковую стихию и целенаправленного регулирования этого процесса в условиях научно-технического прогресса в нашей стране. Кроме того, необходимо подчеркнуть, что в данной области мы не располагаем научным опытом по сравнению с языками с более развитой традицией письма.

Некоторые попытки обобщения этого процесса в национальных языках начинают осуществляться (Развитие терминологии ... 1987), хотя говорить о серьезных теоретических разработках по тюркской терминологии пока не приходится.

В процессе терминотворчества в каждом языке по существу создается еще один «мини-язык», располагающий огромным, постоянно преумножающимся количеством терминологической лексики, намного превышающей число общеязыковой лексики. И здесь нет преувеличения. Так, например, в десятитомном толковом словаре казахского языка (Қазақ тілінің ...) (вместе с вариантами, диалектизмами, парадигматическими формами глагола и др.) суммарное количество реестровых слов составляет включая и богатейшие пласты диалектизмов и профессионализмов. Это еще одна причина, заставляющая нас отстаивать принцип более широкого научно-теоретического изучения процесса терминотворчества в национальных языках, проведения глубокого зондирования богатства общенародной лексики, и выявления ее новых потенциальных возможностей. О ч е в и д н а важность и целесообразность изучения указанных выше проблем с точки зрения происходящих сегодня в национальных литературных языках интенсивных процессов становления и формирования научного стиля и стилистических систем на разных уровнях, располагающих определенными наборами терминологических словарей. От этого во многом зависят обучение детей в национальных школах, преподавание

предметов на родном языке в школах и вузах, средних специальных учебных заведениях, развитие науки и культуры, технической и научной интеллигенции и т. д.

Однако создание терминологической системы в каждом языке – дело сложное, и оно в первую очередь требует научного осмысления сложного процесса взаимодействия народной и научной терминологии. Здесь важно выяснить, как и в какой степени в терминотворческом процессе казахского языка реализуется принцип исчерпывающего использования его собственных потенциальных возможностей.

В 20–30-е годы можно отметить два периода в развитии тюркского языка, противоположные друг другу: пуристический и период сплошного заимствования советско-интернациональных терминов без соответствующего поиска. В последующие периоды терминотворчества в казахском языке, особенно после 60-х годов, наблюдается тенденция внутренней дифференциации: перераспределение внутренней функциональной нагрузки семантики между новыми и старыми терминами, привлекаемыми из богатейших ресурсов общенародного языка.

Известно, что отдельные понятия и предметы довольно часто имеют несколько народных наименований. Такое явление имеет место в любом языке. Например, в русском: одна лишь разновидность чайки (птицы) в народе именуется: чайка сизая, чайка серебристая, баклуша, клуша, рыболов, визгунья, каюха и т. д.; в казахском в значении сычуг (Aba masus) употребляются: *ұлтабар, шынайы қарын, мәйек, жалбыршақ қарын;* в значении волк – *қасқыр, бөрі, итқұс* и т. д.

Как в таких случаях поступают специалисты-составители отраслевых терминологических словарей? По-разному. В одних случаях, согласно строгим принципам терминологии, предпочтение отдается одному из этих наименований, а в других – чаще в переводной части, перечисляются все народные варианты. Сошлемся на факты, приводимые в двух (казахско-русском и русско-казахском) словарях биологических терминов, составленных биологом Т. Мусакуловым (1962) еще в 60-х годах как первый опыт в этой области науки. В этих словарях при выборе реестрового термина из ряда синонимов в одном случае предпочтение отдается варианту, который в большей степени отражает суть терминологического понятия в принятой научной классификационной системе, а в другом – допускаются все их параллели. Так, например, в русско-казахском словаре биологических терминов из наличных в русском языке семи наименований, относящихся к понятию «чайка», в качестве доминирующих реестровых выведены: чайка сизая – *көк шағала* и чайка серебристая – *сұр шағала* (РК 166), три из них – клуша, баклуша и визгунья переведены как *боз*

шағала (РК 75, 17), а два – рыболов и каюха – не привлечены в термины. При этом традиционное наименование *ақ шағала* в казахском языке осталось не использованным. В этих словарях иногда в переводной части приводятся два и более дублетов или синонимических рядов, что, пожалуй, оправдывает себя как информационно-познавательный материал, хотя это принципами научной терминологии не предусмотрено.

Однако терминологическая актуализация при наличии целого ряда народных наименований в языке создает определенную сложность, особенно при составлении двуязычных терминологических словарей. Она связана прежде всего с идентификацией смысловой структуры соответствующих советско-интернациональных и национальных терминов при наличии такого выбора и усугубляется скоплением вокруг одного терминологического понятия нескольких наименований как в русском, так и в казахском языках. Так, например, в русском языке одно терминологическое понятие в области ботаники передается четырьмя терминами: осот, бодяк, будяк, волчец, причем в одном случае они в указанных нами словарях фиксируются как самостоятельные термины, а в другом – как синонимы со взаимной отсылкой. Составитель в одном случае переводит их одним и тем же словом – *қалуен/қалуін,* а *қалуен* в свою очередь переводится – бодяк, будяк, осот (КР 82), в другом случае – соответствием того же осот выступают казахские *тікенқурай,* осот розовый – *тікен қалуен, тікен құрай* (КР 145).

Аналогичными примерами терминологические словари изобилуют. Последнее вызвано прежде всего тем, что, как правило, многочисленные терминологические синонимические ряды в русском и казахском языках не являются тождественными друг другу. И в некоторых случаях бывает практически невозможно подобрать абсолютно точный семантический вариант в каждом языке для конкретного обозначения. Поэтому нам представляется вполне обоснованной фиксация в реестрах словарей двух терминов, ср.: выдра, порешня – *ақама, қамшат* (РК 36), *сасық күзен* – колонок горный, солонгой (КР 119), вонючка (РК 34); *сұртышқан, тоқалтіс* – полевка (КР 124), колючка – *ылтақ, тікен, тікенек* (РК 77), а *тікен, сояу, шөңге* – колючка (КР 145) и т. п.

Смысловая несовместимость народных терминов в разных языках также связана с тем, что они экспрессивно окрашены и сохраняют в себе живые связи с этнографическими и образно-ассоциативными представлениями народа, что обычно не допускается в научной терминологии. Но такие факты все же встречаются. Так, в рассмотренных нами словарях божья коровка квалифицируется как термин и ему в казахском языке соответствует не менее поэтичное слово *ханқызы* (досл. «ханская дочка»). Однако возведение

в категорию термина сочетания *ел қайда көшеді?* (досл.: «куда же народ перекочует? в какие кочевья перейдет?»), представляющего отрывок из этнографического ритуала детской игры у казахов, начинающегося словами *Ел қайда көшеді, суды қайдан ішеді*[1], ничем не может быть оправдано. Также неправомерно привлекать в качестве терминов народные наименования, возникшие в результате метафорического, метонимического переноса, эвфемизации и т. д. Например, в указанных словарях биологический термин волк передается на казахский язык тремя словами: *қасқыр, бөрі* и *иткұс* (РК 33). Последнее слово никак не может быть термином, так как оно возникло в лексиконе древних кочевников в результате табуирования, т. е. во избежание открытого произнесения названия волка – *қасқыр,* могущего, по их представлениям, навлечь беду на скот.

Еще один пример сближения народной и научной терминологии в языке: в биологии сибирская язва (Anthrax) считается наименованием общей болезни домашних животных и человека, так как они заражаются одной бациллой (Bacillus anthrax), но протекает она у животных и человека по-разному (Кашаганов, 1982). В казахском языке каждая разновидность этой болезни обозначается одним или двумя-тремя народными терминами: сибирская язва у лошадей – *жамандат,* у верблюдов – *қарабез,* у коров – *қараталақ,* у овец и коз – *топалаң, ұшпа, сіреспе,* у человека – *түйнеме, күйдіргі, қағынды* (отсюда обращенное к детям: *ой, қағынды келгір!).* Примечательно, что эти народные термины смело вводятся в обиход научной биологической терминологии, хотя в обратном переводе на русский язык они объединяются в одно общее обозначение – сибирская язва.

Надо сказать, что создание новых терминов на национальной почве происходит разными путями: в одном случае по принципу аналогии с русско-интернациональными образцами, в другом – с использованием разных моделей калькирования, в третьем – путем внутренней семантической дифференциации и перераспределения. Так, например, для передачи названия цветов: красный тюльпан, тюльпан, желтый тюльпан или лютик удачно были использованы имеющиеся в казахском языке наименования: *қызғалдақ* и *сарғалдақ.* Учеными Казахстана путем гибридизации в 1986 г. была выведена еще одна разновидность тюльпана черного цвета, который по аналогии с *қызғалдақ* и *сарғалдақ* был назван *қарағалдақ* (Калиев, 1988). Данный термин является свидетельством создания новой терминологической единицы на почве национального языка на базе уже имеющихся образцов.

1 По поверьям кочевых казахов, направление движения божьей коровки указывало предстоящий маршрут перекочевки.

Как известно, калька считается весьма продуктивным приемом терминосоздания на национальной почве. Однако, надо заметить, что чрезмерное увлечение данным приемом без глубокого зондирования народной, профессионально-диалектной лексики и исчерпывающего ее использования непременно приводит к созданию искусственных терминов, не вписывающихся в лексическую структуру языка, отличающихся по своей структуре и семантике. Иногда народный термин выступает стержневым элементом ряда терминологических сочетаний, видовых обозначений. Например, пырей по-казахски – *бидайық;* соответственно: пырей ветвистый – *бұтақты бидайық,* пырей восточный – *шығыс бидайық,* пырей гребенчатый – *еркек бидайық,* пырей простертый – *мортық бидайық,* пырей ползучий – *жатаған бидайық* и др. (РК 126). Это, на наш взгляд, с точки зрения системности является оправданным приемом калькирования. Однако при нарушении системности подобные приемы калек приводят различным курьезам. Приведем лишь один пример. Термин солянка в одном из указанных словарей переведен тремя народными наименованиями: *күйреуік, сораң, шөребота.* И тут же разновидности солянки передаются: солянка бородавчатая – *шөре шөп,* солянка войлочная – *балықкөз шөре,* солянка древовидная – *сарсадық шөре,* солянка древцевидная – *баялыш шөре,* солянка жирная – *мая сора, май шөре,* солянка у казахов – *қояншүн шөре,* солянка корявая – *күйреуік шөре* и т. д. (КР 140). В этих терминах обращает на себя внимание доминирующий компонент *шөре,* который отсутствует в числе народных терминов, приравненных к основному термину – солянка (вид растения). Но это еще не все. Мы проверили по словарям казахского языка сферу применения указанных наименований. Так, *күйреуік* отсылается на *метір* (КР 77), а *метір,* выведенный в реестр наряду с *күйреуік, сораң, шөре, шөребота,* переводится одним термином – солянка (КР 135). В то же время *сораң* (КР 121), *шөре* и *шөребота* отсылаются к *метір* (КР 157). Кроме того, слово *метір,* как и *шөре,* отсутствует при переводе основного термина солянка. Таким образом, из числа народных терминов актуализированные *шөре* и *метір* в функциональном плане повисли как бы в воздухе, т. е. остались нереализованными. Здесь сказывается отсутствие системности и последовательности в использовании стержневых слов в моделях калькирования.

Одной из особенностей рассматриваемого нами принципа терминотворчества является возможность создания новых терминов на базе имеющихся в языке слов путем семантического переосмысления, структурного переоформления или использования их в отрыве от традиционных сочетаний. Казахский язык имеет немало положительного опыта в этом отношении. Многие такие слова прижились в языке: *балмұздақ*

– мороженое, *теледидар* – телевизор, *аялдама* – остановка, *көрермен* – зритель, *оқырман* – читатель и др. Они имеют своих авторов-создателей.

Однако такие опыты не всегда бывают удачными. Так, например, международный общебиологический термин «симбиоз» в русском языке передается также термином «сожительство». Исходя из значения последнего, он был переведен на казахский язык известным словом *селбесу* в значении «помогать друг другу, оказывать содействие друг другу» (КР 120). Насколько этот термин прижился в биологической науке, трудно сказать, но с точки зрения языковой логики он не соответствует понятию слова «симбиоз».

В связи с внутренней семантической дифференциацией и перераспределением имеющихся народных наименований по отраслям науки или внутри одной и той же науки в первую очередь возникает сложность их терминологической идентификации. Биологическое понятие «сычуг» в казахском языке имеет несколько соответствий: *ұлтабар, жалбыршақ қарын, шынайы қарын, мәйек* и др. (Орысша-қазақша сөздік, 1981) (РК 148; КР 105, 148 и др.).

Вначале *мәйек* в одном из указанных словарей был закреплен понятием «сычужина», т. е. «фермент, содержимое сычуга», хотя в другом специальном словаре (Кашаганов, 1982) «сычужный фермент» переведен как *ұлтабар ферменті,* что при наличии специального слова *мәйек* можно счесть неудачным. Как ни странно, один и тот же автор казахское наименование *ұлтабар* рассматривает и в одном ряду со словом «сычуг» и со словом «двенадцатиперстная кишка» (КР 148), а второй автор-биолог последний термин передает сочетанием *он екі елі ішек* (полная калька).

В таком же положении находится немало и других народных терминов в разных областях науки.

Таким образом, терминологический принцип исчерпывающего использования внутренних потенциальных возможностей национальных языков выдвигает на повестку дня немало проблем, некоторые из них были проиллюстрированы нами на фактах казахского языка Эти проблемы актуальны и злободневны, так как диктуются каждодневными практическими потребностями языка, неотложностью их решения. Вопрос сравнительного изучения терминологической лексики в тюркских языках вообще и в их отдельных группах в частности можно считать давно назревшим. Сравнительное изучение дало бы возможность не только обмениваться опытом терминотворчества в этих языках, но и выявить общие закономерности этого процесса и его особенности в каждом из языков.

Литература

См.: Развитие терминологии на языках союзных республик СССР. М., 1987.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 1974. Т. 1; 1976. Т. 2; 1976. Т. 3; 1979. Т. 4; 1980. Т. 5; 1982. Т. 6; 1983. Т. 7; 1985. Т. 8; 1986. Т. 9; 1987. Т. 10.

Ысқақов А. Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігі (Соңғы сөз орнына) // КТТС, т. 10, 500-б.

Исамбаев М. Орысша-латынша-қазақша терминология сөздігі. Т. 5. Медицина. Алматы, 1960.

Насырова М. Н. Русско-казахский краткий словарь социально-экономических терминов. Алма-Ата, 1979.

Бекмухаметов Е. Краткий русско-казахский словарь терминов металлургической промышленности. Алма-Ата, 1959.

Аққошқаров Е. Физика терминдерінің орысша-қазақша түсіндірме сөздігі. Алматы, 1974.

Әбетов Ғ. Әдебиеттану терминдерінің қысқаша орысша-қазақша сөздігі. Алматы, 1962.

Кеңесбаев І., Жанұзақов Т. Тіл білімі терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. Алматы, 1962.

Мұсақұлов Т. Биология терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. Алматы, 1960 – в дальнейшем сокращенно РК; *его же.* Қазақша-орысша терминология сөздігі. Биология терминдері. Алматы, 1962 – в дальнейшем сокращенно КР.

Қашағанов Х., Бердімұратов Ж. Мал дәрігерлік түсіндірме сөздік. Алматы, 1982, 97-98-66.

Қалиев Б. Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары. Алматы, 1988, 6-б.

Махмудов Х., Мусабаев Г. Казахско-русский словарь. Алма-Ата, 1987 с. 869.

Вопросы киргизской терминологии. Фрунзе, Илим, 1989, с. 24-31.

ҚАЗАҚ ТІЛІ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫНА ЖАҢАША КӨЗҚАРАС

Алғысөз

Егеменді ел, тәуелсіз мемлекет болған Қазақстан республикасы бүгінде өзінің жұлдызды сағатын бастан кешіруде. Оның саяси-экономикалық, қоғамдық-әлеуметтік, рухани-мәдени өмірінде жүз беріп отырған және міндетті түрде шешілуге тиісті келелі мәселелердің бірі – тіл тағдырына

байланысты. Бүгінгі таңда оған толғағы жеткен үш түрлі мәселені жатқызуға болады: **а) жазу мен емле, ә) ономастика** және **б) терминология.** Арнайы Заң қабылданып, қазақ тіліне мемлекеттік статус (мәртебе) берілуі, ол Заңды іс жүзіне асыру максатымен 2000-жылға дейінгі Мемлекеттік бағдарламаның қабылдануы, жазуды ауыстыруға байланысты жоба-ұсыныстардың жариялана бастауы, ономастика мәселесін реттеуге бағышталған жоба-тұжырымдаманың талқылануға ұсынылуы, сондай-ақ қазақ тілі терминологиясын реттеп, ілгері дамытуға қажетті болып саналатын қоғамдағы жаңаша көзқарастар туралы біздің көтеріп отырған осы әңгімеміздің бәрі, сайып келгенде, егеменді ел, тәуелсіз мемлекетке жарасымды мемлекеттік тілдің бүгінгі тағдыры мен ертеңгі болашағының қамы. Мемлекет құзырында құрылып, шама-шарқынша жұмыс істеп жатқан Мемлекеттік терминология комиссиясы, Мемлекеттік ономастика комиссиясы, ұлтаралық қатынас, мәдениет және тілге жауапты Жоғарғы Кеңес жанындағы комиссия, Мемлекеттік үйлестіру комиссиясы – бұлардың бәрі де бір мақсат төңірегінде шоғырланған ресми, биресми ұйымдар.

Бірақ біз білетін бұл комиссиялардың бір де біреуі өздерінің бүгінге дейінгі статусымен, ұйымдық құрамымен, жұмыс тәсілімен, сондай-ақ ресми адамдардың оларға деген ықылас, көзқарасымен ана тіліміздің мемлекеттік дәрежеде шешілуге тиісті өзекті де күрделі мәселелерінің мүддесінен шыға алады дегенге өз басым сенбейді. Халқымыздың ояна бастаған ұлттық санасы, рухани жаңғыруы бұл комиссиялардан қоғамдық-әлеуметтік өміріміздегі жаңа үрдіс, жаңалықтармен санаса отырып, жаңаша іс бастауды талап етеді.

Өмірдің өзі күн тәртібіне қойып отырған өзекті мәселелердің бір саласы – *терминология.* Жарты ғасырдан астам өзіндік дәстүрі бола тұрса да терминология мәселесіне қайта оралудың қажеттігін танытып отырған үш түрлі себеп бар сияқты:

бірінші себеп – ғылыми-техникалық прогрестің айнасы ретінде әрбір өркениетті ел терминологияның сақадай сай болуына ерекше мән беріп, замана талабына сәйкес оқтын-оқтын оның бағыт-бағдарын анықтап, үрдісін белгілеп отыруға тиіс; біз де сондай ел санатына жатамыз;

екінші себеп – қазақ әдеби жазба тілі – мемлекеттік тілдің негізі, ал терминология мен ғылым тілі – оның жон арқасы, бүкіл рухани-мәдени өміріміздегі жаңалықтардың бәріне де сезімтал, өзгеріп отыруға өзі де бейімді құбылыс; сондықтан да мемлекеттік әдеби тіліміздің бүгінгі күйі мен ертеңгі жағдайы терминологияның даму деңгейімен, реттілігімен, жүйелілігімен, тұрақтылығымен және қолданыс аясының кеңдігімен өлшенеді;

үшінші себеп – қазақ тілі терминологиясы бүгінде әр түрлі объективті де субъективті жағдайларға байланысты белгілі дәрежеде дағдарысқа ұшырап отыр; қалыптасқан ғылыми принцип терминологиялық процеске бағыт-бағдар беріп, алдында жүрудің орнына, оның артында қалып, термин практикасы

аяқасты болып қалды; осының нәтижесінде әркімнің өз білгенінше термин жасау немесе оны ауыстыру, алмастыру тәрізді бейберекет «бұқаралық» әрекетке (анархияға) жол беріле бастады; ал мұндай жаңа үрдістің бел ала бастауына ең алдымен тіліміздегі ұлттық және интернационалдық терминдердің ара салмағындағы табиғи үйлесімділіктің бұзылуы, ескі дәстүрдің біржақты дамуы себеп болып отыр.

Міне, негізінен осы үш түрлі себеп күні бүгінге дейін қолданылып келген терминологиялық принциптерге де сын көзімен қарап, термин жасаудың нақтылы ғылыми-практикалық жөн-жобасы мен әдіс-тәсілдерін, сондай-ақ жаңа демократиялық (бұқаралық) үрдіске байланысты термин «шығармашылығындағы», ескі мен жаңа арасындағы диалектикалық күрестің, әртүрлі көзқарас пен әрекеттің мән-жайын түсіндірудің, зиялы қауым, жұртшылық болып өзара кеңінен пікір алысудың реті келген сияқты. Бұл мәселені енді кешіктірсек, мемлекеттік тіліміздің өз дәрежесінде дамуына, қолданыс аясының кеңеюіне нұқсан келері сөзсіз. Сондықтан да терминологияны тіл саласындағы бүгінгі таңның өзекті мәселесі деп қарап, оған ерекше мән беруіміз керек.

Мәселені сындарлап айтқанда: терминология – ұлттық болмыс- тың болашағы болып саналатын мемлекеттік тіліміздің өзімен тағдыр лас дүние. Оның бәрін бұрынғыдай Қазмемтерминкомның құзырына ғана тапсырып, бір топ зиялы қауымның анда-санда бас қосып, ат үсті, жүрдім-бардым іс-әрекетімен, даулы мәселені қол көтеріп шешуге енді болмайды. Терминология проблемасын түбегейлі шешудің бірден-бір жолын, өз басым, ғылыми-практикалық тұжырымдаманы терминком тарапынан қайта қарап, оның өмір талабына сай бағыт-бағдарын анықтау деп білемін.

Осынау игілікті істің бастамасы, алғашқы қадамы ретінде біз қазақ тілі терминологиясы бойынша өз пікір-ұсынысымызды ортаға салып, алдымен Қазмемтерминком алқасында талқылауды мақұл көрдік.

Қазақ тілі терминологиясының үрдісін анықтауға, термин жасау процесін реттеуге және тұрақтандыруға байланысты біздің ЖОБА ретінде ұсынып отырған тұжырымдамамыз (концепциямыз) үш бөлімнен тұрады: **бірінші бөлімде** нақтылы 11 принциптен тұратын тұжырымданың тезис ретіндегі жобасы беріледі; мұны біз жұрттың назарын бірден принципті мәселелерге аудару үшін алдымен қысқаша беріп отырмыз; **екінші бөлімде** тұжырымдамадағы 11 принциптің ғылыми-практикалық қажеттігін сипаттайтын деректер мен дәлелдер, түсініктемелер беріледі; **үшінші бөлімде** – тұжырымдама принциптерін іске асырудың нақтылы шаралары мен Қазмемтерминкомның жаңа міндеттері.

§ 1. Қазақ тілі терминологиясын жаңаша бағдарлау, реттеу және ілгері дамыту тұжырымдамасының

11 принципі жайында

1-ПРИНЦИП: Егеменді ел, тәуелсіз мемлекет атанып отырған Қазақстанның бүгінгі жағдайында мемлекеттік тілдің негізгі тірегінің бірі – терминологияны жан-жақты дамытудың, реттеудің, қалыптастырудың алғы шарттарының бірі – оған деген **мемлекеттік қамқорлық**.

2-ПРИНЦИП: Қазақ тілі терминологиясының жақсы дәстүрлерін жалғастыра, өскелең өмірдің биік талап-талғамына сай жүз беріп отыр- ған бұқаралық үрдістің ұлттық тіл үшін тиімді де қажетті жақтарын орынды пайдалану.

3-ПРИНЦИП: Салалық (ғылыми-техникалық, табиғаттық, қоғамдық, саяси-әлеуметтік) терминдер мен атауларды жаңадан жасауда, өзгертуде, ауыстыруда ең алдымен қазақ тілінің төл және бұрыннан қалыптасқан байырғы лексикалық байлығын сарқа пайдалану.

4-ПРИНЦИП: Термин шығармашылығында бұдан кейін туысқан түркі тілдерінің (әсіресе терминология дәстүріне бай жазба тілдердің) озық тәжірибелерінен, термин жасаудың өрнек-үлгілерінен, оңтайлы да үйлесімді сөз жасау модельдерінен мүмкіндігіне қарай пайдалану.

5-ПРИНЦИП: Тіліміз үшін қажет, бірақ дәл баламасы жоқ, аударуға келе бермейтін интернационалдық терминдер мен атауларды қазақ тілінің фоно-морфологиялық ерекшеліктеріне икемдеп қабылдау.

6-ПРИНЦИП: Орыс тілінен (жалпы славян тілдерінен) енген терминдік атауларды мүмкін болғанынша қазақшаға аударып қолдану; аударуға келмейтіндерін бұрынғыдай сол қалпында емес, қазақ тілінің фоно-морфологиялық ерекшеліктеріне үйлестіре қабылдау.

7-ПРИНЦИП: Салалық күрделі терминдер мен атаулар қазақ тілінің өз негізінде алғашқы әріптері мен буындары бойынша (жекелей де, сөз араластырып та) кеңес-интернационалдық термин-атаулардың үлгісімен қысқартылып пайдалануды заңдастыру.

8-ПРИНЦИП: Күн сайын толассыз туындап жатқан жаңа терминдік ұғымдарға тіліміздің дәл балама іздеуде де, термин-атауларды жаңадан жасауда да жалпы терминге тән талаптарды сақтай отыра, дәстүр мен шарттылық заңдылығын мойындау.

9-ПРИНЦИП: Тілімізге қабылданатын терминдер мен атауларды мағыналық, тұлғалық жағынан жақындарын өзара топтастырып, салыстыра отырып, лексикалық байлығымызды салалық жүйе бойынша жіктеп, саралап пайдалану.

10-ПРИНЦИП: Тіліміздегі ұлттық және интернационалдық термин-атаулардың сандық, сапалық салмағын табиғи қалпында сақтаудың жолдарын іздестіру.

11-ПРИНЦИП: Терминдер мен атаулардың емлесін тіл заңына, жазу дәстүріне сәйкес реттеу; бұл, әдетте, алфавит пен емле қағидаларын өзгертуге байланысты қаралатын күрделі мәселе, бірақ оған қоғам санасын қазірден-ақ дайындау, бейімдеу қажет.

Бұл принциптер тезис түріндегі жоба ретінде келтіріліп отыр. Олардың әрқайсысы туралы әңгіме төменде.

§2. Тұжырымдамадағы 11 принциптің ғылыми-практикалық негіздері мен сараптамалары

1. «Терминологияға – мемлекеттік қамқорлық» мәселе бірде-бір тілдің терминдік принципі ретінде бұрын-соңды қойылған емес. Бұл мәселені тұжырымдама принципі ретінде барша терминология «шаруашылығының» алғышарты етіп коюымыздың себебі, *біріншіден*, терминология саласындағы көп жылдық ащы-тұщы тәжірибеміздің белгілі болған қажеттілік болса, *екіншіден*, ана тілімізге мемлекеттік мәртебе беріп марқайтып, оның бүгіні мен ертеңіне кепілдік беріп отырған «Тіл заңы» алдындағы аса зор жауапкершілік, сондай-ақ 2000-жылға дейінгі тіл дамыту бағдарламасында берілген «уәдені» орындау ең алдымен тәуелсіз мемлекеттің өз міндеті, төл ісі екендігін мойындау, әрі оны заңдастыру. Өйткені біз бұдан кейін де әдеби тіліміздің күре тамыры болып саналатын терминология тағдырына немқұрайды қарап, оның барлық тізгінін 50 жылдан астам уақыт тек қоғамдық негізде ғана қызмет атқарып келген Қазмемтерминкомның қолына беріп қойып, оған қатысты азын-аулақ адамның жүрдім-бардым тірлігімен ғана қанағаттанатын болсақ, бұл ісімізден ешкандай нәтиже шықпайды. Осы бір үйреншікті дәстүрмен, таптауырын жолмен тарта беру енді қауіпті. Сондықтан да ең алдымен терминге деген қалыптасып қалған қасаң көзқарасты, қоғамдық сананы мүлдем өзгертуіміз керек. Бұл игілікті іске сөз, қағаз жүзінде емес, іс жүзінде мемлекеттік қамқорлық, нақтылы да тиімді көмек, қаржылай жәрдем, идеологиялық қолдау қажет.

Олай болса, осы қамқорлықтың, жәрдемнің, қолдап-қуаттаудың нақтылы түрлері мен көріністері айқындалуы, бұл саладағы іс-әрекеттің тетігі мен тиімді тәсілдері анықталуы, сондай-ақ барша іске басымен жауап беретін жеке адамдар мен мекемелердің аты аталып, міндеті белгіленуі қажет. Осыған орай, біз де өз ойымызды айта кеткіміз келеді. *Біріншіден*, Мемтерминком бүгінгідей жартылай биресми, жартылай

қоғамдық «жарымжан» ұйым емес, бүкіл термин «шаруашылығына» жауап беретін, атап айтқанда, термин жасау, терминдерді ауыстыру, реттеу, қалыптастыру, жариялау, қолдану сияқты т.б. ұшан-теңіз жұмысты ұйымдастырушы, үйлестіруші, бағдарлаушы, бақылаушы ретінде үкімет тарапынан қаржыланған, тұрақты қызмет ететін мемлекеттік ресми орган болып, статусы жаңаланып, қайта құрылуы қажет. *Екіншіден*, бұл мекеменің міндетін бұрынғыдай кейбір терминдер төңірегінде қызыл кеңірдек болғанша тәжікелесуді, бір топ лауазымды басшылардың анда-санда бас қосып, дау-дамаймен аяқтайтын мәжілісі немесе олардың жұмыс арасында жүрдім-бардым тындыратын қызметі деп түсінсек, мықтап қателесеміз. Бір қарағанда көңілге дәтке қуат болып келсе де, бұл комиссияның терминология мәселесін түбегейлі шешуге әлжуаздық көрсетуін жасыруға болмайды. Мәселен, осы комиссия 10 жыл (1971–1982 жж.) ішінде, жоғарыда айтылғандай, таласып-тәжікелесіп отырып 3 мың термин-атауды бекітіп, басып шығарыпты. Бұл, әрине, комиссияның кезінде жұмыс істегенін көрсетеді. Бірақ оны 10 жыл ішінде өткізген 65 мәжілістің нәтижесі екенін ескерсек, әрбір осындай мәжілісте орта есеппен 45 қана термин қаралып, бекітілген екен. Ал қазақ тіліндегі терминологиялық лексиканың жалпы саны бүгінде 100 мыңнан асады және оның шамамен 90 проценті әлі күнге дейін ресми бекітілмеген терминдер. Сонда терминкомның 10 жылдық ісінің пайдалы коэффициенті 3-ақ процент екен. Ал шын мәнісінде жаңадан жасалған, балама ретінде алынған және сырттан қабылданған ғылыми-техникалық термин-атаулардың бәрі Мемтерминком тарапынан сұрыпталып, мақұлданып, ресми патиқасын алуға (бекітілуге) тиіс еді. Ондай тегеуірінді әрекет жоғарыдағы себептерге байланысты бұл комиссия тарапынан бола қойған жоқ.

Сондықтан да статусы өзгерген болашақ Мемтермимкомның сан алуан міндетін негізінен үш топқа бөліп қарауға болатын сияқты: а) **«термин саласындағы шығармашылық», ә) «терминдерді електен өткізіп, ресми бекіту», б) «терминдерді қалыптастырып, қолданысын реттеу».** Әрине, бұл әрбір топтың артында толып жатқан нақтылы іс-әрекеттер мен шаралардың тұрғандығы сөзсіз. Мәселен, сала-сала бойынша термин жасау процесін ұйымдастыру, үйлестіру деген сөз республикамыздағы барлық ғылыми-шығармашылық потенциямызды (мүмкіншілігімізді), атап айтқанда, осы салаларда өсіп жетілген (екі тілді) мамандарды термин жасау, сөздік шығару, оқулық жазу проблемасының төңірегіне шоғырландыру, әрбір ғылым саласынан авторлық коллектив құру, олардың шығармашылық жұмысын үйлестіру, әртүрлі сөздіктер шығару, қаржыландыру, ынталандыру т.б. толып жатқан жұмыстардың бәрі болашақ Мемтерминкомның міндетіне жүктелуге тиіс.

Бұл мәселеге терминология саласындағы нақтылы шараларды анықтауға байланысты төменде тағы ораламыз.

Тұжырымдаманың **2-принципі** тілдегі жаңа үрдіске бағышталған. Ал тілде бой көрсете бастаған бұл үрдіспен (тенденциямен) санасу – қоғам өміріндегі өзгерістерге сәйкес ұлттық сананың да даму заңдылығын мойындау деген сөз. Жаңалыққа сезімтал, өзгеріске бейім тұратын терминология саласында бұл үрдіс ерекше көзге түсетіндігін жоғарыда айттық. Шынында да, тек кейінгі 2–3 жылдың ішінде қазақ тіліне мыңдаған жаңа термин-атаулар еніп, мыңдаған атау-терминдер жаңадан жасалып, не жаңа баламаларымен ауыстырылып та үлгірді. Бұл бұрынғы «бейбіт» өмірде тек 20–30 жылда ғана болатын күрделі өзгерістер. Және ол күн сайын үдей түспесе, толастайтын түрі жоқ. Қалыптасып қалған терминдік жүйенің қабырғасы қопарылып, қайтадан қалана бастаса, үйреншікті термин-атаулар жоғарыдан емес, төменнен өзгертіліп, ауыстырылып жатса, әркім өзіне ұнаған термин-атауын ұсынып, терминология «базарында» сөз бәсекесін қоздырса, мұндайда бағыт-бағдар беріп, басалқылық айтатын Терминком сырттан бақылаушы болып, шарасыздық танытса, осының бәрін не деуге болады? Тілді анархияға бастайтын бейберекет құбылыс па, әлде тіл дамуындағы заңды үрдіс, бетбұрыс па?

Бүгінгі әңгіменің ең өзекті жері – осы мәселенің басын ашып алу. Егер біз терминология саласындағы «қопарылыс-кобырауды» анархияға бастайтын бейберекет тірлік, замана ағымына еліктеуден туған «жаңашылдық», жарға соқтырар жаңсақ әрекет деп тапсақ, онда бүкіл жұртшылық болып оған пәрменді күрес ашуымыз керек. Ал егер бұл халықтық «қазанда» көптен бері қайнап, енді ғана қайнауы жетіп, таси бастаған табиғи құбылыс болсашы? Онда ол құбылыстың бетіндегі көбігін қалқып тастап, таза болмысына баға беруіміз керек, қажет болса, тілдің қоғамдық құбылыс ретінде дамуының өзіндік көрінісі, заңды үрдісі деп табуымыз керек.

Мәселе осы бір тығырыққа келіп тірелгенде, о баста елеусіз басталып, біртіндеп өрбіп, бүгінде өршелене түскен осы үрдістің табиғатына жеңіл-желпі қарамай, тереңірек бойлап, тиісті бағасын беру білгірлік пен парасаттылықты талап ететін сияқты. **«Мұндай бейберекет әрекетті тоқтату керек»** деп әмір айтушылар да арамыздан табылар. Бірақ бізге қазір істің мән-жайына тереңірек түсінетін жандардың байсалды да пайымды пікірі қажет. Өйткені бұл үрдісті тумай жатып, тұншықтыруға болмайды. Ол туралы үстіртін пікір айтып, ойланбай қарсы шығатын ағайындарға ескертетінім: табиғи да объективті процестің алдына шығып, болашақты болжайтын сәуегей жоқ. Бүгінгі біздің өміріміздегі ұлы өзгерістердің бәрі, міне, осыны

көрсетеді. Олай болса, жол айрығында тұрған мемлекеттік мәртебелі ана тіліміздің болашағы қай жолды қалап алатындығы біз үшін әлі жұмбақ. Мүмкін бүгін бой көрсете бастаған демократиялық (бұқаралық) үрдіс тәуелсіз мемлекет құрып отырған халқымыздың өз тілін еркін де дербес дамытуға бастайтын алғашқы қадам шығар! Жер жүзінде өз тілін ешкімге өктемдік жасатпай-ақ, өз қалауынша дамытып отырған елдер аз ба?

Міне, жаңа үрдіс мәселесіне осы тұрғыдан бүгінгі терминология саласындағы «өзгерістердің» барлығына парасаттылық, байсалдылық, зейінділікпен қарау қажет сияқты. Әрине, жоғарыда біз бейнелеп айтқан «терминология қазанында» қайнап жатқан дүниенің бәрі асыл зат емес. Онда көбікті көпірме сөздер де көп. Бұл арада мәселе жаңа үрдісті дұрыс қабылдай білуде. Ал «қазанның» ішінен қажетімізге жарайтындарын салыстырып, саралап таңдап алу өзімізге, саналы қауымның белсенділігі мен іскерлігіне байланысты. Егер қазақ қауымы тілімізге еніп, әбден қалыптасып кетуіне қарамастан *семья* деген әлеуметтік терминді қабылдауды қаламаса, оған зорлық жасауға болмайды. Одан да осы терминге балама ретінде ұсынылып жатқан он шақты сөздің – *жанұя, отбасы, шаңырақ, үйіші; түтін, әулет, үйелмен, тек, отау, т.б.* – біреуіне жіп тағуды немесе басқа балама табуды қолдаған жөн сияқты.

Ал бүгінде терминология «базарында» осы тәрізді жүздеген, тіпті мыңдаған «талапкер» сөздер бағын сынап, газет-журнал беттерінен, радио мен теледидар экрандарынан қолдаушысын да, қолданушысын да тауып, аталмыш жаңа үрдістің жаршысы болып отыр. Оларға біреулер үрке қарап, тыжырына түссе, енді біреулер іштей мақұлдап, жылы ілтипатпен қабылдай бастаған сияқты.

Ал енді, осы арада тағы да біраз ойланып-толғанып алуға тура келеді.

Қазақ тілі ғасырлар бойы «қазақ» деп аталатын қауымның әр алуан өмір-тіршілігіне сай қажетін өтеп, іштей дамып, өз арнасында толығып, небір сұңғыла көсемдер мен жезтаңдай шешендердің өнерімен ширап, шыныққан, әрі бай, әрі бейнелі де көркем, марқа тілдердің санатында болғандығы баршаға аян. «Терминология» деген ұғымды араб, парсы мәдениетінің әсеріне байланысты тіліміз ертеден-ақ білген. Бірақ оның тіл қойнына бойлай еніп, термин, атау (номенклатура) түрінде өзіндік өріс тауып, қалыптасуы негізінен үстіміздегі ғасырдың басында, ғылыми-техникалық прогрестің өмірімізде өктемдік алуына байланысты болды. Бірақ даланың ерке бұланындай еркін түлеп, еркін өскен қазақ тілінің табиғаты терминологиялық жаңалықты да, көптеп

кіре бастаған термин атаулыны да бірден қабылдап, оған етене үйреніп кете алмады. Осыған байланысты 20-30-жылдары қаптай бастаған орыс және интернационалдық («халықаралық» дегеннен басқаша ұғым) терминдерді бірден қабылдамай, басына бұғау түскен асаудай олай да, бұлай да бұлқынып көрді. *Паровоз* дегенді түр-түсіне, ақырған даусына қарап *қара айғыр, поезды* отпен жүруіне қарап, *отарба* деп, *велосипедті* жылдамдығына қарап, *шайтанарба* деп, өзінше атау іздеп бақты. Бірақ мұндай алғашқы тәжірибе «термин» деген ұғымның үдесінен шыға алмады. Бұл үрдіске «пуризм» деген «айдар» тағылып, көптеген қазақ зиялылары осы «шығармашылығы» үшін кезінде таяқ жеп, арамыздан аластанған болатын. Осы кезде алғашқы тәжірибемен (дұрысы – тәжірибесіздікпен) қатар ана тіліміздің өз мүмкіншілігінен пайдаланып, ғылыми атау-термин жасауға болатындығын іс жүзінде өз өнегесімен дәлелдеген Ахмет Байтұрсынов пен оның біраз замандастары болды. Ақырында оның да өзі кетіп, жаңадан жасаған *(бастауыш, баяндауыш, көсемше, есіміше, демеу, үстеу, салалас, құрмалас* сөйлем сияқты жүздеген) термиидері ұрпаққа замана естелігі болып артында қалды, оларды әлі де пайдаланып жүрміз.

Баршамызға белгілі осы бір әңгімені жаңғыртып отыруымыздың себебі – *«қазақ тілінің өз «материалынан» ғылыми термин жасауға болмайды»* деген үстірт те сыңаржақ пікірге сол кездің өзінде-ақ нақтылы жауап берілгендігін еске салу.

Егер біз өткен 70 жылдың ішінде «термин жасауда ана тіліміздің барша байлығын сарқа пайдалану керек» деген принципке жете мән бермей, сол баяғы өзімізге тән енжарлық салдарынан терминологиялық лексиканың басым көпшілігін шет тілдер элементіне айналдырып алсақ, оған ана тіліміз айыпты емес, кінәнің бәрі өзімізде. Ең алдымен осыны мойындасақ, одан соң өз тіліміздің барын барша бағалап, оларды жасытпай, жандандырып ғылым дәрежесіне көтерсек.

Тұжырымдамадағы **«жаңа үрдіске мән беру керек»** деген принциптің негізгі түйіні, міне, осында жатыр. **«Тіл байлығын сарқа пайдалану»** деген ғылыми принцип бүгінге дейін медальдің бір жағы болып келсе, оның екінші нақтылы жағы бүгінде жаңа серпіліс алып отырған бұқаралық үрдіске байланысты. Бірақ осыған орай қатал ескеретін бір жағдай бар: бұл үрдісті қолдау дегеннен «қайткен күнде де орыс және шет ел термин-атауларын тіліміздеп сүйреп шығару, кез келген қазақ сөзінен термин жасау, ғылым-білімнің бәрін қазақшалау керек» деген ұғым тумайды. Ұлттық санасы оянған халықтың қалауынан туындаған бұқаралық әрекеттің әр қадамын қадағалап, сарапқа салып, термин саласындағы бұл үрдіске дұрыс бағыт сілтеу, жол көрсету ең алдымен Мемтерминкомның міндеті мен парызы.

3. **Үшінші принциптің** талабын қайталасақ: «Салалық терминдер мен атауларды жаңадан жасауда, өзгертуде, ауыстыруда ең алдымен қазақ тілінің төл және бұрыннан қалыптасқан байырғы лексикалық байлығын сарқа пайдалану». Бұл – термин саласында бұрыннан келе жатқан негізгі де дәстүрлі принцип. Бірақ терминология мәселесінің бүгінде күн тәртібіне қайта қойылуына себеп болып отырған да осы негізгі принциптің іс жүзінде орындалмай, бұрмаланып келуі.

Терминология саласындағы жарты ғасырдан астам тәжірибеміз-де біз қазақ тілінің байлығынан біршама пайдаландық, бірақ оның зор мүмкіншіліктерін сарқа пайдалана алмадық. Оның көптеген себептері де болды. **Ең басты себеп** – замана үрдісі, тіл саясаты мен идеология ықпалы, орыс тілінің аз ұлттар тіліне деген үстемдігі мен өктемдігі. **Екінші себеп** «еліміздегі ұлт, ұлыс тілдері өздерінің дамудан кенжелеп қалуына байланысты ғылым тілі болып орыс тілімен терезесі тең тұра алмайды» деген пікірдің орталықта да, жергілікті мамандар арасында да қалыптасуы. **Үшіншіден,** терминологиялық процестің, тек бір жақты, бір бағытта ғана дамуы: терминдік ұғымдардың қайнар көзі орыс тілі болып саналды да, калған жүздеген (оның ішінде қазақ тілі де бар) ұлт және ұлыс тілдерінің бәрі тек «қабылдаушы» пассив тілдер болып келді. **Төртінші себеп** – ғасырлар бойы өз дәстүрімен еркін дамып келген ұлттар мен ұлыстар тілдерін ғылыми-техникалық прогреске икемдеу, баулу мәселесімен ешкім шұғылданған жоқ; сондықтан да болар, бірден лап берген терминдер тасқынына бұл тілдер төтеп бере алмады, есін жиып, еңсесін көтеруге мұршасы келмеді. **Бесінші себеп** – ана тілінің мүмкіншілігін толық ашып, терминология тасқынына қарсы қоярлықтай ұлт кадрлары тоталитарлық үкімет тарапынан кезінде жойылған болатын.

Міне, осы еебептердің бәрі жиналып, ұлт тілдеріндегі терминологияның ұлттық қасиетінен алыстап, негізінен орыс және интернационалдық терминдер мен атаулар есебінен құралып, қалыптасуына зор ықпал жасады. Ана тіліміздің байлығын толық та сарқа пайдалануға *бір жағынан* осы факторлар себеп болса, *екінші жағынан* термин шығармашылығымен шұғылданған қазақ зиялыларының ұлттық қасиеті, жалтақтығы мен енжарлығы да – күні бүгінге дейін аяққа тұсау болып келеді. Қазақ тілінің өз мүмкіншілігі сөз бола қалса, әдетте айтылатын уәж: *«ойбай, орыс тілінің өзі де бай бола тұрып, мыңдаған шет ел терминдерін емін-еркін қабылдап жатыр ғой..., оған қарағанда қазақ тілі кімнің шікәреті»* деп, өз тілімізге өзіміз мұрын шүйіріп қарайтын әдетіміз бар.

Ал енді сол зиялы қауым еңсесін көтеріп, егемендік елдің, тәуелсіз мемлекетіміздің азаматы ретінде өзі сияқты терезесі тең елдерге, сөз

байлығы өзінен кем болмаса, артық емес тілдерге бір сәт қарап, ғибрат алды ма екен? Бүгінде ғылыми-техникалық прогрестің шарпуына шалынбаған бірде-бір ұлылы-кішілі халық жоқ. Ал солардың көбі басқа бір тілдің бұғауында жүрмей-ақ сол прогресстің ортақ қазанында өзінің төл тілімен-ақ қайнап, ғажайып табыстарға қолы жетіп отырған жоқ па? Мәселен, Қытай, Жапония, Түркия сияқты ірі-ірі елдерге қарасақ, ғылым мен техниканың биік шыңына өз тілдерімен-ақ өрмелеп шығып отыр, 1 миллиардтан астам халық сөйлейтін қытай (ханзу) тілінде «интернационализм» деп аталатын термин мен атаулар атымен жоқ, жапон тілінде де олар өте сирек кездеседі. Осыны айту арқылы біз ешкімді де *«қазақ тілін орыс интернационалдық элементтерден тазарт»* деп үгіттеп отырғанымыз жоқ. Ол мүмкін де емес. Мәселе бұл жерде өз тіліңнің тым құлдырап төмен түсіп кеткен беделін көтеруде, аяқасты болған сөз маржандарын шаңнан тазартып, жарқырата қолдануда, термин сайысынан озып шыққан баламаларға тосқауыл жасамай, тіл әлеміне жолдама беруде болып отыр. Ескеретін жағдай: термин мен атау дегендеріміз аяғы аспаннан салбырап түскен, ерекше дүние емес; олардың бәрі де тіл қорындағы кәдімгі қарапайым сөздер, оларға «термин» мен «атау» деп айдар тағып, әспеттеп отырған әрбір халықтың өзі. Демек, термин саласындағы үрдістің өріс алуы тек өзімізге ғана байланысты.

Ал енді аталмыш принципті іс жүзіне асырудың жолы, түптеп келгенде, тіл байлығымыздың қайнар көзін, бастау-бұлақтарын толық аша білуге де байланысты. Осыған орай бір ескеретін жағдай: «тіл байлығы» деген ұғымды тек тіліміздегі сөздердің санымен ғана өлшеуге болмайтындығы. Мәселен, қазақ тілінің 10 томдық түсіндірме сөздігінде 70 мыңдай жеке-дара сөздер мен сөз тұлғалары қамтылған екен. Тіпті ескерілмеген, ұмыт қалған, енбеген жаңа және көнерген сөздерді қоса есептеп, олардың жалпы санын 100 мыңға жеткізейік. Сонда да бұл бір тіл үшін тым аз дүние. Ал шын мәнісінде, тіл байлығы сөз санында емес, онын мағыналық потенциясында. Жеке сөздердің, сөз тіркестерінің мағыналық ауқымы олардың өздерінен шамамен 10 есе артық. Демек, біздің тілімізде 1 миллиондай мағыналық единица (бірлік) бар. Тіл байлығы деп біз, міне, осыны айтамыз.

Бұл байлықтың бәрі «қазақ тілі» деп аталатын жалпыхалықтық тілдің қойнаулары мен қолтықтарында бейне бір теңіз түбінде шөгіп жатқан маржандай күй кешеді. Жалпыхалықтық тіл қазынасы сан алуан бұлақтардан нәр алып, ылғи толығып, молайып, байып отырады. Бірақ сол байлықтың бәрін бірдей біз өмір қажетіне жаратып, күнделікті қатынаста қолдана бермейміз, олардың біразы өз кезегін күтіп, тіл қойнауларында жата береді.

Осылайша мәдени өмірімізде, тіл практикасында көбірек қолданылуына байланысты сұрыпталып, сараланып барып әдеби нормаға айналған лексикалық байлығымыз бір төбе. Терминологиялық лексика болса міне, осы әдеби норманың еншісіндегі дүние. Бірақ жалпы тіл байлығы әдеби тіліміздің мол дүниесімен ғана шектелмейді, оның сыртында шалқып жатқан теңіздей жалпыхалықтық тілдің шексіз, таусылмас қоры тағы бар. Әдеби тіліміз ылғи да осы қордан сусындап, нәр алып отырады. Өйткені бұл қор халқымыздың ғасырлар бойы дүниеге келтірген, жадында сақтап келген сөз байлығын түгел камтиды. Оның бір сүбелі саласы ауызекі тіл де, ал тағы бір құнарлы қойнауы жер-жердегі тұрғындардың қолданысындағы диалектизмдер. Әр өлкедегі түрлі тіршілікке байланысты пайда болып, қалыптасқан кәсіби лексиканың мол байлығы да көбіне-көп осындай жергілікті ерекшелік түрінде сақталған. Терминология қажетіне көбірек тартылатын да осы кәсіби лексика байлығы.

Бір ғажабы, басқаларды былай қойғанда, тіпті біздің тіл мамандарының өз арасында диалектілік лексика мен әдеби тілдің, демек, терминологиялық лексиканың арасындағы табиғи алмасуды шектеу, екеуінің арасына сына қағып, алыстату пиғылдары байқалады. Өз басым мұндай көзқарасты құптай алмаймын. Әдеби тілдегі бар сөздің жергілікті баламасын, дублетін, дыбыстық-морфологиялық, мағыналық вариантарын орынсыз тықпалап, ретсіз қолданудың мәнісі бір басқа да, ең жанды процесс болып саналатын терминология саласында осы байлықтан сарапқа сала отырып, саналы түрде пайдалану екінші мәселе.

Міне, осы мәселеге келгенде теориялық жағынан құптап, нақтылы іске көшкенде, кәрі ауруымыз қозып, басымыз қосылмайтындығын мойындағанымыз жөн. Әрине, халық жадында сақталған сөз-атаулардың бәрі бірдей термин бола алмайды. Мұны бәріміз де жақсы білеміз. Мәселе осы байлығымызға ілтипатпен қарап, ерекше мән беруде болып отыр. Безбеннің бір басына бұрын-соңды мүлдем естімеген, қолданыста болмаған, бірақ жаңа ұғыммен бірге орыс тілі арқылы кимелеп келе жатқан шет тілдер элементін салып, екінші басына жалпыхалықтық тіл қорындағы қолдануда көп болса да, бірақ белгілі бір топтың жадында сақталған жергілікті элементтерді салатын болсақ, қай жағы басымырақ түскен болар еді? Міне, осы арада термин жасауға қатысты мамандардың ана тілі алдындағы азаматтық позициясы айқындалады екен.

Қанша айтыс-тартыс болса да, осындай терминология «базарында» бағын сынаған жүздеген жергілікті тіл элементтері термин қатарынан орын алып, қолданыста жүр. Бірақ диалектизмдер мен кәсіби сөздер барлық жағдайда дайын тұрған термин емес. Оларды термин баламасы ретінде қолдану үшін мағыналық жағынан сұрыптап, өзара жіктеп,

жүйелеп, қажет жерінде желеп-жебеп жіберуге тура келеді. Бұл «тәсілді» біраз ғалымдарымыз мойындай бастады. Әсіресе диалектілік кәсіби лексикадан алынып термин баламалары ретінде ұсынылып жатқан сөз көп-ақ. Мәселен, кейбір диалектілік зерттеулерде (осы күнге дейін дұрыс атау табылмай келе жатқан) *капуста* терминіне балама етіп, *кәрәм* деген жергілікті сөзді ұсыну, сондай-ақ *простыня – ақжайма, брынза – пендір, галушка – бармақнан, нарукавник – жеңсе, вермишель – ұшан, кружка – сарқұм, поварешка – шәңгіл, бухта – айлақ, штиль – жаула* т.б. ұсыныстар кездеседі. Кәсіби диалектизмдер көбінесе бір-біріне жақын, өзара тектес, ұқсас заттар мен құбылыстарды өзара саралау үшін орынды қолданылып та жүр. Мысалы: орыс тіліндегі *клещи, кусачки, плоскогубцы, щипцы*, сияқты аспаптар атауларына балама етіп халық тіліндегі *кемпірауыз, атауыз, тістеуік, қысқаш, шымшуыр* тәрізді сөздерді қарастыруға неге болмасын?

Тағы бір мысал. Өткен 1991 жылы қазақ тілі *«суверен», «суверенитет», «суверенный»* мағынасында *егемен, егеменді, егемендік* деген сөздерді термин етіп ресми қабылдады. Бірақ осы күнге дейін **«бұл сөз қайдан шыққан, қазақта мұндай сөз жоқ!?»** деген наразылық айтылып келеді. Ал шын мәнісінде, бұл жергілікті ерекшелік ретінде қолданылып келген қазақтың төл сөзі. Олай болмаса, 20–30 жылдары: *«Егемен болмай ел болмас, етек-жеңі кең болмас, терезесі тең болмас...»* деп ақындар өлеңге қоспаған болар еді. Бірақ бұл сөздер әдеби тіл нормасына тән *ие* түбірінен емес (мәс. *иегер, иелену* т. б.), өлкелік ерекшелікке тән *еге* түбірінен (*киіз – кигіз, біз – бігіз, ер – егер* тәрізді) туындап тұрғандықтан құлаққа тосын естілуі мүмкін. Қарастырып көрсек, бұл сөздер көптеген түркі тілдерінде қолданылады екен. Мәселен, 60 миллион халқы бар Түркияда *егемен үлке* (егемен ел), *егеменлі жұмхурият* (егеменді республика), *Улусал Егеменлік* (ұлттық егемендік) түрінде кеңінен пайдаланылып жүрген сөздер. Түрікше-орысша сөздіктерде: *егемен* 1) суверенный, державный, господствующий, правящий; 2) диктатор, суверен; *егеменлік* 1) господство, гегемония; 2) суверинитет [Турецко-русский словарь. М., 1977. 261-6.]. Бірақ біз бұл терминдерді түрік және басқа туыстас тілдерге еліктеп емес, өз бетімізше алып отырмыз. Бұлар сынақ мерзімінен өтіп, өзінің терминдік хұқына ие болды. Енді оларды «мазалай берудің» еш қажеті жоқ.

Демек, бұл принцип, «әдеби тіл байлығымен ғана шектелмей, жалпыхалықтық (кәсіби сөз, ауызекі тіл, диалектизмдерден тұратын) лексикадан да мүмкін болғанынша пайдалану керек» деген пікірді қолдайды.

Жалпыхалықтық тілдің потенциялық мүмкіншілігі мұнымен ғана шектелмейді. Оның қойнау-қойнауларында көненің көзіндей сақталып,

мағынасы күңгірттеніп, ұмыт болған, қолданыстан қалып, шаң басып жатқан көнерген сөздер де аз емес. Оларды тірілтіп, жаңғыртып, тіл қажетіне жарату ға әбден болады. Мәселен, кейінгі кездерде жазылған тарихи романдарды қарап отырсаңыз (жазушылардың көп ізденісі арқасында) өткен өміріміздің куәгеріндей ондаған, тіпті жүздеген көне сөздер көлденеңдеп алдыңнан шығады. Осыны көріп, көбіне-көп орыс тілінде дамып, ұлт тілімізде кенжелеп қалған терминологияның бір саласы – әскери лексиканың тағдыры есіңе түседі. Олардың ішінде тек ұлттық ұғымның ғана емес, ұлтаралық терминдердің де баламасы бола алатын сөздер аз емес. Ертеңгі күні президентіміздің *ұлттық гвардиясы (ұланы)* құрылғанда бұйрық, жарлық, басқару, үйрету тәсілі кай тілде болмақ? Егер олар мемлекеттік тілде болса *(біз солай болатынына кәміл сенеміз!)* көнесі бар, жаңасы бар жүздеген әскери атау сөздерді (*батыр, ерен, қол, қосын, ләшкер, жасақ, сан, түмен, бұраңғар, бүйрекші, су, шерік, шеру, иелме, аламан, алай, атарман, шабарман, ондық, жүздік, мыңдық, найза, жалаңқат, қаттау, көбе, жебе, жекеауыз, сарбаз, сардар, самқал, сапы, сүмбе, топ, оқшантай т. б.)* жаңғыртып, жаңалап, термин ретінде өмірге қайта әкелуге тура келеді. Ал *қарауыл, жасауыл, ереуіл, бақауыл, шыңдауыл, шапауыл, тоқтауыл, тосқауыл, ертеуіл, айдауыл, шығауыл, бөгеуіл* сияқты құрылымға тактикалық тәсілдерге, соғыс әрекеттеріне байланысты жүйелі әскери терминдерді қазіргі *арьергард, авангард, наблюдение, засада, дозор, караульный, конвой* тәрізділермен шендестіріп, үйлестіріп, шарттылықпен неге термин ретінде қолданбасқа? Оларды «көнерген» деген сылтаумен тілден шығарып тастап, шеттен қабылдай салу, әрине, оңай. Ал оларды киын болса да іске қосу – бір бұлақтың көзін ашумен бара-бар; «көне» деп шошынудың қажеті жоқ. Өйткені сөздің бәрі көне. Оны жаңа қылып ұстау өзімізге байланысты. Әдетте, сөз тұлғасы тұрақты да, мағына-мазмұны ылғи өзгеріп отырады. Бір кездегі бабаларымыз тұрған *үңгір* мен *жертөле* де, бүгінгі біз жасайтын зәулім биік *ғимарат* та біз үшін *«үй»* және ол үй сөзімен таңбаланады. Екі ғасыр бұрын жауға шапқан жалаң төс *батыр* да, кешегі Отан соғысында ерлік көрсеткен немесе ғарышқа барып қайтқан *батыр* да бір *«батыр»* сөзімен танбаланады. Демек, айырмашылық сөзде емес, оның мазмұнында. Олай болса, *гвардия* сөзін *ұлан* деп алайық деуші жолдастардың ұсынысы туралы неге ойланбасқа?

Тағы бір мысал. Дінге қарсы кезінде құдайсыздардың сұрапыл, шабуылы болып, мұсылман халықтарының (оның ішінде қазақтар да бар) тілдерінен жүздеген, мыңдаған діни терминдер аз жылдың ішінде-ақ аласталынған болатын. Күнделікті қолданыста болмағандықтан олар жас ұрпақ жадынан тез шыға бастады. Сөздіктерде беріле қалса, оларға *«көне», «діни»* деген таңба басылды. Діни терминдердің мазмұнын, моральдық, діни пәлсапасын терең түсіндіруге мән берілмей, мұсылман дүниесінен елді қашықтатып жібердік.

Енді, міне, халықтың дінмен қайта қауышуына, мектеп-медреселердің ашылып, діни ғылым қайта уағыздалуына байланысты мындаған діни терминдерді де жұртшылық білгісі келеді. Мәселен, *әділ* деген сөздің мағынасы, («справедливость») көпшілікке белгілі. Ал оның діни терең мазмұнын (*Алланың бойына ғана тән әділдіктің ең биік өлшемі, ең жоғарғы адал қасиет екенін*) енді арнайы сөздіктер арқылы елге түсіндіру керек; мәселен, *иман, ғазауат, күпір, ынсап, инабат, мұджаһит, мәуліт, мұрит, кәлима, жәннет, жаһаннам, Қадыр түні, бес парыз* сияқты діни сөздер мен сөз тіркестері өз мазмұнымен сөз қорына қайта оралып, өз орнын табу керек.

Демек, **«көнерген» (тарихи, ескі, мағынасы күңгірт, пассив) сөздер де – тіл байлығының бір көзі.**

«**Тіл мүмкіншілігін кеңінен пайдалану**» деген өте кең ұғым және оны әркім әртүрлі түсінеді. Сондықтан да болар, бұл «шығармашылық» процеске көптен бері-ақ зиялы қауым белсене ат салысып келеді. Тіліміздегі сан алуан «жаңа сөз, жаңаланған қолданыстардың» авторы ретінде, әдетте, **Ісләм Жарылғапов, Мұзафар Әлімбаев, Әбдуәли Қарағұлов, Нұртас Ондасынов** т. б. есімдер алдымен аталынады. Шынында да, Ісләм Жарылғаповтың авторлығына телінетін сөздердің өзі жүзден асады; олардың біразы (*балмұздақ, оқырман, көрермен, суреткер, қаламгер, аялдама, дүниетаным т. б.)* әдеби тілімізге бойлап еніп, айланымына араласып кетті. Ал біразы (*азағұл* – траурный венок, *аққайнар* – шампанское, *әуегер* – аэронавт, *бейдауа* – рак, *басжалбыр* – капуста, *ғаламшар* – планета, *дауажай* – курорт, *думан* – фестиваль, *жайлаужай* – дача, *орынтақ* – кресло, *құлтемір* – робот, *қайыр* – медбрат, *хайрия* – медсестра, *саулықжай* – здравница, *сақтықжай* – профилакторий, *тағамат* – меню, *шарай* – орбита т. б.) әлі де тіл «сынағынан» өту үстінде жүрсе, енді біразын (*басылым* – издание, *баспагер* – издатель, *ғарыш* – космос, *ғарышкер* – космонавт, *өркениет* – цивилизация т. б.) өмірге «жолдама» алды деуге болады.

Айта кету керек, мұндай «шығармашылықпен» зиялы қауым бұрын да, қазір де шұғылдануда. Тіл мамандарының (А. Алдашева, К. Жұмбергенов, Н. Уәлиев т. б.) ізденістерінде мұндай авторлардың өздері де, шығарған «жаңа» сөздері мен сөз қолданыстары көрсетіліп те жүр. Мәселен: **С.Сейфуллин:** *атойын үйі* – цирк, **І. Жансүгіров:** *думан жүріс* – демонстрация, *табантемір* – рельс, **Ғ. Мүсірепов:** *құлақша қағаз* – этикетка, **М. Мағауин:** *оятар* – будильник, **Ә. Кекілбаев:** *қар қаншайым* – снегурочка, **Қ.Қараманұлы:** *күнпарақ* – настольный календарь, **О. Сәрсенбаев:** *тесіккөз* – глазок (в дверях). **Қ. Ысқақов:** *түнемелқап* – спальный мешок, **Ә. Тарази:** *күнқалқа* – беседка т.т. Бұлардың бәрі тіл практикасына жолдама алды деп айту қиын.

Кезінде ақын Мұзафар Әлімбаевтың *«тілімізге бір жаңа сөз қоспаған ақын ақын ба?»* деп ренжігені бар. Бұл мүмкін міндетті емес те шығар. Бірақ ойдың төркінін дұрыс түсінсек, бүгінгі толассыз термин тасқынына төтеп бере алмай, оның оңай жолын іздеп, шет тілдер элементін қабылдай салуға жаны құмар жандардың намысына тиіп, санасын ояту-ау дейміз мұны. Шет тіл элементтерін оңды-солды қабылдай беруде күндердің күнінде тіліміздің ұлттық табиғатына нұқсан келетінін іштей болса да сезініп, оның есесіне тілдің өз мүмкіншілігін қамшылай түсуге ат салысушылардың әрекетін құптау керек сияқты. Бірақ жасалып жатқан баламалардың бәрі асыл емес, оларды беталбаты қаптата бермей, ұдайы бақылап, електен өткізіп, қолдануға ресми рұқсат беріп отыратын Мемтерминком жанында арнайы топ болуы тиіс.

Ал енді «жаңа» сөз жасау деген түсініктің өзіне келетін болсақ, ол да шартты ұғым. «Жаңа сөз» деп отырғанымыздың барлығы тілімізде бұрыннан бар сөздер. Мұндағы *«жаңалық»* бар сөздердің негізінде жасалатын лексика-семантикалық және аналитикалық комбинациялар; басқаша айтқанда, «жаңа қолданыстар». Мәселен, *атарман, шабарман* сөздерінің моделі бойынша *оқырман, көрермен* жасалды, *тыңдарман* (слушатель), *бұйырман* (заявка) да осылай жасалуы ықтимал. *Басылым* үлгісімен енді *қойылым* (постановка) ұсынылып отыр; ал *мазмұндама, баяндама* үлгісі бойынша тілімізде ондаған «жаңа» терминдер пайда болуда: *бағдарлама, тұжырымдама, хабарлама, мінездеме, мақсатнама, мұратнама* т.б.; аналитикалық сөз жасам моделіне, мәселен, **хана** (*масахана, асхана, шеберхана* үлгісімен енді *бұзаухана, мейрамхана* (ресторан), *бөбекхана* (ясли), **жай** (*саяжай, жағажай, дауажай, жанатжай. өнержай, шипажай* т. б.), **хат** (*қолхат, сенімхат, жолхат, ашықхат, мәжілісхат* т. б.) сияқты «қолбала» сөздер жиі тартыла бастады.

Қысқасы, жаңа баламалар жасауда тіліміздегі барлық байырғы сөздер мен аналитикалық, синтетикалық және семантикалық сөз жасам тәсілдері түгел қатысып отыр. Ғайыптан, тосыннан пайда болған дүние жоқ. Демек, бұл үрдістің тетігі мен жаңалығы, авторлардың тапқырлығы мен сөз қолданыс шеберлігінде болып отыр.

Сөз шығармашылық үрдісінің тағы бір көрінісі – **қолданылып жүрген сөздерге (қосымша, жанама, ауыспа, үстеме т.б.) семантикалық жүктеме (нагрузка) беру.** Мәселен, *пенсия, пенсионер* деген терминдерді кейінгі кезде *зейнетақы, зейнеткер* деген сөздермен ауыс- тырдық. Осыған түрткі болған қазақ тіліндегі *«Бейнет, бейнет түбі – зейнет»* деген мақал деп жобалаймыз. Өйткені араб тіліндегі *зейнет* сөзінің мағынасы – *«рахат»* (наслаждение, блаженство).

«Рахат» пен латын тіліндегі *пенсио* («қаріп-қасерлерге берілетін жәрдем, төлем») сөздерінің арасында үлкен айырмашылық бар. Бірақ *зейнет* сөзінің елдің көңліне бірден қона кетуі *«еңбек етіп, бейнеттенген адам түбінде бір оның рахатын көреді»* деген логикалық пайымды мойындаудан болса керек. *«Жәрдемақы»* мен *«рахаттың»* (зейнетақының) мағыналық жақындасуы біз үшін бір ғана мысал емес, жасалып жатқан жаңа термин-баламаларының көбіне тән құбылыстың біреуі ғана.

Ана тілі мүмкіншілігін пайдаланудың тағы бір жолы – **калька тәсілі, яғни орыс не шет тілдерден енген жеке де күрделі терминдерді тұлғалық, мағыналық, құрамдық ерекшеліктерін сақтай отыра өз тілімізге сөзбе-сөз аудару.** Терминология ғылымында оның төрт түрі белгілі: а) **лексикалық калька**, не **балама-калькалар**: *сухотка – сему, ударник – екпінді, совет – кеңес, соревнование – жарыс* т. б.; ә) **мағыналық калька:** *температура – дене қызуы, белая горячка – маскүнем елесі;* б) **морфологиялық калька:** *желудочек мед. – қарынша, мозжечок мед.– мишық;* в) **аналитикалық калька:** *агропромышленность – агроөнеркәсіп, радиоприемник – радиоқабылдағыш, лимфатические сосуды – лимфа тамырлары* (жартылай калькалар)*; мочекровье – қанды несеп, косвенное доказательство – жанама дәлелдеме, видеолента – бейнетаспа, микрорайон – шағынаудан* т. б. (толық калькалар) .

Термин жасауда ана тіліміздің өз мүмкіншілігін сарқа пайдалануға байланысты есте болатын негізгі байлық көздері мен тілдік тәсілдер, міне, осылар. Ал енді орыс және интернационалдық терминдерге балама ретінде ұсынылып жатқан мыңдаған жаңа қолданыстарды бұл арада келтіру мүмкін емес. Сондықтан біз олардың біразын өзара топтастырып, пікір алу үшін мақалаға қосымша етіп жеке ұсынып отырмыз.

4. Тұжырымдаманың **төртінші принципі** қазақ терминологиясы үшін жаңа бағыт: «Термин шығармашылығында бұдан кейін туысқан түркі тілдерінің (әсіресе терминология дәстүріне бай жазба тілдердің) озық тәжірибелерінен, терминдік өрнек-үлгілерінен, оңтайлы да үйлесімді сөз жасау модельдерінен мүмкіндігіне қарай пайдалану».

Кешегі Кеңес одағындағы үлкенді-кішілі (30 шақты) түркі тілдеріндегі терминология процесіне назар аударсақ, бірден көзге түсетін жағдай – олардың бұл салада өзара жақындасуы, үйлесуі емес, керісінше, бір-бірінен алыстай түсуі. Жоғарыдан (бір «ортадан») түсірілген терминологиялық принцип бұл тілдер үшін ортақ болса да, ол ортақтық тек орыс және интернационалдық терминдерден ғана байқалып, шын мәнісіндегі туыс тілдер ортақтығы сезілмей келді. Өйткені әрбір тіл орыс тілі арқылы

бір «ортадан» таралған терминдік ұғымдарды өз білгенінше беруге әлек болды да, туыс тілдермен тәжірибе алмастыруға мұршасы келмеді. *«Әркім өз қазанында өзі қайнады»* деген осы. Мәселен, қыпшақ тобына жататын жеті тілде национальный доход деген термин төмендегіше беріледі екен:

Қазақша: *ұлт кірісі*
Қарақалп.: *миллий доход*
Қырғызша: *улттук кирише*
Татарша: *милли доход*
Башқұртша: *милли доход*
Қырымтат.: *миллий келир*
Қабар.балқ.: *миллет файда*

Осындағы термин ортақтығы айтпасақ та көрініп тұр. Тағы бір мысал: кеше ғана өте жиі қолданылатын **Центральный комитет** деген тіркес осы тілдерде былайша аударылып келді:

Қаз.: *Орталық комитет*
Қарақалп.: *Орайлық комитет*
Қырг. *Борбордук комитет*
Башқ.: *Үзәк комитет*
Қыртат.: *Меркезий комитет*
Қаббалқ.: *Ара комитет*

Бұл тілдерге ортақ болып тұрған *«комитет»* термині екенін көріп тұрмыз. Осы екі мысал-ақ түркі тілдеріндегі терминологияның даму бағдарын, қалыптасу процесін толық сипаттай алады. Бұл алшақтық осы туыс тілдерде *«Центральный»* деген сөзге бірдей, ортақ балама табылмағандықтан емес, сондай баламаны табуға, кеңесе, ақылдаса отырып іздеуге мүмкіншіліктің, пиғыл-ниеттің, жағдайдың болмауына байланысты. Өйт- кені түркі тілдерінің жазуы мен терминологиясы арқылы өзара жақындасуы кезіндегі тіл саясатына онша қолайлы болмады. Себебі бөлініп-бөлшектенген, басы қосылып, тілі бірікпеген елдерді билеп-төстеу кімге болса да оңай болатын. Біз ұсынып отырған принциптің о бастан-ақ ескерілмеуі осы себепке байланысты.

Ал енді туыстас тілдер терминология саласында өзара тәжірибе алмасуы керек пе? Бұл принциптен ұтатынымыз, ұтылатынымыз не? *Біріншіден,* тегі бір, тарихы бір туыстас түркі халықтары қаншама жеке-дара дамып келсе де, тіліндегі ортақтық пен ортақ лексикалық байлық негізінен сақталған. *Екіншіден,* сол байлықты пайдалануда жазу дәстүрі мол тілдерде терминологиялық тәжірибенің де мол болатыны заңды. *Үшіншіден,* әрбір тіл

өзінше жол тауып, өзінше дамиды. Сондықтан бір тілдің екінші тілден артық та, кем де жақтары болады. Осындайда тәжірибе алмастырудың, бір-бірінен үйренудің пайдасы болмаса, зияны жоқ. Қазақ тілінен де, басқа тілдерден де алатын үлгілер аз емес. Осыған орай қазақ тілінің терминология саласында бұрынғы Кеңес елінде бірдей жағдайда жасап келген тағдырлас түркі халықтарының тілдерімен іштей, ал шет елдердегі туыстас тілдермен сырттай тәжірибе алысуының мәні зор деп білеміз. Әңгіме басқа туыс тілдердің сөз жасам модельдерін, үлгісін қалай болса, солай көз жұмып, көшіріп алу жайында болып отырған жоқ. Мәселе сол үлгілердің өзіміз үшін үйлесімді, тиімді, оңтайлы әрі пайдалы жақтарын таразы басына салып, саралап, сын көзбен қарай отыра қабылдау жайында.

Шыңжаңдағы қазақ туыстарымыз да қазір термин мәселесіне ерекше көңіл бөліп отыр. Олар бұрынырақ біздің тәжірибемізге сүйеніп, көптеген орыс-интернационалдық терминдерді қабылдап та, қолданып та келсе, қазіргі ориентацияның қытай (ханзу) тіліне ауысқаны байқалады. Олар қазір көптеген заманауи техникалық терминдерді қытай тілі үлгісімен калька жолымен аударып алуға тырысады. Мәселен, *видеомагнитофон – үналғы, видеокамера – сыналғы, морозильник – мұзсандық, пылесос – шаңалғы (бізде шаңсорғыш)*. Мұндай үрдіс қазір бізде де өріс алып келеді. Жаңа техника атауларын қазақшалауға ғылымдағы қазақ жастары ерекше мән беріп, өз ұсыныстарын айтып та, жазып та жүр.

Ал енді қалай болғанда да Қазақстан мен шет елдердегі қазақтардың екі түрлі емес, бір ортақ терминді пайдаланғаны дұрыс қой. Өзара ақылдасу, міне осы арада керек.

Бұл тұрғыдан алып қарағанда орыс тілінің тікелей әсерін көрмеген шет елдік түркі халықтарының ішінде Түркия түріктерінің тіл тәжірибесі де біз үшін өте қызықты. *Біріншіден*, бұл тіл жазу дәстүрі мол, мемлекет көлемінде тұтас та бірыңғай терминология жүйесі дамыған тілдердің санатында. *Екіншіден*, бұрынғы Кеңес Одағындағы түркі тілдерімен салыстырғанда орыс тілінің элементі онда жоқтың қасы, интернационалдық терминдер аздау. Бұл тілде олардың біразы басқа европа тілдерінің элементтерімен (*лагерь – кемп, ракета – фишек, жәрмеңке – фуар, щетка – фирча),* ал көпшілігі түрік тілінің өз баламаларымен (*аэропорт – хавааланы, самолет – ұчақ, спонсор – сөзжү, магнитофон – касетсалар, компьютер – білгісаяр, президент – жұмхұрбашы, премьер-министр – башбақан, парламент – межіліс, мороженое – дондұрма, автомашина – араба, транспорт – ұластырма, студент – өргенчі, масштаб – өлчү т. б.)* ауыстырылған. *Үшіншіден,* бізде шет тіл элементтері орыс тіліндегі жазылуы бойынша қабылданса, түркия түріктерінің тілінде сол тілдерде айтылуынша ықшамдалып алынады екен: *факулте* (факультет), *университе* (университет), *теори* (теория), *экономи*

(экономика), *физик* (физика), *спор* (спорт), *мүзе* (музей), *кадро* (кадр), т. б. Керісінше, бізде аударылып алынған кейбір ұлтаралық терминдер түрікшеде аударылмаған, бізде *мәдениет* – **түр.** *күлтүр,* бізде *дүкен* – **түр.** *магаза* т. б. Көптеген интернационалдық терминдер екі тілдің екеуінде де өздерінше аударылған. Мысалы: **промышленность: түр.** *іслетме,* **қаз.** *өнеркәсіп,* **выставка: түр.** *сергі,* **қаз.** *көрме,* **независимость: түр.** *бақымсызлық,* **қаз.** *тәуелсіздік,* **космос: түр.** *озай,* **қаз.** *ғарыш;* **верховный суд: түр.** *ярғытай,* **қаз.** *жоғарғы сот,* **верховный совет: түр.** *данышпай,* **қаз.** *Жоғарғы кеңес,* т. б.

Бұл екі тілдегі ұқсас термин-атаулардың сәйкестігін салыстыра зерттеу – болашақтың ісі. Түркиямен қарым-қатынастың кейінгі кезде күшейе түсуіне байланысты казақ тілінен түркі терминдерінің алғашқы «қарлығаштары» көріне бастады. Соның бірі «Егемен Қазақстан» газеті қолданып жүрген *ұшақ* (самолет) түрікше *ұчақ* болса, екіншісі *әуеалаңы* (аэропорт) түрікше *хавааланы.* Мұндай ауыс-түйістердің бұдан кейін де болатыны сөзсіз.

Қорыта келгенде: **«туыстас тілдер тәжірибесін үйрену, одан саналы түрде пайдалану принципі – жалпы түркі дүниесіне ортақ ғылыми-техникалық прогрестің, мәдениеттің үйлесе дамуына кепілдік беретін фактор**.

ҚР ҰҒА-ның Хабарлары; Тіл-әдебиет сериясы,
Алматы, «Ғылым». 1993. 3-17 б.

Терминологияның бүгінгі барысы туралы кейбір ойлар

“Терминге әркімнің-ақ бар таласы” демекші ...

“Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы...” деп ұлы Абай айтқандай, қоғамда күн санап туындап жатқан жаңа ғылыми-техникалық ұғым-түсініктерді тілімізде бедерлеп-белгілеу қажеттігіне байланысты толассыз тоғытылып, пайда болып жатқан қат-қабат сөз тасқыны - терминдерге терминология саласындағы мамандар ғана емес, сол терминдерді қолданушы қалың жұртшылықтың да енжар қалуы мүмкін емес. Сондықтан да болар, кез-келген сауатты, саналы азамат, жалпы зиялы қауым *“термин”* десе болды, арқасы қозып, оның төңірегінен өрбіп, мәңгі-бақи бітпейтін дау-дамайына араласа кетеді, өз пікірін айтқысы келіп тұрады. Бұл, әрине, әбестік емес, қайта - өскелең қоғамның талабын, саналы азаматтардың ана тілі тағдырына деген сергек сезімін, перзенттік борышын танытатын ізгі әдет болса керек.

Бірақ, өкінішке орай, мәселе - осы бір барша қоғамға ортақ игілікті іске деген көзқарастың бір бағытта, дұрыс ғылыми объективті негізде дамымауында. Мұның себеп-салдары көп. Солардың ең бастысы - термин табиғатын терең танымауда, яғни оған деген тым қарапайым көзқарасқа, не

керісінше, жеке бастың өзіндік ұғым-түсінігіне байланысты қалыптасуында. Қоғамда *"термин", "терминжасам"* құбылысына байланысты замана идеологиясына сәйкес әр түрлі ағымдар жүз беріп, қасаң қағида болып қалыптасқан дұрыс та теріс үрдістер аз болған жоқ. Бұлар, әрине, біртіндеп адамның санасын билеп, оның барша ментальды дүниетанымына, ұлттық болмысына әсерін тигізіп келді.

Ұлттық тарихымыздың, рухани мәдениетіміздің өзекті бір саласы - тіл мәдениеті десек, оның кейінгі 80-90 жыл беделінде дәстүр ретінде қалыптаса бастаған жаңа да жаңашыл құбылысына **"тілді терминдендіру процесін"** жатқызуға болады. Бұл процестің замана талабына сәйкес тіл өмірінде орасан зор мәні бар екендігін халқымыз бірден болмаса да, біртіндеп, әр түрлі идеологиялық көзқарас ықпалында, ғылыми-практикалық ізденіс барысында түсініп келеді. Қазақ тілінің сонау "ерке-бұлан дәуірінен" бастап, бүгінгі мемлекеттік мәртебе алғанға дейінгі сөз санының көбейіп, мағына, түсінік ауқымының кеңеюін бір сөзбен **"даму"** деп бағаласақ, сол дамудың қайнар бұлағы - тілімізді бүгінгі өркендеген ғылыми-техникалық талапқа сай терминдермен қамтамасыз ету. Демек, бұл үрдіс - тіліміздің мыңдаған жаңа сөздермен толығып, ішкі мазмұнының кеңейіп отыруының бірден-бір кепілі деген сөз.

Мәселе, осы күрделі де сан қилы процесті дұрыс түсіне білуде. Оны дұрыс түсіну "термин өндірісінің өнімдерін пайдаланушы қалың жұртшылыққа" ғана емес, сол "терминдерді өндіруші мамандарға" да, тіпті, ең алдымен соларға тікелей қатысты. Ал терминжасамдағы даудың басы неден басталады?

Менімше, бұл дау *"термин"* деген тілдік категорияның табиғатын, шығу, жасалу, пайда болу тәсілдерін, атқаратын қызметі мен қолданыс шеңберін т.б. ерекшеліктерін жұртшылықтың бәрі бірдей дұрыс түсіне бермеуіне байланысты.

Бұл сияқты түсінбеушіліктерді біз терминге қатысты әр түрлі дау -дамайлардан айқын көреміз. Олар сан алуан. Кейбір азаматтардың, мысалы *"термин"* деген тіліміздегі күнде қолданып жүрген мыңдаған байырғы сөздерден табиғаты бөлек, қарапайым қазақ сөздерінен тегі, заты басқа, өзіндік бір сыр-құпиясы бар "ерекше сөз" деген ұғымды ұстануынан байқалады. Енді біреулер болса, қазақтың отбасы, ошақ қасында айтыла беретін "қазақы қарапайым сөздер термин бола алмайды, олардан гөрі, түсініксіз болса да, шеттілдерден алынған сөздер артық" дегенді мақұлдайтын сияқты.

Тіл жанашырларының ішінде бірқатарлары "қай тілден енбесін, құлағымыз үйреніп, мәніне түсінбесек те, мағынасына түсінетін термин болып жүре берсін" деген талапты қолдаса, енді бір тіл сүйгіш, патриот азамат "жоқ, термин сайлағанда мүмкін болғанша өз тіліміздің байлығын сарқа пайдаланайық" деген принципті қолдайды. Міне, әсіресе кейінгі 10 жыл бойы

айтылып келе жатқан бір жақты дау-таластарды ғылыми тұрғыдан зерделеп қарағаң адам оның себеп-салдарының бар екендігін мойындаса да, бірақ олардың бәрін мыңдаған терминді пайдаланушылар түгел мойындамайды. Гәп осында болып отыр.

Терминология саласында осындай дау-дамай туғызып отырған себептерге: сәйкессіздік, принциптеріміздің тұрақсыздығы мен жүйе- сіздігін, терминге болашақ тұрғысынан қарауымыздағы енжарлық, т.б. жатқызуға болады. Біз солардың кейбіреулеріне ғана қысқаша тоқтала кетуді жөн көрдік. Олар төмендегілер:

Мемлекеттік тілді терминдендіру ("терминизациялау") қажет пе?

Бүгінгі таңда бұл - ешкімнің көңілінде күдік, ісінде қарсылық тудырмайтын қажетті мәселе. Өйткені ұлттық мемлекетіміздің өрбіп-өсіп, өркениетке қадам басуына, елдігін танып, ұлт дәстүрін сақтап қалуының бірден-бір шарты, негізі - мемлекеттік тіл, оның толыққанды дамуы. Ал терминологияның заңды да объективті тұрғыдан дұрыс дамуы - мемлекеттік тіліміздің қоғамдық өмірдегі өзінің қарым-қатынас құралы ретіндегі, сондай-ақ ғылым, білім, мәдениетті дамытудағы жауапты қызметтерін жіті атқаруының алғы шарты. Сондықтан да біз өзіміз ұсынған терминологиялық **11 принциптің** біреуін терминжасам процестерін ғылыми-практикалық тұрғыдан шешуді, қатардағы қарапайым істердің бірі емес, өкіметтің өз құзырына алынып, мемлекеттік мәні зор іс ретінде, тұрақты бағдарлама бойынша жүзеге асырылуын қалайтын принцип деп көрсеткен едік.

Бұл принциптің іс жүзінде орындалуы әлі шабан. Ал оны ғылым-білімнің барлық саласы бойынша қажетті деңгейінде тез шешпейінше, мемлекеттік тіл де өз қызметін, міндетін толық ақтай алмайды. Терминология төңірегінен өрбитін дау-дамайдың бір себебі, міне, осыдан.

Ұлттық сана мен терминдендіру үрдісі сәйкес болмаса ... "Бұл екеуінің арасында қандай қатынас бар?" деген сауал тууы мүмкін. Бұған біз ***"тікелей қатысы бар!"*** деп, үзілді-кесілді жауап берген болар едік. Себебі тілдің терминдену үрдісі тек тілдің өзіне ғана тән қатардағы процес емес, сол тілде сөйлеуші қауымның қажеттігінен туындаған әлеуметтік мәні зор қоғамдық құбылыс. Демек, ол процестің өркендеп дамуы, не бейберекеттікке салынуы, божырауы, сайып келгенде, мемлекеттік тілде сөйлеуші қауымның ұлттық санасына, яғни оның бұл жаңа үрдіске деген көзқарасына, оның даму бағыт-бағдарына ұлттық мүдденің жарқын болашағы тұрғысынан қарай білуіне байланысты деген сөз.

Қайсы тіл болмасын "өзінің иесі" саналатын қауыммен бірге ұзақ тарихи дамуында талай саяси-әлеуметтік дәуірлерді басынан кешіріп, солардың оң-теріс те ықпалында болып, әсеріне ұшырайды. Мұндай жағдай-

ларды қазақ тілі де басынан кешіргені баршаға мәлім. Термин саласында да бізге белгілі дәстүр қалыптасты. Ол "ССРО-дағы ірілі-кішілі ұлттық тілдердің баршасы қайткен күнде де біртұтас совет-интеранционалдық терминдік ортақ қор құруы қажет" деген идеологиялық талапқа сай қалыптасты. Тіл саясаты және оның барлық нақтылы шаралары жергілікті жерлерде, міне, осы үрдісте жүргізілді және олар өткен дәуір ішінде ұлттық тілдерде ғана емес, ұлт саналарында да өз нәтижесін бергендігін біз бүгін, әсіресе егеменді ел болғаннан кейін айқын байқап отырмыз. Өткенді аңсау ("ностальгия по прошлому") - адам психикасына тән құбылыс қой. Одан шошуға да болмайды. Дегенмен, терминдендіру арқылы мемлекеттік тілді дамыту процесінде көкжиегі қылаң беріп, байқала бастаған кейбір жаңа үрдісінде енжарлық таныту, не тікелей қарсы шығу ұлт санасы мен тілдің объективті даму заңдылығы арасындағы қайшылық екенін айтпасқа болмайды.

Бұл мәселенің бір ұшы терминологиялық лексиканың жартысынан көбін игере иемденіп алған, өзінің мол ауқымымен, қолданыс аясындағы қалыптасып қалған үстемдігімен терминологияның шынайы ұлттық, қазақы бейнесін бүркеп, бойын көрсетпей, үнін шығармай келген советтік-интернационалдық дәстүр негізінде қалыптасқан ортақ қордың әлі де бір мұрты бұзылмай, бұрынғы үрдіспен тартып келе жатуында. Оның негізгі себебін іздесек, ол, сайып келгенде, ұлттық санада болып отыр. Қалыптасып қалған қасаң қағидаға қарсы бірлі-жарымды пікір, ұсыныстар айтылып та жатыр. Бірақ, амал нешік, қасаң болып қатып қалған ұлттық сана жібір емес. Жаңа ой-пікірге қарсы шығып отырғандар, әр түрлі идеологиялық топтарды есептемегенде, бұл салада ойланып-толғанып жүрген өз азаматтарымыздың ішінен де, тіпті терминолог - маман, зиялы қауым арасынан да табылып қалады.

Әрине, қандай және қай салада болмасын, қағида мен дәстүрдің қалыптасқаны - оң құбылыс. Бірақ ондай қағида мен дәстүр, әсіресе ылғи өзгеріп, жаңғырып, жаңаланып, дамып отыратын терминология саласында болса, ол тек ұлттық мүддені, ұлт тілінің өзіндік нақыш-бояуын ("национальный колорит") толық сақтап қалуына қарай бағаланбақшы. Осы тұрғыдан алып қарағанда, бүгінгі таңда да мемлекеттік тілімізді терминдендіру процесін бұрынғыша *"советтік-интернационалдық принцип"* бойынша, яғни бас-көзіне қарамай қабылданған, тіл заңына бойұсыбай енгізілген атауларды түгел сақтай отыра, *"ана тілінің өз мүмкіншілігін сарқа пайдалану"* деген принципті тек ұран етіп ұстап, іс жүзінде оның түйінін сол баяғыша шеше беруіміз керек пе?" деген сауалға нақтылы жауап беру керек сияқты.

Көптеген дау-дамайлар осы бір өзекті мәселені дұрыс түсінбеуден туындап жатқан сияқты. Әрине, "жылдар бойы қалыптасқан тілдік

дәстүрді, терминологиялық принциптерді бір сәтте (бір жылда, тіпті бірер жыл ішінде) өзгертіп, бірден жаңа қағидаға күшу керек, тілді совет-интернационалдық терминдерден аршып, тазарту керек!" деген пікірді дені дұрыс адам айта қоймас. Біздің бұл айтып отырған идеямыз да тек тіліміздің жарқын көкжиегін көздейтін мақсат, нысана ғана бар. Бірақ ол әрекет бүгіннен басталып, біртіндеп, ұзақ жылдар бойы аса саналы түрде, парасаттылықпен, кәсіби шеберлікпен жүзеге асырылатын идея.

Алайда, бұл идеяны өзінше түсініп, алыпқаштыға салып, "шаш ал десе, бас алып жүрген" жандар да баршылық, одан өзінше саясат жасап, сақтандырушылар да арамызда аз емес. Бірақ "бұрыннан қолданылып, қалыптасып қалған совет-интернационалдық терминдерді мән-жайына қарамай, шетінен жаңа "сайланған" қазақ атауларымен ауыстыру" деген қауырт та қарбалас науқан жарияланбағанын баршаға ерекше ескерткіміз келеді.

Осы орайда, біз өзіміз ұсынып отырған идеямыздың (яғни біздің ұсынған 11 принципіміздің бірі) негізгі түйіні үш түрлі танымға саятынын ескерткіміз келеді: 1) совет-интернационалдық терминдерді бас-көзіне қарамай, қалай болса, солай қабылдай беру арқылы, "ұлттық тіліміздің өз бойындағы бай мүмкіншілігін аяқасты етпей, оны саналы түрде кең пайдалану керек" деген қағиданы ескермеу саясатын тоқтату; 2) термин ретінде қабылданған сөздер механикалы түрде, мағыналық белгі ретінде ғана алына салмай, мүмкін болғанша, ішкі мәні мен мәнісінің де мемлекеттік тілде сөйлеушілерге айқын, айтуына оңтайлы болуын ойластыру; 3) ***"сөз* де - сөз, термин де - сөз"*** деген тұжырым тұрғысынан термин санатына жатқызылатын әрбір (төл, байырғы, кірме) сөздің терминдік негізінде белгілі шарттылық бар екенін ескеру.

Қорыта келгенде айтарымыз: егер **бірінші** көзқарас, терминжасау дың бүгінгі таңдағы жаңа үрдісі - терминологияның ұлттық негізін қалыптастыруды, ұлт тілінің өз қасиетін паш етуді мақсат етсе, **екінші** көзқарас терминдердің мән-мағынасы танылып, сөйлеуші қауымға түсінікті болуы айқындалып алынуы ұлттық қауымның ғылым мен білімнің мәні мен мазмұнын жаттау, есте сақтау арқылы емес, көңілге түйіп, көкірегіне қондырып, терең тануына кепілдік жасаса, **үшінші** көзқарас бойынша жай сөз де, термин де тілдің бір тай қазанында қайнаған, бірақ терминдер жай сөзден өзінің мағыналық шарттылығымен, ғылым-білім-техникаға бағышталған шектеулі қолданысымен ерекшеленетін құбылыс екенін айқындай түседі демекші.

Жаңалыққа жатсынбай, жасампаздыққа жармаспай қазақ тілі терминологиясына жаңаша көзқараспен қарайық

Егеменді ел, тәуелсіз мемлекет болған Қазақстан Республикасы бүгінде өзінің жұлдызды сағатын бастан кешіруде. Өркениетке қадам басқан қазақ халқының қара басына жеткілікті қауырт та қарбалас тіршіліктің қалың ортасында тағы да тіл тағдыры тұр. Өйткені толыққанды ұлттық тілсіз дербестіктің күні қараң, тәуелсіздіктің мәні жоқ. Сондықтан да егемендік алып, еңсесін көтере бастаған елдің ең алдымен әспеттейтін қастерлісі де, түгендейтін асыл дүниесі де ана тілі болмақшы.

Мемлекеттік мәртебеге ие болып отырған қазақ тілінің де төрт құбыласы тең емес екені белгілі. Ең алдымен оның тірек болар үш тағаны – жазу-сызуы (ұрпақ арасын жалғастырар алтын көпірі), ономастикасы (жер бетіндегі ескерткіші), терминологиясы (оның баю жаңару көзі) берік емес екендігін мойындаған жөн.

Осыған орай белгілі дәстүрге ие, алды-арты айқындалған, тілімізде біршама қалыптасқан терминология мәселесіне бүгінде қайта оралуға үш түрлі себеп бар:

бірінші себеп: ғылыми-техналық прогрестің айнасы ретінде әрбір өркениетті ел терминологиясының сақадай сай болуына ерекше мән беріп, заман талабына сәйкес оқтын-оқтын оның бағыт-бағдарын анықтап, үрдісін байқап, ширатып-шыныктырып отыруға тиіс; біз де енді сондай ел санатына жатамыз;

екінші себеп: қазақ әдеби жазба тілі – мемлекеттік тілдің негізі болса, терминология мен ғылым тілі – оның жон арқасы, бүкіл рухани-мәдени өміріміздегі жаңалықтардың бәрін сергек сезініп, сол ыңғайда өзгеріп отыруға бейімді құбылыс; сондықтан да мемлекеттік әдеби тіліміздің бүгінгі күйі мен ертеңгі жағдайы терминологияның реттілігімен, жүйелілігімен, тұрақтылығымен және қолданыс аясының кеңдігімен өлшенеді;

үшінші себеп: қазақ тілі терминологиясы әр түрлі жағдайларға байланысты бүгінде дағдарысқа ұшырап отыр: оның ғылыми принциптері жаңа үрдіске бағыт-бағдар беріп, оның алдында жүрудің орнына артында қалып, термин практикасы аяқасты болып бара жатыр. Осының салдарынан әркім өз білгенінше термин жасауға немесе оны ауыстыру, алмастыру тәрізді бейберекет «бұқаралық» әрекетке (анархияға) жол беріле бастады; оны ең алдымен Мемлекеттік терминология комиссиясының (Мемтерминкомның) өз міндетін жөнді атқара алмай отырғанынан көруіміз керек.

Міне, осы себептерге байланысты бүкіл терминология жүйесін қайта қарауға тура келеді. Терминология проблемасын тығырықтан шығарудың бір жолы – оның бүгінгі жаңа үрдісінен бірден ат-тонымызды ала қашпай, оған тереңірек бойлап, ойланып-толғанып барып, тұжырым айту. Бойкүйездікке салынып, барлық жаңалықтан безіне беруге болмайды. Бірақ жаңалық екен деп кез келген жасампаздыққа жармаса берудің де қажеті жоқ.

Сондықтан біз көптің бірі ретінде осы мәселеге өз көзқарасымызды анықтап, пікірімізді ортаға салуды жөн кордік. Осыған орай, біз терминология саласында қолданылып жүрген принциптер бола тұрса да, өз тарапымыздан оларға балама ретінде он бір принциптің жобасын ұсынып отырмыз.

Енді сол принциптерге тоқталайық.

Бірінші. Егеменді ел, тәуелсіз мемлекеттің басты белгілерінің (артибуттарының) бірі – мемлекеттік тілдің негізгі тіректерінің бірі – терминологияны жан-жақты дамытуға, реттеуге, қалыптастыруға, кеңінен қолдануға сол мемлекеттің өзі қамқорлық жасауы керек. Ескерте кетейік, дәл осы принцип терминтануда бұрын-соңды болған емес. Мәселені дәл бұлай қоюға, біріншіден, көпжылдық ащы-тұщы тәжірибеміздің белгілі болған қажеттілік себеп, екіншіден, «Тіл заңы» алдындағы жауапкершілік пен 2000-жылға дейінгі тіл дамыту Бағдарламасындағы мемлекеттік міндеттемені мойындаудың керектігі. Мемтерминком бүгінгідей жартылай биресми ұйым емес, бүкіл термин «шаруашылығына» толық жауап беретін, термин жасау, терминдерді ауыстыру, реттеу, қалыптастыру, жариялау, қолдану сияқты т.б. ұшан-теңіз жұмысты ұйымдастырушы, үйлестіруші, бағдарлаушы, бақылаушы, үкімет тарапынан қаржыландырылған, тұрақты мемлекеттік ресми орган ретінде статусы белгіленіп, қайта құрылуы қажет.

Сондықтан да статусын өзгерте қалған күнде Мемтерминкомның сан алуан міндетін негізінен үш топқа бөліп қарауға болатын сияқты: а) термин саласындағы шығармашылық, ә) терминдерді електен өткізіп, ресми бекіту, б) терминдерді қалыптастырып, тәжірибеде қолдануды реттеу.

Екінші. Қазақ тілі терминологиясының жақсы дәстүрлерін жалғастыра, өскелең өмірдің биік талап-талғамына сай жүз беріп отырған бұқаралық үрдістің ұлттық тіл үшін тиімді де қажетті жақтарын саналы түрде пайдалану. Демек, тілде бой көрсете бастаған бұл үрдіспен (тенденциямен) санасу – қоғам өміріндегі өзгерістерге сәйкес ұлттық сананың даму заңдылығын мойындау деген сөз. Жаңалыққа, өзгеріске бейім тұратын терминология саласында бұл үрдіс кейінгі 2-3 жыл ішінде

ерекше көзге түсіп отыр. Тілімізде жүздеген атау-терминдер жаңаланып, не жаңа баламаларымен ауыстырылып та үлгерді. Ал күн санап туындап, «терминология базарында» бағын сынап, жан-жақтан бәйгеге қосылып жатқандары қанша? Бұл үрдіс күн сайын үдей түспесе, толастайтын түрі жоқ. Мұндайда бағыт-бағдар беріп, басалқылық айтатын Терминком сырттан бақылаушы болып, шарасыздық танытып отыр. Ол үндемеген сайын анархияға бастайтын бейберекет тірлік те жаныға түсуде. Осыдан «Бұл не, заңды құбылыс па, әлде заңсыздық па?» деген орынды сауал туады.

Қазақ тілі – небір сұңғыла көсемдер мен жезтаңдай шешендердің өнерімен ширап, шыңдалған бай тіл. Бірақ «терминологиялық стандарт» даланың еркебұланындай өзінше түлеп, еркін «өскен» қазақ тілінің бірден бойлап ене алмағанын біз 20-30 жылдардағы тәжірибеміздің жақсы білеміз. Ол тілің күрмелетін небір күрделі интернационалдық терминдерді о бастан қабылдамай, басына бұғау түскен асаудай олай да, бұлай да бұлқынып көрді, өзінше атау іздеп бақты. Бірақ бұл талпыныс терминтанудың «үдесінен» шыға алмады, өйткені заман талабы басқаша болды. Ана тіліміздің мүмкіншілігін іс жүзінде көрсете білген Ахмет Байтұрсынов сияқты абзал азаматтар «пурист», «ұлтшыл» деген айдар тағылып, арамыздан «аласталған» болатын.

Осы бір «пуризм» атты «тойтарыс» қазақ зиялыларының көзіне күні бүгінге дейін Мүңкір-Нәңкірдің күрзісін елестетіп, зәресін алып келді. Олар «күшігінде таланған ...» дегендей, қазақ тілінің қанатын жаюға қайтып беттей алмай қалды, бойын енжарлық билеп алды. Тіпті термин жасауда «ана тіліміздің барша байлығын сарқа пайдалану керек» деген принципті маңдайшаға жазып қойып, терминнің көпшілігін шет тілдерден қабылдап, күні бүгінге дейін «аурдың үстімен, жеңілдің астымен» қалыптасты. «Термин» деген ұғымға бір сиынсақ, «интернационалдық термин» десе болды: «Ойбай, оған тиюші болмаңдар!» деп безектейтін болдық. Олар да қазақтың сөзіндей қарапайым сөз екендігін ешкім батылы барып, айта алмады, олардың көп тілдерге тарағанын, бізге сырттан келгенін сылтау еттік. Өз тіліміздегі сөздерді олардан төмен қойдық.

Міне, бүгінгі жаңа серпіліс, тілдегі демократиялық үрдіс осы бір санамызда қалыптасқан қасан дәстүрдің қабырғасын сөгіп отыр. Бұл үрдістен, әрине, «қайткен күнде де орыс және шетел термин-атауларын тіліміздің сүйреп шығару, кез-келген қазақ сөзінен термин жасау, ғылым-білімнің бәрін қазақшалау керек» – деген ұғым тумаса керек. Бірақ оны өз бетінше де жіберуге болмайды, бағыт-бағдар беру керек. Біз ұсынып отырған принциптің мақсаты да осында. Егер бүгінге дейін термин жасаған, шет тілдерден қабылдаған кейбір термин-атауларды ауыстыруға балама іздеуде Ісләм Жарлығапов, Мұзафар Әлімбаев, Әбдуәли Қарақұлов,

Нұртас Оңдасынов сияқты біраз азаматтар ғана ат салысып келген болса, бүгінде бұл әрекет көпшілік қатысқан бұқаралық сипатқа ие болып отыр. Онда да оза шауып, оқырмандарына күн сайын ондаған «жаңа» сөздерін ұсынып жатқандар көбіне-көп журналистер қауымы.

Міне, «осындай» шығармашылықтың нәтижесінде «терминология базарында» бағын сынап, тілімізді шұбарлап, бейберекет қолданылып, ресми қолдануын таба алмай, Терминком тарапынан бекілмей жүрген жүздеген сөздер – **ұжым** (коллектив), **төңкеріс** (революция), **тағамат** (меню), **өркениет** (цивилизация), **елтаңба** (герб), **әнұран** (гимн), **демеу- ші** (спонсор), **құрылтайшы** (учредитель), **үнжария** (газет), **сұхбат** (интервью), **жолсапар** (командировка), **үналғы** (магнитофон), **төлқұжат** (паспор), **тіркеме** (прописка), **ұшақ** (самолет) т.б. – осының куәгері. Біле білсек, бұл жаңа үрдістің (тенденцияның) тек бастамасы ғана. Оның тегеурінді күш-қуаты әлі бұл үрдіске біраз улап-шулап тынатын әдеттегі өткінші құбылыс емес, тіл дамуының белгілі бір белесі, тәуелсіз де дербес мемлекет болған елдің алдындағы асар биігі деп қараған жөн.

Үшінші. Салалық терминдер мен атауларды жаңадан жасауда, өзгертуде, ауыстыруда ең алдымен қазақ тілінің төл және бұрыннан қалыптасқан байырғы лексикалық байлығын сарқа пайдалану. Бұл екінші принципке тікелей байланысты, оның табиғи жалғасы іспетті.

Шынында да қазақ тілі өзінің зор мүмкіншіліктерін сарқа пайдалана алмай келеді. Оның көптеген себептері де болды. Соның бірі – терминологиялық процестің тек бір жақты, бір бағытта ғана дамуы: терминдік ұғымдардың қайнар көзі орыс тілі болып саналды да, ал бұл салада кенжелеп қалған қазақ тілі сияқты ұлт және ұлыс тілдерінің бәрі тек «қабылдаушы» пассив тілдер санатында ғана болып, ғылыми- техникалық прогреске өзін тікелей араластыра алмады, араласса да терминдер тасқынына өз мүмкіншілігін қарсы қоя алмады.

Міне, осы себептер тілімізді ұлттық қасиетінен алыстатты, қазақ зиялыларын жалтақтық пен енжарлыққа үйретті, өз тілімізге өзіміз мұрын шүйіріп қарайтын болдық. Бүгінде ғылыми-техникалық прогрестің шарпуына шалынбаған бірде-бір тіл жоқ. Ал Қытай, Жапония, Түркия сияқты ірі-ірі елдерде ғылым мен техниканың биік шыңына өз тілдерінің негізінде қол жетіп отыр.

Аталмыш принципті іс жүзіне асырудың бір жолы тіл байлығымыздың қайнар көзін, бастау-бұлақтарын толық ашуға байланысты. Ал тіл байлығы тек сөз санында ғана емес, оның мағыналық күш-қабілетінде. Жалпыхалықтық тіл қазынасы сан алуан бұлақтардан нәр алып, ылғи толығып, молайып, байып отырады. Бірақ ол байлықтың бірдей біз термин қажетіне жарата бермейміз, олардың біразы өз кезегін күтіп, тіл қойнауларында жата

береді. Тіл байлығының бір құнарлы саласы – жер-жердегі тұрғындардың қолданысындағы диалектизмдер мен кәсіби лексика. Осы байлықты сарапқа сала отырып, саналы түрде терминология қажетіне жаратудың маңызы зор. Бұл мәселені теориялық жағынан құптаушылар көп те, іс жүзінде қолдаушылар аз. Соның өзінде де олардың біразы термин қатарынан орын алып, қолданыста жүр. Кәсіби диалектизмдер көбінесе бір-біріне жақын, тектес, ұқсас заттар мен құбылыстарды өзара саралау үшін қажет. Мысалы: орыс тіліндегі **клещи, кусачки, плоскогубцы, щипцы** сияқты техникалық аспаптар атауларына балама етіп халық тіліндегі **кемпірауыз, атауыз, тістеуік, қысқаш, шымшуыр** тәрізді сөздерді қарастыруға неге болмасын?

Тағы бір мысал. Өткен 1991 жылы қазақ тілі «суверен», «суверенитет», «суверенный» мағынасында **егемен, егеменді, егемендік** сөздерін термин етіп ресми қабылдады. Бірақ осы күнге дейін: «бұл сөз қайдан шыққан, қазақта мұндай сөз жоқ!?» деген наразылық айтылып келеді. Ал, бұл – жергілікті тілді қолданылып келген қазақтың төл сөзі. Ол әдеби тілдегі **ие, иелік, иеге** сөздерімен түбірлес. Және олар көптеген түркі тілдерінде, соның ішінде Түркияда **егемен үлке** (егемен ел), **егеменлі жұмхурият** (егеменді республика), **Улусал Егеменлік** (ұлттық егемендік) түрінде кеңінен пайдаланылып жүрген сөздер.

Жалпыхалықтық тіл байлығына тән көнерген сөздерді де тірілтіп, жаңғыртып, тіл қажетіне жаратуға болады. Ұлт тілімізде кенжелеп қалған әскери лексиканы алайық. Ертенгі күні Президентіміздің ұлттық ұланы (гвардиясы) құрылғанда бұйрық, жарлық, басқару, үйрету тәсілдері қай тілде болмақ? Егер олар мемлекеттік тілде болса (біз солай болатынына кәміл сенеміз), жүздеген көне әскери атау сөздерді жаңғыр тып, термин ретінде өмірге қайта әкелуге тура келеді. Мәселен, қарауыл, жасауыл, ереуіл, бақауыл, шыңдауыл, шапауыл, тоқтауыл, тосқауыл, ертеуіл, айдауыл, шығауыл, бөгеуіл сияқты көне атауларды әскери құрылымға, тактикалық тәсілдерге, соғыс әрекеттеріне байланысты айтылатын арьергард, авангард, наблюдение, засада, дозор, караульный, конвой тәрізді терминдермен шендестіріп, үйлестіріп неге қолданбасқа? Бұл да бір бұлақтың көзін ашумен бара-бар. «Көне» сөздерден шошынудың қажеті жоқ. Өйткені сөздің бәрі көне. Олардың қатарына біз көптеген діни сөздерді де енгізіп мәнісін ұмытып кеттік.

«Жаңа сөз» жасау деген түсініктің өзі де шартты ұғым. Ол – тілімізде бұрыннан бар модельдер мен сөздердің негізінде пайда болған «жаңа қолданыстар». Мәселен, **атарман, шабарман** сөздерінің моделі бойынша **оқырман, көрермен** жасалды, **тындарман** (слушатель), **бұйырман** (заявка) сияқтылар тағы ұсынылып отыр. **Басылым** үлгісімен енді **қойылым** (постановка), ал **мазмұндама**, **баяндама** үлгісі бойынша **бағдарлама** (программа), **тұжырымдама** (концепция), **аялдама** (остановка) терминдері,

сондай-ақ аналитикалық тәсіл арқылы **масахана, асхана** үлгісімен **бұзаухана** (телятник), **мейрамхана** (ресторан), **бөбекхана** (ясли), **саяжай** үлгісімен **жағажай** тәрізді термин сөздер жасала басталды. Демек, ғайыптан пайда болған дүние жоқ. Оның тетігі – жаңашыл шығармашылардың тапқырлығы мен қолданыс шеберлігінде жатыр.

Сөз шығармашылығының тағы бір көрінісі – қолданылып жүрген сөздерге қосымша, жанама, ауыспа мағына үстемелеу. Мәселен, **пенсия, пенсионер** деген терминдерді кейінгі кезде **зейнетақы, зейнеткер** деген сөздермен ауыстырдық. Осыған түрткі болған қазақ тіліндегі **«Бейнет, бейнет түбі – зейнет»** деген мақал деп жобалаймыз.

Ана тілі мүмкіншілігін пайдаланудың тағы бір қалыптасқан жолы – калька тәсілі, яғни орыс не шет тіл терминдерін тұлғалық, мағыналық, құрамдық ерекшеліктерін сақтай отыра (**сухотка** – сему, **ударник** – екпінді, **совет** – кеңес, **соревнование** – жарыс, **мозжечок мед.** – майшық, **агропромышленность**, агроөнеркәсіп, **радиоприемник** – радиоқабылдағыш, **видеолента** – бейнетаспа т.б.) жасау.

Міне, ана тіліміздің осы мүмкіншіліктерін біз сарқа пайдаланғаннан кейін ғана орыс және интернационалдық терминдерді қабылдауға еріктіміз.

Төртінші. Термин шығармашылығында одан кейін туысқан түркі тілдерінің (әсіресе терминология дәстүріне бай жазба тілдердің) озық тәжірибелерінен, терминдік өрнек үлгілерінен, оңтайлы да үйлесімді сөз жасау модельдерінен мүмкіндігіне қарай пайдалану.

Кешегі Кеңес Одағындағы түркі тілдері бұл салада өзара жақындасудың, үйлесудің орнына бір-бірінен алыстай түсті. Жоғарыдан (бір «ортадан») таралған терминдік ұғымдарды олар өз білгенінше беруге әлек болды да, өзара тәжірибе алмастыруға мұршасы келмеді, «әркім өз қазанында өзі қайнады». Мәселен, қыпшақ тобына жататын төмендегі жеті тілде **«Центральный Комитет»** деген тіркес былайша аударылып келді: **қаз**. Орталық комитет, **қарақалп**. Орайлық комитет, **қырғ.** Борбордук комитет, **тат.** Үзәк комитет, **башқ**. Үзәк комитет, **қыртат.** Меркезий комитет, **қаббалқ.** Ард комитет. Туыс тілдердің терминдегі «жақындығын» осыдан да байқауға болады. Өйткені түркі тілдерінің өзара жақындасуы кезіндегі тіл саясатына онша қолайлы болмады.

Тегі бір, тарихы бір тілдер де сөз байлығын өзінше дамытып, өзінше пайдаланады. Бір тілдің екінші тілден тәжірибесі артық та, кем де болуы мүмкін. Міне, сол тәжірибені алмастырудың, тілі жақын туыстардың бір-бірінен үйренуінің пайдасы болмаса, зияны жоқ. Қазақ тілінен де алатын тағылым, үйренетін үлгілер аз емес. Бірақ тәжірибе алмастыру дегенді туыс тілдердің сөз жасамы модельдерін, үлгісін, не терминдерін

көз жұмып, көшіріп алу немесе құр еліктеу деп түсінбеу керек. Демек, бұл принциптің мақсаты – сол үлгілердің өзіміз үшін үйлесімді, тиімді, оңдайлы әрі пайдалы жақтарын таразы басына салып, саралап, сын көзбен қарай отыра қабылдау.

Орыс тілінің тікелей әсерін көрмеген Түркия түріктерінің тіл тәжірибесі де біз үшін өте қызықты. Орыс тілінің элементі онда жоқтың қасы да, ал интернационалдық терминдер бізге қарағанда өте аз және олардың біразы еуропа тілдерінің өзінен тікелей алынады: **камп** (лагерь), **фишек** (ракета); фуар (жәрмеңке), **фирча** (щетка); ал көпшілігі түрік тілінің өз баламаларымен (**аэропорт** – хаваалаңы, **самолет** – ұшақ, **спонсор** – сөзжу, **магнитофон** – касетсалар, **компьютер** – білгісаяр, **президент** – жұмхұрбақаны, **премьер-министр** – башбақан, **парламент** – межіліс, **автомашина** – араба, **транспорт** – ұластырма, **студент** – өргенчі, **масштаб** – өлшу т.б.) ауыстырылған. Және бір ерекшелігі: бізде шет тілі элементтері орыс тіліндегі жазылуы бойынша қабылданса, Түркия түріктерінің тілінде сол тілдерде айтылуынша ықшамдалып алынады екен: **факулте** (факультет), **университе** (университет), **теори** (теория), **экономи** (экономика), **спор** (спорт), **музе** (музей), **кадро** (кадр) т.б.

Түркиямен қарым-қатынастың кейінгі кезде жиілей түсуіне байланысты қазақ тілінен түркі терминдерінің алғашқы «қарлығаштары» көріне бастады. Соның бірі «Егеменді Қазақстан» газеті қолданып жүрген ұшақ (самолет) түрікше ұчақ болса, екіншісі әуеалаңы (аэропорт). Мұндай ауыс-түйістердің бұдан кейін де болатыны сөзсіз.

Қорыта келгенде: туыстас тілдер тәжірибесін үйрену, одан саналы түрде пайдалану принципі – жалпы түркі дүниесіне ортақ ғылыми-техникалық прогрестің, мәдениеттің үйлесе дамуына кепілдік беретін фактор. Бұл құбылыс тілдерді салыстыра зерттеуді талап етеді.

Бесінші. Тіліміз үшін қажет, бірақ дәл баламасы жоқ, аударуға келе бермейтін интернационалдық терминдер мен атауларды қазақ тілінің өз ерекшеліктеріне икемдеп қабылдау.

Біздің түсінігімізде өте қастерлі, тіпті «киелі» ұғымға айналған «интернационалдық термин» дегеннің өзі не? Арнайы зерттеулерге сүйенсек, олар – жер жүзіндегі бірнеше ірі-ірі тілдерде қолданылып, халықаралық деңгейде танымал болған терминдер мен атаулар. Орыс тілінде шеттен кірген термин-атаулардың бәрі бірдей интернационалдық термин емес. Бұл – бір. Екіншіден, «интернационалдық термин-атаулар ешбір басқа тілге аударылмасын» деген үкім жоқ.

Біздің ойымызша дәл ғылымдар (техника, физика, математика, механика, т.б.) мен табиғи ғылымдар (химия, биология, металлургия, медицина, т.б.) саласындағы термин-атауларды қазақшаға аудару мәселесіне

«он өлшеп бір кесу» принципі бойынша қараған жөн. Рас, кейбір тілдерде, мәселен, түрік тілінде, тіпті компьютерді де ағылшын тіліндегі мағынасына қарап («есептеу, санау») білгісаяр деп («санай білетін») деп аударып алып жүр.

Ал қоғамдық ғылымдар саласындағы интернационалдық терминдерге көзқарас басқашалау болуы мүмкін. Өйткені бұлар күнделікті өміріміздің барлық (саяси-экономикалық, мәдени-әлеуметтік, өнер-білім, оқу-тәрбие, т.б.) салаларында жиі қолданылатын, әрі өзгеріп отыратын терминдер. Сондықтан да қоғамдық пікір мен шығармашылық әрекеттердің бәрі, міне, осы салаларда көбірек бой көрсеткені абзал.

Қорыта келгенде айтарымыз: халықаралық деңгейде қолданылып, танымал болған, әрі қазақша аударуға келмейтін, келсе де терминдік мағынасы дәл берілмейтін интернационалдық термин атауларды қазақ тілінде де қалыптастыру, тұрақтандыру қажет. Бірақ бұдан оларды желеу етіп, қаптата беру деген ұғым тумаса керек.

Ал интернационалдық термин атауларды қазақ тіліне «икемдей қабылдау» мәселесі келесі принциптегі «үйлестіре қолданумен» бірге қаралады.

Алтыншы. Орыс тілінен (жалпы славян тілдерінен) енген термин атауларды мүмкін болғанынша қазақша аударып қолдану; аударуға келмейтіндерін бұрынғыдай сол қалпында емес, қазақ тілінің фоно-морфологиялық ерекшеліктеріне үйлестіре қабылдау.

Орыс тілінің игілікті ықпалы жөнінде көп айтылып, көп жазылып келді. Бірақ олардың бәрі «байытты», «дамытты» деген жалпылама сөз еді. Өйткені ол ықпал игілікті болса, ана тіліміз дәл бүгінгідей қасіретке ұшырамаған болар еді. Тілдер бір-біріне игілікті әсер етуі үшін олардың терезелері тең тұруы керек.

Бірақ қандай болғанда да терминологияға байланысты бір шындықты мойындауымыз керек. Бүгінде қазақ тіліндегі терминологиялық лексиканың құрамында жалпы саны жүз мыңнан аса терминдік сөз бар. Демек, қазақ тілінде терминологиялық лексика және терминдік сала, жүйе қалыптасты. Бұл процесс қайткен күнде де тілімізді біршама ширатты, оның ішкі мүмкіншілігін (потенциясын) аша түсті, оған зиялы қауымды қатыстырып, шығармашылық үрдісін дамытты. Міне, орыс тілінің игілікті ықпалы деп осыны айтуға болады. Сонымен қатар бұл процесс ана тіліміздің табиғатына нұқсан келтіріп отырған жерлері де жоқ емес.

Қазан төңкерісіне дейінгі қабылданған терминдік лексиканың бәрі де қазақ тілінің сөйлеу ерекшеліктеріне сәйкес қабылданды. Сонда енген жүздеген, мыңдаған сөздер бір төбе: **орыс, Ресей, жәрмеңке,**

мұнанай (меновой), **пошта, кәмпит, түрме** т.б. Ал 1930 жылдың екінші жартысынан кейін, әсіресе, орыс графикасын қабылдағаннан соң, қазақ тілінің қабырғасын күйрете түсті. Орыс интернационалдық терминдерді жазуда орыс әдеби тілінің нормасы қаншама қатал талап етілсе де, ауызша айтқанда әсіресе қарапайым халық тілінде олар өз тіліміздің ыңғайымен (фонетикалық интерференция түрінде) айтылып келеді.

Жетінші. Саралық күрделі терминдер мен атаулар қазақ тілінің өз негізінде алғашқы әріптері мен буындары бойынша (сөз араластырып та) кеңес – интернационалдық термин-атаулардың үлгісімен қысқартып қолдануды заңдастыру.

Атау-терминдерді қысқартып қолдану дәстүрі қазақ тілінде тек төңкерістен кейін ғана пайда болды. Қоғам пікірінің тұрақтамай, бірде орысша, бірде қазақша қысқартылуы, міне, осыған байланысты. Бірақ, түбегейлі шешілмеген мәселе, ескі аурудай, қайталана беретіні белгілі ғой. Оның үстіне қысқарған терминдер мен атаулар (номенклатуралар) күн сайын туындап, толассыз толығып, қазіргі кезде тілімізде жалпы саны үш мыңнан асып барады. Олардың біразы қазақша, басым көпшілігі орысша белгілі заң бойынша емес, өз бетінше, стихиялы түрде көбеюде. Оларды ендігі жерде реттемесе, мемлекеттік тілге нұқсан келгені келген.

Әрине, дағдыланбағаннан кейін қазақша қысқартуға қарсы болатындар да табылады. Ал, кейбір қысқартулардың күлкілі болып көрінуі де мүмкін. Бірақ, байқап қарасақ, СССР мен ССРО-ның, ТАСС пен СОТА-ның, США мен АҚШ-тың, бүгінгі СНГ мен ТМД-ның қазақ үшін бәрі бір сияқты. Мәселе осы бір «табалдырықтан» аттап өтіп, тілдік дәстүрге айналдыруда.

Ал біздің ұсынысымыз: 1) қысқартуға тиісті термин-атаулардың бәрі қазақ тілінің негізінде орыс тілінде қалыптасқан күрделі (біріккен, қосарланған тіркес түріндегі) терминдер мен атаулардың үлгісі мен модельдері бойынша жасалуы керек; 2) олар күрделі термин мен атаудың құрамындағы әрбір дербес сөздің не алғашқы әріпі, мысалы: **ТМД:** Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы – **СНГ:** Содружество Независимых Государств, қазақша айтылуы: Те-эМ-Де; **МХК:** Мемлекеттік Хауіпсіздендіру Комитеті, қазақша айтылуы: эМ-Хе-Ка; **ІІМ:** Ішкі Істер Министрлігі, қазақша айтылуы: ІІ-еМ; не алғашқы әріпі мен буыны бойынша **ҚазМУ:** Қазақ Мемлекеттік Университеті, қазақша айтылуы: **ҚазМУ, ҚазМПУ**; Қазақ Мемлекеттік Педагогика Университеті, қазақша айтылуы: Қаз-эМ-ПУ қысқартылуы керек; 3) осылайша қысқартылған термин атаулардың құрамында жеке-дара сөздердің де болуы мүмкін; 4) қысқарту объектісіне дәл, табиғи және қоғамдық ғылымдардан басқа әртүрлі мемлекеттік, қоғамдық, саяси-әлеуметтік, ғылыми, әкімшілік-территориялық

(министрлік, ведомство, комитет, мекеме, бірлестік, концерн, ассоциация, трес, комбинат, ұйым, оқу-ағарту орны, спорт кешені, команда, техникалық құрал-жабдықтар, т.б.) атаулар (номенклатуралар) да жатады: **«Қазаушармаш»:** Қазақ Ауыл Шаруашылық Машинасы, айтылуы: Қазаушармаш; **«Ауатком»:** Аудандық Атқару Комитеті; айтылуы: Ау-Ат-Ком; **«Қазмәрмәр»** комбинаты, айтылуы: Қазмәрмәр; **«Қазтүсмед»:** Қазақ Түсті Метеллургиясы, айтылуы: Каз-Түс-Мет.

Бұл тәрізді қысқартулардың түрі көп, олар, әдетте, мекемелердің ұзақ атауларын ықшамдап айтудың бір жолы. Бұл мәселені Сөздік жасау арқылы шешуге болады.

Сегізінші. Күн санап толассыз туындап жатқан терминдік ұғымдарға тіліміздің дәл балама іздеуде де, термин-атауларды жаңадан жасауда да жалпы терминге тән талаптарды сақтай отыра, дәстүр мен шарттылық заңдылығын мойындау.

Демек, бұл принцип балама сайлау, термин-атауларды жасау әдістәсілдерге қатысты. Белгілі шындықты қайталасақ: тума термин болмайды, терминнің бәрі де тіліміздегі қарапайым сөздерден жасалады. Оларды термин етіп отырған да өзіміз, «мағынасы нақтылы, тұлғасы ықшам, айтуға, жазуға оңтайлы болсын» деген талапты қоятын да өзіміз. Бірақ әрбір сөздің термин санатына келіп қосылуында, қолданыс айналымына еніп, қалыптасуында белгілі бір шарттылық барын біз ескере бермейміз. Мәселен, **скальпель** – медицинада хирургтердің операция жасайтын аспабы. Ол о баста индустардың бас терісі – **скальпты** сылып алатын құрал ретінде дүниеге келген екен. Сонда оның о бастағы және қазіргі қызметі арасында жер мен көктей айырмашылық бар, яғни шарттылық бар. Ал енді осы терминге балама етіп, қазақ дәрігерлері кейінгі кезде атамзаманнан белгілі **қандауыр** деген халықтық атауды қолдана бастады. Онымен қазақ атамыз қан қысымын түсіру үшін бас тамырын шегіп, (атынан да көрініп тұр ғой) қан алған. Екі ұдай дүниеден келіп, қазақ тілінде бір-біріне балама болып табысқан осы екі терминнің табиғатында шарттылық айқын көрініп тұрған жоқ па?

Кейінгі кезде **ветеран** деген терминді **ардагер** деген баламамен ауыстырып алдық. Кейбір жолдастар бұл сөздің төркінін тіліміздегі **қаламгер** (писатель, мастер художественного слова), **қайраткер** (деятель), **заңгер** (юрист, правовик), **кемеңгер** (гений) сияқты терминдердің сөз жасам моделімен салыстырады. Сонда **«арда»** не? Біздің ойымызша бұл сөз басқаша жолмен жасалған: ол жылқы малына айтылатын **құлагер, қарагер, ақтангер** деген атаулармен төркіндес. Қазақ атам оны о баста «енесін арда емген кер түсті жас тайға» қатысты, ал ауыс мағынасында «ерке-бұлан өскен ел ардағына» бағышталған. Мәселен, «Ақан сері – Ақтоқты» драмасында

Ақтоқтының тойына келген Ақанды жиналған жұрт, қуана қарсы алып **«Хош, келдің арда керіміз!»** деп шулаған жоқ па еді? Сондағы **«арда керіміз»** алты алашқа серілік өнерімен әйгілі болған әрі ақын, әрі әнші Ақан ғой. Ақан сынды жігітті құлагердей сәйгүлікке біртума нарға теліп, бейнелеу сөз дәстүріне тән құбылыс. Ал енді сол жас Ақан бейнесіндегі «арда кер» тіркесі жылдар аттап келіп, **еңбек ардагері, соғыс ардагері, партия ардагері** болып жаңаша қолданыс тауып отыр. Кім осы қолданыста шарттылық жоқ деп айтады?! Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Демек, кез келген терминнің төркініне шұқшия қарап, тегін қазбалай берудің қажеті жоқ. Көбісінің тілдік табиғаты олардың ғылыми дәлдігіне күмән келтіруі мүмкін. Сондықтан біз үшін жасалу процесі емес, жасалып болып, қолданыс айналымына өткеннен соңғы терминдік мағынасы қажет.

Тоғызыншы. Тілімізге қабылданатын терминдер мен атауларды жеке дара, әркайсысын өз алдына емес, мағыналық тұлғалық жақындығы бойынша өзара топтастыра, салыстыра отырып, салалық жүйе бойынша саралап пайдалану. Демек, бұл принцип те сөз жасау тәсіліне бағышталған.

Біз, әдетте, термин жасаудың морфологиялық, аналитикалық моделдерін ғана сөз етумен шектеліп, оның басқа әдіс-тәсілдеріне мән бермейміз. Орыс тілінен еніп жатқан терминдер тасқынын біз қабылдағанда, олардың жүйесіне, өзара байланысына қарамаймыз, бір салада термин жасаған маман басқа салада не болып жатқанын біле бермейді. Осының салдарынан бір тілдің өзінде, бір салада қатар дублеттер жарыспа варианттардың бір терминнің екі, не үш сөз берілуі, не керісінше, екі үш сөздің бір мағынаға телінуі (**футбол**) (аяқ доп), (**проект**) (жоба), (**лингвистика**) (тіл білімі), (тілтану) сияқты терминология шартына жат құбылыстар пайда болады.

Осыған орай, ұсынылып отырған принцип өз тіліміздің барша мүмкіншілігін тиімді (рационалды), түгел пайдалануды көздейді. Мәселен, орыс тіліндегі мағынасы бір-біріне жақын: **декларация, конвенция, информация, воззвание, призыв, обращение, сообщение, объявление, извещение, оглашение, оповещание, вещание** т.б. тәрізді бір «үйір» ресми терминдерді алып көрейік. Осы келтірілген он екі терминге қазақ тілінен сәйкес он екі балама табыла ма, табылса, олар өзара қалай үйлестіріледі? Біз **информация** терминін **ақпарат** деп алдық. **Декларация** мен **конвенцияны** халықаралық термин деп өздерін қабылдайық. Ал қалғандарын ше? Жаңашылдыққа жаны құмар адамдар ұсынатын баламаларын, міне, осы жүйе бойынша ұсынып көрсін. Не бар, не жоқ екендігі, олардың сәйкестігі мен алшақтығы бірден көзге түседі.

Оныншы. Тіліміздегі ұлттық және интернационалдық термин - атаулардың сандық және сапалық ара салмағын табиғи қалыпта сақтау. Бұл принциптің «стратегиялық» мәні бар. Ол ана тіліміздің тазалығын сақтауға қажет.

Шынында да, біз «тілімізде қанша термин бар, олардың қаншасы жай, қаншасы күрделі, қаншасы шетелдік, қаншасы аралас, қаншасы төл терминдер?» деген сауалға жауап бере алмаймыз. Өйткені, **біріншіден**, терминология тірі организмдей күн сайын өзгеріп, жаңаланып, толығып отыратын құбылыс та, **екіншіден**, онымен ешкім шұғылданған емес. Дегенмен, бұл қажет нәрсе. Тіліміздегі шетелдік терминдердің шамамен 70 проценті орыс, интернационалдық терминдер. Демек, терминологияға қосқан қазақ тілінің үлесі қазірше 30 проценттей екен. Бұдан шығатын қорытынды: қазақ тілінде термин саласында өзінің ұлттық өзінділігін (самобытность) жоғалту теңденциясы бар деген сөз. Бұл зиялы қауымды қатты ойландыруға тиісті.

Он бірінші. Терминдер мен атаулардың емлесін қазақ тілінің фономорфологиялық ерекшелігіне сәйкес реттеу. Бұл, әдетте, алфавит пен емле қағидаларын өзгертуге байланысты қаралатын күрделі мәселе, бірақ қандай болған жағдайда да оған қоғам санасын дайындау, бейімдеу қажеттігін ескерген жөн.

Шынында да жүз мыңдап саналатын термин-атаулардың емлесі тіл мәдениетінің ғана емес, жалпы тіл дамуының қалпын, сауаттылық деңгейін көрсететін зор фактор. Бұл жөнінде біз орыс, интернационалдық термин-атауларды қабылдауға байланысты да (5 және 6 принциптерде) сөз еткен болатынбыз. Бірақ жалпы термин емлесінің ауқымы бұл екі саламен ғана шектелмейді. Сондықтан бұл мәселені түбегейлі шешу үшін жалпы тіл емлесінің ережелерін қайтадан қарауға тура келеді. Қазірше оны талқылауды тоқтата тұру керек.

Қорытынды ретіндегі ұсыныстар

Тәуелсіз елдің мемлекеттік тілі де өз мүмкіншілігін еркін дамытатын тәуелсіз тіл болуы керек.

Қазақ тілі терминология саласында күрделі өзгерістерді талап ететін жаңаша көзқарасты мойындау керек.

Осыған сәйкес Мемлекеттік терминология комиссиясының мақсат-міндеті, ережесі мен іс тәсілдері қайтадан қаралып жаңа статусы бекітілуі керек. Ол келешекте Мемлекеттік тіл комитетінің құзырында жұмыс істеуі керек.

Терминология проблемасын пәрменді шешу үшін бүкіл зиялы қауымның белсенділігін арттыратын жағдайлар жасау керек.

Қазақ тілі терминологиясын бүгінгі дағдарыс жағдайдан шығару үшін қоғамдағы жаңа демократиялық үрдіске дұрыс баға берілуі қажет, Мемтерминком тарапынан үлкен Бағдарлама жасалынып, онда нақтылы шаралар, ұйымдастыру мәселелері, салалық терминологиялық

сөздіктермен анықтамалар сериалын шығару қарастырылып, оған жауапты мекемелер (Республикалық академиялар, Халыққа білім беру министрлігі) мен үкімет тарапынан тиісті қаражат бөлінуі қажет.

Техниканы пайдалана отырып, Қазақ тілінің терминдік қорын жасаудың қамына бүгіннен бастап кірісу керек.

«Егемен Қазақстан», 1992. 3 наурыз.

Терминнің үш тұғыры

«Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы...» (Абай) дегендей, термин де көптің көңілінде жүретін, көзі ашық, көкірегі ояу азаматты бейжай қалдырмайтын ортақ, мүдделі мәселе. Тіпті, термин туралы сөз бола қалса, қолына қалам ұстаған зиялы қауымның арқасы қозып кететін қызуқандылығы да бар. Бірақ, ол үшін оларды айыптаудан аулақпыз. Өйткені бұл қазақ табиғатына тән қасиет: айтар сөзін айтып қалмаса, «әкесі өледі» дейтін халықпыз гой.

Мен ұлтымыздың бұл қасиетін маман ретінде терминология мәселесіне араласа бастаған кейінгі жартығасырлық саналы ғұмырымда көріп келе жатқан адаммын. Сол уақыт ішінде қазақ қауымында термин жайындағы әңгіме бір сәтте тоқтаған емес және ол түбегейлі шешілген де емес. «Баяғы жартас бір жартас...» дегендей, пікірді қайталау бар да, ілгері жылжу аз. Өйткені Ахмет, Сәкен, Міржақып сияқты зиялы қауымның таңдаулы өкілдері 20-30-40-жылдары айтқан, жазған пікірлерін біз бүгін де қайталап отырмыз. Әрине, бұдан «рухани-өміріміздің бұл саласында ілгері жылжу мүлде болған жоқ» деген біржақты пікір тумаса керек. Өзгеріс те, даму да бар. Мәселе олардың замана талабына әлі сай келе алмай, өз деңгейінен көріне алмай келе жатуында болып отыр; термин мәселесінің аяғы жоқ, басы жоқ, үздік-создық ұзақ әңгіме болып көрінуінің себебі де содан.

Осы мәселе бойынша «Терминнің үш тұғыры» деген ойымызды ортаға салғымыз келеді. Бұл мәселе туралы біз бұрын да айтып, жазған едік.

Өркениет өріне қанат сермеп, егеменді ел, тәуелсіз мемлекет болып отырған қазақ халқының – *«ұлттық тіл», «әдеби тіл», «ғылым тіл», «мемлекеттік тіл»* деген салалардан тұратын мәртебелі тілінің замана талабына сай жаңарып, өркениет өрісі мен үрдісіне сәйкес өзгеріп, толығып, дамып отыратын сезімтал да сергек, өміршең де өзекті арнасы – осы терминология.

Алайда, «барша тілдердің табиғатына тән осы бір құбылыстың үрдісі біршама кідіріп, жүрісінің кібіртіктей беретін себебі неде» деген заңды сауал тудырды.

Осыған байланысты біздің ойымызға орала беретін бір пікір: терминдердің жасалуы, қалыптасуы, жүйеленуі, дұрыс бағытта дамуы, сайып

келгенде, «Адам», «Тіл», «Қоғам» деп аталатын үш тұғырға барып тірелуіне байланысты.

Әр тұғырдың мәнісін түсіндірсек, «Адам» тілді дүниеге келтіруші, оны қолданушы, қорғаушы, дамытушы «тіл иегері», өздері құрған қоғамда бірлесе, қауымдаса ғұмыр кешуші басты тұлға. Тіл сол адамдардың қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар ол Адам ойының, сана-сезімінің, таным-тағылымының айнасы; яғни тіл – адамның танымдық құралы. Өйткені тіл мен ой бір медальдің екі беті, бір таяқтың екі ұшы іспетті, бірінсіз бірінің күні жоқ егіз дүние. Сондықтан да болар, ұлы философ бабамыз Әбу-Насыр әл Фараби өзінің «Ғылымдар классификациясы» атты трактатында Тіл білімін барша ғылымдардың басы етіп, бірінші орынға қойыпты. Тілдің осы бір танымдық қасиетіне, ой мен тілдің астарластығына байланысты сөз табиғатын зерттейтін «филология» мен даналық табиғатын зерттейтін фиософияны егіз ғылым деп қараудың себебі де осыдан. Демек, Адам мен Тілдің қоғамдық өмірде өзара тоғысып, өзара ой-сана арқылы қауышуы Адамға да, тілге де тікелей қатысты деген сөз.

Енді, Қоғамға келсек, ол Адамға да, оның тіліне де тікелей ықпал жасап, өз әсерін тигізіп отыратын құбылыс. Қоғамдық өмірде қалыптасатын замана талабы, идеология, салт-дәстүр ең алдымен адамның санасына салмағын салып, соны өзгертуге тырысады. Сана арқылы Адамның ойы, көзқарасы, ұғым-түсінігі өзгереді, қалыптасады. Ал бұл өзгеріс оның, өз тіліне деген көзқарасына да әсер етеді. Санасы сарсылған адамдар айналадағы құбылысқа саналы түрде, ойлы көзбен емес, енжарлықпен қарау қасіретіне, құлдық психологияға ұшырайды. Сондықтан да, сананың сергектігі, сезімталдығы тіпті бір қоғамдағы әр адамда, әрбір әлеуметтік топта, әрбір ұлт өкілінде әр түрлі жүз беруі ықтимал. Бұл қоғамда болып тұратын аумалы-төкпелі жағдайларды әркім өзінше қабылдап, өзінше танып-білуіне, бағалауына мүмкіндік береді. *«Әр кәлледе бір қиял»* дейтін мәтелдің мәні де осында.

Адам мен Қоғамның ара қатысынан туындайтын этнопсихологиялық, этнолингвистикалық, әлеуметтік, т.б. ортақ көзқарастар мен таным-тағылымдар сөзсіз сол этностық қауымның тіліне де, тілдің өзекті мәселесі термин жасау проблемасына да өз әсерін тигізері даусыз. Бұған алыстан мысал іздеп, әуре болудың қажеті жоқ. Қазақ тілі терминологиясының өткені мен бүгінгі ахуалы осының айқын айғағы.

Енді солар туралы.

Терминге қатысты тұғырдың үшеуіне де ортақ және олардан туындайтын проблемалары өте көп. Мәселен, Қоғамның да, Тілдің де негізгі тұлғасы саналатын Адамның жеке басына байланысты туындайтын проблемаларға не жатады? Әңгіме термин жайында болғандықтан, бұл құбылысқа мен ең алдымен сол Адамның жалпы терминге, термин жасам процесіне деген

көзқарасы мен түсінігін жатқызған болар едім. Өйткені бір ғана қазақ терминдерінің төңірегінде (бұрын да, қазір де) жүздеген, тіпті мыңдаған адам жүр. Біреулері бұл істі зерттеген, терең білетін шынайы маман болса, енді біреулері (бұлар басым көпшілігі) әр кәсіптің басы-қасында жүрген кәсіпкер жандар. Термин дүрмегінен табылатын біраз адамдар *«бұл тілді мен де бір қазақтай білемін!»* деп өз сенімімен жүргендер. Міне, терминге байланысты *«өлеңге әркімнің-ақ бар таласы...»* деген сөздің мәні осында.

Бір жағынан елдің бұл ізгі ниетіне, талап-талпынысына шек қоюға да болмайтын сияқты. Дегенмен, бұл тәрізді бәйгеге жаппай атын қосқан қалың дүрмектің терминология мәселесін дұрыс шешуге кейде пайдасынан гөрі зияны көбірек пе деп қаласың. Өйткені термин табиғаты – нәзік құбылыс, ол жапа-тармағай жабылып, асар салу арқылы орындалатын көпшілік қолды іс емес.

Біздің бұл саладағы бүгінгі тірлігімізден де, міне, осы тәрізді әрекет байқалатын тәрізді. Біреулер термин заңдылығын зергерден зерек түсініп барып іс тұтса, енді біреулер дүниені белінен бір-ақ басып, қарадүрсін, қарабайыр «тәсілге» салып, қабырғасын қарқыратып, омырт- қасын опыруға бейім тұратын жандар.

Термин проблемасының осы күнге дейін береке тауып кете алмай жүруінің көп себептерінің бірі өз басым осы деп білемін. Ашығырақ айтсақ, «термин» феноменнің табиғатына тереңірек түсініп, оның да өзіндік заңдылықтарымен санаса бермеуге байланысты.

Термин проблемасының «Адам» атты тұғырына қатысты екінші бір мәселесі сол терминдерді жасаушылардың ғана емес, қолданушылардың да *«терминжасау»* атты жанды да нәзік, өрелі де ауқымды процеске деген көзқарасына, ой-пікіріне, іс-әрекетіне байланысты. Бұл ойымызды ашығырақ айтсақ, ол: қоғам мүшелерінен терминдік процесті өзінің тарихи-әлеуметтік негізі бар, өркениетке беттеген ел үшін болашағы зор жаңа да келелі құбылыс деп тануды талап ететін мәселе.

Міне, осы тұста бұл құбылысқа әрбір азаматтың өз тұрғысынан қарап, ой көзімен танып-білуінен, ғалымдық, мамандық қабілеттің ғана емес, азаматтық санасының саралануынан айқын байқалатынын көреміз. Оны біз, басқаны былай қойғанда, қатар жүрген замандас, қаламдас, әріптес, кәсіптес дос-жарандарымыздың көзқарастарында байқай аламыз. Қалай болғанда да, күн тәртібіне жиі қойылып отырған қазақ тіліндегі термин мәселесіне байланысты көзқарастардың, бірыңғай болмай, әр түрлі болуы, сан саққа жүгіртілуі өкінішті-ақ, әрине. Біреуінің басы алға қарап, табалдырығынан жаңа аттаған XXI ғасырдың өресінен қарай, келешегіне көз жүгірткісі келсе, енді бір замандасымыз «шыққан биігіміз де, алған қамалымыз да осы, бүгінгі қол жеткен табыстарымыз, оған қол тигізбек

түгіл, мұртын да бұзбайық!» деп байбалам салады. Ал, енді бір қатар зиялы қауым өкілдері: «Ойбай, бүгінімізден кешегіміз артық еді, оны өзгертсек, дүние қараң болады!» деп сары уайымға салынатыны да белгілі бізге.

Бұл не десеңіз, ол қоғамдық өмірде сана деңгейі әрқашан да объективті даму үрдісінен төмен әрі кейін тұратын заңдылығы. Кеше ғана дүрілдеп тұрған советтік империяны, Коммунизм идеалын дәріптеп келген идеологияны бір сәтте күл-талқан болады деп кім ойлаған. *«Союз нерушимых республик свободных Навеки сплотила Великая Русь»* деп ұрандап келген одақтың бүгінгі халі де баршаға белгілі. Ғасырлар бойы еркіндік пен бостандықты армандап келсек те, өз атамекенінде қашан егеменді ел болатынын, тәуелсіз мемлекет болатынын алдың ала білдік пе? Жоқ білгеніміз жоқ. Бұл қоғамдық сананың кешеуілдеуінен болса керек.

Алайда, бұл тәрізді ірі де күрделі қоғамдық-әлеуметтік, тарихи-экономикалық өзгерістер бұрын болмаса да, болашақта әр халықтың мәдени-рухани өмірінде де, тілінде де болуы мүмкін деп пайымдауға, сезінуге әбден болады. Бұл тек ілгері қарайтын жандарға ғана тән сезім, түйсік. Ал, бүгінгісін *«шыққан биігім осы»* деп санайтын томаға - тұйық, өткендегісін аңсары ауа армандайтын күйрек жандар үшін бұл жат сана. Мұнда объективті даму жоқ.

Адамдар санасына қатысты бұл әңгімені ерекше елеп, тәптіштемей түсуіміздің түпкі мақсаты терминология «шаруашылығына» байланысты толастамай, жалғасып келе жатқан дау-дамай, талас-тартыс, ырың-жырыңның, екінші бір себебі: соған қатысты жандардың бұл мәселені терең түсіне білу-білмеуіне де, азаматтық санасының биік-аласа деңгейіне, сергектігі мен сарсыла бастауына да байланысты екендігін айқындай түсу. Бұл ойымызды делелдейтін нақтылы мысалдар өте көп. Ол үшін барлық баспа бетінде, реті келген бас қосуларда айтылып жатқан ой-пікір, ұсыныс-талаптардың бәрін таразы басына салып, сараптап қарасақ та жеткілікті. Ондағы айтылып жатқан пікірлер сан алуан. Біреулері: «ойбай, тіліміздегі терминологиялық лексиканың, 70 пайыздайы шет тіл элементтері екен, бұл ұлттық тілдің, өзіндік қасиетіне (самобытность) нұқсан келтіретін жағдай» деп өзінше ана тіліне деген қамқорлығын білдіріп жатса, енді бір зиялы қауым өкілі: «жоқ, одан зиян болмайды, қайта бұл тіл байытудың бір көзі, тимеңдер, қалыптасқан орыс, т.б. сөздердің мұртын басушы болмаңдар!» деп байбалам салады. Бұл пікірге қарсы: «шет тілдерден қажетімізге қарай термин қабылдауға ешкім де қарсы емес, бірақ «өз тіліміздің бар мүмкіншілігі мен сөз байлығын сарқа пайдалану, ол болмаған жағдайда ғана басқа тілге жол беру» деген тамаша принцип тұрғанда біздің алдымыздағы ұрпақ өкілдерінің оңай жолға ойысып, оңды-солды ала берген терминдерін сын көзімен бір сыдырға қарап шығу, «оларды бірден, жаппай ығыстыру емес!!!», біртіндеп, қажеттігіне, тілдің мүмкіншілігіне қарай өз сөздерімізбен ауыстыру» деген

уәжге қарсы шығып, ер-тоқымын бауырына алып, тулап жүрген азаматтар да аз емес.

Осы қылық пен әрекеттің бәрін өз басым азаматтық санаға байланысты, тілді де, адамдарды да, қоғам мен оның идеологиясын да «өзгертіп, дамымайтын, жаңғырып, жаңаланбайтын, мәңгі-бақи, томаға-тұйық қалпын сақтайтын тұрақты (консервативті) құбылыс» деп қарайтын жаңсақ пікір, жарамсыз көзқарас деп білемін.

Тіл мен оның даму заңдылығы да, Адам мен оның ой-санасы да, Қоғам мен оған тән идеология да бәрі-бәрі тұрақты түрде, объективті заңдылықтар бойынша өзгеріп, жаңғырып, жаңаланып отыратын күрделі құбылыстар.

Терминология құбылысына да осы заңдылық тұрғысынан қарағаң жөн деп білеміз.

Енді *«тіл тұғырының»* өз басына келейік. Мұнда да өзіндік проблемалар аз емес. Солардың бір-екеуіне тоқталып етейік. Терминология проблемасы бүгінде барлық тілдерге, соның ішінде туыстас түркі тілдеріне де тән ортақ құбылыс. Ал, солай болса, неге біз әсіресе тілдері жақын, туыс халықтар (мәселен, қыргыз, өзбек, татар, т.б.) ортақ терминология мәселелерін ортақтаса отырып, тәжірибе алмасу арқылы оп-оңай шеше салмаймыз? Шеше алмаймыз. Өйткені, олардың шығу тегі мен түбі бір бола тұрса да, дербес тіл болып қалыптасу тарихы бөлек, грамматикалық құылымы мен дыбыс жүйесінде, лексикалық құрамы мен сөз саптау мәнерінде, мағына айыру дәстүрінде өзіндік ерекшеліктер қалыптасқан. Тідердің өздерін жақындатқанымызбен сол тілді тұтынушы иегерлерін жақындату оңай емес, өйткені олардың болмысында қалыптасқан ой, сана, жан дүние, сезім, таным, т.б. зиялы қасиеттерде де бірдейлік жоқ. Міне, сондықтан да отызға тарта ірілі-ұсақты түркі тілдес халықтар бүгінгі таңда терминология проблемасын өз тұрғысынан шешуде. Оның тағы басқа (тарихи, саяси, әлеуметтік, географиялық, дәстүр, идеология, жазу, т.б.) себептері де жоқ емес.

Демек, бұл – «әр тілдің өзіндік, тек өзіне ғана тән ерекшеліктері болады» деген шындықты айқындай түседі деген сөз. Ол терминология құбылысынан да байқалады. Осыған орай біздің пайымдауымыз бойынша: термин жасау процесінде қазақ тілі мен, мәселен, өзбек, әзірбайжан, түрік, татар, ұйғыр тілдерін терезелерін тең етіп, қатар қойып қарауға болмайтын сияқты. Өйткені бұл тілдерде сойлеуші туыстарымыз кезінде капиталистік дамудың сауда, өндіріс т.б. бастапқы сатыларын басынан кешірген халықтар санатына жатады. Орта Азиялық жазба әдеби тіл дәстүрінен көбірек сусындаған халықтар. Сондықтан да, бұл тілдерде стандарттыққа бейім әдеби тілдің дәстүрі мен ресми

үлгілері (штамптары) көбірек қалыптасқан. Бұлар осы тілдердегі бүгінгі терминология процестеріне де өзінің оң әсерін тигізіп отыр.

Ал, қазақ тіліне келетін болсақ, ол – иен даланы еркін жайлап, бұғау -құрық көрмей өскен асау тарпаң, ерке-бұлан мінезі бар тіл. Ол өзінің осы табиғатына байланысты 80 жыл бойы терминология *«құрығына»* бойсұнбай, *«әдеби тіл стандарты»* деген *«бұғауға»* көнбей, бұлқынып, бұлаң мінез танытып келе жатқан кешегі көшпелі қауымның ұлы Тұран жерінде сақталған қара шаңырағы, ата-баба мұрасынан бізге жеткен асылдың сынығы (Мағжан). Бірақ осы тілімізді әркім әр саққа жүгіртеді: біреулер «бұл тілдің болашағы жоқ, ол өлуге тиісті» деп (жағына жылан жұмыртқалағыр!) сәуегейлік жасаса, өз қағынан өзі жеріген кейбір көзқамандар «*қазақ тілі қойшы-қолаңның тілі ғой, ол бүгінгі өркениетті еліміздің өскелең талабына сай емес»* деп, оның мемлекеттік мәртебесіне шәк келтіріп, күстаналаса, «ойбай, тілімізді кемпір-шалдың тіліне айналдырып алмайық» деп, өз ана тілінің табиғи болмысына мұрнын шүйіре қарайтындар да арамыздан табылады. Алайда көпшілігі ауылда тұратын сол кемпір-шал – ата-аналарымыздан ғылым дүниесіне сонау 30-жылдардан бері жақсы таныс, әлі сақталып келе жатқан «орысша қалай айтылса, жазылса, қазақша да (мұртын бұзбай) солай айтып, жазу керек» деген ақ қаптал, қасаң қағиданы бүгін де заң ретінде талап етуіміз, тіпті солардың бәрін ана тіліміздің «құдіреті күшті» табиғатына сәйкес ауызекі тілде айтылып жүрген: *қалхөз, сапқоз, біргәдір, кәпірәтіп, пошта, кәлектіп, кеңсе, құлып, пәбрике, үстел, кәмпит, мәмәзи, шәйнек, кереует, самаурын,* т.б. осы тәрізді жүздеген, тіпті мыңдаған кірме сөздердің бәрін өз қалпында («мәдениетті етіп») айтуды талап ету қалай болар екен?

Бұл арада алдың ала бір нәрсенің басын ашып алғанымыз жөн: ол – текетіресте жүрген екі жаққа бірдей зиян, тіл дамуына кесірлі – радикализм, мәселені қайткен күнде де бір жақты етіп шешуге тырысу. Бұл әсіресе тіл үшін тиімді де өркениетті тәсіл емес.

Бұл жерде мәселе басқада емес, ана тіліміздің табиғи қалпын сақтап қалуда. «Орыс тілінің игілікті әсерінен тілімізде «жаңа» фонемалар пайда болды» деп те әсірелеп келдік. Тілімізде жат фонемаларды айтуды үйренгеніміз рас, бірақ тілімізге тән дыбыс заңдылықтарының бәрін өзгерткеніміз жоқ, өйткені олар сыртқы әсерге ыңғайлануы мүмкін, бірақ, оңайлықпен өзгере қоймайды.

Қалай болғанда да, тілдік санамызда әлі сақтаулы және қайтадан ояна бастаған осы бір – табиғи сезімді өшіріп алмай, алдымен тілімізге еніп, етене сіңісіп кеткен тұрмыстық заттар мен құбылыстардың шетелдік атауларын өз тіліміздің табиғатына икемдесек, одан кейін ғана термин саласында

да, онда да мүмкін болғанынша, бірден емес, біртіндеп осы заңдылықты сақтауға, жүзеге асыруға тырыссақ. Бұл қолма-қол, тез орындалатын және, кейбіреулердің ойлайтынындай, еріккендердің ісі емес. Бұл ана тіліміздің, бүгінде мемлекеттік тіліміздің, болашағын ойлаудан туындаған үрдіс. Оны қолдау, қолдамау жұртшылықтың, саналы азаматтардың еркінде.

Соншама бай, көркем де бейнелі ана тіліміздің бүгінгі таңда өмір тіршіліктің барлық саласы бойынша қауырт қолға алынып, жаппай етек жайып отырған терминжасам (терминотворчестволық) процесінің қарқынды үрдісіне төтеп бере алмай отыруының басты себебі басқада емес, оның сайын даланың асау тарпаңына ұқсас ерке-бұлан табиғатына байланысты дедік. Оны бас-аяғын елшеп-пішкен, сөз мағынасын зат пен құбылыстың, болмыс-бітіміне қарай шектеп, нақтылап қолдану арқылы ғылыми стандартқа салуға бірден көне қоймайтын тіл дедік. Халқымыздың болмысында, тіршілік-тірлігінде бұрын болмаған заттар мен құбылыстарға атау етіп, басына "терминдік" ноқта салып, көндірген байырғы қазақ создерінің қалай болғанда да астарынан оның сол табиғатына тән бейнелеуіш, ауыс та көркем мағыналары "менмұндалап" көрініп тұрады. Ал, қазақ сөздерінің көбісіне тән бұл қасиет термин талабына сай емес. "Кез келген термин сөз, ал кез-келген сөз термин емес" дейтін себебіміз осыдан.

Осынау бір объективті заңдылыққа байланысты терминжасам процесінде ғалымдар мен мамандар мына бір жағдайды әрдайым есінде сақтауы қажет сияқты. Ол - терминжасамдағы шарттылық (условность). Ол не деген сөз? Ол - белгілі ғылым мен техника, білім мен өнер т.б. саласында қабылданған кез келген термин осы салаларға қатысты адамдардың өзара пәтуаласып, келісіп алған тіл негізіндегі шартты белгісі. Ондай шарттылық принципі сақталмаса, мыңдаған терминдер дүниеге келмеген болар еді. Шарттылық принципі терминді бір тілдің өзінде, өз негізінде жасауда да, әсіресе, бір тілден екінші бір тілге баламасын тауып (калька, т.б. жолдармен) аударып алғанда да сақталып отырады. Шетел терминдеріне балама етіп тіліміздің, не жаңа сөздерін ұсынғанда ешкім де шетел терминдерінің шығу тегін, түп-төркінін тексеріп, "тісін ашып көріп", тәптіштеп, соған сәйкес балама іздеп жатпайды. Демек, шарттылыққа терминнің, жалпы мағынасына, атқаратын қызметіне, қолданыс аясына қарап-ақ термин сайлап алу принципі жатады деген сөз. Бірақ мысал. Медицина саласындағы хирургиялық құрал саналатын халықаралық термин скальпель о баста ағылшын тіліндегі скальп "Африка қара нәсілдерінің бас терісі" де, скалпель сол теріні айналдыра кесіп, сылып алатын арнайы құрал атауы. Енді осы атауды қазақ дәрігерлері кандауыр деп қазақшалап алып, термин ретінде тіліміздің енгізіп жібергеніне де көп жылдар өтті. Ал, бұл балама термин болмысынан

біз шарттылықты айқын көріп отырмыз. Қан қысымы көтерілгенде бас тамырларын шекіп жіберіп, қан шығаратын нағыз қазақы да байырғы қандауыр ағылшынның скальпелінің баламасы ретінде оның атқаратын хирургиялық операциялардың бәрін атқарып келеді.

«Терминологиядағы шарттылық» деп біз осыны айтамыз. Бұл принципті зандастырғанда ғана терминжасам процесі жөнделіп, әрбір термин додаға түсе бермейтін болады.

Қазіргі кезде терминжасам процесінде атсалысып, мемлекеттік тіл үрдісіне байланысты басталып кеткен қарбаласқа қатысушы мамандар мен зиялы қауымның баршасын термин табиғаты мен терминжасам табиғатын терең де жетік біледі деп айту қиын. Бұл салада еңбектеніп жүрген азаматтарда, әрине, ниет, талпыныс, ынта-жігер бар. Бірақ кей-кейде профессионализм (кәсіпкерлік қабілет) мен тіл заңдылығын білу жетіспей жататыны да байқалып қалады. Мәселен, "термин" деген ұғымның ең басты белгісі ол тек зат пен құбылыстың ғана атауы, номинанты. Ал, біздің кейбір терминологиялық сөздіктерді қарап отырсақ, сөздердің етістік, сын есім, үстеу тұлғалары да термин болып жүр. Терминдерді ғылым-білім, техника, т.б. салаларына жіктеп, салалық сөздіктер, тақырыптық (предметно - тематические еловари) сөздіктер жасау, сондай-ақ терминдерді іштей ұяға бөліп топтастыру тәсілдерін, т.б. осы тәрізді әрекеттердің жақсы да тиімді жақтары мен кемістіктері де жоқ емес.

Осыған орай, ең алдымен назар аударатын бір нәрсе бір саладағы терминдердің екінші бір саладағы терминдермен өзара қатыстығы, сәйкестігі мен жүйелілігі. Осыны ескеріп, термин жасаушы мамандардың бірлесе істеудің орнына өз бетінше әркеттенуі басым. Міне, соның салдарынан термин процесінде жалпы әдеби тіл тұрғысынан бірізділік, жүйелілік, сәйкестілік бұзылып жатады. Қоғамдағы терминологиялық сауатсыздық, талас-тартыс, дау-дамай міне, осыған байланысты.

Осы мәселеге қатысты біздің көптен бері айтып та, жазып та жүрген бір ұсынысымыз салалық терминологиялық сөздіктерді дайындап, шығару қарқынын бәсеңдетпей, сонымен қатарластыра сөздікшелердің баршасы бас қосып, барлық салаға ортақ, не қатысы бар, бірақ бірде-біреуін толық қайталамайтын, қоғамдық өмірде өте жиі қолданылатын, іріктелген терминдерді ғана қамтитын "Базистік терминологиялық сөздікті" шығару.

Салалық сөздіктер жасаушы мамандардың әрдайым есінде болатын тағы бір жағдай өз күйімізді ғана күйттеп, өзімізбен-өзіміз ғана болып, томаға-тұйық қалу әдеттен сақтану. Бұл талап, біріншіден, бәріміздің "илеп жүргеніміз бір терінің пұшпағы" екендігін ескерсе, екіншіден, қоғамдық өмірімізде зор өзгеріс, жіті даму, жаңа үрдіс бар екенін ұмытпауды ескертеді; үшіншіден, бүгінгі мемлекет ұстанып отырған бағыт-бағдар мен жүргізіліп

отырған тіл саясатын кешегі идеологиямен салыс труға болмайтынын аңғартады. Кеше ғана біз ана тіліміздің тағдырына "сближение нации с последующим их слиянием" деген коммунистік идеология ұраны тұрғысынан қарап келсек, егеменді еліміздің бүгінгі ұраны – "Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде" (Н.Назарбаев) екенін ұмытпау.

Міне, сондықтан да, біз кешегі ұранмен әдеби тіліміздің жөн арқасы болып саналатын терминологиялық лексикамыздың 60-70 пайызын шет елдер тілінің элементіне айналдырып алып, өз тіліміздің ұлттық болмысына ("национальная самобытность" мағынасында) нұқсан келтіріп алсақ, енді сол кемістікті бірден болмаса да, біртіндеп реттеуге тырысуымыз керек. Терминжасам процесі зиялы қауымнан жалқаулық, енжарлық, тоғышарлық емес, шын мәнісіндегі творчестволық (шығармашылық), саналы да сапалы еңбек етуді талап етеді. Ондай игі мақсатты жүзеге асырудың тетігі де, тәсілі де көп. Бірақ солардың ең бастысы – адам факторы және дәл қазір бұл мәселенің түйіні қазақ қауымының өз қолында. Кейін қарап, жалтақтай беру қажет пе, амалын іздемей төмен қарап отырып қалу керек пе, жоқ әлде замана талабына сай барлық мәселені ілгері қарап шешу қажет пе, міне, бұлардың бәрі енді өзіңізге байланысты.

Егер біз ендігі өмірімізге алдағы асыл арман, зор үміт тұрғысынан қарай алсақ, онда ана тіліміздің түйінді мәселесі терминжасам шығармашылығында да, оның жайда үрдісі мен болашағына да жаңаша қарағанымыз жөн.

Осы орайда менің өз әріптестерім мен жалпы терминге қатысты қауымға ескертетінім сол бір асыл арман биігіне бірден емес, біртіндеп, тек ақыл-парасатпен ғана жетуге болатындығы. "Біртіндеп" деген сөздің мәнісін ең қарапайым мысалмен түсіндірсем, оған оқырман ®, көрермен ©, тыңдарман ®, оралман, т.б. терминдерінің бірден емес, әр кезде (1950 - 2000) дүниеге келуі, жасалу моделінің әрі көне, әрі жаңалығы үлгі бола алады. Басқаша айтсақ, олардың жасалуына "атарман", "шабарман" моделі негіз болса, дүниеге келу мерзімі шамамен 50 жыл ("оралманның" туған жылы - 2000 ж.) аралығымен өлшенеді.

Терминжасам процесіне жаңаша көзқарасқа байланысты, мен туысқан жақын тілдердің өз басына жеке-жеке отау тігіп, өзімен-өзі болудан гөрі, бірінің озық тәжірибесінен бірі пайдаланып, бірлесе, кеңесе отырып, ортақтаса шешуді ұсынған болар едім. Күні кеше ғана терминология саясаты туысқан түркі халықтарынан халықаралық терминдерді көбірек қабылдау арқылы ортақ "интернационалдық қор" құруды талап етіп келгені белгілі. Бүгінгі үрдіс пен бағдар басқаша болса керек.

Қорыта айтқанда: Терминнің үш тұғырының үшеуі де мәнді. Алайда Адам факторының, ұлттық сананың орнын бұл үштіктің ішінде ерекше екенін білген жөн.

«Қазақ терминографиясының өзекті мәселелері» атты республикалық ғылыми-практикалық семинар материалдары. – Астана, 2004. 16-28 б.

ФРАЗЕОЛОГИЯ МЕН ПАРЕМИОЛОГИЯ

Лексикологияның өзара ұқсастығы да, ерекшеліктері де бар бұл салалары кейде бөлек, кейде «*тұрақты тіркестер*» деген жалпы атаумен тілдің бір тұтас құбылысы ретінде бірге қарастырылып, зерттелетіні де мәлім (бұл өз алдына мәселе). Қос-егіз бұл саланы қазақ пен ұйғыр тілдері бойынша зерттеу де академик Ә.Қайдардың көп жылдық ғылыми-шығармашылық еңбектерінің құнарлы да өзекті мәселелерінің бірі болып келеді. Бұл құбылыстардың өзіндік ерекшеліктерін айта тұра, ғалым көп жағдайларда бұларды бір тақырыптың аясында қарастырады. Ондағы уәжі: жай тіркестердің белгілі жағдайда тұрақты тіркеске, ал фразеологиялық тіркестердің бірде мақал-мәтелдерге (мыс.: *біреуге көр қазу > Біреуге көр қазба, өзің түсесің; аузымен орақ ору > Аузымен орақ орғанның белі ауырмайды т.т),* енді бірде күрделі сөзге (*әпербақан, ұрдажық, кеудемсоқ,* т.б.) айналуын эволюциялық даму заңдылығы деп қарау.

Ғалым қазақ және ұйғыр тілдеріндегі фразеологиялық тіркестердің құрамдық, мағыналық табиғатына жасалу тәсілдері мен әртүрлі типтеріне, авторлық-стильдік қолданыс инварианттарына, өзгерістеріне, әлеуметтік фон негіздеріне қарай жіктеу, топтастыру мәселелеріне ерекше көңіл бөледі. Мысалы, ғалымның: «*Особенности стилистического употребления синонимных и вариантных фразеологизмов в уйгурском литературном языке*» (Исследование по тюркологии, Алма-Ата, «Наука», 1969, с. 155-171, «*Қазақ мақал-мәтелдерінің авторлық-стильдік инварианттары жайында*» (Изв. АН КазССР, Сер. филол., 1982, №3, с. 1-6; Ғ.Тұрабаевамен бірге), «*Принципы классификации фразеологизмов и классификационные группы в современном казахском языке*» (Изв. АН КазССР, Сер. филол., 1979, №3, с. 1-11; Р.Жайсақовамен бірге); «*Образно-фоновая основа устойчивых выражений, связанных со скотоводством, в казахском языке*» (Изв. АН КазССР, Сер. филол., 1987, №1. с. 3-8), т.б. еңбектері фразеологиялық тіркестердің сан алуан қыр-сырын ашуға бағышталған.

Атап кететін бір нәрсе: егер мақал-мәтелдер бұрын да, қазір де көбінесе ауыз әдебиетінің кіші жанры ретінде әдебиетшілер тарапынан, ұлттық

философияның танымдық негізі ретінде-философтар тарапынан, ұлттық дидактика бұлағы ретінде-педагогтар тарапынан, көркем шығарма аудармасымен шұғылданушылар жағынан оның баламасын дұрыс беру тұрғысынан зерттеп келген болса, ғалым Ә.Қайдар мен оның шәкірттерінің еңбектерінде көркемсөз арсеналындағы ғасырлар бойы қалыптасып, әбден тұрақтанған, қолдануға сайланып, жұрт жадында дайын тұратын көркем сөз арсеналының аса бір қуатты да құнарлы, бейнелі де әсерлі тіл құралы, тұрақталған күрделі мағыналық бірлік ретінде қарастырылуда. Мақал-мәтелдер ендігі жерде: 1) фразеологизмдерге кейбір ұқсастығына қарай, – фразеология объектісі, құрам-құрылымы (структура) тұрғысынан – синтаксис объектісі, мағына, тақырып тұрғысынан – жалпы лексикология объектісі, қолданыс, тілдік норма тұрғысынан – стилистика объектісі болып отыр. Сонымен қатар ММ-дің мән-мағынасымен о бастағы жасалу уәжіне (мотивіне) тереңірек үңілуге байланысты оның этнолингвистикалық қыр-сыры да ашыла бастағанын көреміз. Ғалым Ә.Қайдардың бұл саладағы өзіндік түсінік-тұжырымы бойынша «*фразеологиялық тіркестер де, мақал-мәтелдер де – тіл астында тілі бар құбылыс*». Бұлар тұрақты тіркестер табиғатына *фразеолог, паремиолог* ғалымның өзіндік жаңаша көзқарастары болса керек.

Принципы классификации фразеологизмов и их классификационные группы в современном казахском языке

Фразеологизмы – весьма сложные лингвистические образования. Сложность их объясняется не только множеством структурных типов и синтаксических моделей, но и тематической и семантической многоплановостью, а также способностью выражать самые различные эмоционально-экспрессивные оттенки мысли. Характерно, что этими особенностями наделены фразеологические единицы (ФЕ) во многих языках, но не во всех они одинаковы.

В этом плане несомненный научно-практический интерес представляет изучение типологических особенностей ФЕ в казахском языке, где они составляют основную часть всего языкового богатства и наиболее активную, мобильную часть в потенциале художественно-выразительных средств речи. При этом фразеология казахского языка характеризуется не только с чисто количественной стороны, но и качественно: она отличается тематической разноплановостью, семантическим и структурным многообразием. В ней нашли отражение все этапы исторического прошлого народа, его социально-экономического развития, материальной и духовной культуры, национальные традиции, своеобразие общественного уклада быта, обычаев, религиозных представлений, восприятия внешнего мира и т. д.

Однако трудно провести успешное исследование в данной области, не располагая сведениями об общей системе и содержании, а также об основных структурно-тематических и семантических группах и дифференциальных разновидностях фразеологических единиц современного казахского языка.

Казахская фразеология, ставшая благодаря исследованиям С.К.Кенесбаева[1] и его многочисленных учеников и последователей[2] самостоятельной отраслью казахского языкознания, получила в последние годы дальнейшее развитие. И хотя отдельные классификационные группы фразеологизмов подвергались научному анализу[3], в казахской фразеологии, на наш взгляд, пока не проведено систематизированного и обобщенного исследования в плане классификации фразеологизмов. Между тем углубленное изучение казахской фразеологии настоятельно требует от исследователей рассмотрения ФЕ в соответствующей системе на основе принятых в научной литературе признаков и критериев. Поэтому в данной работе мы попытались дать подробную классификацию ФЕ казахского языка, не претендуя, однако, на полноту охвата всего их многообразия.

При классификации ФЕ в существующей научной литературе учитывается сумма всех присущих им лексико-грамматических, структурно-типологических и семантических признаков. В соответствии с ними ФЕ могут быть отнесены к самым различным классификационным группам и подгруппам: лексико-морфологической, структурно-типологической, синтаксической, семантической, предметно-тематической, стилистической и др.

Рассматривая эти группы в отдельности, следует подчеркнуть, что четких границ между ними не существует, наоборот, они тесно связаны, и при любой грамматической классификации ФЕ нельзя не учитывать их семантическую сущность, точно так же как при семантической классификации – их грамматическую основу. При этом грамматическая природа и семантика составных элементов ФЕ или всего фразеологизма при отнесении их к той или иной классификационной группе выступают как бы в двух постоянно действующих измерениях.

---

1 *Кеңесбаев І. К.* Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы, 1977. В разделе «Қазақ тілінің фразеологизмдері туралы» (с. 589–621) этого словаря обобщены научные положения ученого о казахских ФЕ, изложенные в его трудах.

2 *Джакипбеков М.* Стилистическое употребление лексики и фразеологии в произведениях Джамбула. Автореф. канд. дис. Алма-Ата, 1956; *Сарсенбаев Р.* Лексико-стилистические особенностн казахских пословиц и поговорок. Автореф. канд. дис. Алма-Ата, 1961; Кожахметова Х. Фразеологические обороты в произведениях Г. Мустафина. канд. дис. Алма-Ата, 1967 идр.

3 *Гулекова С.* Фразеологизмы со значениями доброжелания и зложелания в казахском языке. Автореф. канд. дис. Алма-Ата, 1975: *Ахмедова Ж.* Казахские народные наименования попятий об измерениях. Автореф. канд. дис. Алма-Ата, 1975; *Жидебаев К.* Анатомические названия в казахском языке. Автореф. канд. дис. Алма-Ата, 1977 и др.

I. **Лексико-морфологическая классификация ФЕ.**

Это классификация, в которой ФЕ рассматриваются с точки зрения отнесенности их составных компонентов к той или иной части речи и особенностей их сочетания в структуре данного фразеологизма. В этой классификации выделяются следующие разновидности ФЕ:

1. **Именные ФЕ**, т. е. те, которые образуются в результате сочетания двух, трех и более именных компонентов (имя существительное + имя существительное, имя прилагательное + имя существительное, имя числительное + имя существительное и др.). В зависимости от того, из каких грамматических категорий слов состоят компоненты ФЕ и в какой последовательности они сочетаются именные ФЕ в свою очередь дифференцируются как:

а) фразеологизмы, образованные сочетанием существительного с существительным. Примеры: *қоян жүрек* (букв, «заячье сердце») – *труслив как заяц; тас бауыр* (букв, «каменная печень») – *бессердечный, безжалостный* и др.[4];

б) фразеологизмы, образованные сочетанием прилагательного с существительным. Примеры: *ақ көңіл* (букв, «белое сердце, чистая душа») – *простодушный, добрый; қара шаңырақ* (букв, «черный чанырак» – верхнее отверстие в юрте) – *дом предков и их прямых потомков; уважаемый и почитаемый дом* и др.;

в) фразеологизмы, образованные сочетанием числительного с существительным. Примеры: *қырық құрау* (букв. «сорок заплаток») – *весь в заплатках, составленный из разных предметов, разношерстный; жеті түн* (букв. «семь ночей») – *глубокая ночь* (ср.: *жеті түнде не қылып жүрсің – что ты делаешь глубокой ночью, среди ночи?)* и др.;

2. Глагольные ФЕ, т. е. фразеологизмы, образованные сочетанием имени и глагола. Примеры: *малтасын езу* (букв. «разминать, тереть остатки курта») – *трепать языком, чесать язык, пустословить, точить лясы, разводить антимонию; меселдесі қайту* (букв. «отбить желание») – *упасть духом, терять всякое желание; құлақ-миын жеу* (букв. «съесть уши и мозги») – *надоедать, докучать, прожужжать все уши* и др.

Следует отметить, что долю глагольных фразеологических сочетаний в казахском языке составляет значительное количество ФЕ, которые к тому же представляют собою наиболее мобильную часть фразеологического фонда.

---

4 В целях точной передачи национальных особенностей и эмоциональной окраски казахских ФЕ в скобках дается их буквальный покомпонентный перевод, а затем значение. В тех случаях, когда они имеют соответствия в русском языке, они переводятся адекватными ФЕ. Однако иногда отдельные компоненты ФЕ оказываются этимологически затемненными, тогда дословность их перевода на русский язык носит условный характер.

3. ФЕ, образованные сочетанием разных частей речи. Они являются наиболее активной частью фразеологии, сложны по структуре, образуются в результате комбинированного сочетания самых различных грамматических категорий слов. Примеры: *шыбын шаққандай көрмеу* (букв. «не чувствовать, как укусила муха») – *как ни в чем не бывала; мойны жар бермеу* (букв. «шея не поддается управлению») – *лень одолевает, руки не доходят, отлынивать от работы; ойы оңға, санасы санға бөліну* (букв. «мысли его разбиваются на десятки, а думы – на множество частей») – *не собраться с мыслями, быть в состоянии рассеянности; «ақ» дегені – алғыс, «қара» дегені – қарғыс* (букв. «скажет «белое» – это благословение, скажет «черное» – это проклятие») – *как скажет, так и будет* (о действиях влиятельных, властных людей); *ақай жоқ, тоқай (ноқай) жоқ* (букв. «нет ни «ақай» и ни «тоқай») – *ни с того, ни с сего; бесцеремонно; жерден алып, жерге салу* (букв. «взять с земли и положить на землю») – *задавать перцу, феферу, задавать баню; аузынан ақ ит кіріп, қара ит шықты* (букв. «в рот вошла белая собака, а вышла черная») – *ругать на чем свет стоит* и др.

Надо отметить, что группа фразеологизмов, отличающихся сложностью структуры, трудно поддается строгой и последовательной внутренней классификации, поэтому ее можно условно обозначить как «ФЕ комбинированного сочетания разных частей речи». Однако при всем многообразии их все же могут быть выделены по своему общему значению такие разряды единиц, как: а) ФЕ-существительные, б) ФЕ-прилагательные, в) ФЕ-числительные, г) ФЕ причастные, д) ФЕ глагольные, е) ФЕ наречные.

Естественно, ФЕ, образованные путем комбинированного сочетания разных частей речи, укладываются в рамки существующих моделей словосочетаний казахского языка, получаемых на основе конкретных форм грамматических связей между компонентами. Так, например, определительные именные ФЕ могут быть образованы путем аффиксального и безаффиксального сочетания компонентов. Но преимущественное большинство их относится все же ко второму типу, а именно: при сочетании существительного с существительным первый компонент может выступать в форме именительного падежа, а второй – в форме или родительного или винительного, либо в форме обладания первого или второго компонентов и т. д. Например: *екі жүзді* (букв. «с двумя лицами») – *двуличный; қолы ашық* (букв, «рука его открытая») – *щедрый; құлағы түрік* (букв. «уши торчком») – *ушки на макушке* и др.В глагольных ФЕ глагольный компонент употребляется в разных наклонениях и временах. Но условно номинативной формой глагольных ФЕ считается инфинитивная форма на *-у*: *қиғылық салу – капризничать, вставлять палки в колеса*; *құлақ аспау – пропускать мимо ушей*; *не поддаваться уговорам* и др. Однако в связной

речи для глагольных ФЕ характерны главным образом спрягаемые формы глагола. Как исключение, более устойчивой формой данной категории ФЕ, выражающей доброе пожелание и проклятие, выступает повелительная форма глагола на *-сын/-сін*: *құдай сақтасын!* (букв. «да спасет бог!») – *не приведи господь!;* на *-ғыр/-гір*: көріңде өкіргір и мн. др.

II. **Структурно-типологическая классификация ФЕ.**

Данный тип классификации ФЕ, хотя и носит в какой-то степени формальный характер, так как строится на учете количественного состава компонентов, имеет немаловажное научно-практическое значение в изучении и интерпретации сложной природы ФЕ вообще.

В отличие от некоторых (например, русского и др.) языков ФЕ в тюркских языках, в том числе и казахском, должны иметь не менее двух лексических элементов. Это принципиально важный критерий признания возможных ФЕ в структурном отношении. Но в то же время небезынтересен вопрос, из скольких лексических элементов состоит самый длинный, или многокомпонентный, фразеологизм. Дело в том, что любой фразеологизм как готовая к воспроизведению относительно устойчивая по структуре самостоятельная единица речи может быть соотнесен со словом, хотя в плане содержания и выполняемой коммуникативной функции они не лежат в одной плоскости. Надо знать, какую роль в этом отношении играет структурная организация ФЕ, от чего зависит их мобильность и активность в языковой практике по сравнению с соответствующими лексическими единицами.

Таким образом, ФЕ казахского языка по количеству сочетающихся компонентов, объединенных общим значением, могут быть рассмотрены в следующих группах:

1) *двухкомпонентные ФЕ*: *тас қараңғы* (букв. «очень темно») – *темным-темно; қойдан қоңыр* (букв. «серее, чем овца») – *ничем не примечательный, не заметный среди других; қолды болу* (букв, «оказаться в чьих-то руках») – *быть украденным; іске сәт!* (букв, «будь делу удача!») – *дай бог удачи! бог помочь!; іш тарту* (букв. «тянуть внутрь») – *проявлять чувства родства, относиться, как к близкому; шикі өкпе* (букв. «сырое легкое») – *младенец, молоко на губах не обсохло; оймақ ауыз* (букв. «рот с наперсток») – *красивые губы, маленький ротик; адасқан қаздай* (букв. «как заблудившийся гусь») – *заблудшая овца; дін аман* (букв. «все благополучно») – *цел и невредим, цел-целехонек* и др.;

2) *трехкомпонентные ФЕ*: *немқұрайды қарау* (букв. «смотреть безразлично, как попало») – *смотреть сквозь пальцы; қолтыққа су бүрку* (букв. «брызгать воду под мышки») – *подстрекать кого-либо, натравить на кого-либо, подлить масла в огонь; құлаққа ұрған танадай* (букв. «словно бы-

чок, получивший удар в ухо») – *словно наступила мертвая тишина; құмға сіңген судай* (букв. «словно вода, впитавшаяся в песок») – *как об стенку горох, идти насмарку; тапа (тайдай) тал түсте* (букв. «в самый полдень») – *среди бела дня* и др.;

3) *четырехкомпонентные ФЕ*: *екі оттың арасында қалу* (букв. «оказаться между двух огней»); *қара қылды қақ жарған* (букв. «разделивший волосок на равные части») – *очень справедливый, честный; қозыны қасқырға бақтырғандай* (букв. «словно заставить волка пасти овец (ягнят)») – *пустить козла в огород; қой аузынан шөп алмас* (букв. «не вырывающий ни травинки изо рта овцы») – *тише воды, ниже травы; мухи не обидит, робкий; бетегеден биік, жусаннан аласа – робкий* и др.;

4) *пятикомпонентные ФЕ*: *жерден жеті қоян тапқандай қуану* (букв. «радоваться так, как будто вытащил из-под земли семь зайцев») – *прийти в телячий восторг, сильно радоваться* (неожиданному успеху, везению); *түйені түгімен, биені жүгімен жұтқан* (букв. «проглотивший верблюда с шерстью, а кобылу – навьюченную») – *ненасытный алчный; тістегеннің аузында, ұстағанның қолында кету* (букв. «исчезать во рту того, кто мог кусать, в руке того, кто мог держать») – *быть расхватанным* и др.;

5) *многокомпонентные ФЕ*. В казахском языке ФЕ, состоящие из шести и более компонентов, встречаются сравнительно редко. Например: *ұзын елдің үйіріне, қысқа елдің қиырына жаю* (букв. «пронести слух в густо- и малонаселенные пункты, оповестить») – *звонить во все колокола, распространять везде и всюду.*

- Ау, Жиренше, хан жолаушы шығайын деп жатыр, Сізге тез келсін деп жатыр, - дейді. Сонда Жиренше:

- Ханның жеккені не? - депті.

- Жеккені қып-қызыл алты нар, әзір тұр.

Жиренше сонда:

- Қазір барамын, ханға сәлем айт, күн бұлт екен де, - депті.

Шақырушы ханға:

- Тақсыр, Жиреншені шақырдым, ол "ханға сәлем айт, қазір барамын, күн бұлт екен», - деді дейді.

Айтулы сөздің астарын түсіне қойған хан:

- Алты нарды доғарып, арбаға алты тұлпар жегіңдер! - деп бұйырады. Тұлпарлар жегіліп, әзір болған кезде Жиренше де келеді. Сөйтіп хан екеуі жолға шығыпты. Жолда құбыладан қара бұлт пайда болып, жаңбыр құйыпты. Жер батпаққа айналыпты, соған қарамастан сыдырта желіп отырыпты. Сонда Жиренше ханға қарап:

- *Жылқы - малдың патшасы, түйе - малдың қасқасы*; түйе малының мынадай ми батпақта жүруі қиын, мен соны ойлап айтқан едім, - депті (Н. Төрекұлұлы. Қазақтың жүз шешені. Алматы, 1975, 11).

Міне, Жиренше шешеннің ханға айтып қалған осы бір ұтқыр сөзі малшылар тілінде мақал болып қалыптасып, ел жадында сақталып ММ жинақтарына еніп келеді.

Немесе "Жер бетіндегі жеті айтқыштың бірі" атанған аға сұлтан Құнанбайдың азулы билерінің бірі - Қасқырбай би туралы бір деректі Мұзафар Әлімбаев келтіреді:

"Аға сұлтан Құнанбайдың жандайшаптары: "Қасқырбай қызыл тілдегі қырғыйлығымен ел алдында ерен абыройлы боп барады, байқаңыз!" -

десіпті. “Өзінен оза бастаған өжетті бір сүріндіріп қояйын” деп, халық көп жиналған алқа қотан, шаршы топ алдында Құнанбай өз биіне:

- Осы сені қасқыр дейді. Қасқырлығыңды көрейін, айта қойшы: дүниеде неше жетім бар? - деп, оқыс сұрап қалыпты.

Қасқырбай халыққа бетін бұра беріп, сөйлеп кеткен екен:

- Дүниеде үш-ақ жетім бар: *тыңдаушысы жоқ сөз - жетім, көрері жоқ көз - жетім, елі жоқ ер - жетім*.

Сөз баласының қадыр-қасиетін жоғары бағалайтын Құнанбай тап- қыр шешеннің арқасынан қағыпты (М.Әлімбаевтың жоғарыда аталған еңбегі қаралсын, 3 б.)

Бұл сөздер де қазақ халқының ММ қорында жеке-дара мақал болып қалыптасқан. Бірақ онда “Қасқырбай шешен айтқан” деген ескертпе жоқ, әрине. Өйткені бұл да белгілі дәстүр бойынша “*халық мақалы*” болып саналады. Сонда бұл анықтама бұл мақалды шын мәнісінде халық шығарғандығын білдіріп тұрған жоқ, жалпы халықтық қолданысқа ие болғандығын аңғартып тұр.

Міне, осы сияқты ММ-дердің о бастағы шығуы және қалыптасу уәждеріне (мотивтеріне) байланысты деректерді аталмыш фольклор бұлақтарынан көптеп келтіруге болады.

ММ-дердің шығу төркіні көп жағдайда ауыз әдебиет туындыларына, нақтылап айтқанда қазақ қауымында ерекше дамыған шешендік, айтқыштық, тапқырлық, суырып салма ақындық өнеріне және оның көптеген дарынды өкілдеріне байланысты екендігі белгілі. Бұл паремиология проблемасының бір жағы болса, оның екінші жағы қазақ тілінің потенциалды ішкі байлығы мен сан құбылған астарлы да ауыс мағыналарына, экспрессивті-эмоционалды бояу-нақыштары мен бейнелі де айшықты көркемсөз өрнек-үлгілеріне байланысты.

Бұл ой-пікірді дәлелдейтін мысалдар көп. Соның бірі - ММ-дердің өзекті мәселесіне жататын тірек сөз (стержневые слова) табиғаты. Мысалы, жоғарыда келтірілген мақалдың үш жолында және төменде келтірілген нақыл сөздің бес жолында қолданылып тұрған “Жетім” тірек сөзін алайық:

Бірлігі болмаса, ел - жетім,
Басшысы болмаса, көп - жетім,
Сүйеніші болмаса, ер - жетім,
Ағуы болмаса, су - жетім,
Бағуы болмаса, мал - жетім т.б.

Енді осы екі нақыл сөздің 8 тағанында (жолында) бірдей қолданылып тұрған “жетім” тірек сөзінің мағынасын талдап-таратып көрейік.

Олар, әрине, “жетім” сөзінің әдеттегі номинативтік мағынасында (“әке-шешесінен айрылып, қамқоршысыз қалған жас бала” мағынасында) емес, контекске қарай өзгеріп отырған әр алуан ауыс мағыналарында қолданылып тұр. Атап айтқанда, олар мынадай:

1) "жетім сөз": мағына-мәні түсініксізденген, бейнелі көркі, құдіретті күші құнсызданған, пір саналатын қасиетін жоғалтқан сөздің мүшкіл жағдайы;

2) "жетім көз": қоршаған ғажайып табиғат пен қоғамдық өмір-тіршілікті көру үшін жаралған көздің осы абзал міндетін дұрыс атқара алмай, қор болуы;

3) "жетім ер": елін, жерін қорғау үшін жаралған ер-азаматтың ондай өскен жері, туған елі болмауы да - ол үшін қасірет;

4) "жетім ел": өз бірлігін, тату тірлігін көрсете алмаған, елдігін таныта алмаған ел де - нағыз ел емес, ебелек іспетті тобыр;

5) "жетім көп": бір басшыға бағынып, қауымдасып, қауқарласып бір тұтас ел бола алмаған қалың топтың да қалы мүшкіл;

6) "жетім су": басын қайнар бұлақтан алып, атқылап жатқан судың басы қосылып ағатын арнасы, ол да бір жайылып жатқан шалшыққа айналады.

Міне, көріп отырғанымыздай, бір ғана жетім сөзі қолдануы ыңғайына қарай абстракцияланып, номинативтік негізгі мағынасынан туындаған қаншама ауыс мағынаны аңғартып тұр. Бұл ғана емес, фольклор үлгілерінен жетім сөзінің бұдан басқа да сан алуан ауыс мағынадағы баламаларын көруге болады. Мәселен, "Жеті жетім" деген әңгімеде: "Әз-Жәнібек хан халқын жинап, "үш арсыз, үш ғайып, үш жетім болады екен, соны кім табады? - деп сұраған екен. "Үш арсыз бен үш ғайыптың" жауабын тапқан халықтар "үш жетімге" келгенде тосылып қалыпты. Бұл жиынға келмей қалған Қарабас шешенді шақыртып, әлгі сөздің шешуін сұрапты. Сонда Қарабас шешен:

- "Жетім үшеу емес, бесеу еді ғой!" деп:

1) Оты жоқ жер – жетім,

2) Басшысы жоқ ел – жетім,

3) Елінен ауған ер – жетім,

4) Тыңдаушысыз сөз – жетім,

5) Жоқтаушысыз қыз – жетім, – деп "жетімнің" санын бесеуге жеткізіпті. Ал өз кезінде Қазыбек би:

1) Тыңдаусыз қалған сөз – жетім,

2) Киюсіз қалған бөз – жетім,

3) Иесіз қалған жер – жетім,

4) Басшысы жоқ ел – жетім,

5) Аққу-қазсыз көл – жетім,

6) Елінен айырылған ер – жетім,

7) Замандасы қалмаған бәрінен де сол - жетім деп, оның санын жетіге жеткізіпті.

Ал ел аузында сақталған (авторы әзір белгісіз) *"Дүниеде не жетім?"* деген шешендік толғауда *"жетімнің"* түрін кейбір шешендер онға жеткізді. Ол толғауда, мәселен, *"жетімдіктің"*: 1) қалың көпке; 2) шалқар көлге;

3) бетегелі белге; 4) байтақ елге; 5) айтқан сөзге; 6) қария болар кезге; 7) қараған көзге; 8) азамат-ерге, 9) әйелге; 10) дүбірге қосылмаған атқа; 11) жазулы хатқа байланысты да ауыс мағыналары бейнелі түрде суреттеледі (*қара*: Қазыбек Тәжиев. Жеті санының құпия сыры және сандық мәннен айырылып, жұмбаққа айналған тұрақты сөз орамдары мен философиялық түйіндердің тарихы). Қазығұрт, 1993, 48-49 бб.)

Демек, бұл қазақ ММ-дерінің дүниеге келуіне қажетті қалың жұртқа белгілі ортақ мотив қалыптасатынын көрсетеді. Шешендер мен дана билердің шешендік толғауларында кең түрде қолданылатын осы мотивтер біртіндеп, ыңғайына қарай, тұтастай да, бөлшектеніп те ММ-дерге айналатынын байқауға болады. Тіліміздегі көптеген ММ-дер сол тәсілмен пайда болып, қалыптасқандар. Олар "халық ММ-дері" деп аталса да, авторы болғандығын ұмытпаған жөн. Бұл қазақ ММ-дер қорының қалыптасуындағы ішкі заңдылығына жатады. Оны жан-жақты зерттеу арқылы ММ-дердің пайда болу тарихын айқындай аламыз.

Қазақ мақал-мәтелдерінің өзара айырмашылықтары жөнінде

Жер бетін мекендеген халықтар мен ұлыс-тайпалардың қай-қайсысының да ғасырлар бойы сұрыпталған інжу-маржандай, лағыл-ақықтай астарлы да асыл, ұлағатты да өнегелі даналық сөз үлгілері барлығы хақ. Тіл байлығы атты қазынаның алтын қорынан саналатын осынау ғибратты сөздер Өмір шындығын, халықтың тұрмыс-салты мен тіршілігін, мінез-құлқын Қоғамдық дамуын тайға таңба басқандай дәл әрі шебер, әрі мәнді де құнды бейнелеуімен ерекшеленеді.

Мақал-мәтелдер (бұдан кейін қысқарған түрде - ММ) - атадан балаға мирас болып, ұрпақтан ұрпаққа екшеліп, іріктеліп, сұрыпталып жетіп отырған асыл қазына. Олар қысқа да нұсқа, бейнелі, мағынасы терең, шымыр логикаға (ойға) құрылады да, тыңдаушы көкейіне бірден қона кетеді. Көркем сөз тәсілдерінің ішіндегі қуаттысы мен құнарлысы да - осы ММ-дер. ММ-дердің табиғатына тән қасиет - өмір шындығын, барлық болмысты өзінде бейнелеп көрсету.

Келелі ойды, кең мазмұнды данышпандық ақыл-өсиет түрінде салмақты айтатын, айтқанда соншама дәл әрі әділ, ащы мысқыл, әдемі әжуасы аралас келіп нұсқап, тапжылтпай мақұлдатып тастайтын ММ-дерді бір-бірінен айыруда әдебиетші ғалымдар мен тілші мамандардың жүйелі зерттеулері мен келелі пікірлерін саралай отырып, біз де өз көзқарасымызды ортаға салғымыз келеді.

ММ-дерді бір-бірінен ажырату жұмыстары орыс тілшілері мен халықтың даналық сөздерін жинастырушыларының арасында XX ғ. басталып

еді. Атап айтсақ, И.М.Снегирев, В.И.Даль, Е.А.Ляцкий, А.А.Потебня секілді зерттеушілер өз еңбектерінде мақал мен мәтелдің айырмашылықтары туралы қызықты ойлар айтқан. Дегенмен де, жүйелі зерттеу жұмыстары кеңес дәуірі тіл білімінде жүре бастады. Мысалы, отандық тіл білімінде О.Широкова, М.А.Рыбникова, С.Г.Гаврин, А.Н.Кожин тәрізді ғалымдар ММ-дерді айыру мәселесіне мақалалар арнаса, кейбір зерттеушілер диссертациялық жұмыстарының жеке тарауларында сөз етті. Айталық, Р.Сәрсенбаев, Ө.Айтбаев, С.Сәтенова т.б. Қазақ ғалымдары да ММ-дердің өзара айырмасын ғылыми жұмыстарына арқау етті.

XIX ғасырда-ақ орыс лингвистері ММ-дерді семантикалық белгілеріне байланысты ажыратуды атап кеткен. Мәселен, И.М.Снегирев мақал мен мәтелді мағынасына қарап ажырата келе былай дейді: "мақал өмірдегі маңызды нәрселерге шынайы түрде қорытынды жасаса, мәтелде ол тұспалдау, ұқсастыру (уподобление), салыстыру арқылы беріледі"[1].

В.Даль да ММ-дердің айырмасын олардың мағыналық жағынан қарастырады. Мақалдардың айтылу сазына қарай[2], кейде Қысқа айтылуы арқылы мәтел пайда болатынын анықтайды[3]. Осы негізде, кейінірек жазылған зерттеу жұмыстарында мақалдың сөйлеммен, ал мәтелдің оның бір бөлігі, яғни сөз тіркесімен келетіндігі жөнінде сөз бола бастады. М.А.Рыбниковаңың "мақал - түрі жағынан пайымдаудың бейнелі де мәнді бір[4] элементі"[5] деген[6] пікірін Л.А.Морозова да қостап, "мәтел - адамның белгілі бір жағдайын немесе белгілі бір құбылыстың жекелеген қасиетін сипаттайтын, сөйлеу тілінде кең қолданылатын тұрақты бейнелі сөз тіркесі"[7] деген пікір түйеді. Зерттеушілердің бұл тобы ММ-дердің айырмашылығын олардың құрылым-құрылысымен байланыстыра қарайды, яғни мақал аяқталған толық сөйлем түрінде келсе, мәтел сөз тіркесі күйінде келеді.

А.В.Кунин ММ-дерді сөйлем түрінде келген коммуникативті фразеологиялық бірліктер дей келе, "мәтел - мақалдан айырмашылығы бар (непословичного характера) коммуникативті фразеологиялық бірлік" дейді.

---

1 И.М.Снегирев. Опыт рассуждении о русских пословицах. М., 1823. - 49 с.

2 *В.И.Даль*. Напутное// В.И.Даль. Пословицы русского народа. - М.: Гос.изд.худ.лит., 1957, - с.18-19.

358 *М.А.Рыбникова*. Русская поговорка// Русский язык в школе. 1939, №4 -с. 47-51.

4 *А.В.Кунин*. Фразеология современного английского языка: Опыт систематизированного описания. М.: Между.отн., 1972, - 288 с.

5 *Л.А.Морозова*. Пословицы и поговорки: К вопросу об определении и разграничении// Вестн. Моск. ун-та. Сер.филол-я, 1972, N2. - с.57-65.

6 С.Г.Гаврин. К вопросу об отличии пословиц от поговорок в современном русском литературном языке// Пермский гос.пед.ин.: каф.рус.инос.яз.// Ученые зап.- вып. 26. - 1958, - с.23-46.

7 Г.Л.Пермяков. О смысловой структуре и соответствий классификации пословичных изречений// Паремиологический сборник. М., 1978, - с.105-135.

Аталған мәселені структура-грамматикалық жағынан қарастыру басты меже (критерий) емес, тек қана толықтырушы болғандықтан, зерттеушілердің бір тобы мәтелдерді екіге бөледі. мысалы, С.Г.Гаврин: "барлық мәтелдер екі түрге: сөйлем түрінде және сөз тіркесі түрінде келген мәтелдер деп бөлінеді", - дейді. Осы пікірді ММ-дердің табиғатын терең зерттеген ғалым Г.Л.Пермяков та мақұлдап, "мәтелдерді синтаксистік құрылымына қарап екі түрге бөлу қажет: 1) сөз тіркесіне балама (эквивалентны) мәтелдер; 2) сөйлемге балама мәтелдер" деп, жоғарыдағы ойды одан әрі нақтылай түседі.

Бұл айтылғандардан шығатын қорытынды біреу-ақ: бір-біріне етене жақын, бір құбылыстың тел қозыдай екі көрінісі іспеттес мақал мен мәтелдің өзара ортақ және ерекше өзгешеліктері бар екен. Паремиологияда мақалдың жалпы мазмұны оның құрамындағы компоненттердің мағыналары жиынтығынан келіп шығатыны, ал мәтелдің жалпы мазмұны компоненттердің мағыналарына тікелей қатысы жоқ екені басы ашық мәселе. Басқаша айтсақ: мақалда себеп пен салдар қатар жүрсе, мәтелде құбылыстың себебі ғана, болған жағдайдың өзі ғана айтылып, олардың салдары мен нәтижесі көмескі қалады. Демек, сөйлеушінің мәтел арқылы астарлап, тұспалдап айтқан ойын тыңдаушы өзінше түсініп, өзінше қорытынды шығаруы, тағылым алуы қажет.

Қарастырып отырған тіл бірліктерінің ерекшеліктерін талдау олардың ортақ және ерекше өзгешеліктерінің бар екендігін көрсетеді. Енді соған тоқталайық:

Ортақ белгілері:

1. ММ-дер халықтың өмірден алған тәжірибесінің жиынтығы, ой-тұжырымының қорытындысы. "Олардың әрқайсысында өзіне ғана тән философиялық ой және саналы логика мен жүйеліліктің нәтижесінде пайда болған өзіндік тұжырым бар"[8].

2. ММ-дер - тұлғасы жағынан тілге жеңіл, белгілі бір ұйқасқа құрылғандықтан, құлаққа өте жағымды естіледі, көлемі шағын, тілі көркем, мазмұны терең және аз ғана сөзбен толық бір мағынаны өз дәрежесінде нақты жеткізеді, қолдануға даяр тұрады.

3. ММ-дер - предикативті сөз тіркесі және сөйлем түрінде келген коммуникативті фразеологиялық оралымдар.

4. ММ-дер бейнелі, экспрессивті мәнде келеді.

5. ММ-дер-сөйлеу тілімізде дәстүрлі тұлғасында да, трансформацияланған түрде де қолданылады.

Мақал мен мәтел арасындағы айырмашылықтар:

1. Мақал уағыз, өсиет, үндеу сипатында келеді, онда дәлел мен қорытынды пікір қатар беріледі. Мысалы,

8 С.Сәтенова. Қазақ тіліндегі Қос тағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғаты. Докт. дисс., А., 1997, 20-б.

Жүйелі сөз жүйесін табады,
Жүйесіз сөз иесін табады.

Мәтел айтылатын ойды тұспалдап, емеурін арқылы білдіреді. Мысалы, **Дария жанынан Құдық Қазба.**

2. Мақалдың компоненттерінің саны мәтелге қарағанда көбірек болып, ауқымды келеді.

Мақал: Ат баспаймын деген жерін үш басады,
Ер көрмеймін деген жерін үш көреді.

Мәтел: Мәуелі ағаш майысқақ.

3. ММ-дер өзара синтаксистік құрылысы жағынан да өзгеше болады. мақал салалас, сабақтас құрмалас сөйлем түрінде жиі ұшырайды. Өйткені мақал өмір тәжірибесінде кездесетін оқиға, жағдай, іс-әрекеттерді бір-біріне қарама-қарсы қою арқылы немесе салыстыру арқылы баяндап отырады. Ал, мәтел, көбіне, жай сөйлем түрінде, онда да толымсыз жай сөйлем түрінде кездеседі.

4. ММ-дердің синтаксистік құрылысындағы тағы бір айырмашылық - ол етістік баяндауыш сөздердің түсіп қалу заңдылығына байланысты жағдай. Мәтелдің құрамында етістіктен болған баяндауыш сөз, көбіне, айтылмай түсіп қалады. Бұл жағдай мәтелдің оқиғаны ишаратпен ғана жеткізуіне лайықты жасалатын тәсіл. Өйткені күрделі ойды толық білдіретін сөйлем баяндауышсыз жасалмайды. Мысалы,

Ақыл - жастан /шығады/,
Асыл - тастан /шығады/.

Осы айтылғандардан мақал мен мәтелге деген анықтаманы былай түйіндейміз:

Мақал - коммуникативті фразеологиялық оралым, мағыналық жеке бірлік, халықтың өмірден алған тәжірибесінің, ой-тұжырымының қорытынды жиынтығы, айқын ойды үлгі-насихат, өнеге-өсиет, ақыл ретінде қысқа қайырып, көркем бейнелеп жеткізетін, халықтың дана нақыл сөзі.

Мәтел - коммуникативті фразеологиялық оралым, мағыналық жеке бірлік, өмір құбылысының қандайын болсын дәл анықтайтын, халыққа кең тараған бейнелі сөздер. Бұл мақалға қарағанда ойды ақырына дейін жеткізбей, топшылама, болжам ретінде түсіндіреді.

Сонымен, ММ-дерге тән дара ерекшеліктерге, олардың арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды айқындауға тырыстық.

Халық даналығы - біздің ата мұрамыз, асыл қазынамыз. Тұңғиық дәуірлер түкпірінен сұрыпталып, халық жадында сақталып бізге жеткен әуезді мұрамызды халықтың өзіне шашпай-төкпей, жинақтап, тұжырымдап қайта қайтарсақ - біздің міндетіміздің орындалғаны.

Төрт түліктің түгі мен түсіне байланысты атаулар мен фразеологизмдер

Кез келген тілдің лексикалық байлығы сол тілде сөйлейтін ұлт өкілдерінің дүние танымымен тығыз байланысты. Тіл-тіршілікпен кіндіктес болғандықтан, халықтың дүние танымы табиғат құбылыстарын сезіну, түйсіну, қабылдау арқылы қалыптасқан наным-сенімімен, ғылым-білімімен, өнерімен және алуан-алуан кәсібімен сабақтасып жатады. Түрлі кәсіп иелері бір мамандықты үйреніп қана қоймай, сол шаруашылық төңірегінде "зерттеулер жүргізіп, жаңалықтар ашады". Мәселен, "тұяқ түрленбей, мал күрленбейді", "шөп сүттене малға шел бітеді", "шелді қой төлді болады", "ай айдың оты басқа" сияқты мақал-мәтелдер малшылардың бір кездегі ата кәсіптен түйген түйіні.

Қоғамдағы әрекеті шаруашылықтар халқымыздың материалдық мүддесін көтеруге қызмет етсе, сол кәсіпке тиесілі туындаған тілдік құбылыстар сол тіршілікке қатынасты құрал-жабдықтарға ғана атау болып қалыптасып қалмай, лексикалық қорымыздың қордаланып молығуына тілдік қолданыста тіліміздің жан-жақты мүмкіндігін ашып, икемдігін арттыруға септігін тигізеді. Мәселен, "мірдің оғындай", "сымға тартқан күмістей" - зергерлік кәсіпке, "томаға тұйық", "сұңқардай сыланып, қырандай қырланып", "қырғидай тию" аңшылыққа, "текеметтің түріндей", "ақ кестенің жүзіндей" - қол өнерге қатысты туындаған бейнелі сөз орамдары.

Халқымыз үшін кәсіп-тіршілік көзі ғана емес, тіліміздің қордалану арнасы әрі дүние тану мектебі де. Мысалы, Сібір тұрғындарының ата кәсібі бұғы өсіру болғандықтан, тілінде бұғыға байланысты 1000-нан аса атау бар екен. Арабтарда түйе малына тиесілі 1000-нан астам, қазақ тілінде тек қыран құстарға қатысты 1000-ға жуық терминдер қалыптасыпты.

Қоғамның дамуына сәйкес шаруашылықтың әр саласы күрделеніп, құрал-жабдықтары жетіледі. Осы арада тіліміздің қызметі екі жақты: көне кәсіпке тән ескірген атауларды бойына жинайды, сонымен бірге, жаңа құралдарға қатынасты соны сөздермен де толысып отырады. Бұл ретте тіл өзінің функциясы тарабынан бір этностың мыңдаған ғасырлар бойы басып өткен тіршілік жолынан, өмір салтынан дерек берер "тарихи шежіре" іспеттес. Этностың тарихында, кәсібінде, тәжірибесінде, өнер-ғылымында, наным-сенімінде, дәстүр-салтында болып өткен оқиғалар, өмірдің даму диалектісіне сай өзгеріп отырғанымен, олардың байырғы ізі тілімізде сақталады. Мәселен, "барлық сөздің түбі бір, сөз атасы - Майқы би", "Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы", "Атамыз алаш, Керегеміз ағаш" сияқты тарихи сөздер қазақ елінің бір кездегі ел басқарған көсемдері туралы; ақтылы қой, алалы жылқылы",

“қағанағы қарық, сағанағы сарық”, “ит басына іркіт төгілген заман”, “қой үстінде боз торғай жұмыртқалаған заман” тәрізді сөздер еліміздің сәнді-салтанатты бейбіт өмірі туралы; “ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама”, “қызыл қуғын, сар сүргін”, “тар жол, тайғақ кешу” секілді тарихы сөз тіркестері ел басына түскен ауыртпашылық, қырғын соғыстар жайлы, аттың жалында, түйенің қомында”, “киіз-туырлықты қазақ” секілді сөз тіркестері - ата кәсіп, көшпелі өмір жайында, “ақ түйенің қарны жарылды”, “боз биені құрбандыққа шалды”, ақ сары бас айтып шалды”, “басқа келген пәледен, бастан құлақ садаға”, “ат тұлдады”, “ала жіп кесісті” сияқты сөз тіркестері халқымыздың наным-сенімі мен моралі жайында сөз шертеді.

Шындығында, этностың шын мәніндегі болмысы мен дүние танымы оның тілінде сақталып қана қоймай, сонымен бірге ұрпақтан-ұрпаққа тіл фактілері арқылы беріліп отырады. Ана тіліміздің ғасырлар бойы толассыз толығып, жеті атадан, жеті пұштығы асыл мұра боп ауысып келе жатқан ұшан-теңіз байлығының бір ұшығы ата кәсібімізбен сабақтасып жатыр. Расында, талай ғасырдың талқысынан өтіп, илеуі қанық ежелгі сөздер негізінен төрт түлікке қатысты туындап, тіліміздің ең сүбелі қабаты ретінде қалыптасты.

Көшпенділердің төрт түлік мал шаруашылығы туралы жазылған қыруар еңбектері бар. Тұңғыш деректер біздің заманымыздан бұрын қағазға түскен. Олар: 1) ежелгі грек ғалымдарының жазып қалдырған деректері /біздің заманымыздан бұрынғы II мың жылдық пен біздің заманымыздың II мыңыншы жылдары /; 2) ертедегі қытай елшілерінің төрт түлік туралы деректері / біздің заманымыздың I-V ғасырлары /; 3) орхон-енисей жазуларындағы мәліметтер / VI-VIII ғасырлар /; 4) орта ғасырлардағы араб елшілері мен түрік ғалымдарының еңбектері /IX-XII ғ./; 5) еуропа саяхатшыларының деректері /XIII-XVI/; 6) Октябрь Революциясына дейінгі орыс қазақ этнографтарының еңбектері /XVII-XX ғасырлар/; 7) қазақ совет этнографтарының жазғандары; 8) көрнекті ақын-жазушылар мен мәдениет қайраткерлерінің кітаптары; 9) зоотехникалық ғылыми еңбектер; 10) тәжірибелі шопандар мен жылқышылардың еңбектері; 11) түркі тілдеріндегі төрт түлік жайында жазылған еңбектер; 12) тілдік тұрғыдан жазылған кітаптар деп қарастыруға болады.

Осынау шашырап жатқан мұхиттай мол дүниенің інжу-маржанын теріп зерделеудің өзі үлкен болар еді. Мақаламызда төрт түлікке бағышты аса мол атаулардың ішінен тек малдың түгіне және жүннен жасалатын бұйым аттарына ғана тоқтала алдық.

Тіліміздегі жан-жануарлардың терісінің сыртынан өсетін жүн қылшықтың қандайын болмасын бір сөзбен жинақтап “*түк*” дейді. Төрт түліктің түгі құрамы мен сапасына қарай “*жүн*”, “*қыл*”, “*түк*” деп бөлінеді. Қазақ тұрмысында ең көп пайдаға асқан түк - қой жүні. Қой түгінің жас мөлшеріне қарай жүні - “*қозы жүні*”, “*тоқты жүні*” және “*қой жүні*” деп жіктеледі. Қалыптасқан дәстүр

бойынша бабаларымыз қой жүнін жылына екі рет қозыларды бір рет, қырқып отырған. Қой қырқу - үркер жерге түсерде басталатын науқан. Қой қырқу үшін, алдымен, сәтті күн (сәрсенбі, бейсенбі) таңдап алынады. Әдетте, сәтті күнді есеп-қисап жүргізіп отырған сол ауылдың ақсақалы (есепші) белгілейді. Қойларды қырықпас бұрын "*қой қырқар*" (қырқылатын қой жүні мол болсын, берекелі болсын деген сенімге негізделген сый-сияпат тағам) беріледі. Жүн қырқуға келген жігіттер үй табалдырығынан "*қырқар көбейсін*" деп тілек айта кіреді. Қойды қырқу үшін оларды өзенге тоғытып жүнін шаң-тозаңнан тазалап алып қырқуға кіріседі. Көктемде қырқылған қой жүні "*жабағы*" жүн немесе "*ұрғашы жүн*" деп аталады. Жаз ортасында тоқтыларды қырқып "*тоқты күзем*" алады. Тоқты жүнінен жұмсақ текемет басады. Күзде қырқылған қой жүні "*күзем*" немесе "*еркек*" жүн деп аталады.[2]

Тұрмыста кәдеге жарату жағынан екінші орында түйе жүні алады. Түйе жүні жас шамасына қарай "*ит жүн*", "*тайлақ жүн*" және "*үлкен түйе жүні*" деп жіктеледі. Түйе жүнінің ішінен ең сапасы жоғарысы - *тайлақ жүні*. Одан иіріп түйе жүн шекпен, има шекпен тоқиды. Үлкен түйе жүнінен басқұр, ортақұр, секкұр, айылқұр, тосәуір, үйбау, керегебау, таңғыш, шаңғырақбау, уықтізбе және қап, қанар, қоржын, алаша, боқжама тоқиды.

Этнографиялық этюдтер:

Халқымыздың тұрмыс-тіршілігінде жан-жануарлар түгінің (жүн, қыл, жал, құйрық) атқарған қызметі зор. Ғасырлар бойы хайуанаттардың түгін бақылау негізінде табиғаттың кейбір қыры мен сырын түйсініп отырған. Мәселен, ел ішінде "**түлкінің түгінің түбі бекіген кез**" дейді. Бұл жылдың қай мерзімі? Түлкінің қылшығының түбі қашан қатаяды? Жерімізде қыс түсіп, алғашқы қалың қарлы қан сонарда түлкі аунаған соң барып оның **түгінің түбі бекиді.** Дәл осы күннен бастап аңшылар түлкі аулауға шығады. Бұл уақыт Қазақстанның суық ерте түсетін өлкелерінде октябрь айының орта тұсына, оңтүстігінде декабрьдің бас кезіне сәйкес келеді.

Малшылар төрт түліктің түгіне қарай, малдың қасиетін аңғарып біледі. Семіз, күйлі малдың түгінің түбі майланып жалтырап тұрады. Сол себепті "түгін тартсаң түбінен май шығады" дейді. Күйсіз малдың жүні солып, сарғайып, терісіне жабысып тұрады. Егер жылқының түгі сарғайып семіп қалса, онда "***сары жүн***" ауруына ұшыраған деп білген жүн.

Атбегі атты бәйгеге деп баптағанда жүйріктің бабына келгенін білу үшін оның жамбас жүнін шайнап күрер. Егер жылқы түгінде тұз дәмі көбірек білінсе, онда саңлақ әлі жарысқа дайын емес.

Ертеде атпыраштар жылқы тұқымын асылдандыру үшін ел-елді аралап, той-тойға барып, ат базарын көріп асыл тұқымды айғыр іздес- тіреді екен. Егер асыл тұқымды айғыр кездессе, оны мүмкіндігіне қарай сатып алады не биеге шаптырып тұқымын алады. Мал иесі текті жылқыны сатпай не биеге шаптырт-

пай қойса, онда оған байқатпай сол айғырдың жалынан, құйрығынан және түгінен жұлып ап, үйінің оң керегесіне іліп не аттың жүгеніне ырымдап тігіп қояды екен. Осы әдет ел ішінде "***Жылқы шақыру***" деп аталады.[1] Бұл рәсім "жылқыны оның қылшығы арқылы шақыруға болады" деген магиялық сенімге негізделген өте ескі наным болса керек. Бұл дерек қазақтың қиял-ғажайып ертегісінде кездесетін мифологиялық персонаждар: ақ сақалды шал кейіпкерге шашынан бір тал шаш жұлып береді, алып **қара құс** бір тал қауырсынын, тұлпар жалынан жұлып қиын-қыстау кезеңінде осыларды өртесең, біз көмекке келеміз деген сияқты ежелгі мифпен ұштасып жатыр.[1] Тіліміздегі "*дұшпаннан түк тартсаң да олжа*" деген мәтелдің қалыптасу төркіні сол бір ұмыт болған замандармен астарлас боп көрінеді.

Түркі халықтарының төрт түліктің жаралуы және олардың қызметі туралы түсінігіне қарағанда жылқыны адамдармен тәнірді жалғастырушы "жолсерік" ретінде ұғынғанға ұқсайды.[1] Осы мифпен байланысты халқымызда түрлі дәстүрлер мен наным-сенімдер қалыптасқан.

Өте ертеде өлген адаммен бірге оның жанын көкке апарушы ретінде мінген атын бірге көмген. Бұл дәстүр қазақтарда қайтыс болған кісінің атын оның жылына сойып, жылқының басы мен құйрығын қабірінің басына қою не бақанға байлап моласына шаншып қою сияқты салтпенен күні бүгінге дейін жалғасып келген.

Ата-бабамыз "тәңір біліп отырсын, тәңір қолдасын" деген наным бойынша жылқының қылынан ту жасап ұстаған.

Ата мекенін тастап қоныс аударып алысқа көшкенде, қатерлі сапарға жалғыз аттанғанда, ел шетіне жау келіп қанды шайқасқа түсер алдында ата-бабаларымыз *ат құйрығын шарт түйіп алады* екен.[1]

Құйқылжыған құла жирен ат мінген,
Құйрық-жалын шорт түйген
Мен кескесті ердің сойымын,
Кескілеспей басылман (Махамбет).

Қазір "**Ат құйрығын шорт түйді**" тіліміздe "тәуекелге бел байлады, белін бекем буды" деген ұғымда қолданылып жүр.

Түркілерде аттың қылынан өрген қыл арқанды батырлардың дулығасының шоқтығына байлап, бір ұшын мойнынан салбыратып қою дәстүрі болған. Сірә, "ер мойнында қыл арқан шірімес" деген мәтелдің түп түркіні осы бір ритуалмен өзектес емес пе екен...

Ер адамдардың желке шашына аттың қылын қосып өру салты да болған.

Қазақтар аттың жалынан үрген қыл арқанды киіз үйдің шаңырағының екі жағынан байлап, оң жақ босағамен сол жақ босағаның керегесіне доға жасап іледі. Бұл арада қыл арқанды тәңірімен байланыстырушы құрал ретінде пайдаланған.

Күні бүгінге дейін "*аттың қылын қырықпа, жаман болады*" деп ұрпақтарына тиым салып келуі аталарымыздың жылқыны "киелі" деп санауынан туған әдет. Жылқы киелі болғандықтан, оның терісінен істелетін ыдыстар мен киімдер, қылынан өрілетін бау - жіптер және ат әбзелдері киелі саналып жоғары ілінеді.

Ертеректе ел көсемдері өрген қылды ел ішіндегі дау-дамайды шешуге де пайдаланған. Төрешілер дау қуып келген екі даугерді бір-біріне қарама-қарсы отырғызып, қолдарына жіңішкелеу өрілген қыл ұстатады. Әділетті үкімімен екі жақтың да ризашылығын білген соң олардың енді қайтып дауды қоздырмауы үшін қолдарына ұстатқан қыл арқанды ортасынан қақ бөліп жібереді. Бұл жоралғы тілімізде "*Қара қылды қақ жарды*" (әділ төрелік айтты), қырғыз тілінде "*Қара қылды қақ жар*" (әділетті төрелік айт), "*Қара қылды қақ жарған*" (кемеңгер әділеттік) тәрізді этнофразеологизмдерде тұрақтап қалған.[1]

Халқымызда жылқыға қатысты бұдан да басқа дәстүрлер сақталған.

Ат тұлдау - жылқының құйрық жалын күзеп, құйрығын тізесінен жоғарырақ жерінен шорт кесу, кекілін жоғары көтеріп төбесіне бір түйіп, ұшын тегістеп шырпу. Күзеудің бұл түрі тек өлген адамның мініс атына ғана қолданылады. Салт бойынша тұлдаған атты мінуге рұқсат етілмейді.[1] Бір жылдан кейін иесінің асында сойылады. Тұлдау рәсімі тек өлген кісінің атына ғана емес, сонымен бірге, баспанасына, зайыбына, ер-тұрманына, қаруына және киген киіміне де қолданылады. Әу баста қайтқан адамның артында өз кіндігінен туған ұлы жоқ болса, оның үйінің шаңырағын сындырып, қазанын төңкеріп, отын өшіріп, әйелінің көк желкесінен шашын шорт кесіп, киім-кешегін, ер-тұрман, қару-жарағын жіпке асып қояды. Осы дәстүр "Тұлдап қою" деп аталады. Осы салтқа орай тілімізде "Тұл үй" (иесіз адыра қалған үй. Туарлығы жоқ тұл үйге, ат байласаң тұрмайды фолок), "Тұл қатын" (бала көтермей жатып күйеуі өліп, шашы көк желкесінен шорт кесілген, жар қызығын көре алмаған мұңлық. Қазір "жесір әйел" ұғымында қолданылады) сияқты күрделі атаулар бар.

Екі туысқан ел жауласып, екі жаққа көшерде мінген аттарының кекілін, жалын және құйрығын кесісіп айырылысқан. Бұл салт тілімізде "**Ат құйрығын шорт кесісті** (кесу, кесісу), қырғыз тілінде "*аттын күкул-куйругун кырык* (қатынасты пышақ кескендей тый, "ат куйругун кыркышып, ажыраган туугендан (фольк. бір-бірімен жау болып кетті) сияқты этнофразеологизмдерде сақталған.

Арқан. Қазақтың тұрмыс тіршілігінде арқан пайдаланбаған орын жоқ десек те болады. Еліміз арқанды киелі санайды. Сол себепті "Арқан аттама. Арқан аттасаң жаман болады" деп балаларына ескертіп отырған. Осы әдетке орай арқан киесінен жын-шайтан, құрт-құмырсқа, жылан, қасқыр, қорқып келмейді деп есептеп, ауылды айналдыра арқан керіп қою салты да болған. Жолаушы айдалада жалғыз түнегенде өзінің жатын орнын қыл арқанмен айналдыра төсеп қойып ұйықтаған.

Күйеу жігіт қалыңдығын ауылына алып қайтар сапарында қыз туыстары олардың алдынан көлденең арқан кереді. Жігіт жағы оларға сыйлық беріп риза қылады. Осы әдет - "**Арқан тартпақ**" деп аталады.

Түк көрсетпейтін түтеген боранда адасып кетпес үшін қатар отырған үйлер үй арасына арқан керіп қояды.

Боранды, дауылды түндері аңшылар, жолаушылар керуеншілер бір-бірінен адасып қалмас үшін арқан тартып алады. Бұл амал "**Арқан тартып алу**" делінеді.

Делебесі қозып, әбден тұяғы қызған тұлпарды бәйге сөресіне жеткенде алдынан арқан керіп тоқтады. Осы айла - "**Арқан керу**" деп айтылады.

Арқан тілеу - аяқ астынан қатты ауырып қалған адамның тезірек жазылып кетуі үшін ел-жұртты шақырып құдайыға берілетін тағам.

Ертеректе бай - манаптар жиын-тойда кедей-кепшікті мазақ қылып қызық көріп ләззәт алу үшін тырдай жалаңаш әйелдерге жиналған қауым алдында түйенің бұйдасын шешкізген. Ол үшін тереңдігі жарты метр, ені от орнындай шұңқыр қаздырып, сол шұңқырдың ортасына қазық қағып, қазықтың түбіне боталы түйені байлаған. Тыр жалаңаш әйел түйенің бұйдасын шұңқырға түсіп, еңкейіп тісімен шешіп алады екен. Осы әділетсіз ғұрып тіліміздe "**Түйеге арқан шешкендей** (*болды, болу*) мазаққа қалды, масқара болды" деген этнофразеологизмде сақталған.

Күйеу жағы есік-төр көрсетіп қыз жақ құдаларын қонақ қылған соң, оларға қалыңға беретін малды қотан алдына керіп қойған қыл арқанға байлап көрсетеді. Құдалар қалың малдың түр-түсін, күй-қоңын тексеріп, ұнамағандарын басқа малмен ауыстыруын сұрайды. Осы рәсім "*қырық жетіні қыл арқанға тізіп берді*" деп аталады.

Тілімізде өрілген арқанның төмендегідей бөлшек атаулары кездеседі: *Ши* - арқан өру үшін дайындалатын жуандығы бармақтай ұзындығы әртүрлі жүн. Арқаншылар оны көп қылып даярлайды. *Шүйке* - арқан өруге ыңғайлы оралған жүн. *Еп* - тін иіру үшін шүйкеден үзіп алған домалақтаған жүн мен мөлшерлі қыл. *Сеп* - тін иіру үшін ұштарын түйістірген жүн мен қыл; *Селбе* - бір-біріне түйістіріп тізген септерден иірілген жіп. (Сілбі сөзімен салыстырыңыз). *Тін* - алдын-ала бірнеше селбеден есілетін арқанның бөлек жібі. Арқан үш тіннен өріледі. Әрбір тін екі селбеден иіріледі. *Епмеу* - тін бұрау үшін жүн мен қылды араластыру; *Септеу* - араласқан жүн мен қылдың ұштарын бір-бірімен түйістіріп шығу. *Селбестіру* - селбенің ұштарын қосып ширату. Тіл қолданыста арқан өрудің тәсіліне қарай "*епмеп септеп*" (азғантай табысты үнемдеп пайдаланып, бірін-біріне жалғап), "*септеп селбесіп*" (бірін-бірі жетелеп, біріне-бірі қамқор боп, қарайласып) деген фразеологиялық сөз тіркесі және "*екі жапсақ бір еспек* - (екі қоянды бір оқпен атып алу) мәтелі қалыптасқан. Осы мәтелдегі *жапсақ*, еспек

деген не сөз? *Жапсақ* сөзінің түбірі *-жап-*, ал *-сақ* түбірге жалғанған зат есімнің қосымшасы, *Жап* лексемасы көне түркі тілінде *йап* формасында "жүн" деген мағынада қолданылған /МК Ш.З./. Шағатай, түрк тілінде *йап* -ақ "жүн", татар тілінде *йаб - аға* "түленді жүн", қазақ, қырғыз тілінде *жаб - ағы* "көктемде қырғылған жүн, маңғолда *даахь* "жабағы жүн", бур. маңғ. *дахи* "көктемгі төленді жүн". Еспек атауы *ес* етістік түбірге зат есім тудыратын *-пек* қосымшасы қосылу арқылы жасалып "жіп" деген ұғымды береді. /Тілімізде *еспе* өрілген қамшының бір түрі/. Демек, о баста екі *жап -сақ* "екі жүн", *бір, ес -пек* "бір жіп" деген ұғымда қолданылса керек. Ежелгі *йап/жаб* лексемасы мәтелде өз қалыбын сақтағанымен, өз алдына жеке қолданыста тіліміздегі *еп* /тін иіру үшін дайындалатын домалақтаған жүн мен қыл/ формасына өзгеріп кеткен тәрізді.

Тук алт. *тук*, хак. *тук*, тува. *дук*, якут *туу*, азерб. *тук*, түр. *түй*, гаг. *туу*, уйғ. *тук*, осм.*тур. тус, тузак*, үзб. *тук*. қарғ. *тук*, чув. *тек*, Ұйғ. диал. *тулук*, көне түркі. *ту, туғ,* шағат. *туле*.

Қазақ тілінде түк: 1) адам мен жан-жануарлардың терісіне өсетін қылшық, 2) "төрт түліктің ішінде жылқының терісіне шыққан майда қылшық. Алт. *тук* "қылшық", "жүн", "құс мамығы", хак. тук "шаш", "жүн", "құс", "мамығы"; аз. *тук* "қылшық", "құс мамығы", түр. *түй* "қылшық", "жүн", "шаш", қырғ. "адам жан-жануарлар денесіндегі майда қылшық", чув. *тек*. "қауырсын "шаш", "қылшық", "адам денесіндегі майда жүн", Ұйғ. диал. *тулук* "қылшық", көне түркі, денедегі майда қылшық", "түр-түс", "шаш", "жүн" шағат. "мамық".

Тілдік деректер бойынша *тук/тук/дук* сөзінің түркі тілдеріндегі ең басты ұғымы: "адам мен жануарлардың денесіндегі майда қылшық", 2. "жүн", 3. "мамық", 4. "шаш" деген мағыналарда қолданылған.

Түк/тук атауына байланысты алт. *тукту* "түкті", *туктен* "түктен" тува. *баш дугу* "шаш", *аш дук* - "беттің тугі", *хой дугу* "қой жүні", *дук қырғыыр* "жүн қырғау", *дуккур хой* "жүнді қой", якут. *хороқ туу* "жуан қылшық", *хойду туу* "қалың жүн" азерб. *тук бас* "жүн бас", тур. *түйлу* "ұзын жүнді", *түйлен* "түктен", гаг. *туун ат* "туле", *тууху* "түкті", *туп-тууlу* "қалың түкті", хак. *туктіг хой* "жүнді қой", *туктии* "түкті", *түкічек* "жүн талшығы, шағат. *тукленбек, түйленбек*, "денені жүн қаптау", Үй. диал. *тук-тулуң* "түк" тук-тулуңлук "түкті", қаз., қырғ. арам түк "адамның екі бұтының ортасына шыққан жүн", көне түркі. туг-тулуңлуг "түкті", шағат. тулемек "құстардың түлеуі", тулк "құстардың түлейтін мерзімі", қаз. түлек "бүркіт балапаны", бір түлек "бір жасар бүркіт"; "екі түлек // тас түлек "екі жасар бүркіт", қырғ. бозум түлек // босун түлек "бір түлеген бүркіт", таш түлек "екі түлеген бүркіт", кум түлек "үшінші рет түлеген бүркіт", ым түлек "түртінші рет түлеген бүркіт", ыл түлек "бес рет түлеген бүркіт, түлекке отур "құстардың түлей бастаған мерзімі", чув. йаптах такни "жануарлар түледі", тек текни "құстар түледі" Үйғ. түк ташлимақ // түлүмәк "жануарлардың түлеуі" қаз. түле. түбіт, түт, түкті, түксіз сияқты сөздер туындаған.

Түркі тілдерінде тук/тук/тук сөзіне тиесілі төмендегідей этнофразеологизмдер ұшырасады: Қырғ. тук күт "малды бол, қораңа мал бітсін", үмири түк күтпеген "өмір бойы малсыз өткен, түк күтпеген кедей "тақыр кедей", атаның жаман көрген улы тук күттү "әкесінің ұнатпаған ұлына мал бітті", түк күтіп қалыпты "мал бақты, байыды", түлеген тайлақтай "киімі жыртық, шоқпыт адам туралы", ұйғ. жүрәгидә түки бар "арсыз, ұятсыз адамға айтылады", қаз. жүрегінде түгі бар "көзсіз ер, батыр туралы айтылады", қаз. түгімен жалмайды // түйені түгімен, биені бүгімен жұтады "жұртты ойсырата қанаған парақорлар туралы", түгін бетін шашты // түгін сыртына тепті // түгі сыртына шықты // түгі тікірейді "ашу шақырды, түгімді де қалдырмады", жер-жебіріне жеткізіп ұрысты түгін түкті "түледі, елге сырын ашты".

Сонымен бірге, түрк. доңуздан бір туй йолмақ йолмақдыр "доңыз дан түк жұлсаң да жарайсың" қаз. дұшпаннан түк тартсаң да олжа "жауыңды ешқашан аяма", қырғ. ат оонаған жерде түк қалат; үзб. от агнаған ерде жүн қолар, қаз. ат аунаған жерде түк қалады // түлегенде түк қалады "әркімнен бір белгі із қалады", хақ. кізі полза, аттыг полар, киик полза, түктіг болар "адам болса есімі, киік болса түгі болады", қаз. түлкі түгінен жазады "басқа пәле тілден", "түгін тартсаң, түбінен май шығады / сезім мал, құнарлы жер тур./; жақсы қойшының түлі түлеп туады "күйлі малдың түлі де күйлі", қырғ. бешик баласы беш түлүйт, қаз. бесік баласы бес түлейді "бесік жасындағы бала күн сайын өзгереді" тәрізді мақал, мәтелдер кездеседі.

Әу баста адамдар жануарлардың жамылғы түгінің жыл бойы түлеп / түсіп қалатынын/ отырғанын байқаған соң, оны "түсу", "түлеу" ұғымында қолданылатын ту* етістігімен белгілеген тәрізді. Ту* етістігі біртіндеп сол қимылды жасайтын заттың да атауына ауысуы мүмкін. Сонымен, көне түркі тілінде ту, "түс", "түле" етістігіне орай, ту "түк", "жүн", "қауырсын", "шаш" есім мағынасындағы синкретті омоним пайда болса керек.

Түркі тілдерінде көне ту түпкі түбірінен ту-к-лу, ту-л-ку /аң/, тү-л-ік - түлік /түрт түлік, бес түлік /тү-л-/е/-к=тү-л-ек /түлек бүркіттің балапаны, жас жеткіншек/ ту-л=тұ-л /тұл - "шаш" қыл, жүн, қаз. тілінде тұл сөзі ат тұлдау тіркесі мен тұл қатын, тұл үй /туырлығы жоқ тұл үйге, ат байласа тұра ма фоль./ ту-л-ым=тұ-л-ым /тұлым - жас баланың төбесіне ырымға қоятын шаш/ секілді жаңа сөздер туындаған.

Жал көне түркі. йал. ұйғ. йал, құм.йал, қар.г. йала, алт, леб, қазан, тел, осм түр. шағат йал, тар. йал, ә.тат. йалын // жалын, қаз., қарғ., әқал., жал, ә. балә. жал/жал, башә., тат., түркм., азерб. йал, үзб йол, алт. дьал, тува чел. хак. чилин. моңғ. дәл, якут. сиэл. чув. сихле, тур. йеле, гольд. дәлүн, туңғ. дәлин, дәлсун.

Қарастырылып отырған тілдер бойынша йал/жал сөзінің мағынасы, біріншіден, "жылқының желкесіне өсетін қыл", екіншіден, "сол қыл өсетін

май желке” және “қасқырдың жалы”, “арыстанның жалы” деген сөз тіркестерінде ұшырасады. Йал/жал сөзіне байланысты: қырғ. жалдуу, азерб. йаллы, қаз. жалды, взерб. йалсыз, қырғ. жалсыз, қаз. жалсыз үзб. йол таги, қаз. май жол /жылқының жалы өсетін май желке/, ә. қалп. ыйық жал “күзелген тай жалы” түркм. йалының дүйби “май жал”, қаз. қыл жал “жылқының желкесіне өсетін қыл, май жал “жылқының жалы өсетін май желке; “ақ жал” жал құйрығы бозғылт, ақбоз боп келген жылқы”, кереге жал “күдірейіп біткен жал”, көк жал “сұрқай көк, көк бурыл жал” қаз., қырғ. көкжал “қасқырдың жалы” / ауысп. батыр, қақарман, көзсіз ер. /; қаба жал “ұйысып, дөңгелене біткен жалдың әдемісі” /жал - құйрығы қаба деп, жабыдан айғыр салмаңыз. /Махамбет/, майда жал қылы жібектей жұмсақ жал”. /жалы майда жылқының мінезі де жайлы болады/, тоқпақ жал “бөлек-бөлек бөлініп, топталып тұратын жал”. /тоқпақ жалды жылқының мінезі тік, өзі қайратты болады/, қыр., қаз. құйрық-жал “жылқының құйрық-жалы”, /ауыс. “туған-туысқан, дос-жаран/ сияқты жеке және күрделі атаулар бар. Сондай-ақ қырғ. күзүо, қаз. күзеу “дәстүрлі тәртіппен жас мөлшеріне қарай жылқының құйрық - жалын қырқу, қысқарту”, құнажын байтал күзеу. “Жалыннан кішкене шоқтық қалдырып, кекіліне тимей құйрығының жоғарғы тұсынан екі бунақ “жол көрсетер” - салып күзеу, құйрықтың төменгі ұшынан “шыбын қағар” бір уыс қыл ғана қалдырылады”; құнан күзеу “жалынан шоқтық қалдырып, кекілін қырқып құйрығына тимей қырқу”, қысыр күзеу “биенің “бойын түзеу” үшін жалын сыпырып, кекіл қойып, құйрығының жоғарғы басталар тарапынан үш бунап күзеу”; тай күзеу “тай атаулының еркек ұрғашысына қарамай “уыс толар” шоқтық қойып, құйрығының ұшынан “шыбын қағар” қалдырып қырқу, ұрғашыларын кекіл қойылады”; соғым малын күзеу “жылқының еркек-ұрғашысына қарамай жалын сыпырып, құйрығын тірсек тұсынан шорт кесу” тәрізді күрделі етістіктер ұшырасады.

Түркі тілдерінде жылқының жалына тиесілі төмендегідей этнофразеологизмдер кездеседі: қырғ. жал кетти, қаз. жал кетті “азып-тозып кетті” қырғ. ат жалында, дайыма ат жалында жүргүн, қаз. ат жалында, атаның /түйенін/ қомында “үнемі ат үстінде” /ауысп. абыр-сабыр қарбаласта, қызыл әуғын, сар сүргінде/, қырғ. ат жалын тартып мін, қаз. ат жалын тартып мінді “ер жетіп, азамат болды”; қырғ. қазы кертип, жалды жеп, қаз. қазы кертіп, жал жеген “ит басына іркіт төгілген тоқшылық заман”, қаз.ю қазы-қарта, жал-жая “жақсы менен жайсаңдар туралы”, жал-құйрығын келте алды “туған-туысқанынан айырылды”; жал-құйрығын күзеді “бар дүниесін тып-типыл етіп тартып алды”, жал-құйрығы түгілген “сұлу мүсін туралы”, түркм. ак йал “жексұрын зымиян, алаяқ”, үзб. йурагида /кукрагида/ йолы бар йигит, қаз. жүрегінде түгі бар жігіт көзсіз батыр, қақарман, турашыл кісі туралы”; қырғ. жайа ордуна жал берген, май ордуна бал берген; қаз. жая десе, жал берген, шекер десе, бар берген /қайран әжем, анам шешем/ фольк. әже, ана, шеше туралы айтылады.

Қарастырылып отырған тілдерінде йал/жал атауына орай мынандай мақал-мәтелдер туындаған: Түркм. ит гуйругындан гаррар, эшек йалында "ит құйрығынан бастап, есек жалына бастап қартаяды" /ауысп. тоқал мүйіз сұрайтын деп құлағынан айырылыпты дегенге саяды/; қырғ. азынап үйрүн күруса, айғырдын күркү жалында; қаз. айғырдың көркі - жалында "әркім өз ісімен сұлу", қырғ. жаман атты жал басат, қаз. жаман атты басады "санасыз тез семіреді", қырғ. жақшы атқа жаман ат жалы менен теңелет; қаз. жақсы атқа жаман ат жалы менен теңеледі. "Кісіні көркіне емес, өнеріне қарай сыйла", қырғ. жалы барда жалынған - жаман аттың белгиси; қаз. жалы барда жалынған жаман аттың белгісі "күш-қуаттың барында біреуге жалынба", қаз. жаман атқа жал бітсе, жанына кісі жолатпас. Қас жаманға мал бітсе, жанына қоңсы қондырмас, жан ашыры жоқ адам жал-құйрықсыз атпен тең" т.б.

Түркі тілдеріндегі йал/жал сүзінің шығу түркіні тіліміздегі "жалбырау", "желбіреу", "салбырау" тәрізді еліктеуіш сөздерімен тікелей төркіндес сияқты. "Тілімізде йал, /жал/ дэл лексемасының екі рет қайталануынан "ұзын жалды" деген ұғымдағы дүлдүл /дүлдүл сөзі пайда болған. Қазір "тұлпар" "пырақ" деген мағынада қолданылады.

Г.Вамбери, А.Щербак жылқы атауының шығу түркіні туралы: "йылқы сөзінің "үйілу, топтасу", "жиналу" деген ұғымдағы йыл /үйіл/, осыған орай "табын, үйір" деген мағынаны береді деп пікір айтқан болатын. Алайда, осы тұжырым күмәнді сияқты. Тіліміздегі бір буынды сөздердің көпшілігі, мысалы, тас, қыл, жүн, жол, су, төз т.б. сөздер жалқылықты да көптікті де білдіреді емес пе... Біздіңше /йылқы/ жылқы сөзін чуваш тіліндегі силхе хак. чылғи атауымен салыстырып көріңіз/ йылқы сөзінің түбірі йыл тіліміздегі йал/жал сөздерімен негіздес, табиғаты бір сөз болуы мүмкін. Ал -қы сын есімнің қосымшасы. Чуваш тілінде -хе сын есімнің қосымшасы. Сонымен йыл-қы жалды деген ұғымды беруі әбден ықтимал.

Қыл қаз., үзб., алт., қырғ., түрк. *қыл*, Үйғ. *кил*. түркм. *гыл*, азерб. *гыл*, хак. *хыл*, чув. *хелек*, якут. *қыл*, тар. *қыл* бар. *қылаң*, жазб. моңғ. *хилгасун*. х.моңғ. *хялгас*. ойр.моңғ. *кылген*, бур. моңғ. *хилгаақа/н/* кор. *калли* "аттың қылы".

Түркі тілдерінің дерегі бойынша қыл лексемасының сөз басында, сөз ортасында, сөз соңында -л дыбысы айтылып, әртүрлі фонетикалық варианттарда дыбысталған.

Қыл сөзіне қатысты ұйғ. атниң қили "аттың қылы", якут. ат қыла "ат қылы", табқан қыла "түйе жүні", қыл быа "қыл бау", кор. малькали "аттың жалы", көне түркі. қыл "шаш", "құс аты", хак. хылычах "қылшық", алт., осм., түрк., шор., қойб. қыл елек "қылдап тоқыған елек", қыл барақ "кішкене бойлы жылқы", қырғ. қыл мая /или кыл мая/ "қыпдырықтай", қаз. қылдырықтай "өте жіңішке", қылпық "үте жіңішке қылшық", қылшан, қыл бұрау", қыл арқан, қыл сүзегі, қыл жуғыш, қыл тұзақ тәрізді атаулар бар.

Сол сияқты түркі тілдерінде төмендегідей этнофразеологизмдер кездеседі: Тат. қылын да қимылдатпау, қаз. қыл қимылдатпады “түк бітірмеді, жалқаулыққа салынды”; тат. қылды қырыққа жару, қаз. қылды қырық бұру; осм. түрк. қылы қырк /ікі/ йармақ “ұсақ түйекке салынды, өзін-өзі кішірейтті”, осм. турк. бурундан қыл алдырмамақ “мазаққа төзбеу, қарсы болу”, ұйғ. у қилиниң үстидә турупту, қырғ. қылдын үчүнда турат, қаз. қыл үстінде “қиын жағдайда, мүшкіл халде”; ұйғ. улар биздин қилчә пайда күрмәйду, олар бізден қылдай да пайда түсіре алмайды”, қырғ. қылыма да зиян келтире албас “қылдай да зиян келтіре алмайды”, қырғ. қолынан кыл чыгарбас “шық бермес шығайбай”; күтүне қыл сыйбай қалды “өте ыңғайсыз жағдайда қалды”, қаз. қыл құйрық қылды “шабарман қылды”, “қаруландырды”, “сойыл соғар етті”; қыл мойынға тақалды “өлер жеріне жетті”, “қыл да тастамады”, “түк те қалдырмады”; қыл шайнап, дән жұтпады “біреуге жамандық ойламады”; қылдай бөлді, “тепе-тең бөлді”; қылды айран қып көнелтті “ешкіммен араласпай-ақ өзімен өзі көнін көрді”; арасынан қыл өтпеді “тату-тәтті, ынтымақты өмір сүрді; көзегер байталдай “киімді тым шұнтитып әрі қысқа киетін адам жайында”, күземе қылдың түбіндей “мінезі тік кісіге айтылады”, қылша мойным талша “қолмен істеген істі мойнымен көтеремін”, “не істесең де өзің біл” деген мағынада қолданылады.

Құйрық қырғ. куйрук, алт. куйрук, хбалк., кумық., ктат. құйруә, кар.г. куйрук, қар.т. куйрук. башк. ҡойроҡ, тат. қойрық, турк. куйрук, азерб. гуйгур, туркм. гуйрук, хак. хузурук. чув. хуре, моңғ. худрага, көне түркі. кудруә, кудуруә, кузуруә /ДТС, 463/ якут. кутурук.

Қарастырып отырған тілдік деректер бойынша кудруә /құйрық атауының ең басты ұғымы “жан-жануарлардың құйрығы”, “құстардың құйрығы” деген мағынада қолданылады, сондай-ақ кейбір тілдерде ауыспалы ұғымда басқа да заттардың атауында кездеседі.

Тілімізде кудруә/құйрық сүзіне қатысты қырғ., алт. куйрукта, азерб. гуйругла, хак. хузрухта, тув. кудурукта “құйрықтан ұстау”, “құйрықтан тарту”, “ұстап алу”; якут. кутурукта “құйрықтан ұстау”, “еліктеу” “шаманды шығарып салу”, “қайықты жүргізу”; қырғ. куйруэтай “бірінің ізімен - бірі жүру” күндер кубалашып, куйрыкташып үтуп жатат “күндер бірінің соңынан бірі қуаласып өтіп жатады”; қаз. құйрықты, алт. құйрукту, ұйғ. куйрукауә, башә қойроқло, тат. койрықлы, турк. куйруклы, аз. гуйруглу, туркм. гуйруклы, гуйруклы, гуйрукман, хак. хузурухтығ. тув. кудуруктуг. нув. хурелле /құйрығы бар жан-жануарлардан бәріне тиесілі, әсіресе, құйрықты қойға қарата айтылады/.

Құйрық сөзімен тіркесу арқылы тілімізде тат. қойрыклы йолдыз, башә. қойроқлы йондоз, турк. куйрыклу йылдыз, уйг. куйроқлық жулдуз, чув. хурелле салтар, қаз. құйрықты жұлдыз; қырғ. қыл куйрук “кекілік”, ача куйрук “қарлығаш”, уйғ. екәк құйрық “егеу құйрық”, серик куйруэ “жертесер”, хак. хыл хузурух “үйрек”, хара хузурух “ас” /құс/, узун хузурух /табу/ “қасқыр”, екут. киис кутурга

“жабайы сұлы”; қырғ. ту куйрук “саз үсімдігі”, ак куйрук чай, қаз. ақ құйрық шай “шайдың бір түрі”, қырғ. түү куйрук “қараған”, әқапп. ийт куйрык “балалар ойыны”, қаз. қара құйрық “құйрығы қара киік” тат. солтоқ қойрок “аттың тізесінен жоғары жерінен шорт кесілген құйрық”, сонтор қойрок, аттың тізесіне дейін шорт кесілген құйрық”; сонтоқ қойрок “өте қысқа құйрық”, сулақ қойрок “қылы түсіп қалған жалаң құйрық”, тат. шынтыш шынтық қойрок, қаз. сымпыс // қылыш құйрық “құйрық қылы селдір боп келген құйрық”; қырғ. жору куйрук “бүркіт”, қаз. келте құйрық “төменгі ұшы шашақталып біткен қысқа құйрық”, күлте құйрық “күлтеленіп біткен құйрықтың әдемісі”; қаба құйрық “құйрық қылының өте қалың әрі дөңгелене біткені, тарақ құйрық “тарағандай өзінен-өзі таралып тұратын құйрық, “шал құйрық” құйрық қылының ақ боп біткені”; шұбалаң құйрық “құйрық қылының іркес-тіркес боп келген түрі” тәрізді күрделі атаулар қалыптасқан.

Курдуэ /құйрық атауына байланысты тілімізде төмөнгідей этнофразеологизмдер қалыптасқан: тат. қойрык қыс; түрк. куйрук кыс, азерб. гуйругуну гыс, түркм. гуйругыңы йамзыңа гыс, қаз. құйрығын қысты “қорықты, жым болды”, тат. койрык болга, башә. қойроқ болға, турк. куйрук салла, азерб. гуйруг була, қаз. құйрығын бұландатты “алдап арбады, көз болды. қулыққа, амал-айлаға күшті”; тат. койрыкта бар, башә. қойроқта хойрәл “күш соңында қалу”, қойрыққа бас “қылмысты, жасырын қс әрекетті тоқтату”, тат. койрыгын тоттырмады, түркм. гуйругын тутдурма, қырғ. куйругун қарматпа, қаз. құйрығын ұстатпады “құйрығын асырып, қолға түспеді”, алт. куйрук улап бар “топ-топ болып топырлап бару”, уйғ. көз құйруғу билән қара “жаман күзімен, ала күзімен қарау, жақтырмау”, түркм. гуйругу гапы арасында гүл “өте бір ыңғайсыз жағдайда қал”, гуйрйг әлә верме “түлкі бұланға салды, қашқақтады “сырт берді” “тайсақтады”, қаз. ат құйрығына байлады /тақты/ “атқа сүйретіп жазалады”, бұлаң құйрыққа салды, алдап, арбауға күшті, құйрығы жерге тимеді /жер иіскемеді/ “зыр иіскемеді/ “зыр жүгіріп, дамыл таппады”; құйрығына қыл батпады “алаңдады, мазасы кетті”; құйрығын қарға шаныштты “жерге қаратып отырғызып кетті, алдап кетті”, құйрығын майлады “көтіне көпшік салды, өтірік мақтады”, құйрық тістесіп келді “бәсекеге түсті”; қыдыра жалды қыл құйрық /метаф./ “тұлпар”; түлкі құйрық “алдамшы, әу” т.б.

Құйрыққа қатысты түркі тілдерінде мақал-мәтелдер де туындаған: ңзб. сичқон сиғмас инига, ғалвир боғлар думига “тышқан өзі симайтын ініне құйрығына қалбыр байлап түседі”, ойланбай істелінген іс туралы, қаз. “өзің көтере алмайтын шоқпарды беліңе байлама” деген нақыл сөзге мағынасы келеді, үзб. узокдоги куйруәдан йақиндаги упка йахши, түркм. эртирки гуйрукдан шу гунки үйкен, уйг. этиги куйруктин бугунги үпке әла, қаз. ертеңгі құйрықтан бүгінгі өкпе артық “жоқтан бар жақсы”, түркм. ит итиң гуйругы басмаз, қаз. ит иттің құйрығын баспас “қарға қарғаның көзін шоқымайды”, қаз ауыл итінің

құйрығы қайқы қайқы "әркім өз ауылында мықты", қырғ. жору куйрук келе жатса, тулку жолунду тап "бүркіт ұшып келе жатса, түлкі жолында тап", қаз. "Аяз би әліңді біл, құмырсқа жолыңды біл" деген нақылмен мағыналас келеді.

Жүн. қаз., қалп., қырғ. жүн, ұйғ. жуң, бал. жун/жұң, өзб. жун/йун түркм. йуң, құм. йун тат. йун, тук, қар.г. йун/йин йукун көне түркі. йун. ноғ. йун, тат. йон, башә. йон. чув. сам.

Қазақ тілінде жүн "түйе мен қойдың жүні", қыр. "қой жүні", "шаш", құс қауырсыны"; ұйғ. "қой жүні", "шаш", түр., аз., гаг., "қой жүні", "шаш", "түк" көне түркі. йун "құс қанаты", "жүн", "мамық", алт., құм., шағ. "жүн" "құс қанаты", "мамық".

Жоғарыда салыстырылып отырған тілдік деректер бойынша йун / жун сөзінің басты ұғымы "қой жүні", екіншіден, "түк", үшіншіден, "шаш" мағынасында қолданылған. Йун/жүн лексемасы қазақ, қарақалпақ, қарашай балқар, қырғыз, Ұйғыр тілдерінде сөз басында ж/ж көне түркі тілі, түркмен, татар, башқұрт, қарайым, түрік, азербайжан, гогауыз тілдерінде й және чуваш тілінде С дыбысымен басталған. Йун/жүн сөзіне тиесілі үзб. йуңли "жүнді", йуңсиз "жүнсіз", бараб, йуннан "жүндеп" леб. йуңнуг "жүнді", ұйғ. жуң талиси "жалшық", жуң басқан "жүнді", жуң пахайған "жүндес", жуң ташлимақ "түлеу", жуң татимақ "жүн тарамақ", жуңлуқ "жүнді", жуңлуэ қой "жүнді қой", тат. йон ал; баш. йүн қырә, ноғ. йун қырә, қаз. жүн қырық, баш. йүн илә, тат. йон эрлә, ноғ. йун ийир, қаз. жүн иір, түркм. йуң сабо, қаз. жүн саба, өзб. узун йунли куйлар "ұзын жүнді қойлар", қырғ. түлендү жүн "түлеген жүн", жүндүү/жүндүүлүк "жүнді", жүндүш "түр-түсі біркелкі", қаз. жүн: қой жүні, түйе жүні және сиыр жүні боп түрт түліктің тегіне қарай аталады.

Қой жүн

а) Қойдың дене мүшесіне байланысты: бас жүн "қойдың басына өсетін қасқа қылшық", бауыр жүн "екі қапталының жүні", жабын жүн "сирақ, жақ, құйрығы мен құрсағына үскен тықыр жүн", мойын жүн мойнына үскен жүн", пұшпақ жүн "қойдың екі сауырының жүні" және тірсек жүн "қойдың тірсегіне өсетін қылшық".

ә) Жас мөлшеріне қарай: қарын жүн "жаңа туған қозының жүні", қозы жүн "төрт айлық қозының жүні", тоқты жүн "алты айлық қозының жүні".

б) Жүннің қабатына қарай: түбіт "қой жүнінің ең түпкі қабаты", жүн жамылғы "түбіттен кейінгі екінші қабат" және қылтанақ "жүннің үшінші қабаты",

в) Құрамына қарай: қылшық "қой жүнінің түбітке қарағанда жуан талшықтары", аралық қылшық "түбіт жай қылшықтың арасына орналасқан талшық", жай қылшық "түбіттен жуан әрі ұзын тік талшық", құрғақ қыл-

шық "жуан қылшық", қой күтімі жоқта жүн шайыры жайылып, құрғақ қылшық көбейеді, өлі қылшық "жүннің ең ірі қылшығы, морт сынғыш келеді, тікенек қылшық "қойдың басы мен сирағына өсетін қысқа қылшық", қырықтыққа ілінбейді және түбіт "қой жүнінің ең майда ұлпасы",

г) Қырқылу мерзіміне қарай: жабағы "көктемде қырқылатын жүн, күзем "күзде қырқылатын жүн", кіші күзем - төрт айлық қозыдан қыр- қылатын жүн", үлкен күзем - қозының алты айлығында қырқылатын жүн".

д) Сапасына байланысты: биязы жүн "жүн құрамында түбіттен басқа жүн қылшығы араласпайтын мапа жүн", қылшықты жүн "жүн құрамында түбіттен қылшығы басым жүн", ұяң жүн "қылшықты жүннен түбіті мол, биязыға қарағанда түбіті аз жүн.

е) Қой жүнінің түбір бөлшектеріне байланысты: түбір "жүн тамыры", түк емізігі "жүн тамырының теріге сұғына еніп бекіген жерінің оты"; түк ұясы "жүннің түбір мен түк емізігін біріктіріп тұрған жері", бадана "жүн тамырының ең жуан аппақ бөлегі", сабақ "жүннің қой терісіне тиіп тұрған бөлігі".

ж) Түсіне қарай: ақ жүн "бірыңғай аппақ қой жүні", ала жүн "әртүрлі түс араласып кеткен жүн", көк ала жүн "көк пен ала түстің араласқан жүні", кер қызыл жүн "қоңыр қызыл жүн", қара жүн "бірыңғай қара жүн", қоңыр жүн" бірыңғай қоңыр боп біткен жүн" және бұдан басқа белгілеріне тиесілі: өлі жүн "сойылған мал терісінен жұлып немесе жидітіп алған жүн", тірі жүн // боздақ "қойдың қырқылған жүнінің орнына шыққан жүн, жұлма жүн" қотан ортасына түсіп қалған, бұта басына ілініп қалған, бау-шу ескенде қалып қойған үзік жүн, сабақ жүн "көктемде қой жүнінің түбі босап, салбырап қалған жүн".

Түйе жүн

а) Дене мүшесіне қарай: бас жүн "түйенің ең сапасыз жүні", балақ жүн "тірсегіне өскен жүн", бауыр жүн "түйенің сапасыз жүні, дулыға" 1/түйе үркешінің артқы қапталындағы үсік жүні, 2/ желкесіне өскен қалың жүн, /Желмая мен аруанада дулыға болмайды/ қалқан" үлек пен аруананың жауырында өсетін қалың биік жүн", қаптал жүн "түйенің екі сауырына үскен жүн", мойын жүн "мойнын ала үскен тік жүн", тайы жүн "түйенің жағына шыққан жүн", шуда "түйенің мойыны мен екі өркешінің үстіндегі салалы жүн", желке шуда "түйенің желкесіндегі жүн", тамақ шуда "түйенің тамағына өскен жүн", тізе шуда "тізесіндегі үсік жүн;

ә) Жас мөлшеріне қарай: бота жүні "жаңа туылған ботаның үлпілдек майда жүні". Ел ішінде "ит жүн" деп те аталады / тайлақ жүн "бір жасар түйенің жүні", түйе жүнінің ішіндегі ең сапалысы, ол ел ішінде "үкідей үлпек жүн" деп жоғары бағаланады, үлкен түйе жүні "құнаншыдан асқан түйелердің жүні";

б) Әртүрлі белгісіне қарай: боздақ "күзелген түйенің жазға қарай өскен майда жүні", жабағы//тақы "түйенің қысқы жүнінің тығыздалып ұйысқан жүні", жебелек "түйенің қара қоңыр шудасы", қыз келіншектер сәндікке шашына

қосып өреді, Зұлпы "үлектің жотасынан тізесіне дейін жал боп салбырап өскен жүн", өлі жүн "түйенің жазға салым жабағысының салбырап жүргені" т.б. түрге таратылады.

Ешкі жүн

Қылшық жүн "түбітсіз өскен не түбіттен ажыратылған ешкі жүні" түбіт// түбіт жүн "ешкі жүніндегі қылшық арасынан шыққан мамық жүн", көтерілген түбіт "қысқа жүннің астынан көтеріп шыққан жаңа жүн";

Сиыр жүн

Өлі жүн "жазға қарай түспеген сиыр жүні", тірі жүн сиырдың ескі жүнінің астынан шыққан жүн" деп ажыратылады.

Жүнге байланысты қазақ тілінде төмендегідей күрделі етіс тіркестері бар:

Жүн иіру "жіп жасау үшін ұршықпен жіп иіру". Жүнді оңға иіру арқылы "оңқай" жіп, солға иіру арқылы "солақай" жіп дайындайды. Ел ішінде оңқай жіпті "еркек жіп", солақай жіпті "ұрғашы жіп деп атайды".

Жүн илектеу "жүнді илектеу арқылы көпшік, жүн жастық жасайды. Сиырдың өлі жүнінен доп илектейді".

Жүн қару. "Киіз басуға арналған жүнді ірі қылшықтарынан арылту үшін ыстық қазанға қарып алу. Қарылған жүннің ірі қылшықтары сынып, күл боп ұшып кетеді".

Жүн қырқу. Қой жүнін қырқу. Жыл сайын қой жүнін екі рет, ешкіні бір рет қырқады. Ешкінің күйлі - қоңдысының жүнін терісінің түбіне тақап қырқады. Ал әлсіз, арықтарын жүнінен бір жарым елі қалдырып қырқады. Оны "түбітін қалдырып қырқу деп атайды.

Жүн сабау. Киіз басуға арналған жүнді сапасына қарай 2, 4, 6 адамның дөңгелене отырып соққыға алуы. Мақсаты жүнді шөп-шөгірден тазарту, жүннің білтеленіп ұйысқанын жазу. Жүн сабаудың қолды сермеу ге қарай "көпсітіп сабау", "қаржып сабау", "қос қолдап сабау", "кезек қолдап сабау" деп аталатын түрлері бар.

Жүн тайлау. "Көп қойдан қырқылған жүнді жинау".

Жүн түту. "Ұйысқан жүнді жазу".

Түйе жүндеу. "Түйенің жүнін қолмен жұлу немесе пышақпен кесу".

Жидітіп жүндеу. "Жаңа сойылған түйе терісін түгін ішіне қаратып орап жылбысқылап жүнін алу". Жидітіп алған жүн "өлі жүн" деп аталады.

Имен жүндеу. "Түйе терісін малмаға салып балбыратып қойып жүнін жұлу. Иге балқыған теріден жүн оңай алынады".

Тіздеп жүндеу. "Түйені бауыздай сала тіздеп қойып жүнін жұлу". Түйе денесі жылу уақытында жүні жеңіл жұлынады.

Сонымен қатар, биязы /өңді/ "иман жүзді, өңі жылы", жүндей /жұмсақ/ "жанға жайлы", жүндей /жылы/ "жылы киімге байланысты", түбіттей /майда/ "өте нәзік, үлбіреген мінез", түбіттей /ұйысқан/ "тату-тәтті, ұйымшыл жандар

жайында", түбітше /түтілген/ "быт-шыты шыққан", ұяң /жүзді/ "жайдарлы мінезді" сықылды теңеулер бар.

Түркі тілдерінде йүн /жүнге қатысты төмендегідей этнофразеологизмдер қалыптасқан: қырғ. жүндей сабады қаз. жүн-жүн қылды "быт-шытын шығарды", қырғ. башыма жүн чыққандан бери, қаз. бала боп, басыма жүн шыққалы бері "бала күннен бастап", қырғ. жүнү жата қалды; қаз. жүні жата қалды "жаны жай тауып, рахатқа бөленді"; түркм. йуқи йат "жүні күтерілу" ауысп. "бой жету", қаз. жүн жеп кетті "азып тозды, жүн жеп жабағы тышты // жабағы құсып, жүн жеді "аузына ақ ит кіріп, қара ит шықты", жүн жеп, жұрқа тышты "істің басын жақсы бастап, аяғын божыратып алу", жүні үрпиді, "мұздады, тоңды", Жүйкесі жүн, жігері құм болды "шаршап шалдықты, жүдеп жадады, титықтады"; жұмыртқадан жүн қырқу "амал айлаға көшу, қулыққа, зымияндыққа бару"; қылшығы жығылмады "мұрты да қисаймады"; қылшығы құрамау "түгі кетпеу"; қылшығына қылау да түсірмей "шығын шығармады", "қылшығы сынбады", "шеті де бұзылмады"; қылшық жұқтырмады "шаң жуытпады", қылшықтады "бастаған ісін бүге-шігесіне дейін жеткізді"; қылығын қылшығынан таныды "біреудің мінезіндегі кемшілікті білді".

Сондай-ақ, қырғ. базардағы эл жүнүн жейт "базардағы құжынаған адамдар туралы", қаз. ала қойды бөле қырыққан жүнге жарымас "әр істің басын бір шалып жүрген берекесіз адам жайында", ала қойда кінә жоқ жүні болмаса "кез-келген адамда бір кемшілік болады", жабағының биті ашы, жаман адамның сөзі ашы "тыныш жатқан жыланның құйрығын баспа"; Қырсықты қой қыста қырқылады "қырық кісі бір жақ, қыңыр кісі бір жақ"; қырықтың тимес қозы жоқ "жазмыштан озымыш жоқ", жуас түйе жүндеуге жақсы "мінезі жібектей жұмсақ жуас адамға айтылады"; күндіз қойын күтерсің, түнде жүнін түтесің "мал баққан адамға күндіз-түні тыныштық жоқ", жүн керек болса мизамда қырық, қой керек болса қазанда қырық /нақыл сөз/ секілді мақал-мәтелдер қалыптасқан.

Жүн сөзінің түркіні жайында Мұсаев: "Славен тіліндегі жұл /рвать/ етістігіне қатысты туындаған руно /жүн/ сөзінің жасалу жолы бойынша түркі тіліндегі йун /йүл/йун/ сөзінің арасында типологиялық ұқсастық бар. Ертеде жүнді қырқып емес, жұлып алған дейді. Сөйтіп, йун/жүн атауының тегін йул/жұл етістігімен сабақтастырады.

Көне түркі және орта ғасыр ескерткіштерінде йонд/йунд/йун деп аталатын жылқы атауы ұшырасады. Қазіргі түркі тілдерінде, мәселен, түрік тілінде йонд "үйірдегі бие", йунат "бас үйретілмеген асау бие", йонда "бие" /БСл. I, 387/. М.Қашқаридің еңбегінде йунд йылы "жылқы жылы", йунд эти йыпар "жылқы үті жұпар", йундақ "жылқы тезегі" дейтін деректер кездеседі. Сонымен бірге М.Қашқари "йунд түйенің атауы сияқты күптік - жинақтық ұғымда да, жекелік-даралық мағынада қолданыла береді" деп пікір айтқан еді. Бұл сөз жайында Д.Сипор жылқы атауында қолданылатын самодий тіліндегі йонта, ненец, йуно,

нганасан, йунта, остец, тунд, чунд, күнд атауларын салыстыра келіп: "йунд самодийдің де түркі халқының да сүзі емес. Ертедегі түркі жазбаларында сақталып қалған осы екі халықта жаулап алған басқа бір белгісіз тайпаның сөзі сияқты. Осы сөз гольд. тіліндегі йоно маньчтур тіліндегі "тобыр", "табын", "үйір" тәрізді күптік жинақтық ұғымда қолданылатын йоони сөзімен сабақтас болу керек деп қарастырады. Жоғарыда келтірілген пікірлерден, әсіресе, йунд жалпы түркі сөзі емес" деген тұжырым күмән тудырады. Біздің ойымызша, йонд/йунд/йунт - түрік халқының төл сөзі. Құрылысы жағынан туынды атау. Оның йон/йун түбірін түркі тіліндегі йун/иун/йүн/йон/жүн сөзімен салыстырып көріңіз. Ал д/-т сын есімнің қосымшасы. Демек, йон-д/иун-д/йун-т "жүнді" деген мағынаны береді. Түркі тілдерінде жүніне байланысты қойылған бұдан да басқа жабағы деп аталатын жылқы атауы бар. /Жабағының этимологиясын қараңыз/. Осы көне йунт қазіргі қазақ тілінде негізінен жылқыға тиесілі қолданылатын жұнттай семіз деген сөз тіркесінде сақталған.

Этнографиялық этюдтер:

Ғасырлар бойы қой, ешкі, түйе жүні тұтыну негізінде "жан-жақты зерттеулерден өтіп" тұрмыста кең молынан сынға түсті. Тәжірибелі шопандар қойдың жүніне қарап-ақ, оның ауыруын, күй-қоңын ажырата білген. Мәселен, қой жүні жатып қалса, оның сүйегінен суық өтіп, кемік ауыруына ұшырағаны; қой жүнінің қылшығы көбейіп кетсе, онда қойдың шырының кеткені; /шыр-қойдың іш майы/ жайылымды өзгертіп, малды жаңа қонысқа көшіру керек; егер қойдың жүні ойылып-ойылып түсе бастаса, онда қотыр ауыруымен ауырғаны; ешкінің түбіті киіз боп қатып қалса, кебенек ауырумен ауырғаны; қой жүні бұрым-бұрым боп топталып, бір-бірінен бөлініп тұрса, онда қой асқазанында дерт бар; қой жүні салбырап, солып түсі сарғыш тартса, қойдың өкпесі ауырады; Күйсіз малдың жүні құрғақ боп, түбінен қырқылып желге ұшып жатады, күйлі қойдың жүні жинаңқы, бұйра, түбіті майлы, түсі реңді өзі қайратты келеді.

Малшылар өрісте жүрген қойлардың жүні арқылы алдын-ала ауа райын болжай білген. Егер қой жүні құрғақ болса, күн ашық болады, егер жүн дымқыл болып, суланып тұрса, онда көп кешікпей жаңбыр жауады.

Халқымыз "жүн керек болса мизамда қырық, қой керек болса қазанда қырық" деп ақыл айтқанымен жүн қыратын мезгілін жыл сайын өзгеріп отырады. Әдетте, қырқым мерзімін есепшілер белгілейді. Алдымен, сәтті күн / сәрсенбі, бейсенбі/ таңдалады. Қырқым басталатын "қой қырқар - қырқылатын қойлардың жүні мол болсын, берекелі болсын" деген сенім бойынша алдын-ала қырықтықшыларға берілетін сый-сияпат тағам, қырықтықшылар "қырқар көбейсін" деп тілек айта келеді. Есепшілердің ұйғарымы бойынша келер қыстың жайына қарай жаз жайсыз, мал қоңсыз болған жылы қой жүнінен бір жарым елі жүн қалдырып қырқады. Оны "көтеріп қырқу" деп атайды. Тіпті, шолпан жұлдызының семіп туған жылында қойларды қысқа қарай қырықпай да жібереді екен. Себебі, ол жылы қыс қатты боп, жұт болуы мүмкін. "Қазақ халқының

басынан өткен әйгілі жұттар шолпан жұлдызының шұнтиып туған жылдарында болыпты. Шолпан әрбір сегіз жылда бір рет құнтиып туады екен.

Қыс қатты болып, жұт болған жылдарында қой малы бірінің жүнін бірі жеп қояды екен. Осыған орай тілімізде жүн жеп кетті /жүнжіп кетті, жүнжіді, жүнжі/ этнофразеологизмі туындаған. Қазір "азып-тозды", "жүдеп-жадады" деген ауыспалы ұғымда қолданылады.

Малшылар жүннің бойындағы қасиеттерін біліп, сырын ұғу арқылы түрлі мақсатқа пайдалана білді. Жабағы жүн өте жұмсақ әрі жылы болған соң жаңа туған нәрестені бесікке бөлегенше жабағыға орап қояды екен. Бала ораған жабағы жүн "құндық" деп аталған /Буд.11.95/. Жабағы жүнінде XIX ғасырда өмір сүрген Мәделі Жүсіпқожаұлы былай деп жырлаған:

"Келіпсіз дүние деген кең сарайға,
Анамыз итаяққа шомылдырып,
Пәк сумен тазалапты сылап майға.
Тырбитып жарқанаттың баласында.
Орапты жабағымен жүні майда" /120-б./

Халық емшілері жабағыны суық тиген адамды емдеуге пайдаланады. Суықтаған кісіні қыздырған қойдың іш майымен денесін сылап болған соң, жабағы жүнмен денесін толығымен орап тастайды. Аяздаған кісі қатты терлеп, жазылып кетеді екен. Бұған қарағанда жабағыға су тигенде өзінен жылу бөліп шығаратын қасиетін емшілер ертеден-ақ білгенге ұсайды.

Аяқ-қолы сынған адамның сынған жерін түйенің шуда жүнін тұзға салып байлайды. Шуда сыныққа жиналған сарысуды тартып алады.

Толағы ауыр болған әйелге үлектің мойын жүнін отқа күйдіріп иіскетеді. Әйел жылдам босанады екен.

Халқымыз қойларды тек өсіріп қана қоймай, сонымен бірге, қой тұқымын асылдандырып, жүннің сапасын өзгертуді де мақсат тұтқан. Ертеректе Қазақстан жерінде тек қылшық жүнді қойлар ғана емес, сонымен қатар ұяң жүнді де қойлар өсірілген. Қойдың тегін асылдандыру туралы ел аузында әдемі аңыз сақталыпты.

Ертеректе Тау Шілікті жайлайтын албан елінің "ақ қыстық" деп аталатын бір руының қойшысы Сөгетінің бауырында арқар құлжасымен саулық қойларын шағылыстырыпты. Сол жылы қойлары ұяң жүнді, оң құлағы ойық қозы тауыпты. Содан бері ақ қыстық руы қойларының оң құлағына ойық ен салатын боптыдейді.

Төрт түліктің түр-түсі

Төрт түліктің түр-түсін анықтап ажыратуда халқымыздың сан ғасыр- лардан бері қалыптасқан дәстүрлі тәжірибесі бар. Ата кәсіп мал шаруашылығына негізделгендіктен, төрт түліктің түр түсін саралауда орасан зор еңбегі бар. Тіптен, қойды түстеп қоралап, жылқыны түстеп үйірлеп, сиырды түстеп табындап, түйені

түстеп келелеп әрқайсысын бөлек-бөлек жайған. Оған тіліміздегі "қаңлының қара күгі", "албанның ақ қойы", "қарашаның қараша түйесі", "жағалбайлының кер қызыл қойы", "бидайықта ақтатыр, ақты, бозды қой жатыр" /Алпамыс/, "қойдай қоңыр", "боз жусандай боз қойлар", "қызыл бөріктің құласы", "мінген аты ала еді, қыпшақ жүнді қара еді" /Қобыланды/. "өз алдына бір бөлек, торысы мен қарасы, Аңдай болып көрінген бозы менен аласы /Алпамыс/; "қызайдың ала сиыры" және "ақтылы қой, алалы жылқылы" /қазақ/ деген сөзі тіркестері бірден-бір айғақ бола алады. Ата-бабамыз төрт түліктің түгінің реңіне қарап мал талғайтын. Себебі, күйлі, қоңды малдың сыртқы түсі де өңді келеді. Сол себепті "түсі игіден түңілме", "түрі жақсыдан түңілме" деген аталы сөз о баста малдың түсіне қарай тілімізде айтса керек. Малдың сыртқы түсіне қарай мінезін, малдың қасиетін де ажырататын. Мәселен, қойдың боз түстісін, жылқының аласы мен торысын, "сиыр жисаң, тарлан жи, сүт пен қаймақ қолыңда" демекші қоңыры мен аласын, түйенің ағы мен қарашасын жақсы көрген екен. Қазақ елі төрт түліктің түр-түсін, айырым белгісін анықтап олардың төртеуіне өздеріне лайықты атауларын берген. Төрт түлікті түр-түске қарай саралағанда олардың бәріне де ортақ ақ, боз, сұр, қара, қоңыр сияқты атаулар кездеседі.

Бірақ, бұлар тек дыбысталуы жағынан ғана ортақ. Мәселен қоңыр сиыр - қызыл қоңыр түсті сиыр, ал қоңыр ат - қара қоңыр, сұрқай қоңыр, сары қоңыр жылқы. Табиғаттағы қоңыр түске жылқыдағы күрең қызыл қоңыр түс біршама келеді. Қызыл ат - таза ақ түсті жылқы, қызыл сиыр - бірыңғай қызыл түкті сиыр. Бөрте ешкі - түбіті көкшулан, сұрқай көк ешкі, бөрте ат - көкшіл қара сұр жылқы. Байқап қарасақ, төрт түліктің түр-түсіне қойылған атауларда айырмашылық басым. Сол себепті, әрқайсысына жеке тоқталып өтуді жөн көрдік. Ол үшін алдымен, түр-түс сөзінің өзінен бастап қолға алып көрелік.

Түс. қаз., өзб., қырғ. түс, ұйғ. түз, чув. тес. алт. двузүн, тув. чүзүн, моңғ. чжисү, чжисүн, жазб. моңғ. зүс. х.моңғ. зүсүн, ойр.моңғ. зүсн, бур. моңғ. жүіэ/н/.

Қаз. түс "малдың сыртқы түсі", "адамның үңі", "бояу", қырғ. түс "малдың түсі", "бояу", "бір нәрсенің сыртқы көрінісі", Үйғ. Түс "малдың түсі", "бояу", "түр", "сыртқы көрініс", чув. түс малдың түсі, алт. двузун "сыртқы көрініс", "ру", "қалып", тув. чүзүн "малдың түсі"; моң. чжисү, чжисүн, жазб. моңғ. дүс, х.моңғ. зүсүн, ойр. моңғ. зүсн; бур. моңғ. жүіэ/н/ "жануарлардың түр-түсі", "сыртқы көрінісі", "үң".

Жылқының түсі:

Ала - жылқының түгінде әртүрлі түстің араласып келген түрі. азерб. ала, қырғ. ала, түркм. ала, түрк. ала, өзб. ола, чув. ула, жазб. моңғ. алаг, х.моңғ. алаг, ойр. моңғ. алг.

Баран - қара сұр, қара күңгірт түс; жазб. моң. бараған "күңгірт қара", х.моңғ. бараахан "күңгірт", бур. моңғ. бараа/н/ "қара күңгірт", ойр.моңғ. бараан "заттың қарасы, контур". Баран сөзі түркі тілдерінде қазақ тілінен басқа елдерде кездеспейді.

Баршын - қара сұр, қара көк, қара күңгірт түс. Бүркіттің түлей-түлей барлық қауырсын қарайып болған кезі де "баршын" деп аталады.

Ақ баршын - ақ түгі басымдау қара көк түс.

Боз - ақшылтым, болымсыз ғана көк араласқан бозғылт түс.

Орх. боз "ақшылтым көк түс", ұйғ. боз "көк, сұрқай көк, ақшыл көк", түркм. боз "ашық көк", өзб. буз "ақ, ашық көк", түрк. боз "ашық көк", хак. пора, алт. боро х.моңғ. ойр. моңғ. бор, бур. моңғ. боро "ашық көк түс, аспан түсі.

Қарастырып отырған тілдік деректерге назар аударсақ, тіліміздегі қасқыр атауының орнына синоним ретінде қолданылатын бөрі сөзінің шығу тегі түркі - моңғол тіліне ортақ бор / боро / пора сөзімен тікелей сабақтас сияқты.

Ақ боз-ақ түсі басым ашық көк түс;
Көк боз - көк түсі басым ақ түс.
Тарлан боз - тарғыл, шұбар араласқан ашық көк.
Толқынтып тоқсан буын әнге салды,
Тарлан боз тартқан сайын түседі ырғып
/І.Жансүгіров/

Шаңқан боз - шымқай ақ түс.

Бүрте - көкшіл, қара сұр, бурыл аралас түс.

Ақ бөрте-ақ түсі басым көкшіл түс.

Бурыл - жылқының түгінің түбі ақ, шеті қара не қара қоңыр боп келген түрі. қалп. буврыл "қоңырға тарғыл араласқан бурыл түс" қырғ., алт. буурыл "көкшулан, ақшулан түс", өзб. бурул "күкшулан", жиренге жақындау түс", чув. пурла, паварла "бурыл", х. моңғ., бур. моңғ. буурал; ойр. моңғ. буурл "ақшулан, бурыл түс".

Ақ бурыл - ағы басымдау қара қоңыр түс:

Көк бурыл - көк түсі басым турыл түс;

Қара бурыл - қара түсі басым сұңқай көк;

Жирен - қызғылт сары түс, өзб. жийрен, ұйғ. джирән, алт. двеерен; хак. чигрен; қырғ. жейрен, жейерде; чув. сүрен, тув. шилги; жазб. моңғ. цзэгрэдэ, х.моңғ., ойр. моңғ. зээрдэгшен - барлық тілде "қызыл сары түс"

Ала жирен - ала түспен аралас сары қызыл түс;

Қара жирен - қара түсі басым қызғылт сары түс;

Қола жирен - ең сары мен қызыл түстің араласып кеткен түрі.

Көк - қоңыр сары, сарыға қарағанда қоңыр түс басым құла мен торының арасындағы түс; қырғ. кер "қоңыр, қарақоңыр", алт. кер, ойр.моңғ. көнер; жазб.моңғ. хэгэрэ, х.моңғ., бур моңғ. хээр "қоңыр, сары қоңыр түс".

Кер торы, қырғ. кер тору - қоңыр сары түсі сәл басым қоңырқай күрең түс; құла мен торының аралығындағы түс.

Кер құла - қоңыр сары түсі басымдау ақшыл сары түс; қырғ. кер қоз ат - сары қоңыр жылқы.

Ақтаң кер - екі сауырының түсі ақ, басқа жері қоңыр сары боп келген өте әдемі жылқы.

“Сайрағаң орта жүздің бұлбұлымын
Арғынның Алтай-Қарпық - ақ таң кері”
/Біржан сал/.

Көк - жасыл түсті жылқының түсі /қазақтар кейде түсі аппақ жылқыны да көк ат деп атайды/. Орх. көк “көгілдір, жасыл”, азерб. күк “күкшін, жасыл”, ал күй “көк, көгілдір, аспан түсі”, моңғ. хухэ “бозғылтым”, “боз”, “көк”, “көгілдір”, “жасыл түс”.

Көк ала - көгі басым ала түс.

Қара көк - қара түсі басым көк түс;

Қызыл көк - қызылы қанық көк түс

Күрең - қызыл қоңыр, қошқылтым түс. Қалп. Кюреңь, азерб. кюреңь, алт., хак. күреңь, қырғ. күрүң, өзб. куранг, тат. күрән, тув. хурен; жазб. моңғ., х.мүңғ. хүрән, бур. моңғ., ойр. моңғ. хурин “қызыл қоңыр түс”.

Күрең ала - ала аралас қызыл қоңыр түс;

Күрең түбел - маңдайында түбелі бар күрең жылқы;

Ал күрең - ашық түсті қызғылт қоңыр түс.

Арда күрең - жылтыр қоңыр бояуы басым қызғылт түс.

“Арда күрең, бақа айғыр жүрмек болды
Қозыеке мен Баянға барамын деп” /Қозы... 1957/.

Қозы күрең - ашық қызыл қоңыр, сары қоңыр түс.

Ер қаруы бес қару
Таңдап алып Алшыораз.
Мініп алған сықылды,
Қозы күрең атына /Қамбар/

Қара күрең - қарасы басым күрең;

Қызыл күрең - қызылы басым күрең,

Сары күрең - сары түсі басым күрең түс;

Тобылғы күрең - қызыл қоңыр түс;

Қара - күңгірт сұрқай түс, қара түсті жылқы. Орх. қара, хак. хара, өзб. қора, азерб. гара, чув. хура, жазб. моңғ. хара. х.моңғ. хар - бәрі де қара түс.

Қара ала - аласы бар қара ат;

Қара көк - қарасы басым көк ат;

Қара торы - қарасы сәл басым торы түс;

Қара шұбар - домалақ қара дағы бар ақ ат;

Қоңыр қара - қоңыры сәл басым қара жылқы

Мақпал қара - мақпалдай қара түсті ат;

Сүлік қара - қара көк түсті жылқы;

Қасқа - малдың маңдайында болатын дақ, жолақ

Қара қасқа - маңдайында қара қасқасы бар ат

Қоңыр - қара қоңыр, сұрқай қоңыр, сары қоңыр түс.

Қырғ. конур "қара бурыл, қара торы", қалп. қоңыр "қара түс", тат. қоңғырт "қоңыр күрең", алт. қоңыр "қара күк", "қоңыр күрең", жазб. моңғ. хоңгор "қызыл жирен", "сары", "жирен", ойр. моңғ. хонгор "жирен", "қызыл сары түс".

Қоңыр қара - қоңыры басым қара күк ат,

Құба - ашық сары, ақшыл сары түс. хак., алт. құба "ақшылтым, ашық сары", тат. кова "бурыл", "ақ құба", ойр. монғ. хоо "ашық сары, ақ құба", бур. моңғ. хуаа "ақ құба", "сары"; жазб. моңғ. хувкай, хубкай "ақ құба", "сары" түс.

Құла - сары мен жиреннің аралығындағы түс; басы мен денесі жылтыр сары не құрым сары, сауыры мен жал құйрығы қара, жотасында құйрығына дейін созылған жіңішке жолағы бар жылқы. Алт. құла, хак. хула, ұйғ. кула. ойр. моңғ. хулуң, чув. хала, жазб. моңғ. хула, х.моңғ. хул "ақ сары түс. құла жирен - ашық сары мен қызыл сары аралас түс;

Құла кер - ақ сары мен қоңыр сары түстің араласа біткен түрі.

Құла қасқа - қасқасы бар сарғыш түсті жылқы;

құла түбел - маңдайында түбелі бар құла;

Қызыл ат - таза ақ түсті жылқы.

Сары - сарғыш қызыл. жылқы. Қалп., азерб. сары "сары", қырғ. сары "жирен", "сары", "бурыл", тур. сари, үзб. сарих "жирен", "ақ құба", хак. барығ. "бурыл", "сары", жазб. моңғ. шира, х.моңғ., ойр. моңғ. шар, бур. моңғ. шара "бурыл", "сары", "сарғыш" түс.

Сұр - жылқының денесі қарасұр, басы мен сауыры қара, шоқтығынан құйрығына дейін қара жолағы бар түрі.

Ақ сұр - ақ түсі басым қара қошқылтым түс;

Қара сұр - қара түсі басым сұр ат;

Тарлан - денесінде қызыл, сары, не қара домалақ теңбілі бар жылқы;

Тарман - денесінде дөңгелек теңбілі бар ақ жылқы.[1]

Теңбіл - сепкілі бар күк боз ат.

Теңбіл күк - сепкілді көк ат.

Торы - қоңыр күрең түс;

Қара торы - қара қоңыр түсті жылқы;

Мақпал торы - жылтыр қара қоңыр түсті ат;

Тобылғы торы - қызғылт күрең жылқы.

Түбел торы - қасқасы бар торы ат;

Түбел - жылқының маңдайында болатын дүңгелек ақ. қырғ. түбел жазб. моңғ. түгэли, х.моңғ. түүли, ойр. моңғ. түүл, бур. моңғ. түүн - "ақ дақ, қасқа".

Шабдар - сырты ақшыл сары, жалы бурыл, ақ қыл мен қара қылдың араласып келген жылқының түсі. Бұл аттың жал-құйрығы бурыл болады. Тат. чаптар, хақ саптар, чамдар, қырғ. чабдар, алт. чалдыр. сув. чуптар, жазб. моңғ. цавдар, бур. моңғ. сабидар. ойр. моңғ. цавдр. "ақ сары", "бурыл" аралас түс.

Шұбар - денесінде қара, торы не жирен майда теңбілі бар ат; Тат. чуар, чағыр, өзб. чипор, чавәар, чув. чапар, хак. чохыр, сағ. сохыр, алт. чокур, ұйғ. чоку/р/, түр. чопур, жазб. моңғ., х.моңғ. цоохор, ойр.моңғ., бур моңғ. соохр.

Түйенің түсі:

Ақ түйе - ақ түсті түйе, ақ бас түйе - төбесінде ақ шоқтығы бар түйе; ақ йық түйе - арқасына ақ жүн өскен түйе; ақ қаптал түйе - қапталында ақ жүн өскен түйе; боз түйе - ақшыл көк түсті; боз қызыл түйе - көк түске қызыл араласқан түс; көк түйе - ақшылтым көкшіл жүнді; көк ала бас түйе - түйенің басында ақ пен көк жүннің аралас өскен түрі; қара түйе - жүні қара қоңыр түйе; Қараша - қоңырқай қара түсті түйе; құба түйе - ақ сары түсті түйе; қызыл түйе - қызыл қоңыр түйе.

Сиырдың түсі:

Ақ сиыр - түсі ақ сиыр; ақ бас сиыр-қызыл, қоңыр сиырдың бас жүні ақ түсті боп біткені; ала сиыр - сыртқы жүні түрлі-түсті сиыр; ала бел сиыр - бел тұсының ақ жүні бар сиыр; көк сиыр - бурыл, шымқай көк түсті; қара сиыр - қара жүнді сиыр; қара ала сиыр - арқасында ақ жүні бар сиыр; қара қасқа сиыр - маң. моңғ. цавдр. ақ сары, бурыл аралас түс.

Түркі тілдерінің дерегіне қарағанда шабдар лексемасының сөз басында ш, ч, с сөз ортасында б, ж, п, л фонемаларымен айтылады.

Шұбар - денесінде қара, торы не жирен майда теңбілі бар ат; Тат. чуар. чағыр, өзб. чипор, чавәар, чув. чапар, как. чохыр, сағ. сохыр, алт. чокур, ұйғ. чоку/р/, түр. чопур. жазб. моңғ., х.моңғ. цоохор, ойр. моңғ., бур. моңғ. соохр.

Тілімізде шұбар сөзі сөз басында ч, ш, с бірінші буын ортасында у, ү, /и/ о, а дыбыстарымен, сөз ортасында п, б, в, у, ғ, х сөздің екінші буын ортасында у, ү, ы, о, а, и фонемаларымен айтылып әртүрлі фонетиканың варианттарда дыбысталған.

Түйенің түсі:

Ақ түйе - ақ түсті түйе, ақ бас түйе - төбесінде ақ тоқтығы бар түйе; ақ йық түйе - арқасына ақ жүн өскен түйе; ақ қаптал түйе - қапталында ақ жүн үскен түйе; боз түйе - ақшыл күк түсті; боз қызыл түйе - көк түске қызыл араласқан түс; көк түйе - ақшылтым көкшіл жүнді; көк ала бас түйе - түйенің басында ақ пен көк жүннің аралас өскен түрі; қара түйе - жүні қара қоңыр түйе; қараша - қоңырқай қара түсті түйе; құба түйе - ақ сары түсті түйе; қызыл түйе - қызыл қоңыр түйе.

Сиырдың түсі:

Ақ сиыр - түсі ақ сиыр; ақ бас сиыр - қызыл, қоңыр сиырдың бас жүні ақ түсті боп біткені; ала сиыр - сыртқы жүні түрлі-түсті сиыр; ала бел сиыр - бел тұсының ақ жүні бар сиыр; көк сиыр - бурыл, шымқай көк түсті; қара сиыр - қара жүнді сиыр; қара ала сиыр - арқасында ақ жүні бар сиыр; қара қасқа сиыр - маңдайында ақ долағы бар қара сиыр; қара қоңыр сиыр - қара түсі басым сиыр; қоңыр сиыр - сары қоңыр түсті сиыр; қызыл сиыр - қызғылт қоңыр түсті сиыр; қызыл қасқа сиыр - маңдайында ақ теңбілі бар қызыл сиыр.

Қойдың түсі:

Ақ қой - бірегей ақ жүнді қой; ақ сары бас қой - бас жүні сары, денесі ақ қой; ала қой - әртүрлі жүні бар қой; боз қой жүні ақшыл көк қой; көк қой-сұрқай көк түсті; көк сары бас қойбасы сары, тұлғасы көк қой; қызыл қой - қызыл қоңыр түсті қой; кер қызыл қой - түсі күрең қызыл, сарғыш қызыл жүнді; қара қой қара, қара көк түсті; қара ала қой - жүнінде қара, ала түстің араласып біткені; қара бас қой - басында қара жүні бар қой; қара қасқа қой - басында қара жүні бар қой; сары қой - жүні бірыңғай ақ сары қой.

Ешкінің түсі:

Ақ ешкі, - ақ түбітті ешкі, ақ сұр ешкі - ақ сары, қара қоңыр түсті; ала ешкі - әртүрлі түсті, боз ешкі - түбіті ақшыл көк, бөрте ешкі - көкшулан, сұрқой көк; бурыл ешкі жүні біркелкі өспей, көк түсі басым боп, оған қызыл, қоңыр, қара жүндердің араласа біткен ешкі; көк ешкі - ашық көк түсті; қара ешкі - қара жүнді, қара көк ешкі - көктен қара түсі басымдау, қара сұр ешкі - қара қоңыртүсті ешкі.

Төрт түліктің түр-түсіне байланысты тілімізде “ала қозыдай” /бүлінді/ “топ-топқа, жікке бүлінді”; “көк ала қойдай” /қып сабады/ “соққыға жықты”, “ат түбеліндей” /ел/ “азғана ел”, “ала тайдай” /бүлдірді/ “ел ішіне бүлік салды”, “боз інгендей” /боздады, зарлады/ “зар илеп, запырар құсты”, “ботадай” /боздады/ “күзінің жасын ағыл-тегіл бұлады тәрізді теңеулер бар.

Сол сияқты “ақтылы қой, алалы жылқылы” “маңғыраған сансыз мал”, сәнді-салтанатты береке, байлық”; “көлденең жүрген көк атты” “бейтаныс, кім көрінген”, “қойдың қоңыр, жылқыдан торы”, “жуас, момын”, “қойдан қоңыр көрді” “кемісітті, менсінбеді”, “тарлан тартты “есейіп, егде тартты” секілді этнофразеологизмдер, “сиыр сары болмас, түйе торы болмас” деген мақал және “қара сиырым қарап тұр, қызыл сиырым жалап тұр” деген жұмбақ бар.

Этнографиялық этюдтер

Елімізде қалыптасқан дәстүр бойынша құдайы қонаққа арнап *қара шұнақ лақ не қоңыр тоқты* сойып қонақасы береді. Тілімізде осыған орай қадірлі, сыйлы адамға бағышталып айтылатын *қоңыр тоқтының басы қолынан түспеген /адам/*” тәрізді этнофразеологизм сақталған.

Аруақтарға арнап құрбандық шалып, құдайы бергенде 3-4 жасар *ақ сары бас қойды* не *боз қасқа қойды* сойған. Осыған орай тілімізде "боз қасқа сойды", "ақ сарбас шалды" деген этнофразеологизмдер бар.

Ертеде елін-жерін жаудан қорғау үшін жиналған азаматтардан жаңа сойылған боз биенің қанына оң қолының сұқ саусағын матырып оны жалатып ант алатын. Салттың мәні "қасық қаным қалғанша елім мен жерімді қорғаймын" деген ұғымға саяды. Сарбаздар шайқасқа түсер алдында туына *боз биенің қанын* жағады. Осы салтқа сәйкес тілімізде "*ту қандады*" дейтін күрделі сөз қалыптасқан.

Төтенше жағдайда, қанды жорықтан ең жақын туысы аман оралса, не көптен тумай жүрген әйелі ұл туса өрісте жүрген *ақ түйенің* қарнына пышақ тығып ап боздатып қоя беретін дәстүр болыпты. Бүкіл даланы басына көтеріп боздаған түйенің дауысынан ел бір жаңалықтың болғанын біліп жиналады екен. Бұл дәстүр тілімізде "ақ түйенің қарны жарылды" деген этнофразеологиялық сөз тіркесінде сақталған.

Жоғарыда келтірілгендей ерекше жағдайларда халқымыз егіз туған екі көк қошқарды немесе екі көк бураны құрбандыққа шалады.

Қыз-қырғынға құда түсуге барғанда жаушы астына қызыл ат /ақ түсті ат/ мініп барады екен. Бұл жосықтан қыз үйі қызына құда түсуге жаушының келгенін білсе, екіншіден, жаушы өзіне "ақ ат - ақ жол", "жолым болсын" деп тілеген ырымы екен.

Халық емшілері көк жөтелмен ауырғандарды көк түсті мал сойып, етін жегізіп, сорпасын ішкізіп емдеген екен.

Қарастырылған деректерге қарағанда бабаларымыз төрт түлікті түр-түсіне қарай бөліп, қоралап қана қоймай, олардың түсіне қарай түрлі жоралғы дәстүрлерге пайдаланып отырыпты. Халқымыздың құрбандық шалу дәстүрінен, әсіресе, ақ пен боз, көк түсті ұнататынын байқауға болады. Еліміздің ескі діни түсінігінде ақ мал пәктіктің символы - киелі боп саналады. Мәселен, ата-бабамыз ақ түйені ерекше құрметтеп, жабуын алтынмен зерлеп, ноқтасын күмістен, бұйдасын жездеп, ала бұйда тағыпты. Тіптен жаугершілік заманында әскер басшылары ақ түйені "қолдаушы", "демеуші" ретінде өздерімен бірге де алып жүріпті. Елімізде үш жүзге есімдері белгілі ел көсемдері қайтыс болғанда оның денесін ақ түйеге артып, ел аралатып Түркістан мазарына апарып қоятын салт болған екен. Ұлы жүздің батыры Қанкелді Ұлы Райымбек қайтыс болғанда оның денесін ақ түйе артып, ел аралатқаны ақсақалдар күні бүгінге дейін аңыз ғып айтып отырады. Сол сияқты, ақ жылқыны ақ ат демей қызыл деуі, оның киесін силаудың әсері болса керек. Сондықтан, ақ малды құрбандыққа шалу, "Ұры-қарыдан, жау дұшпаннан, пәле-жаладан, ит-құстан аман боп, орамды құт ұялайды" деген сенімге негізделген ырым болса керек. Ал боз, көк түстер - аспан түсі. Оларды құрбандыққа шалу ертедегі көкке, тәңірге табынудан қалған жоралғы екен.

Қазақ мақал-мәтелдерінің авторлық-стильдік инварианттары жайында

Паремиология[1] – мақал-мәтелдер мен әр алуан қанатты-нақыл сөздерді жан-жақты зерттеуге байланысты пайда болған тіл білімінің дербес те жаңа салаларының бірі. Көркем сөз тәсілдерінің ішіндегі қуаттысы мен құнарлысы болып саналатын мақал-мәтелдер тіл атаулының баршасына тән, өзіндік ерекшелігімен көзге түсетін универсалдық құбылыс. Советтік тіл білімінде барлық тілдердің екі түрлі қызметін атап көрсетеді: оның біріншісі – қоғам мүшелерінің өзара түсінісуіне, пікір алысуына қажетті қатынас құралы ретіндегі коммуникативтік қызметі де, екіншісі – өмір шындығын, барлық болмысты өзінде бейнелеп көрсету қызметі[2]. Мақал-мәтелдердің табиғатына тән қасиет тілдің осы екінші қызметіне байланысты, өйткені олар белгілі бір тілде сөйлеуші халықтың өткен өмірі мен барлық болмысының куәгері іспеттес оның дүние танымы мен даналығын бойында сақтап, атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа үзілмей ауысып келе жатқан асыл мұра, рухани қазына болып саналады.

Паремиология ғылымы мақал-мәтелдерді тек тіл фактісі ретінде зерттегенімен, оларды лингвистика аясымен ғана шектеуге болмайды. Себебі мақал-мәтелдердің бойына бір ғана көркем сөз тәсілінің ауқымына сия бермейтін көптеген басқа да қасиеттер мол шоғырланған. Бұл қасиеттерді кеңінен зерттеймін деушілерге мақал-мәтелдердің шертер сыры мол-ақ. Біле білсек, халықтың дүние танымын, болмыстың объективтік заңдылықтарын, тылсым табиғаттың сан алуан сырын ұққысы келген философ ғалымдар да, халықтың өткен өмірін, әлеуметтік-экономикалық жағдайын, әдет-ғұрпы мен діни наным-сенімдерін зерттегісі келген экономист, тарихшы, этнограф ғалымдар да, тәрбие, дидактика мәселесіне байланысты педагогтар да, ауыз әдебиетіне тән көркем сөз поэтикасын зерттеушілер де, сондай-ақ басқа ғылымдардың өкілдері де мақал-мәтел табиғатынан өзіне қажетті мол мағлұмат табатыны сөзсіз.

Мақал-мәтелдерді тіл фактісі тұрғысынан зерттеуші паремиолог-ғалымдардың пікіріне қарағанда олар ең алдымен өзінің мән-мағынасы, мазмұны мен тұлғалық ерекшеліктеріне байланысты назар аударады. Мақал-мәтелдердің шығу тарихы мен пайда болу жолдары, тілі жақын туыстас халықтар үшін ортақтығы, логикалық сәйкестік, образдылық, бейнелеу тәсіліндегі шендестік, т. б. толып жатқан мәселелер паремиологияның объектісіне жатады.

---

1 Паремиология о баста гректің paroimia қысқа айтылатын нақыл сөз және соны зерттеу деген ұғымға байланысты пайда болған

2 БСЭ. М., 1978, т. 30, с. 465.

Солардың ішінде мақал-мәтелдерді мән-мағынасына және тұлғалық ерекшеліктеріне байланысты топтастыра зерттеу ерекше орын алады. Бұл салада бүкіл Шығыс халықтарының мақал-мәтелдерін жан-жақты зерттеп, олардың жүйелі түрдегі ғылыми классификациясын жасаушы белгілі совет ғалымы Г. Л. Пермяковтың[3] есімін ерекше атауға болады. Ал түркі халықтар тіліндегі мақал-мәтелдердің зерттелу жайына келсек, әлі күнге дейін ауыз толтырып айтарлықтай жұмыс істелмей келеді. Әрбір тіл бойынша шыққан мақал-мәтелдер жинағын[4] санамағанда, бұл тілдердегі мақал-мәтелдер ғылыми тұрғыдан аз зерттелген саланың бірі; кейбір тілдердегі бірлі-жарымды филологиялық[5] және лингвистикалық[6] зерттеулер болмаса, паремиологияның түркі тілдері бойынша әлі негізі қаланған жоқ деп айтуға болады. Басқа туысқан тілдерге қарағанда қазақ мақал-мәтелдерінің жинағын шығару[7], басқа халықтардың мақал-мәтелдерін қазақшаға аудару[8], сондай-ақ оларды тарихи-филологиялық тұрғыдан зерттеу[9] жұмыстарының біршама ілгері екендігін айтпауға болмайды. Бірақ дәл осы жағдайды қазақ мақал-мәтелдерін таза лингвистикалық тұрғыдан зерттеуге

3 *Пермяков Г. Л.* Пословицы и поговорки народов Востока. Систематизированное собрание изречений двухсот народов. М., 1979; *Он же.* От поговорки до сказки. М., 1970.

4 Пословицы и поговорки народов Востока/Сост. Ю. Э. Брегель. М., 1961; *Пермяков Г. Л.* Избранные пословицы и поговорки народов Востока: Сборник. М., 1968; Нәкый Исәнбәт. Татар халық мәкальләре. 1–3-том. Қазан, 1959, 1962, 1967; Башкорт халк мәкәлдәре. Өфе, 1960; Турецкие пословицы и поговорки/Перевод Г. И. Иванова. М., 1966; *Керимжанова Б.* Кызгыздың макалдары жана лакаптары. Кыргызмамбас, 1948; *Ибрагимов И.* Азербайджанские пословицы и поговорки. Баку, 1949; Үйғур мақал вә тәмсиллири/Жиғип кураштурғучилар: Г. Сәдвақасов, Ш. Кибиров, Һ.Bahидов. Алмута, 1960; Уйгурские пословицы и поговорки /Составили и перевели Г.Садвакасов и Ш. Кибиров. Отв редактор А. Т. Кайдаров. Алма-Ата, 1978; Уйгурские пословицы и поговорки/Собраны М. К. Хамраевым, составление и перевод с уйгурского М. К. Хамраева и Ю. И. Левина. М., 1981; Тувинские пословицы и поговорки/ Составители-переводчики М. Хадаханэ, О.Саган-оол. Кызыл, 1966, т. б.

5 *Закиров С.* Кыргыз элинин макал, лакаптары. Фрунзе, 1962.

6 *Аннснурова.* Синтаксические особенности туркменских пословиц и поговорок. Автореф. дис. ... канд. филол. наук. Ашхабад, 1960; *Абдурахманов Х.* Синтаксические особенности узбекских народных пословиц. Ташкент, 1964; *Ефимов Ю.Ф.* Лексико-грамматические особенности чувашских пословиц и поговорок. Автореф. дис. ...канд. филол. наук. Алма-Ата, 1978; *Закиров С.* Пословицы и поговорки киргизского народа. Автореф. дис. ...канд. филол. наук. Фрунзе, 1962; *Таирбеков Б. Г.* Межъязыковые транспозиции пословиц и поговорок на материале произведений В. И. Ленина. Автореф. дис. ...канд. филол. наук. Баку, 1965; *Юсифов Г.* Лексико-стилистические особенности азербайджанских пословиц и поговорок. Автореф. дис. ...канд. филол. наук. Баку, 1969: *Ализаде З. А.* Азербайджанские пословицы и поговорки и их лексико-семантический анализ. Автореф. дис. ... докт. филол. наук. Баку, 1981, и др.

7 Қазақтың мақал-мәтелдері. Алматы, 1950; Қазақтың мақалдары мен мәтелдері. / Жинап, құрастырған Ө.Тұрманжанов. Алматы, 1977; Әлімбаев М. Өрнекті сөз – ортақ қазына. Алматы, 1967, т.б.

8 Маржан сөз. Мақал-мәтелдер./Аударған М. Әлімбаев. Алматы, 1978; Орыс халқының мақал-мәтелдері. Аударған Ұ. Бағаев. Алматы, 1971, т. б.

9 *Төреқұлов Н.* Қанатты сөздер. Алматы, 1977; *Әлімбаев М.* Өрнекті сөз – ортақ қазына. Алматы, 1967, т. б.

байланысты айта алмаймыз, өйткені олардың стильдік ерекшеліктеріне, аудару тәсілдеріне байланысты бір-екі еңбектен[10] басқа арнайы зерттеу жоқтың қасы. Ал қазақ паремиологиясының сан алуан тілдік проблемалары қазақ лингвистерінен жан-жақты, әрі жүйелі түрдегі ғылыми зерттеулерді талап етеді.

Біз осы көлемі шамалы мақаламызда қазақ мақал-мәтелдерінің табиғатына тән көптеген ерекшеліктердің ішінен оның сыртқы құрылымына, қолдану тәсілдеріне байланысты дәстүрлік тұлға негізінде пайда болатын авторлық, стильдік инварианттар жайын сөз етпекшіміз.

Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің бәрі негізінен жай сөйлем түріндегі тұрақты сөз тіркестеріне жатады, яғни олар тұлғасы жағынан ұзақ уақыттан бері қалыптасып, белгілі бір формада тұрақталған, мазмұны жағынан біртұтастыққа ие болған жай сөйлем типтері. Осыған орай мақал-мәтелдердегі тұрақтылық пен біртұтастық неге байланысты және оны қалай түсінеміз деген заңды сауал тууы мүмкін.

Біздің пікіріміз бойынша, мақал-мәтелдердегі тұлғалық, тұрақтылық, сайып келгенде, оның біртұтас мағынасы мен мазмұнына тікелей байланысты. Ал мағына мен мазмұнның тұтастығы қоғам мүшелерінің өмір тәжірибесінен алған тағлымы мен танымынан туындаған ой-пікірдің, логикалық тұжырымның әсерлі бейне, сан алуан образ бен қат-қабат астарласа, жалғаса көмкерілуіне байланысты болса керек. Олай дейтін себебіміз мақал-мәтел тұлғасына тән дәстүрлік тұрақтылық (оны паремиологияда «клише» деп атайды) каншама берік және тіл үшін нормаға айналған стандарт болса да абсолюттік ұғым емес: ол тілдің тарихи дамуына байланысты, көрші тілдердің әсерінен, сондай-ақ тілдің ішкі даму заңдылықтарына сәйкес, стильдік қолданысқа, сөз зергерлерінің сөз саптау шеберлігіне байланысты әр түрлі өзгерістерге түсіп отырады. Бірақ бұл өзгерістер мақал-мәтелдердің жалпы мазмұнына, мағынасына, бүкіл тіркеске негіз, дәнекер болып тұрған образ-бейнеге бөлендей нұқсан келтіре қоймайды.

Мақал-мәтелдердің осылайша әр түрлі өзгерістерге, тұлғалық модификацияларға ұшырауы салдарынан пайда болған, тіл практикасында бір-ақ рет қолданыс табатын түрлерін *инварианттар* деп атаймыз. Олардың пайда болуында белгілі бір заңдылық жоқ. Инварианттық өзгерістер автордың тек өз еркіне, асыл тасты әр қырынан бір көрсетіп құбылта білетін шеберлігіне, мақал-мәтелдердің көркемдік өрнегін, образы мен бейнелеушілік әсерін, эмоция-экспрессивтік қуатын бойында сақтай отыра, пайдаланатын талантына байланысты.

10 *Сарсенбаев Р.* Лексико-стилистические особенности казахских пословиц и поговорок Автореф. дис. ...канд. филол. наук. Алма-Ата, 1961; *Айтбаев У.* Способы передачи фразеологизмов в переводах произведений А.М. Горького на казахский язык. Автореф. дис. ...канд. филол. наук. Алма-Ата, 1971, т. б.

Мақал-мәтел инварианттары бірде олардың компоненттеріне инверсия жасау арқылы, бірде оларды түсіріп, эллипсис түрінде айту арқылы, бірде дербес екі түрлі мақал-мәтелдің элементтерін өзара шебер қиыстыру арқылы, т. б. жолдармен жасала береді. Бұл өзгерістерді төмендегі мақал-мәтелдердің дәстүрлі номинатив тұлғасымен салыстырылып берілген сөйлем құрамындағы авторлық, стильдік инварианттардан айқын көруге болады:

1. **Компоненттерін өзгертіп айтуға байланысты инварианттар:**

Қырық жыл қырғын болса да ажалды өлер	«Қырық жыл қырғын болса да *ажалсыз адам тірі қалар*» деген... (М. Мағауин. Қиядағы қыстау, 37-б.)
Мәстек шауып бәйге алмас	**Мәстек шауып** *тұлпардан* **бәйге** *ала ма,* Қадірлеп асыл жабу жапқанменен... (С.М.Торайғыров)
Дәм татқан құдыққа түкірме	*«Су ішкен* **құдыққа түкірме»**, – деген ол. – Жолдасыңды сатпа, сонан соң, жолаушылап келе жатқанда далаға емес, алдыңнан кездескен молаға түне... (Н. Әбуталиев. Қайран Нарын, 25–26-б.).

2. **Мақал-мәтелдердің жеке элементтері ғана сақталатын инварианттар:**

3. **Компоненттерінің орнын ауыстыруына байланысты инварианттар:**

Ақсақ қой түстен кейін маңырайды	Уай жарандар! Бұл **түстен кейін маңырайтын ақсақ қой** дейсіңдер ғой. (М. Әуезов. Абай жолы, I, 82-б.)
Қысқа жіп күрмеуге келмейді	Е, е, несін айтасың! Күрмеуге келмей жатқан қысқа жіптің кері ғой... («Қ.Ә.», 21. V. 82)

3. **Екі жолды ММ-дің бір жолын түсіріп айтуға байланысты пайда болған инварианттар:**

Атадан ұл туса игі еді, Ата жолын қуса игі еді	**«Атадан ұл туса игі»** деген. Мына Тәкежан, Ысқақ, Шұбарға алғысымды айтамын. (М. Әуезов. Абай жолы, IV т., 360-б.)
Тұяғы бүтін тұлпар жоқ, Қанаты бүтін сұңқар жоқ	**«Тұяғы бүтін тұлпар жоқ»** деген. Кемшіліксіз пенде бар ма бұл жалғанда...(М. Мағауин. Қиядағы қыстау, 243-б.)
Елу жылда ел жаңа, Жүз жылда қазан [жаңа]	**«Елу жылда ел жаңа»** деген. Бүгінгі өмірді кешегімізбен салыстыруға бола ма?... («Қ.Ә.», 21. V. 82)

5. Қосалқы компоненттермен кеңейтілген инварианттар:

Өшкен жанбайды, Өткен оралмайды	«**Өшкен жанбайды**, *жанса – басқа от,* **өткен оралмайды**, *оралса – басқа сәт...* (М. Мағауин. Қиядағы қыстау, 148-б.)
Құл жиылып бас болмас, Құм жиылып тас болмас *(арх.)*	Сонда Бөкен би: «**Құл жиылып бас болар**, *біріктіретін құдайы болса,* **құм жиылып тас болар**, *кіріктіретін ылайы болса»,*– деген екен. (Н. Әбуталиев. Қайран Нарын, 82-83-б.)
Жиен ел болмас, Желке ас болмас	**Жиен неге ел болмасын**, *малды болса,* **Желке неге ас болмасын**,*майлы болса.* (Фольк.)

6. Бірнеше ММ-дің тоғысуынан, жымдаса қабысуынан туған инварианттар:

Сақалын сатқан кәріден, Еңбегін сатқан бала артық Күріш арқасында күрмек су ішер	Орекең... «Қой, балам, масыл болып, **сақалымды сатып, күріш арасына шыққан күрмек** секілді болмайын, отарымды басқа біреуге өткізейін» – деген пікірге нық бекінді. (М. Жылқыайдаров. Әке жолын қуғандар, 25-6.)
Қара арғымақ қартайса, Қарға адым жер мұң болар	Жантас үзеңгіге шірене көтеріліп қойып, мысқылды күлкімен сөйледі: -Eh-eh, **қара арғымақ қартайып, қарға адым жер мұң болған** екен десем, **бала бүркіттей барлап ұшып** жүрген тәрізің бар ғой, сірә? (Ж. Тілеков. Жоңғар даласында, 168-6.)
Баба бүркіт барлап ұшар, Бала бүркіт парлап ұшар	

Авторлық, стильдік инварианттардың бұдан басқа да түрлері болуы ықтимал. Олардың жасалуында, жоғарыда айтылғандай, белгілі бір шаблон, трафарет немесе заңдылық жоқ. Дегенмен, солай бола тұрса да, дәстүрлі тұрақтылыққа ие, әбден қалыптасқан мақал-мәтелдердің өзгеріп, инварианттық жағдайда қолдануында өзіне тән ерекшеліктің байқалатынын көреміз. Ол – тұлғалық өзгерістерге душар болып, әр қырынан бір көрініп, әр жерден бір белес беріп, немесе бір жерге келіп шоғырлана қалатын мақал-мәтелдің барлық жағдайда басын қосып, оның номинативтік қалпын сақтауға негіз, дәнекер болып отырған мағына-мазмұн тұтастығы, логикалық тұжырыммен қабысып келетіні баршаға мәлім, таныс, етене образ, өмір ситуациясы, ортақ тәжірибе.

Айта кететін бір жағдай, қазақ мақал-мәтелдерінің қалыптасқан дәстүрлік тұлғасының өзінде де әр түрлі семантика-структуралық варианттар болып тұрады. Ал авторлық, стильдік т. б. инварианттардың бұл құбылыстан табиғаты мүлде бөлек. Тіл тәжірибесінде бұл екеуінен өзгеше қолданыс тағы бар. Ол – мақал-мәтелдерді бұзып қолдану. Мақал-мәтелдердің жалпы мағынасына, қалыптасқан бейне, логикалық тұжырымға нұқсан келтіретін инварианттық өзгерістерді біз оларды бұзып қолдану деп есептейміз. Мәселен, бір газеттен **«Адам көркі – мата»** демекші, мұндағы әрбір жас шебер өзі тіккен киімнің кез келген адамға

жараса кетуін қандай қалайды десеңізші! – деген сөйлем оқыдық. Автордың айтайын деп тұрғаны бәрімізге де түсінікті. Бірақ осындағы мақалдың инварианты бұзылып айтылып тұр, яғни «шүберек»-тің орнына «мата»-ны қойған. Бұл екі сөздің мағынасы, әрине, жақын. Дегенмен олар дәл осылай қолдануға келмейді, өйткені бұл мақалдың негізгі дәстүрлік тұлғасы: **Адам көркі – шүберек, ағаш көркі – жапырақ**. Дәл болмаса да оның компоненттері ұйқасқа құрылған. Ал «мата»-ны «шүберек»-тің орнына қойып айтуға болмайды. Осыған байланысты қырғыз тілшілерінің айтып жүрген бір күлкілі әңгімесі ойға оралады: тіл мамандарының біреуі қырғыз тіліндегі **бақал** деген сөзді орысшасына ыңғайлап **бакалея** түрінде айтуды ұсынады. Сонда екінші бір тілші тұрып: «олай өзгерткенде мына қырғыз мақалын – **Базар көркі бакалея**, **Жігіт көркі сақалея** деп айтуға тура келеді» деп таласты тоқтатқан екен.

Мұндай мақал-мәтелдерді бұзып қолдануға қарсы күрес ашу қажет.

Қазақ ССР ҒА Хабарлары. Филология сериясы, 1982. № 3. 1-б б.
(Ғ. Тұрабаевамен бірге)

Компаративные зоофразеологизмы, связанные со скотоводством, в казахском языке

Компаративные фразеологизмы, образованные с помощью аффиксов *–-дай/-дей,* в тюркском фразеологическом фонде занимают значительное место. Эти типы фразеологизмов наблюдаются во всех сферах функционирования языка, и в этом отношении аффикс – *дай/-дей* (с вариантами) является как бы универсальным и семантически индифферентным. Однако в плане образно-фоновой мотивации среди других предметно-тематических групп зоофразеологизмы, связанные со скотоводством, в казахском языке занимают особое место по ряду объективных причин. Главной из них является то, что в этой категории ФЕ в казахском языке сказывается многовековой опыт носителей языка по выращиванию домашнего скота и уходу за ним, использованию скота в качестве средства передвижения, продуктов питания, а также сырья для изготовления одежды и домашней утвари.

Фразеологизмы, связанные со скотоводством, в большинстве своем относятся к древним пластам языка; этим, пожалуй, и объясняется обыденность для носителей языка их семантического содержания и широта функционального использования. Здесь, как и в любой сфере языка, на процесс образования фразеологизмов непосредственно воздействуют экстралингвистические факторы. Применительно к изучаемому объекту это прежде всего особенности кочевого и полукочевого образа жизни казахского этноса в прошлом.

В отношении содержания фразеологизмы делят на натуральные и конвенциональные. Фразеологизмы, которые мы собираемся рассмотреть, относятся к категории натуральных. О природе их С. Скорупка пишет: «Натуральные фразеологизмы возникают спонтанно, независимо друг от друга в разных языках, так как они имеют общую основу, связанную с наблюдениями человека за природой: ее явлениями, жизнью и поведением животных, в общих физиологических и психологических признаках человека, в общих условиях развития; этим обусловлены общие законы, по которым в лексемах развиваются переносные значения, которые становятся исходными при образовании фразеологизмов»[1].

В нашем конкретном случае все виды и породы домашних животных ассоциируются в сознании носителей языка с чем-то схожим в человеческом поведении, внешности, характере и свойствах. Так, например, верблюд представляется животным надменным и степенным, лошадь олицетворяет благородство, силу и выносливость, овца – кротость, серость и податливость, коза – хлопотливость, беспокойство, корова – неряшливость и невозмутимость и т. д. Об этих же и некоторых других особенностях домашних животных красноречиво говорят существующие в казахском фольклоре определения и оценки, данные им пастухами и табунщиками: *Жылқы* бақтым – жорғалаттым, *Түйе* бақтым – түйме тақтым, *Қой* бақтым – қоңырау тақтым, *Ешкі* бақтым – еніреп бақтым, *Сиыр* бақтым – сыйдаң қақтым... Перевод: Пас я *лошадей* – довольствовался их иноходью, пас я *верблюдов* – пользовался уважением (досл. «пришивали мне пуговицы»), пас я *овец* – пользовался известностью (досл. «привешивал себе колокольчики»), пас я *коз* – натерпелся горя (досл. «ходил со слезами»), пас я *коров* – не успевал за ними бегать.

Подобная характеристика, отражающая в себе многовековой опыт кочевого общества, его наблюдения за поведением и нравом домашних животных, в данном случае содержит лишь отдельные особенности, которых значительно больше. Они часто переносятся на человека, его деятельность, поступки, выступая в качестве семантического стержня соответствующих фразеологических единиц. Ср.: *жылқы мінез* – досл. «человек лошадиного характера» – речь здесь идет о выносливости и способности этого животного быстро восстанавливать свои силы, но уже по отношению к человеку; *қойдан қоңыр* «смирный, ничем не примечательный [человек]» – досл. «серее овцы»; *нар атандай* «как одногорбый холощеный верблюд» – обычно употребляется по отношению к человеку, обладающему дюжинной силой и крупной комплекцией тела; *сыйыр сипағанды білмейді* – досл. «корова остерегается человека, не понимает, что он ее хочет погладить» – употребляется по

1 Skorupka St. Idiomatysmy fraseologiene w jesuky polskim ich genesa|| Славянская фразеология. М., 1958. Т.3. С.125.

отношению к людям, которые не понимают добра, не ценят добрых человеческих намерений.

Таким образом, компаративные зоофразеологизмы как в отдельности, так и в предметно-тематической группе образуют в языке определенную образно-фоновую основу, которая по своему содержанию и семантической структуре может быть общей для многих родственных и даже неродственных языков или остаться в рамках лишь одного языка. Эта особенность образно-фоновой основы зоофразеологизмов учеными объясняется, с одной стороны, общностью истории и культуры, взглядов и верований, а с другой – обособленностью или самостоятельностью исторического развития того или иного народа.

Остановимся подробнее на компаративных фразеологизмах, образованных с помощью аффиксов *-дай/-дей, -тай/-тей*. Дело в том, что именно в этой конструкции фразеологизмов мы находим прямую связь между миром человека и миром животных, а сравнительная форма *-дай/-дей* постоянно подчеркивает непосредственность этой связи. Сложный мир человека довольно красочно и образно характеризуется путем сравнения его с животным миром, представленным в языке любого народа во всем богатстве и разнообразии. Эту мысль подчеркивают многие ученые. Так, Р. М. Вайнтруб отмечает, что «фразеология, включающая в себя названия фауны, как и соматическая фразеология, составляет во фразеологическом составе любого языка значительный пласт»[2]. «Если всю русскую фразеологию разделить по тематическим группам, – пишет В. М. Мокиенко, – то образов, заимствованных в ней из животного мира, окажется больше всего. Это еще одно свидетельство того, что фразеология – историческое зеркало жизни общества»[3].

Сравнение в широком смысле этого слова –это результат сопоставления двух предметов или явлений на основе их сходства по какому-либо из признаков. Сущность компаративной конструкции фразеологизмов на *-дай/-дей* заключается не только в ее своеобразной трафаретной структуре, но и в семантике и образно-фоновой основе ассоциативных представлений, придающих ФЕ особую эмоционально-экспрессивную окраску.

Согласно мнению А.А. Потебни, «сравнение как категория формальной логики предполагает наличие трех элементов: а) понятие, которое требует пояснения; б) понятие, которое служит для пояснения; в) посредствующий, связывающий элемент, служащий «мостиком» между двумя понятиями... Это общее между вновь познаваемым и прежде познанным называется по латыни tertium comparationis, то есть третье сравнение, третья величина при двух сравниваемых»[4]. Конкретное приложение этой концепции сравнения к

2 *Вайнтруб Р.М.* Опыт составления соматической фразеологии в славянских языках// Вопросы фразеологии. Самарканд, 1975. Т. 9. С. 159.

3 *Мокиенко В.М.* В глубь поговорки. М., 1975. С.73.

4 *Потебня А.А.* Из лекции по теории словесности. Харьков, 1905. С. 540.

фактам тюркских, в том числе казахского, языков и дальнейшее его развитие мы обнаруживаем в специальном исследовании Т.К. Коныpова, где он рассматривает также три необходимых элемента сравнительной конструкции: а) предмет сравнения (условно обозначенный именем [А], б) образ сравнения [В], в) основания сравнения [С] и показателя сравнения [m][5], которые образуют формулу: A+Bm+C.

Надо сказать, что рассматриваемые ниже зоофразеологизмы сравнительной конструкции при показателе сравнения *-дай/-дей* теоретически полностью укладываются в эту формулу. Однако в практической реализации устойчивой компаративной конструкции в зависимости от наличия тех или иных компонентов проявляется немало особенностей.

Компаративные зоофразеологизмы в казахском языке по структуре можно разделить на однокомпонентные, двухкомпонентные, трехкомпонентные, хотя этот принцип классификации отличается некоторой условностью: элемент С, являющийся основанием сравнения, довольно часто выражается имплицитно, элемент А (предмет сравнения) выступает только в контексте[6], тогда как элемент В (образ сравнения) с показателем сравнения выступает постоянно, являясь как бы структурно-семантическим стержнем образования компаративных зоофразеологизмов.

1. Однокомпонентные зоофразеологизмы на *-дай/-дей* по своей структуре и общей компаративной семантике ничем особым не отличаются от предметно-тематических групп фразеологизмов типа *еңгезердей, қолақпандай, нарттай, тырдай* и др., после которых всегда подразумеваются в тексте. Ср.: *еңгезердей үлкен, қолақпандай үлкен, дәу, нарттай қызыл, тырдай жалаңаш* и т.д.

Образные сравнения, возникшие на основе зоолексики в казахском языке, располагают несколькими видами одноэлементной компаративной конструкции, один из них – когда в сравнительной конструкции присутствует лишь элемент В (образ сравнения), основание сравнения (С) выражается имплицитно, т.е. входит в структуру значения элемента В, а элемент А (предмет) выступает только в контексте. Примеры: *ат кекіліндей* – досл. «количеством с челку лошади», *тайдың тұяғындай* – досл. «размером с копыто жеребенка», бір кескен картадай – досл. «как отрезанный кусок карты», *үрген местей* – досл. «словно запыхавшаяся жаба», *үйірсек аттай* – досл. «словно лошадь, привыкшая к своему косяку».

2. Двухкомпонентные зоофразеологизмы на *-дай/-дей.*

Модель В+А. С выражается импицитно, т.е. в компаративной конструкции выступают образ и предмет сравнения, а основание сравнения выражается

5 *Коныров Т.К.* Структурно-семантическая природа сравнения в казахском языке: (Компаративные конструкции). Алма-Ата, 1985. С. 7-8.

6 Так же С.14.

имплицитно: *ат басындай алтын* – досл. «золото величиною с голову лошади», *тай тұяқ алтын* – досл. «золото величиною с копыто жеребенка», *түйенің көзіндей тостаған* – досл. «чашка величиною с верблюжий глаз», *қозы көгеніндей жер* – досл. «дистанция, равная привязи ягненка», *бие бауындай жер* – досл. «расстояние, равное привязи кобылицы» и т. д.

Модель В+С, где присутствуют образ и основание сравнения: *қойдан жуас* – досл. «смиреннее овцы», *қойдай жуас* – досл. «как овца, смиренный, кроткий», *жегін аттай жортақы* – досл. «приспособленный, словно ломовая лошадь», *жүндей жұмсақ* – досл. «мягкая, подобно шерсти», *түбіттей майда* – досл. «мягкий, пушистый, как пух» и т. п. В данном случае основание сравнения С выступает в качестве прилагательного.

Модель В+С. Основание сравнения выступает в качестве глагола: *жабыдай жалтаңдау* – досл. «оглядываться боязливо, словно жабы», *ала тайдай бүлдіру* – досл. «нарушать покой, как пегий стригун», *ала тайдай бөліну* – досл. «отделяться, словно пегий стригун», *құтпан айғырдай азынау* – досл. «ржать, подобно косячному жеребцу», *тарпаң тайдай қылтылдау* – досл. «быть изменчивым, как тарпан», *құлындай шыңғыру* – досл. «издавать пронзительные звуки, словно жеребенок».

3. Трехкомпонентные зоофразеологизмы. Встречаются в казахском языке довольно редко. Модель В+С+А: *шапқан аттай желіккен дау-жанжал* – досл. «разгоревшийся скандал, напоминающий скачущую лошадь», *қамшының сабындай қысқа өмір* – досл. «жизнь короткая, словно ручка камчи», *айғырдың ту құйрығындай қалың шаш* – досл. «жесткие густые волосы, подобные волосам на хвосте жеребца».

При анализе зоофразеологизмов по структурным типам выяснилось, что среди однокомпонентных, двухкомпонентных и трехкомпонентных компаративных конструкций наиболее многочисленными являются двухкомпонентные.

Известия АН КазССР. Серия филологическая, 1989. № 4. с. 23-26. (Соавт.С.К.Сатенова))

ЭТНОЛИНГВИСТИКА ЖӘНЕ ТАРИХИ ЛЕКСИКОЛОГИЯ

Этнолингвистика – этностың инсандық болмысын һәм дүнияуи табиғатын, оның даму заңдылықтарын басқа емес, тек тіл феномені арқылы танып-білудің ғажайып мүмкіншіліктерінен, яғни «этностаным» мен «тілтаным» арасынан туындаған жаңа да дербес сала. Тіл білімінде оған: «*Этнолингвистика* – это раздел макролингвистики, изучающий отношения между языком и народом и взаимодействия лингвистических и этнических

факторов в функционировании и развитии языка» (*Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. М., 1966, с. 539),* – деген анықтама беріледі.

Жалпы тіл білімінде бұл сала және оның мақсат-мүддесі теориялық тұрғыдан көптен бері-ақ белгілі болса да, іс жүзінде, әсіресе түркі тілдерінде кең қолданыс таба алмай келе жатқандығы мәлім. Қазақ тіл білімінде бұл проблемамен алғаш (1970-жылдардан бері) шұғылдана бастаған ғалым Ә.Қайдар болды деп айта аламыз. Содан бері бұл салада ірілі-ұсақты жүздеген еңбек дүниеге келіп, қазақ тілінің өз табиғаты мен ерекшелігіне сәйкес қазақ этнолингвистикасының бағыт-бағдары, мақсат-мүддесі айқындалып, ғылыми тұжырымдамасы (концепциясы) жасалды. Көптеген кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғалды, қорғауға дайындалып жүргендер де баршылық. Міне, осы қыруар игілікті істердің ұйытқысы да, бағдарлаушы, басқарушы көшбасы да академик Ә.Қайдар екендігі ғалымдар қауымына көптен белгілі. Бұл саланың Қазақстан топырағында дүниеге келіп, қалыптасуына оның жеке басының және көптеген шәкірттерінің қосқан үлесін, этнолингвистикалық объектілер (нысандар) мен зерттеу әдіс-тәсілдерін, мақсат-мүдделерін ғылыми-практикалық мәнін арнайы зерттей келіп, «*Основы этнолинвистики*» (Алматы, 1995, с. 180) атты кітап жазған әйгілі ғалым, проф. М.М.Копыленко академик Ә.Қайдар төңірегінде «қазақ этнолигвистикалық мектебі қалыптасты» деп түйеді.

Шынында да, кейінгі 20-25 жыл беделінде жалпы осы проблемаға және оның нақтылы мәселелеріне қатысты жазылып жатқан диссертациялар мен басқа еңбектердің жалпы саны (М.М.Копыленконың көрсетуі бойынша) бір мыңнан асады. Осылардың біразы академик Ә.Қайдар ұсынған тақырыптар мен этнолингвистикалық проблемалар болып саналады *(М.М.Копыленко еңбегі қаралсын)*.

Қазақ тіл білімі саласында этнолингвистикалық ізденістердің етек алып, оған ғылым ізденуші жастардың ден қоюында, оқырман қауымның қалауынан шығып, оларға деген сұранымның арта түсуінде өзіндік біраз сыры бар деп ойлаймыз.

Біріншіден, этнолингвистикалық зерттеулерден өзінің тұрақты мақсат-мүддесіне байланысты таза лингвистикалық категориялардың өздерін емес, этностың өзін түсінуге қажетті тілдік (лексика-фразеологиялық, т.б.) фактілердің ішкі мазмұнын терең де жан-жақты ашуға бағышталатынын көреміз. Демек, бұл мақсаттың рухани-мәдени танымдық мәні зор деген сөз.

Екіншіден, этнолингвистикалық зерттеуге тіл байлығымыздағы кез-келген құбылыс, дерек, тақырып (фразеология, мақал-мәтел, ономастика, жұмбақ, өнер, төрт түлік мал, т.б.) объект бола алады. Өйткені ол фактілердің барлығы этнос болмысын тануға қатысты және оларды әдеттегі лингвистикалық формальдық тұрғыдан ғана емес, одан әлдеқайда тереңірек, жан-жағын үңгілей түсіп, індете

зерттейді. Мәселен, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерді этнолингвист ғалым әдеттегідей қоғамда қалыптасқан ауыс мағынасында ғана емес, сонымен қатар сол мағынаның қалыптасуына негіз болған о бастағы әр алуан мотивтерін (уәждерді) анықтауға тырысады. Демек, тіл деректері тек өзінің коммуникативтік қызметі деңгейінде ғана емес, сонымен қатар кумулятивтік, яғни рухани, мәдени қазынаны өз бойында сақтаушы мұра, бұлақ ретінде сырын ашады.

Үшіншіден, тіліміздің лексика-фразеологиялық байлығын алфавит тәртібімен түзілген әр алуан лексикографиялық (сөздік, энциклопедия т.б.) еңбектер арқылы меңгеру мүмкін емес. Этнолингвистикалық зерттеулердің ең басты ерекшелігі – барша деректердің тақырыптық, мағыналық, логикалық жүйе негізінде берілуінде т.т.

Міне, осы тәрізді тәсілдерге байланысты этнолингвистикалық зерттеулер тілдің ішкі дүниесін толық ақтарып көрсету арқылы оның не бір тамаша танымдық мүмкіншіліктерін де пайдалана алады.

Міне, осылардың барлығы академик Ә.Қайдар ұсынып, оларды біртіндеп кеңейтіп, тереңдетіп, дамытып келе жатқан этнолингвистикалық ілімнің негізгі принциптері болып саналады.

Академик Ә.Қайдардың бұл сала бойынша жазған еңбектері де біршама: *Қазақ этнолингвистикасы* // Қазақ тілінің өзекті мәселелері. Алматы, «Ана-тілі», 1998, 8-29 б.; *Доспехи и вооружение воина-батыра в казахском эпосе и их этнолингвистическое объяснение* (бұл да сонда, 30-40 б.б.); *Этностық болмыс ұғымдары* // Ана тілі, 1990; *Культ слова у тюркских народов* // Тезисы XXIX ПИАК, Ташкент, 1986, с. 63-65; *Жеті қазына* // Ана тілі, 1990., т.б.

Қорыта келгенде айтарымыз: бұл проблемамен ұзақ жылдар бойы, әсіресе кейінгі кездері бірыңғай шұғылданып, шәкірттер дайындап, өз мектебін қалыптастырған академик Ә.Қайдарды қазақ этнолингвистикасының негізін салушы ғалым деп атауға әбден болады.

Қазақ тілінің тарихи лексикологиясы: проблемалары мен міндеттері

Тарихи лексикология – жалпы тіл білімінің сүбелі де күрделі салаларының бірі. Оның зерттеу объектісі – лексика және оның пайда болу жолдары мен даму заңдылықтары. Басқаша айтқанда, тарихи лексикология тіл тарихына, сол тілде сөйлеуші этностың (халықтың, ұлттың) бастан кешірген қоғамдық формациялары мен басып өткен ұзақ өмірлік жолына қатысты тілдік фактілердің шығу тегін, қалыптасу кезеңдерін, туыстас тілдердің қатарынан алатын орнын, басқа тілдерге қатыстығын ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттеуді мақсат етеді.

Демек, тарихи лексикологияның жалпы лексикологиядан басты айырмашылығы – ол тіл фактілерін зерттеуде тарихи принципке сүйенуде.

Ол белгілі бір тілдің лексикасын жалпылама емес, нақтылы бір халықтың азаматтық тарихына байланысты, сол халықтың мәдениетіне, дүниетанымына, салт-сана, әдет-ғұрпына т. б. экстралингвистикалық факторларына қатысты зерттелуі керек. Өйткені әрбір тілдің лексикалық қоры, қат-қабат сөз байлығы, сайып келгенде, сол тілді жаратушы, сол тілде сөйлеуші халықтың тарихымен тікелей байланысты, сол халықтың халық болып қалыптаса бастаған ұзақ дәуірінің жемісі, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, толығып, кемелденіп, жаңарып отыратын асыл да абзал мұрасы, сол халықтың мәдени, рухани өмірінің айнасы болып саналады. Әрбір тілдің сөз байлығын тарихи тұрғыдан зерттеу дегеніміз – оны сол тілдің өз топырағында, өзіндік даму үрдісін, сыр-сипатын ескере отырып қарастыру, жалпылама емес, нақтылы объектімен байланыстыру. Ал бұлардың бәрі тарихи лексикологияның бір тілдегі нақтылы объектісі болып саналса, оның туыс және туыстас тілдердің лексикасын зерттеуге байланысты проблемаларының шеңбері бұдан әлдеқайда кең болатыны өзінен өзі-ақ түсінікті.

Тарихи лексикологияның өзіндік зерттеу объектісі мен белгілі тәсілдері бола тұрса да, оның дербестігінен гөрі ғылымның басқа салаларымен байланысы, астарластығы ерекше көзге түседі. Осыған орай «қазақ тілі тарихи лексикологиясының зерттеуге тиісті объектілері мен міндеттерін біз қалай анықтауымыз керек?» деген сұрақ туады. Айта кетуіміз керек, бұл мәселе қазақ тілбілімінде бұрын-соңды арнайы сөз болған емес. Тарихи лексикологияның жеке мәселелерін сөз еткен бірлі-жарымды еңбектерді есептемегенде, бұл саланың нақтылы объектілері мен алда тұрған міндеттері жан-жақты қаралып, толық анықталып, күн тәртібіне қойыла қойған жоқ.

Алайда қазақ тіл білімінің бүгінгі күннің биік талабына сай табыстары тарихи лексикологияның терең де тегеуірінді зерттелуіне байланысты. Олай болса, бұл саланың негізгі зерттеу объектілері мен міндеттерін жан-жақты сөз ете отырып, оған мамандардың назарын аудару, программалық зерттеулердің бағыт-бағдарын анықтау бүгінгі таңның зәру міндеті болып саналады. Бұл мәселенің ғылыми тұрғыдан зерттеліп, дұрыс шешілуі тек ғылымның, ғалымдардың өздері үшін ғана емес, сондай-ақ көпшілік қауым үшін де маңызы зор. Өйткені талғам-талабы биік бүгінгі оқырман қауымы ана тілінің қол жеткен табыстарын қызықтай отырып, оның өткен тарихын, шығу тегін, сөз өнерінің небір тамаша құпия сыры мен күнделікті қолданылып жүрген сөздерінің және «қазақ» этнонимінің төркінін білгісі келеді. Ана тілінің табиғатына қызу сезіммен қызыға қараушылар тіл мамандарының бірлі-жарымды, тиіп-қашып айтқан пікірлеріне қанағаттанбайтын сияқты. Күрделі еңбекті талап етеді. Сондықтан да олар «өлеңге әркімнің-ақ бар талабы» дегендей, сөз төркіні жөніндегі өзінше топшылаулары мен жорамал-жобаларын газет-журнал беттерінде жариялап, ортаға салуға талаптанады.

Бұлардың бәрі, әрине, заңды талаптар және олар тарихи лексикологияға үлкен де жауапты міндеттер жүктейді. Осы міндеттердің мүддесінен шығу үшін тілші қауымы да тіл тарихына байланысты зерттеулерді жандандыруы қажет сияқты. Осы проблеманы жан-жақты қарастыратын арнайы монографиялар мен тарихи-этимологиялық сөздіктер шығаруға кірісетін уақыт жетті деп ойлаймыз. Бірақ бұл міндеттерді атқару үшін тарихи лексикологиямен шұғылданушы тілшілерге үлкен дайындық керек. Бұл тәрізді қиын да жауапты іске кірісуден бұрын әрбір маман осы салада бүгінге дейін не істелді және бұл істердің ғылыми-теориялық дәреже-деңгейі қандай екенін анықтай отырып, алдағы мақсатымыз бен міндетімізді айқындап алғаны жөн. Осыған орай мақаланың мақсаты: «қазақ тілі тарихи лексикологиясының бүгінгі таңдағы көкейкесті проблемалары мен алдағы міндеттері не?» деген сауалға жалпы түрде болса да жауап беру және бұл саланың басқа проблемаларға қатыстығын анықтай түсу.

Тарихи лексикологияның зерттеу объектілері және басқа ғылым салаларына қатыстығы. Тарихи лексикологияның зерттеу объектісі дегенде екі түрлі жағдайды ескергеніміз жөн. Біріншіден, ол алдына қойған мақсатына және тіл фактілерін талдау тәсілдеріне байланысты іштей сараланып, тікелей өзіне қатысты проблемаларды әр қырынан қарастыратын этимология, семасиология, ономасиология, диалектология, этнолингвистика сияқты тарауларды қамтиды. Екіншіден, оның тіл білімінің осы салаларында қол жеткен табыстар мен талдау әдістерін пайдалана отырып, этностың шығу тарихын (этногенезін), этнос тілінің пайда болуын (глоттогенезін), халық тілінің базистік структурасын, туыс, туыстас және басқа тілдермен болған қарым-қатынасын, әр түрлі экстралингвистикалық факторлардың тіл дамуына тигізген әсерін т. б. тіл фактілері мен оның заңдылықтары негізінде қарастырып, тұжырым айтуға мүмкіндігі мол. Сондықтан да тарихи лексикологияның өзіндік объектілері мен қатыстық объектілері арасында тығыз байланыс, мүдделестік бар.

Біз мақаламызда осылардың кейбіреулерін ғана сөз етеміз.

Тарихи лексикология және этногенез. Қазақ тілі тарихи лексикологиясына қатысы бар проблеманың бірі – қазақ халқының этногенезі мен глоттогенезі. Бұлар этнос пен этнос тілінің тарихи бір мезгілде, бір географиялық ортада және белгілі бір әлеуметтік жағдайда қалыптасуына байланысты құбылыстар. Тілдік факторлар этностың халық болғанға дейінгі және одан кейінгі тарихын айқындауға бірдей қажет. Бұл арада қазақ тілінің базистік лексикасына тән байырғы сөздер мен сөз тұлғаларынан тыс толып жатқан тілдік деректердің атқаратын қызметі зор екенін ескерткіміз келеді. Қазақ халқының негізін құрушы көптеген ру-тайпалардың этнонимдері мен «қазақ» этнонимінің этимологиялық табиғаты, көне тарихымыздың куәгері ретінде қазақ топырағында сақталып келе жатқан жер-су атаулары, өлке-өлкені мекендеген ру-тайпалардың тілдік ерекшелігі ретінде сақталып бізге жеткен диалектизмдер, көне дәуір мен орта

ғасырлардың тасқа қашалған сыналы жазулары мен жазба ескерткіштері – осылардың бәрі де этнос пен этнос тілінің тарихын айқындауға қажетті тілдік деректер.

Этногенез проблемасына байланысты тіл деректерін пайдалану дегенде, біз ең алдымен этнонимдерге жасалатын этимологиялық талдауларды айтқан болар едік. Мәселен, қазақ этниміне байланысты айтылып жүрген жоба-жорамалдар көп-ақ. Олардың жалпы саны қазірдің өзінде-ақ жүзден асады. Бұлардың арасында ғылыми этимология да, әр түрлі аңыз-риваяттар мен мифологиялық топшылауларға негізделген халықтық этимология да баршылық. Бұл мәселені тарихшылар мен тіл мамандары бірлесе отырып зерттегенде ғана дұрыс нәтиже шығуы мүмкін. *Арғын* деген этноним жайында да осыны айтуға болады. Махмұд Қашғаридың «Диуанында» кездесетін ру тобының атауы *арғу* мен қазақ және басқа түркі халықтарының құрамына енген этникалық компонент *арғын*[1] этнонимінің төркіндестігі *-н (-ун //-ын)* элементінің табиғатына байланысты екенін тілшілер жақсы біледі. Ол түркі, монғол тілдеріне ортақ элемент болып саналады *(бай > баян, ной > ноян).*

Тарихи лексикология этногенез проблемасына байланысты пікір айтқанда ең алдымен ол объективті тарихи фактілердің өзіне сүйенуі керек. Тарихи-лингвистикалық деректер негізінде бір ру-тайпаның екінші ру-тайпамен тарихи қатынасын, өзара әсер-ықпалын анықтауға болатынын көптеген мысалдармен дәлелдеуге де болады. Мәселен, түркі ру-тайпаларының ұзақ даму тарихында пікір айтып жобалауға болатын дәуір – хун дәуірі. Осы дәуірде Қазақстан территориясын түркі тілдес ру-тайпалардан басқа индоиран тілдерінде сөйлеуші тайпалар *(сақ, юечжи, соғды* т. б.) да мекендеп келгені мәлім. Осы өлкеде қалыптаса бастаған этникалық процесс біздің ж. с. бұрынғы I ғасырда Орталық Азияның түкпірінен қоныс аударып, Батысқа қарай жөңкі көшкен хундар Қазақстан жерін мекендейтін осы ру-тайпалардың этностық келбетін өзгертпей қойған жоқ. Белгілі деректерге қарағанда хун бірлестігінің өзі тегі жағынан құрама, тілі жағынан біркелкі болмаған. Кейбір ғалымдардың пікірі бойынша[2] хундардың басым көпшілігі түркі тілдес тайпалардан тұрған, олардың Батыстағы одақтасы – үйсіндер болған[3]. Хундар мен үйсіндер одағы біздің эрамыздың басында Батысқа қарай жылжып, ең алдымен Жетісу территориясын басып алады да, бұл өлкеде жасайтын жергілікті сақ, юечжи т. б. тайпалардың біразын ығыстырып тастап, өздері қалған шығыс иран тайпаларымен араласа

1 *Потапов Л. П.* Происхождение и формирование хакасской народности. Абакан, 1957, с. 154–155.

2 *Бернштам А. Н.* Социально-экономический строй орхоно-енисейских тюрок VI–VIII веков. Восточнотюркский каганат и кыргызы. М., Л., 1946, с. 82; *Соның өзі.* История гуннов. Л., 1951, с. 55–56.

3 *Зуев Ю. А.* К этнической истории усуней //Тр. ИИАЭ АН КазССР. Алма-Ата, 1960, № 8, с. 6–7.

бастайды. Қазақстан жеріндегі көне тұрғындардың түркіленуінің алғашқы дәуірі осы кезден басталады деп көрсетеді ғалымдар[4]. Ал Орта Азия мен Қазақстан жеріндегі иран тілдес ру-тайпалардың түркілер мен моңғолдарға айналуының екінші толқыны сол хундар мен үйсіндердің тағы да Батысқа қарай жылжи түсуінен және бұл жолы олардың *кангюй* тайпасының Сыр бойындағы үлкен мемлекетін ығыстыруынан басталған еді. Сөйтіп, тұрғындары негізінен түркі тілдес тайпалардан құралған Қазақстан I ғасырдың екінші жартысынан кейін көне түркілердің қол астына өтіп, түркі қағанаттарына тәуелді елге айналады. VIII ғасырда Қазақстанның біраз жері қарлұқ тайпаларының бақылауында болады. IX–XI ғасырларда Қазақстанда саяси гегемония *оғуз, қимақ* және *қарлұқтардың* қолына, одан кейін, IX ғасырдың I жартысынан бастап, Орталық Азиядан шыққан *қыпшақ* руларының одағына өтеді. Одаққа енген қалың қыпшақ ру-тайпалары Қазақстан мен Дешти-қыпшақты басып өтіп, бүкіл Евразия аймағына түгел тарайды. Ал осы этностық бірлестіктер мен одақтардың құрамында болған ру-тайпалардың көбісі XV ғасырда қазақ халқының қалыптасуына негіз болғандығы тарихтан белгілі. Демек, *қазақ* этносының дербес халық болғанға дейінгі тарихы өте күрделі интеграция және дифференциация процестерін басынан өткерген. Бұл процестерді та басып, дәл айтып беру қиын. Бірақ сол хун дәуірінің өзінде-ақ түркі тілдерінің біртұтас іргетасы қаланып, негізі жасалған еді. Ата түрк (пратюрк) дәуірін осы кезге мезгеген дұрыс болар деп ойлаймыз. Енді осы дәуірді бейнелейтін тілдік фактілерді анықтау тарихи-лексикологияның үлесіне тимекші.

Генезис проблемасына байланысты тарихи лексикологияның өнімді де өндіре зерттеуге тиісті объектісінің бірі – тілдердің тарихи контактысымен өзара араласуы. Әрбір тарихи кезеңдерде, әр қилы әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени, географиялық қарым-қатынастарға байланысты басқа тілдерден сөз қабылдап, соның есесіне байып, дамып отыру қазақ тіліне де тән және тамыры тым терең жатқан күрделі құбылыс; ол қазақ халқының халық болып қалыптасуына негіз болған көптеген түркі тілдес этностық топтардың, ру-тайпа бірлестіктерінің тілі басқа, діні басқа көршілес қауымдармен қарым-қатынас жасап, араласқан сонау көне замандардан басталып, бүгінге дейін толастамай келе жатқан тарихи көштің ұзын сонар сілемі іспеттес.

Осы орайда қазақ тілі тарихи лексикологиясының алдында үлкен-үлкен міндеттер тұрған сияқты. Солардың ішінде әлі күнге дейін арнайы зерттелмеген, бірақ зерттеуді қажет ететін проблемалардың бірі – ол қазақ халқы қалыптасқанға дейінгі Қазақстан жерін мекендеген ру-тайпалардың тілін және олардың өзара қарым-қатынасын анықтау. Тарихи деректерге қарағанда, бұл өңірде біздің жыл санауымызға дейін де және одан кейін де *скиф, сақ, массагет, соғды,*

4 *Бартольд В. В.* Соч. Т. 2, ч. 1, с. 25–26.

сондай-ақ көптеген түркі ру-тайпалары жасап келгендігі мәлім. Бұлардың тілі жөнінде айтылып жүрген пікір көп те, бірақ күні бүгінге дейін пікір бірлестігі жоқ. Бұлардың қайсысы түркі тілінде, қайсысы иран, не басқа тілдерде сөйледі? Бұл жөнінде талас, тіпті бірін-бірі жоққа шығаратын пікірлер де жоқ емес. Шығыстан Батысқа жөңки көшіп, кең-байтақ Қазақстан жерін баса көктеп өткен хундардың этностық белгісі, тілі қандай еді және олар жол-жөнекей кездескен әр түрлі ру-тайпалармен қандай қарым-қатынаста болды, олармен қалай араласты, олардың тіліне қандай әсер етті? Бұл, әрине, жалпы түркологиялық мәселелер. Бірақ оның қазақ тіліне де қатысы бар, өйткені қазақ тілінің шығу тарихын сөз еткенде біз оны тек XIV–XV ғасырлардан басталды деп айта алмаймыз: оның шығу тарихы мен дербес тіл болып қалыптасу дәуірлері әлдеқайда әріден басталса керек. «Скифтер мен сақтар, соғдылар мен хундар қай тілде сөйледі, олардың түркі ру-тайпалар тіліне қандай әсері болады?» деген мәселелердің күн тәртібіне қойылуы да заңды. Бұл мәселенің тиянақты шешілуі түркі халықтарының тілдік тарихын айқындай түскен болар еді. Бірақ бұл саладағы деректеріміз ауыз толтырып пікір айтуға әзірше жеткіліксіз. Тарихи лексикологиямен шұғылданушы мамандардың бас қоса отырып, шешуге тиісті келелі мәселелерінің бірі осы болса керек.

Сонымен, бүгінгі қазақ тілінің тегі жайында, тарихи даму сатылары мен басқа тілдерге қатыстығы жайында жорамал («рабочая гипотеза») ретінде әдетте мынаны айтуға болар еді: оның арғы тегі сонау хун, көне түркі дәуірінен басталып, түп-төркіні көне үйсін, қаңлы, қыпшақ тайпаларының тілдік дәстүрінен өрбіп, орхон-енисей ескерткіштері тілімен ортақтығын сақтай келе, М. Қашғаридың «Диуаны» мен Ю. Баласағунидың «Құтадғу білігі» тілімен жалғаса түсіп, туыстығын кейінгі дәуірлердегі қыпшақ тілдерінен тапқан – дербес түркі тілдерінің бірі. Сондықтан да қазақ тілін әрі көне, әрі жаңа тілдер санатына қосуға толық негіз бар. Оның базистік лексикасында баба тілі («праязык»), көне түркі («пратюркский») элементтері көптеп сақталған.

Тілара қатынастар және тарихи лексикология. Тілдердің өзара қарым-қатынасы, бір-бірімен байланысы тіл біліміндегі күрделі проблемалардың қатарына жатады. Тілдегі ауыс-түйістің көбісі лексика саласында болатындықтан, оған тарихи лексикологияның тікелей қатысы бар. Айта кету керек, жалпы тілара контакт мәселесінің лингвистер тарапынан зерттеле бастағанына 200 жылдан астам уақыт өтіпті. Осы уақыт ішінде бұл проблема жан-жақты тексеріліп, оның неше алуан құбылыстары мен түрлері тиісті теориялық шешімін тапқаны мәлім[5]. Алайда әрбір халықтың өзіндік тарихи даму жолы, басқа халықтармен

5 *Серебренников Б. А.* О взаимодействии языков // ВЯ. 1955, № 1; *Розенцвейг В. Ю.* О языковых контактах // ВЯ. 1963. № 1. *Ильященко Т. П.* Языковые контакты: (На материале славяне-молдавских отношений). М., 1970.

араласуында өзіне ғана тән ерекшеліктердің болуына байланысты бұл мәселенің нақтылы тарихи-лингвистикалық деректер негізінде зерттелуі талап етіледі.

Осыған орай қазақ тілінің басқа туыс (қырғыз, өзбек, түрікмен, башқұрт, ұйғыр т. б.), туыстас (монғол, бурят, қалмақ) және өзге системалы (орыс, қытай, араб, иран т. б.) тілдермен көрші ретінде де, тарихи-саяси, мәдени, географиялық жағдайларға байланысты да әр дәуірдегі қарым-қатынастары, олардың өзара ықпалы, лексикалық ауыс-түйістері ерекше назар аударады. Осыларды зерттеу де қазақ тілі тарихи лексикологиясының төл істерінің бірі. Бұл саладағы ізденістерді бірнеше бағытта қарастыруға болатын сияқты.

Басқа тілдердің элементтері араласпаған бірде-бір «таза» тіл жоқ деген қағида бар. Түркі тілдерінің ішінде өзінің тұтастығын, монолиттігін, тазалығын, өзіне тән ұлттық ерекшелігін өз бойында көбірек сақтап келе жатқан қазақ тілінің лексикалық байлығында да шет тіл элементтері көптеп кездеседі. Ол барлық түркі тілдеріне ортақ базистық лексиканы, әсіресе, оның қыпшақ компонентіне тән түбір-тұлғаларын мол сақтай отыра, ғасырлар бойы даму жолында басқа тілдердің элементтері арқылы да толығып, үздіксіз байып отырды. Қазақ тілі лексикасы құрамында көне де байырғы қазақ сөздерімен жымдаса, қатарласа қолданылып жүрген кірме сөздердің саны уақыт өткен сайын әр түрлі жағдайда араласқан тілдердің әсер-ықпалымен аса түспесе, азайған емес.

Әр заманда қабылданып, өз сөздерімізбен мидай араласып кеткен, тіпті сөйлеушілер үшін төркіні ұмыт болып, өз сөзіне айналып кеткен кірме сөздер аз емес. Олардың шығу тегі, келу жолы да әр түрлі. Солардың ең көнесі санскрит, қытай тілдерінің элементтері болса керек. Олар арнайы зерттелмегендіктен біз бұл жөнінде түркологиядағы кейбір деректерден басқа ешнәрсе айта алмаймыз. Қазақ тілі тарихи лексикологиясының бұл да бір кезектегі міндеті. Тіліміздің өткен тарихын анықтауда бұл мәселенің ролі зор.

Түркі тілдерінің ішінде қазақ тіліне елеулі әсер еткен, оның лексикалық қорында айтарлықтай із қалдырған тілдерге араб және иран тілдері жатады. Басқаларға қарағанда түркі тілдеріне енген араб және иран тілдерінің элементтері түркологияда көбірек зерттеліп келеді. Қазақ тіліндегі араб, парсы элементтерінің саны, мысалы, Л. З. Рүстемовтың[6] анықтауы бойынша, жалпы лексикамыздың 15 процентіне жуық екен. Кейбір түркі халықтарының (мысалы, өзбек, түрікмен, әзербайжан, ұйғыр т. б.) тілінде олар одан да көп. Қазақ тіліндегі араб, парсы элементтерінің әлі де зерттеле түсуін ескерте келе, біз бұл мәселеге арнайы тоқталып жатпаймыз.

Тілара контактіге байланысты қазақ тілі тарихи лексикологиясының ерекше көңіл бөлуге қажет объектілерінің тағы бірі – қазақ тілі мен оған

6 *Рустемов Л. З.* Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері. Алматы, 1982.

көршілес түркі тілдерінің (атап айтқанда, қырғыз өзбек, башқұрт, түрікмен, татар, ноғай, ұйғыр, алтай т. б.) арасындағы әр түрлі тарихи, географиялық, туыстық (генеологиялық) т.б. қарым-қатынастар болса керек. Бұл тілдердің өзара әсері, лексика саласындағы ауыс-түйістері қай дәуірде, қандай жағдайда және қай дәрежеде болмасын, сайып келгенде, тарихи процеске жатады. Сондықтан да біз сөз етіп отырған тарихи лексикологияның төл ісіне бұл тілдердің лексика саласындағы туыстығы, сөз жасау модельдері мен номинация, мотивация принциптеріндегі ұқсастықтарды, паремиология, фразеология саласындағы дүниетаным және бейнелеу ортақтығы т. б. зерттеуді де қосқан болар едік.

Тілара тарихи контактыға байланысты зерттей түсуді қажет ететін проблемалардан біз қазақ тілінің монғол және орыс тілдерімен болған қарым-қатынастарына толығырақ тоқталып өтеміз.

Қазақ тілі мен монғол тілдерінің қарым-қатынасы

Бұл проблеманың дұрыс шешілуі қазақ халқының дербес халық болып қалыптасуына негіз болған көптеген ру-тайпалар мен монғол тілдес ру-тайпалардың өткен дәуірлердегі этногенетикалық, тарихи, мәдени, саяси-әлеуметтік, географиялық т. б. байланыстарын тіл фактілеріне сүйене отырып анықтауды талап етеді.

Қазақ пен монғол тілдерінің қарым-қатынасын үлкен екі дәуірге бөліп қарауға болады: біріншісі – көне дәуір де, екіншісі – XII ғасырдан кейінгі, яғни Шыңғысхан бастаған монғол шапқыншыларының Қазақстан мен Орта Азия жерін және оны мекендеген түркі тілдес ру-тайпаларды жаулап алып, үстемдік жасаған дәуір. Егер бірінші дәуірде түркі, монғол тілдерінің, соның ішінде қазақ тайпалары тілдерінің шығу тегі, базистік лексиканың, түбір тұлғалар мен сөз жасау модельдердің туыстығы, ортақтығы, немесе сәйкестігі сөз болса, екінші дәуірде бұл тілдердің жоғарыдағы тарихи жағдайларға байланысты ықпал-әсерін, өзара лексикалық ауыс-түйісті қарастырған дұрыс болады.

Тарихи деректерге жүгінсек, Қазақстан жерін өте көне замандардан бері діні де, тілі де басқа-басқа әртүрлі этностық топтар мен бірлестіктер мекендеп келген. Ал монғол шапқыншыларының бұл өңірді басып алып, ұзақ замандар үстемдік етуі ондағы түркі және иран тілдес тайпалардың өзара араласуына не жіктелуіне ғана емес, сонымен бірге ұлттық тұрпатын өзгертіп, монғолдастыруға және этностық мәдениет пен тілдердің өзара жақындаса түсуіне, ұқсас белгілерінің пайда болуына өз ықпалын тигізгендігі сөзсіз.

Осы дәуірдегі қазақ ру-тайпаларының жағдайын тарихи деректер[7] былай суреттейді. Қазақстан жерін бұл дәуірде Шыңғысханның үш баласы Жошы, Үгедей және Шағатайлардың басқару еншісіне тиген еді де, XV ғасырда бұл өлкелердің көбі Көк Орда, Шайбанихан ұлысы және Моғолыстан тәрізді үлкен-үлкен саяси бірлестіктің құрамына енген болатын. Қандай болған жағдайда да

7 *Бартольд В. В.* Көрсетілген еңбек. 54–60, 147, 258–259-бб.

бұл кезеңде, яғни XIII–XIV ғасырлар аралығында, Қазақстанның кең-байтақ жерін негізінен түркі тілдес халықтар мекендеді. Солардың арасында қазақтар автохтонды тұрғындар болып саналды. Осы кезде жергілікті халықтармен мидай араласып кеткен монғол ру-тайпалары, о баста бұл өлкелерге басқыншы, жаулап алушы болып келсе де, өзіне тән этностық дәстүрді, мәдениетін, тілін, дінін дамыта алмады, қайта жергілікті субстрат тарапынан ассимиляцияға душар болды. «Үстем тап өкілі», «төре тұқымы», «ақсүйектер әулеті» деген аты, атағы болмаса, олар дінінен айрылып, мұсылман дінін қабылдап, тілінен айрылып, жергілікті тілдерге, соның ішінде қазақ тіліне көшкені мәлім. Тарихшылардың зерттеулеріне қарағанда[8], Моғолстан құрамына өткен алғашқы монғол ру-тайпаларының өздері түркі тілдерінде сөйлеген. Әрине, тіл заңдылығына сүйенсек, мұндай жағдайға таңғалуға болмайды. Өйткені о баста қаптап келген шапқыншы қолдың бәрі бірдей бұл өлкеде тұрақтап қалған жоқ еді. Олардың түркі тілдес қалың қауымның арасына сіңіп кетуіне бірінші себеп осы болса, екінші себеп: олардың өмір сүру, тіршілік ету тәсілдеріндегі, салт-сана, әдет-ғұрпындағы ұқсастық, сәйкестіктер. Монғол шапқыншыларының арасында түркі тілдес ру-тайпалардың да аз болмағандығы белгілі.

Алайда монғол-түркі тілдерінің Қазақстан топырағындағы ұзаққа созылған қарым-қатынасы мен тығыз байланысының дәл осылай аяқталуына қарап, бұл тілдердегі алыс-беріс, ауыс-түйісті жоққа шығара алмаймыз. Өйткені ассимиляция процесі қандайы болмасын, ол бір жақты, бір бағытта ғана болмайды. Монғол тілдері мен түркі тілдерінің сол дәуірдегі өзара тығыз қарым-қатынасы екі жаққа бірдей ықпал жасады. Сондықтан да бұл тілдердің лексикалық қорында кездесетін көптеген ауыс-түйіс, ортақ дүниені заңды түрдегі субстрат, суперстрат құбылыс деп қарағаң жөн. Бұл мәселені түркологтар да, монголистер де өз тарапынан, не бірлесе отырып арнайы зерттеген емес[9].

Ал қазақ тіліне келетін болсақ, оның монғол (халха, ойрат, бурят т. б.) тілдерімен Шынғысхан дәуірінен кейін (XVII–XVIII ғғ.) де ойроттар (қалмақтар) мен жоңғар басқыншыларының қазақ жеріне салған ылаңына байланысты қарым-қатынаста болғанын біз тарихтан жақсы білеміз. Осындай объективті жағдайлар мен толып жатқан тарихи-әлеуметтік оқиғалар тіл үшін де із-түзсіз өте шықпайтыны белгілі. Монғол әсерін лексикалық байлығымыздың барлық саласынан, атап айтқанда, Қазақстан топырағындағы көптеген жер-су атауларынан да, кісі, ру-тайпа аттарынан

8 *Юдин В. П.* О родоплеменном составе могулов Могулистана и Могулии и их этнических связях с казахским и другими соседними народами // Изв. АН КазССР. Сер. общественная. 1965, вып. 3, с. 57–58.

9 Түркологтардың бұл саладағы кейбір зерттеулері негізінен Сібір тілдеріне, атап айтқанда, якут, алтай, тува, тоф, хакас, шор т. б. тілдеріндегі монғол элементтеріне арналған. Мәселен: *Дарбаев П. А.* Монгольско-алтайские (ойротские) лексические взаимоотношения. Автореф. дис... канд. филол. наук. Элиста, 1983.

да, тұрмыс-салтқа, әскери басқару, заң т. б. ұғымдарға байланысты да кездестіруге болады.

Бұл ауыс-түйістер негізінен қазақ-монғол тілдерінің кейінгі дәуіріндегі тарихи қарым-қатынасына тән, бұл тілдердің көне дәуірдегі араласуынан, өзара сіңісуінен пайда болған түбір дәрежесіндегі ортақтықтан мүлдем басқаша құбылыс. Әрине, екі дәуірдің арасында белгілі байланыс, жалғастық болуы мүмкін, бірақ екеуіндегі нәтиже, қайталап айтамыз, екі басқа: біріншісі генеологиялық, туыстық мәселесіне қатысты да, екіншісі – тіларалық лексикалық ауыс-түйіске барып саяды. Басқаша айтқанда, біріншісі алтай теориясының міндеттері де, екіншісі қазақ тілі тарихи лексикологиясының зерттеу объектісі болып саналады. Ал бұл салада, кейбір жалпылама пікірлерді айтпағанда, күні бүгінге дейін арнайы зерттеулердің жоқ екенін жоғарыда ескерттік.

Осыған орай айта кететін бір жағдай: моңғол тілдері мен түркі тілдері (соның ішінде қазақ тілі) арасында көптеген түбір, түбірлес сөздер мен туынды түбірлер кездеседі. Тарихи лексикология саласында ізденуші кейбір ғалымдар қазақ тіліндегі тұлғасы беймәлім, мағынасы күңгірттене, қолданысы сиректей бастаған сөздердің монғол тіліндегі сөздермен сәйкестігін байқаса болды, «бұлар қазақ тіліне ауысқан монғол элементі» деп пішіп-кесетіні бар. Мұндай 1 «тәсіл», біздіңше, ғылыми дәлелге жатпаса керек. Салыстырып отырған лексикалық элементтердің сәйкестігі түбірге қатысты болса, онда мәселе екі тілге ортақ элемент жайында болуы керек те, ал түбірлес емес туынды тұлғаға қатысты болса, оны тілара ауыс-түйістік деп қараған жөн. Бұл арада монғол тілдері мен қазақ, не басқа түркі тілдеріне тән сөз жасау модельдердің өзіндік табиғатын тап басып тани білуде салыстырма-тарихи әдістің атқаратын қызметі орасан зор. Бұл тәсілдің ерекшелігі – ол салыстырылып отырған тілдердің фактілерін тарихи тұрғыдан қарастырады.

Монғол мен қазақ т. б. түркі тілдерін тарихи-салыстырма әдісімен зерттегенде есте болатын тағы бір жағдай: бұл ру-тайпалардың арасында ерте кезден-ақ өзара қарым-қатынас жасаудың қажеттігінен туған екі тілділіктің болуы. Мәселен, құба қалмақ заманында оқтын-оқтын болып тұрған талас-тартыстарда да, бейбіт өмірдегі той-жиындарда да қазақ пен қалмақтар бір-бірімен еркін сөйлесіп, түсінісе білген. Ол жайында ел аузында сақталған аңыз-әңгімелер дәлел бола алады. Мәселен, «Манастағы» Көкетайдың асындағы шешендер айтысын еске алуға болады. Соғыста қолға түсіп, бодан болу, басыбайлы күң, құл болу, қыз алып, қыз берісу т. б. – бәрі де тілге қатысы бар факторлар.

Қазақ және орыс тілдерінің қарым-қатынасы жайында

Бұл саладағы ізденістердің ғылыми объективті болуы үшін мәселені жалпы түркі-славян тіларалық қарым-қатынастың тарихымен тығыз байланысты қараған жөн болады. Демек, бұл қарым-қатынастың тамыры

тым алыстан басталуы керек деген сөз. Екіншіден, кез келген тіларалық қарым-қатынас міндетті түрде екі жаққа да, яғни өзара контактыда болған тілдердің екеуіне де белгілі әсерін қалдырады. Үшіншіден, тарихи қарым-қатынаста болған жеке тілдердің өздеріне ғана тән ерекшеліктері болуы мүмкін.

Түркі тілдері мен орыс тілінің (кеңірек алғанда – славян тілдерінің) арасындағы қарым-қатынастарды ғалымдар бес кезеңге бөліп қарайды[10]. Бірінші кезеңде (I–VIII ғғ.) орыс тілі мен бұлғар-хазар тілдері[11], екінші кезеңде (IX–XII ғғ.) печенег, половец тілдері, үшінші кезеңде (XIII–XV ғғ.) Алтын Орда хандығының ресми тілі болып саналған қыпшақ тайпаларының тілі тығыз байланыста болды; ғалымдардың пікірі бойынша, осы кезеңде көптеген араб, парсы, монғол, тибет т. б. шығыс тілдерінің элементтері де орыс тіліне қыпшақ тілдері арқылы енген; төртінші кезеңде (XVI–XIX ғғ.) патшалық Россияның Қазан, Астрахан, Сібір, Қырым хандықтары мен Орта Азия, Қазақстан, Кавказ халықтарын қол астына алып, бағыныштыру етуіне байланысты орыс тілі осы халықтардың тілімен қарым-қатынасқа енеді; бесінші кезеңге Ұлы Қазан революциясынан кейінгі дәуір жатады.

Осы кезеңдердің ерекшеліктеріне байланысты орыс тілі түркі тілдерінің дамуына игілікті ықпал жасаса, керісінше, түркі тілдерінің де орыс тіліне тигізген әсері аз болған жоқ. Орыс тілінің сөздік қорына еніп, қалыптасқан 10 мыңнан астам түркі сөздері – түркизмдер, міне, осының айқын айғағы болса керек.

Ал енді орыс тілі мен қазақ тілінің арасындағы қарым-қатынасқа келсек, ол дәуірленуі жағынан жалпы түркі-славян тіларалық қатынастарының кезеңдерімен бірдей емес. Қазақ пен орыс тілдерінің тарихи қарым-қатынасын кейбір қазақ ғалымдары[12] төрт кезеңге бөліп қарайды.

Бірінші кезең XVII ғасырдың басына дейінгі дәуірді, яғни қазақтар мен орыстардың әлі араласа қоймаған, экономикалық, әлеуметтік, мәдени байланысы аз, Қазақстан жеріне олардың көшіп келмеген уақытын қамтиды; екінші кезең (XVII ғасырдан XIX ғасырдың екінші жартысына дейін) Қазақстанның өз еркімен Россияға қосылуы және осыған орай қазақтар мен орыстардың арасында жіті қарым-қатынастың басталуымен ерекшеленеді; орыс сөздерінің қазақ тіліне ене бастауы да осы кезеңде байқалады; зерттеушілер осы кезеңнің ауыс-түйісіне, мәселен, *майор, солдат, поштабай, сот, атпекет, соқа, хутор, пристап* сияқты сөздерді жатқызады; үшінші кезең (XIX ғасырдың екінші жартысынан Ұлы Қазан революциясына дейін) орыс тілі элементтерінің қазақ тіліне сөйлеу

10 *Баскаков Н. А., Абаев В. И.* и др. Развитие и обогащение русского языка за счет заимствований из языков народов СССР // Взаимодействие и взаимообогащение языков народов СССР. М., 1969, с. 52–53.

11 *Добродомов И. Г.* Некоторые соображения о булгарском вкладе в славянских языках // Проблемы русского языкознания. М., 1970, с. 41–53.

12 *Мусабаев Г. Г.* Современный казахский язык. Алма-Ата. 1959, ч. 1, с. 47–48.

тілі арқылы да, жазба түрінде де көптеп ене бастаған дәуірге сәйкес келеді; олардың қатарына ғалымдар: *порым* (форма), *аршын, интернат, шар, самаурын, кереует, божы* (вожжи), *сөлкебай* (целковый), *жандарал* (генерал-губернатор), *ояз* (уездный начальник), *ауылнай* (аульный) сияқты тұлғалық өзгерістерге душар болған орыс сөздерін жатқызады[13]. Төртінші кезеңге Ұлы Қазан революциясынан кейінгі дәуір жатқызылады. Бұл кезеңдегі орыс тілінің қазақ т. б. халықтардың тіліне жасап отырған әсер-ықпалы алдына арнайы тексеруді талап ететін күрделі мәселе.

Қазақ, орыс тілдерінің осындай қарым-қатынастарын зерттеуде тарихи лексикологияның да қосар үлесі мол. Бұл мәселені зерттеуші мамандар оны көбіне-көп синхрондық планда ғана қарастырады да, жан-жақты терең талдауларға, тарихи-салыстырма тәсілге сүйене отырып, тіларалық ауыс-түйістердің заңдылықтарын ашуға бара бермейді.

Ал бұл салада неше алуан тілдік құбылыстарды көруге болады екен.

Біз солардың біреуіне ғана тоқтала кетпекшіміз. Мәселен, түркі тілдерінің, соның ішінде қазақ тілінің тарихи лексикологиясы үшін тек шеттен қабылданған сөздерді ғана емес, сонымен бірге бұл тілдерден басқа тілдерге ауысқан сөздерді зерттеудің де зор мәнісі бар. Мәселен, орыс тілінің сөздік қорына түркі тілдерінен енген он мыңнан астам кірме сөз бар екен. «Түркизмдер» деп аталатын осы кірме сөздерді славян тілдерінің мамандары да, түркологтар да зерттеуге праволы. Өйткені бұл мәселе славянистер үшін көршілес түркі халықтардың арасында болып келген ұзақ та тығыз қарым- қатынастарды анықтауға қажет болса, түркологтар үшін түркі сөздерінің өткен дәуірлердегі тұлғалық, мағыналық қалпын анықтау үшін қажет. Бір мысал келтірейік. Мәселен, бір кезде орыс тіліне еніп, әбден сіңісіп кеткен *балық* пен *алтын* сөздері тұлға жағынан сәйкестігін сақтаса да, түркі тілдеріндегі қалыптасқан номинатив мағынасынан мүлдем өзгеше[14]. *Балық* түркі тілдерінде «балық» біткеннің жалпы атауы болса, орыс тілінде ол балықтың бір түрін ғана (кептірілген балықты) білдіреді, ал түркі тілдерінде асыл металды білдіретін *алтын* сөзі революциядан бұрынғы орыс тілінде ақша өлшемінің баламасы («денежная единица») ретінде қолданылған. Қазақ тіліне орыс тілінің әсерімен ақша мағынасында сол кезде қолданылған *алтын теңге* деген тіркес бүгінде көнерген болса, ал ол орыс тіліндегі «Не было ни гроша, вдруг алтын» деген тұрақты тіркесте қолданыс тауып келеді. Бұдан шығатын қорытынды: ана тіліміздің басқа тілдерде жүрген лексикалық ауыс-түйістерін зерттеу де тарихи лексикологияның міндетіне енетіндігі. Олар сөз тарихын аша түсуге, әр түрлі себептермен ұмыт болған, не көнерген сөздеріміздің өткен дәуірлердегі қалпын, жергілікті (регионалды) ерекшеліктеріне қатыстығын, мағыналық, тұлғалық өзгерістерін анықтауға қажет-ақ.

13 *Мусабаев Г. Г.* Современный казахский язык. Алма-Ата. 1959, ч. 1, с. 47–48.

14 *Фасмер М.* Этимологический словарь русского языка. М., 1964, т. 1.

Түркизмдердің тілдік табиғатына түркологтардың көзімен қараудың тағы бір қажеттігі олардың көп сыры қабылданған тілде емес, өзі пайда болған тілдің топырағында айқын көрінеді. Мұны түрколог ғалым Н.К. Дмитриевтің[15] түркизмдерге арналған зерттеуі толық дәлелдей алады. Шынында да тіларалық қарым-қатынасқа байланысты болатын лексикалық ауыс-түйістер, бір медальдың екі жағы сияқты, бір тұтас құбылыстың екі тілдегі («сөз қабылданатын» және қабылдайтын» тілдердегі) көрінісі іспеттес.

Осыған орай орыс тіліндегі түркизмдерді қазақ тілі тұрғысынан қарап, бұл тілдердің арасында болған ұзақ та тығыз қарым-қатынастарды тереңірек зерттей түсуді біз алдағы міндеттеріміз деп есептейміз.

Славян тілдері мен түркі тіддерінің арасындағы тарихи ауыс-түйістер тек басы ашық жеке-дара сөздермен ғана шектелмесе керек. Тіл фактілерін тереңірек зерттеп қараған адамға бұл байланыстың тамыры тым алыста жатқан сияқты. Олай дейтін себебіміз, славян тілдері мен түркі тілдері арасында туынды түбір тұлғасындағы байырғы түркі сөздерімен қатар монғол, қытай, араб, иран тілдерінен енген кірме сөздер де көптеп кездеседі. Олардың бәрі славян тілдеріне түркі тілдері арқылы енгендіктен біз дәстүр бойынша түркизмдер («түркі тілдері элементі») деп қараймыз да, олардың шығу тегіне көп мән бере бермейміз. Бұл да түркизмдерді зерттеуге байланысты ерекше көңіл бөлетін мәселе. Славян халықтарымен әлімсақтан бері көршілес болып, араласа-құраласа өмір сүрген, бірге өсіп, біте қайнасқан халықтардың көбісі-ақ – түркі тілдес халықтар. Олар ертеде де, қазір де сан жағынан аз болған жоқ. Россияның ұлан-ғайыр ішкі және сыртқы өлкелерін мекендеп келген бұл халықтар мен ру-тайпалар, орыс тілінің әсер-ықпалында бола отырып, өздері де оған әр түрлі дәрежеде әсерін тигізіп келді. Орыс тіліндегі он мыңнан астам түркизмдер бұлардың бәріне ортақ бола тұрса да, оған әрбір тілдің қосқан өзіндік үлесі бар. Ол үлесті, мәселен, шартты түрде «қазақизмдер», «якутизмдер», «тувинизмдер», «алтаизмдер», «өзбекизмдер» т. б. деп атап, дыбыстық, тұлғалық және мағыналық ерекшеліктеріне қарай тілдік региондарға бөліп анықтауға болар еді. Мәселен, орыс тілі қабылдаған *аул* сөзі көптеген түркі тілдерінде өзіне тән *(ауыл//айыл//аал//авыл* т. б.) тұлғада қолданылады. Ал орыс тілінде солардың біреуі ғана қалыптасып, әдеби нормаға айналған. Демек, бүгінгі орыс тіліндегі *аул* сөзінің ең жақын прототипі қазақтың *«ауылы»,* не соған жақын қыпшақ тобындағы тілдердің *«авылы»* болса керек.

Славян тілдері мен түркі тілдерінің арасындағы ертеден келе жатқан алыс-беріс, ауыс-түйістерді зерттеушілердің күні бүгінге дейін назарына ілінбей жүрген, ілінсе де тиісті шешімін таба алмай жүрген құбылыс – бұл тілдегі кейбір түбірлес, тұлғалас, мағынасы жақын лексемалар. Мәселен:

15 *Дмитриев Н. К.* Строй тюркских языков. М., 1962, с. 503–569.

орыс тіліндегі *я ем, ты ешь, он ест, еда, едок* т. б. сөздердің *«ё»* [*је-*] элементін біліп алып, оны шартты түрде түбір деп танып, түркі тілдерінің бәрінде кездесетін *же- / йә- / ие- / йи- / дже- / че-* түбір етістігімен салыстырып қарасақ, бұлардың арасында белгілі бір жақындықтың барлығын байқаймыз. Бұл қандай жақындық? Шығу тегі басқа славян тілдері мен түркі тілдері арасында бұл тәрізді гомогенді сәйкестіктің болуы мүмкін бе?

Егер мұндай сәйкестік бес-он сөзбен шектелсе, оны тілдерде бола беретін кездейсоқ ұқсастыққа жатқыза салуға болар еді. Ал біз қарастырып тапқан осындай фактілердің саны қазірше жүзден асады, зерттей түссе, ол бұдан да көп болуы мүмкін. Және мұндай «ортақ түбірлердің» арасында тілден тілге еш уақытта ауыспайтын етістік түбірлер де кездеседі. Мысалы: қазақ тіліндегі *бұр-, бұра-, бұрғы-, бұрыл-* т. б. сөздердегі *бұр-* етістік түбірін гомогенді деп танысақ, оның орыс тіліндегі *бурить, бурение, бурав* сияқты сөздердің құрамындағы ортақ **бур* деген морфемамен мағына, тұлға жағынан жақын екендігін жоққа шығара алмаймыз. Бірақ бұл қандай жақындық? Тағы мысал келтірейік: орысша: *цапать* – қазақша: шап беру; шап ету; орысша: *таскать* – қазақша: тасы; орысша: *сжимать, жим, жмурка, жмых, жмота* – қазақша: *жұм-, жұмырық, жым болу, жымдай;* орысша: *толочь, толчение* – қазақша: *талқанда;* орысша: *топтать, топать, тапочки* – қазақша: *тапта-, тапырақта-;* орысша: *ссый* – қазақша: *сій;* орысша: *сунь* (руку), *совать* – қазақша: *сұн- / ұсын-;* орысша: *яркий, ярость* – қазақша: *жарқ ету, жарық,* ұйғырша: *йорық;* орысша: *сев, посев, сеять, сыпь* – қазақша: *сеп-, себу-;* орысша: *игла* – өзбекше: *игна,* ұйғырша: *жиңнә,* қазақша: ине; орысша: *тупой* – қазақша: *топас,* диал. *топар;* орысша: *хапать, хапуга* – қазақша: *қап-, қабыс-, қапсыр-,* ұйғырша: *қапқан;* орысша: *ясный* – хакасша: *аяс күн;* орысша: *яма* – ұйғырша: *гәмә;* орысша: *чеканить, чеканка* – ұйғырша: *чәк-,* қазақша: *шеку* т. б.

Мұндай ұқсастыққа көптеген мысалдар келтіруге болады. Мүмкін олардың біразы кездейсоқ ұқсастық та шығар. Бірақ бәрін бірдей олай деп қарауға болмайтын сияқты. Олар сонау үндіевропа, үндіиран, үндіславян, сондай-ақ «үндітүркі», тілдік одақтардан келе жатқан ортақ дүние болуы да ғажап емес. Бұл арасын зерттеу керек. Ал түркі тілдері мен славян тілдерінің түбір дәрежесінде де ортақ дүниесі болуы мүмкін деп жорамалдауға тарихи негіз де жоқ емес: көне дәуірдің өзінде-ақ шығыс славяндар мен хун, булғар, құман-қыпшақ рутайпалары мидай араласқандығы бізге белгілі. Славян халықтарының ең көне (XI ғ.) жазба ескерткіші «Игорь полкы жайында сөзінен» де көптеген түркизмдерді табуға болады. Қазіргі қазақ тіліндегі бала-шаға деген қос сөз құрамында ғана кездесетін **шаға* сөзінің осы ескерткіште қолданылуы сол бір тығыз қарым-қатынастың айғағы болса керек.

Қазақ тілінің орыс тілімен болып келе жатқан ұзақ та тығыз тарихи қарым-қатынасына байланысты зерттелуге тиісті, бірақ әлі күнге

дейін өз зерттеушісін таба алмай келе жатқан проблемалары көп-ақ. Бірлі-жарымды мақалаларды есептемегенде, бұл тілдердің революциядан бұрынғы байланысы, жүздеген орыс сөздерінің қазақ тіліне жазу арқылы да, сөйлеу тілі арқылы да енуі, олардың тұлға, мағына жағынан етене игерілуі, қалыптасуы әрбір региондағы тарау шегі мен қолданыс аясы т. б. – осылардың бәрі арнайы зерттеуді талап етеді және бұл да тарихи лексикологияның міндетіне жатады. Кеңес дәуіріндегі орыс тілінің қазақ т. б. тілдерге тигізген ықпал-әсері, әсіресе терминологиялық лексикамыздың күн санап байып, кемелдене түсуіне жасап отырған ықпалы бүгінгі күннің құбылысы болса да, жалпы тіл әлеміндегі тарихи процестерге жатады. Қазақ тілінің лексикалық қорына орыс тілі арқылы күн санап еніп жатқан бүкіл европа тілдерінің элементтерін зерттеу де қазақ лексикологиясының төл проблемаларына жатса керек. Бұл элементтер қазақ т. б. түркі тілдеріне бірыңғай экстралингвистикалық жағдайда еніп жатса олар бәрі бірдей бір рецепт бойынша қабылданып отырған жоқ: әр тілдің өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл тілдерде ертең-ақ қалыптасатын ортақ интернационалдық (халықаралық) лексика қорының заңдылығын қазірден бастап-ақ зерттегеніміз жөн. Бұл да қазақ тіл білімі үшін кезек күтіп тұрған проблемалардың бірі.

Тарихи лексикология және этимология. Этимология шын мәнісінде тарихи лексикологияның үлкен бір саласы болып саналады. Бірақ этимологияның зерттеу объектісі мен тәсілі – тарихи лексикологияға қарағанда әлдеқайда тар және нақтылы. Тарихи лексикология жалпы лексиканың тарихын зерттеуді, оның дамуындағы объективті заңдылықтарды анықтауды мақсат етсе, этимология негізінен сөз және сөз тұлғаларының төркінін, тегін ашуды міндетіне алады. Екеуі де бұл салада өзін тиімді жағынан танытқан универсалды тарихи-салыстырма методына сүйене отырып, толып жатқан басқа да талдау тәсілдерін қолдануы мүмкін.

Тарихи лексикология мен этимологияның өзара қатыстығы тілдік фактілерді тарихи деректерге, тіл мен сол тілде сөйлеушілердің тығыз байланысында, тарихи, мәдени және басқа да экстралингвистикалық факторлардың ортақтығында болса керек. Осыған байланысты этимологиялық зерттеулер сөздің фоно-морфо-семантикалық табиғатын толық ашу үшін тарихи (кейде оны «социологиялық», «культурологиялық» деп те атайды) принципке жүгінеді.

Этимологиялық принциптердің мән-жайына қысқаша тоқталып өтейік.

Этимологиялық зерттеулер қай тілде болмасын негізінен үш принципке – фонетикалық, морфологиялық және семантикалық принциптерге сүйенеді. Сөз төркінін дәл және дұрыс анықтаудың бір шарты болып саналатын бұл принцип-критерийлер зерттеу объектісі болып отырған әрбір тілдің қалыптасу, даму заңдылықтарына негізделеді. Бұл принциптердің өзіндік ерекшеліктері мен зерттеу объектісі әр түрлі болса да, бір-бірімен тығыз байланысты.

Фонетикалық принцип. Бұл принцип әрбір тілдің немесе бір топ туыс тілдің фонетикалық (сингармонизм, ассимиляция, дыбыс алмасуы мен дыбыс сәйкестігі, дыбыстың түсіп қалуы, пайда болуы, дыбыстың қосарлануы (геминация) мен әлсізденуі (редукция), метатеза, апокопа, элизия, парагогия, флексия, фузия т. б.) заңдылықтарына негізделеді. Сөз табиғатына тән жаңару және ескіру, өзгеру, даму сияқты эволюциялық процестер осы заңдылықтарды ескере отырып, диахронды және синхронды бағытта зерттегенде ғана дұрыс айқындалуы мүмкін. Бұл заңдылықтардан тыс ешбір өзгеріс тілде болмайды, ал бола қалса ол аномальді құбылыс болып саналады. Ескеретін бір жағдай: бұл заңдылықтардың бәрін бірдей этимология объектісі болып отырған сөздің не сөз тіркесінің бойынан табу қажет деген ұғым тумаса керек. Мәселен, фонетикалық заңдылықтардың көбісі негізгі түбір мен туынды түбір аралығында (*көгілдір* < *көк* + *ілдір, ұғым* < *ұқ* + *ым*), біріккен, кіріккен сөздер тұлғасында (*бүгін* < *бұл* + *күн, биыл* < *бұл* + *жыл),* шеттен қабылданған сөздерде (*кәде* < *қағида* < *қағида, зәр* < *зәһәр, самаурын* < *самовар* т. б.), тіларалық дыбыс сәйкестігінде (қаз. *бас* // ұйғ. *баш;* қаз. *тау* // ұйғ. *тағ* // қырғ. *тоо*), ротацизм (қаз. *қыз* ~ чув. *хер*), ламбдаизм (қаз. *тас* ~ өзб. *тош* ~ чув. *чул;* қаз. *тол* ~ ұйғ. *тол//тош-*), метатеза (қаз. *қақпан* ~ ұйғ. *қапқан,* қаз. *өкпе* ~ ұйғ. *өпке)* т. б. құбылыстарда байқалады.

Ал түркі тілдерінің дыбыстық жүйесін, классификациялық системадағы орнын анықтауға келгенде фонетикалық критерий субститут құбылыстарына ерекше мән береді. Этимологияның бұл принципі бойынша сөздің басы мен соңы, түбірдің фоно-морфологиялық варианттылығы, дыбыстық өзгерістердің мағыналық ауытқуларға себеп болуы т. б. толып жатқан құбылыстардың бәрі толық ескерілуі керек.

Морфологиялық принцип. Этимологиялық зерттеудің бұл принципі сөздердің тұлғалық өзгерістеріне байланысты заңдылықтарды қарастырады. Осыған орай морфологиялық құрылымы мен тұлғасы бүгінде айқын емес сөздер ең алдымен өз тілімізде, ал онда болмаса, басқа туысқан түркі тілдеріндегі сөз жасау, сөз өзгерту модельдерімен салыстырыла зерттелуі керек. Этимологтың алдына қойған мақсатына байланысты морфологиялық талдау перспективті және ретроспективті бағытта болуы мүмкін. Кейінгісі агглютинациялық даму процесінде о бастағы ілкі де көне түбірге қат-қабат жалғанып, онымен бірігіп, кірігіп кеткен жалғау-жұрнақтарды морфемалық жіктеу тәсілімен («поморфемный анализ» мағынасында) сөз жасау модельдері бойынша біртіндеп бөліп алып, одан ары морфемалық бөлшектерге жіктелмейтін монолитті ілкі түбірді айқындауға мүмкіндік береді. Әрине, ол түбір бүгінгі тілімізде жеке-дара қолданылатын дербес болуы да қолданылмайтын «өлі» түбір болуы да ықтимал.

Осыған орай морфологиялық принципті ұстанудың бір ерекшелігі: ол кез келген байырғы түркі сөзінің түбір тұлғасын, негіздің құрамын анықтауға мүмкіндік береді екен. Ол үшін этимологиялық табиғатын анықтауға қажетті

туынды түбірді сөз жасау моделінің жүйесіне салып, тұлғалас бір топ сөздің қатарында қарастыруымыз керек. Мәселен, казак тіліндегі *-на-/-не-* моделі арқылы жасалған *ауна-, буна-, қайна-, тырна-* сияқты сөздерді алып, жоғарыдағы тәсіл бойынша түбірлік морфемалардан жалғаулық морфемаларды бөліп алып қарағанда, алдыңғы екеуінің түбірі (*ау-, бу-*) айқын да, кейінгі екеуінің *(*қай-, *тыр-)* түбірі біздер үшін ұмыт болған «өлі» түбірлер екендігін көреміз.

Осылайша морфологиялық принципке сүйене отырып, ілкі түбір, туынды түбір тұлғаларын анықтауды біз этимологиялық зерттеулердің сенімді де жемісті тәсілдерінің бірі деп есептейміз. Алайда бұл тәсілді түркі тілдерін зерттеуші этимолог ғалымдар толық меңгеріп, өз зерттеулерінде кең түрде пайдалана алмай жүр.

Морфологиялық принципке байланысты этимологиялық талдауда тағы бір ескеретін жайт: жалпы грамматикалық формантгар, соның ішінде сөз тудырушы қосымшалар әдетте кез келген түбірге жалғана бермейді және олар белгілі тәртіппен ғана жалғанады, сондай-ақ аффикстерді ғылымда есім түбірге және етістік түбірге жалғанатын аффикстер деп екі топқа бөліп қарау дәстүрі де бар. Сөздердің морфологиялық тұлғасын диахронды деңгейде зерттейтін морфологиялық этимология бұл қағиданы аксиома деп қарауға болмайтынын дәлелдейді. Өйткені синкретикалық түбірге жалғанатын аффикстер синкретикалық сипат алады, одан басқа аффикстердің ішінде екі функционалды, көп функционалды, индиферентті түрлері тағы бар. Сөз тұлғасындағы агглютинативті қат-қабаттарда әрбір дәуірдің ізі мен морфологиялық дамудың күрделі өзгерістерін де осы принцип негізінде анықтауға болатын сияқты. Осы орайда базистік лексиканың негізі болып саналатын көбінесе бір буынды түбірлердің «өлісі» мен «тірісін» анықтау, түбіріменен қосылып біржолата бірігіп, бүгінде бөліп қарауға келмейтін көне жұрнақтарды айыру (мәс. *аңқ < *ан + қа, маңқа < *ман + қа; сақау < *са + қау, мылқау < *мыл + қау, *жалқау < *жал + қау* сияқты т. б.) – осының бәрі сөз тұлғасын зерттеуге байланысты этимологиялық объектіге жататын тарихи процестер болып саналады. Түбір менен морфологиялық тұлғаның мағыналы қатыстығы да аффикстер төркінін жеке сөзден таратудағы жорамалдар мен морфологиялық этимология арқылы шешілетін мәселелер.

Қысқасы, морфологиялық принцип (критерий) түркі тілдерінің сөз жасау стихиясында кездесетін жүздеген, тіпті мыңдаған алуан түрлі грамматикалық тұлғалардың ішінен этимологиялық объект болып отырған сөздің табиғатын тап басып, дәл табуға, оның басқалармен туыстық қатыстығын, орнын анықтауға жәрдем беретін этимологтың қолындағы сенімді құралдың бірі болып саналады.

Семантикалық принцип. Сөздің мағынасын анықтауда семантикалық принцип – этимологтардың арқа сүйер, аяқ тірер критерийлерінің бірі. Сөз мағынасыз болмайтыны баршаға мәлім және ол мағына сөздің дыбыстық,

морфологиялық (немесе фономорфологиялық) тұлғасына тікелей қатысты болғандықтан, тілдік коллективтің тарихи дамуының, оның өзіндік ой өрісі мен дүниетанымына қатысты күрделі құбылыстар қатарына жатады. Осы арада тілдердің жалпы семантикалық даму зандылықтары мен әрбір тілдің өзіндік ерекшеліктері айқын көрінеді.

Этимология тұрғысынан сөздің тура (номинативті) мағынасы мен ауыс (келтірінді) мағынасын дәл айыра білудің, олардың ара қатынасын, эволюциялық өзгерісін анықтаудың маңызы зор. Бұл – бір қарағанда оңай көрінгенімен, тереңірек зерттеген адамға табиғаты күрделі құбылыс. Ал этимологияның дұрыс шешім табуы ең алдымен сөздің семантикалық статусын, оның о бастағы мәнісін тап басып, дәл анықтауға байланысты. Семантикалық талдауды сөздердің әр түрлі (түсіндірме, екі тілдік, диалектологиялық т. б.) сөздіктерде келтірілген мағыналарына ғана сүйеніп, оның тарихына тереңірек үңілмесек, одан жаңсақ қорытынды шығуы да мүмкін. Этимологиялық ізденістердің бір кемістігі осы тұста байқалып жүр. Мәселен, қазақ тіліндегі көпшілікке таныс *берен* мен *қарқара* сөздерін алайық. Осы сөздер (*берен мылтық, берен сауыт, берен қылыш;* сондай-ақ *қарқара* тауға да, әйелдердің бас киіміне де, құсқа да қатысты) әр түрлі ыңғайда қолданыла береді. Неге солай? Бұл сұрақтың жауабын біз – тек мағынасына байланысты дер едік.

Осы принципті қолдануға байланысты этимологтың назар аударатын тағы бір мәселесі: сөз мағынасының бағыт-бағдарын, атап айтқанда, жалпыдан жалқыға (конкреттікке), бүтіннен бөлшекке немесе керісінше дамуын анықтау. Фоно-морфологиялық өзгерістердің де сөз мағынасына қатысты екенін жоғарыда айттық. Шығу тегі бір сөздің даму процесінде мағына жағынан іштей жіктеліп, тіпті арасы қашықтай келе, екіұдай мағыналы жеке сөздерге айналу (омонимизация) зандылығы да семантикалық принциптің назарынан қалмауы керек. Дәл осындай құбылыс кейбір тегі бір гомогенді түбірлердің дамуына немесе әр түрлі тұлғалардың қабылдануына байланысты да байқалады. Мәселен, *жас* деген сөздің бір өзі тарихи даму процесінде 5–6 түрлі мағынаға ие болған: «возраст», «молодой», «свежий», «сочный», «зеленый, неспелый», «влажный», «слезы» т. б. Сондай-ақ *зор* түбірі «үлкен, дәу» мағынасын білдірсе де тұлғалана келе (**зорла-, зорлық, зорығу** сияқты) басқашалау мағыналарға ие болып тұр.

Семантикалық принциптің заттар мен құбылыстарға ат қойып, айдар тағуға (номинацияға) байланысты әр түрлі мотивтерді анықтауға да қатысы бар. Осыған орай бір заттың, не құбылыстың біреу емес, бірнеше атаумен аталуы да кездейсоқ құбылыс еместігі этимологияда ескерілуі керек. Мәселен, қазақ тілінде бір аурудың (орысшасы «сибирская язва») адам мен малдың түріне байланысты бірнеше атауы бар екен: *түйнек, күйдіргі* (адамға қатысты), қойда – *топалаң,* жылқыда – *жамандат,* сиырда – *қараталақ, қарасан,* түйеде – *ақшелек, қарабоз,* ешкіде – *кебенек,* шошқада – *сіреспе, қағылу* т. б. Мұндай

номинация мен мотивациялар сөз мағынасын ашу үшін этимологияға аса қажет фактілерге жатады.

Семантикалық талдауға қатысты тағы бір құбылыс: ол бір түбірден тараған бірнеше туынды түбірлерді білдіретін заттары мен құбылыстарын көзбен көріп (визуально), өзара салыстыра қарау арқылы заттық, материалдық ұқсастығын анықтау. Мысалы: *сағa, сағалдырық, сағақ, сақал, сағана, сағанақ* сияқты түбірлес сөздерді суретін салып, өзара салыстырып көрсеңіздер, заттанған мағынаның нақтылы көрінісін, қолданыс аясын байқау қиын емес.

Тарихи принцип. Тарихи лексикология мен этимологияның шендесетін тұсы осы тарихи принциптің ұстануға байланысты байқалады. Өйткені этимология объектісі болып отырған сөздеріміз – шығу тегі, уақыт-мезгілі, территория және тарих жағынан тіл біткеннің бәріне емес, тек белгілі бір тілге ғана қатысты дүние. Ал тіл болса әрқашан белгілі бір этностың генеологиясымен, азаматтық тарихымен, өмір сүрген ортасымен, қоғамдық даму дәуірімен, материалдық және рухани мәдениетімен, шаруашылық-кәсіп түрлерімен, салт-сана, әдет-ғұрпымен тікелей байланысты. Демек, сөздердің этимологиялық зерттелуі сол сөздердің өз топырағында, өз мекені мен өніп- өскен, пайда болған мезгіліне сәйкес жүзеге асырылуы қажет. Бұл жағдай байырғы түркі-қазақ сөздеріне де, шет тілдерден қабылданған кірме сөздерге де қатысты.

Этимологияның жоғарыда келтірілген басқа (фонетикалық, морфологиялық, семантикалық) принциптері осы айтылған тарихи негіздерге, этнолингвистикалық факторларға сүйенбесе, одан өзіне қажетті дәлел-дерек таба алмаса, қаншама шебер қолданылса да, нәтижесіз болуы мүмкін. Этимологтардың зерттеулерінде халық тарихына қатысты тілдік жазба деректерді, ауыз әдебиет мұраларын, археологиялық қуәлерді, тарихи жазбаларды т. б. материалдарды орынды қолдануы да осы принциптің мақсатына үйлеседі. Осыған орай этимолог Г. А. Климовтың «...этимолог үшін ең алдымен этимологиялық зерттеулерде кездесетін заттар (реалийлер) мен ұғымдардың хронологиясын айқындайтын археология мен этнография деректері қажет-ақ»[16] деген пікірін орынды деп санаймыз. Шынында да тіліміздегі сөздердің байырғы түркі сөзі екенін, әлде шеттен кірген сөз екенін ғылыми негізде мұқият айқындап алмай жатып, олардың әр түрлі фоно-морфо-семантикалық өзгерістері жайында долбар, болжам айту ғылыми этимологияға жатпайды.

Тағы бір пікір: шын мәнісіндегі ғылыми этимологияның жоғарыда айтылған тарихи принципке сүйене отырып, сол тілде сөйлеуші халықтың этногенезін (түп-төркінін) анықтауға үлкен үлес қосатынын мойындағанымыз жөн. Осы мәселеге байланысты ғалымдар халықтың шығу тегі – этногенезі мен

16 *Климов Г. А.* К семантической реконструкции (по материалам кавказской этимологии) // Теория и практика этимологических исследований. М., 1985, с. 17.

оның атауын – этнонимін бір деңгейде қарастыруды ұсынады, өйткені оларды өзара бірлестікте зерттегенде ғана белгілі нәтиже шығуы мүмкін. Этимология этногенетикалық проблемаларды шешуге көмектессе, экстралингвистикалық (археологиялық, этнологиялық, антропологиялық, тарихи) деректер негізінде жүргізілген этногенетикалық зерттеулер этимологиялық ізденістерді дұрыс жолға салады.

Міне, тіл менен халық тарихының, кеңірек айтқанда, экстралингвистикалық факторлардың, өзара астарласа, байланыса келіп, бір тұтас этнолингвистикалық проблемада тоқайласуы осы. Тарихи лексикология мен этимологияның тарихи принципінің бірлестігі осы орайда айқын көрінеді.

Этимологияның түрлері. Жоғарыда аталған төрт ғылыми принциптің дұрыс-бұрыс қолданылуына байланысты жалпы этимология **ғылыми** және **қарапайым** (ғылыми емес), не **халықтық** болып екі топқа бөлінеді.

Халықтық этимология ғылыми негізге емес, әр түрлі жорамал-жобаға, жеке адамдардың өз тұжырымдарына, ел аузындағы аңыз-риваяттарға байланысты болғандықтан неше алуан болып келеді. Ғылымда оларды мазмұн-мағынасына қарай **жалған этимология** («ложная этимология») және **көпшілік қолды этимология** («популярная этимология») деп өзара екі топқа бөліп қарайды. Олардың әрқайсысына тән ерекшеліктері тағы бар.

Этимологияның түрлері мұнымен ғана шектелмейді. Зерттеу объектісіне, атап айтқанда: сөздің түрлеріне (түбір сөз, туынды түбір, біріккен сөз, қос сөз, қайталама қос сөз т. б.), сөз таптарына (есім сөздер, есімшелер, сан есімдер, етістіктер, еліктеуіш создер, одағайлар, үстеулер т. б.), лексика-тематикалық салаларға (этнографизмдер, диалектизмдер, топонимдер, антропонимдер, этнонимдер, архаизмдер, профессионализмдер, шеттен кірген сөздер т. б.) байланысты этимология әр түрлі метод-тәсілдерді талап ететін өзара бірнеше топқа тағы жіктеледі. Этимологияның зерттеу объектісі тек сөз ғана емес. Сөздердің табиғи бөлшегі болып саналатын неше алуан грамматикалық форманттар да, жеке сөзден тұратын тұрақты тіркестері де (мақал-мәтел, афоризм, жұмбақ, фразеологизмдер) этимология обьектісі бола алады. Өйткені бұлар да тілдік единицалар санатына енеді және құрамына енген сөздермен бірге өзгереді, ескіреді, мағына, тұлға жағынан күңгірттеніп, түсініксіз элементтерге айналады. Тұрақты тіркестердің жалпы мағына-мазмұнын айқындау үшін кейде күңгірттенген сыңарларының тілдік табиғатын анықтау қажет болады.

Этимологияны кез келген сөзге жасауға болатынын біз жоғарыда ескерттік. Дәл сол сияқты кез келген тұрақты сөз тіркесіне де этимологиялық талдау жасауға болады. Ондай талдаулар мақал-мәтел фразеологизмдердің тұрақталып, семантикалық монолитке айналуына себепкер болатын жеке компоненттерін айқындауға ғана емес, сонымен бірге олардың жалпы мазмұнын, жасалу мотиві мен этнолингвистикалық негізін, логикалық ойды бейнелейтін ұлттық

образдардың ерекшелігін анықтауға бағышталады. Мәселен, қазақ тіліндегі *жеті түнде, түн баласына* деген фразеологизмдердің фразеологизм болып қалыптасуының өзі олардың құрамындағы *жеті* мен *бала* сөздерінің біз үшін беймәлім сыры мен сипатына байланысты. Сондай-ақ *шошқа тағалау, түйе үстінен сирақ үйіту, есек құрты мұрнынан түсу* сияқты фразеологизмдердің құрамындағы сөздер бізге айқын бола тұрса да, олардың жасалу мотивін бірден дәлелдеу оңай емес. Бұларды анықтау үшін де этимологияның араласуы қажет және ол зерттеудің басқаша тәсілін, әдісін талап ететіні сөзсіз.

Этимологияның қандай түрі болмасын, оның алдына қойған мақсаты, анықтауға тиісті деңгейі, тереңдігі, түбегейлі тұжырымы болуы шарт. Алайда ол жалпы түркология көлемінде арнайы зерттеліп, тиянақты шешілген мәселе емес. Бұл жайында кейінгі 15–20 жыл беделіндегі әңгіме көбінесе түркі тілдерінің (жалпы) этимологиялық сөздігін және кейбір жеке (чуваш, тува, азербайжан, қазақ т. б.) тілдердің этимологиялық сөздіктерін жасауға байланысты болып келеді. Осыған орай Э. В. Севортян жасаған (оны шәкірттері жалғастырған) «Түркі тілдерінің этимологиялық сөздігі» түркі түбірлерінің «баба тіл» дәуіріне тән фоно-морфо-семантикалық қалпын («праязыковое состояние») анықтауды этимологиялық талдаудың түпкі мақсаты етіп қойған болатын. Бұл, әрине, ғылыми деңгейі жоғары, мазмұны терең этимологиялық зерттеулер санатына жатады. В. И. Егоров жасаған «Чуваш тілінің этимологиялық сөздігі»[17] болса, ол, мысалы, алдына ондай міндет қоймайды. Бұл сөздік негізінен чуваш тіліндегі лексиканың шығу тегін, басқа түркі тілдерге қатыстығын, мағыналық, тұлғалық ерекшеліктерін анықтауды мақсат етеді. Сол сияқты, «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі»[18] де сөз тарихын, оның тұлғалық, мағыналық дамуын, шеттен кірген сөздердің табиғатын анықтаумен шектеліп, оларды түбір дәрежесінде қарастыруды өз міндетіне алмайды.

Бұл этимологиялық зерттеулер сөздерді сөздік аясында, соның мақсат-міндеттерінде сай деңгейін білдірсе, жеке этимологиялық ізденістерде бұл деңгей әртүрлі болып келеді. Кейбір арнайы зерттеулер кейінгі кезде сөздердің бүгінгі қалпын ғана емес, олардың сонау алтай, көне түркі («пратюркский»), көне қыпшақ («пракыпчакский») т.б. дәуірлердегі қалпын анықтауға, жеке сөздердің құрамындағы «тірі» және «өлі» түбірлерді бөліп алып қарастыруға, тіпті бір буынды түбірлердің өзін жіліктеп, ілкі түбір, туынды түбірлерге жіктеуге, оларды о бастағы мағына беретін ең қарапайым лексема, фонема дәрежесінде қарауға талаптануда. Бұл, әрине, түркі этимологиясының шарықтау шегі болса керек. Бұл мақсатты орындау үшін бір тілді ғана емес, бүгінгі түркі тілдерінің бәрін тегіс зерттеу қажет, барлық жазба ескерткіштерін

17 *Егоров В. Г.* Этимологический словарь чувашского языка. Чебоксары, 1964.

18 Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. Алматы. 1966. 240-б.

бір ізге түсіріп, түркі тілдерінің базистік лексикасының негізі болып саналатын бір буынды түбірлердің корпусын (моделін) жасауымыз керек сияқты[19].

Тарихи лексикология және этнолингвистика. Тіл менен сол тілде сөйлеуші этностың (халықтың) қатыстығын, яғни бір-біріне әсер етіп отыратын лингвистикалық және этноска қатысты факторларды өзара байланыстыра зерттеуші саланы тіл білімінде[20] этнолингвистика деп атайды. Оның да өзіне тән зерттеу объектісі бар. Этнос және оның тілін біртұтас, өзара тығыз байланысты құбылыс деп қарасақ, тіл қоғамда тек сол этностың қарым-қатынас құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар оның (этностың) бүкіл рухани, мәдени байлығының куәгері іспетті барлық болмысы мен өмір-тіршілігін, дүниетанымы мен әдет-ғұрпын бойына сіңіріп, ата мұрасы, асыл қазына ретінде ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отыратын қызметі тағы бар.

Тілдердің дәл осындай, өткен өмірдің тәжірибесі мен өнегесін сөзбен өріп, жадында сақтау қасиеті болмаса, ешбір халықта дәстүр жалғастығы мен мұрагерлік болмаған да болар еді. Осылардың бәрі ұлан-ғайыр сөз байлығымыз арқылы халықтың жадында сақталып бізге жеткен болса, оны тәптіштеп жинап, толық меңгеріп, өзіндік нақыш-бояуымен келесі ұрпаққа табыс ету этнолингвистикамен шұғылданушы ғалымдардың абыройлы міндеті деп білеміз.

Міне, осыған орай этнолингвистика мен тарихи лексикологияның атқаратын міндеттері мен көтеретін ортақ жүгі айқындала түспекші. Ол міндеттер тіл менен сол тілде сөйлеуші этностың (қазіргі халықтың, ұлттың) тарихи тұтастығына, өзара қатыстығына байланысты болса керек. Этностың басып өткен сан ғасырлық даму жолы, оның белгі-бейнелері біздерге тас мүсіндер мен жартастарға қашалған сына жазулар арқылы, мәдени ескерткіштер мен әр түрлі ғимараттар түрінде жетуі мүмкін. Бірақ бұлардың бәрі этнос өмірінің мың да бір елесі ғана. Оның шын мәнісіндегі даналығы мен дүниетанымы тек тілінде ғана сақталады. Әрбір дәуірде өмірге қажет болған құрал-сайманның, қару-жарақтың, киер киім мен ішер тамақтың, тұрмыстық заттар мен салт-санаға, әдет-ғұрып, наным-сенімге, ойын-күлкі, той-томалаққа байланысты ұғымдардың аты-жөні, сыр-сипаты т. б. тек тіл фактілері ретінде ғана, яғни жеке сөздер мен сөз тіркестері, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер арқылы ғана бізге жетуі мүмкін. Әсіресе, жазу-сызу болмаған халықтарда осыншама мол дүниені тіл мен ауыз әдебиетінен басқа жадында сақтайтын тәсіл жоқ. Сондықтан да тіл фактісі ретінде кездеспейтін заттар мен құбылыстарды, ұғымдар мен түсініктерді этнос өмірінде мүлдем болмаған, ал болған ретте ол бүгінде халық жадынан шығып,

19 Осы бағытта біз қазақ тіліндегі «өлі» және «тірі» моносиллабтардың тізімін жарияладық (Қараңыз: *Кайдаров А. Т.* Структура односложных корней и основ в казахском языке. Алма-Ата, 1986). Осындай жұмыс басқа тілдер бойынша істелуге тиіс.

20 *Ахманова О. С.* Словарь лингвистических терминов. М., 1966, с. 529.

із-тозсыз жоғалған, ұмыт болған деп қарауға болады. Этнос пен оның тілі бірге туып, біте қайнасқан біртұтас дүние екендігін біз осыдан көреміз. Белгілі бір жағдайларға байланысты өз тілінен айрылған этнос өзінше өмір сүруі де, тіпті жан-жақты дамуы да мүмкін. Бірақ ана тілін ұмытқан этнос өзінің шығу тегі мен азаматтық тарихын да ұмытады, басып өткен өмірін, бүкіл рухани, мәдени байлығынан мақрұм болады. Ал ондай өз тарихын, өз тілін ұмытқан ел, өзінің ғасырлар бойы қалыптасқан моральдік, этикалық дәстүрін, әдет-ғұрпын, елдігін жоғалтқан этностың мүшесі де, мәңгүрт те бірдей. Кез- келген этностың тарихын өз тілінде емес, егер ол қағазға түссе, басқа тіл арқылы да білуге болады. Бірақ оны өз тілінде білгенге не жетсін. Өйткені бұл ерекшеліктер жүре үйренуге болатын білім емес, ананың ақ сүтімен бойға даритын, балаң жүрекпен сезіну арқылы ғана етене қабылданатын, белгілі ортада ғана қалыптасатын адам бойындағы ең абзал қасиет бол саналады.

Этнолингвистика жалпы тіл байлығын толық қамти отырып, қызығушыны этностың болмысына байланысты тілінде қалыптасып, оның қат-қабат қойнауларында сақталып келе жатқан көненің көзіндей сыры мол дүниеге тереңірек үңілуге бағдарлайды. «Тіл – тұла бойы тұнып тұрған тарих» деген сөздің мәнісін сонда ғана түсінеміз. Осы орайда келіп, этнолингвистика мен тарихи лексикологияны әлі де бөлінбеген еншісі бар тіл білімінің тетелес салаларына жатқызуға болады.

Этнолингвистиканың негізгі зерттеу объектісі – этнолексика, кеңірек айтсақ, тұтас тіл әлемі. Бұл лексиканың құрамында өткен өмірді бейнелейтін сөздер мен сөз тіркестері көптеп кездеседі. Бірақ олардың көбі күнделікті қарым-қатынаста айтылса да, бәрі бірдей бүгінгі ұрпаққа айқын бола да бермеуі мүмкін. Олардың арасында қолданыс аясы тарылып, о бастағы мағынасының күңгірттеніп, не мүлдем ұмыт болғандары да аз емес. Бұлардың этнографиялық мазмұнын, дәстүрлік қолданысын зерттеу этнолингвистиканың үлесіне тисе, тілдік табиғаты мен даму заңдылықтарын этнолингвистика деректеріне сүйене отырып тарихи лексикология анықтайды. Бұлардың өзара байланысы, міне, осы арадан басталады.

Этнолингвистика тіліміздегі этнографиялық лексиканың ұшан-теңіз байлығын қалай болса солай, кез келген фактіге байланысты емес, белгілі бір жүйе бойынша, мағыналық-тематикалық топтарға бөліп, өзара жіктеп, саралап барып зерттеуге тиіс. Олай болмаған жағдайда әр қилы ұғымға байланысты өмірдің әр түрлі саласында қайталанып әр қырынан көрінетін сөз бен сөз тіркесінің тілдегі орны мен қолданыс аясы, мағына-мәні толық ашылмаған болар еді. Сондықтан да этнолингвистикалық зерттеулер тіл байлығын макросистемалар мен микросистемаларға бөліп алып, оларды табиғи жүйе бойынша жіктеп, топтастыра, өзара байланысты сала-салаға бөліп қарастырады. Мәселен, бүкіл болмысты *«Табиғат», «Адам»* және *«Қоғам»*

деп үлкен үш салаға бөліп қарасақ, ғылымдағы идеографикалық классификация бойынша анықталатын микросистемалық ұғымдардың бәрі осы үш саланың аясына толық сыяды екен. Егер әңгіме төрт түлік мал, оны өсіру, пайдалану, емдеу т. б. жайында болды десек, онда олар бірінші саланың *«Хайуанаттар дүниесі»* деп аталатын тармағына, дәлірек айтқанда, *«Үй хайуандары»* деген тарауына жатқызылған болар еді. Мәселен, қыран құстар *«Хайуанаттар дүниесінің» «Құстар»* деп аталатын тарауына жатады. Бірақ қыран құстар жайында этнографиялық мәліметтер *«Кәсіпшілік»* деген тармақтың *«Аңшылық-саяткерлік»* бөлімшесінде берілуге тиісті. *«Қоғам»* саласына жататын *«Кәсіпшілік»* тармағы барлық кәсіптің *(«Зергерлік», «Кілемшілік», «Егіншілік», «Мақташылық», «Балықшылық»,* т. б.), не кәсіп ретінде дамыған өнердің түрлерін түгел қамтуға тиіс. Мәселен, *домбыра* жайындағы мәліметтерді іздейтін болсақ, онда біз бұл системаның «Өнер» бөлімінен қарастыруымыз керек. Домбырашыға, домбыраның өзіне, бөлшектеріне, оны жасаушыға байланысты ұғымдардың бәрін біз сол «Өнер» саласына жататын «Музыка» тармағынан табуымызға болады. Мәселен, *«жетім перне»* деген ұғым домбыра пернесінің біреуі ретінде домбыраға қатысты берілсе, *жетім* деген атаудың өзі «Адам» деген салада *жетім бала, жетім қалу, жетімсіреу, аталы жетім, аналы жетім, арсыз жетім, ерке жетім* сияқты көптеген адамға байланысты ұғым ретінде келтіріледі де, дәл осы арада *жетім перне, жетім көже, жетім кереге* сияқты тіркестерден тұратын классификация тармақ-тарауларына сілтеме беріледі.

Біздің бұл айтып отырғанымыз өз тарапымыздан қолға алынып, ұзақ жылдардан бері материал жиналып, сұрыпталып, үлкен идеографиялық классификация негізінде жасалып жатқан қазақ тілінің этнолингвистикалық сөздігінің кейбір жобалары.

Бұл еңбекте ана тілімізде сақталып келе жатқан (сөз, сөз тіркесі және этнофразеологизмдер, мақал-мәтелдер арқылы берілетін) этнографиялық байлығымызды жүйелі түрде қамтып, әдеттегі түсіндірме, диалектологиялық, екі тілдік, фразеологиялық, паремиологиялық, энциклопедиялық сөздіктерден мүлдем басқаша, өзіндік тәсіл-әдіспен анықтап, халықтың өз мұрасын өзіне ұсынуға болады деп сенеміз. Егер аталмыш сөздіктерде бұл тәрізді сөздер мен сөз тіркестерінің көбінше номинативтік және ауыс мағыналары ғана түсіндірілетін болса, айтып отырған этнолингвистикалық сөздікте бұл мағыналардың сыртында жатқан қат-қабат этнографиялық түсінік-ұғымдар, әлі күнге дейін бір ізге түспей, тұтас бір жерге жиналмай, назардан тыс қалып, тіпті ұмытыла бастаған, бірақ халық үшін ең бір қымбат та қадірлі, етене жақын дүниелер, тілдік фактілермен өрілген өмір көріністері, рухани, материалдық мәдениетіміздің өткен дәуірлерінен елес беретін терең сыры, алуан түрлі ұғымдар сөз болуға тиісті. Мәселен, тіліміздегі *ежеғабыл, барымта, әмеңгерлік,*

ерулік, қарулық, салбырауын т. б. осы сияқты сөздер мен *бес аспап, бес қонақ, жеті қазына, тоғыз төлеу* сияқты жүздеген этнофразеологизмдердің тиісті сөздіктерде берілетін мағынасы мен шын мәнісіндегі этнографиялық мазмұны арасында жер мен көктей айырмашылық бар. Бұлардың әрқайсысы ең аз дегенде қысқаша этнографиялық этюд көлемінде анықталуға тиісті ұғымдар. Ал тәжірибеде: *ежеғабыл* орысша *«ежегабыл»* деп аударылып, оған ұлттық-этнографиялық реалий ретінде «обычай сватовства еще не родившихся детей» деген түсіндірме беріледі[21]. Алайда ежелден келе жатқан *ежеғабыл* салтының қазақ өмірінде қаншама нақтылы көріністері, оған байланысты толып жатқан ырым-сырым, әдет-ғұрыптар болған. «Қозы Корпеш – Баян сұлу» дастанының лейтмотиві де осы дәстүрге байланысты екені баршамызға мәлім.

Кез келген этнографизм мен этнофразеологизмге номинативтік мағынасымен қатар шағын-шағын этнографиялық этюдтердің қажет екенін жоғарыда айттық. Олай болса, этнолингвистика проблемасы қазақ тілі үшін жаңадан ғана қолға алына бастаған, бірақ қажырлы да ұлан-ғайыр еңбекті талап ететін, тілші, этнограф, фольклорист ғалымдар мен білікті де білгір қазақ зиялыларының атсалыса шешуін талап ететін аса маңызды міндеттердің бірі болып саналады. Бұл жұмыстың алғашқы қадамы тілімізде, жалпы халық жадында сақталған этнографиялық материалдарды түгел жинап алып, жүйеге салудан басталуы керек. Бірақ ескеретін бір жағдай: бұл материалдарды біз таза этнографиялық дерек ретінде емес, тілдік тәсілдермен көмкеріліп, ұрпақтан ұрпаққа мұра болып ауысып келе жатқан этнолингвистикалық фактор ретінде жинап, зерттегеніміз жөн. Бұл проблемаға байланысты маманданған тарихи лексикографтардың қосар үлесі мен атқарар міндеті де аз болмаса керек.

Тарихи лексикология қарастыратын тілдік объектілерге тікелей қатысты этимология, мимиография, семасиология, диалектология, этнолингвистика, тарихи-салыстырма фонетика, кәсіби лексика, ономасиология, паремиология, этнофразеология сияқты салалардың[22]қатарына базистік сөздік қор мен сөз түбірін зерттейтін бағытты да жатқызуға болады. Бұл жөнінде өз тәжірибемізге[23] сүйене отырып, бірлі-жарымды пікір айтқымыз келеді.

Қазақ тілі сияқты агглютинативті (жалғамалы) тілдер үшін түбір сөз проблемасын зерттеудің де ерекше маңызы бар. Өйткені алтай, көне түркі дәуірлерінен әлдеқайда бұрын басталып, бүгінгі түркі тілдерінің структуралық жағынан қалыптасуына негіз болған агглютинация процесі түркі түбірлеріне үлкен әсер етіп, оның тұлғалық, мағыналық жағынан

21 Мысли разных лет. Алма-Ата, 1961, с. 114.

22 Бұл салалардан біз мақаламызда тек этимология мен этнолингвистика проблемаларына ғана тоқталдық. Ал бұлардың әрқайсысы проблема ретінде арнайы қарастыруды талап етеді.

23 *Кайдаров А. Т.* Структура односложных корней и основ в казахском языке. Алма-Ата, 1986.

эволюциялық дамуына үлкен ықпалын тигізді. Соның салдарынан түбір сөздердің бірқатары өзінің көне тұлғасын сақтап, бүгінге дейін жекедара қолданылатын және сөз жасау процесіне қатысып, әр түрлі туынды тұлғалардың пайда болуына негіз болатын қызметін атқарып келе жатса, енді бірқатары өзіне жалғанған форманттармен жымдасып, біріге келе бір тұтас лексемаға айналып үлгірді.

Бұл тарихи процестің нәтижесін терең түсінбегендіктен байырғы түркі түбірлерінің өзін айырып алудың орнына, сол түбірлердің бүгінгі ыңғайына қарай ығысып, түбір деген ұғымды *«сөздің бөлінбейтін бөлшегі»* деген *«классикалық»* анықтамамен белгілейтін болдық. Ал агглютинация процесінің түркі сөздерінің структурасына тигізген эволюциялық ықпал-әсерін, соның салдарынан ерте замандағы дербес және көпшілігі бір буынды моносиллабтардың грамматикалық тұлғалармен бірігіп, этимологиялық бөлшектерге бөлінбейтін күрделі «түбірлерге» айналғандығын ескере бермейміз.

Түркі тілдері түбірінің о бастағы қалпы мен статусын анықтау үшін тарихи лексикологияның барлық әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, жан-жақты зерттеу жүргізу керек екендігіне біз қазақ тілінің бір буынды түбір сөздерін қарастыруға байланысты көзіміз жетіп отыр. Бұл проблема аясында қамтылатын мәселелер көп-ақ. Оларға мәселен, а) түбір мен туынды түбірдің («основа» – «негіз» мағынасында) айырмашылығын анықтау; ә) түбірдің о баста бір буынды не екі-үш буынды болғандығын анықтау; б) бір буынды түбірлердің дербес болу/болмауы; в) бір буынды түбірлердің бөлшектерге жіктелуі/жіктелмеуі; г) бір буынды түбірлердің тұлға жағынан тұрақты болуы мен өзгеріп отыруы; ғ) бір буынды түбірлердің мағына жағынан тұрақты/тұрақсыз болуы; д) бір буынды түбірлердің структуралық типтері мен түрлері (олар 6 түрлі: Г, СГ, ГС, ГСС, СГС, СГСС); е) бір буынды түбірлердегі өзгерістер мен варианттылық, синкретизм[24] тағы басқа мәселелері енеді. Түбір сөзді анықтауға байланысты неше түрлі дәстүрлі сөз жасау модельдерін қарастыру да тарихи лексикологияның міндетіне жатады. Сондай-ақ түбір тұлғалы лексиканы талдаудың әдіс-тәсілдерін белгілеп, оны іс жүзінде қолдана білу де зерттеуші лексиколог үшін үлкен кәсіби өнер болып саналады.

Қорыта келгенде, осылардың бәрі де тіл тарихына тікелей қатысты, тарихи лексикологияның тіл төркініне байланысты зерттейтін объектілері мен міндеттері болып саналады.

Қазақ тілінің тарихи лексикологиясының мәселелері,
Алматы, 1988.

---

24 *Кажибеков Е. З.* Глагольно-именная корреляция гомогенных корней в тюркских языках (явление синкретизма). Алма-Ата, 1986.

Этнолингвистика

Этнолингвистика дегеніміз не? Қазақ тіл білімінде ғылымның бұл саласы бұрын-соңды арнайы сөз болған емес. Сондықтан да бұл біздер үшін әрі жаңа, әрі тың проблема болып саналады. Ана тіліміздің ұшан-теңіз байлығын, ғасырлар бойы толассыз толығып, ұрпақтан ұрпаққа ауысып, мұра болып келе жатқан асыл қазынасын мүмкіндігінше толық меңгеріп, ел игілігіне айналдыруды мақсат ететін ғылым салаларының бірі – осы этнолингвистика болса керек.

Сонда, этнолингвистиканың мақсаты не, зерттеу объектісіндегі ортақтық неге байланысты? Ғылым дүниесі қандай қажеттікпен этнография мен лингвистиканың ортасынан жаңа ғылым саласын тудырып, оған «этнолингвистика» деп ат қойып, айдар тағып отыр? Этнолингвистика терминіне тілшілердің беріп отырған жұпыны ғана анықтамасы мынау: «Этнолингвистика – это «раздел макролингвистики, изучающий отношения между языком и народом и взаимодействие лингвистических и этнических факторов в функционировании и развитии языка» (О. С. Ахманова. Словарь лингвистических терминов. М., 1966, 529-б). Этнографтардың бұл жайындағы түсінігі де біржақты сияқты. Олар бұл терминге байланысты зерттеу объектісін негізінен этнос деп қарайды да, тілді екінші орынға қояды.

Біздің пікірімізше, мәселені дәл осылай қою дұрыс емес сияқты. Этнолингвистика, егер оның түп-тамырына тереңірек үңілсек, этнография мен лингвистиканың жай қосындысы емес, бір шаңырақ астында әрқайсысы өз бетінше тон пішіп, өзінің жырын жырлайтын шартты түрде ғана қосарласқан дүние де емес. Бұл ғылым саласының бір кереметтігі де, бүгінгі таңдағы ғылыми-практикалық маңызы да – оның монолиттік тұтастығында, бір-біріне етене жақын, тіпті бірінсіз бірін толық түсінуге болмайтын объект екендігінде. Ол объект-этнос және оның тілі. Өйткені тілсіз этнос, этноссыз тіл өмір сүруі мүмкін емес.

Этнос деп отырғанымыз – белгілі бір тарихи дәуірде және өлкеде қалыптасып, өзінің өзгеден ерекшелігін тани білген, тілінің, дінінің, табиғатының, психологиясының тұтастығын мойындаған, басқа да өзіндік қасиеттерін сезіне білген қауым. Этнос белгілі бір қоғамдық формацияда ру, ру-тайпа бірлестігі болып саналса, феодализм дәуірінде – ұлыс не халық, капитализм, социализм дәуірінде ұлт ретінде дамуы мүмкін. Бұл бәрімізге белгілі қағида.

Ал этнос пен оның тілін этнолингвистика тұрғысынан қарастыру деген сөз оның сонау балаң кезінен есейгенге дейінгі барлық болмысы мен өмір-тіршілігін, дүние танымы мен мәдени, рухани байлығын ана тілінде сақталған фактілер мен деректер негізінде зерттеп білу және оларды бүгінгі таңның игілігіне асыру болып табылады. Өйткені, кез келген этностың (бүгінгі ұлыстың, халықтың, не ұлттың) тілінде оның басып өткен бүкіл ұзақ өмірінің өрнегі жатыр. Оның кейбір нұсқасы бүгінгі ұрпаққа тас мүсіндер мен жартастарға

қашалған жазулар арқылы, ескі архитектуралық ескерткіштер мен ғимараттар арқылы жетуі мүмкін. Бірақ бұлар өткен мәдени, рухани өмірдің мың да бір елесі ғана, ал этностың шын мәнісіндегі болмысы мен дүниетанымы оның тек тілінде ғана сақталады. Әр түрлі заттың, құбылыстың аты-жөні, сыр-сипаты, қоғамдық қатынастар, әдет-ғұрып, салт-сана мен дәстүрлер жайлы мағлұматтардың бәрі де кейінгі буындарға тек тіл фактілері арқылы ғана, яғни тілдегі сөздер мен сөз тіркестері, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер, аңыз-ертегілер арқылы ғана келіп жетуі мүмкін екен. Сондықтан да тіл фактісі ретінде сөздік қорымызда кездеспейтін ондай заттар мен құбылыстарды, ұғымдар мен түсініктерді этнос өмірінде мүлдем болмаған, не із-тозсыз жоғалып, этнос жадынан шыққан дүние деп қарауымыз керек.

Міне, этностың өз тілімен бірге туып біте қайнасқан біртұтас дүние екендігі осы орайда айқын көрінеді. Басқаша айтқанда, этностың өз тілі өзін жаратушы да тұтынушы этностан ажыраған жағдайда өмір сүре алмайды. Ал этностың өзі болса, белгілі бір жағдайлар салдарынан ана тілін ұмытып, екінші бір тілді қабылдауға, сол тілде ғана қарым-қатынас жасауға мәжбүр болса, онда ол өз тілінсіз де өмір сүре алады; тіпті басқа тілде де оның жазу-сызуы, әдебиеті, өнері, мәдени-экономикалық тұрмысы дамуы мүмкін. Бірақ тілінен айрылған этностың жоғалтатыны да аз емес: алдымен ол өзінің бүкіл басып өткен өмірімен қоштасып, генеалогиялық тегін ұмытады екен, азаматтық тарихын жадынан шығарып, рухани және мәдени байлығынан марқұм болады екен. Өйткені этносқа тән бұл категориялардың бәрі де тек тілде ғана, этностың ана тілінде ғана сақталатынын жоғарыда айттық. Өз тарихын, өз тегін, өз тілін, өз елдігін, өзінше дүниетанымын, ғасырлар бойы қалыптасқан моральдық, этикалық нормаларын, әдет-ғұрпын біле білмеген этнос мүшесі де, мәңгүрт те бірдей. Этностың бұл ерекшеліктерін, әрине, екінші, үшінші тіл арқылы да білуге болады. Бірақ ешкім де, ешқашан да оны жетік біле алмайды. Өйткені олар жүре үйренетін білім емес, ананың ақ сүтімен бойға даритын, балаң жүрекпен сезіну арқылы, жан-тәнімен қабылданатын, белгілі ортада ғана қалыптасатын этностық қасиеттер.

Осындай жалпы әңгімеден соң, енді қазақ этносының, қазақ тілінің өзіне келейік. Бүгінде қазақ халқы советтік отанымыздағы терезесі тең социалистік ұлттардың бірі де, қазақ тілі ең бір дамыған, кемелденген ұлт тілдерінің санатына жатады. Қазақ халқының шебер де шешен сөйлейтін қасиетін, соған сай оның тілінің де ерекше көрікті, көркем, оралымды да ұтымды екенін елдің бәрі мойындайды. Қазақ тілін өткен ғасырда зерттеген әйгілі түрколог – ғалым академик В. В. Радлов: «Қазақтардың тілі әуезді де әсем, шебер де шешен, әсіресе, сөз сайысына келгенде олардың алғырлығы мен өткірлігі, тауып сөйлейтін тапқырлығы таң қалдырады» деген еді. Осы тіліміз бүгінде толысу, толығу, есею, кемелдену үстінде.

Кез келген тілдің қоғамда, өзара байланысты үш түрлі қызметі бар. Оның басты қызметі – коммуникативтік, яғни қоғам мүшелерінің өзара қарым-қатынас жасап, бір-бірін түсінуі, пікір алысуы үшін қажетті қыз меті. Оның екінші қызметі көркем шығарма тіліне тән, адам баласына образ арқылы ерекше әсер ететін, ләззат сыйлайтын, эстетикалық қызметі. Тілдің бұл қызметі, әрине, қаламгерлердің шеберлігіне, сөз саптау мәнеріне тікелей байланысты. Ал тілдің үшінші бір қызметі, ғылыми терминмен айтқанда, аккумулятивтік қызметі деп аталады. Яғни ол – тілдің ғасырлар бойы дүниеге келіп, қалыптасқан барлық сөз байлығын өз бойына жиып, сақтап, оны келешек ұрпаққа асыл мұра ретінде түгел жеткізіп отыратын игілікті қасиеті.

Этнолингвистика бізді көбіне-көп тілдің осы қасиетін зерттеуге, этнос тілінің байлығын мүмкін болғанынша толық қамти отырып, оның ішкі мазмұнына терең үңіліп, қыр-сырын анықтай түсуге бағдарлайды. Өйткені тіл фактілері мен деректері – тұла бойы тұнып тұрған тарих. Сондықтан этностың өткендегі тарихы мен этнографиялық байлығын біз ең алдымен содан іздеуіміз керек.

Этнографиялық лексика жалпы тіл байлығымыздың сүбелі де құнарлы саласына жатады. Онда мағынасы күңгірттеніп, қолданыстан шығып қалған, өткен өмір мен ескірген әдет-ғұрыпты бейнелейтін көнерген сөздер мен сөз тіркестері көптеп кездеседі және олар қағазға қатталмай, халықтың көкірегінде жатталып, жадында сақталып келе жатқан дүние. Сондықтан да болар, этнографиялық лексиканың тіліміздегі қолданысында белгілі пассивтік білместік, ала-құлалықтар жиі кездесіп отырады.

Ал біздің тіл қорымызда мал шаруашылығы мен егін шаруа- шылығына, аңшылық, саятшылық, балықшылық т. б. кәсіптерге, қол өнерінің сан алуан түріне байланысты мыңдаған ұғым мен заттардың атаулары бар және кез келген атаудың сыртында тұрған, соған байланысты этнографиялық ұғым, наным-сенім, әдет-ғұрыптар тағы бар. Күнделікті болып жататын өзара қарым-қатынасымызды әркім өз ойын, өз өмір-тіршілігіне қатысты, мамандығына байланысты пікірін түсіндірумен ғана шектеледі. Бірақ тілдің тереңінде жатқан этнографиялық ұғымдардың көбі, мамандардың немесе жазушы-журналистердің қаламына іліккендері болмаса, ауызекі тілде, ресми тілде, ғылым тілінде, коммуникация тілінде өте сирек ұшырайды.

Осыдан келеді де тіл арқылы сақталып бізге жеткен этнографиялық байлығымызды білудің қауым үшін қажеті бар ма, қажеті болса, оны қалайша және қай дәрежеде білуіміз керек деген орынды сауал туады. Этнографиялық тіл байлығын жетік білуден не ұтамыз, не ұттырамыз?

Әрине, білгенге не жетсін. Ана тіліміз арқылы сақталып келе жатқан керемет бай этнолингвистикалық мұрамызды түгел меңгеру мүмкін емес және оны елдің бәрі бірдей біле берудің қажеті де болмас. Бірақ оларды халқымыздың мәдени, рухани ескерткіші ретінде сақтап, келесі буынға түгел жеткізу

бүгінгі ұрпақтың абзал міндеті сияқты. Ол үшін халық жадында сақталып келе жатқан осы мұраны жинап, реттеп, хатқа түсіріп отырмасақ, көненің көзі, кәрі құлақ қарттар дүниеден көшкенде, көш орнын сипалап таба алмай қалуымыз ғажап емес. Ал этнографиялық мұраны жоғалту деген сөз – өткен өмірден құралақан болумен барабар. Бұл мұрамызды зерттей отыра білу, біле отыра болашаққа қалдыру, қайталап айтамыз, «өткенді уағыздау», «тозығы жеткен дүниені жаңғырту» деген сыңаржақ көзқарастармен үш қайнаса сорпасы қосылмайды.

Ал енді бұл саладағы қолға алынуға тиісті игілікті істеріміз деп нені білеміз, оларды қалай орындаймыз және олар кімдердің міндетіне жатады деген мәселеге келейік.

Сөз етіп отырған этнолингвистика проблемасына жататын ұшан-теңіз мәселеге арнайы тоқталудан бұрын айтарымыз: бұл тәрізді игілікті іске бүкіл қауым болып, әсіресе ақын-жазушылар, әр саладағы мамандар, зерделі де зерек зиялылар болып түгел ат салысуы қажет те, соған мұрындық болу тілші, этнограф, әдебиетшілер мен өнер зерттеушілердің абыройлы міндетіне жатады. Бұл салада қол жеткен тамаша табыстарымыз бен игілікті бастамаларымыз да жоқ емес. Осы ретте біз қазақтың қолөнеріне (С.Қасиманов, Д. Шоқпаров), музыкалық өнері мен аспаптарына (Б.Сарыбаев, О. Хаймулдин), мал атаулары мен мал ауруларына (Ш.Жанәбілов, Г. Себепов, А. Жақыпов, Х. Қашағанов, Ж. Бердімұратов), хайуанаттар мен балыққа (Қ.Кыдырбаев, Күленов т.б), халық календары мен астрономиясына (М.Исқақов, А Машанов) халық медицинасы мен дәрілік өсімдіктеріне (С.Сұханбердин, М. Қожабеков, Б. Атшабаров т б.) діни әдет-ғұрыпқа (М.Тоқжігітов, Ақназаров), қыран құстар мен аңшылыққа (Ж.Бабалықов, А.Тұрдыбаев, Е. Тұрысов, Ғ. Нұрпейісов) байланысты басылып шыққан материалдар мен кейбір этнографиялық мәліметтердің қауым үшін маңызды екенін атап айтқымыз келеді. Халқымыздың жалпы мәдени, рухани мұрасын өз еңбектерінде арнайы сөз етіп, оның тамаша үлгілерін уағыздаушы академик-жазушы С. Мұқанов, мәдениет қайраткері Ө.Жәнібеков тәрізді адамдардың есімдерін ілтипатпен атамасқа болмайды. Ал этнограф мамандардың бұл саладағы зерттеулері өз алдына бір төбе. Осыған орай қазақ халқының этнографиялық байлығын ел арасынан жинап, жан-жақты зерттеп, ғылымға үлкен үлес қосқан және қосып келе жатқан революциядан бұрынғы Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, Р. Карутц, А.И.Добромыслов, Н. И. Гродеков, А. Харузин, А. Диваев, А. Алекторов т. б. этнографтар мен совет дәуіріндегі Ә.Марғұлан, Х. Арғынбаев, Е. Масанов, М. Мұқанов, В. Востров, И.В.Захарова, Р. Д. Ходжаева т. б. қазақ этнографтардың еңбектерінің маңызы зор. Тек революцияға дейін ғана қазақ этнографиясы бойынша ірілі-уақты 1000-нан астам еңбек жарық көрген екен. Осының бәрі, әрине, этнолингвистика проблемасын шешуге толық негіз бола алады. Тілші мен әдебиетшілердің де бұл саладағы еңбегі аз емес. Бірақ әр маман этнографиялық фактіге өз тұрғысынан қарайды да өз мақсатына

сәйкес пікір айтады. Мәселен, этнографтар таза этнографиялық құбылыстарға көңіл аударады да, тілдік деректерді ескере бермейді. Әдебиетшілер болса, этнографиялық фактілерден көркемдік, сюжет, фабула, образ іздеумен шұғылданса, тілші қауымы тек тілдік фактілер ретінде қарастырып, олардың этнографиялық мазмұнын, мәнін ашуға көп бара бермейді. Ол, әрине, мүмкін емес. Ал шын мәнісіндегі этнолингвистикалық зерттеу осы мамандардың бас қоса отырып, өз тәжірибесін, ой-пікірін ортаға салуды талап ететін сияқты.

Сондықтан, әр саладан қанша еңбек дүниеге келіп жатса да, этнографиялық мұрамыз түгел қамтылып, зерттеліп, жүйеленіп, ел игілігіне әлі ұсынылған жоқ. Өмір тәжірибесі, көргені мен көңілге түйгені мол жазушы-журналистеріміздің көркем шығармаларын этнография тұрғысынан бір сүзіп шыққан адамға, ел арасына барып, көпті көрген кәрі құлақ қарттармен, қолынан өнер тамған шебер, зергерлермен, әртүрлі кәсіп иелерімен сұхбаттасып сыр тарта білген талапкерге асыл қазына әлі де молынан кездеседі. Ал І.Жансүгіров, Б.Майлин, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, С.Бегалин, Қ.Есенберлин, С.Бақбергенов, Т.Әлімқұлов, Ә.Кекілбаев, Ш.Мұртазаев т.б. осы сияқты белгілі жазушыларымыздың шығармаларынан тұрмыс-салтымызға, әдет-ғұрпымызға, аңшылық-саятшылыққа, кәсіпшілікке, өсімдік, хайуанаттар дүниесіне т. б. тіршілік салаларына байланысты тамаша этнографиялық этюдтерді жиі кездестіруге болады. Мұның сыртында бай фольклор текстері мен өткен ғасырлардағы ақын-жыраулардың қалдырған мұралары тағы бар. Бұларда да этнографизмдер өте жиі ұшырасады амал нешік, олардың бәрі сол айтылған, жазылған жерінде қала береді де, ел есінде мықтап сақталмайды. Керек кезінде оларды іздеп тауып ала қоятын арнайы сөздік, немесе жүйелі түрдегі анықтама (справочник) әлі дүниеге келген жоқ.

Ал қолда бар екі томдық, он томдық (9–10 томдары баспадан енді шығады) түсіндірме және екі тілдік (қазақша-орысша, орысша-қазақша), диалектологиялық, терминологиялық сөздіктеріміздің жайы басқаша. Бұлардың бәрі де этнографиялық лексиканы бір шама қамтығанмен, оны арнайы сөз етпейді және кез келген сөздер мен сөз тіркестерінің номинативтік мағынасынан тыс, оның сыртында тұратын қат-қабат этнографиялық ұғым-түсініктерді түгел ашпайды және ол туралы толық мәлімет бермейді. Себебі бұлардың бәрі аталмыш сөздіктердің ғылыми принципі мен мақсатына жатпайды. Осының салдарынан халық үшін ең бір қымбат, етене жақын дүниелер, тілдік фактілермен өрілген өмір көріністері, рухани, материалдық мәдениетіміздің көп сырлары, неше алуан түрлері т. б. назардан тыс қалып, біртіндеп ұмытыла бастайды.

Сөзіміз дәлелді болу үшін мысалдар келтірейік. Олардың өзін де бірнеше топқа бөліп қарауға болады.

1. Жеке сөз бен сөз тіркестерінің негізгі номинативтік мағынасының сыртында қандай түсінік, қосымша мағына және этнографиялық ұғым бо-

луы мүмкін? Тіл байлығымыздағы сөз бен сөз тіркестерінің бәрі бірдей этнографиялық мағына беретін этнографизмдер емес. Бірақ тұла бойы тұнып тұрған этностың өзіне ғана тән қасиетін сипаттау үшін дүниеге келген таза этнографизмдер де тілде аз емес. Мәселен: тіліміздегі *ежеғабыл, барымта, әмеңгерлік, ерулік* сөздері мен *бес аспап, бес қонақ, жеті қазына, тоғыз төлеу* тіркестерін алайық. Бұлар, әрине, таза этнографизмдер мен этнофразеологизмдер. Өйткені олар жай лексикалық мағынадан гөрі күрделі этнографиялық ұғымды, одан туындайтын көптеген түсініктерді білдіруге бейімді. Сондықтан да оларды басқа сөзбен анықтағанда, немесе екінші тілге аударғанда сөздікшелер көбінесе ұзақ та шұбалаңқы түсінік берумен шектеледі. Өйткені бұларды бір сөзбен түсіндіре де, аудара да алмайсың. Мәселен, **ежеғабыл** сөзін «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде (3-том, 270-б.) «Әлі тумаған нәрестелерді атастыру, құда түсу салты» деп түсіндіреді де, М.Әуезовтың «Әйелдері жүкті екенін біліскен соң, бала тумастан бұрын іштегі балаға ежеқабыл ретімен бел құда болысады» деген сөзін келтіреді. Бұлардың бәрі сөздің мағынасын емес, этнографиялық мәнісін түсіндіру болады. Орыс тіліне ежеғабыл «ежеғабыл» деп беріліп, жақша ішінде «обычай сватовства еще не родившихся детей» түрінде түсіндірілу мүмкін. Өйткені орыс тілінде бұған сәйкес сөз және ұғым жоқ. М. Әуезов «Қозы-Көрпеш – Баян-сұлу» поэмасына байланысты оны орысша «обычай «еже-қабыл» – предназначение родителями своих еще не родившихся детей для брака или кровной дружбы» деп көрсетеді («Мысли разных лет», 1961, 114-б.). Алайда ежеғабыл салтының қазақ өміріндегі толып жатқан нақтылы көріністері, оған байланысты неше түрлі ырым-сырым, әдет-ғұрыптар жоғарыдағы түсіндірмелерден, аудармалардан толық байқалып тұрған жоқ. Бел құда болу, әдетте, құрсақтағы балалардың бірі ұл, бірі қыз болғанда ғана. Ал екеуі де ұл, не қыз болса, олар бұл салт бойынша өмірлік дос болысады, олар бір елден қыз алысуға не бір елге түсуге, тойларын бір кезде жасауға серттеседі т. б. Оны «Қозы-Көрпеш – Баян-сұлу» дастанынан көруге болады. Бұдан басқа да ырымдар мен кәделер аз емес. Дәл осы жағдайлар жоғарыдағы барымта, әмеңгерлік, ерулік сияқты этнографизмдерге де тән.

Ал этнофразеологизмге айналған сөз тіркесі «жеті қазына»-ға келсек, оны халық арасында ер адамның жеке басына, өмір-тіршілігіне қажетті жеті түрлі асыл зат деп түсіндіреді. Олар: жүйрік ат, қыран бүркіт, құмай тазы, берен (кейде: қара, тура) мылтық, қандыауыз қақпан, майланғыш ау-жылым, өткір кездік. Бірақ «Жеті қазына» ұғымы осымен шектелмейді. Халық: ер жігіттің атта – қаны, қыранда – қуаты, тазыда – берік сенімі, мылтықта – оты, қақпанда – серті, ау-жылымда – әдіс-айласы, кездікте – сұсы болады деп тарқатады. Бүгінде мақалға айналған «Ит – жеті қазынаның бірі» деген сөз осы этнографиялық этюдтің бір фрагменті іспеттес. Айта берсе, мұндай этюдтер қазақ тілінде өте көп. Тек осы жеті санына байланысты ғана: *жеті қарақшы, жеті ата, жеті*

түн, жеті қабат жердің асты, жеті басты жалмауыз, жұт жеті ағайынды, жеті жақсы, жеті бүзірік әулие, жеті шәріп, жеті жарғы, жеті асыл тас, жер құлағы жетеу т.б. тіркестер бар.

2. Тіліміздегі сөздер мен сөз тіркестерінің (оның ішінде фразеологизмдердің) бәрі бірдей, әрине, этнографиялық мәнде қолданылмайды. Бірақ күнделікті қарым-қатынаста қолданылып жүрген көптеген қарапайым сөздеріміз бен сөз тіркестеріміздің қалыптасқан, дағдылы лексикалық, номинативтік мағынасының сыртында этнографиялық түсінікке байланысты бір, не бірнеше ұғым тұруы ықтимал. Мысалы, елдің бәріне түсінікті, қазақтың байырғы сөзі нар дегенді алайық. Бұл сөзге барлық лексикографиялық еңбектерде (ең толық дегенде) «жалғыз өркешті, асыл тұқымды ірі түйе» («Түсіндірме сөздік, 7-том, 320-б.) деген түсінік беріледі. Ал бүкіл өмірін мал бағумен өткізіп келе жатқан халқымыздың нар жөніндегі түсінігі, өмір тәжірибесі осы ғана ма? Ғылыми анықтамаларда «нар – дромадер (общее видовое название чистопородного одногорбого верблюда)». Түйе атауларын көп жылдар түйешілер арасында жүріп арнайы зерттеген ғалым Ә. Жақыпов: «нар – одногорбый гибрид – самец первого поколения полученный от самца үлек – двухгорбой верблюдицы інген, а также от самца бура – верблюдицы аруана» (Түйе атауларына байланысты кандидаттық диссертацияның 186-беті). Басқаша айтқанда, қазақ даласындағы **нарлар** үлек пен інгеннен, сондай-ақ бура мен аруанадан бірінші рет туған еркек будан екен. Бұл кәсіптік этнографияның бір сыры болса, екінші сыры – қазақтардың нардың көп түрлерін білуі: *бекбатпа нар, қолбатпа нар, жампоз нар, жөнек нар, қалбағай нар,қылағай нар, оқбақ нар, ләйлік нар, әле нар, ләкір нар, бір туар нар, үлек нар, қызыл нар, кез нар, күрт нар, жардай нар* т.б. (Ш.Жанәбілев. Қазақша мал атаулары, 1982, 49–64 б.). Түйе тұқымын будандастыру арқылы нар түйенің осыншама түрлерін дүниеге келтірген дала «академиктері» – о бастағы «таза тұқым» (чистопородный) деген ұғымға «түзету» енгізген сияқты. Нар туралы кәсіптік-этнографиялық мәліметіміз мұнымен де шектелмейді. Қазақ эпосында нар – жойқын күш пен ерліктің символы; о бастағы *«Нар жолында жүк қалмас, «Ауырды нар көтерер»* деген нақтылы тәжірибеден алынған түсінік бара-бара нар түйедей үлкен де мықты жігіттің образына телінген. *Нар, тәуекел, нар қамыс, нар қобыз, нар жігіт* дегендердің бәрі халық түсінігіндегі нар бейнесінен туындаған этнографиялық ұғымдар.

Тіліміздегі қарапайым сөздерге байланысты туындаған этнографиялық ұғымдардың өздері кейде қат-қабат бірнеше ярустан тұруы да мүмкін. Олар әдетте белгілі заттың, құбылыстың тікелей атауына емес, оның табиғатына деген мифологиялық діни, астрологиялық сенім-нанымға, киелі мақұлық (тотем) ретінде табынуға, салттық-тұрмыстық әдет-ғұрыпқа, әртүрлі ырым-сырым, дәстүр, кәделерге сәйкес пайда болып, қалыптасқан ұғымдар. Мәселен, жылан сөзінің лексикалық мағынасынан тыс жатқан этнографиялық ұғымдарына

тоқталайық. Халықтың ескі сенімі бойынша: 1. Жылан – жан алғыш Әзірейілдің жасағы: оның да жаналғышқа ұқсас қасиеті, Әзірейілдің түгіндей түгі бар, сондықтан да ол ажалдың өзіндей сұсты, түсі суық (М.Сықақбаев. «ҚӘ», 21.07.85); 2. Үйге кірген жыланды қазақтар, әдетте өлтірмей, басына, не ыдысқа ақ құйып «сыйлап» шығарып салатын болған. Бұл әдеттің ар жағында: «жылан болса да ол қонақ, ал қонақты құрауыз шығаруға болмайды» деген сенім бар сияқты. 3. «Ордалы жыланды өлтіруге болмайды» дейтін қазақ «олар үрім-бұтағымен үйінді торып, жолыңды кеседі, өзіңе, не бала-шағаңа зиян келтіреді» деп сеніп келген. 4. Жыланның тірі жан, тісті бақаның бәрін де арбайтын, адаммен де арбасатын Сиқырлы күші бар-мыс. Осыған сенген қазақтар ертеректе адамды шаққан жыланды ұстап алып, молдаларға арбатып, уытын қайтаруға болады деп сенген. Жас балаларға «жыланға ұзақ қадалып қарама – арбалап қаласың», «Сыртта жүргенде өз есімдеріңді атамай, бүркеншік атпен сөйлесіңдер – шын аттарыңды білсе, жыландар арбалып жібермей қояды; бақа-шаян, құстарды жылан арбап тұрып, жұтып жібереді деген т.б. сенімдер өте көп.

Дәл осы сияқты этнографиялық ұғымдарды айға, күнге, жұлдыздарға, өсімдіктерге, төрт түлік малға, жабайы аңдарға, тұрмыстық заттарға, кәсіптік құрал-жабдықтарға, аңшы-саятшының аспаптарына, табиғат құбылыстарына, адамның дене мүшелеріне т. б. байланысты да көптеп кездестіруге болады. Бірнеше мысал келтірейік. **Күн:** қыстың күндері күн қораланса, ол – боранды аяздың нышаны; **ай:** жаңа туған ай шалқасынан жатса, халық «жатысың өзіңе қолайлы болса да, шаруаға қолайсыз екен» деп жобалаған; **балара:** балараның тым ерте ұшуы – көктемнің шүйгін болуынан дерек береді; **қарлығаш:** қарлығаш өте төмендеп, жер бетіне жақындап ұшса, көп ұзамай жаңбыр жауады; **қасқыр:** қасқыр оттан қорқады, мылтық иісінен сескенеді, сондықтан да ол отқа, мылтықты аңшыға жақындамайды; **қой, қозы:** қозы енесін, енесі қозысын көп қойдың ішінен дауысы мен иісі арқылы таниды; **сүмбіле:** сүмбіле ұзын болса, көктем де ұзаққа созылады; **түтін:** түтін қыстың күні мұржадан тік шықса, аяз болады; **құлақ:** оң құлақ шыңылдаса, біреудің мақтағаны; **көз:** оң көзің тартса, қуанасың; **түс:** түсіңде жыласаң, өңіңде қуанасың т.б.

3. Этнографиялық мәнге ие единицалардың көбі тіліміздe тіркес ретінде қолданылатын күрделі сөздер мен қалыптасқан фразеологизмдер және мақал-мәтелдер түрінде кездеседі. Осыған орай айта кететін бір жағдай: бүгінгі фразеологизм, мақал-мәтел деп жүрген тұрақты тілдік единицалардың басым көпшілігі бір замандағы күнделікті қарапайым тіршіліктің, құбылыстың, шаруашылықтың, кәсіпшіліктің, өзара қарым-қатынастың нәтижесі ретінде қалыптасқан тілдегі көрінісі. Олар бара-бара тұрақталып, мағыналық өзгерістерге ұшырауы салдарынан этнофразеологизм және мақал-мәтел дәрежесіне көтерілген. Олардың дүниеге келуі о баста малға, аңға, өсімдіктерге, аспан әлеміне, табиғат құбылысына байланысты болса да, бүгінде бәрі айналып келіп адамға тіреледі,

адамның іс-әрекетіне, жүріс-тұрысына, мінез-құлқына, жақсы-жаман қасиетіне, ішкі-сыртқы көрінісіне бағышталған. Осы сияқты этнофразеологизмдерге, мәселен, мыналарды жатқызуға болады: *есек құрты мұрнынан түсу; түйе үстінен сирақ үйту; жауырды жаба тоқу; жатып атар; ақ түйенің қарны жарылу; қуырдақтың үлкенін түйе сойғанда көрерсің; қозыдай көгендеу; қозы көш жер; ат шаптырым жер; таяқ тастам жер; шай қайнатым уақыт; қолынан қой жарысы келмейтін; құлағына алтын сырға; шашбауын көтеру; бет моншағы төгілу; құрыққа сырық жалғау; қызыл көрген құзғындай; қызғыштай қору; шілдің боғындай бытырау; майлы күйедей жабысу; мәйегі аузынан шығу; мұрнын тескен тайлақтай; құлаққа ұрған танадай; мұрындық болу; өгіз аяң; жылқы мінез; салы суға кету; сең соққан балықтай; сиыр құймышақтату; сүліктей сору; тамырын басып көру* т. б.

Этнолингвистика объектісіне жататын этнографиялық лексиканың құрамындағы бір заттың не құбылыстың төңірегіне неше алуан этнографиялық ұғымдар мен түсініктердің, сол зат пен құбылыстың неше түрлі көріністері мен варианттардың шоғырлануы байқалады. Бұл да этностың ұзақ өмір жолындағы дүниетанымынан, тәжірибесінен дерек береді. Мысалы, қазақ тіліндегі жел деген қарапайым сөзді алайық. Бұл ең алдымен жел біткеннің жалпы атауы. Ал енді осы желдің қазақ даласында қанша түрі бар және олардың қандай ерекшеліктері бар? Бұлардың бәрін жинап, хатқа түсіру, анықтау бірде-бір сөздіктің міндетіне жатпайды. Олар көбіне көп этнографиялық ұғымдармен астарласып жатады. Алдымен «қазақ» желдерін санап шығайық: аңызақ жел, жайдақ жел, баяу жел, қоңыр жел, салқын жел, самал жел, саумал жел, құйын жел, жатаған жел, жеңіл жел, жоғарғы жел, қарсы жел, көлденең жел, ықтырма жел, қума жел, қарыма жел, қайтыс жел, ескек жел, еспек жел, ебі желі, теңіз желі, тау желі, қызыл жел, сары жел, боранды жел, ыстық жел, суық жел, ызғырық жел, тентек жел, теріскей жел, үскірік жел, өкпек жел, майда жел, алтын күрек, керімсал т. б. желдер. Қазақстанның әр өлкесінде кездесетін осылардың әртүрлі өзіндік ерекшеліктері байқалады. Мысалы, қума жел Еділдің төменгі жағында өзен ағысын бойлай қуа соғатын жел (орысша «выгон»); оны кейде арқа желі, не қайтыс желі деп те атайды. Ебі желі Шығыс Түркістандағы Еби Нұр көлінен басталып, Іле өзенін бойлай Балқашқа дейін соғатын жел.

Айта кету керек, дәл осындай шоғырлануды кез келген этнографизмнің төңірегінен табуға болады. Олардың бәрін бір жерге жинап, жүйеге келтіруді де біз этнолингвистиканың міндеті деп білеміз.

Енді бір көңіл аударатын мәселе – этнографиялық лексиканың жүйелілігі жайында. Қаншама мол, бай болса да тілдегі этнографизмдер бас-аяғы жоқ, ретсіз дүние емес. Тіл табиғатының бір ғажабы – әрбір сөздің, әрбір ұғымның ұшан-теңіз, шалқып жатқан сөз теңізінде өзіндік тиісті орны, қолданылу шегі, кезек тәртібі, өзара қатыстығы, бағыныңқы-басыңқылығы болуында. Сондықтан да

біз этнолингвистикалық байлықты жалпы сөздік қорынан іріктеп алып қарағанда, ең алдымен оның жүйелілігіне ерекше назар аударуымыз керек. Өйткені бұл байлықты басқаша тәсілмен түгел меңгеру мүмкін емес.

Осыған орай біз өзіміздің көп жылдан бергі ізденуімізде этнография мен лингвистика ғылымдарында қолданылып жүрген топтастыру принциптерін ескере отырып, қазақ тілінің өз ерекшелігіне сәйкес «Табиғат-Адам-Қоғам» деген идеографиялық классификацияны қабылдаған едік. Бұл классификация бойынша «Табиғат» бөлімі 4 тараудан (жануарлар дүниесі, өсімдіктер дүниесі, аспан әлемі, табиғат құбылыстары), «Адам» бөлімі (адамның ішкі-сыртқы көрінісі, табиғаты, іс-әрекеті, дене мүшелері, тілі, ішетін тамағы, киетін киімі, ауру-сырқауы, өмір тіршілігі, тұратын үй-жайы, шығу тегі болып) 11 тараудан, «Қоғам» бөлімі (қоғамдық қарым-қатынас, семья, шаруашылық, кәсіпшілік, материалдық және рухани мәдениет, дін, әдет-ғұрып, ойын-сауық, әдеп, заң, оқу-тәрбие, дүниетаным, өлшем т. б.) 20-дан астам тараудан тұрады.

Бұл классификация бойынша қоғам, адам өмірінде, табиғатта қамтылмай қалатын бірде-бір құбылыс болмаса керек. Оның бәрін бір мақала көлемінде тәптіштеп айтып шығу, әрине, мүмкін емес. Олар сан жағынан өте көп. Тек адамның өз басына ғана байланысты этнографизмдердің саны 2 мыңнан, өсімдік пен жануарлар дүниесіне байланысты 4 мыңнан астам екен. Кәсіпшілікке байланысты мыңдаған сөздердің тек саятшы өнеріне ғана қатыстысы, Ә. Марғұланның айтуынша, 1500-ден астам екен. Құдандалыққа байланысты тілімізде 20-дан астам құданың түрі, 500-ден астам әртүрлі кәде, ырым-сырымдар бар екен. Тілімізде әр түрде қайталанатын 400-ге таяу ұлттық ойындардың атауы бар екен т.т. Бұлардың сыртында тұрған қат-қабат этнографиялық ұғымдар бар екенін жоғарыда айттық.

Қорыта келгенде, халық этнографиясына қатысты сөз байлығы тілімізде ұшан-теңіз. Оларды этнолингвистика – тіл мен этнография фактісі ретінде толық меңгеру, этнолингвистика проблемасы ретінде зерттеу бүгінгі ұрпақтың абыройлы міндеті. Олардың біразы күні бүгін зерттелмесе, ертеңгі күні кеш болатыны ақиқат. Біздің қоғам табиғаттағы мүлдем азайып кеткен, не біржолата жойылу қаупі төнген өсімдік, жан-жануарлардан бастап, құрт-құмырсқа, бақа-шаянға дейін қамқорлыққа алып, «Қызыл кітапқа» енгізіп отырғанда, ана тіліміздегі ұмыт болып, жоғалып бара жатқан асыл сөз маржандарына да дәл сондай қамқорлық аса қажет. Атаусыз зат болмайтынын, затсыз ат қойылмайтынын ескерсек, қазақ топырағында пайда болған дүниенің баршасына қазақ тілінің де тікелей қатысы бар екеніне ешкімнің дауы жоқ. Олай болса, тілші, әдебиетші, этнограф, тарихшы, мамандар болып, ақын-жазушы қауымы мен қалың оқырман болып ана тіліміздің қымбат қазынасын әр қырынан жарқыратып көрсетуге ат салысу керек-ақ. Ана тіліміз үшін де бір «Қызыл кітап» арнасақ артық болмас еді.

«Білім және еңбек», 1985. № 10. 18-22 б.

Этностық болмыс ұғымдары

Этнолингвистика – тіл білімінің жаңа саласы. Ол белгілі бір этностың (немесе бүгінгі ұлттың, халықтың, ұлыстың) ғасырлар бойы қалыптасқан дүниетанымын, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, наным-сенімін, тіршілік-тұрмыс ерекшелігін, рухани және материалдық өмірін сол этностың тіл байлығы арқылы танып-білуді, тілдік фактілер негізінде белгілі бір жүйеге келтіруді, анықтауды мақсат етеді. Бір сөзбен айтқанда, бұл сала ана тіліміздің «жадында» сақталып келе жатқан мың сан тілдік деректерді «тірілту» арқылы халықтың мәдени тарихын жаңғыртып, оның этностық бейнесін, өзіндік болмысын сөз құдіретімен суреттейді, ұлттық «мүсінін» тұрғызады.

Қазақ тіл білімінде бұл сала бойынша академик Әбдуәли Қайдаров ширек ғасыр бойы тынымсыз ізденіп, еңбектеніп келеді. Ол өзі сондай-ақ осы салада көптеген шәкірттер (Р.Шойбеков, Ғ.Әнесов, Ж.Манкеева, Р.Иманалиева, С.Сәтенова, Б.Омаров, Т.Өмірзақов, А.Мұқатаева, Ғ.Тұрабаева, Е.Қосбасаров, Ү.Серікбаева, А.Жылқыбаева, т.б.) дайындау арқылы да қазақ этнолингвистикасының негізін салып отыр. Таяуда Тіл білімі институтының жанынан Этнолингвистика бөлімі ашылды. Ғалым көп жылдан бері **«Қазақтар: этнолингвистикалық сөздік»** деп аталатын 4 томдық үлкен еңбек жазумен шұғылданып келеді. Сөздіктің бірінші томы **«Табиғат»** – өсімдік, хайуанаттар дүниесіне, аспан әлемі мен табиғат құбылыстарына, екінші томы **«Адам»** – этностың тікелей өзіне, адам болмысына, ал үшінші томы **«Қоғам»** – этнос өмір сүріп келе жатқан ортаға, қоғамдық-әлеуметтік қатынастарға, ондағы сан алуан құбылыстарға бағышталған. Төртінші **«Кілт»** деп аталатын томда ана тіліміздің ұшан теңіз байлығын қамтыған алдыңғы томдардан қажетті деген сөзді, мағынаны немесе іздеген заттың, құбылыстың, ұғымның атауын бірден тауып алудың тетігі көрсетіліп, әдеби, тарихи, ғылыми, т.б. пайдаланған бұлақтар мен ақпараттар жайында жүйелі мәліметтер беріледі. Айта кетер жайт – аталмыш сөздіктің жасалу принципі мен мақсаты, құрамы мен жүйесі, мәні мен мазмұны жайында газетіміздің келесі бір санында автордың өзіне сөз бермекпіз. Ал бүгін осы сөздіктің жөн-жобасымен таныстыратын үзінді-фрагменттер жариялап отырмыз. Мақалада кездесетін жақша ішіндегі пайдаланған әдебиеттердің сілтемелері автордың қысқарту жүйесі бойынша беріліп отыр. Толық мәлімет 4-томда, яғни **«Кілт»** кітабында берілмекші.

Қазақ лингвистикасы қазіргі қалыптасу дәуірінде ең алдымен ана тіліміздің есепсіз сөз байлығын белгілі жүйе бойынша тарата, тарқата отырып түгел жинап алуды мақсат етеді.

Этностың ең басты рухани қазынасы – сан алуан сөз байлығымыз- ды хатқа түсіріп оны бүгінгі және болашақ ұрпақтың қажетіне жарату, игілігіне айналдыру үшін қалың жұртшылықтың қамқорлығы, көзі ашық, көкіре-

гі ояу жандардың, зерек те зерделі зиялылардың қолғабысы қажет-ақ. Дана халқымыз: «Кен асылы – жерде, сөз асылы – елде» деп бекер айтпаған. Осындай ізгі мақсатпен газетіміз **«Этнолингвистикалық этюдтер»** деген айдар ашып отыр. Оны академик Әбдуәли Қайдаров жүргізеді. Газет бұдан былайғы жерде халқымыздың этностық болмысы, дүниетанымы, әдет-ғұрпы, рухани, мәдени, т.б. құбылыстарға қатысты, әсіресе, жұрттың жадынан шығып, ұмыт бола бастаған, сирек кездесетін тіліміздегі этнолингвистикалық деректерді, байырғы ұғым-түсініктерді, заттар мен құбылыстардың табиғатын ашатын атаулар мен тұрақты сөз тіркесін ел арасынан жинап, саралап, сұрыптап, басы артық сөзсіз мөлтек хабар – этюд түрінде жариялап отырмақшы. Айтылатын фактісі нақтылы да дәл, әрі қысқа, әрі нұсқа материалдар сөздіктің талабына сай болып, кәдесіне жарап жатса, оны жазған немесе хабарлаған жанашыр адамдардың есімдері сол еңбекте ақпараттшы – информатор ретінде аталуға тиісті.

Сөйтіп, құрметті оқырмандар, Сіздерді осынау бір игілікті іске – тіл құдіретінен халқымызға рухани ескерткіш орнатуға атсалысады деп сенеміз.

Этностық болмыс ұғымдары

ТАБИҒАТ

§ 1. Аспан денелері

Босаға жұлдыз (аспан әлеміндегі екі-екіден тұрған төрт жұлдыз; бұл жұлдыздарды түнгі күзеттегі жылқышылар сағатқа есептейді, өйт- кені ол батпай, таң атпайды; бұл жағдай қыстың ұзақ, жаздың қысқа түнінде де өзгермейді. **Босаға жұлдызы** төмендеп батуға тақалса, таң да жақын болғаны; сондықтан да бақташылар таң атуын соған қарап білетін болған, бұл көне заманнан келе жатқан халық тәжірибесі; оны Сарыарқа қазақтары көбірек пайдаланған)...

Қамбардың тоғысы (ескі астрологиялық, діни түсінік бойынша) Қамбар жұлдызы айында бір рет Үркермен тоғысып, бүкіл әлемге ғаламат ұшқынын шашады; ол ұшқын күнәһар пендесінің басына түсіп, оны опат қылады-мыс; бұл құбылысты діндарлар «тек құдайдың құдіретінен болатын іс», «оған ұшыраған адам – шейіт» деп түсіндірген *(О.Дастанов, 11, 42)*.

§ 2. Табиғат құбылыстары...

Бесқонақ (Батыс облыстардағы қазақтар тілінде сәуір айының ескіше бірінен бастапып 5 күнге созылатын суық күндер. Жылына бастаған күннің бірден суытып кетуі, әрине, малға, жас төлге өте жайсыз болады. Сондықтан **«Бесқонақтан сақтасын!»** деген малшылар арасында сөз де бар. Оңтүстік облыстарда сәуір айында осылайша суытып, боран тұрып, қар жаууын **«құс қанаты»** деп те атайды)...

***Күн** көкжиекті қызыл жалқын нұрға бөлеп, қызарып батса, ол ертеңіне күннің ашық, жауын-шашынсыз болуының кепілі...

*Күн көкжиекті қоңыр-қошқыл түске бояп, қып-қызыл болып батса, ертеңіне аңызақ жел тұрады...

*Егер **кемпірқосақ** дөңгеленіп, жоғары көтерілсе, ауа райы ашық болады да, ал төмендеп, жазылып жатса, жауын-шашынды болады.

*Егер **кемпірқосақ** жауыннан кейін көкжиектен тез ғайып болса, онда күн ашық болады.

*Егер **кемпірқосақ** көкжиектен солтүстіктен бастап көрінетін болса, онда жаңбыр жауады, ал егер шығыс жақтан көріне бастаса, онда жаңбыр жаумайды.

*Кемпірқосақтың жасыл түсі көбейген сайын, жаңбыр да көп жауады; ал оның қызыл түсі көп болса, онда күн ашық болады.

От (қазақтар да, басқа халықтар сияқты, ерте кезде отқа табынған; отты қасиетті құбылыс, ғажайып күш иесі деп танып. Отқа байланыс- ты олардың сенім-нанымдары, салттық әдет-ғұрыптары, тыйым салу, табыну, сиыну, от атымен қарғау, от күшімен емдеу сияқты көптеген ырым-сырымдар дүниеге келген)...

*Отқа түкіруге болмайды, **оттың** күлін басуға болмайды – отқа табынушылықтың, оның қасиетіне сенушіліктің белгісі.

*«От көктен, су таудан түсті» (халық арасында осындай шындыққа жанасатын ұғым бар, өйткені жер бетіндегі сулар (өзен, бұлақ, жылға, көл, т.б.) таудың басындағы мәңгілік мұз айдындарының күн аптабынан еруінен пайда болса, жер бетіндегі орман-тоғайларды өртейтін отты адамзат о баста аспаннан түскен нажағайдан алғаны мәлім)...

*Отпен аластау (науқас адамды, кейде ауру малды лаулап жауып тұрған отты айналдырып отпен ұшықтау; көне сенім бойынша осылай еткенде оттың қасиетті күштері оларды дертінен айықтырады-мыс *(М.Тоқжігітов, З.Ақназаров. Ислам, 31);* мал түліктеріне, әсіресе жылқыға індет келгенде, олардың табындарын лаулата екі оттың арасынан айдап өткізу арқылы да ауруды аластаған *(С.Мұқанов, II. 41))*...

*Қазақ арасында «бөгде адамға біреудің от басынан, ошағынан **от** алуға болмайды» деген ырым бар; ол «**отпен** сол үйдің дәулеті мен семья бақыты бірге кетіп қалады» деген сенімге байланысты болса керек *(Ақназаров. Ислам, 47)*...

*Найзағай жарқылдағанда есік алдындағы жерге балта, шот сияқты темір аспаптарды жайып, *«Сүт көп, көмір аз»* дейтін ырым арқылы халық ошағындағы **оттың** көп болуын тілеген *(С.Мұқанов, II, 41).*

Ай...

*Егер қыстың күні **ай** қораланса, ол боранды аяздың нышаны.

*Жаңа туған **ай** шалқасынан жатса, халық «жатысың өзіңе қолайлы, шаруаға қолайсыз екен» деп, күздің я қыстың өте суық болып, мал жағдайының қиындап кетуіне жобалайды.

§ 3. Өсімдіктер дүниесі

Адыраспан (Қазақстаның шөл, шөлейт, сортаң жерлерінде, өзен-көл жағалауларында көбірек кездесетін көп жылдық пайдалы өсімдік; адыраспан халық арасында шипалы шөп ретінде көп пайдаланылады; оның қайнатылған ыстық суын қан қысымы көтеріліп, құйқа терісі шымырлап ауырған адамның басына құйып, буын-буынына сары су байланғанда, құяң болғанда бұлау жасап, безгек болғанда, суық тиіп ауырғанда ішкізіп емдейді; ол малдың қотырына да пайдалы; адыраспанның иісі сүйкімсіз, дәмі ащы, улы өсімдік, сондықтан да оны мал жемейді, ал жеген күнде (қой-ешкі, сиыр) уланып өлуі мүмкін (ҚСЭ, I, 125); күйдірген адыраспанның күлінен сақар жасап, сабын қайнатқан, темекіге қосып насыбай жасайды)...

§ 4. Жануарлар дүниесі

Төл...

Төл басы (қорадағы малдан төл алар уақытта бірінші туған қозы, лақ төл басының құтты, ақжолтай болуына, аман-сау қалуына малшы қауымы ерекше мән береді, оны ырым деп санайды)...

***Төл басы** өлсе – жақсы ырым емес; бұдан кейін малшыларға туған қозы-лақтың бәрі шетінен өле беретіндей көрінеді; сондықтан да әр түрлі себептермен ерте туған, шала туған, арамза туған төлді қайткен күнде де сақтап қалуға тырысады...

Түйе (төрт түлік малдың бірі)...

Еңбек (адам сияқты түйе малында да **еңбек** болады, бірақ жас бала еңбектеп жүре бастағанда **еңбегі** қата бастаса, ал түйенің еңбегі өмір бақи қатпайды)...

Мал

Сойым мал...

Семіз мал, арық мал (өмір бақи мал шаруашылығымен шұғылданып келе жатқан қазақтардың мал жағдайын жетік білуінің тағы бір дәлелі – соғымға арналған тірі малдың (жылқы, сиыр, түйе, қой-ешкі) жарамды-жарамсыздығын, семіз-арықтығын алдын ала анықтап, тап басып айта білу қабілетінде болса керек. Малдың семіз-арықтығын қазақтар жалпылама емес, «арық», «орташа», «ортадан жоғары», «жеуге жарамсыз», «жарамды», «семіз», «өте семіз» деп те немесе олардың қазысына, іш майына, бүйрек майына, сауырына, құйрығына, өркешіне т.б. дене мүшелеріне қарап та анықтай білген)...

Қорамта (қар қалың жауып, қыс ұзаққа созылатын жылы, әдетте, үйір-үйір болып жүретін арқарлар қораланып, бірігіп тебіндейтін бір-ақ табын құрады, осыны аңшылар қорамта деп атайды *(Е.*Тұрысов, *26)*).

Құрқылтай (...Қазақстанды мекендейтін құстардың ішіндегі **біртұрамнан** (қараңыз) кейінгі ең кішкентайы)...

***Құрқылтайдың ұясындай** («өте тар, кішкентай (үй, бөлме)» мағынасында айтылады. Оның себебі құрқылтай құсы өзінің ұясын өзен жағалауындағы мәжнүн талдардың су бетіне салбырап тұратын ұзын бұтақтарына жалғастыра шөптен шөміш тәрізді етіп өріп, өзі ғана сиятындай тар қылып жасауы; ол бір жағынан балапандарын жыланнан қорғаудың бір тәсілі болса, екінші жағынан, өзінен басқа құстардың ұясын басып алуына қарсы шарасы. Адам айналуға келмейтін өте тар үй, не бөлменің құрқылтайдың ұясына балануы, міне, осы ерекшелігіне байланысты)...

Шақырық (балықшы құстармен тұқымдас, қауырсындары құм түстес сарғыш; аяқтары мен тұмсығы ұзын, көздері үкінің көзіндей бадырақ, жабылмай ашық тұратын құс. Ол өзен-көл жағалауларын, сағаларды мекен етпей, ылғи ашық құмақты далаларда, тіпті шөлейт жерлерде құм үстінде өмір сүреді. Құм үстінде қимылсыз жатып қалған шақырықты байқау оңайға түспейді; ол төніп келген қауіпті байқаған сәтте-ақ жермен-жексен болып қимылсыз жата қалып, жауынан аман қалады (Балд. 84.09.22)).

Шажа (өзен-көлдің жағалауын мекен ететін, ешкімге көрінбей өз тамағын тауып жеп, жасырын жүретін, дауысы өте ащы, аяқ астынан баж ете қалғанда төңіректегі құс біткеннің бәрін шошытатын су құстарының бірі: шажа құсты көрсе, «елде жұт болады екен» деп, жаман ырымға жориды. *(Н Әбуталиев, ҚН, 175).*

АДАМ

§ 4. Тіл мен сөз

Тіл және сөз (тіл мен сөзге қатысты қазақ тілінде жүздеген сөз тіркестері қолданылады: жақсы сөз, жаман сөз, аталы сөз, асыл сөз, ауыр сөз, артық сөз, т.б. Бұлардың бәрі сөздікте жеке-жеке қаралады...).

Құйылма сөз (іркілмей айтылатын, бірінен кейін бірі төгіліп тұратын мәнді де, мәнерлі сөз. Бұл жезтаңдай шешен адамдардың сөз саптауына тән қасиет, «Құйылма сөздің даңғылы – Бұқар жырау» дейтін себебіміз де осы...).

Іргіл сөз (іркіс-тіркіс, қисынсыз, жүйесіз, мән-мағынасы жоқ сөз...).

Түс (адамға тән физиологиялық құбылыс...).

Түс жору (түсте көрген оқиғаны, әр алуан құбылыс, заттарды халық санасында қалыптасқан, белгілі дәрежеде дәстүрге айналған белгі-нышанға балау, түсте көрген адамның өңінде неге айналатынын жорамалдау)...

Түс жорыту (адам түсінде көргендерін екінші біреуге айтып, оның не болатынын, нендей жағдайға байланысты екенін анықтау. Кейде жақсы түсті, әсіресе жаман түсті жорытудан әдетте бас тартады, өйткені жаман түстің көңілге кірбің туғызатын жағдайсыздығынан қорықса, жақсы түсті елге айта беруден қызғанады, тіл-көзден сақтанғысы келеді; түс

жорытуды әдетте кәріқұлақ үлкендер мен сенімді жақын адамдарға ғана сеніп айтады; жақсы түсті сол түске қатысты адамына сату әдеті бар: «түсімді сатам!», «сатып алдым!» деген шартты түрдегі пәтуаласудан кейін «Түс қабыл болсын!», «Әумин!» деп, алақан жайып, бет сипау әдеті болған. Жаман түсті жорушы түске қатысты адамды ренжітпеу үшін «Түс түлкінің боғы емес пе!», «Түске не кірмейді, тіске не енбейді!» деген сөздермен жұбату айтатыны да болады...)

*Түсінде жыласаң – өңіңде қуанасың.

§ 5. Тамақ

Шілде быламық (жаңа босанған әйелдерге қырық күн бойы берілетін тамақ; халық ұғымында оны босанған әйелдің белін бекітеді деп есептейді).

Қалжа мойын (халық дәстүрі бойынша қалжаға сойылған қойдың мойнын қалжа етімен бірге асып, оны қалжа асына шақырылған әйелдер пышақсыз таза етіп мүжіп алған соң өзегінен жіп өткізіп, есіктің алдына елге көрсетіп іліп қоятын болған; бұл ырым жаңа туған жас нәрестенің мойыны тез бекіп, түзу өседі деген наным-сенімге байланысты істелген).

ҚОҒАМ

§ 6. Кәсіпшілік...

Қарықтап егу (қауын-қарбызды топырақты жал қылып үйіп, түбінен су баратын арық тартып егу тәсілі; бұл тәсіл оңтүстік қазақтары арасында кеңінен тараған; бұлайша егудің ерекшелігі: қауын-қарбыздың түбі ылғи ылғалды болып тұрады да олардың өзі құрғақ жерде жатып шірімей, бұзылмай, күн сәулесін өзіне мол алып, дәмді болып өсіп-жетілуіне мүмкіндік алады *(Ө.Айтбаев))*...

Ыспа (өзен тасығанда бір жағадан екінші жағаға қайықпен өту үшін жөрмелеп ұстауға қажетті қазық не діңгекке тартылған сым, трос *(Ш.Жалғасбаев, 7)*)...

Өрелеу (бүркітті алғашқы рет аңға салардан бұрын тірі бастырып баптауда тірі түлкінің ұзап қашып кетпеуі үшін және одан тәжірибесі аз бүркіттің көз жазып қалмауы үшін оның алдыңғы және артқы бір аяқтарын жіппен байлап жүрісін тежеу).

Ырғақ (бүркіттің уысы толмайтындай жөргемделіп, екі ағаш қадаға керілген арқан; қолға жаңадан түскен бүркіттің ұйқысын алу үшін қолданылады; бүркітті байлап, осыған отырғызады (*Саятшылық, 69-70)*)...

Ала жіпті қырқу (алғыр құс, қыран бүркіттерді томағасын тартып ағытқанда қаша жөнелген аңдарды ала алмай, көз жазып қала беретін жағдайда жасалатын аңшылардың ырымы: ақ, қара жүннен иірілген ала жіпті қырқу)...

§ 7. Рухани мәдениет

Күң соңынан күл шашу (қанша басыбайлы болса да тұрмыс ауыртпалығына шыдай алмай, құлдың да, күңнің де қашып кететіндері болған. Оны «Құл қашарманымен, күң кетерменімен қорқытады» деген мәтел

дәлелдейтін сияқты. Кеткен күнді жаман болса, іздемей-ақ, «артыңа қайтып оралма!» деп соңынан күл не топырақ шашатын да әдет болған).

Сауын айту (ертедегі қазақ дәстүрі бойынша көп ел шақырып ас беретін, той жасайтын не мәжіліс өткізетін дәулетті де, беделді адам жан-жаққа жар салып, сол асқа (тойға, мәжіліске) қымыз алып келуді хабарлауы; сауынға саба-саба қымыз әкелген елдің ыдыстарына сойылған малдың жіліктерін салып қайтару ырымы болған *(С.Мұқанов, 11, 106)*).

Қынаменде (қызды ұзатарда қалыңдық пен күйеудің құрметіне арналып қыз үйінде ойналатын ойын-тамашаның, жасалатын әдеттің аты; онда қыз аулының қыз-келіншек, бозбалалары «қызды бермейміз!» деп, күйеу жағынан табанда тоғыз ***аяқ,*** тоғыз табақ тауып беруін талап етеді; «тауып бере алмасаңдар, кәдемізді беріңдер!» деп күйеу жолдастарын әр түрлі шарт қойып, өлең айтқызып, домбыра тартқызып, билетіп, тағы басқаша қинай бастайды. Осы ойынды сырттан қарап, тамашалап тұрған үлкендер күйеу жағына жанашырлық білдіріп, біраздан соң «қинама енді!» деп басалқылық айтатын болған. Ойынның атын осы сөздердің қысқаруынан шыққан деп түсіндіріліп жүр).

Қонақ...

Құдайы қонақ (күтпеген жерден кез келген ауылға түсіп, қонақ болуды талап еткен, қонып шығуды өтінетін алыс сапардан, жолаушылап немесе жоқ іздеп жүргендер; олар әдетте, қонатын аулына ат басын түстен кейін бұратын болған және олар дала заңы бойынша, қалаған үйіне түсуге правосы болған; үй сыртына келіп, «құдайы қонақпын!» десе болғаны, оны қонақ етіп қабылдауға бай да, кедей де міндетті болған)...

Сый қонақ (сый-құрмет көрсету үшін арнайы мал сойылып, үлкен дайындықпен шақырылған қонақ; әдетте сый қонақ асына сый қонақпен мәжіліс-дүкен құрып, көңілді отыру үшін ауылдың қадірлі ақсақалдарын, туыс-тума, құдандаларды, көңілі жақын көрші-қоңсыны қоса шақыратын болған: сый қонаққа ас бергенде сый табаққа салынатын мүшелер Қазақстанның әр жерінде әр түрлі: қар. сый табақ))...

Ілу (сыйлық ретінде де, құн ретінде де төленетін заттың ішіндегі ең қымбатты, іліп қойып елге көрсететіндей асылдары; қазақтың ескі әдеті бойынша құнның не сыйлықтың бірі ілу болған. Мәселен өлген әйелдің құны ертеде 47 жылқы, үш жақсы және ілу болған (*И.И. Ибрагимов, I, 127*)).

Абылай жолы (XVIII ғ. екінші жартысында Орта жүзге хан болған Абылайдың белгілеген – қазіргі Семей обл., Абай ауданының батысынан басталып, Шыңғыс тауын бөктерлей, Ертіс өзенінің сол жағын бойлап, шығысқа қарай созылып жатқан сауда-керуен жолының аты (ҚСЭ, 1, 36)).

Қадір түні (мұсылмандардың діни-мифологиялық ұғымы бойынша бақыт нышанын білдіретін түн. Құранның 97-ші сүресінде ораза айының

ең соңғы түнінде аспанда ұшқан періштелердің алаулап жарқылдаған ізі көрінеді-міс; қадір түнінде көз ілмей отырып, сол елесті көрген адамның барлық арманы орындалып, алдынан жәннаттың есігі ашылып, мың ай бойы оқыған намаздың есебі артып, бақытты болады-мыс *(Амантурин,* 119))...

Жеті (алты мен сегіз аралығындағы тақ сан. Кейбір сандар (үш, бес. тоғыз, жиырма бір, жиырма бес, отыз, қырық бір, т.б.) сияқты жеті саны да қазақ және басқа халықтар дәстүрінде сандық мағынамен қатар белгілі сөз тіркестерінде мифологиялық, астрологиялық, теологиялық, символикалық мәнде де, кейбір киелі, қасиетті заттар мен құбылыстардың атауы, құпия сыры, сипаты, бейнелі баламасы ретінде қолданылады... (Қар.: жеті қазына, жеті жетім, жұт – жеті ағайынды**,** жеті шәріп, жеті жақсы, жеті асыл тас, жеті түн, жеті ата, жетпіс пұсты мұстана, жеті ру, жеті қарақшы, жеті қабат жердің асты, жеті ықлымның тілін білу, жеті тиын құдайы, жеті басты жалмауыз, жетісін беру, жетіге келгенше жерден таяқ жеу, жеті жарғы, жер құлағы жетеу, жеті бүзірік әулие, т.б. (А.Кононов, І. Кеңесбаев, т.б.)).

Ескерту: бұл келтірілген сөз тіркестердің әрқайсысы сөздікте жеке-дара талданады.

«Ана тілі», 1990. 1 қараша.

Қазақ этнолингвистикасы

Этнолингвистика – этнос болмысын оның тілі арқылы танып-білу мақсатынан туындаған лингвистиканың (тіл білімінің) жаңа да дербес бір саласы. «Тіл әлемінің» өзіндік табиғатын, даму заңдылықтарын толық та жан-жақты зерттеу барысында іштей жіктеліп, дүниеге келген социолингвистика, психолингвистика, статолингвистика, паралингвистика іспеттес этнолингвистика да – «*этностаным*» мен «*тілтаным*» ғылымдарының ортақ проблемасы шеңберінде тоғысу нәтижесінде пайда болған жаңа сала. Ол – этностың инсандық һәм дүнияуи табиғатын тереңнен танып-білу үшін басқа емес, тек тіл феноменінің өзіне ғана тән ғажайып мүмкіншіліктері мен қазына байлығын зерделеп зерттеуді мақсат ететін ғылым.

Осыған байланысты этнолингвистика «*этнос*», «*этнос болмысы*», «*этнос тілі*», не «*тіл әлемі*» деген ұғым-түсініктерге ерекше мән береді. Өйткені бұлар жай термин ғана емес, бір таяқтың екі басы сияқты, бір-біріне етене қатысты, бірінсіз бірінің күні жоқ бір тұтас құбылыс- тың көрінісі іспетті. Бұл «этнолингвистика» терминінің атынан да, құрамынан да (грекше *ethnos* – «халық» және латынша *langua* – «тіл» > французша *inguistigue* – «тілтану») айқын көрініп тұр.

«Этнолингвистика» терминіне тіл мамандарының беріп жүрген ең жұпыны, бірақ дәл анықтамасы (дәл түсіну үшін түпнұсқа бойынша келтірейік) мынадай:

«Этнолингвистика – это раздел макролингвистики, изучающий отношения между языком и народом и взаимодействия лингвистических и этнических факторов в функционировании и развитии языка»[1].

Алайда, бұл термин ғылым саласында көптен бері-ақ қолданылып келе жатса да, оның дәл осы мағынасы бірден қалыптаса қойған жоқ және ол туралы пікір таластар әлі күнге дейін жалғасуда және олар негізінен этнолингвистиканың зерттеу объектісіне және басқа ғылым салаларымен қатысына байланысты болып келеді.

Мәселен, проф. М.М.Копыленконың пайымдауынша «этно-лингвистика»[2] термині ғылым әлемінде ең алғаш шетел ғалымы Б.А.Уорфтың идеясы негізінде этнография мен социология ғылымдарының аралығынан туындаған болып танылады. Ал, бұл идея Э.Сепирдің[3] тіл фактілерін этнос мәдениеті мен жеке тұлға тұрғысынан қарастыратын теориясымен сәйкес болғандықтан ғылымда *«Сепир – Уорф болжамы»* деген атпен де белгілі болып келді.

Алайда, этнолингвистика идеясын әр қырынан және әр деңгейде қарастырып келе жатқан ғалымдардың (мәс., В.Гумбольдт, В.Вундт, А.А.Потебня, Г.Шухардт, Ф.де-Соссюр, Бодуэн де Куртенэ т.б.) өздері де о бастан-ақ этнолингвистиканың **«Этнос пен этнос тілі»** негізінде қалыптасқанын толық мойындаса да, олардың өзара қатыстылығы мен үйлесімін айқындауға келгенде бір жерден шыға алмай жүргендігі мәлім. Мәселен, этнолингвистиканың аяқ тірер бір тағаны – **«этностың»** кейде **«этнос»** деуден қашқақтап, сан саққа жүгіртіп, біресе *«мәдениет»* біресе *«тарих пен әлеуметтік жағдай»* деп, оның шеңберін тарылтып, бүтіннің бөлшегі ретінде көрсетулері ерекше көзге түседі. Мәселен, Фердинандт де Соссюр этнолингвистиканы этнос тарихы мен этнос тілі тарихының өзара әсерін зерттейтін ғылым ретінде танып, өз ойын «халықтың салт-дәстүрі оның тілінде көрінсе, тіл, керісінше, сол халықтың өзін қалыптастырады»[4] деп тұжырымдады. Жалпы дұрыс пікір. Бірақ этнос тілінде өз көрінісін табатын тек оның салт-дәстүрі ғана емес қой.

Сол сияқты, Э.Сепир де этнография, салт-дәстүр, мифология т.б. осы сияқты ұғымдарды этнос болмысымен шендестіріп, *«тіл әлемін»* тілдің символдық қызметімен шектеп көрсеткісі келеді[5]. Ал кейінгі кезде (АҚШ-та) қалыптаса бастаған тағы бір көзқараста *«этностың»* *«Адам»* деген ұғыммен алмастыру арқылы этнолингвистиканың баламасы ретінде *антропология* («адам туралы ғылым») терминін қолдану үрдісі де байқалып отыр. Тағы бір пікір: Этнолингвистиканы тек «көне дүниені» зерттеуші ғылым деп танып, оларды

1 *Ахманова О.С.* Словарь лингвистических терминов. М., 1966, с.539.

2 *Копыленко М.М.* Основы этнолингвистики. Алматы, Евразия, 1995, с. 15.

3 *Сепир Э.* Избарнные труды по языкознанию и культурологии. М., 1993. с. 465.

4 Қаралсын: *Слюсарева Н.А.* История языкознания. Вып. V. М., 1970.

5 *Сепир Э.* Положение лингвистики как науки // Звегинцев В.А. История языкознания XIX и XX в.в. Ч.1, М., 1960. с. 177.

байырғы халық тілінен, жергілікті тіл ерекшеліктерінен іздеу. Мұны негізінен орыс ғалымдарына (Н.И.Толстой, В.Н.Топоров, В.В.Иванов, А.Ф.Журавлев т.б.) тән дәстүр десе де болады. Көненің көзіне көбірек көңіл бөлу үрдісі қазақ этнолингвистерінен де[6] байқалады. Саясатта: этнолингвистика – қоғамдағы этностің жағдайын білдіреді.

Міне, көріп отырғанымыздай, «этнолингвистиканың **мақсат мүддесі мен зерттеу объектісі, әдіс-тәсілдері айқын, төрт аяғынан тік тұрған ғылым»** деп айтуға әлі ерте. Мұны біз жоғарыда аталған проф. М.М.Копыленконың еңбегінен де көріп отырмыз.

Осы орайда, этнолингвистиканың барлық тілдерге қатысты әмбебап ғылым ретінде толық қалыптасып, дами түсуіне кейінгі кездерде түркі тілдері негізінде етек ала бастаған ізденістер мен зерттеулердің, соның ішінде қазақ тілінің де қосып отырған үлесін ескерген жөн.

Бүгінгі таңда **қазақ этнолингвистикасы** ғылыми негізі қалыптаса бастаған, жан-жақты ізденіс нәтижесінде өзіндік ерекшелігі мен үрдісі айқындалып келе жатқан, дербес те перспективті ғылым саласы ретінде танылып отыр. Мұны белгілі ғалым проф. М.М.Копыленко өзінің **«Этнолингвистиканың негіздері»**[7] деп аталатын еңбегінде айқын көрсетіп отыр. Қазақ этнолингвистикасына қатысты мәселелермен шұғылданушылар үшін бұл еңбектің берері мол. Онда, мәселен, қазақ топырағында дүниеге келген этнолингвистика ғылымының төңірегінде ғылыми мектеп қалыптасқандығы және бұл салада көп жылдар бойы үздіксіз жүргізіліп келе жатқан ізденістердің нәтижесінде айқындала түскен оның бағыт-бағдары, өзіндік үрдісі, зерттеу объектілері мен әдіс-тәсілдері кеңінен сөз болады. Мәселен, оның бұл кітапта жалпы проблема мен қазақ этнолингвистикасының нақтылы мәселелеріне қатысты 1044 еңбектің тізімін (библиографиясын) беруі зерттеудің құндылығын арттырумен қатар, қазақ этнолингвистикасымен шұғылданам деген жас талапкерлер үшін жасалған үлкен қамқорлық.

Айта кету керек: осы еңбектің дүниеге келуі этнолингвистика тарихына, оның қалыптасу дәуірлеріне, жеке-дара пікірлерге шолу жасау міндетінен бізді босатып отыр.

Енді қазақ этнолингвистикасының қадау-қадау мәселелеріне ой жүгіртіп, өз пікір-пайымдауларымызды ортаға салып көрейік.

Жоғарыда этнолингвистика о бастан-ақ екі ұдай объектінің – этнос және оның тілінің – ортасынан туындаған ғылым саласы дедік. Демек, бұл этнос пен оның тілі арасындағы табиғи тұтастықты саналы түрде сарапқа салып мойындау, «*Этнос жоқ жерде тіл болмайды, тілсіз этнос болмайды»* деген қағиданы

6 *Жанпейісов Е.* Этнолингвистика // Ана тілі, 1994, 20 қаңтар

7 *Копыленко М.М.* Основы этнолингвистики. Отв. редактор академик А.Т.Қайдаров. Алматы, Евразия, 1995, с.178.

нақтылы зерттеуге өзек ету деген сөз.

Әдетте, осы екі объектіні – «*этнос*» пен «*тілді*» – біз тым еркін, кең мағынада да, тар мағынада да, қолдана береміз. Осыған байланысты біз өз тарапымыздан ұсынып отырған концепциямызда «*этностың*» орнына «*этнос болмысы*», «*тілдің*» орнына «*тіл әлемі*» деген термин-ұғымдарды қолдануды жөн көрдік. Оның екі-үш түрлі себебі бар: біріншісі – «*этнос*» деген ұғымның ауқымы тым кең және барша жұртқа бірдей түсінікті еместігі; екіншісі – «*этносты*» тар мағынаға сиғызып, жоғарыда көрсетілгендей, «*мәдениет*», «*этнография*», «*мифология*» т.б. осы сияқты ұғымдардың баламасына айналдыруға келмейтіндігі; үшіншісі – этнолингвистиканың *этностың* шығу тегін, қауым ретінде қалыптасу процесін ғана емес, сонымен қатар оның тілінде қалыптасқан деректер арқылы болмысын (яғни, рухани, мәдени өмірін, салт-дәстүр, тірлік-тіршілік көздерін, ұлттық дүниетаным мен менталитетін т.т.) паш етуге мүдделі екендігі.

Сонда, «*этнос*» және «*этнос болмысы*» деген ұғымдарды этнолингвистика тұрғысынан қалай түсінуіміз керек?

«Этнос» – ғылым жүзінде: «Өткен бір дәуірлерде дүниеге келіп, белгілі бір географиялық ортада қалыптасқан, шұғылданған тіршілік-тірлігі бірыңғай, мінез-құлқы ұқсас, діні де, тілі де бір, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы ортақ, өзінің ортақ тегін, туыстығын, тұтастығын сезіне білетін, сатылап даму барысында аналық, аталық, рулық, тайпалық, ұлыстық және халықтық дәуірлерді басынан кешіріп, бүгінде дербес ел болып отырған адамдар қауымы» болып танылады.

Мұндай этностар жер жүзінде өте көп және олар сан жағынан да, даму сатысы бойынша да әр түрлі: көбісі халық, ұлт дәрежесіне көтерілсе, ру-тайпа деңгейінде қалып қойғандары да аз емес. Қазақ этносы болса, бүгінде өзінің шарықтау шегі – ұлт дәрежесіне көтеріліп отыр. Зерттеу мақсатына байланысты қазақты «*этнос*» деп қараудағы мақсат – оны төмендету емес, қайта оның басып өткен ұзақ та сатылы даму жолын (ретроспективті бағытта) саралай түсудің, тарихи этнотұлға ретінде танудың бірден-бір дұрыс жолы, кепілдігі деген сөз.

Енді осы «этнос» деген тарихи күрделі ұғымды сол қалпында ала салмай, этнолингвистика мақсатына орай **«этнос болмысы»** деген ұғыммен алмастыруымыздың себебіне келсек, ол да ойға қонарлық уәж сияқты. *Біріншіден,* біз этностың жеке мәселелерін емес, оның тұтас бейнесін, барша болмысын анықтағымыз келеді; *екіншіден,* этнос туралы толық мағлұмат тек оның тіл қазынасында ғана сақталады. Этностың шынайы болмысы басқа (мәс., этнология, антропология, археология, этнография т.б.) ғылымдар дәл этнолингвистикадай айқындай алмайды.

Сонда, «*этнос болмысы*» деп нені түсінеміз? Біздің пайымдауымыз- ша **«этнос болмысы»** – этностың ұлттық бейнесі, тарихи тұлғасы және ол туралы реальды шындық (реальная действительность). Басқаша айтқанда: «этнос болмысы» дегеніміз этностың сонау балаң кезінен бүгінгі есейген шағына

дейінгі кешірген өмір-тіршілігінің айнасы, оның тілі арқылы қалыптасып, жадында сақталып, ұрпақтан нәсілге мирас болып ауысып келе жатқан бай рухани-мәдени қазынасы».

Этнос туралы кейбір деректер бүгінгі ұрпаққа археологиялық қазбалар мен сәулет кесенелері, тас мүсіндер мен қашалып жазылған тас ескерткіштер арқылы да жетуі мүмкін. Бірақ бұлардың бәрі – этнос басып өткен өмірдің мың да бір елесі ғана. Этностың шынайы бейнесі, болмысы оның тілінде ғана, тілі арқылы ұрпақ жадында ғана сақталады екен. Этнос тілінде тек оның өзі туралы ғана емес, өзі жасап келе жатқан табиғи ортасы мен қоғамдағы қарым-қатынастары туралы да, жан дүниесі, жүрек сыры, қуануы мен сүйінуі, ренжуі мен күлуі, түс көруі, ұққаны мен түйгені, танымы мен талғамы, барлық құбылысты өзінше бағалап-бағамдауы – бәрі-бәрі, біле білсек, өз тілінде өрнегін тауып, өзіне-өзі көрсететін айна іспеттес.

Этнос туралы осыншама мол деректер мен мағлұматтарды тек тіл ғана өз бойына сиғызып, сары майдай сақтап, шашпай-төкпей ұрпағына жалғастыра алады. Осы қасиетіне байланысты тіл феноменін – *«тіл әлемін»* этностың өзін танып-білудің қайнар көзі, біліктіліктің кәусар бұлағы десек, артық айтқандық емес. Бұл ұғымның ауқымына тілдің барлық қасиеті түгел сыйып тұрғандай: этностың дүниеге келуіне ұйытқы болған да – тіл, рухани-мәдени өмірінің өзегі де, өзін-өзі танып-білудің өлшемі де – сол тіл т.т. Осының бәрі «тіл әлемінен» табылады. *«Адамтану», «Қоғамтану», «Табиғаттану»* деп аталатын ғылым салаларының қалыптасуына негіз болатын да, біле білсек, осы «тіл әлемі».

Сонымен, *«тіл әлемі»* дегеніміз – этнос болмысына қатысты мыңдаған, тіпті миллиондаған мағыналық бірліктердің жиынтығы, синтезі.

Міне, осынау бай тіл қазынасын этнос болмысы тұрғысынан толық меңгеру, оның бейне бір тұңғиық теңіздей терең мағына-мазмұнына бойлап еніп, оны игеріп, танып-білу, жүйелей түсіп, жан-жақты зерттеу этнолингвистиканың ең басты міндет-мақсаты болмақшы.

Тілді кейде көп бұлақтан бастау алып, арнасына симай, асып-тасып жатқан шалқар дарияға теңейтініміз, шынында да, оның мәңгілікті қалайтын, жасай бергісі келетін, жасаған сайын жасара беретін (Ғ.Мүсірепов) ғажайып құбылыс екеніне байланысты болса, этнолингвистиканың дүниеге келіп, өзін болашағы зор ғылым саласы екенін көрсете бастауы, оның ана тіліміздің міне, осы бір қасиеті мен құдіретіне байланысты.

Этнолингвистиканың зерттеу объектілері мен мақсат-мүдделері. Этнолингвистиканың зерттеу объектісін этностың тілі десек ондағы мақсаты – сол тіл арқылы этностың болмысын танып-білу болады. Алайда, бұл баршаға түсінікті нәрсе болып көрінгенімен, нақтылай келгенде, ол туралы әртүрлі көзқарастың барлығы, әркімнің әр түрлі бағытта әрекет етуі байқалады.

Бір жағынан бұл заңды да құбылыс. Өйткені қай ғылым саласы болмасын, өзінің қалыптасу дәуірінде ең алдымен бағыт-бағдарын, өз концепциясы мен принциптерін, зерттеудің тәсіл-әдістерін анықтап алуға тырысады. Сондықтан да, этнолингвистиканың объектілері мен мақсат-мұддесін айқындаудағы бұл тәрізді әр түрлі көзқарастарды сол ізденістердің жолдары деп қарағаң жөн.

Осы орайда, қазақ этнолингвистикасының да қалыптасу барысында айқындала бастаған өзіндік дәстүрі мен үрдісі, зерттеу объектісі мен әдіс-тәсілдері, ұстанған принциптері жоқ емес[8].

Енді соларға тоқталып өтейік.

Этнолингвистиканың зерттеу объектісі – барлық жағдайда да этнос тілі екендігі айтылды. Алайда, ғылым-білім саласында тілге тікелей қатысты, оны әр тұрғыдан зерттеуші, оған арқа сүйеуші пәндер көп-ақ. Олардың біразы этнос тіліне байланысты этнолингвистикамен де сыбайлас, тілдік деректерді өз мұддесіне қарай зерттеп, білуге бағышталған ғылым, білім, мәдениет т.б. салалар.

Бұл пәндерді өз ретінде: 1) этнос тіліне жалпы қатысы бар (мәселен, мәдениеттану, этнография, этнология, өлкетану, фольклористика, мифология, астрология, дінтану, педагогика, дидактика т.б. осы сияқты) **қоғамдық-әлеуметтік пәндер** және 2) этнос тілінің тілдік табиғатын айқындауға тікелей қатысты (мәселен, этимология, диалектология, ономастика, фразеология, паремиология, терминология, лексикография т.б.) **лингвистикалық пәндер** деп, үлкен екі топқа бөліп қарауға болады. Этнолингвистика мен социолингвистика да, экстралингвистика мен психолингвистикалар да, міне, осы кейінгі топқа жатады.

Ендігі мәселе: бір объекті төңірегіне шоғырланған соншама пәннің өзіне меншікті үлесі мен бірлесе отырып шешетін мәселесінің қатынасын айқындап алған да артық емес. Бұл, әрине, өз алдына жеке мәселе. Біздің айтайық деп отырғанымыз: этнолингвистиканың осы пәндермен ара қатынасы жайында. Өйткені өзіндік мақсат-мұддесі бола тұрса да, бір ортақ объектіге – *«тіл әлеміне», «тіл қазынасына», «тіл құдіретіне»* т.б. – соқпай кете алмайтын аталған пәндерден этнолингвистика да бөлініп, жарылып өз алдына оңаша тұра алмаса керек. Осыған байланысты этнолингвистиканы **«пәнаралық ғылым саласы»** деп есептейтін ғалымдар да (М.М.Копыленко т.б.) бар.

Бірақ пайымдап қарасақ, аталмыш пәндердің этнолингвистикамен қатыстығы бірінші (қоғамдық) топтағы пәндермен зерттеу объектісіне байланысты болса, екінші (лингвистикалық) топтағы пәндермен зерттеу тәсіл-әдістеріне байланысты екен. Демек, бір объектіге (этнос тіліне) қатысты екі топтың екеуіне де ортақ объект және өзара мұдделестік бар деген сөз, бірақ олар бірін-бірі ауыстыра алмайды, өйткені олардың алдына қойған өз мақсат-мұддесі бар және

8 *Қайдаров Ә.* Этнолингвистика // Білім және еңбек. 1985. №10, 18-22 б.

олар бірдей емес. Солай бола тұрса да, этнолингвистика бұл екі топтың екеуімен де ынғайына қарай үйлесіп, этнос болмысын танып-білуге қажетті әр пәннің өз тұсынан айқындап, саралап үлгерген деректерін өз елегінен өткізіп, өзінше пайымдап, пайдалануға тырысады.

Енді, этнолингвистиканың кейбір қоғамдық және лингвистикалық пәндермен нақтылы қарым-қатынасына тоқталып өтейік.

Этнолингвистика және мәдениеттану (культурология). Этносты танып-білуге тұс-тұсынан ат салысып, өзіндік үлесін қосушы қоғамдық ғылым салаларының бірі – **мәдениеттану** (культурология) десек, ол этнос болмысының ауқымды да маңызды саласымен шұғылданады. «Мәдениет» жеке адамның басына тән қасиеттен басталып, бүкіл ұлттық менталитетті, ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық сана, дүниетаным, салт-дәстүр, рухани-материалдық байлықтың бәрін түгел қамтитын өте күрделі ұғым.

Этнос мәдениеті ғылыми тұрғыдан былай анықталып жүр: «Этнические культуры – эти особые исторически выработанные способы деятельности, благодаря которым обеспечивалась и обеспечивается адаптация народов к условиям окружающей их природной и социально-культурной среды»[9]. Бұл – мәдениет – әрбір этноска тән белгілі бір табиғи-әлеуметтік ортаға сәйкес қалыптасатын құбылыс деген сөз. Өмір-тіршілік салты да, ортақ тіл, ортақ дүниетаным, ортақ психология т.т. – осының бәрін біз этнос мәдениетінен таба аламыз. Ал, соның бәрін танып-білудің ең басты құралы – тіл екендігін мәдениеттанушы ғалымдардың[10] бәрі мойындайды. «В языке народ выражает себя полнее и многостороннее, чем в чем-либо другом – не только в последнем своем положении, но и исторически. Все, что есть у народа в его быте и понятиях, и все, что народ хочет сохранить в своей памяти выражается и сохраняется языком»[11].

Бұл пікірден біз этнолингвистика мен мәдениеттің тіл әлемінде тоқайласатынын айқын көреміз. Алайда, осыған қарап олардың зерттеу объектісін біріктіріп жіберіп, бір ғылым деп қарауға да, өзіндік ерекшеліктері бар этнолингвизмдер мен мәдени лексиканың арасына тепе-теңдік белгісін қоя салуға да болмайды. Оның басты себептері: *біріншіден*, этнолингвистика этнос болмысына қатысты *«тіл әлемін»* түгел қамтуға тырысса, мәдениеттану пәні өз міндетін «мәдениет» ұғымымен ғана шектеуге тиіс; демек, ол, қанша күрделі, ауқымды болса да, «бүтіннің бөлшегі іспетті дүние»; *екіншіден*, мәдениеттану мәдениет түрлерінің (әдебиет, жазу-сызу, қолөнер, ән-күй өнері т.б.) пайда болуын, қалыптасуын, дамуын, өзіндік ерекшеліктерін талдап, таратып айтуды негізгі міндетім деп санаса, этнолингвистика барша мәдени лексиканы іштей сала-салаға жіктеп, жүйелеп, мүмкін болғанынша толық жинап алып, тілдегі өзінің нақыш-өрне-

9 *Беляев А.И.* Культурологические гипотезы... //Этнолингвистические проблемы семантики. М., 1978, с. 48.

10 *Верещагин Е.М., Костомаров В.Г.* Язык и культура... М., 1983, с.3. и др.

11 *Толстой Н.И.* И.И.Срезневский – диалектолог // Учен. зап. Тартуск. гос.унив. 1981., с. 573.

гімен сөйлете білу, сан алуан ұғым-түсініктердің мән-мағынасын ашып, номинация, дифиниция түрінде сипаттап, этностық таным-талғам тұрғысынан түсіндіруді мақсат етеді. Демек, бұл ортақ бір объектіні мәдениеттану мен этнолингвистика әр түрлі бағытта, деңгейде және мүдде-мақсатпен қарастырады деген сөз.

Этнолингвистика және этнография. Бұл екеуінің тоқайласар тұсы этнос болмысының сүбелі саласы – заттық бағалылықты (материальные ценности) зерделеуге байланысты. Бұл екеуіне де ортақ объект – «тіл әлеміне» тән көл-көсір мол дүние. Алайда, осыған қарап, этнолингвистика мен этнографияны да бірбірімен алмастыруға болмайтын сияқты. Олардың өзара сыбайластығымен қатар «ортақ» терінің пұшпағындай өз тәсілімен илейтін еншісі де жоқ емес. Бұл әсіресе тіл фактілерін пайдаланудан айқын көрінеді.

Зерттеушілердің көбі-ақ этнолингвистика мен этнографияны «мақсат-мүддесі ортақ, бақыт-бағдары бір, бір таяқтың екі басындай егіз ғылым» деп қарайды. Бұл пікірді кезінде өзіміз де[12] қолдаған едік. Алайда «тіл әлемін» тәптіштеп зерттеу барысында бұл пікірге де сын көзбен қарау керектігіне көзіміз жеткен сияқты. Оның басты себебі: екеуіне ортақ объект – этнос тілі болғанымен, оны екеуінің зерттеу тәсілі мен тереңдік деңгейі бірдей емес. Мәселен, **«Киіз үй»** деген объектіні алсақ, этнографтар да, этнолингвистер де оның құрамын (*сүйегін, киізін, бау-шуын),* бөлшек-бөліктерін *(шаңырақ, уық, кереге, есік, туырлық, үзік, түндік, басқұр, белдеу, желбеу т.б.*), сондай-ақ оларды жасау технологиясын сөз етуге міндетті. Алайда киіз үйге қатысты тіліміздегі бұлардан басқа жүздеген атаулар мен мыңдаған қосымша ұғым-түсініктерді тәптіштей жинап, этнос тұрғысынан талдап, тарату этнолингвистердің ғана міндеті болса керек. Мұны нақтылы мысалдармен дәлелдеп жатуға мақаланың мүмкіндігі көтермейді.

Қорыта келгенде: этнос болмысына қатысты тіл фактілерін этнографияға қарағанда этнолингвистика әлдеқайда ауқымды да кең пайдаланып, олардың тілдік мән-мағынасын жан-жақты да терең түсіндіруге тырысады.

Қоғамдық пәндермен этнолингвистиканың ара қатынасы осылай болса, лингвистикалық пәндермен болатын бұл қатынас сәл басқашалау. Олардың бір-екеуін қарастырып көрейік.

Этнолингвистика және этимология. Сөздер мен сөз тіркестерін төркіндете зерттеу этимологияның төл міндеті болса да, бұған кейде этнолигвистиканың да мұқтаж екендігін көреміз. Мұндай жағдайда әсіресе мағынасы күңгірттенген бірліктердің мәнін ашып, жасалу мотивтері мен қолданыс шеңберін айқындауда этнолингвистиканың этимология көмегіне жүгінуге тура келеді. Сөз төркінін айқындаудың тағы бір қажеттігі тіл практикасында мұндай фактілерді **«халықтық этимология»** (оны «жалған этимология» деп те атайды) тұрғысынан түсіндіру жиі кездеседі. Мұндай жағдайда бұл тәрізді «еркін» жоба-жорамалдарға дұрыс бағыт-бағдар беру қажет тәрізді.

12 *Қайдаров Ә.* Этнолингвистика // Білім және еңбек, 1985, №10,18-22 бб.

Кейде этнолингвистикалық түсініктеме дәлелсіздеу көрінгенде де этимологиялық бір деректің өзі-ақ оны айқындай түсуі мүмкін. Мысалы, көне де байырғы **«бөрі»** сөзінің эвфемистік баламасы деп көрсетілетін, *қарысқыр* сөзін үлкен ғылыми этимологияға бармай-ақ, қырғыз тілінде мойыны мен жақ сүйектерінің қарысып қалуына байланысты **«қарышқыр»** деп аталуы арқылы түсіндіруге де болады.

Айта кету керек: этимологиялық зерттеулерде кейде этнолингвистикалық факторларды пайдалану да жиі кездеседі. Мұндай жағдайда, керісінше, этнолингвистикалық деректер этимологияның негізгі үш – *фонетикалық, семантикалық* және *морфологиялық* – принципіне қосымша дәйектеме ретінде пайдаланылып, этимология объектісін уақыт-мезгіл, кеңістігі мен тарихи дәлдігі тұрғысынан айқындай түсуде өз үлесін қосып отырады.

Бұл – лингвистикалық пәндердің этнолингвистика аясында болатын өзара табиғи байланысы. Дәл осы тәрізді астарлас байланысты біз этнолингвистика мен **қазақ диалектологиясы** арасынан да айқын көреміз. Өйткені этнолингвистика әдеби тіл ауқымымен ғана шектелмей, жалпыхалықтық тіл фактілерін мүмкін болғанша түгел қамтуды мақсат етеді. Міне, осыған байланысты этнолингвистика жергілікті (жанды, ауызекі, жаргон т.б.) тіл ерекшеліктерін зерттейтін диалектологиямен де мүдделес. Бұл – этнолингвист ғалымдар этнос болмысын танып-білуге қатысты жарияланған диалектологиялық материалдарды да, өз тұсынан жинаған фактілерді де пайдаланады деген сөз.

Этнолингвистиканың диалектологиямен шендесуі ең алдымен біріншісінің түбегейлі мақсатына байланысты: ол этноска қатысты деректердің бәрін тіл қорының қойнау-қойнауларын тінте қарап, тірнектеп жинап, түгел қамтуды көздейді. Ал, диалектология болса, әдеби тілдің «сыртында» жатқан, сонау тайпа тілінен бастау алып, жергілікті тұрғындар қолданысында сақталып келе жатқан көне де байырғы сөздерді, көрші халықтар тілінен әркезде қабылдаған ауыс-түйістерді, жергілікті кәсіпшілікке байланысты ұғым-түсініктерді жинақтап, түсіндіру арқылы этнолингвистиканың бастау алар бұлақтарының бірі болып саналады. Этнолингвистика мен диалектологияның ара қатыстығына байланысты, мәселен, академик Н.И.Толстой бастаған ғалымдар тобының көп жылдан бері славян тілдерінің жергілікті ерекшеліктерін зерттеу арқылы бүгінде ұмыт бола бастаған көне дүниелерін жаңғыртуды мақсат ететіндігін айта кеткен жөн.

Міне, қазақ этнолингвистикасы осы тәрізді басқа да лингвистикалық пән салаларымен (фразеология, паремиология, ономастика, терминология, социолингвистика т.б.) тығыз байланыста дамитынын көреміз. Оны зерттеу өз алдына жеке мәселе.

Қазақ этнолингвистикасының өзіндік ерекшеліктері.

Сонымен, қазақ этнолингвистикасының қалыптасу, даму үрдісінен кейбір өзіндік ерекшеліктер де байқалады. Ол жалпы этнолингвистикалық идея аясын-

да туындап, қазақ этносын оның тілі арқылы танып-білу мақсатымен бұдан 15-20 жыл бұрын (1985 жылдарда) басталған ізденіс барысында іргетасы қаланып, өзінің бағыт-бағдарын, мақсат-мүддесін айқындай түскен, зерттеу объектілерін саралап, тәсіл-әдістерін күн санап шырата түскен ғылым саласына жатады. Алайда, бұл айтқанымыздан қазақ этнолингвистикасы өзінің шарықтау шегіне жетті деген ұғым тумаса керек. Бірақ ол – ғалымдар тарапынан қолдау тауып жатса, өзінің даму барысында әлі де шыңдала түсері кәміл өміршең ғылым.

Қалай болған жағдайда да: қазақ этнолингвистикасының бүгінде өзінше түйген ой-тұжырымы, өзінше бағамдап, бағдарлауы, өзіне тән деп айта алатын ерекшеліктері жоқ емес. Солардың біразын санамалап өтейік.

1. Қазақ этнолингвистикасының өзі үшін (басқалар үшін де!) бір- жолата басын ашып, айқындап алған мәселесі – **Қазақ этносының ұлттық бейнесін, өзіндік болмысын толық та түбегейлі түрде тек оның тіл байлығы – «тіл әлемі» арқылы ғана жан-жақты танып-білуге болатындығы.**

2. **Қазақ этнолингвистикасы** алдына қойған мақсаттың мүддесінен шығу үшін **этнос тіліне қатысты көптеген қоғамдық пәндермен де, лингвистика салаларымен де бірлесе отырып, өзара сыбайласа, іліктесе әрекет ететін, бірақ олардың бірде-біреуінің шылауында жүрмейтін, пәнаралық қызмет атқарып, «қолбала» да болмайтын, өзіндік үрдісі мен принципін сақтаушы әмбебап ғылым.**

3. **Қазақ этнолигвистикасы** қазақ тілінің **лексикалық байлығын мүмкін болғанша (жетер жеріне жеткізе) түгел қамтып, індете зерттеуді мақсат етеді. Тіл әлеміндегі этнос бейнесін тек лексика қорының жиі қолданылатын «үстіңгі қабатындағы» мағыналық бірліктер негізінде ғана емес, сонымен қатар оның төменгі қабаттарында, қойнау-қолаттарында тұнып жатқан (бүгінде сирек қолданылатын) сөз маржандары арқылы да жаңғыртуға тырысады. Этнолингвистикалық зерттеулердің өзіндік бір ерекшелігі – әдеттегі (түсіндірме, екі тілдік, терминдік, этнографиялық т.б.) сөздіктерге ене бермейтін құнарлы да сапалы, бейнелі де көркем, көне де байырғы сөз өрнектерін, тіпті айтуға тыйым салынған «ұят» сөз деректерді де, әзіл-қалжыңдарды да қамтуында.**

4. Қазақ этнолингвистикасының тағы бір принципі – **лексикалық байлықтың мазмұны мен мән-мағынасын этностық таным тұрғысынан толық ашу, этнос болмысына қатысты бағалы мағлұматтар мен құнды деректерді түгел сөйлету, тілдің өзіне тән бояу-нақышымен бейнелі де көркем түрде суреттеу.**

Бұл принциптер мыңдаған (сөз, сөз тіркесі, тұрақты тіркесі түріндегі) бірлікті екі түрлі деңгейде – алғашқы (о бастағы, ең негізгі) номинативті мағынасы мен этностық танымынан туындаған *«этнолингвис- тикалық мағынасы»* деңгейінде – түсіндіруді, анықтауды, топшылауды, сипаттауды талап етеді.

Бірінші деңгейдегі түсініктеме, анықтамаларды біз әр түрлі лексикографиялық еңбектерден кездестірсек, екінші деңгейдегі терең де жан-жақты түсініктемелер тек этнолингвистикалық зерттеулерде ғана берілуге тиіс. Бұл туралы төменде жеке тоқталамыз.

5. Қазақ этнолингвистикасының мықтап ұстанатын принциптерінің тағы бірі – жүйелілік. Мұны этнолингвистикалық зерттеулерде тұрақты да бірізділікпен қолдану әдіс-тәсілдерінің бірі және ең тиімді тетігі деп санаған жөн.

Этнос болмысындағы сан алуан заттар мен құбылыстар бір қарағанда басаяғы араласып, қобырап жатқан дүние болып көрінуі мүмкін. Ал, шын мәнісінде олар табиғи болмысынан-ақ бірінен-бірі туындап, бірі мен бірі мағына-мазмұн жағынан, логикалық, тақырыптық қатыстылығына қарай жүйе-жүйесімен тұрған, объективті заңдылық бойынша реттелген дүние. Алайда, бұл заттар мен құбылыстардың табиғи реттілігі мен жүйелілігін тіліміздегі мыңдаған атаулар арқылы анықтау мүмкін емес. Оны алфавит тәртібімен де көрсете аламыз.

Міне, осы орайда, этнолингвистикалық зерттеудің жүйелілікке байланысты тағы бір ерекшелігі ұстанатын принципі байқалады.

Қазақ этнолингвистикасы зерттеу объектілерін өзара әрі іштей топтастыра зерттеу (классификациялау) принципін қатал сақтауды талап етеді. Бұл жүйелілік принципі талабынан туындайтын әдіс-тәсілдердің біріне жатады.

Жоғарыда көрсетілгендей, объективті болмыстағы заттар мен құбылыстардың табиғатын, тылсым сырын танып-білудің екі түрлі жолы бар: оның бірі – тілдегі барша атауларды хатқа түсіріп, алфавит тәртібімен қарастыру да, екіншісі – олардың мән-мағынасына, қолданылатын тақырып сәйкестігіне, өзара байланыс-қатыстылығына қарай топтастыра зерттеу (классификациялау).

Тіл-тілдердің сөздік қорында ғасырлар бойы қордаланып, шоғырланып тұратын лексикалық байлықты жүйелеп, өзара топтастыра қарастыру этнолингвистиканың ғана талабы емес. Оны біз шығыс әлемінде, әсіресе түркі тілдерін зерттеулерге қатысты еңбегінде тым ертеден-ақ келе жатқан дәстүр екендігін көреміз. Мәселен, Шығыстың ғұлама ғалымы Махмұд Қашқари өзінің *«Дивану лұғат ат-түрк»* (түркі тілдер сөздігі) атты (XI ғ.) әйгілі еңбегінде де, қыпшақ тайпалары тілінің сөздігі – *«Кодекс қуманикус»* (XIV ғ.) атты сөздікте де, тіпті Шығыстың ұлы шайыры Әлішер Науайдың *«Екі тіл туралы ой-пікір»* атты (XV ғ.) поэтикалық трактатында да тіл материалын топтастырып қарау принципінің тамаша үлгісі көрсетіледі. Мысалы: М.Қашқари сол кездегі түркі тайпаларының лексикалық байлығын жинақтай келе, оны «*Түркілердің өмірі туралы*», «*Түркілердің материалдық-мәдени заттары туралы*», «*Ру-тайпа туралы», «Жер-су аттары туралы»...* деп басталып, «*Балалар ойындарымен*» аяқталатын 30 тақырыптық топқа жіктеп қарастырған екен[13]. **«Кодекс**

13 *Кононов А.Н.* Махмуд Кашгарский и его «Дивану лугат ат-турк» // Советская тюркология,

куманикусте» болса, лексикалық байлық **40 түрлі** (мәс., *«Құдайға және оның атына байланысты сөздер», «Ауа райы мен аспан әлеміне... байланысты сөздер», «Уақыт, мезгіл атауларына байланысты сөздер», «Бес сезім мүшелерінің аттары» т.т.)* тақырыптық топқа жіктеліп беріледі[14]. Ал, Әлішер Науаи болса, аталмыш еңбегінде түркі тілінің классикалық парсы тілінен артық болмаса, бірде-бір кем емес екендігін мәселен, 100 етістіктің синонимінің мүмкіндігін, сондай-ақ әр саладағы тақырыптық топтардың (*«аң-құстарға», «жылқының жасы мен түр-түсіне»* т.б. қатысты) байлығын келтіру арқылы дәлелдейді[15].

Міне, тіл байлығын жан-жақты паш етудің де, терең меңгерудің де тиімді жолы ретінде тым ерте қалыптасқан осынау бір ұстаным бүгін этнолингвистика ғылымында да өз жалғасын тауып, жаңа үрдіске ие болып отыр. Мұны біз орыс тілінен де көріп отырмыз. Мысалы, академик Н.И.Толстойдың басшылығымен шыға бастаған этнолингвистикалық сөздікте[16] жинақталған тіл материалы 24 тақырыптық топқа бөлініп қарастырылыпты[17]. Мысалы *«термины: ботаники, географии, горного дела, демонологии, животноводчества, кулинарии, народной астрономии, одежды, строительства, рыболовства, цветообозначения, ткачества* и т.д.» сияқты).

Бұл дәстүрдің тікелей жалғасын қазақ этнолингвистикасынан да көріп отырмыз. Бірақ ол ендігі жерде жай топтастыру ғана емес, қазақ этносының өз болмысын, барлық объективті дүниені өзінше танып-білуі тұрғысынан жүйелік заңдылығына сүйене отырып әр зерттеудің өз мақсатына орай өз дамуын тауып отыр деп айта аламыз. Басқаша айтқанда: тіл байлығындағы заттар мен құбылыстардың атауларын үлкенді-кішілі (макро-микро) тақырыптық, мағыналық, тұлғалық т.б. топтарға (салаларға, кластарға, тарау-тармақтарға т.б.) бөліп қарау ғылыми тұжырымды (концепция) іске асырудың ұстанымы (принципі) ретінде талап етілмекші.

Бұл принциптің теориялық, сондай-ақ танымдық, талғамдық мәні де, практикалық (материалды пайдалану, оны игеру, үйрену тұрғысынан) маңызы да аз болмаса керек. Мәселен, этноска қатысты білгің келген ұғым-түсінікті әдеттегі алфавиттік сөздіктерден іздеп табу үшін ең алдымен сол сөздің өзін (жазылуын, айтылуын) білуің керек. Олай болмаған жағдайда сөздікті бастан-аяқ тү-

1972, N1, с. 12 и др.

14 Бұл мысалдар аталмыш сөздіктің негізінде түзіліп, С.Құрышжанов, А.Қ.Жұбанов, А.Б.Белботаевтар авторлығымен шыққан «Құманша-қазақша жиілілік сөздік" атты еңбектен (Алм., 1978, 12-14 б.б.) алынды.

15 *Насилов Д.Н.* Лингвистические взгляды Алишера Навои // История лингвистических учений. Средневековый Восток. Л., Наука, 1981, с. 151.

16 Этнолингвистический словарь славянских древностей. Под ред. акад. Н.И.Толстого. М., Наука, 1966, Т. I.

17 Хроника Полесских экспедиций (Лингвистика. Археология, Топонимика). М., «Наука»,1968.

гел ақтарып, әрбір сөздің мағынасын оқып барып іздеген сөзіңді табуың мүмкін. Ал, этнолингвис- тикалық еңбектерде адам өзіне қажетті сөздерді оның мағына, түсінігі арқылы іздеп, ол жататын тақырыптық топтардың жүйесінен тез тауып алуына болады. Тауып қана емес, сол сөзді қоршаған контекст арқылы оған қатысты басқа да мағлұматтармен таныса алады.

Этнолингвистикалық материалды топтастырудың принциптері, әдетте, зерттеу объектісі мен оны танып-білу мақсатына байланысты жүзеге асырылады. Егер зерттеу объектісін **«қазақ этносы»**, **«этнос болмысы»** деп жалпылама қарайтын болсақ, онда тіл байлығы – **«тіл әлемі»** түгел қамтылуы тиіс. Біздің кейінгі жылдардағы зерттеу тәжірибемізде **«тіл әлемі»** түгел қамтылып, ол **«Адам», «Қоғам», «Табиғат»** деп аталатын үш үлкен салаға жіктеліп, олар іштей 30 (6+17+7) үлкен (макро) топқа, ал, олар өз ретінде 200-дей микротопқа бөлініп қарастырылуда.

Бұдан шығатын қорытынды: макротоптар өзара **«жүйелі қатыс- ты принцип»** негізінде, ал микротоптар бір-бірімен **«сатылы қатыс- ты принцип»** бойынша топтастырылады деген сөз. Осының біріншісі негізгі үш салаға – *«Адам», «қоғам», «Табиғат»* – қандай макротоптар енетінін айқындаса, екіншісі – әрбір макротоптың тарау-тармақтарына енуге тиісті микротоптарды айқындайды. Мәселен, *«Табиғат»* саласына жататын ірі-ірі макротоптың бірі *«жануарлар дүниесі»* десек, ол өз ретінде 1) *«Жабайы хайуандар»* және 2) *«Үй хайуандары»* болып екі топқа бөлінсе, кейінгісі *«төрт түлік мал» «жылқы», «түйе», «сиыр», «қой, ешкі»* болып оның өзі де сатыланып кіші топтарға жіктелуі мүмкін.

Қысқасы, жалпы *«тіл әлемін»* сондай-ақ кез келген тақырыптық топты этнолингвистикалық тұрғыдан осылайша **жүйелі де сатылы қатысты принциптер** бойынша қарастырғанда ғана оларды түгел де түбегейлі меңгердік, танып-білдік деп айтуға болады.

Айта кету керек, бұл принциптер зерттеу объектісіне және оның мақсатына байланысты әр түрлі ауқымда, деңгейде қолданылуы мүмкін. Алайда, жалпы принциптер сақталғанымен, мұндай жағдайда қатып қалған қатсаң қағида ұсынылмайды, зерттеушілер өз объектісін толық айқындауы үшін бұл принциптерге шығармашылық тұрғысынан қарағаны жөн. Мәселен, қазақ, ұйғыр т.б. түркі тілдерінің этнолингвистикасы бойынша тек біздің жетекшілігімізбен қорғалған докторлық[18] және кандидаттық[19] диссертациялардың бәрінде де

18 *Манкеева Ж.* Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. Алматы, «Ғылым», 1997, 272 б., *Сәтенова С.* Қазақ тіліндегі қос тағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғаты. Алматы, «Ғылым», 1997, 184 б.

19 *Баратов Ш.* Профессиональная лексика уйгурского языка (на материале бахчеводства, огородничества, цветоводства). Автореф, дисс... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1971., *Аронов К.Г.* Этнолингвистическая природа народных космонимов в казахском языке, Автореф. дисс... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1992; *Шойбеков Р.Н.* Лексика ювелирного искусства в казахском языке. Автореф. канд. дис...Алм.,1987; *Ержанов М.* Структурно-семантическая характеристика лексико-семантической группы слов, обозначающих внешность человека... в казахском

зерттеу объектілеріне (мәс., зергерлік өнері, киім-кешек, тамақ-тағам, халықтық астрономия, халықтық өлшемдер, бағыт-бағдарды анықтау (ориентация), халықтық антропонимия, ономастика, эпос тілі, соматизмдер, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, жұмбақ тілі киелі де қасиетті (сокральды), географиялық объектілер, зоофразеологизмдер т.б.) байланысты тілдік материалдар іштей сан алуан ірілі-кішілі тақырыптық топтарға жіктеліп берілуі, міне, осының айғағы.

Айта кету керек, бұл принциптерді кез келген тақырыпқа және әр түрлі деңгейде қолдануға болады. Әдетте, тақырыптық шеңберде этнолингвизмдер мағына, тұлға (құрам-құрылым, модель т.б.) түрлеріне қарап та топтастырылады.

Тіл байлығын этнолингвистикалық тұрғыдан зерделеу тәсіл-әдістері. Бұл – этностың тіл әлеміне тән лексикалық байлықты тұтас та түбегейлі меңгеру, мән-жайын, мағына-мазмұнын терең түсіну және түсіндіру арқылы этнос болмысын (рухын, бейнесін, өзіндік қасиетін) паш ету деген сөз. Сондықтан да бұл қазақ этнолингвистерінің ұстанатын аса маңызды принциптеріне жатады. Олар: зерттеушінің алдына қойған мақсатына байланысты төмендегідей бірнеше нақтылы шарттан тұрады.

1. Соның бірі – қазақ этносын жалпы түркі тіл әлемі арқылы емес, өз тілінің мүмкіншілігі мен өзіндік табиғи ерекшеліктері арқылы ғана танып-білу.

2. Этнос тіл әлемін түбегейлі меңгеру, игеру. Басқаша айтқанда, **бұл принцип** тіліміздегі ұшан-теңіз лексикалық байлықты тек сан жағынан ғана түгендеп шығу емес, сонымен қатар оны сапа жағынан да саралай түсу, яғни сөз мұхитының түбіне терең бойлап, «інжу-маржанға» толы қазынасын түгел ақтарып, оның сан ғасырлар бойы сақтап келе жатқан сырын аша түсуге барып саяды. Этнолингвистикалық зерттеудің қиын да, күрделі мәселелерінің бірі осы болмақ.

Олай дейтін себебіміз: барша тіл байлығына **этнос танымы тұрғысынан мағыналық талдау жасау** кез келген зерттеушінің қолынан келе беретін іс емес. Ол тек ана тілінің асыл қасиеті бойына ананың ақ сүтімен дарыған, оның терең сыры мен құдіретті күшін, бейнелілігі мен көр-

---

языке. Алма-Ата, 1988; *Мухатаева А.Ж.* Этнолингвистическое изучение лексики казахского эпоса (сфера материальной культуры). Автореф. дисс... канд. филол. наук. Алма-Ата,1989; *Иманалиева Р.* Этнолингвистические вопросы изучения средств выражения пространственных представлений в казахском языке. Автореф. дисс... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1990; *Жылкубаева А.* Термины питания в казахском языке (в этнолингвистическом освещении). Автореф. дисс... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1989; *Назарова Г.Ш.* Названия лекарственных растений в современном уйгурском языке. Автореф. дисс... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1992; *Уызбаева Б.* Қазақ тіліндегі сомантикалық етістік фразеологизмдердің этнолингвистикалық сипаты. ф.ғ.к. дисс. автреф. Алматы, 1994; *Мұсабаева М.* Қазақ тіліндегі антропонимиялық «аталымдардың» этнолингвистикалық сипаттамасы. ф.ғ.к. дисс. авт. Алматы, 1995; *Оңғарбаева Н.* Қазақ жұмбақтарының тілі. (этнолингвистикалық зерттеу). к. д. авт. Алм.,1997, т.б.

кемдігін жастайынан сезініп өскен тіл маманының ғана қолынан келетін іс. Мұның тағы бір сыры: осыншама тіл байлығын «бір қазақтай-ақ» түсіне білу бар да, сол түсінікті басқаларға айтып, жазып жеткізе білу тағы бар. Бұл екеуі бір емес, ол үшін тіл маманы ғана емес, «тіл тамыршысы» да бола білу қажет сияқты. Демек, этнолингвист-ғалымға қойылатын басты талап – жалпы тіл табиғатын білумен қатар оның әрбір сөзінің мағына астарында жатқан этнолингвистикалық деректі тамыршыдай тап басып, тани білу және таныта білу. Ал, бұл міндетті орындау кез келген адамның, тіпті тілдің структуралық (грамматика, фонетика, лексика т.б.) проблемаларымен ғана шұғылданушы мамандардың да қолынан келе бермейді десек, артық айтқандық емес. Өйткені, бұл салада лексикалық байлықтың тек тіл факторы, сөздердің жиынтығы ретінде ғана емес, этностың тілдегі болмысы, бейнесі, көрінісі, негізі ретінде қаралатындығы. Этнолингвистикамен шұғылданам деуші талапкерлердің осы бір талапты білгені абзал.

«Тіл тамыршысы» бола білу деген сөз – тіл байлығын өз білгенімен ғана өлшеп, шектемеу. Өйткені *«ана тілімді бір қазақтай-ақ білемін!»* дейтіндердің де «білетіні – бір тоғыз, білмейтіні – тоқсан тоғыз». Бұл бір. Екіншіден, көпшілік қауымның білетіні лексикалық бірліктердің бойына тән мағынаның толық ауқымы емес, жарым-жартысы ғана, яғни көбінесе күнделікті өмірде өзара қарым-қатынас жасауға қажетті *«үстіңгі қабаттағы»* лексикалық мағыналары ғана. Ал, олардың екінші деңгейдегі «ауыс, туынды, келтірінді, идиомалық, фразеологиялық» (т.б.) деп аталатын мағыналар тобына келсек, олар көбінесе тілдік ортада қалыптасқан дәстүрлі «мағыналық символ» ретінде сөйлеу контекстіне қарай қолданылғанымен түп-төркіні баршаға айқын емес. Мәселен, *көзіне шөп салу, шөп басын сындыру, итаркасы қиянда, көзайым болу, шөпжелке, шүйке бас* сияқты тіркестерді ауыс, идиомалық мағыналары бізге түсінікті болғанымен олардың тілде пайда болу мотивтерін бірден айтып беру оңай емес, өйткені олардың астарында этнолингвистикалық факторлар жатыр. Міне, сондықтан да, әр алуан лексикалық бірліктердің осы екінші деңгейдегі мағыналарын біз шартты түрде **«этнолингвистикалық мағыналар»** деп атадық.

3. Тіл байлығын этнолингвистикалық тұрғыдан зерделеудің тағы бір принципін біз **«індете зерттеу»** деп атадық. Аңшылар лексиконында: *«аңды індетіп алу»* – тазылардан қашып келіп, жан сауғалап, кез келген інге тығылған аңдарды (түлкі, қасқыр, қарсақ, борсық т.б.) аңшы амалдап, су құйып, түтін салып, таяқ жүгіртіп т.т.), қолға түсіру әдісі.

«Індете зерттеу» деп, шартты түрде алынып отырған бұл терминнің мәнісі – зерттеушінің тілімізде күнделікті айтылып, жазылып жүрген («қолбала, елгезек») сөздермен ғана шектеліп қалмай, не өзі білетін, шеті көрініп тұрған, не ұмыт болған тіл фактілерінің «ізіне түсіп», лексикалық қордың қойнау-қолтарынан іздеп тауып, түп-тамырымен қопарып, түбегейлі айқындауға тырысу

деген сөз. Сонда ғана этнос табиғатын толық танып-білуге қажетті тілдік фактілерді, сол фактілердің қабатында, астарында, қайнар көзінде жатқан небір ғажайып этнолингвистикалық деректерді тауып, сөйлетуге болады. Олардың «ірілерін» ғана емес, «майда-шүйделеріне» дейін түгел қамту ләзім. *«Іздете зерттеуге»* әрбір зат пен құбылыстың, ұғым мен түсініктің жеке бастарын ғана емес, олардан туындап, өркендеп, бұтақтап, балалап, тарап жатқан туындыға да қатысты дүниенің бәрін (олардың атауы арқылы) түгел қамту міндеті де жатады.

Бір-екі мысал келтіре кетейік.

Мәселен, қазақ тілінде адамның дене мүшелері мен ішкі ағзаларына байланысты 500 ден астам атау бар екен. Ал, сол атаулардың бірі – «көз» десек, сол «көздің» өзінен туындаған ұғымдардың өзі – тілімізде бірнеше жүз. Біз жинақтаған материалымызда *«көздің»* түрін ғана (түр-түсін, бітім-болмысын, әр алуан қасиетін, өзіндік ерекшеліктерін т.б.) сипаттайтын 100-ден астам тіркес-атау қамтылыпты; *бота көз, қарақат көз, құралай көз, қой көз, сиыр көз, тана көз, жапалақ көз, тышқан көз, жылан көз, қара көз, көк көз, қызыл көз, айран көз, бітік көз, былшық көз, бит көз, жұмық көз, ақ көз* т.т. Бұл арада мәселе, тек көз түрлерінің есебін алып, түгендеу де емес, солардың әрқайсысына тән қасиеттерді этностық таным тұрғысынан сипаттап беруде. Осы орайда: «Ақылсыз басқа **ақиған көз** бітеді» дегендегі **«ақиған көздің»** қандай болатынын көз алдына елестетсе де, сөзбен сипаттап беру оңай емес. Сондай-ақ, фольклорда, көркем шығармаларда кездесетін *өңезе көз, нәркес көз, жыртық көз* сияқты көздердің сан алуан көрінісін суреттеп, жас ұрпаққа түсіндіру этнолингвистердің міндеті болса керек.

Тағы бір мысал.

Этнолингвистика саласында өзінің бай өмір тәжірибесін ел арасынан жинап-тергендерін жариялап, өнімді еңбек етіп жүрген Жағда Бабалықов ақсақал, мәселен, малдың тек бас сүйегіне қатысты тілімізде 500-дей атау қалыптасқанын айта келіп, осы бас сүйектің бір өзінен ғана неше жүз *жік-жапсар, бөлік-бөлшек атауларын* тауып жазып отыр.

Ол қазақ малшылары мен емшілері «...тек қой басы сүйегінің бөлшектерін 170-180 *жік*[220]арқылы байланысатынын да айтады. Тағы бір ғажабы: сүйек жіктерінің табиғи ерекшеліктеріне орай, – *60 қақ жік, 40 ұңғылы жік, 30 жапсар жік, 30 жанас жік, 10 киілмелі жік* деп бөлгені таң қалдырады...» деп жазады.

«Олардың айтуынша: *«қақ жік»* дегені – әрі қалың, әрі мықты сүйектердің тығыз біріккен жіктері. Бастың миы тұрған *қуысы – милық сүйектер жігі*, сол қақ жіктерге жатады. Ұңғылы жіктер бір-біріне қағып кіргізілгендей, күш сала суырғанда бөлек алынатын сүйектер. Бұған тіс пен *жақ сүйектер* жігі жатады. *Киілмелі жіктер* – қақ сүйектер бір-

20 Сілтемедегі атау сөздердің астын біз сызып отырмыз – Ә.Қ.

біріне *шарпылар, жарғышақтар* арқылы киргізілгендей болып келеді, сәл қозғалса, иіледі, аздап суыра тартса, суырыла салатын жіктер.

Жалпы сүйек құрылысында қазақша аталатын 95 бөлік бар. Олар емшілер арасында *қақсүйек, қағажақ, шеміршек* болып үшке жіктеледі...»[21] дей келіп, автор қонақ күту, мал сойып, мүше тарату сияқты халқымыздың салт-дәстүрін білудің бүгінгі үлкен-кішінің бәріне қажет екенін ескертеді.

Осы мақалада қойдың бас сүйегіне қатысты жеке сөз, тіркес түрінде 500-ге тарта атаудың тізімі берілген. Бұл этнолингвистиканың **«тіл фактісін түгел қамтып, індете зерттеу»** принципінің алғы шартының орындалуы болса, енді осы атауларды жүйе-жүйесі бойынша мазмұнын, салттық мәнін ашып, мағынасын түсіндіру «таза» тіл мамандарының емес, ұлттық салт-дәстүрден хабардар, тіл фактілерін толық игерген этнолингвистердің міндеті деп айтуға болады.

Осылайша әрбір зат пен құбылысты жетер жеріне жеткізе, «індете зерттеп», оларды жіктеп-жіліктеп қарастыратын болсақ, біздің жалпы дүниетанымымыз артып, этнос ретінде өзіміз туралы білгеніміз көп болар еді.

Бір ғажабы: біз ұсынып отырған *«індете зерттеу»* тәсілін лексикалық байлығымыздың белгілі бір саласында, не тарау-тармағында, тақырыптық тобында ғана емес, кез келген мағыналық бірліктің тамырын қуалай таратып, танып-білу үшін де пайдалануға болатындығы.

4. Тіл байлығы **сөз санымен ғана емес, оның сапасымен, мағына тереңдігімен, ауқымдылығымен де өлшенеді**. Олай дейтін себебіміз: тілдің лексикалық байлығын екі түрлі «өлшеммен» анықтауға болады. Оның бірі – көне заманнан бері қалыптасып келе жатқан бір буынды және екі буынды (бұл сирек-теу) түбір сөздер мен солардың негізінде пайда болған мыңдаған туынды түбірлердің жалпы саны да, екіншісі – солардың беретін мағына саны мен мағына ауқымы. Бұл лексиканың сандық мөлшерінен 2-3 есе артық сапалық мөлшері. Тілімізде ғасырлар бойы бірде-бір **«су жаңа сөздің»** (бұған ауыс-түйістер жатпайды) өздігінен пайда болмағанын ескерсек, жалпы тіл лексикасының дамуын ең алдымен ұғым-түсініктер мен мағынаның (семантикалық) дамуы деуге қақымыз бар. Тілімізде бұрыннан келе жатқан және сырттан қабылданған сөздер негізінде толассыз туындап жатқан «жаңа» сөздердің тіркес түріндегі атаулардың бәрі, сайып келгенде, сол жаңа ұғым-түсініктер мен мағыналарды сипаттау үшін барлығы келіп жатқан дүниелер.

Мұның сыртында **негізгі атаулар** білдіретін заттар заттар мен құбылыстардың іштей жіктелуі, бөлінуі, дараланауы нәтижесінде пайда болған сан алуан түрлерін білдіретін (мыс., *жел: аңызақ жел, жайдақ жел, баяу жел, саумал жел, жатаған жел, қарсы жел, қума жел, қарыма жел* т.т. – 50-ден астам) туынды мағыналық бірліктер тағы бар. Бұлар этностың дүниетанымына, өмірлік тәжірибесіне қатысты фактордың тілдегі аса қажет бір көрінісі. Бұл құбылысты этно-

21 *Бабалықов Ж.* Малдың бас атаулары // «Білім және еңбек», №10, 1985, 38-40 бб.

лингвистер кез келген «тірек» сөздер мен нақтылы ұғым-түсініктің төңірегінен өрбітіп, көрсете алады. Мәселен, олар қазақ тілі қорында: **ердің** 42 түрі, 40-тан астам **қауынның** түрі, сырғаның 40-қа жуық түрі, **күлкінің** 10, **күлудің** 40-тай түрі, **ақынның** 150 түрі, **көздің** 100-ден астам түрі, **«сөз»** сөзінің 300-дей түрі т.т. бар деп көрсетіп те жүр. Бұл тәрізді туынды атаулардың жалпы саны тілдегі негізгі атаулардан 2-3 есе артық.

Бұлар, әрине, қабаттасып жүрген басы артық сөздер емес, қайта ғасырлар бойы этнос тәжірибесінен туындап, қалыптасып ой-өрісімізді кеңейте түсетін, тілдің потенциялық мүмкіндігін еселеп, арттыра беретін, оны дәйім толықтырып отыратын бұлақтардың бірі. Бұларды түгел жинап, жүйелеп, мазмұн-мағынасын ашып беру де – этнолингвистиканың төл ісі.

Этнолингвистикалық арналар. Тілдің лексика-семантикалық қорын дамытудың, байытудың көздері бұлармен ғана шектелмейді. «*Негізгі және туынды мағыналық бірліктер*» деп аталған бұл екі топты сан жағынан ғана емес, сапа жағынан да байытып, оны этнос туралы небір құнды дерек-мағлұматтармен толықтырып, мазмұн, тақырып ауқымын кеңейтіп, мән-мағынасын тереңдете түсетін тілдің басқа да көздері бар. Біз оларды **«этнолингвистикалық арналар»** деп атадық. Олар сан алуан бұлақтан бастау алып, «тіл әлеміне» келіп құйылып жатқан 6 арнадан тұрады.

Олар мыналар: баламалар, тұрақты теңеулер, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, ауыз әдебиеті үлгілері.

1) **Баламалар.** Бұларға тіліміздегі негізгі атауларды бейнелі түрде суреттеп беруден туындаған (мыс. **көмір** – *«қара алтын»,* **телевизор** – *«көгілдір экран»* т.б.) **жасанды баламалар** (перифраздар) мен әр түрлі наным-сенімге, әдет-ғұрыпқа (ат тергеу, көңіл айту, ұятты сөзден қашу, т.б.) байланысты тыйым салынған «табу» сөздерді (**бөрі** – «қарақұлақ», **жылан** – «түйме» т.б.) алмастыратын **эвфемистік баламалар** жатады. Тілімізде мыңдап саналатын бұл баламалар да рухани дәстүрге, тіл табиғатына, этностық дүниетанымға тікелей қатысы бар ерекше құбылыс тың бірі[22]. Мысал келтіруге мақала көлемі жар бермейді.

2) **Тұрақты теңеулер**. Бұлар, әдетте, бір зат пен екінші бір затты (құбылысты) өзара салыстыру, ұқсату, бір-біріне балау, теңеу арқылы оларды анықтау, сипаттау, бағалау, бағамдау, өлшеу, болжалдау т.б. осы сияқты танымдық мақсаттан туындап, тұрақталған (көпшілігі) тіркес- тер. Тілімізде мыңдап саналатын бұл тіркестер (штамптар) тақырыбы (объектісі), мағынасы, құрамы мен құрылымы, уәждік (мотивтік) негізгі және көркемдік ерекшеліктері жағынан сан түрлі. Бұлардың бәрі немен және нені қалай салыстырса да, айналып келіп, адамның іс-әрекетін, сын-сымбатын, қалып-күйін т.б. қасиеттерін сипаттауға бағышталады. Мына мысалдарды зерделеп

22 *Ахметов Ә.Қ.* Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер. Алматы, Ғылым, 1995.

көріңіздер: *жерден жеті қоян тапқандай* (қуану), *екі иығына екі кісі мінгендей* (дәу, үлкен), *екі бетіне пышақ жаныңандай* (арық), *құлаққа ұрған танадай* (мәңгіру), *иттің құртындай* (құжынаған көп) т.б.

3) **Фразеологизмдер**. Тақырып, мағына, тұлға жағынан әр түрлі болып келетін тұрақты тіркестердің үлкен бір саласы тілімізде (15 мыңнан астам) – *фразеологизмдер* десек, олар да қандай ұғым-түсінікке қатысты болмасын, сайып келгенде, адамның іс-әрекетін, сын-сипатын, қалып-күйін, дүниетанымын өзіндік бояу-нақышымен бейнелейтін танымдық мәні зор көркем сөз бұлақтарына жатады. Оны мына мысалдардан да: *шошқа тағалау, бастан құлақ садаға, ит терісін басына қаптау, қағанағы қарқ, сағанағы сарқ, түйе үстінен сирақ үйіту, шөп басын сындыру т.б.* айқын көре аламыз. Бұлардың жасалуына ұйытқы болып тұрған «құлақ» (мал құлағы), «ит терісі», «қағанақ, сағанақ», «сирақ үйіту», «шөп» тәрізді *«тірек»* компоненттердің, көріп отырғанымыздай, адамға тікелей қатысы жоқ. Сондықтан да, этнолингвистика үшін ең қиын мәселе осы сияқты фразеологизмдердің ауыс мағынада қолданылу мотивтерін түсіндіру. Басқаша айтқанда: мысалы, «*түйе үстінен сирақ үйіту*» мен *«өз ісіне немқұрайлы қарау, жүрдім-бардым істеу»* арасындағы мағыналық сыбайластық пен астарластықты сөзбен де, жазып та дәлелдей білу. Ол үшін фразеологиялық мағынаның қалыптасуындағы екі деңгейін этнолингвистикалық тұрғыдан сабақтас- тыра білу қажет.

4) **Мақал-мәтелдер.** Бұлар да этнолингвистикалық арнаның ең құнарлы бұлақтарына жатады. Егер тіліміздегі 40 мыңнан астам мақал-мәтелді, фразеологизмдер сияқты жинап, жүйелеп, белгілі бір «тірек» объектілеріне қатыстығын айқындап, мазмұнын ашып, этнолингвистика тұрғысынан түсіндіретін болсақ, этностың «тіл әлемі» 40 мың мағыналық бірлікпен толығып, байи түскен болар еді. Әрбір мақал мен мәтелдің бойына этнос болмысына, оның рухани заттық (материалдық) мәдениетіне, дүние-танымына, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, наным-сеніміне т.б. қатысты бай информация жинақталғанын ескерсек, олардың этнос болмысын танып-білуге қосар үлесі зор. Фразеологизмдер сияқты мұнда да күрделі мәселе – мақал-мәтелдердің тілде пайда болу факторлары мен, дами келе, **Адамға** (оның сын-сипатына, мінез-құлқына, іс-әрекетіне, қалып-күйіне т.б. қасиеттеріне) ауысу мотивтерін (уәждерін) тап басып, дәл айқындау, мән-жайын таратып, түсіндіру. Бір-ақ мысал: *«Ұяда нені көрсең, ұшқанда соны ілерсің»* деген мақал «от басында қандай тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге көрсең, өсіп-жеткенде де соны істейсің» деген ауыс мағынада бүгінгі педагогикалық тұжырымдаманың (концепцияның) негізіне айналып отыр. Этнолингвистика болса, міне, осындай құбылыстың мән-жайын түсіндіруге тырысады. Мәселен, осы мақалдың өзін алсақ, ол – о баста қыран құстар өмірін байқаудан туып, саяткерлер лексиконында қолданылған жай тіркес болған. Шынында да, бүркіт өз балапандарын құз-қиядағы ұясында түлеп, қара қанат болып ұшқанға

(өз тамағын өзі тапқанға) дейін сол төңіректегі барлық аң-құстардың, мал төлінің етімен (кейде өлексесімен) қоректендіруге тырысқан. Бұл жәйт мақалада *«отбасындағы көрген тәлім-тәрбие, өнеге-үлгі»* мағынасына баланып отыр. Ал бала бүркіттің өсіп, қыран болғанда «иісін алып, дәмін татып, құштарлана жеген аң-құстарды көбірек ілетіні» ауыс мағынасында «баланың өскенде де отбасында (семьяда) көрген үлгі-өнегесін істейтін әдетіне» айналып отыр.

Міне, осы тәрізді мағыналық өзгерістерді біз кез келген мақал-мәтел табиғатынан байқаймыз. Осы сияқты өзгерістердің тілдік тетіктері мен мотивтерін айқындап, оларды *«тірек»* сөздер арқылы тақырыптық топтар жүйесіне енгізу, түсіндіру тағы да сол этнолингвистиканың ең бір күрделі міндетіне жатады.

5) **Жұмбақтар**. Жұмбақ табиғаты жұртқа мәлім. Ол – жастардың ой-өрісін кеңейтіп, астарлы сөздің сырын түсінуге, тапқырлыққа баулитын, тұспалдап, жұмбақтап, бейнелеп, бір затты екінші бір затқа балап айту арқылы ой потенциясын кеңейте түсетін танымдық мәні зор құбылыс. Бұл жағынан жұмбақтар эвфемизмдер мен перифраздарға өте ұқсас. Мәселен: **«мылтық»** деген ұғымды *«белі бүкір, алысқа түкір»* деп, **«құлыпты»** – *«Бір итім бар үрмейтін, өзімнен басқаны үйге кіргізбейтін»* деп, **«түтінді»** – *«ұзыннан ұзақ, көкке тұзақ»* деп **«диірменді»** – *«қараңғы үйде қабан күркірейді»* деп, түсіндіру жұмбақ мақсатының бір жағы болса, оның екінші жағы – оларды дұрыс байыптап, түсіне білу. Жұмбақталған объектіге (яғни сөзге, ұғымға) сәйкес сайланған баламаның мотивін тек ұлттық менталитет, этностық таным негізінде ғана айқындап түсіндіруге болады. Жұмбақты этнолингвистикалық арнада тоғысатын бұлақтардың бірі деп қарауымыздың басты себебі, міне, осы. Мәселен, *«Айдалада құ қазық, мергеншіге жол азық»* деген жұмбақтың шешімі *«қоян»* екенін тек қазақы түсінік негізінде ғана табуға болады.

6) **Ауыз әдебиеті үлгілері**. Әр түрлі бұлақтардан бастау алып, тарамданып келіп, **этнолингвистикалық кең арнаға** құятын салаларға ауыз әдебиеті үлгілері де жатады. Бұларға жанры мен тақырыбы, құрамы мен құрылымы, мазмұны мен мағынасы әр алуан болып келетін халық жадында сақталып, рухани мұра болып, ұласып, ауысып келе жатқан: 1) авторы белгілі ақыл-нақыл сөздер; 2) салт-дәстүрге (әдет-ғұрып, наным-сенім, ырым-кәде, жөн-жоралғы т.б.) қатысты деректер; 3) той-томалақ, мереке-мейрамдарға байланысты рәсім-салтанат үлгілері; 4) көріпкел, сәуегейлікке қатысты әңгімелер; 5) әзіл-оспақ, артында зіл жоқ бірқақпайлар мен күлдіргі сөздер т.б. осы тәрізді «тұрмыстық жеңіл жанр» үлгілері жатады.

Бұлардың бәрі – этнос өмірінде туындап, соның өзіне ғана тән рухани, мәдени танымды бояу-нақышымен тағы бір қырынан суреттеп, «тіл әлемінде», бейне бір зерде тас бөлшектеріндей жарқырап тұратын этнолингвиздер. Этнолингвистикалық зерттеулерде олар тұлға, құрылым жағынан әр алуан – бірде жай сөз тіркесі, тұрақты тіркес, енді бірде шағын мәтін (текст), қысқа баяндау,

өлең-жыр бөлшегі т.т. – болып келсе де, «тірек» сөз арқылы негізгі және туынды мағыналық бірліктерге (атауларға) қатысты әр түрлі тақырыптық топтарда сипатталуға тиісті. Бір-ақ мысал: негізгі атауды **«сүмбіле»** десек, оған қатысты ел жадында сақталған *«сүмбіле ұзын болса, көктем де ұзаққа созылады»* деген болжам мәлімет келтіріліп, неге олай деуіміздің мән-жайы түсіндірілуі тиіс.

Міне, **«ауыз әдебиеті үлгілері»** деп аталатын сала **«тіл әлеміндегі»** ең бір ауқымды да информативті байлыққа жатады.

Этнолингвистикалық этюдтер.

«Этнолингвистикалық этюдтер» деп отырғанымыз – этнос болмысын танып-білу мақсаты мен «тіл әлемін» түбегейлі зерттеудің нәтижесінде әрбір негізгі мағыналық бірлікті және оған қатысты этнолингвистикалық арналарға деректерді жоғарыда айтылған сатылы қатыстық тәртібімен (**негізгі – туынды – қатысты атаулар**: баламалар, тұрақты теңеулер, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, ауыз әдебиеті үлгілері) берілетін түсініктемелер, анықтамалар, мағлұматтар топшылаулар... Олар этнолингвистикалық жұмыстың түрі мен мақсатына (монография, сөздік мақала т.б.), әр түрлі бұлақтардан жиналған информацияның мазмұнына қарай қысқа да, көлемді де болуы мүмкін.

Енді жеке мақала ретінде берілген этнолингвистикалық этюдтің үлгі-жобасы ретінде 1-2 мысал келтіріп өтейік.

